Ұлғайша АМАНТАЙҚЫЗЫ

# Жылдарым менің - сырларым



Ұлғайша АМАНТАЙҚЫЗЫ-МАЕМЕР келіні

# Жылдарым менің - сырларым

*Ғұмырдастан, тағылымдық материалдар мен мақалалар, естелік жазбалар*



«Тоғанай Т»
Алматы
2011

УДК 070
ББК 76.01
А 21

***Ұлғайша деп атымды қойып, қызық-қуанышымды көре алмай, ел үшін, қасиетті жер үшін майдан даласында ерлікпен көз жұмған әкемнің өшпес рухына арнадым.***

**Автор**

**Амантайқызы-Маемер келіні Ұлғайша.**

А 21 **Жылдарым менің – сырларым:** ғұмырдастан, тағылымдық материалдар мен мақалалар, естелік жазбалар. – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2011. – 408 + 24 бет жапсырма.

ISBN 678-601-7007-60-8

Кітап авторы жүрек қалауымен дәрігерлік мамандықты таңдаған. Содан бүкіл саналы ғұмырын денсаулық саласына арнаған. Бірақ өмір шіркін әркімге өз сыйын ұсынып, мұңға да батырып, қызық-қуаныштың арасында қамықтырып та қоймай ма?! Қолыңыздағы жинақтан сондай сәттердің талай-талайын ұшыратарыңыз күмәнсіз. Негізгі бөлігі кітап иесінің күнделігінен өрілген әңгімелер. Боямасыз, әсіре сөзсіз таза көңілдің сыры мен шындығы. Кей тұсында ащылау кетеді, кей жерінде жайма шуақты күндердің ақиқатымен қауышасыз. Ал қалған бөлігі кейінгілерге керек-ау деп жинап-терген танымдық, тәрбиелік мәні мол рухани дүниелер. Тілі жеңіл, ұғынықты оқылады.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

«Жамбыл ауданы
әкімінің аудандық
кітапханасы»

ISBN 678-601-7007-60-8

УДК 070
ББК 76.01

© Маемер А., 2011
© Тоғанай Т., 2011

## АРНАУ

Адам баласы қай заманда өмір сүрсе де, адамдық қасиеттерін сақтап, Адам мен Алланың алдындағы парыздарын өтеу арқылы бекер өмір сүрмегенін дәлелдейді. Мені Алла жаратқанда қандай тағдырмен жаратса, мен сауапты іс-әрекет жасау арқылы қиынқыстау кезеңдерде, шайтандардың үгіттеуінен құтылып, қоршаған ортаға, адамдарға тек жақсылық жасауға тырысқан едім. Яғни ниет дұрыс болса, ісің оңалады екен. Қыз бала болсам да, ер жігіттің атқаратын шаруасын атқардым, намысшыл, ұлтжанды, еңбекқор болдым. «Бүгін істейтін істі ертеңге қалдырма» деп, өзімді қамшылаушы едім. Бұл істі, сөзді мен бастамағанда, кім бастайды? Өмір бойы еңбектенген ортамда алдыңғы шепте тұрып, сөз бастау міндетім деп санайтынмын. Ешқашан «жеңілдің үстімен, ауырдың астымен» жүрмедім.

Алланың берген сыйы – санама сәуле түсіріп, имандылықты ұқтырып, ислам жолына түсіргені, өмірде көрген азаптарымның өтемі сияқты деп ұқтым. Иншалла, жалған өмірде күнәлардан арылып, бақи дүниеге сауап жинай бастадым. Соңғы 20 жыл бойы, 18 мың ғаламды тануға құштарландым – өзімді және Алланың жаратқандарын тану, санаңды өсіріп, жүрегіңді нұрландырады екен. Аллаһ ақырындап аян береді, кейде түс арқылы, кейде намаз кезінде ой келеді, әйтеуір жаныңда жанашыр барын сезесің. Ғажап, керемет!

2008 жыл кәсіби мамандығым бойынша оқулық жазып, соңыма із қалдырдым. Қазақ тілі кібіртіктеп босағада тұрғандықтан, жастарға көмек болсын деп «Жұқпалы аурулар» оқулығына 55 жұқпалы ауру түрін және 2 мың сөзден тұратын қазақша-орысша

сөздікті Қазақстанда бірінші болып дайындап, баспадан шығардым. Медицинада жүрген әріптестерімнің пайдасына асқанына қуанамын.

Енді ұзақ жылдар күнделік жүргізіп, оқыған-тоқығанымды, жинағанымды, ұрпақтарыма өмір белестері туралы жан сырымды ағытқанды жөн көрдім. Терең ойлы адамдар, әсіресе жас ұрпақ оқып, ой елегінен өткізсе, мен жіберген қателіктерден қорытынды жасап, өмірде септігі тиер пайдалы тәлім алады ғой деген ойдамын. Мен жазушы, я журналист емеспін, сондықтан бұл еңбектің, тек Құдайдың құдіретімен жазылғанын анық білемін.

Негізгі мақсатым: немере-шөберелерім өмірдің қиындықтарында сабыр сақтап, адал еңбекпен нәсібесін жинап, екі дүниенің бақыты үшін тірлік етсе деймін.

Менің өмірім – менің басымнан өткен тарих, жүрген ортама байланысты кеңестік жүйе мен тәуелсіздіктің 20 жылдығы ортасында, менімен араласқан адамдар түсінігі, қатынасы, пендешіліктен болған түрлі жағдайлар оқырманды жалықтырмас үшін, санама әсер еткен ғибратты өсиеттер, ата-бабалар даналығын, халық қазынасынан құнды деректер, қоршаған табиғатты тану үшін танымдық сипаттағы дүниелерді аз-аздап жаздым. Дәрігерлік мамандығымнан, халық емінен, шипалы дұғаларды тәжірибемде пайдаланғандықтан, үйде дәрісіз-ақ емдеуге болатынын, яғни сәл де болса ауырып-сырқамаудың жолын көрсеттім. Араласып жүрген ағайын-туыстар шежіресін жаздым. Бұл да бекер емес, өйткені менің жағдайым «өзі өскен қыз, төркінін танымайды» дегендей болды. Тағы да бір айта кетерім, «Сыбырлағанды Құдай да естиді» дегендей, әсіресе отбасым, туыстарымның білместікпен жіберген қателіктерін жазғаным, әрине асылықтау кетіп жатсам, қай-қайсынан да кешіруін сұраймын! Уақтысында жүрегім жараланғанмен, бәрін түсініп, қазіргі көріп жүрген бақытты, мәнді, сәнді өмірім жұбайым мен балаларымның мейір-қамқорының арқасы екеніне дән ризамын. Тәуба!

## ЖАР ЛЕБІЗІ

Кісілік құнын білетін,
Сүйкімді назбен күлетін.
Алғаш – менің жан-жарым,
Түп-түзу өмір сүретін.

Әкеден қалған бір тұяқ,
Мөп-мөлдір жанын кірлетпей.
Жасандылықтарды білді ұят,
Болмысын сақтап бірбеткей.

Түсейін көзге демеді,
Атқарып жүрді әр ісін.
Ішкені адал, жегені,
Жақсы ұқты өмір мәнісін.

Адал маған жар болды,
Шығарды жақсы атымды.
Жақсы әйел маған қосылып,
Өлілер болып риза, тірілерім – қуанды.

Ұлғашым жүрген жерінде,
Өсекке орын бермеді.
Өтірік сөйлеп, күлгендер
Қарасын көрсе, терледі.

Үлкен бе, мейлі, кіші ме,
Құшағын ашып сыйғызды.
Айналып кетем Ұлғаштан,
Жұлдызы ыстық сол қызды!

* * *

Жүре берші, Ұлғашым, жайраң қағып,
Жігерменен қайраттанып, сайран салып.
Келгенде сексен, тоқсан, жүз жасқа да,
Құрдастар қарай берсін қайран қалып!

**МЕЙРАМЫҢ!**

Бірінші бөлім

# ЖЫЛДАРЫМ МЕНІҢ – СЫРЛАРЫМ

## БАЛАЛЫҚ ШАҚТАН БІР ЕЛЕС

Бисмилла Рахман рахим!

Әкем Амантай Зердебайұлы, анам Әлила Сыдыққызы Алматы облысының Жамбыл ауданы Қарақастек ауылының тұрғындары.

1942 жылы 22 наурыз күні, жерде аппақ қалың қар бар, күн суық, таңертең дүниеге келіппін. Менің алдымда екі қызы болғандықтан, әкем мені ұлдай болсын, артынан ұл тусын деген ниетпен, Ұлғайша деген есімді беріпті. Ол кезде сұрапыл Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан. Әкем Қордай МТС өндірісінде хатшы (парторг) қызметінде екен, менің алты айлығымда өзі сұранып соғысқа аттаныпты, бізді ағасы Есенжанның үйіне апарып, Бұрған ауылына аманат етеді. Анам 25 жасынан күні бойы колхоздың жұмысын істейді.

Есенжан атамның әйелі Тазагүл апамның жанында 9 жасыма дейін болдым. Есімде ұмытылмағанын жазайын. Бұрғанда екі бөлмелі сары балшықтан тұрғызылған тамда тұрдық. Бәріміз жерде жататынбыз. Үйде тек бір сиыр бар, соның сүтін талғажау еттік; көбінесе шай мен қуырылған ақ жүгері жейтінбіз. Тазагүл апамнан қатты қорқатынмын, мені қыз деп жақтырмайтын, жаман сөздермен даттайтын. Дастарханнан жүгеріге қол созғанда апама қарап, «ал» демесе, жеуге қаймығатын едім. Бір күні бауырларыммен бұтақты ат қып мініп шауып жүргенбіз, апам май шайқапты, алақандарына май салды, менің алақаным бос қалды. Содан бері қаншама уақыт өтті. Алайда сол бір сәт, татусыз қалған қолымның алақаны көз алдыма келеді де тұрады...

Анам үйге қараңғыда жұмыстан шаршап келетін.

Кейде анам мені жұмысына ала баратын; онда канал – үлкен арық қазатын жұмысшыларға тамақ істейді екен. Маған ешкімге көрсетпей, оттың шоғына кішкентай күлше қақтап беретін. Кейде ағалар маған алма беретін, менің алманы алғаш көргенім, оның тіл үйірер тәттілігі әлі есімде.

Ауыл таудың етегінде орналасқан. Жоталар маған тау болып көрінеді, себебі, үлкен жота – таудың арғы бетінен мойынағашпен су әкелетінмін. Отын жинап, арқалап әкелу міндетін апам істететін. Тағы есімде қалғаны, түнгі ай жарығында анам мені ертіп бидайдың масағын жинауға алып баратын. Бірде бізді жайылып жүрген бұқа қуғанда қатты қорыққаным есімде. Қазір зерделесем, ол соғыстан кейінгі қиын-қыспақты жылдар екен ғой.

Әкемнен соңғы хат 1943 жылдың қарашасында келген. Ол хат әлі сақтаулы. Ресейдің Сталинград майданында соғысқан. 27-ші мамыр 1943 жылы туған бауырымның есімін әкем – «Амантай аман келсін» деп Аманкелді қойып, 1946 жылы туған ұлын Есенжан атам «Аманбек қойдым» деп отыратын. Тазагүл апам әкемнің соғысқа кеткеніне «туа сала әкеңді жұттың» деп мені кінәлайтын. Мен бір жастан асқанда, анам Әлила іш сүзегімен ауырып, іші кеуіп (суға толып) қатты қиналыпты. Алматыға емдеуге апармаса, өледі деген соң, Есенжан атам анамды арбаға жатқызып апармақ болады. Мен әлсіз, кішкентай болғандықтан, ақыры шешесіз өледі ғой деп, мені анамнан үш рет айналдырып, «құрбан болсын, Әлила аман қалсын» деп, Құдайға жалынып мені тулаққа тастап, жолға шыққан екен. Алланың құдіреті күшті ғой, анам төрт ай емделіп жазылып келіпті. Мен байғұс Тазагүл апам ұйықтап жатқанда, емшегін ұрлап емеді екенмін...

Есенжан атам 1950 жылы Аманкелдіні орыс, мені қазақ мектебінің бірінші сыныбына апарып өткізді. Мен жылап, Аманкелдімен бірге оқимын дедім, атам көнбеді. Алғашқы мұғалімім Гүлжахан тәтей еді. Мен тек беске оқыдым.

1951 жылы күзде Қаскеленге көшіп келдік. Мұнда әкемнің әпкесі Нілтай, Хамит ата тұрады екен. Бұл кісілердің балалары туған соң өле берген екен, содан туыстарынан бала асырап алады. Үлкен баласы Мүслім, әйелі Алтын, жас балалары бар. Мұсабай және Күләйша мектепте оқиды. Менің анам 1939 жылы екіқабат кезінде Нілтай әпкесі «Әлила, туған соң, кім болса да маған бер» деп Амантайға өтініш етеді. Әкемнің жалғыз қызы, 1937 жылы туған Күләш болса да, әпкесін аяп уәде береді. 30-шы шілдеде 1939 жылы туған қызды Нұрғайша деп атайды. Екі жасқа келген соң, Хамит ата мен Нілтай әпке келіп алып кетеді. Анам айтады, «ешбір жыламай, «ата-апам келді, кетемін» деп қуанып еріп кетті» деп. Содан Нұрғайша – Күләйша Хамитқызы Төлешова боп өзгереді.

1965 жылға дейін Күләйша маған жоламайтын.

Қаскеленге келгенде мен алғашқы балалық қуанышты сездім. Бірінші рет көмбеге піскен бидайдың нанының дәмін таттым! Сол нанның дәмі ерекше еді, қуанышыма шыдамай, «мама, бидайдың наны қандай дәмді» дедім. Ертеңінде Алтын жеңгей мені ертіп Абай атындағы мектепке апарады. Бізді Барап апай оқытады екен. Менің киімім барлық оқушылардан нашар, үстімдегі күпәйкем – қырық жамау еді.

Нілтай апамның үйінде 2 сыныптан бастап 4-шіні тіргенге дейін жатып оқыдым. Әрбір қысқы, жазғы демалыста анама кетемін. Ол кісі алғаш МТФ – сиыр фермасында сауыншы болды, бір бөлмеде екі отбасынан тұратын. Кейін Хамит атам екінші әйелі Әлпешпен таудың жайлауында бойдақ таналарды бағатын, соларға көмектесіп жүрді. Әлпеш әпкем – анамның туған әпкесі дейді, бірақ менің анамды кішкентай кезінен мырзабек руында анасы Шалиман, әкесі Сыдық тәрбиелеген. Әлпеш музей Жамбылдағы екей Күшікбай баласы Шаштайдың туған қарындасы. Қыз бала тағдыры жатжұрттық деген, қиын заманда туыстары қатынаспай кеткен. Әлпеш әпкемнің тағдыры қиын, мен ол кісіні жақсы көретінмін, мейірімді еді. Бірінші күйеуі Әби екі баласы-

мен тастап кетеді, қызы Нұржамал күйеуге шығып бірнеше бала туып, соңғы баладан қайтыс болды. Ұлы Нұрғиса үйленіп, бір ұл – Нұрғали, бір қыз болғанда, Нұрғисаның әйелі асылып өледі (ауру болған екен). Әлпеш әпкем екі немересін жеткіземін деп көп қиындық көрді. Мен сол уақытта балаларына көп жәрдем істедім.

Нілтай апам аласа бойлы, қараторы, ылғи кимешек киіп жүретін, намаз оқитын. Хамит атам мен Нілтай апам Алтын, Мүслім, Күләйша, Мұсабай деген балаларды тәрбиелеген. Мүслім өмір бойы радио торабының маманы болып істеді. Алтын жеңгемді 18 жасында алып, ұзақ өмір сүруде. Ұлдары Мұсахан, Дүйсехан, Исахан, қыздары – Гүлбаһрам, Қарақат, Рахат. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере-шөберелері өрбіген отбасы. Бала-келіндері келісті, ибалы, қарапайым, таза қазақы отбасы. Мүслім ата ертерек дүниеден озды, ал Алтын жеңгем балаларын бағып, бақытты өмір сүруде. Мұсабайдың екі ұл, екі қызы бар. Әсия әйелі бас-көз боп, балаларын өсіруде. Мұсабай жүрек ауруынан 54 жасында қайтыс болды. Тағдыр деген емес пе, Хамит атамның Алтын қызы бала туғанда қан тоқтамай, қайтыс болды. Сонда туған Шолпан деген қызды да Нілтай апам бақты.

Хамит атам ұзын бойлы қара-сұр денелі кісі еді, руы шағатай, әкесі Төлеш. Атам балажан, біздерді ойнатып, әңгіме айтып, қалжыңдап отыратын. Қолы шебер, сынған кесе-шәйнектерді ізін білдірмей сыммен құрсақтап тастайтын. Соғыстан кейінгі жылдары ыдыс-аяқ тапшылығында бұл өте пайдалы іс еді.

Қысқы демалыста Хамит атам, Әлпеш әпкем, анам тауда мал бағып жүргенде, Мұсабай екеуміз атпен демалуға бардық. Мұзда аяғымда бәтеңке, сырғанап жүргенде құлап, оң жақтағы бұғанамды шығарып алыппын. Кешінде Хамит атам сипалап отырып, бұғананы орнына салды. Мен тауда он күндей жатып қалдым. Таудан Хамит атам өгізге мініп, мені артына қонжитып таудан түсіп келе жаттық. Бір уақытта атам: «Ұлғайша, осырып қойма, өгіз мөңкіп, бізді тастап

кетеді», – деді. Мен, әрине, қорыққанымнан сақ отырғаным есімде. Сөйтсем, қалжыңдағаны екен ғой.

Нілтай апамның үйінде тұрғанда алғаш көргенім, қыста соғым соятын, қатарларын қонаққа шақырып, мен үлкен кісілердің қолына шәугіммен су құйып, баталарын алушы едім. Маған көбінесе «білімді бол» деуші еді. Хамит атам 1964 жылы, Нілтай апам 1967 жылы қайтыс болды. Өлер алдында сезгендей мені шақыртып, көйлектік мата беріп, батасын беріп шығарып салғаны есімде. Онда мен мединститутта оқып жүргенмін. Менің балалық шағымда үш жылдай үйден мектепке барған кезім көңіліме жылу түсірген қамқор болған Нілтай апам, Алтын жеңгем есімнен кетпейді. Менің сыныптас алғашқы досым Төлбаева Қаншайым еді. Ол қыздың анасы не кием, не ішем дегізбей, онжылдықты бітіргізді. Ағалары, әпкелері ылғи іздеп, қорған болып жүруші еді. Мен бауырмашыл татулықтарына қызығатын едім. Қаншайым өжет, сабақты жақсы оқыды. Екеуміз жақсы дос едік. Сол кезде1954 жылға дейін үйде пілтелі керосин шамын жағатын, оның кигізетін әйнегі болатын. Әсіресе, мен қыста кешке батырлар жырын зуылдатып оқимын, үй-іші тегіс тыңдайтын. Сонда оқыған «Ер Төстік», «Ер Тарғын», «Алпамыс» батырлар туралы жыр мен ертегілер менің санама күшті әсер етуші еді.

Біз оқитын Қаскелеңдегі Абай атындағы мектеп жанында интернат болды. Әкесі жоқ балаларды бесінші сыныптан бастап алатын. Содан мен интернатқа 1954 жылы кеттім. Интернатта жаңа оқушы көйлегі, алжапқышы, күпәйке, бәтеңке берді. Мен алғаш жаңа киімдер кидім, оның қуанышы шексіз еді. Үш мезгіл тамақ береді, ертеңгі, кешкісін ботқа, түсте екі түрлі ыстық тамақ, қара нан, кисель, компот. Менің балалық көңілім өсіп, жетісіп қалдым. Жатақханада 7-10 қыздан темір төсек, көрпе-жастығы бар бөлмеде тұрмыз. Бір сыныпта оқитын қыздар бірге тұрдық. Бірге сабақ оқимыз. Мен үшінші сыныптан сыныбымда басшы болатынмын, ылғи беске оқитындықтан, барлық сабақты еркін түсіндіре беретінмін, жазба сабақтарды тапсырма берген күні орындап қоятынмын,

ауызша сабақты болатын күні қараймын. Сабаққа даярланбай баратын күнім болмайтын, барлық сабақтардан қол көтеру менің міндетім деп түсінетінмін.

## ӘКЕМ МЕН АТАЛАРЫМ ОЙҒА ОРАЛҒАНДА

Әкем Амантай Зердебайұлы 1901 жылы туған. Шыққан тегі: Үйсін, Шапырашты – Екей – Әлти – Бердалы – Жиенқұл – Қаржау – Күсеп – Арон – Жұмық – Зердебай. Ата-бабаларымыздың кіндік қаны тамған жер – Алматы облысының Жамбыл ауданы. Ол қазақ елінің атақты батырлар мен ақындар көп шыққан бірден-бір аудан болып саналады. Жерін, елін жаудан қорғаған Қарасай, Саурық, Сұраншы, Наурызбай, т.б. батырлар болса, алты алашқа әйгілі ақындар – Сүйінбай, Жамбыл, Кенен аталарымызды ұрпақтарын мақтан етеміз. Үлкен аталарымыз Күсеп, Арон білімді, парасатты, ақылды болған. Жұмықтың інісі Сүйінбай ұзын бойлы, сымбатты, аппақ сұлу кісі болған. Атам Есенжан, анам Әлила Зердебай атамды суреттегенде, «Сүйінбай бабадан аумаған» дейтін. Кенен Әзірбаевтың «Жамбыл – жыр» поэмасында:

Ұлы жүз ұлағат қылған Сүйінбайды,
Өлең-жыр Сүйінбайсыз бұйырмайды.
Ақындар Сүйінбайды атамаса,
Баяғы басқан ізді шиырлайды, –

десе, Жамбыл ақын:

«Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы, сұлу сөздері,
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай,
Екпініме кезіккен,
Кетер ме екен жығылмай», –

деген.

Ғұлама зерттеуші Мұхтар Әуезов Сүйінбайды «Жетісу ақындарының алтын діңгегіне» теңеген.

Сүйінбай бабамның шәкірті жүз жыл жасаған Жамбыл көзі тірісінде Гомер атанған. Түрлі заманды көріп, өмірінің соңғы он жылында, бүкіл дүниежүзі таныған атақ алуы сирек кездесетін құбылыс-сыр. Алланың құдіреті шексіз ғой, Жамбыл өмір сүрген заманда Гоголь, Шевченко, Некрасов, Достоевский, Тургеньев, Толстоймен замандас, ал Абаймен құрдас болған. Бірақ, ешқайсысы Жамбыл шыққан биікке жетпеген. Жамбылдың 95 жасында белгілі орыс жазушысы Леонид Соболев арнайы келіп, Мұхтар Әуезов, Әбділда Тәжібаев үшеуі Жамбылдың үйінде үш күн жатып, үздіксіз күнітүні Жамбылдың әңгіме-жыр тыңдапты. Соболев қайран қалып, масаттанып: «Мұндай кісіні көрудің өзі бақыт, арманымыз жоқ. Егер көрмесем, өмір бойы классикалық өлеңмен сөйлейтін адам болады дегенге сенбеген болар едім», – депті. «Жамбыл «Манасты» 17 күн, «Көрұғлыны» он бес күн айта алады, барлық қазақ эпосын, өзіңе дейінгі ақындар айтысын жатқа біледі. Бір басында миллионнан астам ұйқас бар дегенге менің енді сенбеске шарам жоқ. Жамбыл түсінде де өлең шығаратын шығар, бұл ғажап екен!» – деп қайран қалған.

«Мен үш күнде Жамбыл университетінен өттім, Жамбыл «Тайниктерінің» есігін аштым. Жамбыл өнері – импровизация өнері, өзі сол өнердің, поэзияның данасы екен, бұл расында жаны тірі, бізге көрініп тұрған Гомер екен» деп Жамбылды құшақтап, сақалынан сүйіп аттаныпты. Ата-бабалар рухы бұл күнде асқақтап, әулиелік дәрежеге жеткен. Алланың шапағатымен ұрпақтарын қорғап-қоршап жүргенін сеземіз, білеміз. Тәуелсіздік алғалы Бес ата-екей – Түктібай, Сүйінбай, Қайназар, Сарыбай, Жамбылдар ұрпағына қорған болуда, оған мыңдаған адамдар куә, және оны біздің отбасы, туыстар да басымыздан өткіздік. Кейін өз басымнан өткен оқиғаларға тоқтармын.

Жұмық – үлкен атам, мінезі тік, айтыскер, батыр тұлғалы болыпты. Отбасында Сүйінбай інісімен айты-

са кеткенде жеңеді екен. Жұмықтың екі ұлы болған, біреуі жігіт шағында жылқы бағып жүргенде, құрдастарымен ойнап жүрген бозбалаға қапыда құрық қатты тиіп өліп кетеді. Әкесі қатты қапаланып сақалын, шашын алмай қырсығып көп уақыт жүреді. Жалғыз ұлы Зердебайдан егіз ұл дүниеге келеді. Сүйінші сұрап жеңгесі Жұмыққа келеді, сонда қуанғаннан «сұрағаныңды ал» дейді. Жеңгесі «сақал-шашыңызды алғызыңыз» дегенде, «ә, бәрекелді, кел» деп, шашын суламай, қылыштың жүзімен алғызған деп естідік. Сонда туған Есенжан атам, егіздің сыңары дейтін, біреуі шетінеп кетіпті. Менің өз атам Зердебай ұзын бойлы, аққұба, арабша оқыған, діндар – сопы болған дейді. Менің анам келін боп түскеннен бірге тұрған. Зердебай атам мінезі жұмсақ, тақуа, қолынан тасбих түспейтін, бес мезгіл намазын қаза етпей оқып, оразасын ұстайтын. Жиі айтатыны: «Құдайым бар – не қамым бар, Аллаһу Акбар» дейтін сөз. Сонау Қарақыстақ-Бұрғанда отырып, «ей, Аллаһ, шын жаратсаң, Райымбек әулие-батырдың жанынан топырақ бұйырта гөр» деп тілейтін дейді. Тіпті, тірі кезінде, «топырақ ұлым Амантайдан бұйырады» дейді екен. Расында, 1935 жылы әкем Алматыда рабфак – бұрынғы партия қызметкерлерін даярлайтын оқу, орнында оқып жүргенде, бірге тұрған әкесі қайтыс болады, баласы арулап Райымбек бабаның зиратына қояды. Сол кезде ол жерде үлкен қорым болғанын мен де көрдім. Көріпкелдік қасиеті бар Зердебай атамның есіміне кір келтірмей, мен Зердебаева болып білім алдым, қызмет істедім, бүгінге дейін ұрпағынан – мен исламның бес парызын өтеп жүргеніме тәуба деймін.

**Әкем Амантай,** әкешім, әкетайым! Есімді білгелі есіме түскен сайын, еміренe сағынамын! Әкетайым! Сіздің жан-дүниеңізді мендей ешкім түсінбейтін сияқты. Мен титімдей алты айлық нәресте кезімде қалыппын. Анам сізді соғысқа шығарып салғанда, аймалап құшақтап алған бөпең кіш етіп қойыпты, сонда, «жақсы болды, іскеп жүрейін» депсіз. Сол маған арналған соңғы әкелік

сезім, махаббатыңыз мені өмір бойы алға жетелегендей. Ойлаған сайын, сағынып, егіліп жылап, әкешім, ең болмаса түсіме енбедіңіз, менімен бір сөйлеспедіңіз, сағындым, сағындым! Сіздің өміріңіздің жалғасымын. Сіз туралы көп білемін! Сізге менің мінезім, өмірдегі еңбекке деген, елге, жерге, Отанға деген патриоттық, ұлттық сүйіспеншілігімнің ұқсағанына қуанамын, тәуба етемін!

Әкем жастайынан зерек, пысық, еңбекқор екен. Арабша хат танып, әкесі Зердебайдан құран үйреніп, намазға жығылыпты. Кейін «қызылдар» келіп, жаңа қоғам құра бастағанда, белсене қатысыпты. Колхоздастыруға қатысып, Жамбыл, Алматы облыстарында, жіберген жерлерде, абыройлы қызметтер атқарған. Латынша жазған, ұқыпты жинастырған құжаттары, жергілікті газеттерге шыққан мақалаларға дейін әлі сақталған. Әрбір советтік бесжылдықтың жеңімпазы болған куәлігі, мақтау қағаздары бар.

Әкем анама үйленгенде, анам он алты жастағы қыз екен. Үйде әкем әріптерді үйретіп, машинка басатын баспалық оқуды бітіртеді. 1932-1935 жылдары Алматы қаласында рабфакта оқиды, отбасымен бірге тұрады. Әкесі Зердебай, Есенжан ағасынан Оразхан деген баласын асырап алады. Сол кезде қазақ елінде қолдан жасалған ашаршылық болады, оны әдейі Голощекин ұйымдастырған. Халық малдан түгел айырылады, аштықтан ісіп-кеуіп қырылады. Қарақыстақтан Есенжан әйелі Тазагүлмен Амантайдың үйіне келіп, әйтеуір өлімнен аман қалады. «Отбасының әрқайсысына талон-карточка алып, таңертеңнен кезекке тұрып, қара нан әкелемін, бәріміз бөліп жеп, күн көрдік. Екі жылдан кейін Амантай ағасын азық-түлік, киім-кешекпен елге апарып келді» дейді анам.

Менде сақталған әкемнің куәлігіндегі жазуларға қарасам: Қазақстанның өлкелік жоғарғы дәрежелі ауылшаруашылық коммунистер мектебіне 1933 жылы түсіп, 06. IV. 1935 жылы өте жақсы бағамен бітірген. Жиырма төрт пәннен емтихан тапсырып, өндірістік тәжірибесін атқарған. Жоғарғы мектепті бітіргенде екінші бесжылдықтың озат жеңімпазы мақтау грамотасын табыс етеді. Әкемнің

өз қолымен орыс қарпімен жазған өмірбаяны бойынша еңбек жолы төмендегідей: Коммунистік партия мүшесіне 1929 жылы кірігті, партбилет №1610150.

1917-1926 жылы жеке кедей шаруашылығы жұмысшысы;

1926-1929 жылы № 5 ауыл советінің төрағасы;

1929-1931 жылы колхоз төрағасының орынбасары;

1931-1932 жылы кохоздың төрағасы, рабочком;

1932-1935 жылы жоғарғы ауылшаруашылық мектебі;

1935-1936 жылы Қастек ауданының жұмысшы төрағасы;

1936-1938 жылы Қордай ауданы, совхоз төрағасы;

1938-1940 жылы Қордай ауданы, инструктор-нұсқаушы;

1940-1942 жылы Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қарақоңыз МТС саяси бөлімін басқарған.

Әкемнің рухын асқақтату ниетімен, сүйегі қойылған жерді іздеп, 1977 жылы Сталинград қаласына жол тарттым. Қазір Волгоград қаласы, Совет Одағында ең керемет салынған Мамай қорғанына бардым. Кіргеннен жан-дүниеңді жылататын азалы әуен, көзім жасқа толып, еңіредім. Қорғанның қабырғаларында толған тізім, жауынгерлердің фамилиялары, көпшілігі қазақ фамилиялары, өкініштісі, менің әкемнің аты-жөні кездеспеді. Жалпы, қара қағаз келмеген дейтін. Сонымен, бір уыс топырақты шүберекке орап алып қайттым. 1979 жылы Совет Одағының Қорғаныс министірінің Орталық архивіне іздеу хат жаздым. Мәскеу облысының Подольск қаласынан №149543 құжатпен: «Жауынгер Зердебаев Амантай 1901 жылы туылған, Жамбыл ауданынан соғысқа шақырылған, 1943 жылы маусым айында хабарсыз жоқ болды» делінген жауап келді. Содан әкемнің соңғы жылдары қызмет істеген жері Жамбыл облысының Қордай ауданының партия ұйымына хат жолдадым, өзім анаммен Алмалы ауылы (Михайловқа), әкемнің әпкесі Рысжан тұрған үйіне бардық. Әпкемнің баласы Айтжан

Әбітбеков 1928 жылы туған, мұғалім болып істейді екен, әкемді көрген, Георгиевкада тұрғанында бірге жатып оқығанын айтты. Ағаймен сол уақыттарда әкеммен үзеңгілес болып, бірге жұмыс істеген азаматтарды іздедік. Ерінбей, асықпай әрқайсысынан қолхат мәлімет алдық. 12-14. III. 1979 жылы жазылған.

1. Қасымов Төле 1906 жылғы сол кісінің естелігінен: Зердебаев Амантаймен 1930-1931 жылы қызметтес болдым. Барлық істе басшылық етіп, нұсқау беретін. Жаңа ұйымдасқан колхоздағы жетістіктер халық жағдайын жақсартты. Қызметіне өте берілген адал, өжет жігіт еді.

2. Исаев Байсары 1910 жылғы: Зердебаев Амантай басшылық еткен колхоздың хатшысы едім, колхоздың нығаюына, бандиттер тобын жоюға белсене қатысқан азамат еді.

3. Қазақбаев Құрманғали 1908 жылғы: Зердебаев Амантаймен 1940-1942 жылы Қарақоңыз МТС-да политотдел қызметінде істегенінде, мен механик едім. Көрші отырдық. Орта бойлы, жауырынды, тіп-тік жүретін. Қызметке адал, талап қойғыш, мақсаты зор. Сауатты, білімді, орысша сөйлей білетін. Көршімен, халықпен қарым-қатынаста кішіпейіл, адамгершілігі басым жан еді.

4. Тайбеков Тұрсын 1910 жылғы: Зердебаев Амантай МТС-та политотдел болып істегенде, мен тракторист едім. Біздің арамызда әңгімелер, жиналыстар өткізетін. Сауатты, білімді, орысша білетін адам еді.

5. Қалабаев Бейсенбай 1916 жылғы: Зердебаев Амантай 1930-1933 жылдары Совет өкіметінің астық қорын молайту жөніндегі аудандық өкілі еді. Сол кездері түнде келіп қырман қарауылдарын тексеретін. Егін жиналып біткенде, колхоз жиналысында еңбегімді бағалап, сыйлыққа – трико-костюм бергізгені есімде. Кейін 1940 жылы МТС-та бригадир-тракторист жұмысын істеп жүргенде, мені бірден таныды. Инженер, механик, жұмысшылар арасында баяндамалар, әңгімелер өткізіп жүретін. Сөзге шебер, сауатты, білімді, талап қойғыш, мақсаты зор азамат еді.

6. Байтұрғанов Молдахмет 1907 жылғы: Зердебаев

Амантаймен 1930-1931 жылы колхоз ұйымдастырудағы барлық қиыншылықтарды жеңе отырып, банда ұйымдарын ұстап, жоюға қатысты жұмыстарды тікелей өзі басқаратын. Қызметке адал берілген, еңбек сүйгіш, мақсаты зор жігіт еді.

7. Громов Алексей 1910 жылғы: Зердебаев Амантаймен МТС-та бригадир болып істегенде жиі кездесіп әңгімелесетінмін. Сол кезде Зердебаев Амантай ҚазССР Жоғарғы Советтің депутаты болатын. Әділ, өжет, білімді азамат еді, орысша жақсы сөйлейтін.

1980 жылы Совет Одағы Ұлы Отан соғысының біткеніне 35 жыл толуына байланысты әрбір ауыл-аймақты жерде соғысқа қатысып, келмегендерге ескерткіш тұрғызуды міндеттеді. Мен қызмет істеп жүрген Іле ауданының Ащыбұлақ ауылындағы кесеге ескерткішке әкемді жазғыздым, Сталинград қаласынан әкелген топырақты анам құран оқып, ескерткіш жанына көмдік. Алматы облысының «Жетісу» газетіне барлық жиған құжаттарды апарып берген едім, дәл 9-мамыр 1980 жылғы № 90 (8543) «Әкеден қалған асыл мұра» деген тақырыппен журналист Т.Алшынбаевтың мақаласы шықты. Бақи дүниеде әке рухы асқақтасын деген арманым орындалғандай, қуандым!

Міне, сол мақала.

## ӘКЕДЕН ҚАЛҒАН АСЫЛ МҰРА

*«Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран!»*

...Ұлғайша орнынан тұрды. Аяғын ұшынан басып, даңғарадай үлкен бөлмені ары-бері кезді. Бос тұрған орындықтарға, диванға қарады. Иә, тірі болса ол қазір қарқарадай боп осы орындардың бірінде отырар еді. Онда Ұлғайша оған еркелер еді ғой. Қазіргідей ерте есеймес еді. Әттең...

Оның көкірегін тағы да сағыныш сезімі тызылдатты. Тамағында өксік тығылғандай. Жалт бұрылып қабырғадағы әскери адамның суретінің алдына барып,



«Жамбыл ауданы
әкімінің аудандық
кітапханасы»

көп тұрды. Шаралы қой көздерін жас тамшылары бұлдыратып жансыз суретке ұзақ қадалды. «Үш жасымда анамнан: «папам қайда?» деп сұрашын. Міне, сол күннен бері қарай мен сені үздіксіз іздеп келемін, әке! Қайдасың сен? Қайда жүрсің? Қайда жатырсың?»

Суреттегі әскери адам да оған мұңая қарайтын сияқты. «Сталинград түбінде окопта жатып жазған хатым қолдарыңа тиіпті. Ал оған жауап қайда? Жауап неге жазбайсыңдар?» – деп тұрғандай ол.

Ұлғайша күрсініп теріс айналды. Қайтадан стол басына, терезе алдына келіп отырды. «Жазғанбыз. Сені іздеп хат жазбаған жеріміз қалды ма! – деп күбірледі ол. – Әлі күнге жазып келеміз. Әлі күнге іздеп жүрміз! Ал сен ше? Сен неге үнсіз кеттің, әке? Отыз жеті жылдан бері үнсізсің. Тым-тырыссың! Әлде, әлде...»

Ұлғайшаның көз алдынан өзі кинолардан көп көрген қанды қырғын соғыс даласы елестеді. Жауды қуып, жанұшыра ұралап бара жатқан әкесін көрді. Жап-жас, ақылды, қайратты. Екі көзінде жауға деген айықпас кек оты жанып тұр. Шинелінің етегін жел жұлқылап, автоматтан оқ боратқан күйі жүгіріп барады. Жығылған жоқ. Және мәңгі-бақи жығылмайтын да сияқты...

Ұлғайша ес білгеннен бері қарай әкесін көз алдына ылғи да, міне, осылай елестетіп келеді. Әрқашан да көз алдында – әке тұлғасы. «Мені мәңгі ұмыта алмайсың! – дейді әкесі. – Біз зеңбірек дауысымен оянғанбыз. Сендерді сағынып жүріп, қып-қызыл қанға боялғанбыз...»

«Фашист жүрегіне қанжар салып жатып,
Адамгершілікті сағынғанбыз...
Сендер жазған хат іздеп келгенде,
Пулемет аузынан табылғанбыз!» –

деп тұрғандай ол.

Ұлғайшаның тұла-бойын бір қайрат билегендей. «Пулемет оғы! Әке, сен шынымен-ақ оққа ұштың ба?! Онда қара қағаз келмес пе еді! Онда сенің ерлікпен қаза тапқаның жайлы бізге хабарлар еді ғой! Әке, мен сені көп іздедім. Әлі күнге іздеп келемін. Өлі болсаң бейітіңді

тауып, үстіңе бір шоқ гүл қойсам, топырағыңа көз жасымды тамшылатсам деп арпалыстым. Бірақ, бірақ белгісізсің. Жо-жоқ, сен белгісіз емессің...»

Ол орнынан тұрып, тағы да әке суретінің алдында ұзақ-ұзақ ойланды. Көз алдына Сталинград шайқасы елестеді: «Әлде, сені сол бір теңселіп барып құлаған биік үйдің қабырғалары басып қалды ма? Жан әке, сен өзің жасаған ерлікпен бірге сол бір тау төбе үйіндінің астында тұншықтың ба?».

Ұлғайшаның көзінен ып-ыстық жас тамшылары тақтай еденге тырс-тырс тамды...

* * *

Ұлғайша Зердебаева ертеңіне Алматы қаласына келіп, белгісіз солдатқа арналған Мәңгілік алаудың басына бір шоқ гүл қойды. Содан соң автовокзалдан билет алды да, әкесінің туып-өскен, қызмет істеген жеріне қарай тартып кетті. Халықта «Әкең өлсе де, әкеңді көрген өлмесін» деген сөз бар. Сол сөздің құдіретіне ол осы жолы көз жеткізгендей. Әкесін көрген, онымен еңбектес, қызметтес, дос-жар болған үлкен адамдармен сөйлескісі, сырласқысы келді. Сол бір талай-талай ауыртпалықты иықтарымен көтеріп, осы күнге аман жеткен қайсар да қажырлы адамдарды көріп, әкесінің жалындаған жастық шағын көз алдына елестетпек болды...

* * *

Ұлғайша бұрынғыдай емес, өзінің көңілі көтеріліп, еңсесі биіктеп қалғанын сезінді. Жұмысты да бар пейілімен беріле, қалтқысыз адал атқарды. Өз ісімем өзгелерге үлгі болуға құлшынды. Тұла бойын әйтеуір тынымсыз тіршілік ағымы билеп алды. Өйткені, оның әкесі Амантай да бойындағы бар күшімен тынымсыз, алға ұмтылған, өмірге аса құштар адам болыпты. Өзінің не істегенін, қандай қызмет атқарғанын түк қалдырмай папкаға тігіп отырыпты. Бейнебір «Кейінгі ұрпақ біздердің қандай зор іс атқарғанымызды оқып білсін» деп ойлағандай. Ұлғайша сол бір уақыт табы өтіп сарғайған қағаздарды ұзақ ақтарды. Әр бет, әр жолында

әке ойы, әке арманы, әке ізі сайрап жатқандай.

1937 жылы апрельде Қазақстанның өлкелік жоғары ауыл шаруашылық коммунистер мектебін бітіріпті. 1938 жылы Қордай аудандық оқу-ағарту бөлімінде, 1939-1940 жылдары Қордай аудандық партия комитетінде, 1940 жылдан бастап майданға аттанғанға дейін Қарақоңыз МТС-інде парторг болып істепті...

Әсіресе, Қордай ауданы Михайловка селосының тұрғыны, 1941 жылдан КПСС мүшесі, пенсионер Бейсенбай Қалабаев ақсақалдың естелігі Ұлғайшаны қатты тебірентті.

«Мен Зердебаев Амантайды 1938 жылдан бастап білемін, – дейді ол. – Сол жылы егін бітік болды. Ұрықары, колхозға жау элементтер әлі арылмаған кезең. Колхоз қырманын күзету – ол кезде аса жауапты да құрметті жұмыс болатын. Осы міндетті маған колхоз партия ұйымы сеніп тапсырды. Әр түн қауіп-қатерге толы. Міне, осындай қиын кезеңде аудандық партия комитеті жанындағы астық қорын молайту бөлімінде жауапты қызмет атқаратын Амантай маған рухани күш-қайрат берді. Түн ортасында келіп, қырманды тексеріп, содан соң маған ел өміріндегі жаңалықтар туралы әңгімелер айтып отыратын. Социализмнің артықшылықтарын түсіндіретін. Егін жиналып болған соң, колхозшылардың жалпы жиналысында Амантай менің еңбегімді ерекше атап өтті. Ал колхоз басқармасы маған сыйлыққа костюм-шалбар тарту етті...»

Ұлғайша өз ауылында әкесін көрген Т.Қасымов, Қ.Қазақбаев, А.Грошев, П.Тойбеков, М.Байтұрғанов сияқты он шақты ақсақалмен әңгімелесті. Бірінің әңгімесі бірінен асып түскендей. Қайран әке көкірегін оққа тосып қайтыс болғанмен, оның өршіл арманы осынау қадірлі шалдардың ойында, іс-әрекетінде әлі күнге өмір сүріп келе жатқанын түсінді ол.

Міне, Ұлғайша әке суреті алдында тағы да ойланып тұр: «Шыбын жанды аямадық – бұлтты аспанды түретін таңымыз болған соң, соңымызда сендер сияқты қайнап өсер қанымыз болған соң...» деп тұрғандай

ол. «Мүмкін сенің ғаламат ерлігіңді көзімен көріп тұрған жалғыз куәгердің өзі де оққа ұшқан шығар, әке, – деп күрсінді ол...»

Иә, Ұлғайша Зердебаева әкенің майдандағы ерлігін бейбіт еңбек саласында жалғастырып келеді. Ол онжылдықты бітіргеннен кейін, комсомолдық жолдамамен товарлы-сүт фермасына барып, сауыншы болып істеді. Кейіннен жоғары оқу орнына түсті. 1967 жылы Алматы медицина институты емдеу факультетін бітіргелі бері ол М.Түймебаев атындағы жүзім совхозы ауруханасында бас дәрігер болып жұмыс істейді.

Арманы ерте үзілген әке өмірі есесіне адамдар өмірін ұзарта түсу. Иә, бұл оның бойындағы әкеден қалған асыл мұрасы, абзал қасиеті.

**Т.АЛШЫНБАЕВ,**
*Іле ауданы.*

## КӨНЕ КҮНДЕЛІККЕ КӨЗ ЖҮГІРТКЕНДЕ

Мен оқушы кезімнен күнделік жүргізгендіктен, балалық шағымның интернаттағы кезім – 1955 жылдары басты оқиғаларға тоқтайын. Бесінші сыныптан жетекшіміз Рахметолла Қатталов ағай болды. Неміс тілі пәнінің маман мұғалімі еді. Ол кісі пәнін жақсы білетін, біздер неміс тілінде өз өмірбаянымызды айта алатынбыз. Неміс тілі үйірмесінде бірігіп хормен ән шырқайтынбыз. Әлі есімде, Моцарттың «Тоска по весне» дейтін әні:

Приди, о Май, и снова,
Пусть рощи оживут.
Под шум ручья лесного,
Фиалки пусть цветут, – деп келеді.

Рахметолла ағай ұстаздың ұстазы, бізге көп тәрбиелі әңгіме, кеңес айтушы еді. Мектептегі нағыз ұстазым – тәрбиешім, сана-сезімімді, білімімді ұштаған адам. Менің талабыма сай Гейне, Гётенің кітаптарын өз үйінен әкеп беретін. Мен ол кітаптар арқылы басқа өмірдегі адамдардың тағдырларын оқып таңғалатын едім. Мен

сыныпта топ жетекшісі (староста) болғандықтан, ағайдың тапсырмаларын мүлтіксіз орындайтынмын.

Осы 1955 жылы анам Алтынбек деген ағайға тұрмысқа шықты. Ол кісі 7 жыл абақтыда болған, қазақша дұрыс сөйлей алмайтын. Алғаш мен қуандым, мүмкін інішегім болатын шығар деп үміттенетін едім. Ағай арақ ішетін, берекесіз, ақылсыз адам болды. Талай мастықтан басы жарылып, бағып жүрген бір сиыр, төрт танасын жоғалтып, анамды зарлатты. Бізге анамыз қамқор болудан қалды, өз басымен қайғы болды. Біз де ол кісіге зиянымызды тигізбей, интернаттың нанын жеп жүріп жаттық...

**1956 жыл.** Менің бар мақсатым, қатарымның алды болу, тәртіпті, үздік оқу. Жазда біздің мектептен мен, Қаншайым, Еркеш, Исаев Сейітхан ағай бастап Совет Одағының ауылшаруашылық жетістіктері көрмесіне поезбен кеттік. Алғаш көрген жерлерім қуанышқа бөледі. Москвада Ленин мавзолейінде ұзақ кезекке тұрып, Ленин мен Сталин мәйітін көрдік. Ленин сапсары, өзіне ұқсамайтындай көрінді. Сталин 1954 жылы қайтыс болған ғой, өз түр-әлпетімен ұйықтап жатқандай әсер етті. Көп жерлерді аралатты, онша түсінбеген сияқтымын. Аман-есен барып келген соң, мектепте оқушылармен кездесулер өткізіп, әңгімелеп жүрдім. Сол кезде өкіметтің қамқорлығының арқасында оқудағы, қоғамдық жұмысымдағы еңбегімді бағалап, Москваға жібергеніне дән риза болдым.

**1957 жыл.** Интернатта бір бөлмеде он шақты қыз тұратынбыз, темір төсектер қатар-қатар, сабақ даярлайтын кішкене бір бөлме бар. Сонда жетінші сыныптың қыздары бірге жүретінбіз, сондай тату едік. Жолдастарым Шәйбала Қағазбаева, Өзипа Станбекова, Әсия Айнақұлова, Қантай, Алтыншаш, Мәрзия, Адас. Қиын сабақтарды бірге даярлайтынбыз. Бәріміз хор, би үйірмелеріне қатысатынбыз. Жексенбі күні киноға барамыз. Демалыс кезінде Өзипаның анасы Қаскеленнің тауында тұратын, мені ертіп баратын. Шәйбала Жандосов совхозындағы үйіне апарған, аққөңіл

апасы Түйметай жылы шыраймен қамқор болды.

1957 жылы Күләш әпкем онжылдықты бітіріп, қыздар оқитын институтқа түсе алмады. Біздің мектепке пионер жетекшісі болып келді, ал мен мектептің дружина советінің төрайымы болатынмын. Сөйтіп әпкеме есеп беріп жүретінім есімде. Осы жылы жазғы демалыста анам: «Есенжан атам ауырып жатыр екен, барып көмектес, жанында бол», – деп жіберді. Қарақыстақ-Бұрғанда бір ай болдым. Бір күні Оразхан, Оразбек, Оразалы, Аманкелді, Аманбек, Дәулетбақ, Дәулатқали, Тазагүл апам, Есенжан атам, мен – бәрімізді суретке түсірді. Сол кезде Оразхан ҚазПИ-ді бітіріп, Тарғапта мұғалім болып істейді екен. Оразбек Алматыда жұмыс істейді, қалған балалары әкешешесінің жанында екен. Есенжан атам сол жылы бақилық болды. Соған дейін атам жеті атамызды санамалап айтып үйретіп қойған еді.

**1958 жыл.** Біздің сыныпта 20 оқушы болса, оның 12-сі қыздар еді. Интернаттағы тәрбиешіміз Гауһар апай өте қатал, менмен, қабағы бір ашылмайтын кісі еді. Қантай деген қызды жақсы көретін, үнемі үйіне ертіп кететін. Мүмкін, туысы ма, білмедік. Гауһар апайдың күйеуі Құлмағанов ағай тарихты кітаптан, оқулықтан оқып, сабақ беретін. Балалар күліп, мазақтаса, қолында ұзын таяқшасымен шұқып алатын. Бәрінен де физикадан сабақ берген Қоңқашбаев ағай, сабағын нашар түсіндіретін, басқа оқушылар түгілі, мен түсінбейтінмін. Бағаны кітаптан оқып алатынбыз, физикадан білімімнің төмендігінің қорлығын медицина институтына түскенде көрдім. Мұғалімнің білімділігіне қарай оқушының да алар білімі солай болатынын әркім біледі. Мысалы, химия пәнінен берген ұстазым Әсет Асқаров сабағын өте жақсы беретін, ағайға дән ризамын. Менің дәрігерлік мамандықты меңгергенде бұл сабақ маған оңайға түсті. Тарихтан берген Исаев ағай да оқулықтан тыс газеттерден маған баяндама жасатқызатын, сабақты қызықты өткізетін. Қазақ әдебиетінен Ғаббас, Нұрсұлтан Әлімқұлов ағайлар пәнін түсінікті, қызықты өткізуші

еді. Жылда біздің мектепке ҚазПИ-дің жоғарғы курс студенттері тәжірибелік-өндірістік сабақтар өткізуге келетін. Олардан білім алу қызықты да мәнді болатын. Математика пәнінен Уәли Егілманов ағай беретін. Сабағын жақсы түсіндіретін, бірақ ол кісінің аузынан ылғи ішімдіктің жағымсыз иісі шығып тұрушы еді.

Менің мектепте ең жақсы көретін досым Жұмагүл Аманжолова еді. Ол жетім балалар үйінен, 3-ші сыныптан бастап дос болдық. Мінезі кішіпейіл, аққөніл, қадірінді біледі, достыққа адал. Бір-бірімізді сағынып тұрушы едік. Мен анама барғанда ертіп апаратынмын. Қаскеленнен МТФ – 10 км., таулы, сайлы, жол-жөнекей бақ, қорқынышты жерлер бар, ысылдаған жыландар, тез жүгіріп өтуші едік. Интернаттағы әпкем Күләш МТФ-ға мені жиі жіберетін, кейде жалғыз барғанда қорқынышты-ақ.

Жұмагүл, Қаншайым үшеуміз 7-ші сыныпқа дейін жақсы дос болдық. Білгенімді, оқығанымды айтып, үйренсін деуші едім. Жұмагүл 7-ші сыныпты бітірген соң, кәсіптік училищеге оқуға кетті.

Осы жылдары оқыған кітаптарым: «Құрыш қалай шынықты», «Цитадель», «Абай жолы», «Красная гвардия», «Менің махаббатым», т.б. негізгі кейіпкерлерінің мінездеріне тәнті болып, ұқсап, еліктеуге және мақсатқа жетуге тырысатын едім.

Біздің интернаттың балалары жаз айларында «Ленин» колхозының жүгері алқабында жұмыс істедік. Оқушылар бригадирі, есепші мен едім. 1958-1959 жылдардың жаз айларында көп еңбек еттік. Ынталандырып еңбегімізге ақы төледі. Мектепке әжептәуір қор жиналды. Белсенділеріміз Исаев ағайға: «Мектептің мерекелеріне керек пластинкалар алсақ», – дедік. Содан бір күні мені мұғалімдер бөлмесіне шақырып ұрысты. Уәли Игельманов: «Оқушылардан ақша жинаңдар, бізден ақша сұрайтынға жеткен жоқсыңдар, сен Зердебаева, басың үлкен болса, кішірейтуге болады», – деп айқайлады. Исаев оқу меңгерушісі, тағы екі мұғалім бар, мен қатты ренжіп, жылап шықтым. Бір

күні бос бөлмеде сол туралы сынып жетекшісі Катталов ағайға жылап айтып тұрғанда, ол кісі жұбатып ақылын айтты, сонда оқушы Қантай Омарова есікті ашып көрген. Кейін онынщы сыныпта жүргенде. «Катталов Ұлғайшаны сүйіп тұр екен, жақсы көреді» деген сөз естідім. Ағайдың әйеліне барып айтыпты, ақыры әйелінің әпкесі Алматыдан келіп, менімен сөйлесті. Мені қорлады, намысымды таптады. Мен жылап, ешкімге айтпадым, мұғалімдерге ренжідім. Әпкесі: «Сен жассың, еркектер қу болады, алдап қолға түсіреді, аулақ жүр, көзіне көрінбе», – деген сияқты әртүрлі сөздер айтып қорқытты. Мен ағай туралы айтқанға сенбедім, бірақ, отбасына зияным тимесе деп, өте аулақ жүрдім. Менің нәзік, таза, пәк жүрегім жараланды; ұстазым, ақылшы, қамқор адамнан алыстадым. Менің жанашыр, сенімді ешкімім жоқ, тек өз ақылым, білім-еңбегім арқылы өмірде адамдығынды дәлелдеуім керек екенін санама шегеледім.

**1959 жыл.** Мектептегі тоғыз жылда тоғыз мақтау грамотасын алдым. Облыстық оқушылар байқауында жеке ән орындауында бірінші орын, пионерлер слетінде, комсомолдың туған күніне байланысты қоғамдық жұмыстар үшін мақтау қағаздары, аудандық жеке кітапқа тіркеу анықтамасы және колхоздағы жазғы жұмыстардағы жетістіктер Еңбек Құрмет кітабына енгізілді.

1959 жылы Күләш әпкем ЖенПИ-дің география факультетіне оқуға түсті. Осы жазда жақсы оқитын оқушыларды Қырғыз Республикасының астанасы Фрунзе, қазіргі Бішкек қаласына экскурсияға апарды. Бұл біздің бойжете бастаған кезіміз, 10-шы сынып оқушыларынан Қуатбек те мені жақсы көретінін сездірген. Мен байсалды, ойын-сауыққа көңілім жоқ, тек оқу жолында жүрген соң, балалар қаймығушы еді. Мектептегі соңғы жылдары аудандық комсомол ұйымымен тығыз байланыста жұмыс істедім. Барлық мерекелерде аудандық, облыстық деңгейлердегі жиындарға қатыстым. Осы жылдары партияның үйғарымы бойынша,

онжылдықты бітірушілерге өндіріс, ауылшаруашылығында екі жыл жұмыс істетуге үндеу шықты және одан кейін олар жоғарғы оқу орнына жеңілдікпен қабылданатын. Мен мектеп конференцияларында «Ньютонның өмірбаяны» және «Генрих Гейненің өмірі мен қызметі» туралы баяндама, комсомол жиналысында «Халықаралық шолу» жасадым. Аудандық әйелдер слетінде сөйледім.

**1960 жыл.** Қаскелең туралы аз-кем айта кетсем.

Менің алтын ұям – мектебім аудан орталығы Қаскелеңде орналасқан, сарқырап ағып жатқан өзен, жасыл ағаштар, керемет Алатаудың жалғасы, алма, алмұрт өсетін бақтар, керемет көркем сұлу жер. Қаскелең деген қандай атау деп ойланушы едім, бірде сол жөнінде аудандық газеттен оқыдым. Онда жобалап, мүмкін осылай шығар деп «Қос келін», не «Қас келін» деген аңыздарды алға тартыпты. Ол кезде қазақ тарихын оқытпайды, білмейміз. Тәуелсіздік алғанда ғана шындықты білдік қой. XVII-XVIII ғасырларда жоңғар басқыншыларының қолбасшысы Қаскелең, ханы Шамал, содан Шамалхан аталған екен. Менің бабам батыр Шапырашты Наурызбай жоңғар Қаскелеңнің, Шамалғанның басын алып, жерімізді жаудан азат еткен. Бірақ біздің бейқам, асықпайтын қазағымыз Қаскелең мен Шамалғанды бері мұндағыға дейін өзгертпей келді. Тәуба, әйтеуір бүгінде Қаскелең ауданы Қарасай батыр бабамның атында. Қаскелеңнен айналайын, асыл Шапырашты бабаларым, елін, жерін қорғап, ұрпақтарына мирас еткен! Олар исі қазақтың әйгілі батырлары ғой. Бүгінде Шамалған да атын өзгертті, Үшқоңыр атанды.

Біз оныншыда оқып жүргенде, Алматыдан, ауданнан үлкен кісілер келіп, өкімет пен партияның мектеп бітірушілерге қойған талабын айтты, екі жыл жұмыс істеген соң, жоғарғы оқу орнына жеңілдікпен оқуға түсуге болатынын, комсомолдық жолдамамен өндіріске бару үлкен абырой, Отанға деген патриоттық еңбек деді. Мен староста ретінде сөйлеп, үндеуді

қолдап, бәрін жұмысқа баруға шақырдым. Құрдастарым шулап, қолдап, бәріміз бірге барамыз деді. Сонда Қаскелең ауданының Ленин совхозының, № 7 МТФ – сүт фермасына баруды ұсынды. Қыздар сиыр сауады, ұлдар сиыр бағады. Менің анам № 6 МТФ-да сауыншы, кішкентайымнан жазғы демалыста сиыр саууға көмектесіп жүргенмін. Жұмыс қиын болса да, таныс еді. Жастайымнан өмірдің мәні қиындықтан қорықпай еңбек ету, мақсатқа жету деп түсінетінмін.

Содан, Алматы облысы, Қаскелең ауданы оқушылары туралы радио хабар беріп, газеттерге біз жөнінде жаза бастады. Сол кездерде ауданда екінші партия хатшысы Алексеенко Любовь Алексеевна болатын, мені шақырыпты. Ешбір қобалжу, қорқу жоқ, қабылдауында болдым. Сонда Любовь Алексеевна: «Сені жақсы білемін, үздік, тәрбиелі оқушысың, ауданның абыройына өз үлесіңді қосып жүрген қызсың. Өндіріске бару бастамаңды қолдаймын, бірақ, сен аудандық, комсомол ұйымында жұмыс істе, өзіміз жолдамамен жоғарғы оқу орнына түсіреміз, бізге өз мамандарымыз керек», – деді. Сонда мен: «Мен құрдастарымды ертіп МТФ-ға баруға уәде еттім, сөзімде тұруым керек. Мен болашақта тек дәрігер болып, халқыма адал еңбек етсем деймін. Сізге үлкен рахмет!» – дедім. Совет заманында әділдік, жанашырлық танытқан, ақылшы болған Любовь Алексеевнаны ешқашан ұмытқан емеспін. Сол кезде ол кісіні тыңдағанда көрген қаншама азабымды, бәлкім, көрмеген болар ма едім.

Анам сиыр фермасында тұрғанда, бір бөлмеде көрші Мөңке апа қызы Зина, ұлы Сейдахмет бірге тұрғанбыз. Зинаның әкесі де соғыста қайтыс болған, үлкен ағасы Пидан әскерлік борышын өтеуде еді. Зина орысша оқыды, өте сұлу, әдемі, шашы ұзын, аққұба еді. Ол кезде сауыншыларға қосымша қызылша өсетін алқаптан тиесілі жұмыс беретін. Біз, қыздар, жазда шөптеп, сараптап жұмыс істейтін едік. Зина жетінші сыныпты бітірген соң, есеп-қаржы техникумына түсіп оқыды. Содан сырттан халықшаруашылық институ-

тын бітіріп, Алматыда пәтерден пәтерге көшіп жүріп, өз еңбегімен үй алып, Қаржы министрлігінде қызмет істеді. Екінші көршіміз Жайсан апа қызы Зейнеп тұрды. Зейнеп Зинамен бірге оқыды. Әкесіз өскен қыздар ерте есейді. Зейнеп Қаскеленнің аудандық баспасында жұмыс істеп, сырттан қыздар институтын бітіріп, ерте тұрмысқа шығып, Ким деген жездемізбен төрт қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірді. Қыздары – Ғалия, Бану, Гүлнәр, Салтанат, ұлы Бақытжан. Барлығы жоғарғы білімді, елі үшін еңбектеніп жатыр. Зейнеп бала-шағасының ортасында, немерелерін тәрбиелеуде ақыл-кеңесін беріп, шапқылап жүрген жайы бар.

Сонымен, онжылдықты бітірдім, мемлекеттік емтихандарды беске тапсырдым, тек қазақ тілі шығармасынан төрт болды. 1958 жылы ылғи беске оқыған Нұрсұлтан Назарбаев та алтын медаль алмаған еді. Ол «Абай» мектебінде бір-ақ жыл оқыды. Мектеппен қоштасу кешіне анам мен әпкем көйлек әпермеді. Мен Күләштың ұзын, үлкен шифон көйлегін белден байлап киіп, ыңғайсызданғаным есімнен кетпейді. Барлық құрбыларым жаңа көйлек киіп еді, институтқа түссем киер киім жоқ, жұмыс істегенім дұрыс екен деп, комсомолдық жолдама алып, шілденің 1-і күні сүт фермасына кеттік. Алғаш 20 оқушы барады деген, барғанымыз – 8. Үш қыз КИЗ ауылынан мектепке үйден келіп оқитын еді. Ол Жолдыбике, Рая, Бигайша және Оразкен, Әділ, Рысқали, Қасымбек.

Біздің №7 МТФ таудың етегінде орналасқан, соның қызыл бұрышы – бір бөлмеге қыздар орналастық. Ешкім қамқор болған жоқ, жағдай жоқ. Таңғы 5-6-да және кешке екі мезгіл сиырларды қолмен сауамыз. Айына 450 сом алдық, екі айлықты мамама бердім, 8 км. жаяу барып, анамның бақшасын қарап, жинап, үйді ақтап-сылап жүрдім. Күләш әпкем: «Шамаңа қарамай, ауыр жұмыс істеп, азып-тозып жүрсің, комсомол түгілі, қай коммунист айтқанын істеп жатыр? Онанда оқуға түсіп кетпедің бе? Енді не болсаң сол бол, өлгеніңді білмейтін ақымақсың», – деп ұрысты. Сөйтіп жүргенде, Рая қызымызды 7-ші қарашада досы Жол-

дас алып қашты. Ол: «Қыздар, құтқарыңдар!» деп айқайлады. Біз қараңғы, жері батпақ фермадан жаяу жүгіріп подхоздағы меңгерушіге келіп, жағдайды айтып, машина сұрадық. Содан Қаскеleңнен милиция шақырып, Раяны іздеп Абай ауылына бардық. Сөйтсек, Рая: «Менің келісімім бар, сүйемін, қарсы болсам, оны соттайды ғой», – деді. Содан әкелері бар қыздар жұмысты тастап кетті, мен сорлы жалғыз қалдым. Сол кездерде анам араққұмар байынан зорға ажырасып, талай қиындықтарды көріп, Қаскеleңдегі екі бөлмелі кішкентай үйін сатып, маған ферма меңгерушісінен бөлме сұра, жанына барып мен де сиыр сауамын деді.

**21. XII. 1960 жылы** бір бөлме үй берді, анамды көшіріп алдым. 1961 жылды әпкелерім келіп бірге қарсы алдық. Мемлекет бойынша ақша ауысты – 10 сом = 1 сом болды. Ленин совхозының басқармасы: «Мединститутқа бітіргенінше стипендия – 40 сом төлеп тұрамыз, бітірген соң Қаскеленге дәрігер болып келесің, бізге өз мамандарымыз керек», – деді. Ешкіммен ақылдаспай, өзім де стипендияға оқимын ғой деп ойладым да, келіспедім. Қайдан білейін, стипендия 22 сом екенін, өз еліме келсем, пәтер де беретін еді ғой, балалық пәк көңілім, ешбір пайдалы тірлікті білмегенім-ай!

**23. VI. 1961 жылы** мединститутқа құжаттар тапсырдым. Ленин совхозынан, аудандық комсомол ұйымынан жолдама, мінездеме алдым. Барлық еңбектерімді қорытып, екі жыл ауылшаруашылығында еңбектенді деп қабылдады. Мемлекеттік емтиханды: химиядан – 5, физикадан – 5, орыс тілі – 5, неміс тілінен – 5-ке тапсырдым. Емдеу факультетіне 500 адам құжат тапсырған, алатыны – 100 адам.

25-і күні мені құттықтап Сейділда, Қуатбек, Серік – үшеуі келіпті. Қуанғаным-ай! Алғашқы достық сезім басталғандай, жігіттер өлең оқып, ән айтып, көп тілектер білдіріп, Қуатбектің сезімін қолпаштап, бізге бақыт тіледі. Сейділда үшеуміз Алматыда саябақтарда қыдырдық. Содан Қуатбек соңымнан қалмады.

01. IX. 1961 жылы институтта сабақ басталды.

20. IX. Мақтааралға жұмысқа кеттік. Сонымен, студенттік өмір өз қызығымен баурап алды. Барлық сабақ орыс тілінде, анатомиядан латынша, барлық ағзаны білу керек, барлығы – оқу, жаттау. Мамандықты игеру жолында қажырлықпен оқуға тура келді. Мектепте төрт алса ренжитін Ұлғайша, бірінші семестр 3-4-пен оқыдым. Қайта мен көп орысша кітаптар оқығандықтан жеңілдеу болды, алыс облыстан келген қазақ балаларының біразы ойларын жеткізе алмай, бірінші семестрден кейін оқудан кетіп қалды. Жатақханада бір бөлмеде 7-8 қызбыз, тату-тәтті тұрдық. Барлығымыз қазақ мектебін бітіріп келгенбіз. Оқуымыз бір деңгейде, жүріс-тұрысымыз, киіміміз шамалас. Тек орыс мектебін бітіріп келген қазақ қыздары бөлек тұрып, ылғи орысша сөйлеп жүрді. Оларға оқу бізге қарағанда жеңіл. Олар кинотеатр, биге жиі барады.

**25. I. 1962 жылы** Қуатбекті әскери борышын өтеуге шығарып салдық.

Енді бір мезет күнделік дәптердің арасында сақталған мына бір жырлар да сол шақтарды еріксіз еске түсіреді.

Жастық шақ...
Албырт, алаулы кез...
Қане, сонымен әрмен қарай...

## ҚУАТБЕКТІҢ АРНАУ ЖЫРЛАРЫ

О тағдыр! Мұншалықты қатал ма едің?!
Дәл қазір жастық дәмін татар кезім.
Білемін, борышымсың әскери жыл,
Неліктен сәулешіммен қатар келдің?
Жолықпаспыз күндер қанша, жыл қанша?!
Тыңда мені, тыңда мені, Ұл-Ғайша!
Уәде бер құшақтасып өтуге,
Өмір бітіп, мәңгі көзді жұмғанша.

* * *

Қаншама ой жігерлі, асыл қалам,
Білдірді достық сөзін жазып саған.

Сыйлаймын жолдасымдай, альбом, сені,
Сондықтан өз ойымды мен де жазам.
Сенсің, «Альбом», жас өмірдің айнасы,
Ынтық саған бұл өмірдің бар жасы.
Асыл ой, арман, тілек, махаббаттың,
Жиылыпты бір өзіңе арнасы.
Оқысам ашып сені, қолыма алып,
Отырам көп уақыт ойға қалып.
Елестеп көз алдыма жазған адам,
Қаламын бірде күліп, бірде налып.

Жаным қас, сөз түсінбес надандарға,
Құмайтын бақыт жолын адам бар ма?!
Ешқашан өзі іздеп бақыт келмес,
Қиналмас, еңбек етпес жамандарға.
Түсінгін «бақыт» деген асыл сөзге,
Демессің соған жету маған сөз бе?
Ойлансаң оған жету өте қиын,
Сондықтан қимылдап қал осы кезде.

О, ләззат, сиқырыңа түсінбедім,
Жалғыз хат қуанғаным, күрсінгенім.
Жалғыз хат жүрек тілген, жадыратқан,
Жалғыз хат бір мұңайып, бір күлгенім.
Елестеп бақыт шашқан ертеңгі күн,
Естілді оқығанда еркелі үн.
О, Тәңір! Өте шығып осы уақыт,
Аңсаған арманыма жетсем бүгін.

*24. I. 1962 жыл.*

## ЖАР ҮЙІ

Сезім қуып асығыстау жүрсем де,
Шақырады «мен мұндалап» ақ үйің.
Шып-шып шыққан маңдай терін сүртсем де,
Жүрген сайын жылдамдайды адымым.

Көз алдымда қызықты күн, өткен күн,
Осынау үйге, осынау үйге көп келдім.

Осынау үйде бақытыма жолығып,
Осынау үйде арманыма жеткенмін.

Ләззат іздеп астарлы ішкі дүние,
Сағынышпен тағы келдім үйіңе.
Жоғалтқандай қымбаттымды, ардақты,
Іздеудемін, қарай бердім үңіле.

Баз қалпында үй жиһазы, үй мүлкі,
Көңілім неге абыржулы, кім бүйтті?
Жаңа сездім жас жанымды тербеткен,
Осынау үйде жетпейді екен бір күлкі.

Қараңғы ма, әлде мұнда түнек пе?
Қайда кеткен ақ балтырлы біз өкше?
Көрінбейді-ау, мейірімді көзқарас,
Тән идірген жылы тиіп жүрекке.

О, әсем үй, қымбатты үй, жар үйі,
Қайда мүлкің, қымбаттысы, жарығы?
Мұншалықты үлкен жаза тартатын,
Жоқ еді ғой Қ-к-тің жазығы.

Қайдасың сен, не халдесің, жан жарым,
Естіле ме, тілегім мен арманым?!
Шіркін-ай, мәңгі бірге алып жүрсек,
Бұл достықтың шын түсініп салмағын.

## ҚАРАҒАНДЫДАН СӘЛЕМ!

Шаттыққа толы көңілің,
Тұрақты достық сенімің.
Қанат қомдап ұшпақсың,
Сәтті болсын келуің!

Сағатқа жиі қараймын,
Қалса да әлі талай күн.
Қашан келер екен деп,
Секундты да санаймын.

Келемін дейсің қонаққа,
Болғаны сірә сол-ақ па?
Келші, сәулем! Келдағы,
Мәңгілікке қонақта?!

* * *

Білмеймін тұрар ма едім, жүрер ме едім,
Шаттықтан жылар ма едім, күлер ме едім?!
Қапсыра ап беліңнен, Ғайша-жан деп,
Ерніңнен мейірлене сүйер ме едім?

Кім білсін, сыпайылықты ескерем бе,
Жарқ еткен қуаныштан сескенем бе?
Күлкілі нұр жүзіңді көрісімен,
Тік тұра, сасқалақтап, честь берем бе?

Ғайшаш деп, әлде құрақ ұшамын ба?
Аймалай, еркелете құшамын ба?
Анаға өкпелеген нәрестедей,
Кеудеме ауық-ауық қысамын ба?

Осылай болар еді-ау, ә?

**ҚУАТБЕК.**
*IV – 1964 жыл.*

Сөйтіп, күнара әскерден хат келеді. Жалындаған сағыныш, сезім, арман толы өлеңдер. Мен де хатты асыға күтем, жауап жазамын. Менің қиын оқуыммен қатар ұшталып, нығайып келе жатқан достық махаббат әлемінде өмір басталды.

**18. VIII. 1962 жылы** Целиноград – Ақмола облысына астық жинауға студенттермен кеттім. Жолда Қарағандыда әскери борышын өтеп жүрген Қ-к қарсы алды. Сағыныш, арман құшағында екі сағат бірге болдық. Сол кезде жүк таситын поезбен апаратын еді. Жастар әндетіп жүріп қырманда астық жинадық, тазаладық. 50 сомға алған пальтомды Күләш маған бер,

ендігі жылы әперем, сен ескі пальтоны ки, мен үлкенмін ғой деді. Бердім. Алдады.

**10. X. 1962** жылы екінші курс басталды. Оқуға төселіп қалғандай, Алматының медицина мекемелерінде әр сабақтан тәжірибе өтеміз, қызықты, тіпті түрлі ота-операция жасағанда қарап тұрамыз. Алғаш аппендецит, грыжа-жарыққа операция, қуықтан тасты алуды көрдім.

**30. XII. 1962 жылы** Күләш пен Қырықбайдың үйлену кеші біздің үйде, МТФ-да болды.

**27. V. 1963 жылы** Ерлан атты нәресте дүниеге келді, барлығымыз қуандық. Анам сүйінші сұратып, мені тауда отырған (мал бағып) Қырықбайдың туыс немере ағасы Қыдырбайға жіберді. Атқа мініп жайлаудағы ағасына барып, сүйіншіге бір тоқты алып келдім. Жездеміз Күләшпен бір сыныпта оқыған, әке-шешесі 3-4 жыл бұрын қайтыс болған. Әкеден жалғыз. Мен екінші курсты ойдағыдай аяқтадым. Анамды аяп 20 күн сиырларын саудым, қатты қиналып жүріп, анам алдындағы борышым ақталсын деп шыдадым. Сиырлардан таяқ жеп, мүйізімен қағып көзім көгерді, аяғыма теуіп, буыным ісіп көгерді. Содан демалдым. Зейнолла Қабдоловтың «Өмір ұшқыны», Лугарсиннің «Человек должен жить» кітаптарын оқыдым.

**1963 жыл.** Білім алу жолындамын.

Оразбек аға үйленді, тойында болдым. Жеңгей татардың қызы, есімі Клара.

Менің өмірім тек хат күтіп, Қуатты ойлаумен өтіп жатыр. Біраз мінездер айқындалды, дегенмен, менің сезімім өшпеді, сөзде тұру, күту керек деп ойлаймын.

## ТАҒДЫР – АЙТЫЛМАҒАН СЫР, ЖАЗЫЛМАҒАН ЖЫР

**1964 жыл.** Анам, Ерлан немересін алып, Шелекте Күләйша почтада жұмыс істейтін, соның қолына көшкен. Күләш ЖенПИ-де оқуда, Қырықбай құрылыста жай жұмыста жүр.

Қуатбектің досы Жанысбай адал, адамгершілік қатынаста, біздің достығымызға дәнекер болып жүреді. 22 наурызда жатақханаға келіп, менің достарым – Таня, Зина, Болатты мейрамханаға апарды. Туған күнде ізгі тілектер айтылды. Кешке театрға барып, «Ана – Жер-Ана» қойылымын көрдік. Жанысбай 29 сәуірде ұшаққа билет алып, «Қуатты сағынсаң Қарағандыға барып қайт» деді.

Менің алғаш ұшуым, қуанып, достығым үшін келісіп кеттім. 1-мамырда Қуаттың туған күні, кездестік. Жағдай жасап қойыпты, үш күн бірге болдық. Алланың құдіреті, мен нәрестелі болыппын. Қуат естігенде қуанды, керемет хаттар жазды.

Ақша табу үшін мейірбике болып жұмыс істедім. Жан сырымды достарым Таня, Сұлухан, Жанысбай білді, олар қайғыма ортақтасып жүрді. Қ-қа адал сезімім азайды, тағдырға көнбеске амал жоқ. Қ-к оқуға түсті. КазГУ-дің журналистика бөліміне. Тойымыз Қ-ктің үйінде – қазіргі Жандосов ауылында болды. Тойға киер көйлекті Қуанышкүлден, туфлиді Сұлуханнан алдым. 3-ші қараша күні оқу басталып, қалаға пәтерге шықтық. Қ-ктің жолдастары, курстастары студенттерге жатақхананың асханасында үйлену тойын жасап берді. Тойға аналарымыз, Күләйша келді. Күләш, жезде келмеді.

1965 жылы 15 қаңтарда дүниеге Ғалия қызды әкелдім. Қ-к ағасы Мұратбек, әйелі Ділдехан бөпені өзіміз шығарып аламыз деген, бірақ, ол жақтан ешкім келмеді. Содан Қ-кті анама жібердім, ол кезде Қазатком ауылында Күләштың қолында болатын Анам балаға керектінің бәрін алып, 24-ші қаңтарда перзентханадан шығарып алды. Мен 25-ші қаңтар күні емтихан-

дарымды тапсыра бастадым, анам екі ай баланы қарады. Содан Қ-к түске дейін, мен түстен кейін баламызды қарап жүрдік. Бір төсімді емізіп, екіншісін сауып кетемін. Үш сағаттан соң емізікпен сүтті береді. Сөйтіп жүріп IV курсты бітірдім.

Жазғы фельдшерлік тәжірибені анама барып, екі ай жұмыс істедім. Ғалияны анам қарады. Ғалияны жетімдер үйіне орналастырдым, себебі, некеде жоқпыз. Қ-к: «Шешем бала қарай алмайды, сенің анаңа бермейміз. Әйелсің, бәріне көнесің», – деді. Жан-тәніммен әбден күйзелдім.

**1966 жыл.** Институттың шипажайында бір ай емделдім. Алғаш сарып ауруын қойды, вакцина – бруцелинмен емдеді. Сол жерде жұғыпты, бір айдан кейін сары аурудың «А» түрімен ауырып, жұқпалы ауруларды емдейтін ауруханада емделдім. Қ-к оқуда, қосымша жұмыс істегісі келмейді, ақша жетіспейді. Ешкім көмектескен жоқ.

1-ші қаңтар. Қ-к мені ұрды, ажырастық. Ертеңіне кешірім сұрап, ант берді. Қайта табыстық. Жүрек жараланды.

1966 жылдың 31-ші шілдесінде Күләйша Манасқа тұрмысқа шықты. Түрген ауылында той болды. Мен өте қуанып, бақыт тіледім. VI курсқа жақсы бағамен көштім. Бір ай пионер лагерінде дәрігерлік тәжірибеден өттім. Манастар анамды құдалыққа шақырып, Күләйшаның көрпе-жастығын апарды. Менің денсаулығым нашарлады, екі рет ауруханада емделдім, диагноз ревматизм н/ф, комбиниров. митральный порок сердца, с преобладанием недостаточности. Созылмалы өт жолы қабынуы, сарып созылмалы.

Күләйшаны Манас төрт айдан кейін қуып шықты. Күләйша бізбен тұрды. Жүйкесі нашар, ұрысқақ, мазамызды алды.

**1967 жыл.** Оқу жақсы, дәрігерлік мамандықты қызыға игерудемін. Әсіресе, хирургия, терапия оңай, ауруханалардағы ауруларды қарап, емдеп, тәжірибе жинақтап жүрмін.

Отбасында жоқшылық. Қ-ктің еркек болып жағдай

жасау ойына келмейді. Қалт-құлт еткен тіршілік. Анда-санда Ғалияға барамын, үйге әкелемін, тілі орысша шықты, сүйкімді, ақылды. Тірі жетім қызым, кешір мені деп боздап аламын.

**18. II. 1967 жылы** некеге отырдық. Менде ешбір қуаныш болмады. Биыл оқу бітеді. Диплом алдым. Мені Еңбекшіқазақ ауданының Қырбалтабай мал шаруашылығының 25 төсектік ауруханасына терапевт міндетін атқаруға жіберді. Ғалияны жетімдер үйінен алып, балабақшаға бердім. Ауруханада жалғыз дәрігер бар екен, маған қосымша балалар дәрігері жұмысын да міндеттеді. Біз институт бітіргенде, интернатура болмаған, барлық мамандықты игерген – емдеу факультеті. Барлық ауруларды қабылдай береміз – көз, тері, лор, әйелдер аурулары. Оқулық, кітап, лекцияларды қарап, қателеспеуге тырысамыз. Мен алғаш пәтерде тұрдым, содан кейін бір бөлмелі үй берді. Қ-к демалыс сайын келіп тұрады, 15 сомнан беріп тұрамын.

28 желтоқсанда Қ-тің жолдасы үйленіп, Алматыға тойға келдік. Менің аяғым ауыр, бес айлық. Қ-к мас, тойдан шыға даттады, ұрысты, бүгін өлтіремін деп, «Саяхат» автовокзалының жанындағы үлкен ағашқа сүйреп әкелді, байлап өлтірмек болды. Таң атпаған еді, қинады. Сол кезде мен шын өлгім келді. «Е, Құдай, сонша қорланып, азап көргенше, алшы» деп күйзелдім! Өлтірмеді! Бірақ, жан-дүнием тас боп өлді. Тірі өлік сияқтымын. Үйге келген соң, кешірім сұрап, басымнан аяғыма дейін сүйіп, ант берді. «Ажыраспаймын, ажырассам оңай кетпеймін», – деді.

Е, Алла! Осы жазғандарымның бір сөзі өтірік емес. Күнделігімде қай күн, қай сағатта жазылғаны бар, содан алдым.

Кеңес өкіметі, қатал тәртіп, ар-ұят, орта, туған-туыс... Мен бәрінен ұяламын, өзім сүйген алғашқы жігіт, оны үш жыл әскерден күттім. Санамда адал махаббатым үшін шыдау, күресу, отбасы – бала бар, маған қорған болар ешкім жоқ. Анам Күләштың қолында, балаларын қарап отыр, жұмыс істемейді. Күләш 1964 жылы Нұрланды,

1966 жылы Салтанатты, 1967 жылы Айбекті туған. Шиеттей балаларды асырап-бағу анамның міндеті. Мен үшін қиналмасын деп, бар өмірім оларға белгісіз өтіп жатты. Бірінші еңбегімнің ақшасына француз вилюр матасын анама көйлектікке апардым. Сол көйлекті он жыл киді ғой! Ол кезде Күләштар Қазатком деген ауылда мұғалім, жездем бастауыш сыныпқа сабақ берді. Күләйша Алматыда, пәтерлерде тұрып, сырттан байланыс техникумын бітірді. Туыстарды жылына 1-2 рет көремін.

**1968-ші жылдың 15 наурызында енем** – Жұмаштың үйіне келдім. Келін боп зыр жүгіріп үй шаруасын істеп жүрдім. Қ-к оқуына үйден қатысып жүрді. 1968-жылдың 16-шы сәуірінде таңғы жетіде толғақ басталды. Алматыға үлгерем ғой деп, тез жиналдым. Апам автобусқа шығарып салды. Шамалғанда нәресте босанатын кішкентай үй бар екен, соған кіріп қаралдым. Сағат 9-да босандым, нәресте жолдасы түспей, акушерка қолмен тазалап алды. Толғақ жеңіл болды. Кешке Қ-к, Жаныcбай келді. Апасы, не жеңгесі келмеді. Бір демалыстан кейін Қ-к шығарып алды. Ол кезде қалжа жеу, шілдехана деген болмады. Жұмысқа шығу үшін Қырбалтабайға кеттік. Ғалия мен Шолпанды балабақшаға беріп, жұмыс істеп жүрдім. Жексенбі және түнде ауылда біреу ауырса, мені шақырады. Кейде шақырған кісіні балалармен қалдырып, өзім ауруға көмектесіп қайтамын. Бірде Ғалия төрт жаста, Шолпанды қоларбаға отырғызып қарап отыр деп кеткенмін. Сөйтсе, бала жылаған соң, Ғалия жұбатамын деп арбаға өзі шығайын деген, арба аударылып, Шолпан құлап, жерде жылап жатыр. Ғалия қорқып жылап тұр. Есім шығып, балаларымды жұбаттым. Жалғыздық, азаппен өтіп жатқан өмір. Еңбекте неше түрлі ауруларды емдеп, көпшіліктің батасын алдым, баталары мені жігерлендіруші еді. Дәрігерлік жұмысым өте ұнайтын.

1969 жыл. Балаларымның әкесі жоғарғы оқу орнын бітіріп, журналист дипломын алды. Қуандық. Оны Есік қаласына, аудандық газетте істеуге жіберді. Пәтер жалдап, Есік қаласына келдік. Мені терапевт етіп, аудан-

дық емханаға алды. Екі қызды балабақшаға орналастырып, жұмыс істеп жүрдім. Қ-к жұмыстан кейін ішіп келуді шығарды. Мен ертеңмен Шолпанды көтеріп, Ғалияны жетектеп балабақшаға тапсырып, жүгіре жұмысқа жетем, кешке алтыға дейін екеуін алып, үйге қайтамын. Күндегі тіршілігім осы. От жағу, кір жуу, тамақ жасау. Қ-к араққа тойып келгенде, көретінім ұрыс. Тиісетіні, «сен Жандосов ауылында тұрғың келмейді, менің апамды жақсы көрмейсің» дейді. Ол мас болғанда, мүлдем өзгереді. Мереке күндері Қуатбек ылғи мас болады, түнімен ұйықтатпай, балтаны желкеме тақап, басыңды шауып тастаймын деп қинайды. Талай рет мұндай қорлықты көргенше өлгім келді. Шырылдаған екі балаға қарамайды.

Бір күні ішіп алып, милициямен байланысыпты, мұны қамаған қазақ жігіті ертеңінде босатып тұрып: «Иттің баласы, соттатып жіберетін едім, әттең әйелің ауданда жақсы дәрігер, екі титтей қызың бар, көз жасына қалғым келмейді. Арақты қоймасаң, өзің де құрырсың, кет!» – депті. Ертеңінде өзі маған соны айтты.

**1970 жыл.** Қайран, асыл армандар! Көзден бұлбұл боп ұшты. Ақ денем, асыл адал махаббатым бірте-бірте қорланып, жан-дүнием жылаумен болды. Тек қызметімде бәрін ұмытып, жақсы жұмыс істедім. Медицина күнінде бас дәрігерім Гуркина Нина Дмитриевна, аудандық газетке мені мақтап, суретіммен түсірді. Алғашқы еңбегімнің жемісі! Қ-к жұмыста ішіп, мас болып, бас редакторына қол жұмсапты. Жұмыстан шығарды. Мен де таяқ жеп жүргенмін, ажырасамын дедім. Тамыз айында мені Жаңашар ауылының 25 төсектік ауруханасына бас дәрігер болып бар, ол жерде үй дайын деді. Содан пәтерден әбден шаршағанбыз, келістім. Қ-к өлеңдетіп ант-су ішіп, кешірім сұрап, арақ ішпейтін болды. «Мұғалім болсам, арақ ішпеймін ғой, көшейік» деп жалынды. Балаларым жас, тағы сенім арттым. Жаңашардағы бас дәрігер Ғаниев деген ұйғыр, інісін үйге кіргізіп, біз көшеде қалдық. Екі күннен кейін поштаның бір жағын босатып берді. Сонымен жаңа жерде тұрдық. Мұнда түске дейін

емханадағы ауруларды қабылдаймын, ауруханадағы үлкендерді өзім емдеймін. Бас дәрігерлік міндетімді білгенімше орындадым. «Абат» құс фермасы еңбеккерлері, Жаңашар совхозы – барлық мекемелермен танысып, жоспарлап, халықтың денсаулығын қорғау, емдеу жұмыстарын абыроймен орындап жаттық.

**1971 жыл.** Бір жылдай Қ-к арақты жасырып ішіп жүрді. Бірге қонаққа барғанда ішпей, білдірмей жұтып жүрді. Мен, «араққа жолама, ант еттің, Құдайдан қорық» деп жалындым. Үй тірлігінде ешбір қол ұшын бермейді. Пеш жағамын, балаларды балабақшаға өзім апарамын, әкелемін. Жалақым жақсы, біраз киіндік, алғаш телевизор алдық. Көрпе, жастық алдық. Жерде жатамыз, төсек жоқ. Халық сыйлап, қазақтар қонаққа шақырады.

Менің Оразалы ағамның әйелі Розаның әке-шешесі Аватта тұрады екен. Бір күні ертеңмен жұмысқа келсем, аға-жеңгем есік алдында тұр, сөйтсем, жеңгейдің шешесі бізде ауырып жатыр екен. Ағайынды ағаларым менімен қатыспайды, білмейді екен. Содан ұйғыр құдалар бала-шағасымен келіп емделіп жүрді. Аурухананың тамақ істейтін асханасы жоқ. Абат құс фермасының басқармасына өтініш жазып, ауруханаға арнайы жеке асхана үйін салғыздым. Бұл совхозда бас мамандарға қыста бір жылқыны соғымға арзан бағамен береді екен. Бірінші рет біз де алып, жартысын Күләш әпкемнің отбасына бердік. Әпкем алыс ауылда тұрғандықтан, баллон-газ (құты) тапшылық, ай сайын мен «жедел жәрдеммен» Есікте де, Жаңашарда да газ жеткізіп жүрдім. Үнді шайын да анам үшін апарушы едім.

Бір күні Оразалының інісі Аманкелді іздеп келді. Заң мамандығында оқиды екен, үйленуге ақша сұрап келіпті. Тойды «Қазақстан» мейрамханасында жасамақшы, 300 сом бер деді. Бердік. Аманкелдінің үйленген қызы Гүлжазира Ақмола облысының Ерментау ауылынан, заң факультетін бітірген. Үлкен ағай Оразбек, әйелі татар, Кларамен қалада Грибоедов көшесінде жатақхана сияқты, бір бөлмеде тұратын. Алғаш солармен тұрды,

кейін бір бөлме жеке алды. Оразбек ағамыз жолаушы тасушы болып істейді. Оразалы, Аманбек бауырларым Жамбыл ауданында мал шаруашылығында істейді екен. Анасы Тазагүл Аманбекпен тұрады. Сөйтіп, жетім өскен біздер – алды оқу бітіріп үйленіп, аяқтанып, кейінгі Дәукен мен Дәулетқали заводта жұмыс істеп, сырттай оқуда екен. Есенжан атамның үлкен ұлы Оразхан, бұрын жазғанмын, менің әкем асыраған, фамилиясы Амантаев еді, ҚазПИ-ді бітірді. Анам, «Амантайдың керемет тері пальтосын, киімдерін, етіктерін сатып, оқуына жұмсадым. Бітірсе, оқуын бізге жәрдемдеседі ғой дем ойлағанмын. Олай болмады, Тарғапта мұғалім болып істейді, әуелі, шиеттей туған бауырларына қарамады, туған анасына да көмектеспеді, «шіріген жұмыртқадай» болды» деп айтатын.

Қазір менің есіме түсіп отыр, 1957-ші жылы мен Тарғапқа ағаны іздеп бардым. Пәтерде тұрады екен, таптым, ағадан ешбір мейірім көрмедім. «Осы үйде отыр, келемін» деп кетіп қалды. Жаз айы еді, кеш болды, келмеді. Содан үлкен жолға шығып, Қаскеленге бара жатқан жүк машинасының кабинасына отырып келдім. Ол кезде адамдар мейірімді екен, орыс кісі бір тиын алмай әкеп тастады. Содан бала көңілім қалған, ағамен мәңгі қоштастым. Ол да, мен де іздеген емеспін. Бауырларым жанашырлық танытпады, тек өзім бас дәрігер болған соң іздеп келіп жатты.

**1972 жыл.** 23 ақпан. Жаңашарда тұратын Танянын қант диабеті асқынып, қиналды. Мен жедел жәрдем беріп, жұмыс аяғы болғандықтан, аудандық ауруханаға телефон шалдым, қазір ауруды әкелемін деп. Аман-есен жеткіздім, тапсырдым. Өз балаларымды бас мейірбикеге балабақшадан алып, қарай тұруын өтіндім. Сол күні Қ-ке 200 сом беріп, пальто, шалбар-костюм ал дегенмін. Ол жаңа киімдерін жууға мектепке кіріп, мұғалімдермен арақ ішіп отырған. Мен келсем, Есіктен үйде ешкім жоқ, күн суық, дереу от жағып, балаларды әкелуім керек қой дегенде, Қ-к келді. Айқай, ұрыс басталды. «Сен екі кештің арасында неге Есікке бардың, неге

тамақ даяр емес, балалар қайда, мен білемін... т.б.» Сонымен, ұрысты қояр емес, бір уақытта:

– «Әкеңнің аузын с...м», – дегені. Мен:

– Әкемнің басқан ізінен садақа кет! Менің әкеме тіл тигізбе! – дедім. Ол:

– Ал, солай ма, қайтала? – деді. Қайталадым. Жұдырығымен сарт еткізді, содан оң көзімнің қабағынан қан ағып кетті! Сондағы оған айтқаным: «Е, Алла, әкемнің аруағы қолдап, енді сенен құтылатын болдым!» Қ-к тез есін жиғандай, аяғымды құшақтап, «кешір-кешір» дей берді. Екі қыз шырылдап, мамалап келіп еді, оларды жұлқылап, бөлмеге қамап тастады. Сол түні мені үйден шығармай қойды, таңға жуық, ауруханаға барып, тәжірибелі фельдшерді алғыздым, ол жарылған қабағымды тікті. Бір көзім ісіп кетті. Ажырасу үшін милициядан қағаз алып, медициналық тексерістен өтіп, аудандық сотқа арыз түсірдім.

**22-наурыз 1972 жыл.** Мен 30 жасқа толған күні сот ажыратты. Сот төрайымы екі қызға алимент төлеуге үкім шығарды. Сол кезде Қ-к: «Мен біреуіне ғана төлеймін, біздің некеге отырғанымыз 1967 жыл, 1965 жылы туылған қыз менікі емес», – деді. Жаным қиналды, әкесінің опасыздығына! Сотта: «Үлкен қызың өзіңнен аумайды ғой» дегенде, «онда тұрған не бар?» деді. Ғалиям жеті жаста еді, шыққан соң: «Мама, папам неге мені, «менің қызым емес» деді?» – деп сұрады. Ұялғаным-ай, титтей балапанымның көңіліне мұңқаяу салғаны-ай, опасыздың! Қ-к арақ ішіп, жұмыс істеп жетістірген емес. Мен алимент алғым келген жоқ.

Мен көп ойландым, толғандым. Достар оқу бітіріп, әрқайсысы әр жақта жүр. Бейбітшілік заманда балаларды әкесіз қалдыруға құқым бар ма? Жоқ! Өзім әкесіз жетім өстім, әлі күнге әкемді жоқтаймын. Он жыл достық, махаббат үшін күрестім. Оқуын алаңсыз бітірсін деп, екі жыл екі баламен жұмыс істедім. Оқуын бітірген соң, ақылына салар деп. Бірақ, жалқаулығынан, надандығынан, тексіздігінен, тәрбие көрмегендігінен, араққа әуестігінен, алған білімінен нәтиже болмады. Өзгермеді,

өзгергісі келмеді. Оқығаннан тоқығаны болмады. Журналист болып мақала жазып, өлең шығарып, кітап жазса құлдық қой! Түк түйсігі жоқ. Неге ажырастым? Негізі, арақ ішуді қоймайды. Ішсе, еліріп, көзі бадырайып, жын-шайтанға айналады. Бірде Шолпан екі жаста, ұйықтап жатқан, ол мастау, үлкен қара пышақты алып, балаға тақап, «өлтіріп, қанын ішкім келеді» дегені. Жаным шығып кете жаздады. Оны айналып, толғанып, пышағын алдым. Талай балтамен менің басымды шабамын деген, қанша қиналған күндер, түндер өтті ғой. Маған: «Шүйке бас, басы алтын әйелден, бақа басты еркек артық», біліп қой! Сені елдер қадірлейді, сыйлайды, партияға аламыз дейді, бәрібір менен артық емессің», – дейді. Ажырасқанда бір айдай менің бастықтарыма барып жамандап, қайта қосылуымызға көмектесуін сұрады. Мұғалімдерді, жолдастарын жинап, ант-су ішіп, соңғы рет кешіруді өтінді. Тіпті анам да жылағандай болып жалынды, «кешіргін» деді. Бәріне айтқаным: «Көп жыл бұдан көргенімді ешкімге айтпай, шыдадым. Енді балаларымды, өзімді мүгедек етуге құқым жоқ, сіздерге рахмет, мені кешіріңіздер! Өмір кімнің ақ, кімнің қара екенін көрсетер». Енем баласымен келіп, бар дүние, ыдыс-аяқты бөліп алды. Кетерінде енем: «Қыз бала ма, адыра қалсын! Менің баламның басқан ізі – бала», – деді. Мен: «Апа, енді немере бар деп келуші болмаңыз, фамилиясын өзіме жазамын!» – дедім.

**Осы жылдың басында түс көріппін.** Үлкен жүк машинасында анам, екі қызыммен отырмыз, көктем кезі екен. Қ-к дүкеннен темекі әкелемін деп кеткен, күттік, келмеді. Біраздан кейін машинамыз ұшақ болып ұшты, содан көкмайса жайлауға қонды, біз көңілдіміз, қыздарым жүгіріп ойнап жүр. Мен ойлаймын, сол кезде, «Қ-к темекіге бармай-ақ қойғанда, бірге ұшатын едік, енді жетуі қиын, екіталай».

Осы түс айнымай келді.

Мен облыстық денсаулық сақтау мекемесіне келіп, жұқпалы аурулар саласынан білімді арнайы жетілдіруді сұрап, өтініш еттім.

01.IV-30.VI 1972 жылы алғашқы мамандандыру кур-

сына Алматыға жіберді. Қыздарды анам қарады.

1972 жылы медицина күніне арналған Денсаулық сақтау министрінің салтанатты мәжілісіне Жаңашар ауылдық аурухана қызметі туралы сөйлеуге шақырды. Жақсы даярланып, сөйледім. Жұқпалы аурулар мамандығын (инфекционист) алып шықтым. Күзде Есікті қаласындағы жетім балалар үйінде ішек жұқпалы ауруының індеті шығып, көп балалар зардап шегеді. Нәтижесінде аудандық партия ұйымы ауданның бас дәрігері Гуркинаны орнынан босатады. Сонда ауданның бірінші хатшысы Алексеенко Любовь Алексеевна мен туралы әңгіме етеді. Ол – Зердебаева Қаскеленнің интернатында озат оқып, комсомолдық жолдамамен сауыншы болып істеп, тек дәрігер боламын деп еді, енді біздің ауданның белгілі дәрігері, бас дәрігерлікке жетіпті. Мен ауданның бас дәрігеріне ұсынар едім депті. Ол үлкен жиынға облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Исабеков Алимбатыр, тағы басқа мамандар қатысады. Содан бір күні мені, менің бастықтарыммен бірге Алматыға шақырды. Исабеков: «Іле ауданының Винсовхоз ауруханасының 25 төсектік жұқпалы ауруларды емдейтін бөлімшесінде маман дәрігер жоқ, оның бас дәрігері Күрті ауданына ауысқан, сондықтан Зердебаеваны бас дәрігер етіп ауыстырамын, ол жердегі бас дәрігердің үйін әзірлеп, жағдай жасаңдар», – деді. Мен қуана келістім.

Тағдыр деген... 01. IX. 1972 жылы көштік. Ғалияны бірінші сыныпқа апардым, анам төртеуіміз жеке үйде тұра бастадық. Ауруханадан жылу жүйесі келеді екен, себебі, іргелес үй екен. Алматының жүзім совхозының ауруханасы 75 төсектік, алып жатқан аумағы кең, алма бағы бар, заманына сай жеке емхана, зертхана, шаруашылық бөлімі, үш машина – УАЗ, ГАЗ-67, жүк машинасы бар. Халқы 14 мың, қосымша мал шаруашылығы бар. Жеңді түріп, міндетіме белсене кірісіп кеттім.

Бір күні облыстық сотқа шақырыпты. Барсам, Ғалияның әкесі «менің қызым емес» деп аудандық соттың шешімін жойғызыпты. Әкенің опасыздығы тағы алдымнан шықты. «Құдай жазасын берсін!» – дедім.

Аманкелдінің тұңғышы Әйгерім дүниеге келді. Жүгіріп перзентханаға бардым. Бауырым бір бөлмелі жатақханада тұрды. Демалыста жиілетіп біздің үйге келетін болды. Күләйша да жиі келіп жүрді. Күләш ұл туды. Аты Батырбек.

**21. IX. 1973 жыл.** Елімізде облыстық орта білімді медицина қызметкерлерінің бірінші съезі болды. Мен Іле ауданының халыққа алғашқы медициналық көмегі туралы сөз сөйледім. Бар ынтамен істеген еңбегім нәтижесін бере бастады. Аманкелді заңгердің дипломын алды. Адвокат болып жұмыс істеді. Анам тілеуімді тілеп, үйдің берекесі боп отыр. Шолпан балабақшаға барады, Ғалия беске оқиды, ақылды, кітап оқығанды жақсы көреді. Күйсандық әпердім, музыка мектебіне де барып жүр. Анам тауық, үйрек, қаз ұстап өсіріп, бақшаға қарайды. Алматыдан жиен ата – Жаппар келіп, бақшаға көмектесіп тұрады. Анама Жанысбай досым зейнеткерлік құжатын жөндеді, сонымен зейнетақысын алды. Күләштің тұңғышы – Ерланды анам өте жақсы көреді, сағынады. Біз асырайық дегенде, Қырықбай бермей қойды. Жазғы демалысында ылғи бізде болады.

## «ИІЛІП ЖҮРІП КӨРГЕН ИГІЛІКТЕН, ҚАРСЫЛАСЫП КӨРГЕН БЕЙНЕТ АРТЫҚ»

**1974 жыл.** Мінезім бұрынғыдан қатуланып бара ма, қалай? Ер адамға тән ерлік, бірмінезділік, қасқайып турасын айтып, ұсақ-түйекке мән бермеу, әйелдердің артық мінездерін жақтырмай, көбінесе ер адамдармен әңгімелескенді жақсы көремін. Аудандағы барлық бас дәрігерлермен достық қатынаста болдым. Біздің совхоздың басқармасы Түймебаев Мұхамеджан ағай екей руынан екен. Бала кезінен менің әкемді жақсы білетін боп шықты. Маған мінезің ұқсайды екен, ал Күләйшаның түрі әкесіне ұқсас дейтін. Бізді олар, біз олардың отбасын қонаққа шақырдық.

01.II-04.IV. 1974 жылы денсаулық сақтауды ұйым-

дастыру бойынша Алматының білімді жетілдіру институтында оқыдым. Сана-сезім, білімді жетілдіру қызметіңді мүлтіксіз орындау, әріптестеріңнен бір елі жоғары сезіну, медицинаның қыры мен сырын терең түсіну. Әсіресе, адами қасиетің артып, ауру жандарды мейіріммен қарау. Кеңес дәуірі, адамға – адам дос, жолдас деп қарағаны, Құран – мұсылманның сөзі екен ғой. Сондай қасиетті, адал жолмен жүру – менің негізгі мақсатым еді. Ол кезде мешіт жоқ, діни газет-журналды білмейміз. Анам бала кезінде діндар отбасында өскен. Атасының бауырлары Молдақұл, Майемер, Бейсеуді мұсылман дінін ұстағандары үшін үкімет жазалаған. Тіпті, Ленин «дін – апиын» деген. Сонда да, Құдайдың бар екенін сезінетінмін, талай жан-тән қиналғанда, Құдайға жалынып тілеу тілейтінмін. Анам ұйқыға жатарда оқитын дұғаны үйреткен. Мағынасын түсінбесем де, ұмытпай ес білгелі айтатыным: «Лә илаһа иллалаһ, Мұхаммед Рассулалаһ».

Ғалия қызымды екінші сыныпты 5-ке бітірген соң, «Ленинец» пионер лагеріне жібердім. Оларға ана туралы шығарма жаздырыпты. Енді мен сондағы жазғанын өзгеріссіз аударайын: «Менің мамам дәрігер болып істейді. Совхоздың барлық тұрғыны оны біледі. Мен анамды жақсы көремін, себебі кіші болсын, үлкен болсын – барлығы анасын жақсы көреді. Мамамның қолы жұмсақ, мейірімді, қайырымды. Осы қолымен адамды тәрбиелеп өсіріп жатыр, осы адамнан тағы адам өседі. Саған 7-і ме, 27-і ме, бәрібір, ана ылғи керек. Сөйтіп, адамның – анамның халқы өседі. Сондықтан да Ананы – Отан-Ана деген ғой. Үлкейгенде анама көмектесіп, үй шаруасын өзім атқарамын».

Лагерден қызымды алуға келгенде, тәрбиешісі осы шығармасын беріп: «Қызыңыз ақылды, болашағы зор екен», – деді. Балапаным, аман бол, менің өмірімнің жалғасы бол деп тебірендім.

Дәулетбақ бауырым іздеп келіп, «тәте, үйленемін, тойға киер костюм-шалбарым жоқ» деді. 200 сом

бердім. Тойлары Үңгіртастағы Бану келіннің әпкесі Шараның үйінде болды. Бану әпкесінің қолында оқыған, Дәукенмен бірге мектепті бітіріп, ЖенПИ-де оқыған екен. Қазір ойласам, Дәукеннің үлкен туған ағалары Ораз, Оразбек, Оразалы, Аманкелді – бәрі жұмыс істейді. Дәукен мен Бану да ағаларының жанында бір бөлмеде тұрып, жұмыс істеп жатты. Аманбек үйленген, анасымен совхоздың қойын бағады екен. Жас кезімнен кейін көрген емеспін. Көптен ауырып, нашарлаған соң Аманбекті облыстық ауруханаға жіберіпті, ести сала барып жайын білдім. Оның асқазандағы жарасынан қан кете бергеннен қаны азайған, гемоглабин 30 ғана, денсаулығы нашар екен. Содан облыстық денсаулық сақтау басқармасының меңгерушісі Исабековке бардым. Малшыларға көмекқамқорды білемін ғой. Бауырыма көмектесіңіз дедім. Ол кісіге мың да бір алғыс, жеке күтімге алғызып, бар мамандарды ұйымдастырып, бауырымды аяғына тік тұрғызды. Малшылар демекші, біздің совхоздың қой шаруашылығы үлкен. Әр ай сайын мал шаруашылығындағы отбасының тізімін тексеріп, денсаулықтарын қадағалап, кішкентай балаларды ерекше тіркеуге алып, қыс болса қыстауға, жаз болса жайлауға барып, медициналық көмек беріп тұрдық. Тіпті тазалық жағынан озат отбасының жарысын ұйымдастырып жүрдік. Ауылдық кеңеске депутат болғандықтан, жиындарында өзекті мәселелерді үзбей көтеретін едік. Механизаторлар, сауыншылар арасында түрлі аурулардан сақтану шараларын жүйелі жүргіздік.

Өз ұйымымда ынтымақ, достықты қалыптастырдым. Ұйымдағы әрбір адамның туған күнін біліп, уақтысында құттықтап, қуандырушы едім. Дәрігерлермен туған күнімізді бірге өткізуді әдетке айналдырдық. Ең алғаш мен үйге шақырдым. Сонда 10 сомнан жинап, әркімге керек затын алып беретінбіз. Алтын сақина, шәй кеселер сервисі, т.б. Сондағы алған ескерткіш сақиналарды әлі күнге дейін тағып жүрмін.

**1975 жыл.** Жан дүнием жалғыздықтан қиналады.

Қадір білер серік кездесуін армандаймын. Күйеулері бар әйелдер кеуделерін көтеріп кеміткісі келеді, бір жағы қызғанады. Бірде тойда, әйелдер даладағы әжетханаға бардық, байлаулы ит үрді, сөйтсе парторгтың (Әбікенов) әйелі: «Ит екеш, ит те бойдақ әйелге үреді» дейді. Ешкім үндеген жоқ, сонда маған тас лақтырғаны. Іштей көңілім құлазыды. 3-4 жігіт әйелдерінен ажырасқан, балалары бар, үйленуді қалады. Біраз айналдырды, бәрі жоғары білімді, басқа қалалардан, мен көнбедім. Қорықтым. Жігіттер ақылды, еңбекқор мамандар. Балалардың көз жасынан қорықтым. Сиыр сауғанда жұққан сарып ауруы созылмалы түрі болғандықтан, жылда 1-2 рет асқынып, мазамды алады. Өзім білетіндіктен, он күндей стрептомицин, бутадион, түрлі ағзаның күресу қабілетін күшейтетін дәрілер, витаминдер алып жұмыс істеп жүре беремін. Кейде айлап қызуым 37,2$^0$-37,4$^0$ болады, буындарым, әсіресе сол аяқтың тізеге дейінгі сүйегі қақсағанда, құрт жеп жатқандай қинайды. Бұл аурудан құтылу үшін жеңіл жұмыс, жақсы көңіл-күй керек. Ол мүмкін емес. Биыл мекеме жұмысынанауданда екінші орын алдық. Ұжымды теледизордан көрсетті. 10-маусым – Республиканың медицина күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйледім. 1975 жылдың 30-шы маусымында коммунист мүшесіне кандидат болдым. Ауданда құрғақшылық болып, аурухана қызметкерлеріне 30 тонна шөп даярлау міндеттелді. Шалғымен шөп шауып, жинап, машинаға тиеп өткізіп, жаз бойы совхоздың егістігінде жұмыс істеп, жоспарды орындадық.

Күләштар Жаңашар ауылына көшіп келген. Бес баласы бар. Күләйша қалада пәтер жалдап тұрады. Мерекелерді бауырларымыз біздің үйде өткізеді.

Қуатбек поэма жазып келіпті. «Оқысаң, бәрін түсінесің, кешіресің» дейді, барлық кінәні Жаныcбай досына артыпты. Таңғалдым. Естуімше, Қ-тің арақтан басқа ісі жоқ. Келіп, қыздарының туған күнін де құттықтаған емес. Азып-тозып, санасы тұманданып, құлдырауда екен. Ақылы болса еңбек етіп, жүріс-тұры-

сымен дәлелдемей ме! Не әйелі, не баласы жоқ...

**10. V. 1975 жыл.** Болгария мемлекетінің Варна қаласының «Алтын құм» курортына демалуға бардым. Қара теңіз жағалауы, суы таза, көкпеңбек, құмы майда, табиғаты тамаша. Тарихи жерлерін араладық, суретке түстік – Шейново алып ескерткіш, Чехославакиямен шекаралас жерде «Украина – освободителям» деген жердегі ескерткіш, тарихи шіркеулер, Альбина, Талбухин, Каверна, Лесной барак – тоғайдағы үйлер, т.б. Мен аяқ-қолымның ауруына зиян болмауын ескеріп, көбінесе құмды аяққа орап қыздырылдым. Сарып ауруының теңіз түбінде, құм астында қалуын тіледім.

Күләйшаға бір бөлмені босатып бердік, көшіп келген. Алматыға автобус жақсы жүреді. Совхозға жұмысқа тұрғызайын деп едім, қаламады. Жалғыз тұрып үйренгендіктен, қыздарымды, бізді жақтырмайды, ылғи тиісіп жүреді. Жұмыстан шаршап келемін, сүйектерім қақсап жатып қаламын. Күләйша маған «өтірік ауырасың» дейтін. Анам: «Қызым, Күләйша саған күндес болды» деп айтатын. Мен онда түсінбейді екенмін. Кигенімді де, жүргенімді де жақтырмайды. Келіп-кетіп жатқан дос-жарандарға күйінеді. Анам екеуміз бір бала асырап ал, жаныңа серік, көмекші болады деп талай түсіндірдік. Ешкімнің сұрауы жоқ нәрестені мен перзентханалардан тауып беремін дедім. Күләйша 36 жаста, ол: «Мен ешкімді асырағым, баққым келмейді, бағa алмаймын, керегі жоқ, маған ондайды айтпаңдар», – деп ашу шақырады.

Еңбегімнің беделі артқаны, алыс туыстарға жеткен екен. Жамбыл ауданынан рулас туыстар келіп, ауырғандары қаралып, емделіп жатты. Тіпті, Алматыда тұратын Жаманшал атаның баласы Жолдасбек, бәйбішесі Зақан, ұл-қыздарын тани бастадым. Олардың әпкесі Моншақ, ақсақалы молда екен. Рахима әпкем, әкемнің қарындасы бір ұл, екі қызымен қалада. Анам оларды жақсы білетіндіктен, қатынасып тұрдық.

Біздің ауылға Қарағандыдан көшіп келген Қайыржан, әйелі Тазагүл, Семейден келген Бақжамал, Ғаббас ретін

тауып жолдас болып кетті. Менің оларға көп көмегім тиді. Менен әлдеқайда пысық екен, 5-6 жылда Алматыдан үй алып, көшіп кетті. Ұжымымда бала дәрігерлері Нина Серафимовна Нагорная, Полянская Людмила Петровна, терапевт Вера Петровна Щербинина, әйелдер дәрігері Зәуре Жұмағалиқызы, Айгүл Есенқызы, бас мейірбике Таисия Тихоновна, Раиса Нагорная, т.б. көп жылдар түсінікпен бірлесіп жұмыс істедік. Осы жылы совхозға бас зоотехник болып Ғали Тельтаев келді, ол Күләш әпкеммен бірге оқыған, әйелі «Рефкүл де оқыған, дәрігерлікті бітірген. Бізде терапевт болып істеп жүрді. Келгеннен белсенділік танытты. Бірде совхоздың механизаторларымен кездесу өткізуге барғанымда, біреуі Рефкүл бас дәрігермін, күйеуім зоотехник деп еді» дейді, таңғалдым. Рефкүл жұмысшыларға еңбекке жарамсыз қағазды қалағанынша ұзартып, алғаш көргенім сөндірілген әкпен жазылғанды өшіріп, қалағанын жазып жүреді екен. Талай байқадым, орта және кіші буындағы қызметкерлерді айқайлап, жәбірлеп жатқанын. Мен ешқашан ашу шақырып сөйлемейтін едім.

**1976 жыл.** Облыс бойынша барлық белсенді бас дәрігерлерді медицина қызметкерлерінің мерекесіне байланысты Абай атамыздың жеріне, еліне, Жидебай жайлауына саяхатқа апарды. Ұлы Абайдың қасиетті жері, Еңлік-Кебек кесенесі тамаша әсер етті. Тоғызыншы бесжылдықтың қорытындысы бойынша үкімет «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапаттады. Ол менің ұжымым үшін үлкен құрмет еді. Қуандық. Анамның 60 жылдығына той жасап бердім. Сыныптас достарым Шәйбала, Жанысбай, бауырластарым, ауылдас жолдастар, туыстар қуанышымызды бөлісті. Анамның алғашқы тойы еді. Күләштар Жандосов совхозының мектебіне ауысты. Күләйша Жанайдар деген кісіге тұрмысқа шықты. Ол жүргізуші – адамдар тасиды екен. Екі бөлмелі, от жағатын үйі бар. «Жақсы болды» дедік.

Жаңақорған шипажайында емделдім. Суы шипалы, батпағы қасиетті екен. Сарып ауруына пайдалы. Күш-қуат алдым.

## СТАЛИНГРАД САПАРЫНАН
### немесе әкеме сыр

**1977 жыл.** Жазғы демалысымда үйде болсам, ауруханадан маза бермейді. Сондықтан, поезбен Закарпатье саяхатына кеттім. Онда Киев, Харьков, Львов, Севастополь, Херсон, Ужгород, Сталинград қалаларын көрдік. Сонда Прибалтикадағы кішігірім республикалар – Латвия, Литва, Эстония жерлерін араладық. Украинаның Киев қаласында болып, үлкен тарихи жерлерін көрдік. Таңғаларлығы, барлық қалада керемет шіркеулер сақталған. Әсіресе, менің мақсатым, Сталинградтағы Мамай қорғанын көру, әкемнің соңғы өмірі Ұлы Отан соғысында осы аймақта қаза тапқан. Қаралы әуен, жан-дүниеңді елжіретіп, қырғын болған жас боздақтардың арманы үзілген жер.

«Әкем, әкешім, әкетайым! Сағындым... Сенсіз өткен бақытсыз балалық, жастық шағым, жетімдіктен жәутеңдеп өткен айлар, жылдар...» – деп көзіме жас алдым.

Бірақ, әке рухын сездім! Жан-дүнием егіліп жылады. «Әке, сенің жалғасың, ұрпағың – қызың іздеп келді! Риза бол, әкетайым! Өзіңнің фамилияң – Зердебаев, Амантай атыңа кір келтірмей еңбек етудемін! Аруағың қолдасын, әке, тағдырым қиындау. Шүберекке бір уыс топырақты түйіп алып қайттым! Қош! Әке, мен қызбын, жолым жіңішке. Ауруханада жылыту қазан істемесе, машиналардың қосалқы темірлері бұзылса іздеп табуға оның қаражаты болмаса, өз ақшанды беруге де тура келеді. Бірде «Москвич» машинасының алдыңғы әйнегіне тас тиіп, сынды. Күн суық, жүруге болмайды. Жарты күн отырып, он әйелдің жатырдағы бір-екі айлық балаларын алып, содан түскен ақшаға машинаның әйнегін алғыздым. Қандай қауіпті шаруа.

Жексенбі күні кезекші фельдшер мені шақыртты, барсам, қарт кемпірдің сол қолын ит қауып, терісін жалбыратып тастапты. Тездетіп, білетіндіктен, өзім тіктім. Бір жетіде мені іздеп келіпті, кемпір көңілді, жазылып кетіпті. Өзім тіккен жіпті алып тастадым. Әке,

мен ана болып балаларымды дұрыс тәрбиелеп, қамқор бола алмаймын. Әйел болып сенерім, арқа сүйер адам жоқ. Неге тағдырым қатал? Заман – кеңес өкіметі, коммунист болдым. Жас болсаң да басқа еркекпен ойнап-күлуге болмайды. Жексенбі, мереке күндер мен үшін қиын. Түнде жылап-жылап аламын...»

Қызым Ғалия есті, ақылды. Он екі жаста, оқуын, музыкасын беске оқиды. Үйді тазалау, жуу жағынан апасына көмектесіп, зыр жүгіріп істейді. Жұмыстан келгенде алдымнан жүгіріп шығып, қас-қабағыма қарап, үлкен кісіше қамқор болады. Алтыным-ау, кішкентай болып сүйеніштім еді. Анасының жанында отырып, тігін қол мәшинесінде анау-мынау тігіп жүрді. Кітап оқуға құмар. Күйсандықта менің айтатын әндерімді ойнайды. Әрбір мерекеде үйге келген туыстарға Шолпан екеуі бағдарлама жасап, концерт қоятын әдеттері бар. Бәріміз мәз-майрам болатынбыз. Әкенің жоқтығын білдірмей жақсы киімдерді кигізіп, Алматының тарихи жерлерін аралатып, жануарлар бағына апарып, қайықта жүргізіп, цирк, театрларға апарып тұрдым. Жазғы демалыста Күләштың балалары Ерлан, Нұрлан, Салтанат, Айбек – бәрі біздің үйде, қаланы аралатып жүретін едім. Сөйтіп, өмір өтіп жатты.

* * *

**1978 жыл.** Қазақстанның денсаулық сақтау министрі Шарманов Төрекелді өте білімді, ақылды маман; облыста денсаулық сақтаудың меңгерушісі Исабеков Алимбатыр әділ де талапшыл, ұлтжанды кісі. Барлық аудан-бөлімшелердің бас дәрігерлері, көбісі қазақтар. Халыққа қызмет ету сапасы артып, медицина қызметкерлерінің мәртебесі жоғарылауда еді. Соның нәтижесінде, дүниежүзілік, халықаралық медициналық Форум өтті. 145 мемлекеттен келген қатысушылар облыстың көптеген мекемелерінде, фельдшер-акушерлік, «жедел жәрдем» көмегі, ауыл-аймақтағы ауылшаруашылығында істейтін халыққа қалай көмек ететінін көзбен көрді, танысты. Биыл он күндік саяхатқа Ленинградқа бардым. Тамаша қала екен. Петродворец, Екатеринбург,

Павлов сарайы, мемлекеттік эрмитаж, 370 көтерілмелі көпірлер, Нева өзені, т.б. ғажап көріністер.

Москваның білімді жетілдіру институтына екі айға жұқпалы аурулар кафедрасына кеттім. Сол жылы қақаған суық, қараша-желтоқсан айында оқыдым. Москва маған ұнамады. Көбінесе метромен жүрдік. Бір бөлмеде тоғыз-он дәрігер тұрамыз. Біздің елдегідей емес, дүкен толы тамақ, еттің әр түрі, көкөніс, жеміс-жидек қысы-жазы үзілмейді екен. Мавзолейдегі Ленин, Сталинді көрдік. Съезд сарайын, Останкино, Третьяков галлереясын, үлкен және кіші театрларына бардық. Москвада суық тиіп, сарып ауруым қозып, емделіп жүріп оқыдым. Москвада $30^0$ суық, Алматыға келсем, $14^0$ жылы. Ғалиям хат жазып, өлеңдер арнап хабарласып тұрды. Қызымның ақындығы бар еді. Анам Жаппар атадан намаз үйреніп, 60 жасынан намазға жығылды! Анашым, намазың, тілегің қабыл болсын!

**Аздап саяси-әлеуметтік жағдай туралы.** Біздің Қазақстан – Қазақ Советтік Социалистік Республикасы болып саналады. 1926-шы жылдан Алматы астана. Мемлекеттік тіл – орыс тілі. Қазақ мектептері өте аз, Алматыда екі-ақ мектеп, қалғаны орысша. Орысша білмесең, білімді бола алмайсың, жауапты қызметте істей алмайсың. Алматы облысының бірінші хатшысы Асанбай Асқаров, мемлекет басшысы Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы. Менің оқитыным кәсіби журнал-газеттер, облыстың «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттері, «Человек и Закон» журналы. Медициналық энциклопедияны жылда жазғызып алудамын. Өзім қазақ мектебін бітіріп, désинститутта қиналып оқығандықтан, қыздарымды орысша мектепке бердім. Тұрған Ащыбұлақ ауылында бір ғана орыс мектебі бар. Үйде бәріміз қазақша сөйлесеміз. Орыс мектебінде оқыған бала, бар сана-сезімі орысша қалыптасады, себебі, қазақ халқы көшпелі мәдениетті, тарихы болмаған барлық мәдениетті Кеңес өкіметі әкелген, үйреткен деп оқытады екен. Қазақ тарихы, әдебиеті оқытылмайды.

**1979 жыл.** Биыл Ғалия Ригаға, Қара теңіз жағалауындағы «Артекке» барды, тез есейді.

Аурухананың күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді. Жылыту жүйесіне керекті темір-терсегін іздеп, облыстық атқару комитеті бастығының орынбасары Сырғабекова Роза Нығметқызына барып, көмек алдым. Сырлауға керек бояуларды табу үшін, совхоз маманы Алматыдағы сауда саласының құрылыс бөлімінде істейтін біздің тұрғын Болатбекке жіберді. Ол кісі мені сырттан жақсы біледі екен. Отбасы үлкен, бәрі бізде емделеді, сондықтан көмектесемін деді. Сөйтіп, аурухананың жөндеу жұмысы сәтті аяқталды, тіпті сыртқы қоршауына дейін ақтап-сырлап алдық. Содан Болатбек бір кеште ақ-көк сырын алып үйге келді. Шай беріп, ризашылығымды айтып, шығарып салдым. Ер адамның қамқорын, мейірімін осы кісіден көре бастадым. Тіпті, жәй кісіге сатылмайтын құнды, сәнді кесе, табақ, люстра – бәрін ақшама әкеп тұрды. Дүкенде сирек кездесетін шұжық, қазы, ет керек болса, ақшасын айтып, әкеп береді. Тас боп қалған жүрегім жібіп, дос болдық.

05. XI. Шолпан: «Сынып жетекшіміз барлығын циркке апарады, барайын», – деді. Мен: «Қызым, жазда көрген циркің ғой, бармай-ақ қойшы», – деп жұмысқа кеттім. Кешке келсем, Шолпан көкпеңбек болып кеткен, қаладан ауырып келіпті. Автобусты көп күтіп, қатты тоңған. Тыңдап көрсем, жүрегінде үлкен өзгеріс бар, сенер-сенбесімді білмей, бала дәрігерін шақырдым. Сонымен, Шолпанда өте өткір ревматизм, жүректің қалқандары қабынған. Дереу ауруханаға жатқызып, ем бастадық. Бір ай емделді, облыстық балалар ауруханасында бір ай, олар преднизолонмен емдеп, ісініп, беті бөртіп кетті. Алматының балалар ауруларын зерттеу институтының орынбасарына жолығып, сонда емдеуге жатқыздым. Дәрігер Болат Хабижанұлы емдеді, екі айда жазылды. Сол кезде білімді, өз ісіне, бала тағдырына жауапкершілігі күшті, керемет дәрігер бар еді. Мың да бір алғыс! Шолпан мінезі жеңілтек, жалқау қыз, әкесіне көп ұқсайды. Тәрбиеге көнгісі

келмейді. «Ғалияны тыңда, айтқанын орындасаң, жақсы адам боласың», – деймін ылғи.

Дәукен бауырымның Айдар деген ұлы бар еді, келін босанып екінші ұл туды. «Қалжасы болсын, бір қой тауып беріңіз», – деді, бердім. Аманкелді мен Дәукенді жақсы көремін. Жатақханада тұрады, бауырларым дұрыс үйлі болса деп тілеуші едім.

Дәукеннің 23. VIII. 1979 жылы 30 жасқа толғанына жақсы шай сервисін апардым. Күләйша 40 жасқа толғанына Ленинградқа он күндік саяхатқа жолдама сыйладым. Күләш әпкемнің 40 жасқа толғанына алтын сырға таққанмын.

Біздің совхоздың басқармасы Түймебаев Мұхамеджан өкпе обыр ауруынан бір ай ғана ауырып, қайтыс болды.

Еңбекке жарамсыз қағаз алған кісілердің құжаттарын тексеріп отырғанда, дәрігер Рефкүл үш жүргізуші болып істейтін күрдтің жігіттеріне бір күннен бірдей басталған «бел құяңы» деп бір айдан артық уақытқа созып қоюды сұрапты. Олар совхоздың бөлімшесінде тұрады екен, үйлеріне іздеп барсам, олардың әйелдері, «үйде жоқ, алысқа кеткен» деді. Ертеңінде Рефкүл жұмысқа шықпай, қаланың № 5 ауруханасына жатып қалды. Біраз уақыттан соң еңгезердей үш жігіт менің бөлмеме келіп, сес көрсетті. Мен олардан еңбекке жарамсыз қағаздарын беріңіздер десем, анау жынды Рефкүл дәрігеріңіз жыртып тастады деді. Рефкүл сол кеткеннен келген жоқ, ауданның бас дәрігері М.А. Бунин оны өз еркімен жұмыстан шығарып жіберіпті. Менен бұл қалай деп сұраған да жоқ. Ауыл милициясы Мирза Ахмедов маған қорған болды. Қызметіне адал, ақыл-парасатты жігіт еді.

Буниннің ұлы мединститутта оқып жүріп үйленген екен, жағдайы қиын болып, әкесіне ажырасқысы келетінін айтса, мақұлдамапты. Содан ұлы буынып қайтыс болды. Әкесі қатты қайғырды. Көп ұзамай Бунин қатты ауырып қалды деп естідік. Тіпті, Москвадан маман шақыртып, Исабеков ағай қамқор болды.

Естуімізше, мида қатты күйзелістен үлкен өзгеріс болған, тек айқайлап, баласына «қазір келемін» деумен болыпты. Бір аптада бақи болды, ол 49 жаста еді.

Бұрын жазғандай, Қордай ауданына барып, әкем туралы естелік материалдар жинап қайттым.

## ҒАЛИЯШЫМ, ҒАЛИЯШЫМ-АЙ!
## Жан даусым жетер ме екен құлағыңа-ай!

**1980 жыл.** Біз мектепті бітіргенімізге 20 жыл болғандықтан, мен сыныптастарды іздеп, жолығып кездесуді жоспарладық. Мектеп директоры Мария апайға жолығып, бізді оқытқан мұғалімдер Рахметолла, Исаев, Қоңқашбаев, Асқаровтарды кездесуге шақырдық. Жанысбай екеуміз жоспар жасап, сыйлықтар алып, мейрамханада дастархан жасадық. Мен келемін деген 20 оқушының еңбек жолына тоқтап баяндама жасадым. Жоғарғы білім алғандар, қанша балалы болғанымызды еңбекте жеткен табыстарды көрсеттім. Кездесуге 11 – Жанысбай, Шәйбала, Өзипа, Әсия, Света, Жолдыбике, Биғайша, Рая, Қасымбек, Әділ келді. Сонымен ұстаздар алдындағы парызымызды өтеп қуанып қалдық. Бәріміз суретке түстік, әуе толқынында хабар ұйымдастырдық.

Аудандық атқару комитетінен облысқа бір дәрігер депутаттыққа ұсыну мүмкіндігін біздің ұжымға берді, қуандық. Мен көптен жұмысын жақсы істейтін балалар дәрігері Полянскаяны ұйғардым. Мені ауданның екінші хатшысы Гусятников бөлмесіне шақырып алып, дөрекі мінезбен, «біздің айтқан адамды өткізесіз» деді. Мен әділеттілікпен ұжым шешеді ғой дегенде, «сен білмейсің бе, партия орталықтан басқарылады, біліп қой, орындаңыз» деді. Сонымен, партия ереже, бағдарламамен басқарылады екен. Әділетпен әр нәрсе шешіледі деп ойлағаным қате екен. Жиналысқа ауданнан өкіл келіп, қадағалап отырып, екіжүзді, жылпос терапевт Щербинаны облыстық депутаттыққа ұсын-

дық. Ол – ол ма, менің қайсар мінезімді байқаған аудан, орнымнан алуды да армандаған екен. Мен туралы сыбыс шыққан соң, тапсырмалар берілген. Б-ктің әйелі жеңгесі екеуін шақырып арыз жазғызып, ауылдық атқару комитеті тексерді, «коммунистке жат қылық, өз еркіңмен арыз жазып, бас дәрігерліктен кет» деді. Ойпырмай, сол кездерде бір дос адамдармен ақылдаспай, ұялғанымнан бар қайғы-қасіретті өзім көтеріп, жұмысты Щербининаға тапсырдым.

Ғалиям соңғы екі жылда бойжеткендей толып, екі өрім ұзын шашын өріп, ақылды, саналы қыз болды. Барлық сабағын беске оқып, музыка мектебін де жақсы бітірді. Түрлі тақырыптарға, табиғат мезгілдеріне, мереке күндерге арнап тақпақ-өлеңдер жазып жүрді. Маған ылғи оқиды, мен қуанып қолдап, мақтап қоятынмын. Менің басыма түскен ауыртпалықты түсініп, балалық сезіммен аялаушы еді. 9-Мамыр – Жеңіс күніне «Жетісу» газетінде әкемнің суретімен «Әкеден қалған асыл мұра» деген көлемді мақала шықты. Ғалия Ұлы Отан соғысына қатысқан аталарына арнап өлең жазған, оны совхоздың салтанатты жиынында жігерлене оқыды. Ескерткішке қашап атың жазылды, Сталинградтан әкелген бір уыс топырақты анам құран оқып қойдық. Әкем, риза бол, қызың мен немерең Ғалия рухыңа тағзым етуде!

Менің таңғалатыным, екі әпкем және бауырларым Құдайды мойындамайды, тіпті рухқа сенбейді. Мүмкін болса Ғалияның қабілетін аша беру, көмектесу үшін Абай, Жамбылдың өлең кітаптарын алып бердім. «Артектен» келгелі өзін түсінетін ақылды дос қыздары көп болды. Кеңес елінің әр түкпірінен хаттар келіп жататын. Сырласып, достарымен хабарласып тұратын. Менің татар досым Риммамен Уфа, Қазан қалаларына Ғалия екеуміз барып қайттық. Балқаш қаласына апарып, руда, кен шығатын жерді көрді, Балқаш көліне түсті Ғалиям. Қаншама үздік оқығанмен, Одақ бойында «Артекке» бару қиын еді. Облыстық халыққа білім беру басқармасында қызмет істейтін Сейділдаға барып, «Қызым-

ды «Артекке» жіберуге көмектес, бұл менің аналық өтінішім», – дедім. Мың да бір алғыс, досым Сейділдаға! Сонда айтқаны: «Мектептегі ең озат, әдепті қыз едің, қолымыз жетпеді. «Ұлғайшаның обалына қалып, тағдырын қиындатқан сен, Қуатбек!» деп кездескенде айттым. Енді азып-тозып жүр. Сен өмірдегі орныңды таптың. Абыройлы, адал қызмет етудесің, Ұлғайша. Зердебаева едің, зерделі азаматтың еңбегін істеп жүрсің», – дейді. Сейділда Қуанышкүлмен екі ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр.

Б-ктің Одақ бойынша түрлі саяхаттарға жолдама алуы оңай сияқты.

08.VII. 1980 жыл. Волга өзенімен кемемен көп қалаларды аралатады, Симферополь қаласына дейін ұшақпен барады, Ғалияны жіберейік деді. Мен «өз қызыңды жібермейсің бе?» деп едім, «Олар орысша білмейді, қорқады алысқа баруға» деді. Ғалияға айтып едік, қуанып «барамын» деді. Кеңес Одағында алғаш рет Москвада Олимпиада өткізуге даярланып жатқан. АҚШ, жалпы Европа елдері «Қызыл империя» деп жек көретін. Социалистік жүйе күшеюде, сондықтан мүмкін болса зияндық жасауға тырысады. Бізде сөзбен бәрі дұрыс, ештеңе ашық айтылмайды. 15 республика Одақ құрайды, барлығы еркімен біріккен, өз мәселелерін өздері шешеді делінген Заңда. Негізінде, бәрін тек қана Москва шешкен: барлық республикада мемлекеттік тіл – орыс тілі. Саясат – темір тәртіп. Негізінде демократия туралы әңгіме болмайды.

Биыл көңіл-күйім құлазып, жүйкем шаршап жүрген едім. 29.VI – 08.VII Ыстықкөлге жолдама кездесті. Ғалияма айтып, оны жолға даярлап, бәріне ұқыпты болуын тапсырып, 28-ші маусымда екеуміз сырласып бірге құшақтасып ұйықтадық. Таңғы сағат 7-00-де кетейін деп тұрғанда, Ғалиям оянып, бір-бірімізге сәтті сапар тілеп, қоштастық. Ештеңе сезген жоқпын, екеуміз де сабырлы болдық. Ғалия мен үшін үлкен бойжеткен қыздай, әбден сенімді едім. Кеттім. 7-шілденің түнінде ұйықтай алмадым. Түс көріппін: менің бас дәрігерлік

бөлмемдегі үлкен үстелде, өте дәу қара дене, терісі күйілгендей, басы есік жаққа қараған, ауру адам жатыр екен. Есіктен кірсем, жанында дәрігер Щербинина, бұның ауруына себепкер – қатысы бар Ұлғайша Амантаеваның дегендей сөз айтады. Мен көзімнің астымен қарап, ішімнен ойлаймын, «менің қандай қатысым бар, танымаймын ғой» деп, орындығыма отыруға өтіп барамын. Ояндым. Анық көрген түс. Бірден көңіліме келгені, ауруханада жайсыз жағдай болған ғой деп ойладым. Ыстықкөлден ұшақпен бір сағат ұшып Алматыға келдім. Күләйшаның жұмысына телефон шалып, Ғалияны шығарып салғанын білейін дедім. Орыс әйелі «Күләйша сіздің үйде, бақытсыздық болды» деді. Не ойларымды білмей, Шолпан тентек еді, бір жерін сындырып алды ма екен деген ой келді. Дірілдеп, аяқ-қолдарым әлсізденді, машина жалдап келе жатып, жүргізушіден:

– Мен қазір келдім, тезірек жүріңізші, үйде бір нәрсе болды дейді, – дедім. Сонда ол:

– Білмейсіз бе, ұшақ құлап, жанып кетті, – дегенде:

– Қашан, қай ұшақ, не дейсіз?! – деп сандырақтап қалдым, бірден Ғалия есіме түскенде, белден төмен қарай жансызданып, зәр кеткенін ғана білдім. Үйге келгенде машинадан түсе алмадым, Аманкелді есікті ашып, қолымнан тартқанда жерге сүйретілдім, ол көтеріп апара жатты, одан ары не болғанын білмеймін.

Есік алдында төсекте жатырмын, дәрігерлер инемен дәрілер егіп жатыр екен, кешке есім кіргенде, алғаш айтқаным: «шашы қайда?» Ешқандай көзден жас шықпады, жылаған да ешкім жоқ. Екі қолтығымнан сүйемелдеп үйге кіргізді. Ғалия жоқ, ештеңе жоқ! Суретін көргенде ғана ағыл-тегіл жыладым. Жанымда кім бар, кім не айтты, ештеңе білмеймін. Кеудем жансыз.

Жырақта өшіп қалған шырағым-ай,
Жан даусым жетер ме екен құлағыңа-ай!
Мені алмай, сені алған ажалда да,
Көз жоқ екен, өрт алған құрағым-ай!
Қай жерде қалдың, асылым,

Жүрегімді жандырдың,
Өзегімді күйдірдің,
Тас емшекті идірдің.
Алыста қалған ананның,
Сүйретілген сүлдерін,
Шырағым, кімге қалдырдың?
Сәулеңді шашпай жалғанға,
Кеттің ғой, ботам, арманда.
Табармын қайдан іздесем,
Тәңір-ау, қалай жүздесем?
Баратын саған жол қайда,
Кірсем де көрге болмай ма?
Қақырап түсті-ау қабырғам,
Қиылды-ау қыршын балдырған-ай...

Ғалиям ұшқан ұшақ «ТУ-154», сондағы 168 адамның – 40-ы оқушылар, «Артекке» бара жатқан, қалғаны саяхат сапар, Қырымда демалатын ауқатты отбасылар екен. Ұшақ жаңа – төртінші рет аспанға көтерілуі, ұшқыш тәжірибелі, еңбегі сіңген ұшқыш. 08. VII. 1980 жылы 24 сағат 45 минутта ұшып, көтеріле сала хабарлаған: жүк тиелген жерде қауіп бар, қайта қонуға рұқсат сұраған, сол кезде ұшқыш тұрғын үй жоқ сайға бұрып үлгергенде, ұшақ қақ бөлініп жерге түскен. Бензин толы ұшақ жанып біткенше, ешкім жақындай алмаған. 168 адамның қалған сүйектерін жинап, Москваның өлік өртейтін пешіне (крематорияға) жіберген. Ол жерден күлді бөліп, әйнек ыдысқа салып – Зердебаева Ғалия 15.01.1965 жылғы делінген, әйнек ыдысты сырланған ағаш сауытқа салған. Бір демалыстан кейін ағаш табытты әскер адамдары әкеп тапсырды. Жаппар атам діндар кісі ғой, мені шақырып, табытты ашқанда, сауытты және бір дорба топырақ ақ матамен жабылғанды көрдім. Дұға оқыды. Мен Алматының Кеңсайына қоямыз дедім. Ауылдық атқару комитеті, мектеп, совхоз адамдары түгел қатысып, автобустар ұйымдастырған – бәріміз Кеңсайға апарып қойдық. Туған-туыс өлімде бірігеді екен, Есенжановтар бас-аяғында бірге болды. Есімде, Оразалы бауырым «бәйтерегіміздің бір жапы-

рағы ұшып түсті» дегені. Бәрі кетті. Аңырап анам, Шолпан үшеуміз қалдық.

Кейін естідім, дәл 8-ші шілдеде таңертең Би-Би-Си радиосы: «Кеңес Одағының олимпиадасының алғашқы оты – шырағы Қазақстанның астанасы Алматыда 168 адамның жаны құрбан болуымен басталды» депті. Менің ботам, шырағым, Ғалиям Отан үшін бақилық болды. Иманың серік, жаның жәннатта болғай! Алланың жазуы солай!

Жастайымнан мен үшін жеңіл өмір болған жоқ. Енді Ғалиям құлпырып өсіп, кемеліне толып, бар үмітімді ақтайтын қызым еді. Менің сорлы маңдайыма сыймады. Алла маған қимады, фәни дүниенің зұлымдығын көрмесін деп, Аллам алып кетті. Мен кінәлімін, мені Құдай жазалап жатыр, артын қайырлы ете көр! Кешір мені!

Туған әпкем Күләйша отбасы, туыстарға сол қаралы күндері, «Ұлғайша өзі кінәлі, күнә жасап, қызынан айырылды» деп айтыпты. Сөйтіп досқа күлкі, дұшпанға таба болдым. Алланың құдіретінде шек жоқ, тағдыр біреуді ерте, біреуді кеш алады. Тағдыр демекші, 1979 жылғы тұмау (грипп) індетінде Денсаулық сақтау министрі Төрегелді Шармановтың бойжеткен қызы тұмаудың асқынғанынан бақи болды. Адам әр нәрседен себеп іздейміз, кінәлі деп айыптаймыз. Бір кісі апатқа ұшыраған ұшаққа баласын Ұзынағаштан әкеле жатқанда, жолда машинасы сынып, ұшаққа отыруға үлгермепті, баласы қапаланып жылағанда, көз жасы көл болыпты. Іле-шала сол ұшақ жаныш құлағанда, баласының аман қалғанына тәуба еткен! Баласының талқаны таусылмаған деген осы.

Әркімнің бір дұшпаны бар дегендей, Алимбатыр Исабековтың соңына көптен түсіп жүрген Сырғабекова жұмысынан алғызып тынады. Орнына Баспақов Абайды қояды, ол екі жыл облыстық аурухананың бас дәрігері еді. Қызым Ғалияның 40 күндігіне, аудандағы бас дәрігерлерді, облыстағы өзім білетін бас мамандарын шақырдым. Ғалияның мұғалімдері, сыныптастарын туған күніне еске алу кешін ұйымдастырдым. Онда

«Артектегі» достарының жүрекжарды лебіздері, естелік-хаттарын оқытып, рухын асқақтаттым. Сонда төртінші сыныпқа дейін оқытқан ұстазы Ольга Освалдовна тебірене сөйледі. Ғалия түсіне кіріпті: көңілді, әдемі, бір сұлу бұйра шаш жігітпен билеп жүр, маған бұрылып, «мамам біздің үйге шақырғанда келіңіз» депті. Ғалияның суреттерінен фотомонтаж жасап, айтылған, оқылған естеліктерді магнитафонға жазғыздым. Әріптесім Мария Ивановна, менің әкемді түсінде көріпті. «Сіз Ғалияның қайғысынан төсекте жатырсыз, жаныңызда әкеңіз жылап отыр, «қызым қатты қиналды-ау деп» дейді. Соны естігенде, «Әкемнің рухы қолдап, шырылдап жүр екен-ау» дедім.

**Түс.** 1980 жыл қыркүйек, ұшақта ұшып барамын. 10-қазанда үлкен салтанатты мәжілісте бір құшақ гүлмен, Қонаев патшаның жанында отырмын. Алла қолдайды екен. Ауылда таныстар кездесіп, «қал қалай?» десе, екі көзім жасқа толады. Содан достарым, «министрге барып, басқа жерге қызметке ауыстыруын сұра» деді. Бардым. Шарманов жақсы қарсы алды. Мамандар бөлімінің меңгерушісі Қонақбаевқа тапсырма берді. Алғысымды айтып кеттім. Бір айдай уақыт өткен, бас дәрігер Кеңес Оқасов Қонақбаевтың жерлесі екен, мен туралы сұрапты, сөйтсе, ол: «Баспақовқа министрдің өтінішін айтып едім, ол «ой, Зердебаеваны аудандық партия ұйымы сөгіспен, орнынан алған, оны ешқайда ауыстырмаймын» деді»...

Мұндай опасыздықты күтпеп ем, қызымнан айырылып, қайғыда жүргенде, «жығылғанға жұдырық». Әбден зарландым. Жолым жабық. Бірнеше рет достарым Шармановқа қайта барып, Баспақовтың өтірік айтқанын айт, айтпесе, жағдайыңды ешкім түсінбейді деді. Ұялдым. Бардым. Төрекелді Шарманов селқос қабылдады. Мен:

– Жұмыс керегі жоқ, тек бас дәрігерліктен өз еркіммен арызбен шықтым, тексеріңіз, – дедім. Менің көзімше Қонақбаевқа звондап, «біз бастықтарға сеніп, Зердебаеваның алдында ұятқа қалдық қой» деп телефонды қойды.

Ауырып, жүрегімді емдетіп, ауруханада жатыр едім, досым Кеңес келіпті. Үш күн болды, Баспақов орнынан алынды. «Ремизовка шипажайына интернатурада оқитын қызды апарып, арақ ішіп, мас, саяжайдың бастығы Баспақовтың апарған қызын басынан шөлмекпен ұрып, ол естен танып, қанын тоқтата алмай, «жедел жәрдем» шақырып, ауруханаға әкетіпті. Қыз есін жиған соң, кім ұрды деген соң, бәрін айтып беріпті. Ол қыз – еврейка, әкесі заңгер екен, бірден облыстық партия комитетіне звондаған. Тез бюро шақыртып, Баспақовты орнынан алып, шипажайдың бас дәрігерін қамауға алыпты. Содан Кеңес, Баспақовтың халін білейін деп үйіне барса, жұбайымен араз, жылағандай боп: «Зердебаеваның көз жасына қалып едім, ол жібермейді екен. Мен кінәлімін, енді менің жолым жабылды», – депті.

**1981 жыл.** 20 қаңтар күні облыстық денсаулық сақтау басқармасына шақырып, Қаскелең қаласында орналасқан облыстың жұқпалы ауру емдейтін ауруханасына бас дәрігерлікке жіберді. Оның бас дәрігері жұмысын істей алмай қашып кеткеніне екі ай болыпты. Бас дәрігердің үйі бос. Қыста аурухананың жылу жүйесі істемей тұр. Тездетіп барып, бар жұмысты қолға алыңыз деді. Тәуекел еттім. Барсам, ауруханада жалғыз жүк таситын бір машина ғана істейді, УАЗ жөндеуде, бос үй деген құлыпта, жарты жыл бұрын бас дәрігер Жұбашов Болат Алматыдағы облыстық аурухананың бас дәрігерлігіне ауысқан, үйді босатпаймын, Кегендегі інімді көшіріп әкелемін депті. Сонымен сорлап, маған Алматы жүзім совхозынан күнде қатысып жұмыс істеуге тура келді. Алматының шетіне дейін Б-к машинасымен әкеледі, одан ары ГАЗ-51-ге отырып жұмысқа келемін. Жұбашов менімен алты жыл курстас болған, танимыз. Баспақовтың орнына Дайырбеков келді. Оған жағдайымды айтып едім: «Бұрынғы үйді сұрамай-ақ қойыңыз, Қаскеленнің аудандық атқару комитетіне басқа пәтер берңіздер деп хат жазамын» деді. Ойпырмай, әріптестерімнің қатыгездік танытқанына қайран қалдым.

16. III. 1981 жыл, түсім. Д.Қонаев (патша) менің үйіме қонаққа келіпті. 16. IV дәрігерлік білімімді жоғарғы санатқа тапсырдым. Қуандым.

29. IV, түсім. Мен жаңа тон, етік киіп жүрмін. (Орындалды 1984 жыл).

Дәукеннің ұсынысымен Нұргелді деген жігіт Ғалияға бейнесін салып, ескерткіш тұрғызбақ болдық. Демалыс сайын зират басын жөндедік. 27-ші маусымда бітті. 05-ші шілдеде Ғалияның асын бердік. 400 адамдай болды. мен қатты ауырып, ауруханада емделдім. Аяқ ауруына жүрек, тамыр аурулары қосылды.

24-ші тамызда анамның туған күнін тойладық. Жанымда қуат, тірек болған анама ризашылығым шексіз. Қазан айында Қаскеленнің атқару комитеті бос тұрған Жұбашовтың үйіне кіруге бұйрық шығарды. Кірдік. Бұл үлкен кірпіш үйдің арғы бетінде бір бөлмеде аудандық аурухананың дәрігері отбасымен тұрады екен. Біз кіргенше, үлкен бір бөлменің есігін бекітіп, өздеріне қосып алыпты. Бірақ, от жағатын пеші бізден жүретін құбыр арқылы оларды жылытады.

Бір күні Жұбашовтың шешесі жұмысқа келіп, маған:

– Ана үйдің темір пешін біз сатып алып қойғанбыз, ақшасын бер, әйтпесе, бұзып алып кетеміз және отын сарайын да бұзамыз, – деді. Мен:

– Апа, өздеріңізге тиесілі болса, алыңыздар, – дедім. Сол күні отын сарайын бұзып алыпты, пешті менің орынбасарым бұзғызбапты.

Содан отын түсіріп, тездетіп отын қора, жерасты көкөніс сақтайтын орын даярлап әуре болдық. Бір бөлме туралы сотқа бердік, шешім шығарды. Бірақ көршіміз босатпады.

Қыс, көктем – анам от жағып шықты. 3 қарашада көшіп келген едік. Анам бұрын от жақпайтын үйде тұрғанбыз, мынау көршінің бөлмесін де жылыттым деп, күнде мазамды алды. Соттың шешімін аудан орындамай қойды. Осы кезде Аманкелді бауырым облыстық соттың орынбасары қызметінде еді, барып жағ-

дайды айттым. Ол біледі екен, «Ой, үшеуіңе екі бөлме жетеді ғой» дегені. Таңғалдым. «Анам от жағып отыр ғой, заң түрінде біздің бөлме, тек заңды орындамай отыр ғой», — дедім.

Ең алғаш заңмен бетпе-бет келгенім. Бауырым, заңды істі орындатуға қол ұшын бермеді. Не жолын да көрсетпеді. Содан ауырып, ауруханада Алматыда жатыр едім, көрші палатада прокурор болып істейтін кісімен сөйлесіп жүріп, жағдайымды айттым, «заң неге орындалмайды» деп. Ол кісі түсіндіріп, өзі қалай жазуды үйретіп, «прокурордың қадағалауына арыз түсір, бір айда бәрі орындалады» деді.

Аманкелдінің әйелі Гүлжазираға да айтып едім, ол үндемеді. Адвокат болып істейді, жолын біледі ғой. Ойпырмай, бұларға не болды? Аманкелді әрдайым әріптестерін ертіп келіп, қонақ болып, ризалығын айтып қайтушы еді. Мерекелерді бізде өткізгенді жақсы көретін. Олар бәрін ұмытыпты. Мен соған қатты ренжідім.

Сонда бір ай ішінде жылытып отырған бөлмені зорлықпен алдық. Оған Жеңіс бауырым келіп, бекіткен есіктегі кірпішті алды, сонда олар босатты. Жеңіс пен Болатбек екеуі бөлмені тәртіпке келтірді.

«Ел құлағы – елу» дегендей, Жамбыл ауданынан шапыраштты туыстар емделуге келе бастады. Мен танымайтын туыстар, анама үйге келіп, «Амантайдың қызы бас дәрігер, жақсы маман екен» деп жағдайларын айтып кетіп жүрді. Сөйтіп, әке-шешемнің туған топырағынан алғаш Баяманов Қалшеңгел сарып ауруымен, Анжанқұлова Дина сары ауруымен, інісі Серік сарып ауруымен емделді. Қарақыстақтан Анарқұл аға, Книжден Мадыхан ата қонаққа келді. Анаммен көңілді әңгімелесіп, өткен-кеткенді, туыстарын, таныстарын еске алып, мәз-мейрам болды. Мен аталарымыз Ароннан тарайтынымызды білдім.

Облыстық жұқпалы аурулар емдейтін аурухана Алматы облысы бойынша жұқпалы аурулар мәселесіне жауап береді. Мені облыстың бас маманы етуге бұйрық шығарған. Барлық аудандарда жұқпалы

аурулар емдейтін төсектер бар және емханада бір дәрігер – жұқпалы ауруларды қабылдайды. Барлық ауданның жұмыстарымен бөлімшелерді аралап танысып, жұмыс жоспарларын қарадым. Сирек кездесетін қауіпті жұқпалы аурулар кездессе, күн-түн демей, мені шақырады. Кейде УАЗ машинасымен, кейде ұшақпен барып жүрдім. Әсіресе, Нарынқол, Кеген, Күрті аудандары алыс. Мен тоқсан сайын дәрігерлерді шақырып, семинарлар өткізіп, кейде дәрігерлер білімін жетілдіру кафедрасынан профессор, докторларды дәріс оқуға шақырамын. Істеген жұмыстар нәтижесін қорытындылап, облыстық денсаулық сақтау меңгерушісіне есеп беріп тұрдым. Алыс аудандардағы дәрігерлер ұзақ – айлап қызуы көтерілген ауруларды жұқпалы деп жатқызып, мені шақырады. Мен талай аурулардың туберкулез, обыр ауруы салдарынан, қан ауруына, кейбіреуі хирургиялық сепсистен қызулары көтерілгенін дәлелдеп, диагнозын қойып кетемін.

Тәжірибемде сирек кездесетін сіреспе, түйнеме, тырысқақ, іш сүзегі, бөрітпе сүзегі күл, менингакокк, ботулизм т.б. ауруларды көрдім, емдедім.

Қиын-қыстау сәттерде жаңылмай, абыроймен еңбек еткенімді көре алмай, аяғымнан шалып, қиындық, азап туғызған дәрігер бастықтар есіңнен кетпейді екен, қайтейін?...

Облыс ауруханаларын аралап келсем, Қаскелең ауданының бірінші хатшысы Зайко шақырып жатыр деді. Бардым. Сол кезде қаладан келіп істейтін Овчинникова деген дәрігер істейтін, ол Алматының барлық медицина мекемесінде тұрақтай алмаған соң, күйеуінің жолдасы Зайко арқылы орналасқан, ол туралы мені бәрі ескерткен. Сөйтсем, Зайкоға Овчинникова: қазіргі бас дәрігер Зердебаева демалысына жұмысқа бір рет келеді, алыста тұрады депті. Мен коммунист болып тіркеуге тұрғаным үшін көп азап көрдім, ауруханаға аудан ешбір көмек етпейді. Зайко ашулы күйінде маған шүйілді, мен ешбір саспастан: «Ондай өсекке сенгенше, аурухана қызметкерлерімен кездесіп, жина-

лыс ашып, тексермейсіз бе?» дедім. Жанында екінші хатшы Қаншайым деген ханым отыр. Екеуі де үндемеді. Дардай хатшылар, жағдайды сұраудың орнына, пәтер беруді тездетудің орнына, мені айыптағысы келді. Оның себебі, аудан Овчинникованы, не Кислованы бас дәрігер етуге ұсынған екен. Содан ешкім ештеңе демеді.

Күзде Жексенбек бауырымның ұлының мәйітін әскерден әкелді. Кедейшілік, қалада қазан көтерер жағдайлары жоқ екен. Ешбір ойланбастан, Мейрамға: «Мені Бұрғандағы Қалшеңгел бауырыма апар», – дедім. Жағдайды айтып едім, Қалшеңгел: «Тәте, бір қой деген не, сіз үшін арада талай қой жүреді ғой», – деп, бір қойын машинаға салып берді. Бауырым Қалшеңгелдің жомарт мейіріміне дән риза болдым. Алла, аруақтар қолдап жүрсін деп тіледім. Қалшеңгел сарып ауруымен ауырып, емделіп жазылып еді, отбасын танимын, бауырым әпкелеп, көрсе – жаны қалмайды.

**Түс. 14. І. 1981 жыл.** Ғалиям түсімде табытта ұйықтап жатыр екен, оятамын, сонда Ғалия, «мама, сені түсімде көріп жатыр едім, әбден шаршап, ауырып, жүйкең тозып, басың ауырып жүр екен». Мен оған төніп, екі қолыммен құшақтай жатқан күйінде, «мен сені қатты сағындым, қалшы!» деймін. Ол маған «қалу мүмкін емес, бірақ маған қанша қиын болса да, екі-үш адамға қарыз бердім» дейді. Мен оған «қиналсаң, несін қарыз бердің, олар қайтармай жүрер» десем, орысша «они обязательно вернут долг» деді.

Менің жан ботам, қиналғанымды біліп, көмектесіп, аруағы дұшпандарымның қаһарын қайтарған ғой деп ойладым. Алла ауыртпалықты көтере алатындай береді, бәрі сынақ екен ғой.

10-қараша. «Алма-Арасанға» барып шипа суына түсіп, емделдім. Бір жылда аурухананың жылыту қазанын жаңартып, ауруханада жөндеу жұмысын бітірдім. Жұмыстың сапасын, көрсеткішін жоғарылаттық.

**1982 жыл.** 20-21. ІІІ – менің 40 жасымды достар, әріптестер үйде тойладық. 22-наурыз Москваға Одақ көлемінде жұқпалы аурулар мәселесінен үлкен жиынға

ұшып барып, бес күнде қайтып келдім. 2-Мамыр – Денсаулық сақтау министрлігінен Қарағанды қаласының жұқпалы ауруларды жоюдағы жұмыстарын тексеруге жіберді. Облыс бойынша бас маманы ретінде, кезкелген қиын жұқпалы ауруларды қарауға шығып жүрдім.

Осы жылы Бақанастың ауруханасында бір ай емделіп, Тойлыбеков Ғани сары ауру циррозға айналған, жазылуы мүмкін емес дегенде, туыстары бізге жеткізіпті. Ауруханадағы ең қиын қауіпті ауруларды өзім емдейтінмін. Ғаниды бір ай емдегенде бауырдың жұмысын орнына келтірдім. Құдіреті күшті Алладан жәрдем болған болар, менің емім шипа болды. Ол кезде ол 35 жаста. Үш жыл маған келіп қаралып тұрды. Мен белгілеген салауатты өмір салтын толық орындап, жазылып кетті. Әйелі Ажар білімді, адал жар еді. Ғанидың бар жағдайын жасады. Ғани мені туған әпкемдей көремін дейтін, расында өз бауырларымнан көрмеген қамқорлықты Ғанидан көрдім. Талай адамдарды өлімнен арашаладым ғой, алғыс пен баталары шығар, осы күнге дейін кездескен қиын-қыстаудың бәрінен аман өтіп жеткенім.

Шолпан 14 жаста, биыл өзгерді. Оқитын сыныптас қыздары аудандық бас соттың, сауда бөлімінің, өңкей дөкейлердің қыздары екен. Бәрі бой түзеп, әдемі, қымбат киінеді екен. Менімен салғыласуды шығарды, ақшаға шетел киімдерін таба алмайсың. Кешкі би, киноға барғанда менің көйлектерімді ұрлап киіп жүріпті. Мен көбірек табыс болу үшін, түнгі кезекші дәрігерлікті бәріміз бөліп алатынбыз, сонда үйге бір жарым тәуліктен кейін келемін. Менің анамды да тыңдамайды, көмектеспейді. Енді жаным Шолпан үшін күйзелді. Мен Ұзынағаштан сүзек ауруымен ауырған баланы алып келіп емдеп жүргенмін. Әкесі бір қой етін әкелсе, Якупов «бас дәрігер жоқ, үйін білмейміз, мен алайын» – депті.

## Түстер

**10. II.** Мен асқар биік тау басында екенмін, қар жауып тұр, содан құлауым керек екен, жұмсақтан төсе деп тұрмын. (1983 жыл).

**01. III.** Екі өрім шашты жіберіп, айнаға қарап тұрмын. (1985 жыл).

**17. VI.** Поезда Ғалия кездесіп қалады, жүдеу түрі, төменгі жағы шытынап сынған екен, жазылып қалыпты. Көріп, аяушылықпен «қиналдың-ау» деп елжіресем, «ауырмайды, қазір жақсы» деп Күләйшамен кетеді.

**25. VI.** Үйге мас, лас болып Қуатбек келіп, Ғалия екеумізді мазалайды. Содан зорға дегенде аяқ-қолын байлап, алыстағы құдықтың суына тастаймыз. Қарасам, бір бөрене ағашқа тырмысып шыққалы жатыр, мен жүгіріп барып үлкен дала сыпырғышын әкеп, басын басып тұншықтырамын. Батқан соң кетемін. Ғалия тек қарап, куәгер болып тұрады. Жан-жағы жеміс ағаштарының арасынан жалғыз аяқ жолмен үйге келемін. (1985 жыл. Қ-к үйге келіп мазалады).

**09. VII.** Жаңа әдемі тон, жаңа туфли киіп жүрмін.

**22. VIII.** Ғалия әдемі киінген, тірі келеді. Қуанам.

**1.X.** Үйдің кіреберісінде тұздалған еттер жайылып жатыр, оны үйдегі мысық тартқылап жеп жатыр. Қолыма ағаш алып, мысықты үш рет ұрып өлтірем, сөйтсем, ол ақ мысыққа айналып, бір шөкім шүберекке айналып қалады. Анам үлкен қазанға кесек-кезек еттерді пісіріп жатыр, «келген жолдастарға берсеңізші, жесін» деп айтамын.

**10. X.** Біздің үйде туыстар тамақ ішіп отыр, Б-к жылап, көзі жасқа толы. Біздің үйде қонғанда, ұйықтап жатқанда шашын қайшымен кесіп алып, шашымның ішіне – арасына тығып сәндеп, шашымды жиып қойыппын. Б-ктің шашы тегіс кесілмеген, енді шаштаразға барып тегістетер деп ойлаймын. (1984 жыл).

**30. X.** Шолпанның алдымен беті қызарады, содан кеуде тұсында тез арада жара пайда болады, ұлғайып үсті жараның жыбырлаған майда құрттар үңірейтіп

жеп жіберіпті, мен қорқып, шошынып, құрттарды түсіріп жатырмын. Ойлаймын, «жедел жәрдем» шақырып, емдетуге жіберейін деп. Бір құрт қолыма жабысып, тістегеннен қиналып қорқыпояндым.

**Осы жылдары оқыған кітаптарым:** Ілияс Есенберлиннің «Махаббат мейрамы», «Алыстағы арпалыс», «Алмас қылыш». «Жалғыз жаяу» (Мұқанов), «Глубокие мотивы», «Медет Естай», «Истина», «Передыш Уругвай», «Услышать тебя», «Всадник без головы», «Фараон», «Сердце», «Голова доктора Дайлл».

Әкемнің туған қарындасы Рахима әпкем бір жыл жатырдың обыр ауруымен ауырды. Үйінде қиналып жатқанында, анаммен бірге келіп тұрдым. Астынан қан кетіп, қиналды. Қызы Макура ғана қарады. Мен жаңа матрац, төсеніш, ақ жамылғы, жастығымен әкеп бердім. Дәрі-дәрмектерін жеткізіп тұрдым. Туыстармен қатынаспаған, балалары орысша тәрбиеленген, мейірімсіз. Осының бәрі ауырып қиналған кезінде қатты сезілді.

24.IV. Рахима әпкем қайтыс болды. Мен Есенжановтарға хабар бердім. Оразалы бір қой әкеліп, біз басқасын көтеріп, анам жуып, дұғасын оқып, бақи дүниеге шығарып салдық. Рахима әпкем маған өте риза болып, батасын берген.

18-23. VIII. Шолпанды ертіп Ташкент, Самарқанд, Шымкент, Жетісай қалаларын аралап қайттық. Досым бірге институтта оқыған. Сұлуханда қонақта болдық. Рахима әпкемнің үлкен қызы Маяның екі ұлы бар. Маяның түсіне шешесі еніп, «мен жаурап жүрмін, екі тоныңның бірін бер» депті. Мая сонда ойлапты, тонымды бермеймін, бір матрац беремін деп. Содан шешесінен кейін бір жылдан соң бір баласы қайтыс болды. Сонда түстегі тон...

Сонымен, әкемнің әпкелері Рысжан, Нілтай, ағасы Есенжан, қарындасы Рахима – бәрі қайтыс болды. Рахима әпкемнің Ескендір баласы үйленбеді, Макура қарындасы екі татардан екі ұл туған. Кейін басқа жаққа көшіп кетіпті, таппадым. Рысжан әпкемнің жа-

лғыз ұлы Айтжан одан Бекежан деген баласы бар. Қордай ауданында тұрады.

Күләйша күйеуінен ажырасқан, үйін бөліп, бір бөлменің есігін бекітіп, қосымша ас бөлме салып беріңдер деп маған келді. Долданып, жерді тепкілеп, менің ешкімім жоқ деп мазамды алды. Содан Б-к екеуміз құрылысқа деректіні жинап, кірпішін, құм, цемент, терезе, есік, темір пеш, т.б. тасып әуреге түстік. Мен сенбілік қарсаңында Жанысбай, Мұсабай, Дәукен, Қали, Жеңіс бауырларыма барып, көмекке шақырдым. Ешқайсысы қашқақтамады. Екінші сенбілікте негізгі шаруаны бітірдік, қалғанын Б-к екеуміз жөндедік.

Оразалы апасын біздің үйге әкелді. Бір ай жатты. Екі абысын жастық шақтарын еске түсіріп, сырласып, мәз-мейрам болды. Мен ақырындап апамды сөзге тартамын. Аманбек баласы мал бағады, соның қолында, келіні Доқтырхан, немерелері – Айдархан, Айсұлу, Арлан, Қазбек. «1974 жылы сенің көмегіңмен ауруынан жазылған соң, ауырмайды, бірақ арақ ішіп қоятыны бар. Апа, қаладағы келіндеріңде айлап жатпайсыз ба?» деймін. Сөз арасында «аузыңа с...н» деп айтатын әдеті бар. Апам Аманкелдінің әйелін жақтырмайды. «Бір түн қонғым келмейді. А... с..!» дейді. Ал, Дәукеннің әйелі Бануды мақтайды. Барсаң, жаны қалмай шомылдырып, киіндіріп, дәмді тамақтарын жасап береді. «Әй, Әлила, қыз деген жақсы екен ғой, міне, Үтікенің үлде мен бүлдене орап, не ішем, не жеймін дегізбей отыр, мен жеті ұл тапқанда, бір қыз тумаппын ғой», – дейтін. Мен: «Апа, Ораз, Оразбек ағалар қалай?» – деймін. Апам: «Ораздың обалына байы – шалы бар, бір әйел қалды ғой. Соған ғашық дей ма, әйтеуір, дұғалап қойған ба? Содан егіз ұл туып, әлгі шалымен өсірді. Білмейміз. Ораз арақ ішіп, қаңғып бізде жүреді көбінесе, жолы болмады ғой. Оразбектің әйелі татар – Клара, ұлы, қызы бар. Орыс болып кетті ғой. Оразалының әйелі ұйғыр, жақсы тұрады. Қайрат, Рәшид, Дастан деген ұлдары бар, ержетіп қалды ғой!» – дейді.

Бір күні Аманкелді апасына келіпті. Мен: «Аманкелді мына бір бөлме туралы көмектеспей қойды, ренжідім», – дедім. Апасы менің көзімше баласына ұрсып:

– Қыздың назы жаман болады, Ұлғайшаны ренжітпе! – деді.

Оразалы баласы Дастанның үйлену тойына шақырды. Жеңгеміз Роза ұйғырларын шақырған, оларды жұмсақ төсектеріне жатқызып, бізді – екейлерді кіре берісіндегі жерге жұқа төсеп жатқызды. Сонда, Дәулетқали шырылдап, «Ұлғайша тәтемді төргі бөлмеге жатқызыңыз» деп Оразалыға айтып еді, ол «тыныш жатыңдар, ертеңгі күн құлағыма тыныштық болмайды» деп қатты айтты.

Мен сарыптың асқынуымен қаланың жұқпалы аурулар емдейтін ауруханасында емделіп жатқанда, жанымда Бақытгүл деген апаймен сырлас, мұңдас болдым. Ол кісінің ақындығы бар ма, шығарда маған арнап өлең жазыпты. Сонымен...

## ҰЛҒАЙШАҒА

Дүние бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ тайса, мал менен бас құралмаған.
Тіл-көзге ешқашан да ілінбейсің,
Ұлғайша, сен негізі болсаң жаман.
Жасыңнан көп көріпсің қасіретті,
Болыпсың өзің пысық, өзің епті.
Жүк салар мықты жанға көтереді деп,
Батырсың, сондай күшті әрі епті.
Ұлғайша тілің майда, жаның жайлы,
Салмасын енді саған құдай қайғы.
Өмірлі, бақытты бол бұдан былай,
Жөнге сап қолыңдағы асау тайды.
Ұлғайша қайғыны қой, басың көтер,
Түбіне адамзаттың қайғы жетер.
Жайраңдап күліп-ойна, сыр білдірме,
Дұшпаның талайды одан бетер.

Солдан оңға қарай: әкем Амантай, әпкем Күләш, Нұрғайша, анам Әлила, Оразхан. 1939 жыл





Жолдасым Мейрам екеуміз



**Мейрамның әкесі Мәуленқұл, анасы Дошан, әпкесі Күләйхан, кішкентай Мейрам. 1939 жыл**



**Әкем Амантай жауынгер жолдасымен**



Ғалия қызыммен. Ащыбұлақ ауылы, 1978 жыл



Мейраммен некелескен сәт. 1985 жыл



**Ғалия 7 жаста. Шолпан 4 жаста**



**Мейрам бірінші немересі Әлиланы 7 жасқа дейін мойнына мінгізген. 2003 жыл**



**Жанелді де желкесінен түсірмеді**



Еліміздің мақтанышына айналған спортшы Жанеліміз



Әулетіміздің қуанышына айналған Арысланымыз



Немерем Ақарыспен. 2011 жыл



Менің отбасым. Анам Әлила, мен және Шолпан



1956 жыл. Есенжан атаның үйіне барғанымда. Есенжан ата, Тазагүл апа, Ораз, Оразбек, Оразәлі, Аманкелді, Аманбек, Дәукен, Дәулетқали



1978 жылы 25-тамызда «Жетісу» газетінде жарық көрген суретім



Мамаев қорғаны. Волгоград. 1977 жыл



Біздің отбасымыз. Солдан оңға қарай, төменгі қатар: Мейрам, Ақарыс, Ұлғайша. Екінші қатар: Әлила, Шолпан, Арыслан, Жанел, Алтай

Жолдасың болмаса егер, құдай ісі,
Риза мінезіңе үлкен-кіші.
Азамат арқа сүйер қасыңда бар,
Менімше, жөнді білер жақсы кісі.
Жігітпен бірге тұру мақсат емес,
Азамат мінез құлқы өзіңе теңдес.
Тұрса да қашығырақ ол өзіңнен,
Сұрайсың қысылғанда одан кеңес.
Ұлғайша, айналайын, асыл жаным,
Болмасын еш уақытта жаман халің.
Жар болып Құдай, аруақ, бақытты бол,
Өмірлік жолдас болсын сүйген жарың!

**20. XI. 1982 жыл.** Дәулетқали мейрамханада той жасап үйленді. Келін – Баян. Бақытты болыңдар!

Аманкелді «Орбитадан», Дәукен «Ақсай» мөлтек ауданнан үш бөлмелі үй алған. Аманкелдінің Әйгерім, Айбек, Серік деген балалары бар. Анамның бірге туған Әлпеш деген әпкесін Бұрғаннан біздің үйге әкелді. Бұл кісі бізге көрші Шораның әжесі, бұрын жазғандай, Нұржамал қайтыс боп кеткен. Әпкемді ауруханада емдедім, бір ай біздің үйде болды.

Жанысбай досымның екі қарындасын мейірбике даярлайтын курста оқытып, жұмысқа алып, куәлік алуына көмектестім.

**1983 жыл.** Аманкелді облыстық сотта істейді. Екей Түймебаевтың баласы Сырым министр болған. Сырымның арқасында Аманкелді Д.А.Қонаевпен кездеседі. Сонда ол әкесі Зердебаев Амантай соғыста қайтыс болғанын айтады. Қонаев жас кезінде Амантай ағаны белгілі, белсенді коммунист екенін білетінін айтады. Содан Қонаев Аманкелдіні қамқорға алады. «Асылдың тұяғы екен» деп, маған осының бәрін Аманкелді айтқанда, «мені айттың ба, мен де облыстық аурухананың бас дәрігерімін ғой» дедім. Сонда, ол «ең алдымен мен адам болып алайын, содан кейін айтамын ғой» деді. Сырым Түймебаев ұлтабар безіне ота жасатамын деп, 40 жасында қайтыс болды.

Жұмыстың ауырлығынан, көңіл-күй төмен, жиі ауыратын болдым. Жүрегіме ауа жетпей, талықсып, басым ауырып, сүйектер қақсап, терлеп, зертханалық тексерулер аурудың асқынғанын айғақтайды. Мамыр айында Кисловодск қаласына шипажайда емделдім. Батпақ, нарзан суын қабылдадым. Табиғаты Кавказдың тамаша, Железноводск, Пятигорск қалаларын араладық. Әжептәуір күш-қуат жиып келдім.

## Түстер

**05.VIII. 1983 жыл.** Үлен ұшақ мені күтіп тұр екен. Министр Т.Шарманов, «тез жүрсеңші, ұшу керек» дейді. Ұшамыз.

**15. XII.** Бір үлкен ақ мысықты аймалап жүрмін. Алматыда Күләйшаның үйіне келгенде, мысық қашып кетеді. Мысықты іздеп, басқа қала – Москва сияқты, сол жерден де іздеймін, таба алмаймын, жоқ болып кетті. Қолымда чемодан ұшаққа ұшуға келе жатырмын.

**16. XII.** Мен үлкен нар түйеге отырып, көп жер жүріп, шаршап, қарным ашып, Алматының орталық көшесіндегі үлкен мейрамхананың алдына келіп түсем. Кірсем, үлкен кең дастарханда мол даярланған тамақтар. Мен тамақ жеп отырмын. Анам, туыстар жүрген сияқты. (1985-1987 ж.ж.)

**29. XII.** Ғалия ауруханада, қалада екен, іздеп бір көшеден таба алмай, екінші көшеден табамын. Қолымда дипломат – қолсандық, ішінде алма, тамақтар, кішкентай жастық. Ғалия мені көріп қуанып, ұшып тұрып, айқай салады. Мен құшақтап бетінен сүйемін. Жазылып кетіпсің. Аппақ домалақ бет, енді үйге әкетейін. Күн жылы, жаз айы екен.

**30. XII.** Ғалия ауруханадан емделіп, өзі үйге келіпті. Біз қонаққа кеткен екенбіз, басқа біреудің үйіне қонып келіпті. Мен, «қап, сенің келетініңді білмегенім-ай, кілтті қалдырып кететін едік. Қарның ашты ма, тамақ ішесің бе?» деймін. Ғалиям әдемі, топ-толық, «қарным ашқан жоқ, тойып тұрмын» деді.

* * *

Дәукен, Дәулетқали күндіз заводта жұмыс істеп, кешке институтта оқып, заңгер болып шықты. Қалидың ғана фамилиясы Зердебаев, мен қуана жақын тартып жүретінмін. Қалидың тұңғышы Ерлан дүниеге келді. Баянның әжесі баланы қарады. Баянның, Банудың, Гүлжазираның төркіндері келсе, біздің үйге әкеледі. Аманкелді менің анамды анасы орнына, әйелінің үйі Ақмола облысындағы Ерментау ауылына апарып қайтты. Дәукен прокуратурада, Қали Әуезов ауданының милициясы, ОБХС-та жұмыс істейді екен. Қали «Айнабұлақ» мөлтек ауданынан екі бөлмелі үй алды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының меңгерушісі Дайырбеков орнынан алынып, Шарипов А. бастық болды. Біздің ауруханада көптен балалар бөлімін басқаратын ұйғыр Якупов істейтін, үздіксіз кәсіподақ төрағасы, сол ұжымның жанашыры, бар мәселені шешкіш. Мен аурухананың жөндеу жұмысын бітіріп, облыстағы жұқпалы аурулардың алдын алу, қауіпті індеттерді жойып, емделу сапасын жақсартып, өлімді азайтып, аурухананың мәртебесін көтеріп, жүгіріп жүрдім. Бір ай ауруханада, бір ай шипажайда емделіп келсем, ұйғыр талай қаржы мәселесін бұзыпты, машиналар сынған, істемейді, шаруа басқаратын жігіт ұрлық жасап, қашып кетіпті. Біраз тәртіпке келтіргенім, ұйғырға ұнамай, қарсы әрекеттер жинай бастайды. Неміс әйелі Нәлла бас мейірбике еді, орнынан алғаным үшін бар неміс мейірбикелерді ұйымдастырды. Сөйтсем, Нәлла екі қызымен неміс күйеуінен ажырасып, ұйғыр Якуповтың нақсүйері болып алған екен.

**1984 жыл.** Анаммен жас кездерінде фермада сауыншы болған құрбысы Жайсан апа қайтыс болды. Анамның мұсылмандығы бар, көмектесіп, қатысып жүрді. Жайсанның жалғыз қызы Зейнепті жас кезімнен білемін. Оның күйеуі Киммен Шамалғанда бірге оқыған Мейрам інісі Мералымен көңіл айтуға барады. Сол жерде менің анам құран оқиды. Мералы

Жұмыстың ауырлығынан, көңіл-күй төмен, жиі ауыратын болдым. Жүрегіме ауа жетпей, талықсып, басым ауырып, сүйектер қақсап, терлеп, зертханалық тексерулер аурудың асқынғанын айғақтайды. Мамыр айында Кисловодск қаласына шипажайда емделдім. Батпақ, нарзан суын қабылдадым. Табиғаты Кавказдың тамаша, Железноводск, Пятигорск қалаларын араладық. Әжептәуір күш-қуат жиып келдім.

## Түстер

**05.VIII. 1983 жыл.** Үлен ұшақ мені күтіп тұр екен. Министр Т.Шарманов, «тез жүрсеңші, ұшу керек» дейді. Ұшамыз.

**15. XII.** Бір үлкен ақ мысықты аймалап жүрмін. Алматыда Күләйшанның үйіне келгенде, мысық қашып кетеді. Мысықты іздеп, басқа қала – Москва сияқты, сол жерден де іздеймін, таба алмаймын, жоқ болып кетті. Қолымда чемодан ұшаққа ұшуға келе жатырмын.

**16. XII.** Мен үлкен нар түйеге отырып, көп жер жүріп, шаршап, қарным ашып, Алматының орталық көшесіндегі үлкен мейрамхананың алдына келіп түсем. Кірсем, үлкен кең дастарханда мол даярланған тамақтар. Мен тамақ жеп отырмын. Анам, туыстар жүрген сияқты. (1985-1987 ж.ж.)

**29. XII.** Ғалия ауруханада, қалада екен, іздеп бір көшеден таба алмай, екінші көшеден табамын. Қолымда дипломат – қолсандық, ішінде алма, тамақтар, кішкентай жастық. Ғалия мені көріп қуанып, ұшып тұрып, айқай салады. Мен құшақтап бетінен сүйемін. Жазылып кетіпсің. Аппақ домалақ бет, енді үйге әкетейін. Күн жылы, жаз айы екен.

**30. XII.** Ғалия ауруханадан емделіп, өзі үйге келіпті. Біз қонаққа кеткен екенбіз, басқа біреудің үйіне қонып келіпті. Мен, «қап, сенің келетініңді білмегенім-ай, кілтті қалдырып кететін едік. Қарның ашты ма, тамақ ішесің бе?» деймін. Ғалиям әдемі, топ-толық, «қарным ашқан жоқ, тойып тұрмын» деді.

* * *

Дәукен, Дәулетқали күндіз заводта жұмыс істеп, кешке институтта оқып, заңгер болып шықты. Қалидың ғана фамилиясы Зердебаев, мен қуана жақын тартып жүретінмін. Қалидың тұңғышы Ерлан дүниеге келді. Баянның әжесі баланы қарады. Баянның, Банудың, Гүлжазираның төркіндері келсе, біздің үйге әкеледі. Аманкелді менің анамды анасы орнына, әйелінің үйі Ақмола облысындағы Ерментау ауылына апарып қайтты. Дәукен прокуратурада, Қали Әуезов ауданының милициясы, ОБХС-та жұмыс істейді екен. Қали «Айнабұлақ» мөлтек ауданынан екі бөлмелі үй алды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының меңгерушісі Дайырбеков орнынан алынып, Шарипов А. бастық болды. Біздің ауруханада көптен балалар бөлімін басқаратын ұйғыр Якупов істейтін, үздіксіз кәсіподақ төрағасы, сол ұжымның жанашыры, бар мәселені шешкіш. Мен аурухананың жөндеу жұмысын бітіріп, облыстағы жұқпалы аурулардың алдын алу, қауіпті індеттерді жойып, емделу сапасын жақсартып, өлімді азайтып, аурухананың мәртебесін көтеріп, жүгіріп жүрдім. Бір ай ауруханада, бір ай шипажайда емделіп келсем, ұйғыр талай қаржы мәселесін бұзыпты, машиналар сынған, істемейді, шаруа басқаратын жігіт ұрлық жасап, қашып кетіпті. Біраз тәртіпке келтіргенім, ұйғырға ұнамай, қарсы әрекеттер жинай бастайды. Неміс әйелі Нәлла бас мейірбике еді, орнынан алғаным үшін бар неміс мейірбикелерді ұйымдастырды. Сөйтсем, Нәлла екі қызымен неміс күйеуінен ажырасып, ұйғыр Якуповтың нақсүйері болып алған екен.

**1984 жыл.** Анаммен жас кездерінде фермада сауыншы болған құрбысы Жайсан апа қайтыс болды. Анамның мұсылмандығы бар, көмектесіп, қатысып жүрді. Жайсанның жалғыз қызы Зейнепті жас кезімнен білемін. Оның күйеуі Киммен Шамалғанда бірге оқыған Мейрам інісі Мералымен көңіл айтуға барады. Сол жерде менің анам құран оқиды. Мералы

таңғалып, «құран оқуды қайдан үйрендіңіз?» дейді. Менің анам:

– Әке-шешеміз діндар болған, бала кезден есте қалғаны бар, кейін қосып, қайталап оқып жүріп, 60 жастан намазға жығылдым, – дейді.

– Қай ауылдансыз?

Сонымен анам:

– Әкем Сыдық, атам Бейсеу – есқожа, мырзабек руынанмын, – дейді.

– Ойбай, әпкеміз ғой, – деп Мералы орнынан тұрып, құшақтайды, Мейрам да қуанып қалады.

Мейрамның әкесі Мәуленқұл, оның әкесі Майемер, Майемердің бауыры Бейсеу екен. Үлкен аталары Сатан, Төлеген болып келеді екен. Сол жерде шүйіркелесіп, туыстарын түгендеді. Тек шешелері тірі екен. Биыл Мейрамның әйелі он жыл жүрегінен ауырып жүрген, қайтыс болады. Жалғыз қызы Гүлнәр институтта оқиды екен, Алматыда Айнабұлақта тұрады. Мералы Ұзынағашта бала-шағалы. Анам сол күні, қуанышы қойнына сыймай, сүйіншілеп: «Бауырларымды таптым, төркінім жоқ еді. Жас кезден ажырап қалған жеңгелерім бар екен, бәрін шақыруымыз керек», – деді. Бір күні әпкеміздің бас дәрігер қызын көрейік деп Мералы, әйелі Күләш, Мейрам келді.

Таныстық. Күттік. Тездетіп, анам жеңгелерін қонаққа шақырды. Мералының анасы – Қалдықыз, енесі, Мейрамның екінші анасы Жәміш. Анам қуанып, жеңгелерімен сырласып, мәре-сәре болды. Бәріне сый-құрмет жасап, шығарып салдық. Қалдықыз кенже баласы Нығметпен Бірлікте тұрады, бір ұл, бір қызы бар. Жәміш апа асырап алған баласы Бексұлтанмен тұрады. Жәміш Мәуленқұлдың інісі Смайылдың әйелі болған, соғыста қайтыс болғандықтан, Мейрамды Смайылұлы деп жаздырған екен.

Содан, апалар үйіне шақырды. Балалары анда-санда әпкесіне сәлем беріп, жол-жөнекей келіп жүрді. Бір күні анам:

– Қызым, жеңгелеріме сен ұнапсың. Мейрам момын,

білімді, бұзылмай тұрғанда екеуін қоссақ, жарасып кетер, қыз, сенен өтінеміз, ақырындап құлағына жеткіз, – деді. Шынында, Мейрам келгіштеп жүрді.

13.VIII. – 25.VIII. Ыстықкөлге Зейнеп, Шолпан үшеумізді жолдамамен жіберді. Байқаймын, Мейрамның мінезі салмақты, білімді – геолог-инженер екен, түрі жүдеу, арақ ішетіні бар. Содан тәуекел еттім. Жұмыстан шаршадым. Келісім берген соң, он күнге Москваға қыдыртуға апарды. Ниеті жақсы. Москвадан келсек, Күләштың кенже баласы Батырбек ауруханада, нашар халде екен. Батырбек бір ай тауда туыстарында атпен шауып ойнап жүргенде құлайды, жатпаған, сарқыраған өзен суына бастарын қойып, қайсымыз көп шыдаймыз деп ойнап жүре берген. Содан басы ауырып қоймаған соң, таудан түсіп, анасы ауруханаға апарады, еш нәрсе шипа болмаған соң, Алматының жүйке-ми емдейтін ауруханасына әкелсе, диагнозы – мидың обыры (саркома) ота жасапты. Екі-үш күнде көз жұмды. Ол, 1984 жылдың 26-шы қыркүйегінде он үш жаста еді.

Мен 9.XI-28.XII Ташкент қаласында білімімді жетілдірдім. Келсем, Тазагүл апамды жерлеп қойыпты.

**Түсімде:** Зердебаев әулеті сахнада суретке түсетіндей түгел тұрмыз. Аманкелді қара киінген, малдас отырған әкесін артынан құшақтап, алға алып, 4-5 адымдаған соң, «әкесін боқтап, ауыр ғой» деп, жерге тастай салды. Ешкім ештеңе деген жоқ. Тек маған бұл қылығы ұнамады.

Оразалы біздің үйге ойбайлап келді.

– Не болды, сонша? – дедім.

– Ой, құрыды тұқым, анау Рашид балам орыс па, түрік пе, бір қызға үйленемін деді, тұқымымыз бұзылатын болды! – деді бауырым. Мен Оразалыға:

– Тұқымды бұзған өзің емес пе, ұйғырға үйленіп! – дедім. Сөзге тоқтаған қазақ емес пе. «Оның рас екен ғой» деп жөніне келді. Сөйтіп, Рашид үйленді, келін Рүстем атты ұл тапты.

## МАЕМЕР ӘУЛЕТІ ТУРАЛЫ

Мейрамның атасы Майемер атамыз есқожа руы, Мырзабектен тарайды. Түп тамыры Мұхаммед пайғамбарымыздың ислам дінін жер бетіне тарату үшін жіберген сахабалары, қазақ жеріне келгенде діндар – қожалар деген. Олар қазақтарға араб тілін, қарпын үйреткен, заманының білімділері болған. Қожаларды қазақтар өте құрметтеген. Ұлы үлкен шапыраштты руындағы екей руы, Қожаға қызын беріп, жер беріп, Екейге Ес бол, енді сен Есқожа болып атанасың депті. Сол Есқожадан тараған жамағат үлкен руға айналады.

Біздің Маемер атамыз арабша сауатты діндар болғаны сонша, ағып жатқан өзенді кері ағызады екен, көп дұғалар біліп, халқына шапағатын жасаған. Бәйбішесі Бибісара әжеміз де бес уақыт намазын қаза етпей, исламның барлық парыздарын өтеген. Үш ұлы – Молдақұл, Мәуленқұл, Смайыл, бірнеше қыздары болған. Балаларын арабша оқытқан. Кеңес өкіметі келгенде, Молдақұлды молда деп атып тастаған. Мәуленқұл мен Смайыл исламды ұстамай аман қалған. Мәуленқұл серілік құрып болып, той болып жатқан ауылға келеді, шымылдықта отырған қызды орайын тауып көрсе, керемет аппақ сұлу екен, бірден ғашық болады. Атастырған күйеу жігітті ұнатпайтынын, барлық жайды біліп, ретін тауып, қызды алып қашуға көндіреді. Сөйтіп, түнде қызды ауылына алып келеді. Ертеңінде ауыл у-шу, күдіктіні зорға анықтап, Майемер әкесіне келеді. Абыройлы, діндар ақсақал екі-үш есе қалыңмалын төлеп, екі ауылды тыныштандырады. Келін Дошан көркіне ақылы сай, пысық, іскер әйел болады. Бірақ қарғысқа қалды ма, бала көтермейді. Ақылды апамыз ұрпақсыз қалмасын деп, тоқал әпереді. Бірінші баланың тілеуін тілеп, жалынып Тәңірден кешірім өтініп жүреді.

01. V. 1938 жылы дүниеге ұл – Мейрам келеді. Баланы қырқынан шығарғанша жанында болып, асырап алады. Тілеуінің, мейірімінің арқасында, Дошан апа

қырықтарда екен, екі емшегінен сүт шығады. Мейрамды ешкімге көрсетпей, ұстатпай Бірлік ауылынан көшіп, Қарақыстақта туған ағасы Жыланкөздің жанынан үй алып, баласын бағады. Баланы жеті жасына дейін емізеді, арқасына мектепке барғанша мінгізеді. Не ішем, не кием дегенді білгізбей өсіреді. Анасының мейір-шапағатына бөленіп, алғыр, ақылды болып өседі. Шешесінің айтқанын мүлтіксіз орындайтын, мектепте үлгілі, озат оқушы болады. Туған әйел – Қалдықыз, 01.III-1939 жылы Мералыны, 1944 Клараны дүниеге әкеледі. Мәуленқұл әкелері Мейрамның 12 жасында аз күн шаншу ұстап қайтыс болады.

Мейрам онжылдықты алтын медальға бітіріп, Алматының Тау-кен институтына түседі. Бірінші курста оқып жүргенде, ауылда қадірлі кәрі әже Мейрамды шақыртып, былай дейді: «Ешкім айта алмайтын сырды мен айтамын, сенің туған анаң Қалдықыз», — дейді. Мейрам естен тана құлап қала жаздайды. «Жоқ, менің анам Дошан, басқа ешкімді білмеймін!» – депті.

Қалдықыз өсірген Мералы бұзық, тентек, оқуға ниеті жоқ бала болып өседі. Содан 1961 жылы Күлжәмилаға үйленеді. Күлжәмила жақсы оқыған, әдепті, момын қыз, есеп-шот оқуын бітіріп, бухгалтер болып істейді. Өмірге Қайрат, Майра, Эльмираны әкеледі. Мералы сауда-саттықта жүргізуші болып істеп жүріп, Күләшпен байланысып, отбасының шырқын бұзып, ақыры үш баласын тастап, Күләшқа үйленеді. Клара қызы жетіншіні бітірген соң, күйеуге қашып кетеді. Мейрам Дошан апамен талай татуластырып, көп көмек етеді, бірақ тағдыр дегенін істейді. Мералы анасына қас болып кетеді, сол себепті, Мейрам онымен ат кекілін кеседі.

Күләш Мералыға екі ұл, үш қыз туып береді. Күлжәмиладағы үш баласына ешбір көмек жасамайды. Қалдықыздың ұлы Нығмет оқуға ынтасы болмайды, әр жұмысқа тиіп-қашып, өмірінде тұрақты жұмыс істемейді. Үйленген бірінші әйелі ауырған соң, ажырасып кетеді. Кейін Баян деген әйелге үйленеді.

Маемер атамыздың Молдақұл баласының әйелі Рахима, менің әкемнің туған қарындасы екен, бір ұл – Мәлік, бір қыз Күләйханды туған. Мәлік бес жасында қорыққаннан жүрегі тоқтап қалған. Күләйханды Дошан апам асыраған, себебі, Молдақұлды Кеңес өкіметі атып тастаған соң, Рахима жас қалып, күйеуге шығады. Мейрам бала кезінде Күләйхан әпкесінің қамқорын, жақсылығын көп көреді. Әпкесін өте жақсы көрген. Әпкесі тұрмысқа шыққан соң, нәрестесін туа алмай бақилық болады. Ол кезде Мейрам студент екен. Майемер атамыздың Әлиман, Әсел деген қыздары болады. Әлиманнан Бәтен, Бақытжан есімді ұрпақтары бар. Ал, Әселден ұл-қыздар тараған, әсіресе Бәкір баласы, әйелі Әшен мейірбанды, бауырмашыл болған соң, Мейрам осы уақытқа дейін іздеп барып сәлем беріп тұрады. Қазтай баласынан Айша, Хамит.

Бәкір ағамыздың балаларының арасынан білім жолында аянбай еңбектеніп, ауылшаруашылығының экономикасын меңгерген Алтынбек ініміз болды. Еңбекқорлығының нәтижесінде ғылыми институттың лаборантынан бастап, кандидат пен докторлықты қорғап, институт директорлығына жетті. Оны да аброймен атқаруда. Әсіресе, Алтынбектің адамгершілік қасиетінің ерекшелігі ағайындар арасында өте кішіпейіл, сыпайы, бауырмашыл. Келін Несібелі екеуі туыстары Хадиша, Айша, Қабира, Сұлтан, Әділ, Сағымбек, Жұмагүл отбасыларымен таныстырып өрісімізді кеңейтті. Барлығы иманжүзді болғандықтан жақсы қатынасып кеттік. Әсіресе, рамазан айында жұбымыз жазылмай ауызашарларда бірге болу бір ғанибет! Алтынбектің шыққан биігі инабатты ақылды Несібелінің еңбегінің, ақжарқын ақ дастарханының арқасы деймін. «Абысын тату болса – ас көп, ағайын тату болса – ат көп» дегендей.

**Маемер қызы Әсел әпкем туралы немересі Айшаның айтқаны:** «Әсел апам ұзын бойлы, аққұба, Мейрамға ұқсайды, ақылды, көрікті, сегіз қырлы, бір сырлы, иман жүзді, мейірімді. Ораза ұстап, бес мезгіл на-

мазын оқып, басында кимешек, ұзын көйлегімен жарысып үйлесіп тұратын. Күні бойы тыным көрмей, киіз, текемет, алаша, байпақтар жасайтын, кейде кесте, шілтер тоқып отыратын. Неше түрлі оюлап көрпелер, төсеніш тігетін. Мен апаның қолында өстім, құшағында ұйықтайтынмын. Немерелерді өте жақсы көретін, қалтасында тәттілерді сақтап, бізге беретін». Әсіресе, кіші інім Хамитті әлпештейтін. Есімде 1956 жылы апамның көзі көрмей қалды. Одан бұрын отағасына тоқал әперген, олар мал бақты. Алматының Тастақ ауданында біз апамның қолында оқыдық. Әшкен келіні инабатты апамның, біздің жағдайымызды жасап жүретін.

Сол кезде бір-екі жыл Мейрам да институтта оқып жүргенде жатып оқыды. Әсел апамның аты өшпесін деп, немереме Әсел деп ат қойдық. Мен апамның үйреткен тәрбиесін, ақылын еш ұмытпай келемін».

Маған Әсел әпкем Нұрила – Домалақ анадай бәйтерек сияқты, ұрпағынан үлкен рулы ел тарады, иманжүзді жанның аналық тілегі орындалғандай.

Маемер атамның Мейрам немересі ғана жоғарғы білім алды, өзі иманжүзді, Алла мен аруақтарға құрмет еткен. Сонымен, Мейрам жоғарыда айтқандай, Дошан апасымен нағашы жұртында ержетеді. Жыланкөз атасы зор денелі, еңбекқор, пысық болған, колхоздың қамбасын ұстаған, тұрмыстары жақсы болған. Атаның Ешмұқан, Құрпан, Мұқан есімді ұлдарының ортасында Мейрам өскен. Ешмұқан, әйелі Нұрзыхан атасының арқасында білім алып, мектепте мұғалім болып жұмыс істеген, үш ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Құрпан сол кезде колхоздың жалғыз машинасын айдап, абыройлы еңбек еткен. Татар қызы Калиманға ғашық боп, әке-шешесінің қарсылығына көнбей, үйленеді. Қазір бір ұл, үш қыздан немере, шөбере өрбіп отыр. Балалары түгел қазақша тәрбиеленгендіктен, аға-жеңгеміз балаларының қамқорын, қызығын көріп отыр. Ал, Мұқан ағасы әскерден келген соң, оқуға түсе алмайтын болған соң, Мейрам Мұқан атынан үш рет қабылдау емтиханын тапсырды. Мұқан тарих факультетін сырттан бітіреді. Ал-

матылық, орысша оқыған Мәдина деген қызға үйленеді. Екі қыз, бір ұлы бар, барлығы орысша оқыған, отбасында бәрі орысша сөйлейді, қазір немерелері де орысша тәрбиеленген.

**Мейрам 1961 жылы** Тау-кен институтының геофизика факультетін ойдағыдай бітірген соң, жолдамамен Ақтөбеге қызметке жібереді. Осы жылы сүйген қызы Маржанға үйленеді. Апасы Дошан үшеуі Ақтөбеге қоныс аударады. Маржанның әке-шешесі жас кезінде бақилық болған. Әпкесі Зәуренің қолында оқиды, медицина училищесін бітіреді. Ревматизммен ауырған, жүрегіне ауыртпалық түскен. 1964 жылы 8 сәуірде Гүлнәр есімді қызды туады.

Мейрам 25 жасынан Ақтөбе облысындағы ірі мұнай кен орнын ашу экспедициясын басқарады. Коммунист, үздіксіз бесжылдықтың жеңімпазы атанып, абыройлы еңбек етеді. Жаңа жол кен орнының авторы.

Дошан апам жөтеліп ауырып жүреді. 1965 жылы күзде елге апаруын сұрайды. Содан 1966 жылы көктемде Бірлікте қайтыс болады. 1974 жылы Мейрамды Вьетнам мемлекетіне бас маман ретінде қызметке жібереді. Онда мемлекет орденін, 1975 жылы «Еңбектегі ерен еңбегі үшін» медалін алады. 1976 жылы Алматыдағы Қазақстан тәжірибе әдістемелік экспедициясының бас маманы болып ауысады. Елге келгенде нағашылары шақырып, бір шәугім шайға шақырмапты. Содан қатынас үзіліпті. 1981-1982 жылы көрген түстерім жаңа тон, туфли киіп жүргенім шындыққа айланып, мен күйеуге шықтым. «Түсің жақсармай, ісің жақсармайды» деген осы болар, әсте.

**1985 жыл.** Шолпан: «Мен бәрін білемін, бойжеттім. Досты өзім таңдаймын, ананы таңдамайды, менің ісіме араласпа!» дейді. Естігенде жүрегім зар жылайды. Ешбір амалым қалмады. Күләш, Қырықбайдан ақыл сұрадым, мұғалімсіздер ғой, ақыл айтыңыздар дедім, Аманкелді, Дәукенге де жалындым, көмектесіңдер деп. Шолпан Мейрамға құрметпен қарады, «қарсы емеспін, жақсы адам» дейтін. Мейрам қалада істейді, кейде бірнеше күн

келмейді. Талай ұрсып, үйленбей-ақ қояйын дедім. Анам мен Шолпан тоқтатты. Мен қайғыдан жүрегім жиі ауыратын болды, оған бүйрек ауруы қосылды.

Мейрам Маржанның асын берді. Қатыспай кеткен Мералы, әйелі өлген соң, қатысқан. Ол былай бопты. Маржан бірнеше күн бұрын Мейрамға Мералыны әйелімен шақыр, татуластырып кетейін, себебі, мен кінәлімін, сонша уақыт араз болдыңдар, бір күні өлсем күнәһар болмайын, шақыр-шақыр деп болмапты. Сонымен, татуласыпты, үш күннен кейін Маржан қайтыс болады. Сонда Мералы жерлесуге көмектеседі, Бірлікке әкеліп қояды. Клара қарындасы келген-кеткеннің ақшасын жинайды, бірақ Мейрамға бір тиын да бермейді. Маржанның жылында тағы Клараға табыстайды. Қарындасы екі жиыннан есеп бермейді. Мейрам, «тізімді көрсет, мен білуім керек қой» десе, кейін бәрін әкеп берем деп кетеді. Сол кеткеннен мол кетеді. Содан 27-ші шілдеде Мейрам Қаскеленде үйлену тойымызды жасады. Клара қарындасы, Мералы келмеді. Шындап келгенде, Мейрамды көре алмайды екен. Менің екі әпкем де жақтырмай, «қартайғанда байға тиген несі, бір алқаштан құтылып еді, сондай боп жүрмесе» деді. Ағайынды бауырларым жағдайлары жақсарған, қатынасуды қойды. Жалғыз анам шырылдап, тілеуімді тілеп, дәнекер болды. Шолпан онжылдықты бітірді. Халық-шаруашылық институтына тапсырып, күндізгі оқуға өте алмай, сырттай оқуға түсті. Қатты қиналдым. Аманкелді қалалық сотта істейді, Шолпанды күндізгі оқуға ауыстыруға көмектес деп едім, ол «сөз емес, ректор жолдасым, ауыстырамыз» деді. Қуанып, күттім. Анда-санда телефон шаламын, көп уақыт соңында жүрдім, бірақ орындамады, тіпті ешкіммен сөйлеспепті. Көңілім қалды. Шолпан жұмыс істемей, бос жүрді.

Қаскеленге келгелі, медицина қызметкерлерінің партия ұйымына тіркеліп едім, ұйым хатшысы Кислова деген мені үгітші (агитатор) етіп, әрбір партия жиынында баяндама жасатып, соңымнан қалмады. Ол кезде Кеңес Одағының бас хатшысы Брежневтың үш кітабы

шыққан: «Малая земля», «Целина», «Возрождение». Сол кітаптар бойынша баяндама жасадым. Одан аудандық партия ұйымында сыттай оқитын «маркс-ленинизм» мектебіне жазғызып қойды. Біздің облыстық аурухана ауданға қарамаса да, маған маза бермеді. Сөйтсем, еврей Кислова аудандық зертхананың меңгерушісі, біздің ауруханаға бас дәрігер болуды көздеген, талай талпынғанмен, өтпеген екен. Менің жұмысымды қадағалауда болыпты. Якупов облысқа арыз түсіріп, бар жұмысты тексерді. Тексеруші жүк машинасының жүргізушісіне, «бас дәрігер өз пайдасына, отбасына машинаны пайдалана ма десе», «иә, шешесін апар деген жеріне апарып тұрамын, Жандосов ауылындағы әпкесінің шөбін таудан тасыдым» депті. Сонымен, орнымды босаттым. Менің орныма Шарипов Бүркітбаев деген ақаққұмар, маман да емес біреуді әкеп қойды. Тура бір жыл отырды, күнде ішетіні арақ, кешкілік өзін зорға дегенде машинаға отырғызып жібереді. Тек қол қояды. Күмеков дегенді орынбасар еткен, сол басқарды. Якупов және оны қолдаушы басқалар маған тура қарай алмай жүрді. Қайран, еңбегім! Өлім ауруханада көбейді, көз алдымда үлкендер арасында дұрыс ем болмағандықтан, сүзек, ботулизмнен балалардың сары аурудың асқынғанынан бақилық болып жатты. Ешкім тексермейді, ешкім жауап бермейді. Бүркітбаевты орнынан алды, ақыры Кислова бас дәрігер болып келді. Таққа таласушы баяғыдан бар екен ғой. Басшы білімсіз болса, аурулар азап шегеді екен.

Брежнев қайтыс болған соң, М.С.Горбачев бас хатшы болып, тәртіп, әділеттік орнату, демократиялық қоғам құру, ішімдіктің түп тамырын жою, т.б. көптеген өзгерістер енгіземін деп құлшынып жүр.

**1986 жыл.** Шолпан сатушының курсын бітіріп, аздап жұмыс істеді. Мейрам арақты күнде жұмыстан кейін ішетін әдеті бар екен, жиі қалада қалып, неше күн жатып ішетін болды. Талай рет іздеп барып көрдік. Қызы әкесін жақтырмайды екен, студенттердің туған күн, мерекелері сол үйде өтетін көрінеді. Төрт бөлмелі үй кір, шаң. Мейрамның киімдері жоқ, тіпті бір киер жейдесі

көзіме шалынбады. Содан жалақысына киіндіре бастадым. Анам бір күні: «Мералы елге «Мейрам күшік күйеу болып, Қаскеленде қаңғырып жүр» депті. Қызым, еркектің сағын сындырмай, Алматыға көш, осы уақытқа дейін әкеңнің шаңырағын ұстадың, атын шығардың, Ұлғайша Амантаевна дегенде, әкең тірідей көріп, марқайып жүруші едім, Мейрамның арақты жиі ішуі – қайғылы шығар. Мен Шолпанмен қалайын, бұл қыздың да есі кірер», – деді. Мен де ойланып.

20. IX. 1986 жылы Оразбек аға өкпе обырынан қайтыс болды. Мейрамның қызы Гүлнәр 6-шы желтоқсанда тұрмысқа шықты. Жігіті Павлодардан, аты Жұман, оны тіркеуге алып, жұмысқа тұрғызды. Білімі жоқ, көк базарда жұмысшы боп істейді. Тойды «Қазақстан» мейрамханасында жасады, Мейрамның жолдастары, туыстары болды, туған інісі Мералы мен Клара келмеді. Гүлнәр шілдеден бері Жұманмен, оның қарындасымен тұрып жатыр екен. Гүлнәрдың анасының әпкесі Зәуре, оның қыздары Мейрамға: «Қызың байсыз қалмасын десең, үйді осыларға бер, жалғыз басың, әйеліңе сиясың ғой», – депті. Мейрам: «Мен Алматыда қызмет етемін, күнде барып келу қиын, үйдің жартысын берем», – дейді. Мен ештеңе білмеймін. Туыстары, Маржанның әпекелері Мейрамға қас екен. Оның себебі, Маржанның ағасының қызы күйеуден қайтып келгелі біраз жыл болған екен, Мейрамды соған қоспақ болған, ол көнбепті. Мейрам ештеңе ашып айтпайды, туыстарының әрекетіне іштей күйеді.

Мейрам екеуміз анамның жетпіс жасқа толғанына той жасадық. Күләш қызы «кәрі кісіге де той жасай ма?» деп келмеді. Балаларын жібермеді.

Қазақстанды отыз жылдай басқарған Қонаевты Горбачев орнынан алып, Ресейдің орысы Колбинді қойды. Халық наразы, ақыры 17-18.XII 1986 жылы студент жастар мен жұмысшылар ереуілге шығыпты. Алматыға ешкімді кіргізбей, жастарды Үкімет сарайының алаңында қаруланған орыс әскерлерімен қоршап, машинамен су шашып, ұрып, қыздарды шашынан сүйреп, іштерінен

тепкілеп, естен тандырып, автобустарға тиеп, қаланың сыртына, елсіз жерге апарып тастаған; құламағандарды абақтыға жауып, «бүлікшілер, ұлтшылдар, араққұмар, есірткі шеккендер» деген жаламен тергеуге алған. Радио-теледидарлардан, ақпарат құралдары ашық анығын хабарламады. Тек, менің оқығаным кішкене хабарды қоғам қайраткерлері, артистер мәлімдепті. Бәрін кейін білдік, жастар Шәмші Қалдаяқовтың «Қазақстаным» әнін айтып, «Қазақстанға қазақ басшы болсын! Әділеттік тілейміз!» деп жайбарақат шыққан. Қаншама жастардың қаны аққаны, өлгені белгісіз. Тек ереуілге қатыстың, немесе көшеге шықтық деп қарап тұрғандардың бәрін жазалаған. Әке-шешелеріне іздеу салуға тиым салған, іздегендері жұмыстан шығарылған. Масқара! Дүние жүзі дүр сілкінген! Бәрібір шетел азаматтары дүниеге паш етіп үлгерген, камера, суретке түсірген, шетелдік телевидениеден көрсеткен. Қызмет орындарында қазақтарға тиісіп, қудалай бастады. Кислова мен Якупов қуанып, маған тиісуін көбейтті. Облыстың денсаулық сақтау басқармасының кадр-мамандар бөлімінің меңгерушісі Кисловаға он күн бұрын: «Ленинградқа бір айлық білімді жетілдіруге Зердебаеваға жолдама бар, келсін, бұйрықты алсын», — деп айтыпты. Маған: «Бір күн қалды, үлгеріп барасыз ба Ленинградқа?» дейді. «Үлгеремін, барамын!» — дедім. Жүгіріп барып құжаттарды алып, ұшып кеттім. Керемет қаланың көркем сарайларын, эрмитажды еркін араладым. Ленинградтың жанында Екатеринбург қаласында Ғалияның «Артектегі» досы Маринаны оқып жүрген жеріне іздеп бардым. Екеуміз бір күн бірге болып әңгімелестік, суретке түстік. Көптен хат жазысып тұрушы еді. Ғалияның Маринаға арнаған өлеңдері де бар. Ленинградта Күләштың қызы Салтанат сауда институтында оқитын, жатақханаға іздеп бардым. Бірге қаланы араладық.

**1987 жыл.** Жаңа өмір жаныма жеңілдік әкелмеді. Күйеуі бар деген жақсы екен, оның ауыртпалығы оңай болмады. «Іштен шыққан жау жаман» дегендей, Күләш пен Қырықбай «жастары келгенде қыздарын тастап

үйленгендері ақымақтық» деп, анамның жүйкесін тоздырды. Күләйша Мейрамға мені жамандаумен болыпты. «Жұмыстан басқа ештеңе қолынан келмейді, қызы бұзық... т.б.» Мейрамның Мералысы әйелі Күләшпен бірігіп: «Ойбай, Мейрамның төріне төрт адам, есігіне екі адам отырып көрмеп еді, тұрып кетсе жетісетін болды. Алматыдағы үйін қызына қалдырып, қаңғыртып жіберейік. Гулясына керегі сол, бар амалды жасайық», – депті. «Көресіңді көрмей, көрге кірмейсің» деген, бар туыс тік тұрды. Ал, мен тәуекел етіп, Алланың басыма салғаны осы шығар, Мейрам жалғыз, мен жалғыз, тек Мейрам маскүнемдікті қойса болды деп, Алматыға жиналдым, жұмысты қалаға ауыстырдым. Таза көрпетөсекті апарып, екі бөлмені тазалап қойдым.

**Түс:** Ғалия Қаскелеңдегі аурухананың жанында, Якупов отыратын бөлме тұсынан қазылған ұзын шұңқырда ұзын сұр жыланды қолындағы таспен ұрғылап отыр. Мен өтіп бара жатып, Ғалияға: «Жыланның аты жылан, басын шауып таста!» – дедім. (IX. 1987 жыл).

2. Көп аурулар, қызметкерлер аурухананың төңірегін күрекпен қазып жатыр, мен де кішкентай күрекпен қазамын. Кислова қара көйлек киген, қарап тұр. Мен бидайды тазалап, дорбама салып жатырмын.

3. Қонаққа қырғыздар келіпті, үлкен қазанға кеспе салып пісіріп жатырмын, ет те дайын сияқты.

4. Мен Горбачев М.С. патшамен сөйлесіп, үйде отырмын, қолтықтасып жүрмін.

5. Мейрам бөлмеде, жалғыз жұмыс столында отыр, мен жанында түрегеп тұрмын. Басқа есіктен Мералы басы теке мүйізімен, иығынан төмен өзі, қолында семсер, Мейрамға айбаттанғандай, бірақ Мейрам еш қобалжымайды, мен қорқып далаға шығып жылап, «көмектесіңдер!» деп айқайлаймын. Далада ешкім жоқ.

* * *

30 тамызда Мейрамның Айнабұлақ ықшам ауданындағы төрт бөлмелі үйіне көшіп келдік. Есіктен кірерде қызы, қайынбикесі екеуі жолымды бөгеп:

– Құжатыңды көрсет? – деді. Мен мұндайды күтпегем. Мейрамға:

– Қайда әкелдің, мынау не сұмдық? – деп жатырмын. Ол қызына «ары тұр, сандалма» деді.

Біздің төсек орын кір, шашылған, үй лас, шаң, әр бөлмеде шашылған жөргек, сідік сасыған нәресте жаялықтары. Ұмытып кетіппін, сәуірде қыз туған, келіп құттықтап кеткенбіз. Сөйтсек, Гулясы бұрыннан әйеліңді әкелме, мен тұрғызбаймын деген екен. Қызы маған:

– Сен некеде жоқсың, тіркеуде жоқсың, сен тек ойнас әйелісің, оның үстіне, әкем үш жылдан бері бұл үйде тұрмағандықтан, үйге құқығы жоқ, құқығын жоғалтты, әкем маскүнем, қаңғырған, сотқа беріп, сендерді қуамын, т.б. – деді.

Ас үйдегі мұздатқышқа жолатпайды, ыдыстарымды сындырды, жүйкеме тиюмен болды. Содан тәуекел деп кетпедім, Мейрамды аядым. Он күнде Қали бауырым арқылы тездетіп некеге отырдық. Мейрам қызы үйленгенде, күйеуінің фамилиясына көшкен, соны бірде «жалғызбын» деп жылағандай болып айтып еді. Некеге отырарда Мейрамға шарт қойдым:

– Егер арақты қоямын десең, фамилияңа көшемін.

Мейрам қуанғаннан:

– Құлдық, қойдым арақты, ант етемін, – деді. Сендім. Мен үшін 45 жасымда фамилияны өзгерту – үлкен батырлық, сенімдік, кепілдік, адалдық еді!

Зердебай атамнан кешірім сұрадым. «Әйел жолы жіңішке» деген, көндім, еркекке бас идім. Барлық құжаттарды өзгерту көп әурешілікке салды.

№9 емханаға терапевт болып жұмысқа шықтым. Бір айда үйге тіркеуге отырдым. Қызы маған күліп, «еще перешла на его фамилию, дура, пожалеешь, что за алкаша вышла замуж» деді.

Бір күні үй басқармасына жолдастық сотқа шақырды. Сотқа Мералы, әйелі, әпкесі, үш баласы – Нығмет, Баян, Зәуре бәрі келіпті. Мейрам екеуміз – коммунист, сүмірейіп, қылмыскер сияқты тұрдық. Мейрамды маскүнем, үйге құқы (правосы) жоқ, шығару керек, т.б. то-

лып жатқан балағат, кінəлауцы сөздер айтылды. Сотта шешушілер орыстар, туған қызы мен інісі айыптаушы болған соң, қайтсін, сенген ғой, содан үйге келіп шын тұрамыз ба, тұрмаймыз ба, тексерді. Мейрамның жұмыс орнына, облыстық партия ұйымына да арыз түсірген, əбден жүйкемізді тоздырды ғой! Есіктің кілтін ауыстырып, кіргізбеді, кейде кетіп қалады. Екі рет аудандық сотқа шақырып, тіркеудегі шешесі Қалдықызды, Күлəштың қызы Салтанатты қалада жұмыс істеу үшін тіркелген еді, оны заңсыз деп тіркеуден шығарды. Мейрам анда-санда мас боп келіп жүрді. Əбден жаны қиналды ғой, қайтсін?!

Содан қызы ары-бері шапқылап, бізді шығара алмады. Үйді бөлісуге хабарландыру бердік. Жүйке ауыртпалығынан Мейрамның терісіне жаралар шықты. 19-шы қаңтарда теміржол ауруханасының емханасына инфекционист болып ауыстым. Жұмыс аз, жеңіл. Айнабұлақта қаптаған маса, түнімен ұйықтай алмаймын, əбден қорлық көрдім. Мен бұл үйде əйелдің үстіне тоқал боп келгендей күй кештім. Үйді ақтап, терезелерін бояп, өмірі тазаланбаған бөлмелерді тазарттым. Гүлнəр бір бөлмеден шықпай қалды.

Мына бір өлең сол кезден там-тұмдап сыр шертеді.

## ҰЛҒАЙШАҒА

Сол кезімді көп ойласам,
Басқа түсіпті уайым.
Соның, соның кесірінен,
Жүріппін ғой мұңайып.
Аллам мені аяған-ау,
Жаңа өмірге жол ашты.
Қаскеленнің қақ төрінде,
Кездестірді Ұлғашты.
Сен кездескен сол күні,
Тұман кетті ашылып.
Үйдің іші толып кетті,
Бақыт нұры шашылып,
Мен өзіңе табынған.

Қақ жарылып ақтарылам ағымнан,
Өлердей мен саған ғашық болармын.
Он жетідей – жүрісінен жаңылған,
Табынбаймын, қалай ғана, Ұлғаш-ау,
Тәулік тәтті, сәт көрмесем сағынам.
Табынамын, өзіңсің сен тынысым да, тірлігім,
Өтпес менің сенсіз, сірә, бір күнім.

МЕЙРАМЫҢ.

## ТАҒЫ ДА КҮНДЕЛІККЕ КӨЗ ЖҮГІРТСЕК

**1988 жыл.** Жаңа жылды Қаскеленде өткіздік. Қонақта Жанысбай әйелімен, Күләйша, Қырықбай, Шора, Күмісай болды. Еркектердің бәрі мас, Қырықбай есікті таба алмай құлады.

Жұмыстан мені Үштөбеге екі аптаға жұмысқа жіберді. Мейрам он күнге Орал қаласына жолсапарға кетті. Әзірбайжандар армяндармен Қарабах үшін қырылысты. Одақта саяси жағдай шайқала бастады. Күләйша тиген байы Жанайдармен ұрсысып тұратын, ажырасқан, содан бері жүйкесі қозған, мінезі долы, жанжалға даяр, ақыры, 10-шы наурызда жындыханаға түсті, барып дәрігерлермен сөйлесіп тұрдым. Бізге Мералы, Нығмет, Баян келіп, Гүнәрды жақтап, жанжал туғызып, келіп-кетіп тұрды. Мені кетіру амалдарын жасады.

1-мамырда Мейрамның 50 жылдығын жасадық. Осы уақытқа дейін Мейрамның бір досы, жолдасы жоқ, жанашыр ешкім болмағаны таңғалдырады. Бірге мектепте оқыған Кимді жолдасым деп еді, Жаңа жылда түнде мас боп келіп, ертеңінде үйіндегі бір топ қонақтарын ертіп келіп ішіп, күнімен у-шу боп, төбелесіп, ақыры бізді даттап үйден зорға кетті. Содан қатыспадық. Сол кезде менімен жолдастық қатынастағы Шәйбала күйеуімен (Рахым), Жанысбай Күләшімен, Бақжамал Ғаббасымен, Қали Баянмен (Айнабұлақта көрші болатын), Күләш, Қырықбай, Күләйша, Жеңіс,

т.б. тойладық. Ол кез бәрі мас болып ішеді, қандай қиын... Қазақтар орыстардан қалыспай ішеді, тіпті арақты тойып ішпесе, жанжал, ұрыс-талассыз отырыс болмайды деуге болады. Білімді адамдар, бірақ ақылмен ішуді білмейді.

Зорға дегенде төрт бөлмелі үй, екі-екі бөлмеден, екі ауданнан шықты. «Жұлдыз» ықшамауданында кірпіш үйде Гүлнәр қалады, біз «Орбитадағы» тас үйге жетінші шілдеде көштік. Сегізінші шілдеде Ғалияның бақи болған күні, жаңа шаңырақта құдайы тамақ бердік. Жеңіс пен Жанысбай көшірісті. Алланың көмегімен бөлек тұрдық. Қуандық.

6-24.IX 1988 жылы Мейрам екеуміз демалыс алып, Кавказдың «Цхалтубо» шипажайына емделуге бардық. Табиғаты керемет, Тбилиси, Кутаиси, Батуми қалаларын араладық. Шай өсетін алқаптарын көрдік. Лимон, апельсин, мандарин, жаңғақ ағаштарының жемісін тамашаладық. Халқы сараң, бай. Екі қабатты үйлерде тұрады, машиналары бар, ұлтжанды, тек өз тілдерінде сөйлейді. Маған родон суы жақпады, ауруымды қоздырып, денеме бөртпе-қышыма шығып, кетерде қызуым көтеріліп, қиналдым.

31.IX оң жақ бүйрегім ауырып, ұстамасы болды. 1-қарашада «жедел жәрдеммен» ауруханаға түстім. Үш рет ұстама қатты болып, тек промедол дәрісі басты. 11-ші қарашада жазылып, тексеріліп шықтым. Тас бүйректен төмен түскен. Шолпан анамды тыңдамаған, Күләш Қырықбаймен жүк машинасын әкеліп, менің үйімдегі барлық дүниені алып кеткен. Мен үйге ауруханадан келсем, шашылған шөлмектер, барлық ыдыста ет, сорпаның қалдығы... Белімді буып, жылап жүріп үй тазаладым. Сол күні Нұрлан әйелі Сезіммен келді. Ұстазбыз деп жүрген әпке-жездемнің ісі. Анамды өмірімде ренжітіп, ауыртпалық салып көрмеп едім. Ақымақтық жасаған Шолпанның кесірі. Әже болып Шолпанды жақсы көрмейтінін білетінмін. Күләштың Ерланын, Нұрланын өте жақсы көретін, түнде келсе де, жейдесін жуып, тамағын тойдырып, зейнет ақшасын соларға

жұмсайтын. Мен ешбір қызғанбайтынмын, себебі, оларды туғаннан анам бақты ғой.

Кешке Нұрлан жағдайды айтқан соң, анам, Күләш екеуі келді. Мен:

– Мама, мені байға тиді, болды дедіңіз. Өзіңіз Шолпанға ие боламын, қалаға көш дедіңіз. Біреуге тышқақ лағын тапсырса, өліп қалмасын деп иесіне тапсырады ғой. Шолпанды жұртқа тастап, «өлмесең ома қат» дегеніңіз бе? Көшерде, ең болмаса, балаларыңыз арқылы бір сөз айтпадыңыздар ма? Мен ауруханада өлгенде, өлігімді алатын ешкім жоқ екен. Соған көзім жетті. Елге күлкі, дұшпанға таба болмайын деп, барлығына көнудемін, – деп ашындым, зарландым, бұрын айтпағанымды айттым.

– Күләш, әпке болып жастайымнан қамқорыңызды, мейіріміңізді көрмей өстім. Тіпті онжылдықты мен бітіргенде жаңа шыт көйлек әпермедіңіз, сіз шифон, жібектен көйлек, елтірі жағалы тоннан пальто киетінсіз. Студент кезімде тапқан ақшама алған алғашқы пальтомды, «мен үлкенмін ғой, жаңасын киейін, сен менің ескі пальтомды ки, ендігі жылы жаңасын әперем» дедіңіз. Бердім. Әпермедіңіз. Тұрмысқа шықтым, жолдас қызымның көйлегін, аяқ киімін киіп шықтым. Сіздер, әуелі, тойыма келмедіңіздер. Оқу бітірдім, қуанбадыңыздар. Жылап-еңіреп, сарып ауруымен ауырып жүріп, оқыған едім. Әпке, жетім-жесірлікті көп жыл көргенде, жездем екеуіңіз маңдайымнан сипап, бір рет те жылылық көрсеткен емессіз. Сараңдық пен қатыгездікті ғана көретінмін. Бірақ, бас дәрігер боп, мен сіздерге көп жәрдемдестім. Енді мұғалім деген аттарыңыз бар, Шолпанды жұртқа тастап кетіпсіздер. Сіздерге таудан ГАЗ-69 машинасымен Мейрам 10 қап картоп түсіргенде, бір килограмм картоп бергенді білмедіңіз, машинаның артқы көпірі (задний мост) сынып, бір ай жөндедік. Бір машина көмір түсірдім. Таудан шөп түсіруге аурухананың жүк машинасын бергенде, түнге дейін ұстап, жүргізушінің правосын МАИ алып қойғанда, Қырықбай маған хабарламай, обл-

МАИ-ға құжат кетіп қалып, жұмысымда қанша қиындық туды. Ескірген кір төсек жаялықтарын жаңаға ауыстырамын деп, ұятқа қалдым. Сіздер үшін қолымнан келгенді істейтін едім. Көп балалары бар, жеңілдік болсын деуші едім. Неге сонша маған қатал болдыңдар? Құдай көмектеспесе, ешкімнен үміт жоқ екен, – дедім күйініп.

Анам мен Күләш түк үндемеді. Себебі, бәрі шындық. Жыладым. Сол түні Мейрам үйге келмеді, таңертең келді. Түрі жаман, беті ісік. Анам мен Күләш әбден ұрысты. Ол нан-тұз жеп енді арақ ішпеуге ант берді, кешірім сұрады.

Жеңістің әйелі Күлжамалдың аяғы ауыр екен, қан кетіп, «Қызыл крест» ауруханасына «жедел жәрдеммен» түседі. Мейрам екеуміз барғанда, сыртқа шығып, «инемен дәрі жіберіп жатыр, бір-екі күнде шығамын» деген. Екі күннен кейін Күлжамал қайтыс болды деген хабар келді. Дәрігерлердің кесірінен жас әйел түсіктен бақи болды, үш бала – жас, анасыз қалды. Жеңіс жоғары орындарға шағымданып еді, барлық медицина еврейлердің қолында, ештеңе істемеді еврей дәрігерге.

**10. І. 1988 жылы көрген түс:** Айнабұлақтағы үйдің кіре берісінің төбесі тесік, ашық, содан бір шөмеле құрғақ шөп түседі. Жоғарыдан жыртқыш аң секіріп түсіп, ас үйге барып жатады (үй басқармасынан жараланған аң екен). Түс дәл келгені-ай.

**12.І. Түс:** Шолпанның бір көзінде ақ перне – көрмейді. Мен оны жүрісінен тапты деп, қиналып ояндым...

7. ХІІ. 1988 жылы сағат 13-00-де Арменияда 10,5 балл жер сілкінісі болды. Өте зор қырғын. Спитак, Ленинакан, Кировокан жерлері жоқ боп кеткендей.

Сұлтанғали Садырбаевты жеңгеймен қонаққа шақырып, Сүйінбай атамыз туралы кітап шығарғанына алғысымызды айтып, сый-сияпат жасадық. Сұлтанғали ағай Сүйінбай туралы кино шығарарда мені, Баянды, Аманкелдіні ғана шақырғанда таңғалған едім. Әттеген-ай! Бар екейді шақыруға болатын еді-ау деп едім.

## Түстер

**1989 жыл.** Наурыз. Шетел қонақтары маған жабайы аң терісінен тон сыйлады.

Сәуір. Патшамыз Волга өзенінде маған: «Дайындал, үйіңе қонаққа келемін» деді. Екі қолымда дорба, тамақ көтеріп кетіп барамын.

27.IV. Қаскелеңдегі үйді Сейділда ақтап жатыр. Патша мені шығарып салып тұр, келемін, күт дейді.

V. Анам түсімде маған арт жағын ашып көрсетеді, жара бар екен, үңірейіп көрінеді. (Маған жасаған опасыздығы болар).

* * *

Жаңа жылдан үйдің жанындағы № 4 емханаға терапевт болып ауыстым.

13. I. Райымбек, Зердебай бабаларға, Ғалияға барып құран оқыдық. 15-ші қаңтарда Ғалияның туған күніне құдайы тамақ бердім, бауырларымды шақырдым. Жетісайдағы досым Сұлуханның қызы Гүлзира Шолпанмен тұруға келіпті. Күләйша сол күні жұмыстан бір бөлме пәтер алған, көшті. Бұрынғы біз ас бөлмесін салған үйде Нұрлан әйелімен тұрды.

Мейрам аяқтары ісіп, терісі іріңдеп ауырды. Одан өкпе қабынуы болды. Мені жүрек, тамыр аурулары мазалады.

**22. IX. 1989 жыл.** Қазақ тілі заң бойынша мемлекеттік тіл болды. Орыс тілі – ресми тіл, басқа ұлттармен сөйлесу тілі делінген. Бірақ «ресми» деген сөз қате болды.

Шолпанның түзелуі қиынға айналды.

**29. XI. 1989 жылы** түнімен қан кетіп, 30-шы қарашада ауруханаға түстім. Сөйтсем, көтерген нәрестем түсіпті. Бір апта емделдім.

**7. XII.** Шолпан есін білмей ауруханаға түсті. Бір жарым ай емделді. Мейрам Қаскелеңдегі үйдің құжаттарын жөндеп, Алматыға бір бөлмеге ауыстырдық. Мейрам екеуміз ғана Шолпанға күнде ыстық тамақ апарып тұрдық. Дәрігерімен сөйлесіп, әбден дұрыс емделуін қадағаладым. Көп азап көрдік.

**Түс:** Ғалия қыз ұзату тойына барыпты, оған екі ердің жейдесін кигізіпті. Біреуін көйлегінің сыртынан киіп алыпты, біреуі қолында, үйге келеді. Мейрам ренжіп, «неге алдың?» дейді. Мен: «Онда тұрған несі бар, берген соң алды да», – деймін. Сол кезде үйдің ар жағынан Ғалияға мінгізген қоңыр ат – жылқы келіп қалыпты.

**1990 жыл.** 22-ші наурызда үйге №4 емхананың дәрігерлерін қонаққа шақырдым. Биыл жылқы жылы, наурыз көже жасап, Наурызды тойлай бастадық. Мен мекемеде Қазақ тілі ұйымын құрдым. Ұлттық сезімім күшті. Алматыда «Ана тілі» газеті 22-наурызда жарық көрді. Қуандым. Қазақтарға жазылу, оқу туралы үгіт жүргіздім. Достарыма сыйлық ретінде жазып, оқыңдар дедім. Бұл газет алғаш дінді де көтеріп, Құранның Фатиха, Ықылас сүресін көрсетіп, құранды қалай оқуды үйретті. Мен жаттап алып, құран оқи бастадым. Ораза ұстауды алғаш естідім.

Шолпан емтиханға даярланып, тапсырып жүрді. Кейін диплом алып шықты.

Күләштың Ерланы бір жыл Шолпанның пәтерінде тұрды. Менің іскерлігімді біліп, емхананың бас дәрігері Амантай Біртанов мені терапия бөлімшесінің меңгерушісі етіп тағайындады.

Аудандық медицина мекемелерінің кәсіби мерекесіне арналған жарыс болды. Мен шашы ұзын қазақ қызын ұлттық киіммен шығардым, мейірбикелер арасында бірінші орын алды. Қазақша қабырға газетін шығарып бардық. Үш түрлі жарыстан бірінші орын алдық. 100 сом, маған домбыра сыйлады және ет турағыш аспап берді. Ертеңінде Біртанов 100 сомды әкеліңдер, бөлмеме ішімдіктер алғызам, домбыраны төріме ілем, ет турағышты бас мейірбикеге бер деді. Мен ренжіп, Қазақ тілі ұйымына керек қой деп едім, Біртанов ашу шақырып: «Қазақ тілі ұйымы, мен болған соң, ұйым», – деді. Біртановқа бәрін бердік. Ол менің қарсы шыққанымды жақтырмай, соңыма адам қойды. Мен бар білім, ынтаммен ұжымға жұмыс істедім. Қазақтарды жинап жиналыс өткізіп, әрқайсысының ұлттық санасын ояту

үшін жоспар жасап, әр жиында тарихымыз, дініміз, ділміз, тілімізді ақырындап түсіндіре бастадым. Бостандық ауданының Қазақ тілі ұйымымен байланыста жүйелі жұмыс істедім. Ұйымға қаржы жинауды келістік. Барлық мерекелерді алғаш орысша-қазақша өткіздік, Алматының көшелеріне қазақ зиялыларының есімін беруді ұйым атынан сұрап, хат жолдадым. Сол кезде Райымбек батырға ескерткіш-кесене тұрғызу үшін халық қолдау көрсетіп жатқан.

Жоғарыда жазғандай, менің атам Зердебай Райымбек бабамның жанында жерленген, кесенеге көмек үшін қазақтардан ақша жинадым. Бабамыз туралы үлкен жиын өткізіп, ғалым Сәрсенбі Дәуітұлын шақырып, баяндамасын тыңдадық. Зердебайдың баласы Есенжанның балаларына барып, атамыздың әулетіне ақша жинап берейік, аруақ разы болсын дедім. «Жарайды» деді. Алты ай күттім, жинамады, тек Күләйша 100 сом, біз 400 сом, ұйымнан 300 сом жинап, С.Дәуітұлына табыс еттім. Заңгер бауырларым Аманкелді, Дәукендер, т.б. аруақ сыйламайды, дінге сенбейтіндері істерінен, сөздерінен белгілі, ұлттық құндылықтарға көңіл бөлмейді. Әттеген-ай!

**Осы кезде түс көрдім:** Есенжановтар Грибоедова 97-де бір-бір бөлмеде көп жыл тұрып, содан пәтер алып көшкен. Түсімде бауырларым қайда, осында тұрушы еді деп, шаршап, жылап іздеп жүрмін. Сол кезде санама бір ой сақ ете түсті. Красногвардейская көшесі екі Алматыны қосып жатқан үлкен даңғыл. Осы жол арқылы кіші Грибоедов көшесіне бұрыласың. Красногвардейская көшесін Сүйінбай бабама беруін қалалық сараптаушы ұйымға хат жазу керек дедім. Биыл Сүйінбайдың туғанына 175 жыл толады, құрметіне көше атын, мектеп атын берілуін сұрап, Қазақ тілі ұйымы атынан және Сүйінбайдың ұрпақтары, жерлестері атынан тізімге қол қойып, хат жібердім. Кейін естідім, Сұлтанғали Садырбаевтың әйелі, жеңгейден: «Ұлғайша, сенің хаттарың үлкен көмек болып, Сүйінбай атама «Красногвардейкая» көшесі бұйырды»,

– деді. Мұны Садырбаев айтқан жоқ еді. Аруақтар разы болған ғой, Алланың мейірімі отбасыма болса екен деп тебірендім! Бұрынғы Ташкент көшесі – Райымбек даңғылы болды!

Одақта саяси-экономикалық жағдай шиеленісіп, қиындаған. Прибалтикада, Грузияда, Абхазияда күрделі жағдай. Армения Әзірбайжанмен қақтығысып, біздің 1986 жылғы желтоқсандағыдай оқиға болып жатты. Бұрынғыдай азық-түлік жоқ. Қымбат, бәрін талонмен бере бастады.

Мейрам жұмысынан Көкшетаудың Зеренді шипажайына жолдама алды. 18. IX. 1990 жылы демалуға кеттік. Бурабайды алғаш көрдім. Оқжетпесті, көлдерді көріп, жақсы демалып келдік.

13. XII. 1990 жылы Оразалының Қайраты үйленді.

**Түстер:** 1. III. Мейрам үшінші қабатта столда беліне дейін жалаңаш отыр, боп-боз болып кеткен, қиналып отыр екен деймін. Мен жүгіріп шығып, құшақтап, шырылдап, айқайлап, «көмектесіңдерші!» деп қорқып ояндым. (13. V. 1993 жыл).

16. III. Патшамыз көп еркектермен бірге – бәріміз демалып жатырмыз, маған мейіріммен қарап, көңіл білдіреді. Мені құшақтап сүйіп жатыр. Мейрам қызғанып қарап тұр екен.

30. X. Бір ауылға бас дәрігерді іздеп келемін. Таба алмаймын, автобус алмай қояды, жаяу таулармен келемін. Кеш болды, қорқамын, адасамын. Құдайдан көмек сұраймын, сол кезде күн жарқырап шығып, бір ауылды көрсетеді. Қуанып, қолымда екі дорба тамақ, достарыма қонаққа келемін.

13. XII. Аяқ киімімді жоғалтып жүрмін. Сүт алуға барсам, жоқ, адасып, басқа ауданда жүрмін, келе жатсам, ақшаны, кілтті үйде қалдырып кетіппін, қалай үйге кіремін деп ойлаймын.

* * *

Біртанов қалалық мәслихатқа депутаттыққа үміткер болып тіркелді. Барлық емхананың қызметкерлеріне

белгілеп дауыс жинауды бұйырды. Мен коммунист болған соң, насихатшы, сайлауда қадағалаушы етті. Бәріміз шапқылап Біртановты депутаттыққа өткіздік. Сайлау әділетсіз өтеді екен. «Орбитада» Сәрсенбі, Ізімкүл, Орысбай, Баян көрші болды. Жақсы қатынастық. Сәрсенбінің отбасы діндар, иманжүзді жандар, ораза ұстап, намаз оқиды екен. Екі ұлы – Сардар, Санжарды құран оқуға үйреткен. Маған әсерлі болды, мен де дінге мойынсұндым. Мейрам арақ ішпесе деп тіледім. Биыл ораза ұстадым. Мейрам қазақ тілінде шығатын газеттерді әкеліп оқитын болды. Біздің ата-бабаларымыз ақылды, данышпан болған, көріпкелдік, әулиелік дәрежеге көтерілген. V-VI ғасырда өмір сүрген Майқы би былай деген:

Бір заманда түрлі-түрлі халық болар,
Күндіз-түні жарық болар,
Тас қамалдан үйің болар,
Қу баладан биің болар.
Сол заманда орыс-қазақ бір-біріне үйір болар,
Сол заманда түзелуің қиын болар.

Майқы би бабамның айтқан заманында біз өмір сүрудеміз. Сана-сезімімізді улаған кеңес саясатына сай өстік және балалар да солай тәрбиеленді. Елдікті, ерлікті ойлаған ата-бабаларымыз, ынтымақ-бірліктің арқасында кең-байтақ жерді ұрпаққа аманат еткен. Бірақ ұрпақ ұсақталып, еркектердің өзі дүние соңында күнкөрісін ойлайтын дәрежеде қалды. Әр қоғамда саналы, білімді, ұлтжандылар бар, олардың жазғанын оқитын, айтқанын еститін, түсінетін ұрпақ аз, жоқтың қасы. Белгілі драматург, сықақшы, жазушы, журналист Қалтай Мұхамеджанов ағамыз партия мектебінде дәріс беріп жатқанда, бір пысық әйел: «Коммунистер көсемі Карл Маркс «Капиталды» жазғанда неге сүйенген?» деп сұрағанда, Қалтай ағамыз: «Қазақтар Маркстың үш томын үш мақалмен-ақ дәлелдеген, – депті. – I томы «Капиталдың» «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар, бәрінен де мал бағып, көтен-ішек жеген озар». II томы. «Капиталдың» өзегі «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның

тіленбей». III томы. «Сай – сайға құяды, бай – байға құяды» дегенді меңзеген.

Кеңес өкіметінде еңбек еткен адам аш болмайтын. Жұмыссыз жүру ақымақ, жалқаудың ісі делінетін. 1990 жылдан халықтың санасы өзгеріп, оларды теңдік, әділеттілік, демократия ойландыра бастады. Емші, көріпкелдер шыға бастады. Дәрісіз емдеп, құдыретті күштің адамға берген қасиетімен шипа жасайтын – Сары әулие, Ғабиден, Сәуле Бикеноваға Шолпанды апардым. Уақытша болса да көмектесті. Ақырындап, Шолпанның санасын емдедік.

Орысбайдың қызы он жеті жасында педучилищеден Нарынқолға мектепте тәжірибе өтуге барғанда, сол жердің жігіті алып қашып кетеді. Амалсыз тұрмысқа шығады. Бізді Нарынқолға тойға шақырды, мен автобуспен бардым.

**1991 жыл.** Түсімде үлкен арыстаннан қорқып қашып жүрмін.

10. III Назарбаев үйге қонаққа келіпті, мен дастархан әзірлеп жатырмын.

Емханада күндізгі ауруханадағы дәрігер Анарбек Ақанов істеді, ұлтжанды, қазақы, Қазақ тілі комитетіне сайладық. Рентгенолог Болат Сарыбаев та өлең жазатын қасиеті бар жігіт, бірігіп қоғамдық жұмыс істедік. Ақановтың мейірбикесі наурызда жүлдегер болған қыз – Айгүл, жатақханада тұратын. Орыс әйелдері ылғи тиісіп жүреді екен. Оны, ақыры, буындырып өлтіреді. Аузына арақ құяды зорлап. «Өзі өлді» дейді. Қыз Өскемендікі екен, ешкім іздеп, тексермеді. Мен естіп, шырылдап, Біртановқа бардым. «Қазақ тілі ұйымынан, мекемеден арызданайық» дедім. Сонда Біртанов: «Керегі жоқ, қазіргі қыздар бұзылған, әуре болмаңыз, араласпаймыз», – деді. Тіпті мекемеден еш көмек етпеді, біз қазақтар болып Ақановқа ақша жинап бердік. Қыздың әкесіне көңіл айтып, денесін Өскеменге апарарда сол ақшаны қолына табыстадық.

Күләштың қызы Салтанат тұрмысқа шықты. Күйеуі Бақытжан, жүргізуші болып істейді. 7-ші қыркүйекте

ауылда тойы болды. Шолпанға арналған көрпе-жастық салтанатқа бұйырды.

Мені терапиядан екі айға оқуға жіберді. Мен – инфекционистпін ғой, енді терапиядан көп білім алдым. Алматы қаласы денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Урмурзина Гүлшара отбасылық дәрігерлік амбулатория ашуды енгізеді. Дәл менің бөлімшем «Таугүл» мөлтекауданының тұрғындарына жауапты едік, амбулатория ашты. Мен оқып келгенмен, Біртанов мені қойғысы келмей, басқа меңгерушіні жібергісі келді. Менің бөлімшедегі дәрігерлерім басқаға қарсы болып, Біртанов амалы жоқ, мені бір демалыстан кейін жіберді. Бүкіл меңгерушілер арасында араздық туғызды, ешбір себеп таба алмай, бұйрық берді. Бірақ менде істейтін мейірбикені артыма салып қойды.

## Түстер

**7. VIII.** Патшамыз бір жолдасымен Қаскеленге келіпті. Көпшіліктен бөлініп, үшеуміз жайлауда демалудамыз. Біраз ұйықтап алады, мен қамқор болып отырмын. Бізді ойлайсың ба десем: «Әрбір бейсенбіде сендерді ойлаймын» дейді.

**8. VIII.** Патшаның қабылдау бөліміне кіруге дайындалып, басымдағы орамалды шешіп, шашымды жөндеп, үлкен айнаға қарап тұрмын.

**9. VIII.** Шолпан керемет ақ көйлек киген, ұзын шашын өріп жіберген, ақ моншақ таққан. «Мынандай киіммен жаяу жүрмеймін» дейді Шолпан. Сонда Мейрам ақ «Волга» машинасын есік алдына әкеледі. Әдемі әуезді ән ойнауда, біз «Волгаға» отырып кетеміз. (1995 жыл).

**15. VIII.** Мен сәукеле киіп, ұлттық киіммен жүрмін. Ат жетектеп алыппын. Қантгүлге «түйе беріп еді, атты алдым» деймін. Ол «неге түйені алмадың?» деді. «Береді ғой, сонан кейін аламын» деп қоямын. Бір демалыстан кейін түйені алдым, атты Біртанов сұрап еді, бермедім. Әумин! Әулие қолдайды екен. (1990 жылдан Алла жолына түстім).

**20. VIII.** Үлкен теңізде кеменің палубасында Нұрсұлтанмен құшақтасып билеп жүрмін. Мені мақтайды, риза, үйіне кетіп барамыз.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘҢІР ТАРТУЫ

**1991 жылдың аяғы.** Кеңес Одағында саяси өзгеріс болды. Ельцин бастаған белсенділер коммунистік жүйені құлатып, демократиялық мемлекет құрды. Олар дербес Ресей Федерациясының өкіметін жариялады. Ешкімнің санасында Кеңес жүйесі жойылады деген ой жоқ еді, әрбір халық естен танғандай күй кешті. Прибалтика, Украина, Белоруссия, Молдавия республикалары жеке мемлекеттігін жария етті. Асықпайтын қазақ 16-желтоқсанда дербестігін – тәуелсіздігін жариялады. Қазақтар дүр сілкіндік, қуанышта шек жоқ!

1991 жыл. Алғашқы Президент сайланды. Осынау қуаныш үстінде XIX ғасырдың соңында дүниеге келген, бүгінде 104 жастағы ақсақал, соғыс және еңбек ардагері, төрт баланың әкесі, 27 немере мен 31 шөберенің атасы Қалыбай Айдашұлының Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа берген батасы:

Ал, Нұрсұлтан шырағым!
Дауысымды бергенім,
Қасиетіңе сенгенім.
Бекзаттық асыл бойыңда,
Болашақ қамы ойыңда,
Ұлтты жікке бөлмедің.
Жайқалып достық дарағы,
Бар әлем саған қарады.
Жанашыр сана-салтына,
Қанат болып халқыңа.
Ал, Нұрсұлтан шырағым!
Қолдады сені парасат,
Басыңа туып дара сәт.
Лүпілдеп соғып жүрегім,

Айтатын саған тілегім:
Асылыққа Алла жазбасын,
Ұрпақтар мәңгі азбасын!
Қастерлеп өскен атасын,
Үлкеннің алып батасын.
Жапырақ жайып қарт емен,
Асқақтай түссін мәртебең!
Жолыңды құдай оңдасын,
Ләйім халқың қолдасын.
Жақсылық көксеп жұртыңа,
Тоқшылық келіп орнасын.
Ашық аспан астында,
Кәрінің де, жастың да
Өмірі гүл боп жайнасын!

* * *

1991 жылы алғашқы қазақ Тоқтар Әубәкіров ғарышқа көтерілді!

Мен ұжымда Қазақ тілі үйымының жиналысын өткізіп, бар білгенімді айтып, ақпараттағы жаңалықтармен таныстырдым. Жүгіріп Аманкелдінің үйіне (көрші) барып қуанышымды бөліссем, ол үнжырғасы түскен, «керегі не дербестіктің, біз Ресейсіз күн көре алмаймыз» дегені, мен сана, білімінің саяздығына таңғалдым. Ол орыс тілді заңгер, қазақ халқының болашағын ойлап тұрған жоқ. Мұндай ер азаматтармен қалай ел болар екенбіз?! 1990 жылдан Аманкелді Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігінің азаматтық және рақымшылық жасау мәселелері жөніндегі бөлім меңгерушісінің орынбасары болып істейтін. Сөзі әлгіндей. Әйелі Гүлжазира қалалық сотта адвокат.

Жоқ, қуанғандар, көңілі асып-тасқандар көп екен. Солардың бірі ұлтжанды қазақ азаматы Исрайыл Сапарбай:

Елдікке ерте қанат қаққан қазақ,
Сол жолда талай азап тартқан қазақ.
Арманға өліп-талып жеттің зорға,
Айырыла жаздап тіл мен салттан қазақ.

Жадыра жайлауда мал баққан қазақ,
Жігерлілер білім алып жатқан қазақ.
Енді бар игілігің өзіңдікі,
Жерден дән, таудан алтын тапқан қазақ.

Құтылдың тәуелді Отан, мақтан қазақ,
Сергек бол, сан қауіптен сақтан қазақ.
Еселеп еңбек сіңір елің үшін,
Дербестік алдың, міне, шаттан, қазақ!» –
деп жырлады.

*Мұқағали Мақатаевтың «Үш бақытым» өлеңін қосып, қазақтың санасын уштайтын сөздермен мекемеде қабырға газетін шығардым.*

### ҮШ БАҚЫТЫМ
**_М.Мақатаев_**

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

Ал, екінші бақытым – Тілім менің,
Жас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем.
Оты сөнген жалғанда жан барсың ба,
Ойланбай-ақ кел-дағы от ал менен.

Үш бірдей бақытым бар алақанда,
Мені мұндай бақытты жаратар ма!
Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,
Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға.

## ҰЛТТЫҚ НАМЫС ЖАНЫМДЫ ЖАНЫҒАНДА

**1992 жыл.** Қазақ тілінің тағдырына бар білімімді, уақытымды аянбай арнадым. Өзімізді өзіміз қадірлейтін іргелі ұлт екенімді танытып, ана тіліміздің қасиетін қастерлей білсек, беделін биіктетіп, абыройын асқақтатып отырсақ, қазақ тілі шын мәнінде егеменді мемлекеттің туы етіп ұстар тіліне айналады. Егер нақты іспен айналыспай, намысқа шаппай, жайбарақат жүре берсек, ана тілімізде жарытып сөйлемесек, не ұл-қыздарымызға, немерелерімізге үйретпесек, қазақша тәрбиелемесек, тіл сол күйінде қалады. Мен қазақ ауруларды қазақша қабылдап, медициналық құжаттарды қазақ тілінде жүргізе бастадым. Жоспар жасап, әрбір аурудың түрлеріне үлгі-жоба жасап, қазақ мектебін бітірген дәрігерлерге үйретіп, емханалық сырқатнаманы толтыра бастадық. Қазақша үйренем дегендерді ақысыз үйретуді мойныма алдым. Аптасына екі рет бір сағат белгілеп, сабақ жүргіздім. Қазақтарға балаларын қазақ балабақшасында тәрбиелеу, тіпті 4-ші сыныпқа дейінгі оқушыларды қазақ мектебіне оқуға ауыстыруды үгіттедім. «Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді», «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы», «Тәрбие – тал бесіктен басталады». Біртановты қаладағы «жедел жәрдем» ауруханасына бас дәрігерлікке жіберді. Домбыраны өзімен алып кетті. Орнына оның жерлесі Таукеев Сайлаубек келді. Мен облыста 20 жыл істегенде, ол да істеген. Облыстық аурухананың бас дәрігері болып екі жылдай істеді орнынан алған, содан қоғамдық қайырымдылық мекемесінде жүрген екен.

22-Наурыз – мен 50 жасқа келгеніме үйге туыс-жолдастарды шақырдық. Аманкелді, Дәукен әйелдерімен, көрші – Орысбай, Баян, Сәрсенбі, Ізімгүл, жекжат – Серік, Күлшара, інісі әйелімен, әпкесі Дина келді. Отырыста тәуелсіздігімізді айтып отырғанда, Аманкелді әйелімен орысшалатқанда, Баян тиісіп, намысқа келер сөз айтты. Сонымен, кетерде Аманкелді маған ренжіп, қай-қайдағы менің теңім емес кісілермен қонақ еттің деген сияқты та-

лай сөздер айтты. Сонда мен бұлар бұрынғы бауырларым емес екенін ұқтым. Бізді кемітті, қорлады, енді олармен қатысудың қажеті жоқ екенін түсіндім. Аяз би «Әліңді біл» деген, сол кеткеннен ешбір хабарласпады.

**Алматы қаласының тұрғыны**
**Ұлғайша Амантайқызы МАЕМЕРОВАҒА**
**«Алматы ақшамы» газеті**

Сізді 50 жасқа толу торқалы тойыңызбен құттықтаймыз!

Сырқатты емдеп әр шашыңыз ағарды,
Алғыс алып көңіліңіз тазарды.
Жаныңызбен емірене сүйдіңіз,
Жүрегі пәк, көңілі таза адамды.

Елу деген бұзатын жас қамалды,
Жайсаң жандар түсінеді бағаңды.
Күн астында мұң баспасын ешқашан,
Жұлдыз толы жарқ-жұрқ еткен жанарды.

*Ақ ниетпен:* **жұбайы – Мейрам, анасы – Әлила, қызы – Шолпан, әпкелері – Күләш, Күлайша, інілері – Серік, Ғани.**

**Құттықтау**

Әлилә Зердебай келінін 75 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ өмір тілейміз. Әлилә анамыз Алматы облысының Қаскелең ауданына қарасты Жандосов атындағы совхозда тұрады. Ол ұзақ жылдар бойы сауыншы болып, өз халқына адал еңбек еткен абзал ана. Бүгінде немерелерінің қызығын көріп, бақытты тұрмыста шалқып отыр.

*Ізгі тілек білдіруші,*
**балалары: Ұлғайша, Мейрам.**

* * *

Үйдегі тойыма әкелген гүлдерді құшақтап, емхананың Наурыз мерекесін өткізуге апардым. Алғаш киіз үй тігіп, ішін жабдықтап, қазақтың әдет-ғұрпын, мәдениетін барынша көрсеттік. Үйлену тойын көрсетіп, қалыңдықтың әдемі көйлегі, сәукелесімен Света Мейірбаева шықты. Әндетіп, барлығын қазақша өткіздік. Таукеев таңғалып қарап отырды. Бас дәрігер болып сөйлегенді білмеді.

*«Алматы Ақшамы» газетіне «Тұлпардың тұяғы» деген атпен мақала шықты. Ол мынау:*

## ТҰЛПАРДЫҢ ТҰЯҒЫ

Амантай Зердебайұлы айрықша алғыр, зерек болыпты, арғы атасы Жұмық Сүйінбайдың туған ағасы, ол кісі оқымаған сауатсыз адам болғанмен, көңіліне көп нәрсені түйіп өскен еркөңілді, ерке мінезді жан екен. Өз үйінде Жаманшал мен Сүйінбайды айтыстырып қойып, өзі сынап, өзі марапаттап отырады деліпті ескі жазбаларда.

Бір қызығы, ертеректе Жұмықтың айтқаны айнымай келіпті, айтысқан екеуіне үнсіз қарап отырып, «Жаманшал отбасының ақыны, өйткені онда өлең болғанмен жүрек жоқ, шаршы топта батылдық керек, ал Сүйінбай құрыштан құйылғандай мықты, алмастай өткір, бұл алты алашты аузына қарататын сәйгүлік болады: отауызды, орақ тілді ақынды бәріміз мақтан етеміз» депті ғой сабазын. Артынан бұл жағдайды Жаманшалдың өзі де мойындап: «Отбасында мен жүйрікпін, шаршы топта сен жүйріксің», – дейді екен Сүйінбайға әзілдеп.

Ұлы ақын Сүйінбай ағасы Жұмық пен інісі Оспанды сынай отырып:

Оның атын Оспан қойды,
Бақ-дәулетін қостан қойды.

Сенің атыңды Жұмық қойды,
Өл-өлгенше көзіңді жұмып қойды.
Менің атымды Сүйінбай қойды,
Дүние, шіркін, бұйырмай қойды, –

дейді екен ғой, жарықтық жолбарыс мінезді ер Сүйінбай.

Заңғар ақынның ағасына бұлайша ашына толғауының да себебі бар еді. Қызыл екей жырау науқастанып жатып: «Сүйінбайдың өлеңі өзімен бірге өледі демесін, менің өлеңдерімді қағазға түсіретін төрт хаткер әкеліңдер», – дейді. Бұған Жұмық қарсы шығып: «Хаткердің керегі жоқ, тарандар», – деп келген туысқандарын қайтарып жібереді. Сонда Сүйекең:

Атың емес, Жұмық-ай, ойың жұмық,
Бір басыңнан шығады нелер қылық.
Сүйінбайдың аты бар, өлеңі жоқ,
Жүргендей боп кеттім-ау, көзді жұмып.
Сүйінбайды апарып көмгеннен соң,
Отырарсың жотада жалғыз ұлып, –

депті. (Сүйінбай. Шығармалар. «Жазушы» бас., 1990ж., құрастырушылар: С.Садырбаев, Е.Естаев).

Алайда Жұмық та тегін жан емес, бұл кісі інісі Сүйінбайдан кейін дүние салыпты. Көз жұмарында айтыпты делінеді: Жасымнан Алатаудың асқар шоқысын, заңғар шыңын сүйіп өскен едім, сүйегім де тауымның сілемінде жатсын десе керек, ел-жұрты Жұмекеңнің өсиеті бойынша солай жаназалапты.

Жоғарыда біз сөз еткен Амантай Жұмықтың Зердебай деген баласынан туған немересі Зердекең қой аузынан шөп алмайтын момын жан болыпты. Ол кісі қашан көрсеңіз де «Аллам барда не қам бар?» деп отырады екен. Көзі тірісінде аузынан тастамай айтатыны «Мен білетін батыр да, әулие де Райымбек, сүйегім сол кісінің қасында болады, топырағым, айналайын қасиетті атамның қасынан бұйырса керек», – деп ақырын ғана күрсініп қоятын көрінеді. Расында, ол кісіге топырақ аса киелі бабамыз Райымбектің қасынан бұйырыпты.

Күллі ғұмырында Алла мен аруақ деп өткен Зердебайдың баласы Амантай өз ел-жұрты үшін жасынан аянбай еңбек етіпті.

Ол колхозда (Қарақыстақ – қазіргі Сүйінбай атындағы совхоз) жауапты қызметтер істеп жүріп, (рабочком, партком) түнде қырманның күзетін әлденеше рет келіп тексеріп, ұры-қарыдан қорғапты. Ел ішіндегі жетім-жесір, жоқ-жітікке барынша көмектесіп отырады екен. Амантайдың кезінде сол ауылда әділеттік орнапты, сондықтан ол кісі жайлы жұрт «ақ жолды Амантай» деп атапты. Ел алғысына, ауыл құрметіне бөленіп жүрген азамат халықтың басына нәубет төнген 1942 жылы өз еркімен сұранып, Ұлы Отан соғысына аттаныпты.

Иә, Ұлғайша демекші, бұдан кейін артынан ұл туа ма деген ақ ниетпен осылай «Ұлғайша» деп атаған да өзі еді. Әкенің үмітін ақтаған да осы баласы сияқты.

Ол кісіден 1943 жылы карашада «Сталинград түбінде жаумен шайқасып жатырмыз» деген хат келген екен, одан басқа дерек жоқ, не өлі, не тірі екені белгісіз. Алайда кешегі өткен ұлы атасы – «батырлардың бабасы» атанған Қарасайдың ұрпағы Амантай жаумен ерлерше шайқасып қайтыс болуында күдік-күмән жоқ еді. «Әкеден ұл туса игі, әке жолын қуса игі» деген халқымыздың ғажайып қанатты сөзін есінде берік сақтаған Ұлғайша Амантайқызы 1977 жылы көктем айында «Сталинград қайдасың?» деп тартып тұрған, он күн жүріп сабылып, ақыры сондағы атақты «Мамай қорғанынан» топырақ алып қайтыпты...

Бұл күндері Ұлғайша Зердебаева Алматы қалалық №4 емханада дәрігер болып қызмет жасайды. Еліміз егемендік алғалы бері осы ұжымда Қазақ тілі қоғамын басқарды, халқымыздың үш биі – Төле, Қазыбек, Әйтекелердің портретін салып, қабырға газетін әлденеше рет шығарғаны белгілі. Тағы бір айрықша айта кететін келелі мәселе – бес арысымыз ақталғандағы бұл кісінің еңбегі адам қызығарлық еді. Бұл – бұл ма, теңгеміз дүниеге келгендегі қуанышында шек болсай-

шы, тағы да қабырға газетін шығарып, Әл-Фараби, Абылай хан, Әбілқайыр, Сүйінбай, Абай, Құрманғазы секілді даңқты аталарымыздың өмірбаянын өз ұжымы мен күнделікті емделуге келіп жүрген сырқат жандарды жан-жақты таныстыруы бір ғанибет еді.

Иә, «орнында бар оңалар» деген осы да, Ұлғайша апамыз күйеуі Мейрам Маемеров екеуі Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан әкелері – Амантай Зердебаевты жиі-жиі еске алып, ол кісі жайында ұзақ әңгіме шертеді.

**Сәрсенбі ДӘУІТҰЛЫ.**

* * *

Менің ораза ұстағанымды Мейрам білмейді, бір күні тұра сала:

– Құран оқып, аруақтарды мазаладың. Ешқашан түсіме кірмейтін әке-шешем түсімде маған ренжулі, апам ұрысты: «Қоймайсың ба, жетеді ғой!» деді. Әкем ары тұрған, сені көріп: «Қызым, саған ризамын!» деді. Апам ашулы екен, мені алып кететін шығар, – деп ұрысқаны. Мен Мейрамға:

– Осы уақытқа дейін аруақтар қолдап-қорғап жүр ғой, арақты қоймасаң жағдайың қиын болады, – дедім. Мейрамға айтып, құран оқытып, құдайы тамақ бердік. Әке-шеше аруағы риза боп, Мейрамның арақ ішкенінен құтқар деп жалындым.

Мералы інісі армандаған мақсатына жете алмай, туған-туыстарына жамандап, «Мейрам маскүнем, жұмыстан қуылды, бір орыстың шошқаларын қорасын бағып жүр» депті. Тіпті, жиен әпкелері іздеп кеп тексерді. Мен құдайдан көмек сұраумен болдым.

Дәрігер Раушан екі бюллетенді жоғалтыпты, соны бастыққа айтып едік, ол: «Сізді орныңыздан босатамын, орнына Даушованы қоямын, сізді екінші инфекционист етіп ауыстырамын», – деді. Сөйтіп, №4 емханада инфекционист болдым, бұл орында қалу үшін, көп кедергіге кездестім, білімімнің арқасында жеңіп шықтым.

## АЛЛАҒА СЕНСЕҢ, ҚҰСТАЙ ҰШАСЫҢ!

**1993 жыл.** Кеңес мемлекеті ыдыраған соң, социалистік жүйе бұзылғандықтан, барлық республикаларда түрлі өзгерістер болып жатты. Дегенмен, жұмысым бірқалыпты, рухымыз тазалануда, санамыз өсуде, асқақ арман жолында екеніміз анық. Тілімізді қолға алып, әдет-ғұрпымызды үйреніп, білмегенімізді біліп, қазақ халқының тарихы, батыры, биі, ханы болғанын оқып, кеудемізді – еңсемізді көтере бастағандаймыз. Мейрам да санасы дүр сілкініп, газет-журналдарды көп оқиды. Мекемесінде Қазақ тілі ұйымын құрып, «Мамыр» мөлтекауданында қазақ балабақшасын, мектебін ашқанға ұйытқы болды. Коммунист билетін Ельциннен кейін бірінші тапсырып, батырлық та көрсетті.

**13-мамыр 1993 жыл.** Мейрамның қан қысымы көтеріліп, мұрнынан көп қан кеткен, жұмыстан екі жігіт қолтықтап, менің жұмысыма әкелді. Сонда қан қысымы 240/120 Нд екен, дереу барлық мамандар көмек етіп, ем бастадық. Дәрігерлер оған: «Егер өлгіңіз келмесе, арақ ішуді қою керек!» деп айтыпты. Мейрам қатты қорықты, тәубасына келді. Жалпы қанша ішіп жүрсе де, еш жері ауырмайтын.

Е, Алла, төрт ай болды ішпеді. тамызда жазғы демалыс алдық, әулиелер туралы оқып, Арыстанбаб, Қожа Ахметке барып мінәжат етсек деп армандадық. Мейрам он күнге Қарғалы демалыс орнына жолдама әкелді. Сонда демалып жатып, Түркістанның екі келіншегімен дастархандас болдық. Оларды үйге шақырып қонақ еттік, олар Темір жол торабындағы ауылда тұрады екен. Қалай баруды біліп, олармен келісіп, 25-ші тамызда бізді күтіп алатын болды. Поездан күтіп алып, қонақ етіп, Арыстанбаб әулие кесенесіне барып мінәжат еттік, түнедік, тіледік. Ертеңінде үлкен жолда машина күтіп тұр едік, жүк машинасы тоқтап, Түркістанға апаратын болды. Жүргізуші қазақ жігіті біз үшін қуанып, Алматыдан арнайы мінәжат етулеріңіз қабыл болсын деп, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің алдына ақысыз

жеткізді. Әулие бабамызға құран оқып, садақа беріп, тұрған-жүрген жерлерін аралап, тағзым етіп, жеңілденіп қалдық. Жалына Алладан тілегенім: аруақтар қолдап Шолпанның бақыты ашылса, Мейрам арақтан аулақ болса деп, отбасымызға амандық, денсаулық тілеп қайттым. 26-шы тамызда түстен кейін поезға отыруға келсек, үш күнге дейін Алматыға билет жоқ деп жазулы тұр. Енді қайтеміз, вокзалда түнейміз бе? Бірекі сағат отырған соң, Мейрам билет сатушыға қайта барды.

– Алматыға екі билет тауып беріңіз, жатар жеріміз жоқ, – десе, сатушы қыз:

– Әкеліңіз паспортыңызды, қазір бір сағатта поезд келеді, соған отырасыздар, – депті. Мейрамның қуанышында шек жоқ.

– Ұлғайша, әулие бабаларымыз мінәжатымызды қабыл етіп, көмектесті, – деді.

**Аян берген түс: 29. VIII.** Таудың үстінде киіз үй жанында Мұхаммед с.ғ.с. пайғамбар қарапайым киіммен отыр. 50 метрдей жерде алдымда күтіп Фәтима қызы тұр. Мен де қиналмай тауға шығып, Фәтима анама келе жатырмын.

Бұл күндер Мәулид айы – пайғамбардың туған айы екен. Бірден анық көрген түсіме шаттанып, Мәулид құтты болып, әрқашан болашақта Мұхаммед пайғамбарым қолдайды екен, иншалла, Түркістандағы тілегімізді Алла қабыл етіпті! – дедім.

**Түс: 4. IX.** Мен патшамен бірге жайлауда қонақтамын, мол дастархан үсті, көңілдіміз.

**11. XII. 1993 жыл.** Қаскеленде Абай мектебінің 55 жылдық кездесуінде болдым. Назарбаев қатысты, мен де бітірушілер атынан сөйледім.

## НҰР ӨМІР – ШЫН ӨМІР!

**1994 жыл.** Ит жылы. Құт жылы!

Мейрам, Шолпан ақ жолда. Отбасыма тыныштық, береке келді. Иншалла!

**11.II-13.III.** Ораза бекіттім. Бірліктен Мейрамның үшінші шешесі Жәміш апаны баласы Бексұлтан алып келді. «Ұлғайша келінмен алғаш ораза ұстаймын» депті. Қуана қарсы алдық. Апамен оразаны жеңіл өткіздік. Апа риза болып, батасын берді.

**20-22. V.** Құрбан айт болды. Шолпан құрбан шалыңдар деп ақша берді. 800 теңгеге Мейрам бір қой әкелді. Алладан қызым үшін құрбандық шалып, малдың қанымен бар күнәсін кетіріп, тұрмысқа шығып, немерелі болуды тілеп, дұға еттім. Үш бөлігін жеті үйге тараттық.

Ертеңінде түсімде: «Ибрагим ғ.с. пайғамбар!» деп айқайлапояндым. Аллам! Құрбандығымызды қабыл етіпті. Шолпан еңбегі берекелі болып, төсек орнын жаңартты, телевизор алды.

Райымбек бабаның кесенесін бітірген, барып құран оқып тұрдық. (I. 1995 жыл орындалды.)

**Түс: IX.** Үлкен көпшілік жерде жаңа, қалың, әдемі, үлкен матрац таңдап жүрмін. Төсекте көп көрпелер жинаулы тұр. (Қызымның бағы ашылады екен дедім).

Қараша айында қызым Алтаймен достасады. Ол былай болыпты: Менің курстас досым Сұлуханның баласы Берік теміржол институтында оқиды, жолдастарымен Шолпанға әпке деп келіп тұрады. Аққөңіл Шолпан студенттерді тойдырып, жағдай жасап жүреді. Алтай әскерде үш жыл болып, басқалардан ересектеу, курс жетекшісі болып жүреді. Келіп жүріп, Шолпанды ұнатады. Сонымен, желтоқсанда бізбен таныстырды. Анам үйде еді, батамызды бердік.

**4-6. XII.** Үш күн Алла ризашылығы үшін батамызды қабыл ете гөр деп ораза ұстадым!

**31. XII.** Құдалар келіп, Шолпанға сырға тақты, маған басыма орамал салды.

**28-29. I.** Жамбыл облысының, Сарысу ауданының

Байқадам ауылынан тоғыз адам құда түсіп, үш тоғыз китімен, өлі-тіріге бір қой сойып, қалың малына екі сиыр, бір жылқы атап, бес мың теңге әкелді. Шолпанды шығарып салу тойын жасадық, құдаларды күтіп, бір қой сойып құрметтедік. Тоғыз адамға тоғыз жағалы тон, пальто, костюмдер кигіздік.

**30. I. 1995 жыл.** Шолпанды келін ретінде Байқадамға алып кетті. Оған ілесіп Күләш әпкем, Ардақ досым кетті. Беташар тойын жасапты. Құдіреті күшті Алла түспен аян беріп, құлшылығымды қабыл етті!

**31. I-2. III. 1995 жыл.** Рамазан оразасын бастап, мен намазға даяр едім, балаларымның бақыты баянды — қайырлы болсын деп, намазға анаммен жығылдым! Тәуба! Иншалла! Тілегімді берген Аллаға ризашылығым шексіз. «Құдайға сенсең, құстай ұшасың, адамға сенсең мұрттай ұшасың» деген осы.

Құдалықтан кейін Күләйша үйге айқайлап келді, анам екеуміз намаз оқығалы жатқанбыз. «Сен Жеңістің Жібегіне тон кигізбей, ренжітіп, соны енесі маған телефон шалып айтты, мен де жындымын, жемпірді таңдап едім, керегі жоқ, — деп лақтырды. — Сен намаз оқып өзгерем дейсің, өзгермейсің!» — деп діңкілдеп айқайлап ұрысты. Мен жыладым. «Мама! Зорға жеткен қуанышым еді, соны да көре алмай, күйінгені-ай! Күләштың екі ұлы, бір қызы үйленді, ешқайсысынан ештеңе киген де, тиген де жоқ, бұл қалай деген жоқпын, неше мыңдап ақшамен, затпен көмектестім. Бұл қыз күйеуге мұсылманша шығып, құда кәдесін жасамаса, туыстар қайтер еді?» Анам мені жұбатып: «Қызым-ай, жыламашы, Құдайдың көзі түзу болсын, арты қайырлы болсын! Күләйша баяғыдан саған күндес деп едім ғой, көре алмай күйінгені ғой! «Долыдан пері қашыпты» деген, ол сөз түсінетін адам емес!» — деді. Мен ертеңінде Жібектің әкелген екі көрпесін, мата, орамал, конфет, коньякқа дейін орап, үйіне апарып бердім. Жеңгем Зақан сасып:

— Оның не, жай айтылып еді, — деді.

— Мен ешкімге қарыз бола алмаймын, «қайтқан малда береке бар» деген, рахмет, жақсы туыс тауып

аларсызар, – деп шығып кеттім. Әйел тонын Күләйшаның үйіне апарып бердім.

Жеңгем Зақанға олай айтқаным, баласы Жеңістің әйелі қайтыс болғанда, інісі әскерде мерт болғанда көп көмек етіп едім. Жібекті алғанда барымды жиып, Мейрам екеуміз-ақ ата-анасының алдынан өтіп, сонау Қарашеңгел деген жерге барып қайтқанбыз.

Жылда Наурыз мерекесінің жоспарын мен жасап, бастан-аяқ өткізетінмін. Бас дәрігеріміз еңбегімді көрмейді, тіпті мерекелерде сыйлық бергенде атамайды. Биыл ешбір даярланбай, тыныш отырдым. Мерекеге 2-3 күн қалғанда кәсіподақ төрайымы көмекшісімен бөлмеге келіп:

– Биыл Наурызды қайтіп өткіземіз? – дейді. Мен:

– Маемерованы мерекені өткізетін кезде еске алады екенсіздер ғой, – дедім. Екеуі қып-қызыл болып шығып кетті.

Аз уақытта бастық шақырып жатыр деді. Барсам, Таукеев ашу шақырып, тік тұр. Маған дүрсе қоя берді, айқайлап аузынан көбігі шашырап:

– Сіз кімсіз? Егер ертең Наурызды өткізбесеңіз, ісім сізбен болады! Қоғам жұмысын істемесеңіз, керегіңіз жоқ! Грош цена Вам! – деді. Мен байсалды түрде:

– Емхананың мерекелерін өткізу менің маңдайыма жазылып қойып па, өткізсін кәсіподақ, бөлім меңгерушілері, – дедім де, шығып кеттім. Ол столды тарт еткізді.

– Көрсетемін!

22-Наурызды атауға жұмысшыларды шақырыпты, жай жиналыс сияқты. Таукеев өзі:

– Наурыз – жыл басы, ұлттық мереке құтты болсын! – деп көңілсіз тарқатыпты.

Сол күні бастықтың орынбасары Тезекбаевна, өзі бір сөз қазақша білмейтін, шешесі орыс екен, менің ұлттық сезімімді, қазақша өткізіп жүрген тірлігімді жақтырмайтын, бұйрықпен таныстырды. Маған сөгіс жариялапты. Не үшін? Мен: «Жақсы, менің туған күнім – 22-наурыз, бұйрықты қолыма беріңіз, отбасыма көрсетейін,

қоғамдық жұмыс үшін сөгіс алғанымды», – дедім. Ол – ол ма, бір ай мерзімде жұмысынан себеп тапсақ, жұмыстан шығарамын және осы айдағы 0,25 ақшасын төлемеймін депті. Мен бұйрықты алып Таукеевке кірдім.

– Бір ай күтіп қайтесіз? Қазір-ақ шығарыңыз, бәрібір дәрігер қателік жасаса, мені кінәлайсыз, – дедім. Ол үндемеді. Үйге келіп қорлағаны үшін жыладым. Сол кезде КТК-ны шақырып, не звондағанда, бастықтардың бассыздығын айтып, Таукеев орнынан ұшып түсер еді. Өзімді сабырлыққа шақырып, Аллаға тапсырдым. Жұмыстан шығайын десем, үйренген ұжым Қазақ тілі ұйымының жұмысы, дін мәселесі бар, оның үстіне өз үйім де жұмысқа жақын.

**5. V. Түс.** Назарбаевпен көңілді әңгімелесіп диванда отырмыз, ол алдыма келіп отырады. Күләйша, «көп болды ғой отырғандарыңа» деп қызғаныш білдіреді.

Алтай IV курсты бітірді. Шолпанның жұмысы жабылды, маусымнан жұмыссыз. 15. VI. – 30. VII. Мейрам белдеме теміреткісімен ауырды. Медицина күніне сыйлық берді. Жұқпалы аурулар кафедрасынан тексеруге комиссия келді. Жұмысыма риза болып, бастыққа айтып, қаладағы мақтаулы КИЗ (кабинет инф-.заб) деп, мені басқа КИЗдерді тексеруге жіберуді сұрапты. Содан Таукеев бір айда жұмыстан шығармақ түгілі, аузы жабылды. Бір апта бес емхананы тексеріп, қорытындылап, әр КИЗ-дің жұмысына талдау жасап, не істеу керегін анықтап жазып бердім.

Тамыз айында құдалар Алтайдың үйлену тойын Байқадамда жасады. Тойға шақыру қағазын туыстарға өзім табыс еттім. Күләш, Қырықбай, «бармаймыз, Ерлан, Нұрлан, Салтанат базарда дүкендерін жаба алмайды, бармайды» деді. Көрші Аманкелдіге баруға тура келді, шақыруды бердім, ол селқос қана «жастардан жібереміз» деді. Қали демалыста екен, «тәте, мен барамын» деген. Той жақындағанда мазам кетті, ешқайсысы ұстатпай қойды. Жалғыз қызым ғой, бауырлардан бірнешеуі барар деп ойлап едім, ешбір себепсіз бармады. Орысбайлар да барғысы келмеді. Сонымен, анам көрші

Сәрсенбі, Мейрам аяғынан жүре алмай, терісі ісіп-іріңдесе де барды. Ойпырмай! Туыстардың қатыгездігін тағы да көрдім. «Оразалының үш баласы үйленгенде, Күләштың үш ұлы үйленіп, бір қызы тұрмысқа шыққанда бардым ғой, бұл қалайша?» деп жыладым ғой.

Құдалар Алтай мен Шолпанға тойдан ескерткіш деп ештеңе ұстатпады. Сарандықтары тас-қамалдай екен. Құдалар деп, құйрық-бауыр ұсынбады. Қонған түні менің қол (сумка) дорбамдағы бар ақшамды ұрлап кетіпті. Алтайға айттым. Таңғалдым.

Алланың құдіреті шексіз ғой. Алтай мен Шолпанды бізге асырауға тура келді. Шолпанға жұмыс табылмады. Әйтеуір қысыла қоймадық. Серік жекжатымыз бір-екі малымызды өсіретін, сол жылдары жарты соғымнан беріп тұрды. Құда қалың малға атаған малын бермеді.

Анам менімен ораза ұстады.

## Түстер

**1995 жыл VII.** Мен құданың үйінде бір таба нанды берсем алмай, екеуі екі жаққа қарап тұр. «Ей, бұларың не? Сендерге әкелдім ғой» деймін. Үндемейді. Солардың көшесіне шығып, үйіне қарасам, үйдің есігі де, терезесі де жоқ. Үйлері биік тас қоршаумен жол жағалай қоршалған. Қарап тұрып ойлаймын, қалай кіріп-шығады деп. (ескертті)

**4. IX.** Әріптес әйелдің үйінде керемет мол, дәмді түйенің етінен, өркешінен тамақ әзірлепті, құрметтеп шай береді, өте әдемі ыдыстармен қымыз береді. Жанымда ер-азаматтар. Екі әйел үлкен кілемдерді жөндеп жатыр, мен оларға он кілемді менің үйіме жеткізіңдер дедім. Бір уақытта үйімде кілемде сары бота кішкене баланы ойнатып жатыр, таңғаламын. Бота қоржынына салып алыпты баланы. *(Орындалуы 27. IX. 1996 жыл – немере Бота).*

**21. XI. 1995 жыл.** Ақ жаялыққа бөпені орап көтеріп алыппын. Оның аузына құйрық май салсам, тамсанып жейді. Мен емізейін десем, төсімде сүт мол екен. Баламызбен бақыттымыз, керемет ләззат алғандаймыз. *(27. IX. 1996 жыл).*

## ТІЛЕГЕН ӘУЛЕТІ

Құда Мейрамбек, құдағи Дәмен. Ысты руынан. Мейрамбектің әкесі Тілеген, анасы Сарқыт. Жеті атасы: Батырбек, Атамбай, Қазыбай, Құлжа, Жақау. Тілегеннің екі ұлы болған, Мейрамбекті үйлендіріп, содан кейін Алматыға оқуға жіберген. Халықшаруашылық институтының есеп мамандығын алған. Бес қыз, алты ұлды дүниеге әкелген. Қыздары жас кезінен тұрмысқа шыққан, тек Ұлзада қызы жалғыз, тұрмыс құрмаған. Ұлдары: Нұрбай, Алтай, Әлсай, Ғани, Димаш, Еркебұлан. Алтай 18 жасында әскери борышын өтеп келіп, оқуға түскен. Тілеген атасы бақилық болар алдында Алтай алты айлық нәресте екен, маңдайынан сүйіп, батасын беріпті. Әкесінен гөрі, атасына тартқан. Үлкен ұлы – Нұрбай Мақсат әйелімен бір ұл, бір қызы бар.

Қайдан естігені белгісіз, Мақсат Шолпанды өсектейді. Дәмен Алтайға ренжіп: «Кімге үйленгенсің, әкесі өгей екен, өзі тумайтын әйел екен», – депті. Алтай өзі маған айтты, біз қапаландық. Қайтейін, әр нәрсенің артын қайырлы етуін тіледім.

## РУХАНИ ЖОЛДЫ ТАҢДАУ

**8. І. 1996 жыл. Тышқан жылы.** Алтай мен Шолпан некеге отырды. Шолпан Тілегенова болды. Құтты болсын!

**5. І.** Барат күні – күнәдан арылу кеші. Арнайы 100 рәкет намаз оқып, көп тілек еттім. Аллам қабыл ете гөр!

**21. І-9. ІІ.** Оразаны анам екеуміз ұстадық, бес мезгіл намазды қаза етпей оқудамын. Биыл құптаннан кейін тарауық намазын өтедік. Тымаумен он күндей ауырдық, сонда да Алла күш берді, жеңіл өтедік. Разымыз!

Тілегімді беріп, Шолпан бала көтерді.

**2. ІV.** Шолпан Халықшаруашылық институтына жұмысқа шықты.

**28. IV.** Құрбан шалдық, қабыл етсін! Кәсіподақ 20. Алма-Арасанға емделуге жолдама берді. Осы кезде Аятүл күрсін жаттадым. Жамбыл бабамның 150 жылдық мерейтойына суретімен қабырға газетін шығардым. Баяндама даярладым. Аудандық Қазақ тілі ұйымының төрағасы Жомарт Молдахметұлын шақырып едім, ол аудан көлемінде өткіземіз. Жамбылдың келіні Алма Қыраубаеваны балаларымен кездесуге әкелді. Домбырамен бабаның өлеңдерін, әндерін айтты. Теледидение, радиодан хабар ұйымдастырды. «Алматы ақшамы» газетінде толық жазды.

Сондағы Жамбыл баба туралы жасаған баяндамам.

## АТЫ КЕТКЕН ӘЛЕМГЕ ЖАМБЫЛ АҚЫНҒА

Жамбыл Жабаев қазақ халқын әлемге әйгілеген аса биік ақын. Жастайынан әкесіне:

Батаңды маған бер, әке,
Тіліме менің ер, әке,
Жапаның ұлы ақын боп,
Жақсы істепті дер, әке!
Домбыра ұстап сөйлейін,
Күнде жасап мереке,
Мерекелі болған соң,
Елде болар береке, —

деп егіліп-төгіліп бата сұрайды.

Жамбылға бата ана сүтінен дарып сүйегіне біткен. Бала Жамбылдың тасқын талантын мұзбалақ ақын Сүйінбай бірден таниды. Жалықпай тәрбиелейді, үйретеді, батасын береді. Ұстазын пір тұтқан Жамбыл:

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сиынбай.
Сырлы, сұлу сөздерге,
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай!

Жәкең екі заманның да ұлы ақыны бола білді. Ол айтысқанда ешкімнен жеңілмей өтті. Қазан төңкерісіне дейін атақ, абыройы асқақтап «Кімсің, Жамбылмын, өлең сөзге даңғылмын» деп жауап бергені көп нәрсені аңғартады. Ұлы ақын әуелі жаратқанға, содан кейін Қарасай батыр мен Сүйінбай ақынға бас иіп өткен.

Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шапырашты Наурызбай,
Соларға кезек бермеген.
Ұлы жүздің ішінде,
Ұраным менің Қарасай.
Қарасайдың ұлымын,
Айтулының бірімін.
Нар кілемнің түрімін, — деген.

Жамбыл жекпе-жек айтыстарда тек халық мүддесін жоғары қойған, елі үшін, жері үшін аянбай айтысқан. Мәселен, Досмағамбетпен айтысқанда:

Малды санап мақтанбан,
Малында емес ел бағы.
Қорғаған жаудан халықты,
Ерлік пенен даңқты,
Елімнің күшті аруағы, — дейді.

Ал, Құлмамбетпен айтысқанда:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел ерлігін сақтаған татулықты айт, —

деп елдің арасына алалық кірмесін, ала мысық жүрмесін, ел-жұрт еңбегімен тапқанның игілігін өзі көрсін, ерліктің, батырлықтың оты сөнбесін, желісі үзілмесін, ардақтайтынымыз адамгершілік болсын. Ар-намысына қазақ баласы дақ түсіре көрмесін, — депті ғой әрі ақын, әрі батыр бабамыз. Міне, ұлы жыраудың ұлағатты арманы дәл осындай.

## ҚҰЛМАМБЕТ ПЕН ЖАМБЫЛДЫҢ АЙТЫСЫНАН

**Құлманбет:**

Жамбылды ер дейміз бе, бел дейміз бе?
Көтеремді көктемде жемдейміз бе?
Жалаң аяқ жарлыны ерттеп мініп,
Қой соңына салып бір мінбейміз бе?!
Қызықты, уа халайық, көрмейміз бе,
Жыртық тонды Жамбылдан жеңілген соң,
Тамам Албан ұяттан өлмейміз бе?
Ақын деп бір тулақты алып кепті,
Албан, суан ортаға сап көрмейміз бе?

**Жамбыл:**

Құлмамбет заманында болдың құлан,
Аузында Алла, көпірдің қолда Құран.
Арқадан кісі өлтіріп қаңғып келіп,
Албанға дінін сатқан сен бір жылан.
Шаласың ақиланып бір қиядан,
Мерт боларыңды білмейсің қапиядан.
Түбің жоқ, арғын да емес, албан да емес,
Құдайым сақтай көрсін сұрқиядан.
Оңа ма елін сатқан, жерін сатқан,
Саудагер сарт емес пе, ең әуел бастан.
Аруаққа тіл тигізбе, жүзі қара,
Арғы атам — ер Қарасай жауға шапқан.
А, Құлмамбет, Құлмамбет,
Ағып жатқан сумен кет!
Сумен кетсең, ел ішер,
Сумен шыққан бумен кет!
Онда да кесірің тиеді,
Қызарып батқан күнмен кет!
Күн де қайтып шығады,
Оттан шыққан күлмен кет!
Күлден ауру жұғады,
Қараңғы тұман түнмен кет!

Сонау қасіретті 1916 жылғы халық толқуы кезінде:

Осыған тірі отырып көнеміз бе,
Іріктеп бар боздақты береміз бе?
Болмаса елдік қылып тізе қосып,
Батырға қол бастаған ереміз бе?

Ақындық пен батырлықтың бір азамат басында тоғысуы осындай!

Жамбыл халық батырларын ұзақ жырлаған. Сұраншы батыр, Өтеген батыр, Қарасай батыр, Едіге-Шора батыр, Қабанбай, Бөгенбай батырларды, Домалақ ананы – ұлы жүздің қасиетті анасы – жырына арқау еткен.

Елдігі бола ма,
Ерлермен жауға бармаса!
Тұтастығы бұзылмас,
Өз жерін жаудан қорғаса, –

деп, жалпақ қазақ жерінің бүтіндігін армандаған.

Халықты тілмен қорғадым,
Сөз шындыққа келгенде,
Бас кессе де болмадым!

Өйткені:

Мені халық сыйламас,
Ел қадірін көрмесем.
Сараң ақын демей ме,
Сөз қолқасын бермесем.
Еңбегім жанар түбінде,
Ел үшін шаршап терлесем, –

деген.

Елдік намыс, егемендік, халықтық бірлік – Жамбыл поэзиясының алтын өзегі, үзілмес тіні.

Жақсылық жамандықты тексереді,
Кім жүйрік, кім шабаны екшеледі.
Елімнің ерлігімен мақтанамын,
Сырт дұшпан бізді көрген сескенеді.

Жамбыл – ұлы жыршы, шежіре кісі; қартайғанына қарамай, барлық қазақ эпосын, өзіне дейінгі ақындар айтысын түгел жатқа білген. «Көрұғлы», «Манас» дастандарын 15 күнге дейін жырлаған. Орыстың белгілі жазушысы Леонид Соболев қарт ақынды неше

күн тыңдап: «Бұл не деген ғажап, Жамбыл миллион жол өлеңді жатқа біледі, оның бір басында сақтаулы» деп таңқалған, жазған.

Алыптар аузымен айтылған сөздер қаншама!

**Мирзо Тұрсын-Заде:** «Қазақ халқы Жамбыл сияқты ұлы жыршыны дүниеге келтірді. Оның өлеңдерін оқыған кезде көз алдыңа Алатау елестейді. Жамбылдың поэзиясы ғасырлар бойы жасайды, ешқашанда өлмейді. Ең биік шың – адамның жүрегі. Жамбыл өзінің поэзиясымен сол шыңға жол таба білді және ол шыңды бағындырды», – десе, **Николай Тихонов:** «Жамбылға қарттықтың даналығын берген. Уақыт оны болашақты сезіне білу қасиетінен айыра алмады. Мен бұрын ол жайында ойлағанда, тым ұзақ жасады ғой, қазіргі заман жаңа бір эпос сияқты болып, қалтқысыз әділ өнердің тағы бір жаңа дерті болып қана көрінетін шығар деуші едім. Кенет мен қиырдан есіп қияндағы қыр еліне жеткен Балтық желіне төсін ашып, осынау Ленинград қорғаушылары сияқты түн баласы кірпік ілмей жүрген Жамбылды көрдім», – деген.

**Шыңғыс Айтматов:** «Жамбыл – мейлінше күрделі құбылыс. Көпшіліктің көз алдында отырып өлең жырды табан астында суырып салып төгіп айту – жұрттың айтқанындай ең жоғары мәртебелі өнер. Тек күшті өзіне мықты сенген, айтар ойын өлеңмен жатқа төгетін, ақындық шабыты шалқыған майталман өнерпаз ғана солай жырлайды».

**Мұхтар Әуезов:** «Жамбыл творчествосының негізгі мотивтері мен идеялық, тарихи тамырлары тікелей оның алдында өткен Махамбет, Сүйінбай, т.б. шығармасында жатқан жоқ, әлдеқайда – сан халықтың әрі сан ғасырлық сонау көне заманғы эпосында, тарихи жырларында, аңыздары мен әңгіме, хикая мұраларында жатыр».

Жыр алыбы Жамбыл Ұлы Отан соғысы кезінде халқына тірек, жауынгерлеріне айбат берген жырлар айтты, сонау Нева бойындағы балаларына арнап «Ленинградтық өренім!» деген айбатты, қайсарлы өлеңі

бір дивизия күшінен кем әсер берген жоқ!

Асылдан соққан ақ семсер,
Келемін мен де қайыспай!
Тот баспадым, сынбадым,
Өзімді-өзім шыңдадым.

Адам біреуге иек артып масылдыққа салынбай, өзін-өзі тәрбиелеуге тиіс дейді. Бір өлеңінде айтылған «Жамбылдың халық үшін қалған жаны» деген қанатты сөзін халық мақалға айналдырып жіберген.

**Жамбылдың халық үшін қалған жасы**

Жасаса тағы жүз жыл жасын Жамбыл,
Халық үшін төрге төсеп төсек ету.
Ағарған сақалы мен шашын Жамбыл,
Көтерген көкке төбе тірелгенше.
Иеді көпшілікке басын Жамбыл,
Өңім – қарт, өмірім – жас қажымайтын,
Қуатым – заманымның шарапаты.
Жамбылдың халық үшін қалған жасы,
Тынымсыз күні-түні етпек қызмет.
Жамбылдың кәрі жаны, домбырасы.
«Жамбыл менің жәй атым,
Халық менің шын атым», –

дегеніне шүбәсіз сеніп, кеудені қуаныш кернейді. Осындай алып ақыны бар халық та бақытты болуға құқығы бардай.

Әлемге, бүкіл ата жұртқа көптеген жырлары аударылып, кең тарап, ат-есімі кереметтей кең жайылған ең алғашқы қазақ баласы – Жамбыл Жабайұлы.

Жамбыл! Өзінің шығармашылық кезеңінде-ақ, дүние қуып, мал жиғаннан, бай болып, билік құрғаннан, әкім болып елге тізе батырғаннан, халықтың мұңын мұңдап, жырын жырлағанды әлдеқайда адал іс, абыройлы қызмет деп білген. Ақын ақындық өнерді өлең шығару деп қана ұғынбай, шындықты, әділдікті, адамдықты қорғаудың басты құралы деп бағалаған.

Халқының тарихындағы «1001 түн», «Шахнама»,

«Ләйлі-Мәжнүн», «Көрұғлы-Сұлтан», «Тоты-Мамай», «Сейіт-Баттал», «Қыз Жібек», «Орақ мамай» т.б. ірі дастандарды жатқа білген.

1934 жылдан бағы жанып, 88 жасында кемеңгер ақын атанып, мемлекет қамқорына алынады.

1936 – «Еңбек Қызыл Ту» ордені;

1938 – «Ленин ордені»;

1939 – «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

1941 – Совет Одағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді.

Москваға төрт рет барған, басқа республикаларда көп болған. Бүгінде Жамбыл музейі, мавзолейі бар. Бір облыс, бір қала, бірнеше аудан, көптеген колхоз-совхоз, мектептер. Жамбыл атында. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті, тюрколог әнші Алма Қыраубаеваның шәкірттері Танакөз Ілиясова өзінің Жамбылдың 150 жылдығына арнаған өлеңінде:

Бір ғасырдың шежіресі сөзінде,
Мың адамның бақыты бар өзінде.
Тілегің ақ, ойың сенің оң еді,
Домбыра мен өлең болған қорегі.
Ғасырлармен бірге жасап келесің,
О, даламның ерек туған ГОМЕРІ, – дейді.

**Университеттің талантты жас ақыны Дәулет Қасенов:**

Ақын жыры – ақын елдің ұраны,
Ақын атың әлдилейді қыр әні.
Жамбыл жыры қайталанған сәт сайын,
Жамбыл – қазақ дегім келіп тұрады,
Жамбыл – қазақ дегім келіп тұрады! –

деп жыр арнайды.

Алматыда 1939 жылы халық ақындарының слетінде Жамбыл атамыздың айтқан мына бір өлеңі бүгінгі Егемендік алған жас Қазақ мемлекетінің болашағына берілген батадай емес пе?!

Көктей түс Отанымның шаттық бағы,
Келші ұшып, сайрай түсші бұлбұл тағы.

Бұлбұлдай шаттық жырын ақтарыңдар,
От жүрек еркіндіктің адамдары.

Жамбыл қазақты танытса, қазақ Жамбылды бүкіл дүние жүзіне паш етуде. Соның куәсіндей біздің әңгімеміз дәлелдесе, біз қуаныштымыз.

**Ұлғайша Амантайқызы МАЕМЕРОВА,**
*дәрігер. 10. 07. 1996.*

## НЕМЕРЕ ҚУАНЫШЫ

**27-қыркүйекте** сағат 11-30-да Шолпан дүниеге қыз әкелді. Бақыттымыз, баланың қырқына дейін бізде болды.

**9. XI.** Бөпеге бесік тойын жасадық, бесікке бөледік. Менің анам немереме өз атын — Әлила деп қойды. «Менің жасыма келсін» деді. Ана ретінде тілегім орындалып, рухани байлығым артып, діни тақырыптағы барлық материалды жинап, көпшілікке жеткізуге тырыстым.

Профессор Берікбай Сағындықұлының «Ғаламның ғажайып сырлары» кітабын оқып, 18 мың ғаламның сырларын біліп, дін туралы қабырға газетін шығардым. Орбита мөлтекауданында №145 мектептің жартысы қазақ мектебі болдатын, орыс балалар жарылғыш зат қойып, есігін бұзып, қазақ балаларына тиісіп, бұзақылық көбейді. Ата-аналар жиналып шеру ұйымдастырды. Мен де емхананың қазақтарын жинап, шеруге қатысып, жоғары қазақ мектебін жеке салуға қаулы шығардық. Соның арқасында алты айда қазақ мектебін салды. Ол №145 мектеп болды. Енді ол мектеппен қатынас жасап, мерекелерге оқушыларды шақырып, мен мектептің ата-аналарының жиналысында қазақша жұқпалы аурулар туралы дәріс оқып жүрдім. Мектепке қазақ тілінде тазалық бұрышын ұйымдастырдық. Желтоқсан оқиғасының он жылдығын үлкен даярлықпен өткіздік. Желтоқсанға қатысқан, оған арнап өлең шығарған Әбиірбек Тінәлиев домбырамен зарлағанда,

көпшілік көз жасына ие бола алмады. Желтоқсан құрбандарына арнап пісіріп әкелген шелпектен көпшілік дәм татты. Басқа емханалардың бас дәрігерлерін, әкімшіліктен, Жомарт Молдахметұлы бастаған топ қатысты. Желтоқсанның нәтижесі, баянды тәуелсіздік болсын деп, патриоттық өлеңдер оқылып, әндер шырқалды. Қазақтың тарихи тұлғаларынан стенд, желтоқсан батырларын паш етер мақалалармен қабырға газетін шығарып, ілдік. Сондағы даналар сөздері былай боп келеді.

**Төле би:**

«Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін,
Руға бөлінген – у ішсін».
«Төртеу түгел болса, төбедегі келеді,
Алтау ала болса, ауыздағы кетеді».

**Қазбек би:**

«Ақылы елден артылған,
Ақылың болса, мақтан!
Ынтымағы жұрттан асқан,
Жақының болса, мақтан!»

**Әйтеке би:**

«Ашу деген ағын су,
Алдын ашсаң арқырар.
Ақыл деген дария,
Алдын басса тоқырар».

**Мағжан Жұмабаев:**

«Ұлт дегенде көпіріп,
Жарайсың қаным, қайнадың.
Ұлт үшін жаным садақа,
Бекіндім, басты байладым».

**Ахмет Байтұрсынов:**

«Қазағым, Елім!
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді, оянып!»

**Емханада шығарған қабырға газетіндегі материалдардан:**

*Иманның шарттары:*

1. Алланың барлығына сену.
2. Алланың періштелеріне сену.
3. Алланың кітаптарына сену.
4. Алланың пайғамбарларына сену.
5. Ақырет күніне сену.
6. Тағдырға сену.

*Исламның шарттары:*

1. Иман ету: Алладан басқа ешбір тәңір жоқ екеніне, Мұхаммед пайғамбар Алланың құлы, әрі елшісі.
2. Намаз оқу – күніне 5 рет.
3. Ораза ұстау – жылына 1 рет.
4. Зекет беру – дәулетті адамдар үшін.
5. Қажыға бару – өмірінде бір рет.

## ҒАЛАМНЫҢ ҒАЖАЙЫП СЫРЛАРЫ

1. Алла – бір, жалғыз, ешкімнен тумаған, ешкімге мұқтаждығы жоқ. Ешбір жанды, жансыз дүниенің қолынан келмейтін, ғажап сырға толы 18 мың ғаламның иесі. Жерді, 9 планетаны жаратқан. Алланың 999 есімі бар. 99 есімі құранда жазылған.

2. Алла Нұр – Мұхамедтің нұрын жаратқан.

3. Материяны жаратқан: Бақи материя – ғарыш, күрсі, 7 пейіш, 7 тозақ; Фәни материя – топырақ, от, су, жел. Бұдан Жер, Ай, Күн, Юпитер, Шолпан, Меркурий, Нептун, Марс, Уран, Сатурн.

4. Періштелер әлемі. Періштелер нұрдан жаралған, саны белгісіз, адамға көрінбейді, Аллаға мүлтіксіз қызмет етеді – Жәбірейіл періште пайғамбарларға Алладан аян жеткізіп тұрған.

5. Пайғамбарлар: Адам Ата мен Хауа Ана; Мұса пайғамбардың қасиетті аса таяғы болған, сол арқылы

Ніл дариясын екі айырған, түрлі ғажап істер жасай алған; Сүлеймен пайғамбар; оның қасиетті Гаухар жүзігі болған, жүзікті сипағанда сарайлар, мешіттер пайда болған. Сүлеймен пайғамбар барлық құс-жануарлардың тілін білген; Иса пайғамбар – бір күлшемен көп халықты тойдырған, соқырдың көзін ашқан, тағы басқа қасиеттері болған.

6. Мұхамед пайғамбар Алланың соңғы пайғамбары болып саналады, ислам дінін адамдарға таратушы. Мұхаммед пайғамбар ақ пыраққа мініп жеті қат көкке зымыранша ұшып, пейіш пен тозақты аралаған. Алламен тілдескен, бірақ жүзін көрмеген. Халыққа түрлі ғажап сырларды көрсете алған; айды екіге бөлуді көрсеткен, өлген адамды тірілткен. Алла мұсылмандарға 40 рет күніне намаз оқуды бұйырған, сонда Мұхаммед пайғамбар неше рет Аллаға барып, намазды күніне бес рет оқуға рұқсат алған. Мұхаммед пайғамбар Алладан пенделерінің күнәсін кешіруін неше рет сұрап өлгенге дейін тәубасына келіп, Алладан кешірім сұраса кешірім жасайтындығын айтқан.

7. Әулиелер – Алланың сүйген құлдары, олардың да ғажайып қасиеттері болған. 365-тей әулиелер белгілі. Мысалы, Қожа Ахмет Йассауи, Бекет ата, Қарабура, Райымбек батыр, Қорқыт ата, Қарасан, тағы басқа әулиелер: Түктібай, Сүйінбай, Сарыбай, Жамбыл, Қайназар, Арыстанбаб, Баба түкті шашты Әзиз, Айша бибі.

8. Шайтан әлемі: – шайтан оттан жаралған, 300 мың жыл ғылым, білім меңгерген, періштелерді үйреткен, пейіште болған. Адамды жаратқанда Аллаға наразылық білдіреді. Адамға құлшылық етуге қарсы болады. Пайғамбар Әзәзіл кейін Ібіліс атанып жерге қуылады. Көп жыл, ғасыр азап көреді, содан Аллаға келіп кешірім өтінеді. «Ешкімнің еңбегін жемеймін деуші едіңіз, ақыма үш тілегімді беріңіз» деп сұрайды:

1. Ақыретке дейін өлмейін.
2. Азапсыз өсіп-өнейін.
3. Адамға көрінбей қанында Ханнас болып жүрейін

дейді. Алла тілегін қабыл етті. Адамға 7 жасқа дейін шайтан ештеңе істей алмайды, 14 жасқа дейін әлсіз, содан бастап Адамның қас жауы – жалқаулық, мейірімсіздік, арсыздық, жын түрлі адам түріне еніп адамды арбайды, тарихта белгілі шайтан патша адамдарды түрлі құдай дәрежесіне дейін көтерген. Ақ шайтан – мұсылмандарды сиқыршы, балгер, бақсы жасаған. Қазіргі заманда солардың дәуірлеп тұрған кезі. Мысалы, Шелекте ұйғыр Фархат өзін құдай деп жариялаған.

**9. Құлшылықты неден бастау керек?**

1. Жан дүние тазалығы.
2. Дене тазалығы – дәрет алу.
3. Ас тазалығы – адал еңбекпен табу.
4. Таңертең тұру – қайырлы таң айту, амандасу.
5. Күнәні кешіру, өтіну.
6. Бала тәрбиесі – Алла жолын ұғындыру.
7. Ораза, намаз, зекет, қажылыққа бару.

10. Жұма – мұсылмандар үшін қасиетті күн. Бұл күні мұсылмандар дәрет алып, таза киініп мешітке барып жұма намазына қатысуға парыз. Үйде жеті шелпек пісіріп, құран оқып, садақа беру сауапты.

* * *

«Жаның – Алланыкі,
Жүрегің – Еліңдікі.
Ар-намысың – өзіңдікі,
Азап – ақылдыныкі,
Рахат – ақымақтыкі,
Көр – жердікі,
Жер – соның бәрі жер.

* * *

Жетім жыласа – жер жылайды,
Ер жыласа – ел жылайды.

* * *

Жер – жетімді жұбатады,
Ел – ерді жұбатады,
Ер – кімді жұбатады?

* * *

Таққа – бақ бас иеді,
Баққа – тақ тас үйеді.

* * *

Білім тозбайды, ақыл азбайды.

* * *

Адал болмай азаматпын деме,

* * *

Мал үшін таласпа, ар үшін талас.

* * *

Жақсымен сөйлессең, көңілің ашылар.

* * *

Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен.

* * *

Қиянатқа көнбе, әділеттікке атса да көн.

* * *

Ар жазасы – бар жазадан ауыр.

* * *

Көп тыңда, аз сөйле.

* * *

Ақыл – ауыздан, мерей – көзден.

* * *

Тіл буынсыз, ой түпсіз.

* * *

Ауруын жасырған, жазылмайды.

* * *

Көз – нұрдың ұясы, көңіл – сырдың ұясы.

* * *

Өзге елдің оты өз еліңнің түтініне татымас.

* * *

Қонақ – атаңнан да үлкен.

* * *

Білім – бақтың жібермейтін қазығы.

* * *

Қалған көңіл шыққан жанмен тең.

* * *

Орынды мысқыл – оқтан өткір.

* * *

Именіп жүріп көрген игіліктен,
Қарсылап жүріп көрген бейнет артық.

* * *

Ана үшін аянба – ант ұрады,
Бала үшін аянба – бетің күйеді.
Ел үшін аянба – ерлігіңе сын,
Жар үшін аянба – жігіттігіңе сын.

**1997 жыл.** Қаңтардың 10-ынан анам екеуміз ораза ұстадық, тарауық оқыдық. 26-шы қаңтарда Күләйшамен бірге өскен бауыры – Мұсабай жүрек ауруынан қайтыс болды. 54 жаста. Бір ай бұрын Күләйшаны ертіп, жағдайын білуге барған едік. Балалары жас, өзінің емдеуге ақшасы жоқ екен, тұрмысы нашар. Мен Мұсабайға: «Машинаға отыр, өзім еш ақысыз емдеймін», – дедім. Көнбеді. Күләйша үндемеді. Мұсабай қарапайым, аққөңіл жан еді. Артында бес жасар ұлы, жетінші оқитын қызы қалды, Күләйша солардың бірін асырап бақса, қандай сауап болар еді.

Анам белі ауырып, оны емдедім. Мейрамның аяғында суламасы іріңді экземамен ұзақ ауырды. Бұл ауру созылмалы, 1995 жылда да қатты ауырған. Тізесінен төмен екі аяғының, екі қолының білезіктен төмен терісі шіріп түсіп, жаңа тері шықты. Тері институтында емделді, қатты қиналды.

**Түстер: 25. II.** Дәрігер Зәуре аурухана бөлмесінде жерде қара киіммен ауырып жатыр екен. Менің төрт кілтімді көп уақыт ұстап, бергісі келмейді. Жақсылықты білмейді екенсің деп, кілтімді алып, жылап шығып кетемін. (үй ауыстырылды 1997, 1999, 2004 ж.)

**28. II.** Тұнық теңізде жүзіп жүрмін.

**28. III.** Үлкен сиырды жайқалған тауға, өріске жайылуға айдадым; бұзауын Ғалия екінші тауға айдап барады. «Өздері келеді ғой жайылымнан» деп, көңілдіораламын.

**29. III.** Халық алдында мінбеге шығып сөйлейтін кезде қараңғы еді, жарқ етіп шам жанды.

* * *

20-шы наурызда Наурыз мерекесін өткіздік. Ауданнан қонақтар шақырдық. Аудандық, қалалық Қазақ тілі ұйымы мені 55 жылдық мерейтойыммен құттықтады. **Құттықтау:** «Біз Сізді дәрігер ретінде ғана емес, тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілі – Ана тіліміз, қазақ тілінің шынайы жанашыры, қамқоршысы ретінде жақсы білеміз. Ана тілін дамытып, ұлттық сана-сезімді оятуға қосқан Сіздің үлесіңіз ұлан-ғайыр. Біз сол үшін де құрмет тұтып, қадірлейміз.

Ұлағатты Ұлғайша Амантайқызы, алдағы уақытта да биіктерден көріне беріңіз. Отбасыңызға амандық-саулық, өзіңізге ұзақ ғұмыр, баянды бақыт тілейміз!»

С.БАТЫРШАУЛЫ,

*Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы.*

* * *

«Сіз бүкіл саналы ғұмырыңыздың 30 жылын адам жанының арашасы, ақ халатты абзал жан атанған **ДӘРІГЕРЛІК** қызметке арнадыңыз. Бұл саладағы еселі еңбегіңіз өзіңіз қызмет еткен жылдардағы тамаша табысыңызбен ерекшеленіп, сан рет марапатталдыңыз да.

Бүгін біз Сізге деген шынайы сезімімізді мына бір жыр шумақтарымен өрнектейміз.

Жасадыңыз бір ғасырдың жартысын,
Жақсылықтар жүзіңізді шарпысын.
Жүзге жетіп, немерелер той жасап,
Аман болып, алыңыз Сіз бақ шыңын.

Алда талай қызықтарды көріңіз,
Дидарыңнан шаттық нұрын төгіңіз.
Немеремен, шөберемен, шөпшек көр,
Той-думанға тола берсін төріңіз!»

Б.БЕЛҒАРА,

*Алматы қаласы әкімі аппараты Тіл басқармасының бастығы.*

* * *

«Жас Алаш» газетінде мен туралы журналист Шүкір Шахайдың көлемді мақаласы шықты. Еңбектің ақталғаны ғой!

Енді сол мақаланы да назарыңызға ұсына кетейін.

## НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ – БІРІНШІ, МЕН – ЕКІНШІ

*болып Абай атындағы орта мектепті алтын медальмен бітірген едік, – дейді Алматы қаласындағы №4 емхананың дәрігері Ұлғайша Амантайқызы МАЕМЕРОВА*

...Ұлғайша Амантайқызының Абай атындағы орта мектеп деп отырғаны – Алматы облысының Қаскелең ауданында. Қарап отырса, бұл мектептің іргетасының қаланғанына да елу жылдан асып барады екен. Осынау білім ордасының жарты ғасырлық мерейтойына еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қатысты.

Қатысатыны – Нұраған аталмыш мектептің 1958 жылғы түлегі. Түлегі болғанда қандайы десеңізші! Кәдімгі – осы мектепті бітірушілер арасындағы тұңғыш алтын медальдің иегері.

Ол кезде Нұрағаңның Қазақстанның тұңғыш Президенті болатынын кім білген? Бірақ, мектеп ұстаздарының да, оқушыларының да білетіні – Нұрсұлтан есімді қарадомалақ баланың алғырлығы, білімділігі еді. Сөйтсе, ешкім қателеспеген екен. Абай атындағы мектептің тұңғыш алтын медаль иегері араға бірер жылдар салып, еліміздің тұңғыш Президенті болды. Міне, ұстаздар көрегенділігі, ұстаздар тәрбиесі мен білім берулерінің нәтижесі! Енді мына жайға қараңыз: Нұраған мектеп бітіріп кеткеннен кейін араға екі жыл салып, яғни 1960 жылы дәл осы білім ордасын Ұлғайша Зердебаева есімді инабатты да көрікті, білімді де тәрбиелі талдырмаш қыз бітіріп шықты. Ұлғайша да алтын медальмен тәмамдады. Бірақ, бірінші емес,

Нұрағаннан кейінгі – екінші жүлдегер. Енді, осы орайда тағы бір жайға көңіл аударыңыз: «Мектепті алтын медальмен бітірдің» деп Нұрсұлтан Әбішұлын ешкім әлпештеп, жоғары оқу орнына қабылдай қойған жоқ, керісінше комсомолдық жолдамамен Теміртауға жіберді. Нұрағанның одан кейінгі өмір жолының қалай өрілгенін көбіміз білеміз. Әдемі жол, нақты да сенімді жол. Ал, осы мектепті алтын медальмен бітірген екінші жеңімпазымыз – Ұлғайша Амантайқызының тағдыры не болды? Асықпаңыз. Ұлғайша да комсомолдық жолдамамен ауылдағы сиыр фермасына сауыншы болып орналасты. Былайша қарасаң мектепті алтын медальмен бітірген түлектер үшін қиянат та сияқты. Бірақ, шын мәнінде солай ма? Әрине, жоқ. Зер салсаң, мұндай бастамалар сол замандағы жастарды еңбекке, өмір сүруге баулудың алғашқы баспалдақтары екен-ау. Одан ешкім жаман болмайтын көрінеді. Өйткені, өмір тәжірибесі соны көрсетуде. Бүгінде тіпті бөлек.

Ал енді, комсомолдық жолдамамен ел үшін жұмыс істегеннен Нұрсұлтан Әбішұлы да, Ұлғайша Амантайқызы да білімдерін жалғастыра алмастан көш соңында қалып қойған жоқ. Керісінше, еңбек етудің не екенін түсінді және оны біліммен ұштастыра білді. Кейін екеуі де оқуға түсті, білім алды, мамандық алды. Нұрағаң металлург болса, Ұлғайша мектеп бітіргеннен кейін бір жылдан соң Алматы мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне түсіп, оны 1967 жылы бітіріп шықты. Содан бері де отыз жыл өтіп кеткен екен. Бәрі де ойдағыдай болды деу әбестік шығар. Шынын айтса, балалық шақ та өз қиындығынсыз өткен жоқ. Әкесі – Амантай марқұм осы Ұлғайшасының туғанына алты ай толғанда Ұлы Отан соғысында – Сталинград түбіндегі ауыр шайқаста елі, жері мен Отаны үшін қайтыс болды. Ол кісінің жұбайы – бүгінде сексен жастағы Әлилә апамыз сол кезде небәрі 25 жаста ғана еді. Үш қызымен жесір қалды. Ең кенжесі – осы Ұлғайша. Енді, міне, сол Ұлғайшасы ел сыйлаған, ел таныған үлкен азамат болып отыр. Жауапты қызметтерде де болды.

Медициналық институтты бітірісімен Ұлғайша Амантайқызы жолдамамен Еңбекшіқазақ ауданына қарасты

(Алматы облысы) Қырбалтабай кеңшарындағы ауруханаға дәрігер болып орналасты. Мұнда үш жыл еңбек етіп, азды-көпті тәжірибе жинақтаған соң Ұлғайшаны 1970 жылы осы ауданның «Жаңашар» ауылындағы ауруханаға бас дәрігер етіп тағайындады. Қолы шипалы жас дәрігердің одан кейінгі еңбек жолы астана түбіндегі «Түймебаев» кеңшарындағы ауруханада бас дәрігер ретінде (1972-1981 ж.ж.) жалғасты. Ал, 1981-1987 жылдар аралығында Ұлғайша Амантайқызы Қаскелең қаласында орналасқан Алматы облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының бас дәрігері қызметін атқарды. Содан бері қалада – астанадағы №4 емханада дәрігер. Еңбегі де елеусіз емес. Омырауында «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі соның айғағы іспетті. Қоғамдық жұмысты да негізгі ісінен бір кем санаған емес. Өйткені, емханадағы «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы ретінде атқарылар қыруар істер кейінге ысырып қоюға болмайтын, жауапкершілігі жоғары шаруалар ғой. Қазіргі кезде шүкіршілік, ана тіліміз мемлекеттік тіл ретінде мәртебесі биіктей түскен жоқ па? Бірақ, жасырары жоқ, тіліміз әлі біз ойлағандай дәрежеге жетпей жатыр. Себебі – белгілі. Айтамыз да қоямыз. Ал, егер тілімізді құрметтеу, аялау Алматы қаласындағы дәл № 4 емханадағыдай болса, алға қойған мақсатымыздың пәленбай проценті баяғыда-ақ орындалар еді-ау, шіркін! Өйткені, осы емханада науқастардың амбулаториялық карталары, сілтемелер, бұйрықтар, тағы басқалар қазақша толтырылады. Міне, осындай іргелі істердің басында қашанда Ұлғайша Амантайқызы жүреді. Тіл тағдырын, ел ертеңін ойласаң – осылай ойла!

Бүгінде елімізді Наурыз мерекесі аралап жүр. Бұл мейрамымыз да көп жылдан кейін сағындырып жеткен еді ғой. Енді болмағанда келешек ұрпақ Наурыздың не екенін білмей қалатын жағдайға жете жаздаппыз. Енді, міне, шүкіршілік, егемендігімізді алып, оң-солымызды танып-біліп жатырмыз. Атқарылар шаруалар да жетерлік. Бірақ, сондай істердің басы-қасында Ұлғайша Маемерова сынды азаматтардың жүргенін ойлағанда, біз де бір марқайып қаламыз.

Шүкір ШАХАЙ.

* * *

Наурыз тойы ерекше. 22-Наурызда күн мен түн теңеліп, бар тіршілікке жан кіріп, қыстан оянып, қимылдай бастайды. Қызыр бабам келіп бата береді.

Бірі едің жоғалған қазынаның,
Төріне кел, Наурыз, жазираның.
Ырыс әкел, құт әкел, бақыт әкел,
Мейрамысың сен ұлы Азияның!
Басы барлық ырыстың,
Басы барлық ұлы істің.
Құтты болсын Наурыз той,
Ұлы күні ұлыстың!
Күй нөсерін төгейік,
Жырдан моншақ өрейік.
Уа, жамағат, ал енді,
Әнге кезек берейік!
Ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын,
Қайда барсаң жол болсын!

Екі күн шаңырағымызда әріптестерді, дос, көршілерді қонақ еттік.

Біздің немереміз Әлила – Бота еңбектеп, тістері шығып, бізді көрсе қуанады. Бір бөлмелі үйде еңбектей алмады-ау деп, Шолпанның үйін сатып, үстіне 1500 доллар қосып, «Орбитадан» екі бөлмелі пәтер алдық. Алтайлар қуанып, бір ай өздері жөндеп, тазалап, ақтап сырлады. Мен Ботаны бақтым. Алтай әкесінен 100 доллар сұраса, бермеді. 7-ші мамырда О. 4-32-2 пәтерге кірді. Мен бір ай жүрегімді емдедім.

Қазақ елінің теңгесінің құрметіне үлкен қабырға газетін шығардық. Теңгені безендірген бейнелер. Алғаш дүниеге теңге былай келді: 1 теңге – Әл-Фараби, 3 теңге – Сүйінбай, 5 теңге – Құрманғазы, 10 теңге – Абай, 20 теңге – Әбілқайыр, 50 теңге – Абылай, 100, 200, 500 теңгелер – Әл-Фараби. Әрине, алғаш тарихи тұлғаларды тануда қуандық, дегенмен кейін қате екенін түсінген соң, барлық теңге бір үлгіде мемлекеттігімізді, ұлтымызды, жерімізді, бар болмысымызды паш ететін болып шықты. «Көш – жүре түзеледі» деген.

23. VIII. 1997 жыл. Анам 80 жасқа толды, Ерландар Жандосов ауылында түнделетіп той жасады. Мен етік, көйлек сыйладым. Сұлухан досым Жетісай қаласынан келіп, қымбат, әдемі ұлттық шапан жапты. Оразалының Розасы анама алтын сақина тақты. Анамды суретімен газетке шығардық. «Тойдан тобықтай» деген, Күләш әпкеміз бір адамға тәберік деп, ең болмаса бір бет орамал бермеді. Шолпан Әлёканы көтеріп барған, кетерінде анам шырылдап: «Ұлғайшаның немересі бірінші келді ғой, қолына бірдеңе ұстат», – деді. Бәріміз тұрмыз, Күләш: «Ештеңе жоқ!» – деді. Ұялғаным-ай! Менің немереме құтты болсын айтпаған еді, ендігі қылығы мынау.

Ботамыз бір жаста жүрді, сегіз тісі бар, тілі ата – «әтә» деп шықты, Мейрамды ерекше жақсы көреді, ол оны күнде ойнатады. Әлиланы – «Ботам, Ботам» деп атаған Мейрам, біз көбінесе Бота дейміз. Ботаның тұсау кесу тойын тойханада жасады. Ырым етіп, дастарханды мол ғып көпшілікке орамал тараттым.

**9. VIII. Түс:** Ұзын бойы да әдемі, ақ көйлек киген пайғамбардың қызы Фәтима пірім маған дәмді қымыз құяды, разымын.

**31. X.** Ботаны алып бәріміз Байқадамға тойға поезбен бардық. Құданың Ғани, Әлсай деген екі ұлының үйлені тойы болды. Үйдің алдында дастархан жайған, палатка тікпеген, қар-жаңбыр жауды. Мен бала қарадым.

**29. XI.** Қырықбай 60 жасқа толғанын тойлады, оған Күләш 9-шы қаңтарда 60 жасқа толғанын қостық деп шақырды. Кешке қараңғыда Күләш жалғыз өзі қазан басында жүр. Үш келіні, қызы – бәрі 1990 жылдан алып-сатар базарда, дүңгіршектері бар, сауда жасайды, қолдары тимейді. Жолдастарын шақырған, күн суық, қар қалың еді.

**10. XII. 1997 жыл.** Қазақстан астанасы – Ақмола қаласы болды! Халқым аман болып, мәртебесі зор болсын!

Сен менің Ақмоламсың,
Сен менің бақ қаламсың.
Ұлыңа баспанасың,
Халқыңа астанасың.

## ЕСЕНЖАН ҰЛДАРЫ ТУРАЛЫ

Немере бауыр. Менімен 1992 жылдан ешқайсысы қатыспаған. Күләштан 1994 жылы Аманкелді анамның паспортын үш айға сұрап алады, себебі, үйін кеңітуге керек депті. Үш ай емес, үш жыл анамның куәлігін бермей қояды. Осы жылдар Ұлы Отан соғысына қатысқандар, олардың отбасына өкімет заң шығарып, талонмен арнайы дүкендерден май, ет, т.б. алып жүреді. Соғыстың біткеніне 50 жыл толғанына байланысты, пәтер алуға мүмкіндіктер туады. Аманкелді заңгер, менің анамды өз анасы деп (Зердебаева Алила), күйеуі соғыста қайтыс болған деп, есебін тауып, үш бөлмелі жаңа салынған үйден пәтер алады. Күләш үш жылдан кейін Аманкелдімен ұрсысып, шешеміз зейнеткер – ауылда көмір түсіргендегі жеңілдіктерді де пайдалана алмадық деп зорға куәлікті алады. Аманкелді Астанадан үй алды.

Оразалы Беріктас, Үлгілі ауылдарында басшылық қызметтерде істейді. Әйелі Роза совхозда есепші болады. Дәукен облыстық прокуратурада абақтыларға жауапты қызмет істейді. Қали ОБХС-те істеп жүріп, жүрегі ауырған екен. Жеке машинасын да өзі жүргізеді. Барлығы жер алады, Дәукен жеке үш қабатты үй салыпты. Есенжан атамның балаларының тасы жоғары өрмелеп, бақ-дәулет жолын таңдапты. Осы кездерде Мейрамның інісі Мералының Заңғар деген ұлы қарындасының күйеуін өлтіріп қояды. Мералы Дәукенді тауып, баласын құтқаруды сұрайды. Қолдарында заң, Заңғар бір жыл да отырмай, абақтыдан шығады.

Орбита мөлтекауданында Рашид, Қайрат тұрғандықтан, Шолпан жалғызсырап оларды үйіне қонаққа шақырды. Келмеді, менсінбеді. Қатынас жалғаспады.

Жеңістің апасы Зақан немереме өзі келіп құттықтап, бата беріп кетті. Аманкелді 1990-жылдан 1999-шы жылға дейін Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігінің азаматтық және рақымшылық жасау мәселелері жөніндегі бөлім меңгерушісінің орынбасары болып қызмет істеді. Зақан апаның үлкен баласы ішімдіктен істі болып, апа Аманкелдіге келіп, жәрдем

сұрапты. Көмектеспеді. Күлшаруан әпкеміздің де баласы істі болыпты, оған да қол ұшын бермеген, не ақыл қоспаған. Зақан апа екі ай Аманкелдінің балаларын баққан еді. Жеңіс Аманкелдінің , Дәукеннің үйлерін жөндеуге көп көмектесті.

1998 жылы, қаңтар – Рамазан айы болды. Сона Мейрам бата берді.

Қазыналы жеріміз болсын,
Күшті дамыған еліміз болсын!
Қолыңда Құранның болсын,
Имандылық – ұранның болсын!
Түндеріміз шуақты болсын,
Қарттарымыз қуатты болсын!
Ұл-қыздарымыз өнегелі болсын,
Үлкенді құрметтейтін көрегенді болсын!
Көңіліміз кең пейілді болсын!
Жүректеріміз мейірімді болсын,
Халқымыз тоқ болсын.
Уайым-қайғысы жоқ болсын!

25-ші қаңтар. Қадыр түні. Жиырма рекет тарауық, тасбих, екі реттен төрт рекет арнайы намаз, қажет, нәпіл намаздар, тасбих, құран оқыдым.

30-қаңтар. Айт намазы, мерекесі, жұмыста он бес адамға дастархан жасадым. Алла бар тілек құлшылығымды қабыл ете көр! Мейрам ораза ұстады.

**Түс.** Назарбаев медицина мекемелерін аралап қарап жүр, маған: «Дұрыс ақпарат жинашы?» дейді. Мен шай ішуге шақырдым.

18-сәуір. Достарымен табиғатқа шығып тойлағанда, тасқа шығып суретке түсірерде, аяғы тайып, сол қолының шынтағын быт-шыт сындырды. Ота жасап, сүйектерін жалғастырып, гипске салды. Ботаны 20-шы сәуірде емшектен шығардық. Азап көрдік.

**2-ші мамыр** Мейрамның 60 жылдық мерейтойын жасадық. Туыс, жолдастарды шақырдық. Құдалар келді. Қырықбай келмеді.

Алпыс жас мерейтойына Мейрамды суретімен құттықтауды «Алматы ақшамы» шығарды:

Алпыстың келіп тұрсыз асқарына,
Уақыт қалай өткен қас-қағымда.
Керек қой салиқалы сіздей кісі,
Қазақтың желкілдеген жастарына.

Ең ғажайып адамның туған күні,
Ата-ананың салтанат құрған күні.
Құттықтайық, халайық, адамдарды,
Құтты болсын Мейрамның туған күні!

Тілегім – мақсат-ойың орындалсын,
Кеудеңнен шаттық, бақыт орын алсын.
Халқыңды сүйсіндірсін мол еңбегің,
Сол еңбек өшпестей боп артта қалсын!

Жұбайың Ұлғайша, балаларың Шолпан, Алтай, Ботаң.

## «ҚАЛАМГЕРДІҢ» ХАБАРЫ

*Қазақ радиосының Алтын қорынан алынды.*

**09. 05. 1998 жыл.**

**І. Д:** Әуе толқынында «Қаламгер».

**ІІ. Д:** Жазушы Дінәш Нұрмұхамбетұлының «Әкесін аңсаған қыз» атты деректі әңгімесінде Ұлы Отан соғысының қаһарманы, Сталинград майданының құрбаны Амантай Зердебайұлы туралы сыр шертеміз. Хабарға Алматы қаласындағы №4 емхананың дәрігері, еңбек ардагері Ұлғайша Амантайқызы Майемерова қатысады.

**І. Д:** Мен кейіпкерді көрген жоқпын, сөйлескен де жоқпын, бірақ мен бұл адам туралы көп білем, шын мәнінде көп білем... Амантай Зердебайұлы – қазақтың қара баласы, Ұлы Отан соғысының қаһарманы, Сталинград майданының құрбаны. Кешегі «Кеңес» дейтін үлкен елдің жерін қорғаған, елін қорғаған азамат. Жаңа айттым ғой, «мен бұл адам туралы көп білем» деп, көп білетінім – мен ол кісінің бүгінде сексеннен асқан жарымен сөйлестім. Ол кісінің күйеуіне деген сағынышын, зарын, мұңын сезіндім.

Соғыс, сен талайды жылаттың, талайдың көз жасын көлдеттің. Мен Амантайдай азаматтың жарымен, қыздарымен және ұрпағымен сырласу барысында соны анық сезіндім. Бұл тек бір шаңырақтың ғана емес, барша адамның Ұлы Отан соғысында құрбан болған әкені, құрбан болған жарды сағынған адамдардың көз жасының мұңы екенін байқадым. Мен Амантай Зердебайұлының қызын жақсы танимын. Ұлғайша Амантайқызы – біздің астанамыз – Алматыдағы №4 емхананың дәрігері, еңбек ардагері, бүгінде үлкен, ардақты ана, немере сүйген әже.

Амантай, мен сені көрген жоқпын, майданда қайтыс болдың, бірақ мен сенің ұрпағыңды көрдім, қызыңмен әңгімелестім, немереңмен сөйлестім, шөбереңнің әлдиін естідім. Бүгінгі әңгіме – өзің туралы, сен қаһармансың. Бұған ешқандай дау жоқ. Сенің соғысқа дейінгі еткен еңбегіңнің жемісін сездім, түсіндім, зерттедім. Қазір студияда өзіңнің қызың Ұлғайша Амантайқызы отыр. Қазіргі әңгіме Ұлы Отан соғысының қаһарманы, Сталинград майданының құрбаны – Амантай Зердебайұлы, сен, сенің ұрпағың жайында.

**Д.Нұрмұхамедұлы: – Ұлғайша Амантайқызы, мен сіздің әкеңізді сағынатыныңызды, аңсайтыныңызды, оны мақтаныш ететініңізді жақсы білемін, себебі сізбен талай әңгімелескен кезде осы бір қиналыспен, толқып отырып әңгіме айтасыз. Осы жайлы, әкеңіз туралы – Амантай Зердебайұлы туралы, жалпы Ұлы Отан соғысының қаһармандары туралы, ерлер туралы – жалпы әкелер туралы бүгін не айтар едіңіз?**

**Ұ.Амантайқызы:** – Ол үлкен әңгіме ғой. Менің әкем Амантай 1901 жылы Алматы облысының Жамбыл ауданы Қарақыстақ қыстағында туған екен, жастайынан зерек болған кісі. Әкемді көрмесем де, әкемді көрген кісілерден естуім бар, анамнан естігенім бар. Халқын сүйген, елін сүйген азамат. Белсенді, жастайынан өзінше молдадан оқып сауатын ашқан. Кейін Совет өкіметі кезінде білімін жетілдіріп, тіпті хатшылық деңгейге дейін көтерілген кісі екен. Мен әкемді айтса, барлық әкелерді ойлағандай шығар, жылағым келеді, себебі әкенің аялы

алақанын мен көрген жоқпын. Мен алты айлық нәресте кезімде әкем соғысқа аттаныпты, «Отаным үшін!» деп. Ол кісіге қалуына болады екен, бірақ өзі сұранып кетіпті. Себебі, өзі жоғары қызметте істеп жүргендіктен шығар, анам айтады, «Мен басқа ер-азаматтардан артық емеспін, мен де Отанымды қорғауым керек» деп, бәрін тастап, аттанды» дейді. Содан Сталинград майданына кеткен, содан 1943 жылы қараша айында соңғы хат келеді, сол жерден құрбан болғаны туралы. Жетімдікті өте сезініп өстім, өзім мектепте оқып жүргенде жанымдағы қыздардың, балалардың әкелері келгенде, сондай бір қызушылықпен қараймын. Қандай бақытты деп санайтынмын, әкесі барлардың бәрі бақытты деп қарайтынмын. Сөйтіп жалтаңдап өстім ғой, бірақ ол кісінің тастап кеткені – «Отан үшін кетті» дегені қуанышты сезім тудырады. Ол кісінің жалғасымыз ғой. Сондықтан жылағаныңмен, ол кісі келмейді, сол кісінің ізі болып, артында тұяғы болып қалу керек. Кішкентайымнан әкемді көрген кісілер айтатын, «осы, әкеңе сен көп тартқансың» дейді. Үш қызы болған әкемнің, өзі жасы қырықтан асқанда көреді де, сосын ұл болмағаннан кейін бе, ұл сияқты болсын деп атымды «Ұлғайша» қойыпты. Маған бір сенім артқандай сезінетінмін. Амантайдың шаңырағын ұстап жүрдім көбінесе. Менің анам: «Осы сені тәте, апа демей, сенің әріптестерің «Ұлғайша Амантайқызы бар ма үйде, ол кісі қайда?» деп сұрағанда, сенің әкең тірі жүргендей сезінемін, қуанамын ылғи, сен әкеңді тірілттің ғой», – деп айтады. Сөйтіп енді, әкемнің азаматтығына лайықты болуға тырысып, жастайымнан еңбек ету керек, оқусыз, еңбексіз сол әкемнің арманын ақтай алмаймын ғой деген сезіммен жастайымнан ерінбей еңбек істедім. Енді не айтуға болады, әрине әке туралы көп толғануға болады...

**Д.Н. – Ұлғайша Амантайқызы сіздің әкеңіз Ұлы Отан соғысында қайтыс болды, оны сіз білесіз. Сталинград түбінде қалды, ерлік көрсетті. Енді бүгінгі әңгіме о бастан жасаған ерлігі туралы айту емес, әке туралы, Ұлы Отан соғысының жауынгері туралы ой**

**толғау ғой. Сіз о бастан ол кісіні іздеуге талпынып, соғыста болған жерлеріне барған жоқсыз ба?**

**Ұ.А.** – Әкемнің еңбек еткен жерінде болайын деген ниетпен әрекеттендім. Ол кісі Қордай ауданында үлкен қызметтерде жұмыс істеген деп естимін ғой, документтерден білемін. Содан өзім тәуекелге бел байлап, анамды ертіп алып 1977 жылы Қордай аудынындағы қазіргі Михайловка селосына барып, сол кезде әкеммен бірге жұмыс істеген, қызметтес болған ер кісілерді іздедім, таптым. Мен сол кезде ол кісілерден әкем туралы айтыңыздаршы деп сұрадым, әкем қандай болған еді деп. Олар әкемнің адал болғанын, еңбекқор екенін, өз халқын қорғағанын, сол кісілердің өздерінің аузынан естідім. Әкем туралы осылай естігеннен кейін, мен сол кездегі ауданның хатшысына хат жаздым. Менің әкем туралы осылай айтып жатқанын, бұны мен үшін, маған естелік үшін неге қағазға түсірмеске. Сөйтіп жазғаннан кейін маған хабар келді. Аудан хатшысы бәрін ұйымдастырып, арнайы журналист жіберіпті. Ол кезде мен 1972-1981 жыл аралығында қазіргі «Түймебаев» совхозында бас дәрігер болып жұмыс істеп жүрген кезім болатын. Сол жерден осы Алматыдағы Жазушылар одағына келіп айттым. Мен әкемді аңсап жүрген бір қыз едім, ол кісі осындай болған еді деп. Міне, соны дәлелдейтін хат келді, ауданнан газетке хабар ұйымдастыруын сұрадым.

**Д.Н. – Сіз Сталинград қаласына бардыңыз ба?**

**Ұ.А.** – Иә, бардым, ол енді бір өте қатты толғаныс болды, Сталинград қаласында Отан қорғаушыларға арналған ескерткіш сол кездегі ең керемет ескерткіш. Мамаев қорғаны дейді оны. Соны көрдім.

Осы жылы Совет үкіметінің біраз жерін араладым. Мамаев қорғаны алып ескерткішіне кіре бергеннен бастап жыладым. Содан жаңағы жауынгерлердің фамилиялары жазылған тақтаға қараймын, қарасам өңкей қазақ азаматтарының фамилиялары жазылып тұр. Әкемнің фамилиясы Зердебаев Амантай деген шығып қала ма деп қарап тұрмын, таба алмадым, сол жерден жылап шықтым. Қаны төгілген жер ғой деп

топырағын алып қайттым. Кейін 1980 жылы Жазушылар одағына келіп осы жағдайды айтып, 9-Мамыр күні «Жетісу» газетінде әкемнің суретімен мақала шықты.

**Д.Н. – Мен сол сіз жазған мақаланы оқығанда қатты толғандым, әсіресе баланың әкеге деген сағынышы жақсы жазылыпты. Қазір ғой оларды бағаламай, әкелерімізді қарілер үйіне беріп жатырмыз, ал біреулер сіз сияқты аналар әкені сағынып іздеп жүр. Әрбір басқан қадамын қымбат көріп жүр. Осы материалдың құндылығы сонда екен. Келесі сұрағым: бүгінгі мереке күнінде – жеңіс күнінде ұрпақ туралы сіздің ойыңызды білгім келеді.**

**Ұ.А.** – Үлкен әпкем Күләш Зердебаева мұғалім болып істейді, қазір зейнеткер болып отыр. Енді әкеміздің немере-шөберелері, әпкемнің қазір 3 ұл 1 қызы бар, содан өрбіген шөберелері бар, менің қазір немерем бар. Одан кейін ортаншы қызы бар, ол кісінің баласы жоқ. Осы 9-ы күні әкеміздің аты жазылған жерге барып, басына құран оқытып қайтатын әулетіміздің әдеті. Қазіргі Түймебаев ауылы деп аталады, осы қаладан алыс емес, сол жерде көп жыл қызмет еткеннен кейін, ескерткіш тақтаға атын жазғызып, топырағын қойғанмын. Сол кісінің аруағына құран оқу үшін өзім құран оқуды үйрендім, өзім мұсылмандық, имандылық шарттардың бәрін орындаймын. О дүниеде Алла алдында жүзі жарық болса деп тілеймін, баласы ретінде.

**Д.Н. – Сіз енді әкеңіздің суретін көрдіңіз, анаңыз ол кісі туралы айтып тұрады, әкеңіз бір рет болсын түсіңізге кірді ме?**

**Ұ.А.** – Ой, осы менің бір арманым – сол кісіні түсімде көру, қанша ойласам да, қанша қиналсам да сол кісіні түсімде көрмедім. Бірақ сезем, ол кісінің аруағы әрқашан қорғап жүретінін. Мына дәрігер мамандығы өзі халыққа, адамға көмектесу, оның ауырмауын қадағалау, тезірек жазылуына себепкер болу ғой. Осы адам баласына кім жақын, адамға қалай көмектесуге болады деген 9-шы сыныпта шығарма жазғанда, сол кезден бері дәрігер болуды қаладым. Жалпы, біздің тұқымда



Біздің отбасымыз.
Анам Әлила,
қыздарым Ғалия,
Шолпан
және өзім.
1975 жыл



Туыстар Күләйшаның тойында. Анам Әлила, Қали, Баян, Жеңіс, Жібек, Болат, Света, Алтын, Алтай, Шолпан және мен. 2009 жыл



Бауырларым Секен, Шора және келіндер Гүлбаршын мен Күмісай



**Дәукен мен Банудың тойында.
1974 жыл**



**Бауырым Асан, келін Алма**



Бауырым Оразалы,
құдағи Роза. 2008 жыл



Бауырым Қалшеңгел
келін Аққулмен



Алтынбек
пен
Несібелі

## ДОСТАРЫМ МЕНІҢ!



**1980 жыл. Қаскелеңдегі Абай мектебінде сыныптастарыммен кездесу. Ұстазым Рахметолла Қатталов, мен, Жанысбай, Жолдыбике, Рая, Биғайша, Өзипа, Шәйбала, Әділ, Серік, Әсия, Света**



Достарым – Дінәш, Зергүл



Туыстарым Сара, Майра Мақаш досыммен




**Әріптесім Ләззат**




**Досым Кенжегүл**



**Қайыржан, Тазагүл, Зейнеп, Шәйбала. 2008 жыл**



Алматы қаласындағы №4 емханадағы әріптестеріммен бірге. 2000 жыл

дәрігер жоқ. Ал иманды адам, адамгершілігі бар адам әрқашан халқына көмектеседі, жақсы көреді. Осылай көмек көрсетіп қиналып жүргенде, әкемнің аруағы әрқашан қолдап жүретін сияқты. Ал енді осы аруақтарымыз разы болса деймін. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» дейді ғой, сол сияқты ұрпағымыз әрқашан ата-бабаларын еске алып отырғаны абзал ғой, өте сауап.

**Д.Н. – Ендігі қоятын сұрағым, осы жеңіс күнінде халыққа, елімізге не айтар едіңіз, ана есебінде, Ұлы Отан соғысының батырының қызы есебінде?**

Ұ.А. – Жалпы, Жеңіс күні ол қашанда Жеңіс күні болу керек. Біздің аталарымыз біз үшін, ұрпағы үшін елін, жерін қорғау үшін аттанды. Әрине, қорғап қалды да, ал егер қорғай алмаған күнде не болары тек бір Аллаға аян. Сол үшін де біз оларға құрмет көрсетуіміз қажет, ардақтауымыз керек. Мемлекет тарапынан да, біз сияқты азаматтар тарапынан да көмектесуіміз керек, жағдай жасауымыз керек. Оларға көңіл бөлуіміз қажет. Ана ретінде менің айтқым келгені, ең алдымен аңсаған Тәуелсіздікке жеткенімізге қуанамын, мақтан тұтамын. Бірақ өкінетін жағдай: қазір біз өзіміздің тілімізді, салт-дәстүрімізді жоғалтып алдық, сол үшін әрқайсымыз келешек ұрпағымызға қайтадан санасына сіңіріп, белсенді түрде жалықпай ұлттық рухта немерелерді қазақ балабақшада, мектепте, отбасында тәрбиелеуіміз керек. Тәуелсіздігіміз баянды болсын!

**Д.Н. – Әңгімеңізге көп рахмет, қуаныпта жүздескенше, сау болыңыз!**

* * *

Қарасай бабаның 400 жылдық мерейтойына үлкен айтысқа бардық.

11. IX. Жамбыл ауданында той болды. Сүйінбей, Қарасай батыр туралы:

Үйсіннің бір батыры – Шапырашты,
Жауына жаны ашымас, қаны қас-ты.
Соларда бір бала өсті – ер Қасасай,
Қақ жарған атқан оғы қара тасты.

1998 жыл. Талғат Мұсабаев ғарышқа ұшты. Елді –

ер, ұлтты қыз сақтайды. Рухы бар адам – Ер, рахымсыз адам – Ез. Біз ер, батыр білімді ұрпақ тәрбиелейік!

19. XII. 1998 жыл. Оразаны Мейрам екеуміз ұстадық. Қыс айы жеңіл өтуде. Тарауық оқудамын.

13.I. Қадір түні. Құран түскен түн. Қадір түнінің құлшылығы бір мың айда жасалатын құлшылыққа тән. Сол себепті таң атқанша ұйықтамадым. Алла күш-қуат берді. Тарауық, 4 рекет арнайы намаз, 100 реттен Қадір сүресі, Ықылас сүресі, 100 рет Сәбханаллаһ, 100 рет Алхамдуллаһ, 100 рет Астаһфураллаһ, 100 рет Лә иллаһа илла Аллаһ, 4 рекеттен қажет, өтініш намаздарын өтедім. Оразаның алғашқы он күні Алланың рақымы, он күні күнәнды кешіреді, он күні тозақ отынан құтқарады екен. Иншалла! Ораза ұстау – тек Алла ризашылығы үшін екен, сауабын Алла ғана береді.

18.I. Айт мейрамына жұмыста дастархан жайып, құран оқып, жиырма бір кісінің сауабын алдым. Алла бар тілегімді қабыл ете көр!

## КҮНДЕЛІК СЫР ШЕРТЕДІ

**1999 жыл.** 10. I. Президенттік сайлауда Назарбаев 82% дауыспен, ресми патша болды! Шолпанның аяғы ауыр, күніне 13-14 сағат ұйықтайды. Ботамыз бір жас сегіз айдан сөйледі, балабақшаға тез үйренді. Күллі ұрпағымыздың тұнық бастауы – қыздар, әйелдер, аналарымыз. Ата жолына салатын сарқылмайтын қасиет, «Ананың ақ сүтінен аттама», «Ананды Меккеге үш мәрте арқалап барып қайтсаң да, өмірлік міндетіңнен құтыла алмайсың», «Елдің құты – әйел», «Әйел қырық шырақты», «Аяғын көріп асын іш, анасын көріп қызын ал», «Жерді су біріктіреді, елді қыз біріктіреді», «Абысын тату болса ас көп, ағайын тату болса ат көп».

8-Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арнау:

1. От – Ана, Отан – Ана, Жер – Ана;
2. Ана тілі – ой өсіреді, ана сүті – бой өсіреді.
3. Әйел – үйдің туы емес пе, бала – көздің нұры емес пе?!

4. Әйелдер әр отбасының берекесі, қызығы, жалғасы, тағдыры. Қыз өссе – елдің көркі.

5. Ақылсыз әйел – аздырады, ақымақ әйел – тоздырады.

6. Әйел жерден шыққан жоқ, ол да ерекектің баласы, ерлер көктен түскен жоқ, әйел – оның анасы.

7. Жақсы әйел – жігітке біткен бақ, жақсы жер, жайлы қоныс – алтын тақ.

8. Әйел сені, сен әйелді сүйгенсің,
Сен әйелден, әйел сенен сый көрсін.
Өз елінің Ұлы болам деген жұрт,
Әйелдерге құл болуды үйренсін.
Сыйла әйелді, жоғарыдан бер орын,
Көтер оның мерейі мен беделін.
Әйеліңді сыйлағаның, ол сенің
Өз анаңды мәңгі құрметтегенің.

*Тұманбай Молдағалиев.*

9. **Мөңке би** атамыз:
«Анасы жақсы қандай-ды,
Арайлап атқан таңдай-ды.
Әйелі жақсы қандай-ды,
Жарқырап жанған шамдай-ды.
Келіні жақсы қандай-ды,
Тындырып жаның жайлайды.
Осылар түгел сай болса,
Көңілің сөйтіп жай болса,
Береке-ырыс, бедел, бақ,
Ізіңнен қуып қалмайды», –
деген.

Наурыз айындағы 8-22. Ш. Мекемеде үлкен даярлықпен қонақтар шақырып, дүрілдетіп атап өттік. Бөлім арасында жарыс өткіздік, қабырға газетін шығардым. Барлығын қазақша өткіздік.

17 наурыз 1999 жыл. Жанел немерем жарық дүниеге келді. Аллаға разымыз, тәуба!

26-наурызда құрбан шалдық, шикідей тараттық. Шолпанның, біздің күнәларымызды кешір деп, жалын-

дым. Шолпан ашуланшақ, маған ылғи қарсы сөйлейді. Не болды, не жазығым бар?

Содан Зура Сыздыққызы туралы көгілдір экраннан хабар тыңдаған едім, Шолпанды ертіп алдына бардым. Емші бірден айтты: «Апай! Бір еркек, екі әйел – туыстарыңыз он жыл бұрын сиқыр-дұға жасаған үшеуіңізге, күйеуіңіздің аяқ-қол терісі іріп-шіруі содан шыққан. Сіз көтерген балаңызды тастапсыз, намаз арқылы тазаланудасыз, қыз жас – бойына сіңіп кеткен, сізге қарсы дұға еткен – жек көретіні сол, үшеуіңіз үш жаққа тентіреп кетсін деп қара бұрышты дұғалап, арттарыңнан шашқан, ал бір ас қасық қара бұрышты дұғалап үйде тұрған диван астына шашқан. Емделулеріңіз керек. Дұғаны қайтару үшін үш мың теңге, ине, шеге, құлпы, жеті түрлі жіп – бір ай ішінде оқылып, дұғаны жоямыз», – деді. Шынында да, диван астынан иісі мүңкіген қара бұрышты сыпырып, қағазға орап алып бардық. Емшінің айтқанын істеп, үш айда жеңілдендік. Мералы бізді қаңғыртып жібере алмаған соң, қатыны Күләш, Нығметтің әйелі Баян үшеуі дұғалатқан. Мен түс арқылы білдім, Мейрамға бір емші айтыпты. Содан дұға жасатқанға қайтады екен, Мералы сал болып, азап көріп, 1999 жылы қайтыс болды. Мейрамға хабар берген де жоқ. Бізге Бірліктің бұрынғы тұрғындары Рәжан, Әшен, Дүйсен, Римма келіп көңіл айтты. Мейрам қатты қапаланып ауырып қалды. «Елден ұят болды ғой, ең болмаса басына барып топырақ салатын едім ғой», – деді. Мералы өлер алдында жаны қатты қиналыпты, әйелі Мералының шешесін: «алып кел, күнәсін кешірсін» деп баласы Мақсатты жіберіпті. Шешесі бармай қойыпты. Күләшқа үйленгеннен кейін-ақ араз, Мералы тіпті анасына: «Сені әкем жатқан зиратқа қойғызбаймын», – деп ұрысқанда, шешесі Қалдықыз: «Сен менен бұрын өлесің!» – деген екен. Ананың қарғысына қалған Мералы алты ай бұрын қайтты. Шындық ащы болады.

**17. III. 1999 жыл.** Күләйша: «Шолпан жындылығын қойып, адам болды. Енді екі бала туды, менде ешкім жоқ», – деп ашуланып жылады, күйінді, қызғанды.

Жанелді қырқынан шығарып, бесік тойын жасадық. Арнайы Бота жатқан бесікке бөледік.

25-26-маусымда Мәулид кешіне қосымша намаз оқып, пайғамбарымызға арнап дастархан жасап, құран оқыдым.

16-23-шілде. 1999 жыл. Машинамен анамды, әріптесім Күләшті алып, қасиетті жер Түркістанға бардық. Арыстанбабқа барып түнеп, құрбан шалдық. Қожа Ахмет Йассауиге тағзым еттік. Отырарда 30 баб, Укаша әулиеге барып құран оқып, зәмзәм суын іштік, бізге мол су берді.

## Құдық ішіндегі құдірет

Түркістан қаласынан 60 шақырымдай жерде жергілікті халық әулиелі мекен санайтын Укаша ата сахабаның зираты және қасиетті құдығы бар. Келушілер Укаша сахабаның ұзындығы 20-25 метрдей ұзын қабірінің басына дұға жасаған соң, осы арадан 700-800 метрдей қашықтықта, тау басындағы құдыққа барып, тереңдігі 30 метрге дейін жететін құдыққа қауға тастайды. Ырым бойынша, әулиенің құдіретіне күмән келтірген немесе ой-пікірі теріс адамға құдық бір тамшы су бермейді. Ал ниеті таза, ықыласы күшті адамның шелегі құр қалмайды.

Аңыз бойынша Укаша сахаба Мұхаммед пайғамбардың жақын серігі, күзетшісі болған екен. Пайғамбарымыздың ерекше белгісі – жауырынының астындағы мөрді сүйгендіктен, Укашаның денесі атса оқ, шапса қылыш өтпейтін қасиетке ие болған. Дұшпандары Укашаның таң алдында бүкіл денесі балбырап, Аллаға жалбарынатынын естіп, сол сәтін аңдып келіп, басын қылышпен шапқан деседі, бірақ кесілген бас дұшпандардан домалап қаша жөнелген, сол кезде тау үстіне көктен жасын түсіп, құдық пайда болған, сол құдыққа Укаша атаның басы түсіп, ғайып болыпты. Әлгі құдық жерасты жолдарымен сонау Меккедегі зәмзәм бұлағымен жалғасады дейді айтушылар. Өйткені сахабаның басы сол

зәмзәм бұлағынан шығып, өзге жолдастары пайғамбардың қабірінің аяқ жағына жерлепті. Бұл Укашаның, «Иә, Алла, менің басым пайғамбарымның аяғында жатса екен!» деген арман-тілегінің орындалғаны болса керек. «Осы хикаяға өз басым имандай сенемін» дейді, бүгінде мемлекет қамқорлығына алынған Укаша ата құдығының қорықшысы Байзақ Кенбаев.

– Құдықтың тар аузынан әрең сыйып, әрі өткен соң құдық сәл кеңейеді екен, – дейді салмағы 110 келілік алып Байзақ. – Бойымды түсініксіз үрей биледі. «Иә, Алла, қасиетті құдықты тазартудан басқа мақсатым жоқ. Лайық болмасам, кешіре гөр!» – деп шын жалбарындым. Бір қызығы, құдық тік емес, бұрандалы, спираль тәрізді тереңдей берді. Осылай 15 метрдей түскен соң кенеттен кең үңгірге тап болдық. Биіктігі 12 метрдей, диаметрі 15 метр шамасы болып келетін үңгір қазақы киіз үйден аумайды екен!»

Бір қызығы, жігіттер «шаңырақтан» резеңке етік киіп түскенімен, үңгірдің түбі құп-құрғақ. Сөйтсе, түпсіз терең үңгірдің бір шетінде сылдырап бұлақ ағып жатыр дейді.

– Біз құдық түбінен шашылған шелек көреміз ғой деп күткенбіз. Алайда үңгір тап-таза, ал бүкіл шелек су үстінде, текшелеп жинаулы тұр, – деп таң қалады әңгімешіміз. – Тағы бір түсініксіз жайт, бүкіл шелектің ағыстың бастауында тұрғаны болды.

## Үңгірде де гүл өседі

Физиканың бүкіл заңдылығына қайшы келетін бұл көрініс онсыз да үрей билеген құдықшы жігіттерді тәубасына түсіріпті. Құдайдың қаһарына ұшырамас үшін келген шаруасына тезірек кіріскен жігіттер кешкі 4-ке дейін дамылсыз жұмыс істеп, 600-ге жуық шелекті сыртқа шығарған.

– Су бетінде жинаулы тұрған шелекті алған сайын астынан көтеріліп, басқа шелек шыға береді. Суға ауыр темір шелектің қалай батпайтыны белгісіз. Оларды бір-біріне кигізіп, қапшыққа салып буып, жоғарыға аттан-

дыра бердік. Алты жігіттің төртеуі жоғары көтеріліп, шелек салынған қапшықтарды қауғалап тұрды, – дейді Байзақ.

Бір ғажабы, үңгірдің бір шетінде ошақ қылып үйілген құп-құрғақ отын болыпты. Бұл, сірә, бұрын түскендерден қалса керек. Жігіттер жылыну әрі жарық қылу үшін от тұтатқанда, түтін сәл көтеріліп, сосын су бетімен, ағыс бойымен құбылаға қарай әлдеқайда жоғала беріпті. «Үңгірдің ауасы тарылғанын, түтіндегенін байқамадық», – дейді жігіттер.

Құдықтың ішіндегі су шымырлап қана ағып, шынында да, құбылаға қарай беттейді екен. Сол судан құдықтың бір қабырғасын түгел ала жоғары қарай 10 метрдей өрлеп аппақ маржантас гүлдер өсіпті. «Өзімізбен бірге ала түскен шахтер қолшамын судың арғы бетіне түсіргенде, көзімізге түскен көркем көріністен ішімізді тарттық», – дейді Байзақ. Бұл теңіз түбінде болатын маржан ба, сан түрлі, нәзік өрнекті ғажап құбылыс екен.

## Қауғаның құр қайтуының сыры ашылды

Құдықшы жігіттер шелектен басқа бір дорба тиын алып шыққан. «Олардың арасында кеңес кезіндегі шақалардан бастап, Қазақстан, Өзбекстан, Ресей т.б. елдердің тиындары, сақина-жүзік, таспих, асатаяқ т.б. нәрселер бар», – дейді Байзақ.

– Менің алдымда болған шырақшылардың айтуынша, бір адам құдыққа түсіп, ақша алмақшы болғанда, ішінде қаза табады. Сол кезде Кентау қаласынан құтқарушылар тобы келіп, арнайы аквалангын киген сүңгуір суға түсіпті. Үңгірдің түбінде өліп жатқан жігітті қапелімде көрмей, суға түскен әлгі сүңгуір 30 метрдей тереңдікке сүңгісе де түбіне жете алмапты. «Бұл судың түбі жоқ екен» депті, су асты қысымға шыдай алмай кері қайтқан әлгі құтқарушы.

Құдықшы жігіттер киіз үйге ұқсас үңгірдің ішін шаммен шарлап көрген. «Біз құдықтан тарап жатқан

үш үңгірді көрдік, екеуі арғы бетінен дәу таспен бекітулі тұр екен. Ал үшінші үңгір 4-5 метр бұраландап жүрген соң тарылып, адам сыймастай болып қалды», – дейді әңгімешіміз Байзақ.

Осы құдыққа қауға салған кейбір адамға су шықпай, шелек құр қайтуының сырын да жігіттер зерттеп көрген екен. «Жоғарыдан тасталған шелек құдықтың бұрама жерінен өткенде шыр көбелек айналып келеді де, жердегі көк тасқа соғылады. Тас пен бұлақтың екі арасында тереңдігі 60-70 метрдей қазандық бар. Қасиетті құдықтың суы бұйырмаған адамның тастаған шелегі сол «қазанға» түсіп, бос қайтады екен. Ал ниеті дұрыс, жүрегі таза адамның шелегі құдықтың екі жағындағы жырамен жылжып барып, бұлаққа жетеді екен», – дейді Байзақ сеніммен.

Содан Сайрамға бардық; әулие Қожа Ахмет Йассауидың әкесі Ибраһим, анасы Қарлығаш, ұстаз, қызы Гауһар, Бәйдібек баба, бес анамыз Зереп, Жұпар, Сыланды, Марау, Қарашаш, Домалақ-Нұрила анаға, т.б. Байқадамдағы құдаларға барып, сол жақтағы Баба Шашты түкті әулиеге, т.б. әруақтарға құран оқыдық. Жүрегіміз нұрланып, рухымыз тазарып, алланың құдіретін, мейірімін сезіндік. Сегіз күнде аман-есен келдік. Кетерде Күләш әпкем ұрсып, анамды жібергісі келмеген, себебі, анам Ерланның үйіне қарауыл, үш баласын, шөберелерін бағатын. Күләйша балаларды қарады. Келгенде анамды жақтырмай, тіпті не көрдіңіз демепті. Қырықбай бізге: «Біз атеистпіз, ешкімге, ештеңеге сенбейміз», – деді. «Бізге дін туралы айтпа! Мейрамның Жәміш апасының Бексұлтан баласы қызы Қымбатты бір ай үйлеріңізде тұрсын, КазГУ-де оқиды», – деді. Шолпан: «Бізде тұрсын, маған балаға көмектеседі», – деп алып кетті. Содан Жанелді қарады. Мен екі қызға жамылатын, жастанатын қой жүнінен көрпелер жасап бердім. Алтай мен Шолпанға жаңа көрпе тіктім. Басым, жүрегім ауырып, қан қысымым көтерілетін болды. Мидың қан тамырлары қысылып, жүйке ауруы қозады. Енді кавинтон, пироцитам, никотин қышқылы дәрілерін де алдым. (НЦД – Базова-

зилярная недосточность). Жұмыс 8:30-дан 17:00-ге дейін, бастықтың орынбасары аңдып, сылтау іздейді, оған қазақша жүргізіп жатқан тірлігім ұнамайды. Шаршаймын, ауырғыш болдым. Мейрам машинасымен күнделікті нан-шайды табуда. Жалақы аз. Мен Лазеровтың «Диагностика карма» және Мэргоның «Анастасия» кітаптарын оқыдым. Тамаша. Күріппен, тазаланумен емделудемін. Қалдықыз апамыз 90 жастан асты, жиі барып тұрамыз. Келін баласы жұмыс істемейді, ылғи ақша сұрайды. Мейрам бір қой апарып, сойып берді, ұн, күріш апардық.

20. X. 1999 жылы Қалдықыз апа қайтыс болды. Нығметке Клара әпкесі шешемнің өлімін өзім көтеремін деген екен. Біз бірінші барып, күттік. Сонда қызының әкелгені: бір мөшек ұн, бес метр шыт – алжапқыш үшін, екі кг. кәмпит, екі литр сұйық май.

Біз Маемер әулетінің аруағы разы болу үшін дастархан мәзірін және таза француз вилюры – бес метр, он метр таза маталар, он орамал, он метр плюш, бір мөшек күріш, қант, үш метр қарақат тұнба, он литр сұйық май, пияз, сәбіз, жеміс-жидектер алдық. Клара ұялмай метрлеп өлшеп алды, басқа дорбаларға салды. Түнге қарай Клара қызы Гүлмираны екі дорбамен үйіне жіберді. Көрдім, бірақ менің әкелген таза маталарымды жіберді деп ойлаған жоқпын. Ертеңінде жыртысты қытай матасынан таратты. Кейін Баян келіннен сұрадым, «саған өткізді ме?» деп, ол «жоқ, бәрін ауылымда, шешесі өлді деп келгендерге таратамын» депті.

Мен нәпіл оразалар, намаздар оқуды бастадым. рамазан оразасын 9. XII. Мейрам екеуміз ұстадық. Күн қысқа. Ботаны Мейрам қара уылдырықпен бағады, қымыз ішеді, үйге келе салысымен, «ика-ика» дейді. Ақыл кіріп келеді, тақпақ айтады, билейді. Жанел сегіз айлық, екі тісі бар, еңбектемейді.

Амангелді Алматыға жиі келіп тұрады. Алтайлар көріп қалып, әзірленіп қонаққа шақырса, «келемін» деген, келмеген, не звондап айтпаған. Мен Амангелдінің тәкаппарлығына қатты ренжідім.

Алматыдан орыстар үйлерін сатып, Ресейге көше бастаған. 26. XII. Алтай екі бөлмені 5,5 мың долларға сатып, тоғыз мың долларға төрт бөлмелі үй алды, Рамазан айы рақымды болды. Тұмау індеті болып, Мейрам екеуміз төрт күн қатты ауырдық, оразаны жалғастырып, қадір түні 4-ші қаңтарда құлшылығымды жасап, тілектер тіледім, тұмау асқынды, шыдадым.

**2000 жыл. Ұлу жылы.** Қазақ елінің он жылдық тәуелсіздігі құрметіне салтанатты жиын өткіздім, қорытынды жасадым.

Ерте кезде тәуелсіз жандарды «еркін адам», «дала рыцарлары», бір сөзбен айтқанда, «қазақ» деп атаған. Еркіндік аңсаған ата-бабаларымыздың «тәуелсіз жан» деп бір Тәңірге, Аллаға табынып, ата-анасына бағынып, өз еңбегіне жалынып жүрген адамды айтқан. Осындай ер қазақ, өр қазақ өзі құрған мемлекетінің тәуелсіздігінен 1582 жылы айырыла бастаған. Орыс империясының жаулап алуына 282 жыл уақыт өткен. Қазақ ұлттық тәуелсіздігі үшін 400 жыл алысты да, шабысты да. Атом қырсығына шалынған жер, ел топырағы тозып болған, береке-құт кете бастады. Халықтың рухы азып, тілінен, дінінен, әдет-ғұрпынан айырылды. Қаншама арыстарымыз ұлттық мәселе үшін «ұлтшыл, халық жауы» атанып, айыпталды, жойылды. Тіпті ораза ұстап, намаз оқығаны үшін атылды. Қазақ жан үшін діннен безді. Қазақтар екінші сапада саналды. Әдейі орыс, украин, шешен, немістерді, т.б. қоныс аударды, шұрайлы жерде, үлкен қалаларда тұрды. Түрлі айламен басқа ұлттан мамандар шақырылды деп тіркеп, бір-екі жылда пәтерлер алды, жауапты қызметтерде солар отырды, қожалық етті. Қазаққа оянатын кез келді. Он жыл он жастағы баланың санасындай емес пе, тәуелсіздікті сақтау үшін зиялы қауым бас көтеріп, тер төгуде.

Сиднейде кезінде Олимпиада өткен Қазақстанның көк туын желбіреген Бекзат Саттарханов, жүлдегер С.Ыбраимов, М.Ділдәбеков, М.Жұмаділов, И.Байрамуков. Он жылда көше аттары өзгертілді; билер, хандар, батырлар, ағартушы қайраткер азаматтар халыққа таныстырыл-

ды. Өзінің тарихында қазақтар 700 рет ұлттық қозғалыс-күрестер жасаған, соңғысы 1986-шы жылғы көтеріліс. 1793 жылы жоңғарлар 40 пайыз халықты жойған, 1916-1922 жылдары бір миллион, 1928-1933 жылдары әдейі ұйымдастырылған ашаршылықта – екі миллион қазақ қырылған. 1871-1917 жылдары – бір жарым миллион орысты, тың игеру кезінде — екі миллион орыс, неміс, украин, т.б., яғни жүз жылда — жеті миллион басқа халықты қазақ жеріне қоныстандырған.

Ұлу жылы — Сүйінбай ақынға 185 жыл.

**М.Әуезов:** «Сүйінбай – айтыс ақындарының алтын діңгегі»

**Майкөт ақын:**

Болғанда жерде тұлпар, көкте сұңқар,
Өлмейтін бұл дүниеде қандай жан бар?
Екейдің мұқалмаған қылыш тілі
Армысың, ер Сүйінбай, аға сұңқар.

Биыл мекемеде он жыл Қазақ тілі ұйымының жетекшісі болғаныма байланысты құрметтеп, кәсіподақ камзол кигізді.

8. VII. Шолпан Ғалияның рухына арнап құдайы тамақ берді. 20 жыл өтті.

9. VIII. Шолпан, Бота, Жанел Көкшетауға демалуға кетті. Алтай үйлеріне күрделі жөндеу жүргізді. 26-шы қарашадан бастап Ораза ұстадық. Шолпан жылда ауызашар жасайды, баталары қабыл болуын тілеймін!

## ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА ҒАСЫР!

*Жаңа жылға жан тілек,*
*Елім өссін сан түлеп!*

**2001 жыл. Юпитер жылы,** сондықтан Юпитер планетасы жерге өз билігін жүргізеді. Юпитер – аспан әлемінің, тоғыз қабат көктің падишасы, патшасы. Ол өзге планеталарға үкім, бұйрық, нұсқау, билік жүргізеді.

Өзге планеталар – Күн, Ай, Уран, Сатурн, Меркурий, Нептун, Марс, Венераның және жердегі құбылыстардың заңдылығын қамтамасыз ететін Юпитер. Биылғы жыл — жылан жылы — медицинаның символы болғандықтан, денсаулық сақтау мекемелеріне оңтайлы жыл.

Дәрігерлер, емдеушілердің қолының шипасы, емінің дәруі даритын жыл. Жастарға өте әсерлі жыл, абай болуы керек. Жұқпалы аурулардың өршитін жылы дейді астрологтар.

XXI ғасыр – ұлттық сананың ояну ғасыры. Ел тәуелсіздігімен бірге рухани қайта түлеу басталды. Жаңа жыл қазақ халқының сана-сезімін оятып, ынтымақ-бірлігін арттырып, баянды бақыт, мықты денсаулық, отбасына береке әкелуін тілейік, ағайын!

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз күні адамдар бір-біріне кешірімді болуы керек. «Ұлыс күні алдына келсе, атаңның құнын кеш», «Жақсылыққа жақсылық – жәй адамның ісі, жамандыққа жақсылық – ер адамның ісі», «Тас атқанға – ас ат» дейді ақылгөй бабаларымыз.

**Мыңжылдықтың қадірлі адамдары:** Қожа Ахмет Йассауи, Әз-Жәнібек хан, Мұхаммед Хайдар Дулати, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Абылай хан, Құрманғазы, Шоқан Уәлиханов, Абай.

**Ғасырдың қадірлі адамдары:** Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Дина Нұрпейісова, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтпаев, Бауыржан Момышұлы, Дінмұхаммед Қонаев, Нұрсұлтан Назарбаев, Олжас Сүлейменов, Тоқтар Әубәкіров.

## ТУҒАН КҮНГЕ

Ұлғаш деген – гүлім менің бақтағы,
Емес қой ол даланың жай бақбағы.
Ақылымен өрнектеген өмірді,
Соның өзі шырақ отын жаққаны.
Ұлғаш әр кез мінезімен көрікті,

Зұлымдықты ақылымен жеңіпті.
О бастан-ақ өмір шіркін Ұлғашқа
Шыдамдылық, беріктікті беріпті.
Қос жанарың ақ ботаның көзіндей,
Сөз саптауың даналардың сөзіндей.
Дуниені екі айналып шықсам да,
Таба алмаспын, сірә, серік өзіңдей.
Жаралыпсың Ай мен Күннің нұрынан,
Болдың ба өзі бұл өмірде бұрыннан?
Бір көргеннен құлап сені ұнаттым,
Жан екенсің сүю үшін туылған.
Сол ұнату дерті ме әлде, білмеймін,
Сен жоқ болсаң ойланамын, күлмеймін.
Перизатым, махаббатым, періштем,
Мен өзіңнен басқа адамды сүймеймін.

МЕЙРАМЫҢ.

*22. 03. 2001 жыл.*

Алла отбасымызға тыныштық, береке берді, мен де Алла ризашылығы үшін 12-14-ші қаңтар, 21-23-ші ақпан нәпіл оразалар ұстаудамын. Денсаулық айдан айға сыр беруде, ылғи емделудемін. Жұмыста абыройлы, қоғам жұмысын ынтамен істеймін, менің білгенімді, оқығанымды көпшілікке жеткізгім келіп тұрады; исламды уағыздаймын, барлық діни мерекелерді өткіземін. Алланың құдіретін мысалмен түсіндіремін. Мекемеде екі дәрігерге – Ләззат Сейдахметқызы мен Әсия Серікқызына намаз үйреттім. Мейрам салауатты өмір сүруде, бәрімізге ақылшы, мейірімді. Алтай ПЧ-ның орынбасары болды, жағдайлары түзеле бастады. Балаларды қарайтын Қымбат, ол Ұлттық университетте оқи алмай шығып қалған екен. Енді ақылы оқуда, сырттай әйелдер институтында Шолпан оқытып жатыр. Құда Мейрамбек Алтайдың жағдайы түзелді, енді інілерін оқытсын, жұмыс тауып берсін деп Алматыға жібере бастады. Димаш деген інісі ауылда әкесін тыңдамаған соң, оны да Алтайға жібереді. Ауылда әкесіне құлақ қоймаған бала еркіндікке шық-

қан соң, не істеуші еді? Ол мұнда бір ай түнімен теледизор көріп, пәтерде шу шығарып, жеңгесі Шолпанның аяғы ауырлығына қарамай, әбден зығырларын шығарыпты. Қашанғы шыдауға болады, әсте араларында бір әңгімелер болған, содан құда баламыз ауылына кетіп қалады. Көп кешікпей құдамыз телефон арқылы Шолпанға қатты-қатты сөздер айтады. «Менің баламды бақпайтын келіннің керегі жоқ, екеуіңді ажыратамын, қажет болса, Алтайға он жеті жастағы қызды әперемін!» депті. Шолпан ішінде сегіз айлық баласы бар, мұндай сөз естімеген, естен танады. Алдында құдамыздың үлкен ұлы Нұрбай он жыл тұрған әйелін, екі баласымен тастаған. Соны ойына алып: «Көке, ондай іс сіздің қолыңыздан келеді, балалардың обалына қаласыз», – дейді Шолпан. Сөйтсе атасы: «Көз жасына мен қалмаймын, Алтайға бұрын да «бала – белде, қатын – жолда», бауыр табылмайды, таста қатыныңды, кел Жамбылға, жұмыс істейсің деп айтқанмын», – дейді. Осыны естігенде қатты күйзелдім...

**26. VII. 2001 жыл.** Кешке Мейрам екеуміз Алтаймен сөйлесуге үйіне бардық. «Мынау не әңгіме?» – деп едік, Алтай байғұс жерге қарап, әкесі үшін қатты ұялды. Тәрбиесі бөлек бала ғой, «Ол кісімен сіздер сөйлесіңіздер, мен сөйлеспеймін әкеммен», – деді. Не дейік, үнсіз келісіп үйге кеттік.

Ол үйде Алтайдың ағасы Нұрбай да бірге тұрып жатқан. Былай қарасаң, тура жатақхана сияқты. Ертеңінде құдамен дауысым дірілдеп, қатты қобалжи тұрып сөйлестім. Ол кісіге қатқылдау сөздер айттым. «Балаңызды алып кетіңіз, студент кезінде қолымызға келіп еді, содан бері бір теңгеңіз шыққан жоқ, бізге ренжімейтін шығарсыз?» – дедім.

11. VIII. 2001 жыл. Сағат 21:30. Дүниеге ұл немере Арсылан келді! Қуанышымыз шексіз. Аллаға разымыз.

21. VIII. Менің оң жақ басым ауырды, емделдім, жұмыстан босатпады. Бұл кездерде бастықтар заңға бағынбайтын, нарық заманы деп, білгендерін істейтін. 2000 жыл құда Мейрамбектің алпыс жасқа толғаны-

на ауылда қажет деп, ақылдасып ГАЗ-69 машинамызды сыйлаймыз деп едік, бір демалыста құда, құдағи, үлкен қызы, күйеу баласы Мұхтар машинаны алуға келіпті. Мейрам бар қосымша бөлшектері, моторымен машинаны даярлап қойған, барлығын үйге шақырдым. Тамақтанып кетейін дегенде, шыдамай құдаға: «Мейрамның анасының қайтыс болғанына алты ай болды, алдында інісі өлді, соған әдейі көңіл айтуға келді ма десем, үндемейсіздер ғой», — дедім. Ойпырмай, ешқайсысы былқ еткен жоқ, төмен қарап отырған қалпы орнынан тұрды. Сонда ең болмаса, «кешіріңдер, арты қайырлы болсын» деген сөзді ешқайсысы білмей ме?! Мен Мейрам үшін жүрегім сыздап ауырып кетті, Алтайларға жасап жатқан еңбегі, тәрбиесі Алладан қайтсын деп тіледім. Құда Ғани баласы үйленген соң, Алтайдың мойнына тапсырған, содан 4-5 жыл сүйрелеп жүріп жұмысқа тұрғызып, Ұзынағаш бекетінен үй әперді. Барлық үй жабдықтарын біздер көтердік. Әйелі Ләззат екінші қыз туды, Шолпан бар қамқорын көтеріп, шапқылап отбасын аяқтарынан тұрғызды. Ғанидың арақ қоюына Шолпан аянбады, алты ай барлық бауырларына үздіксіз қаржылай көмектесуде.

7. XI. Алтай әкесінің мерейтойына шетел машинасын сыйлады, басқа балалары он мыңнан қосты деп қойды. Тойдан кейін құданың құдасы Айтуған бізді қонаққа шақырды. Мен сонда ренжулі екенімді өлеңәнмен жеткіздім.

Бел тұрғанда, құдалар, бел тұрғанда,
Дария көл шалқиды жел тұрғанда.
Сізге айтпай назымды, кімге айтайын,
Рулы елдей алдымда сіз тұрғанда?!

Шым кетеді, құдалар, шым кетеді,
Жақсы болсаң жаныңнан кім кетеді?!
Байқадамда қадірлі құдаларсыз
Сіз жетпесең қадірге кім жетеді?

Жасық темір жас атқа таға болмас,
Жасы кіші үлкенге аға болмас.
Жазатайым жаманмен болсаң жолдас,
Бір тиынға басыңа баға болмас.

Құдаларым, ендеше, құдаларым,
Екі елуге жасыңыз аман барсын!
Белгілі ғой жақсының жүрген жері,
Әуелі алса, Жасаған, жаманды алсын!

Жекжаттарым-ай, бекзаттарым-ай,
Жекжатшылап аулыңа кеп жатқаным-ай!

## Түстер

8. V. 1999 жыл. Залдағы үлкен люстра түбірімен құлапты. Мен төсекте Әлиламен жатыр екенмін. Төбеден жаңбыр суы ағыпты, ас үйде жүрген әйелге табақ, ыдыс тез әкеліңдер деп жыламсырап айқайлаймын, біраз топырақ шашырағандай. (25. X. Қалдықыз қазасы шығар). Құдайы бердік.

9. V. Мешітке, Райымбек баба басына бардық.

26. VII. Намаз оқып жатырмын, денем балқып, қажет етемін, тұнық көлде дәрет алдым.

30. IX. Жаз, күн ашық екен. Ботаны циркке апара жатып, оны таба алмай іздеп, қорқып жылап жүріп ояндым. (Дұға).

11. XI. Бейсенбі. Алтай мен Шолпанның тойлары, Байқадамның жайлауында қазақ үйлер тігілген, халық көп, дастархан мол. Дәменнің астыңғы тістері түсіп қалыпты.

21. XII. 1999 жыл. Ораза кезінде, мен ерттеулі жайлы, сүйкімді, пысық түйемен талай жерді, елді аралап, толы қоржынды артынып еліме келе жатсам, үлкен даңғыл жолда кіші жүздің бір жігіті тоқтатып, көмек сұрайды. Сонда мен қолымды созып нұсқап, «әне, Бәйдібек бабам, Шапыраштты елі, сонда барсаң тамақтандырып, көмек те береді» дедім. Мен жарқыраған

күн, жасыл жайлау керемет ауылға келіп, түйені шөктіріп, түсіп жатырмын, бірнеше аппақ кимешек киген апалар қуанып күтіп алады. Мен түйеге риза болып, басын құшақтап, сүйіп жатырмын. Иншалла! Алхамдулаһ! Әулиелер қолдайды екен.

**5. ІІ. 2000 жыл.** Мен үлкен бай, сәнді дастарханда қонақтарды күтудемін.

10. VI. Сенбі. Мен көрмеген үлкен шаһарда жүрмін, онда мрамордан биік керемет сарайларда жүрмін. Жердегі топырақтың шетін басып кетіп едім, шашылғанын көрген құрылысшылар ұстағысы келеді. Мен тездетіп есіктен шығайын десем, бір әйел таяқшамен жолымды бөгейді. Мен қолыммен ысырсам, есік ашылып, мен қалықтап ұшып, биіктегі басқа сарайдың екінші қабатының балконындағы төсекшеде демалып, сарайлардың қалай салынып, тұрғызылып жатқанын көрудемін. Мені қуған құрылысшылар таңғалуда. Бір кезде жердегі үйден екінші үйімізге анам екеуміз намаз оқып келейік деп бара жатырмыз. Мол тамақ, тыныштық өмір. (О, Раббым! Мейіріміңе бөленіп, қалған өмірім, екі дүние бақыты болады екен).

24-26. XII. Берекелі мол дастарханда дәм алып жүрмін. Мағауия бір мөшек тамақ, құнды көп кітап әкеліп береді; машина шақыртып, соларды үйге әкеткелі жатырмын. Үйге қонаққа келген орыстың екі қызына екі көйлек кигіземін.

27. XII. Мен үлкен зиратта құран оқып жүрмін.

30. IX. Жекеменшік үй, мол дастархан. Мен дәрет алып келемін. Маған құда түсіп келіпті. Мейрамдай аққұба жігіт құштар, әлгі жігіт маған 1500 доллар қояды, жанындағы анасы екіге жеткізіңдер десе, басқалары тағы 1 000 доллар қосады. Мен қуанып қолыма алып, қалыңмалдық алды, болды ғой деп, ризашылығыммен сол жағымда отырғанеріммен қатты сүйісемін, ол тамаққа шашала, түшкіреді. Мен «Ақ-қас, алһамдуллаһ» деп жатырмын. Ойымда, «бұлар бізді қосып кетпекші». Әумин! Алла жар бол!

**1. Х. Мейрамның түсі.** Жаз жайлау, гүлдер, екеуміз

әңгімелесіп тауға шығуға келе жатыр екенбіз. Мейрам тау етегінде бір нәрсеге аялдап қалса, жанында мен жоқпын, қараса, таудың басына шығып кетіппін. Аспан ашық, күн жылы, жайлау, жайқалған гүлдер.

Мейрам өз түсін жорып: «Сен Жамбыл бабаңның жасына келесің, бақытты өмір сүресің, мен сенен бұрын бақилық боламын», – деді. Мен оған: «Сен 35 жыл темекі тартумен келесің, таста; арақты қойдың, ислам жолына амал жаса, сонда бірге жасаймыз», – дедім.

8. XI. Біраз қиындықпен өзіме тиесілі ақ маржандай бір нәрсе тігілген көп – оннан астам бриллиантты біреу береді. Оны сол кеудемнің киім ішіне салып аламын. Үйге таксимен барайын десем, қауіптеніп автовокзалға келемін. Сонда Мейрам, Алтай, Шолпан, Алека – Ғалия қолымнан ұстайды. Мен сондай қуанамын – олармен бірге үйге баратыныма, бірақ үйге барғанда айтамын, кеудемдегіні деп ойлаймын. Әмин!

17. X. Ғани Тойлыбеков түсімде менің жұмыс бөлмеме өтіп, тапшанда отыр, мен таңғалып, «неге келдің?» десем, ол «денсаулығыңызды білуге келдім» дейді. Сол кезде ойлаймын, мейірбикем Галя неге кіргізген, бөлмеге кіргізбей-ақ сөйлесетін едім ғой. О дүниеден келгенін біліп тұрмын, жақтырмадым. Ол да қалай ғайып болғанын білмедім. (Бұл түсім IX. 2001 жылы орындалды).

**2001 жыл.** Мен Мейрамның мойнында ақ қыстық киім, басымда ақ, қолымда ақ қолғап, жайланып отырмын. Жоғары тау жаққа келе жатырмыз, Алтай бала – ұл жетектеген, екеуі сөйлесіп келеді. Биік көп қабатты үйлерге тірелгенде, мен қолымдағы кілтпен, мойнында отырған қалпым, үлкен қақпаны ашамын. Ар жағы жайлау, үлкен бөлмелер (VIII. 2001 жылы орындалды).

**Түстер: 2002 жыл. 19. I.** Далада нөсер жаңбырдан кейін үш әріптесімді үйге ертіп келемін. Күзетшіден отағасы үйде ме десем, №320 кілтті береді. Менде №321 кілт, тағы қалтамда сондай кілттер бар. Мейрам қонақтарды машинамен шығарып салып кетіпті. Үйде көп тамақтар, қонақтардың дорбалары толы тамақ.

24. IV. Есік алдына жүктерді үйіп қойыппын, көшуге машина күтудемін. Үлкен кең таза үйде мол аппақ дастархан даярлап жатырмын. Еденге жаңа кілемдер төсеймін, Күмісай үлкен төртбұрышты жібек орамал әкеліпті. (2005 жылы орындалды).

**25. IV. Мейрамның түсі.** Жаңа жеке үйдің есігінің алдына алтын тығып қойдым деппін.

14. IX. Св.т-мен жиналысқа келсек, оны қара құрт шағады, содан бассейн суы астында қалады,үсті асфальт болып кетеді, біреулер ломмен ашқалы жатыр. Мен ол жерден кетемін, жолда қоқыста бас сүйектер жатады, біреуі домалап аяғымды жүргізгісі келмейді. Мен қорқып, бас сүйектің ішіндегі қара жыланға қараймын. Менің аяғымда етік, бас сүйекті тебуге ыңғайландым, аяғым икемге келді. Қорқыпояндым.

X. Мекемеде екі қазаным бар екен, алып кетейін десем, мұршам жоқ. Су толы самауырды алдым, тағы да келіп қазандарымды әкетемін дедім Галяға.

* * *

**20. IX. 2001 жыл.** Арысланның бесік тойын жасадық. Жақсылыққа ырымдап, әйелдерге 25 орамал тараттым, дастарханды мол жасадық. Алтайдың бауырлары, әкешешесі келмеді, құтты болсын айтпады. Мен жұмыстан зейнеткерлікке кеттім. Оны естіген кәсіподақ ұйымының басшысы Мәдина Қантаевна: «Сізді құрметпен зейнеткерлікке шығарып саламыз», — деді. Таукеев маған: «Немере қарайын деген шығарсыз, еңбегіңізге үш мың теңге сый берейін, шай жасау керек еді, ыңғайсыздау болды ғой, — деді, және «немереңізге жөргек аларсыз» дегенді қосып қойды. Мен оған және ұжымға ризашылығымды білдіріп, қадірлі кітап сыйладым. Мен таңғалдым. Былтыр бөлім меңгерушісі (ақылы бөлімнің) зейнеткерлікке шыққанда, үш дәрігерлік жалақыны сый етіп еді, мені қорлағаны өзінше! Еңсемді тіктеп, рахмет айтып шығып кеттім. Берген үш мыңына отыз әйелдер орамалын алып қойдым. Республика мерекесіне мені кәсіподақ шақырамыз деп, даярланып бастыққа барса, «шақырмаңдар!» депті. Шақырмаса да, мереке тойла-

натын күні бардым, ешкім бетіме тура қарай алмайды. Мәдина басын көтермеді, мен байғұстарды аяп кеттім. Жүргізушіден сөз сұрап, ұжымды құттықтап, шашу ретінде отыз орамалды таратып, бата бердім. Таукеевке тік қарап, «берген сый ақшасына әкелдім орамалды» дедім. Таукеев көкпеңбек болып кетті. Біз бір-бірімізді түсіндік!

Бірде қала бойынша қазақ тілінің мәртебесін көтеруге телевидение біздің мерекелік жұмысты көрсетті. Сонда Таукеев мекеме жұмысын айтып болмады, журналист: «Осы мерекені ұйымдастырып өткізуде Ұлғайша апайдың еңбегі ерекше ғой?» – деп микрофонды бергенде, Таукеев: «Әрбір қазақ осылай істеу керек», басқа ештеңе демеді. Ал, енді Такеев қазақ тілі үшін не істер екен?!

«Адамға сенсең – мұрттай ұшасың, Құдайға сенсең – құстай ұшасың!» Бір Аллаға сенемін, тапсырамын!

30. X – 1. XI. Шағбан айы құрметіне ораза ұстадым.

31. X. Барат кешіне 50 рекет арнайы намаз оқыдым.

14. XI. Ораза басталды. Неше рет суықтанып ауырдым, дәрілендім.

Таукеев емханаға бас дәрігер болып келгелі ойлағаны өз қамы. Бөлмесімен қабырғалас екінші бөлме жасатты. Онысын ойын-сауыққа икемдеген. Есігі мінсіз, қабырғадан ашылады. Халықтың қаржысын аясын ба, өзіне керемет зәулім үй, бассейн, саунасын салды, баласына жаңа үй әперді. Оны білетіндер қаншама рет арыз да жазды. Айналып келгенде бәрін тексеретін қалалық денсаулық департаменті екен, онда да ішіпжемі бір сыбайластары бар сияқты, әйтпесе, бір шара қолданар еді ғой...

## ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ БАР
### немесе мерейтойға қатысты сөз

**2002 жыл.** Жылқы жылы. Қамбар ата түлегі. Мерейтой – 60 жас. Жылқы жылы туғандар еңбекқор, тазалық сүйгіш, ұрпағына адал, қорған. «Жылқы мінезді қазақпыз» деуіміз де көп нәрсені аңғартады. Тұла бойы тұрысы паң, сұлу мүсінді жануар, қазаққа ежелден серік болған. Жылқымен жерді, елді қорғадық. Қымызын сусын етіп, шипалық қасиетінің арқасында ауруларды емдедік. Жесек еті азық, сіңімді, «жылқы еті жатқанша, сиыр еті – күн батқанша, қой еті – келесі таң атқанша», терісі төсеніш болды. Қанша шөлдеп тұрса да, борсыған суды ішпейді. Айғырлары айбат жасап, үйірін қорғап, қасқырларға алғызбаған; өз кіндігінен тараған байталдарға шаппай, «қызын алысқа ұзатып» жіберетін қасиетіне адамдар талай таңғалған. «Асылдың қадірін – асыл біледі» деген, ақиық дара ақынымыз Мұхтар Шаханов «Ақбоз ат» поэмасында жылқы малының асыл қасиеттерін, тектілігін керемет сомдаған. Мен де жылқы жылы туғаныма қуаныштымын, қиын да болса, мәнді, сәнді өмір болды.

**Түстер:** 11. І. Назарбаевпен бірге ұзақ көңілді отырмыз.

8. ІІ. Мені дәрігер ретінде Д.Қонаевты қарауға жіберіпті, іздеп келіп қарап, ауруханаға жатқызамын деймін. Ол кісіден кітап, журнал сұраймын. Ол қуанып, «керегіңше ал» деп, бір бөлмеде шашылып жатқан кітап, ескі журналдарды көрсетеді. Мен «Парасат», «Қазақстан әйелдері» журналдарын алдым. Д.Қонаев маған, «асықпа, менімен тамақ ішіп, кейін барасың» дейді. Тағы үлкен шипажайда әдемі киініппін, көпшілік мені қызғанады, содан мол дастарханға мен бір тегене ет, кеспе көтеріп алып келемін.

Шолпан мен Алтай менің алпыс жас мерейтойымды мейрамханада өткізбек болды. Суретпен шақыру қағазын, «Жетісу» газетіне құттықтау ұйымдастырды. Он жыл қатыспаған бауырларым – Есенжановтарды

Алтайлар шақырамыз тойға деп болмады. Мен келмейтін шығар деп ойладым. Қонақтарымызды 22-ші наурызда «Әлтаир» мейрам-тойханасын шақырдық. Мен сыныптас жолдастарымды – Шәйбала, Жұмагүл, Қаншайым, Света, Әсия, Өзипа, Жолдыбике, Жанысбайды жұбайымен шақырдым. Тойға Күләш әпкем балаларын да жібермепті, себебі, «саудаларың тоқтамасын» депті. Анамды Ерлан екі сағаттан кейін ертіп келді. Есенжановтардан – Аманкелді, құдалар Күләш, Қырықбай келмеді.

Енді сол уақыттың тәтті тілектеріне кезек берейін.

**Ұлғайша Амантайқызына!**

Алматы қаласының тұрғыны, денсаулық күзетшісі атанған дәрігер Ұлғайша Амантайқызы 60 жасқа толып отыр. Ақ халатты анаға шын жүректен шыққан тілегімізді былайша білдіреміз:

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Құтты боп, шаттық өмір сүріңіз.
Алпыс деген биікке де жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз!

Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

***Жұбайы Мейрам,***
*балалары – Шолпан мен Алтай.*
*«Алматы ақшамы» газеті.*

**Құрметті Ұлғайша Амантайқызы!**

Сіз өзіңіздің өнегелі еңбек жолыңызды ауылда сауыншы болып бастап, Алматы облысында, Алматы қаласында ұзақ жылдар бойы дәрігер болып істеп, бас дәрігер дәрежесінде 14 жыл еңбек еттіңіз.

Соңғы жылдары дәрігерлік қызметіңіз адамды жұқпа-

лы аурулардан сақтау және сауықтыруға бағышталды, бұл салада. Сіз ширек ғасыр бойы аянбай еңбектендіңіз. Сіз жоғарғы сатыдағы дәрігерсіз! «Санитарлық қорғау ісінің үздігі» белгісі мен «Ерен еңбегі үшін» медалі сіздің медицина саласына сіңірген еңбегіңіздің бағалануы болып табылады. Негізгі қызметіңізбен бірге ана тіліңіздің өрге басуына 10 жыл ерінбей өзіндік үлесіңізді қостыңыз. Жастарды халқымыздың мәдениетіне, тарихына, тіліне, дініне баулып, бар сана-сезімін оятуда ұзақ жыл ұстаздық еттіңіз. Мекемеде Сіздің өнегеңізбен көпшілік Ораза ұстап, бірнешеуіне намаз үйреттіңіз.

Сіздің туған-туыстарыңыз, жора-жолдастарыңыз адал жар, аяулы ана ретінде де жоғары бағалайды. Жұбайыңыз Мейрам екеуіңіз Шолпан атты қызыңызды тәрбиелеп өсіріп, отау етіп шығардыңыз. Ата-әже болып, Әлила, Жанел, Арыслан атты немерелеріңізді сүйіп отырсыздар. Бүгінгі 60 жылдық мерейтойыңызға орай айтарымыз:

Мерейтой, Ұлекесі, құтты болсын,
Өмір ұзақ, денсаулық мықты болсын.
Жұбайыңыз Мейраммен бірге жасап,
Береке мен шаттыққа үйің толсын!

***Алматы, №4 емхана ұжымы.***
*22. 03. 2002 жыл.*

## Алтайдың тілегі:
## Мама!

Мерейтой құтты болсын!
Алтындай бағалы болыңыз!
Құндыздай жағалы болыңыз,
Күмістей тағалы болыңыз!

Балаларыңыз қуаныш әкелсін,
Немерелеріңіз жұбаныш әкелсін.
Орындарың төр болсын,
Дастарханларыңыз мол болсын,

Қатарларыңыз көп болсын!
Уайым-қайғы жоқ болсын,
Үйлеріңізге қызыр кеп қонсын.
Дәулетке дәулет қосылып,
Көңіліңіз асып-тасып,
Жүдемей жүзге келіңіз!

## Шолпанның тілегі:
## Мама!

И строгая, и добрая,
И сильная, и нежная,
Наивная и мудрая,
И знойная и нежная,
Красивая и прекрасная,
Великая и властная –
Всё это вместе – моя Мама!

Любимая и дорогая нами,
Желаю тебе, милая мама,
Здоровья крепкого, любви большого,
Счастья, и чтоб каждый день,
Был праздником всегда.
Пусть позади останутся невзгоды
И ненастья.

*22. III. 2002 жыл.*

## Қаскеленңнің қыздары-ай!

Күндей нұрлы, айдай әсем Қаскеленңнің қыздары,
Әр жігіттің арманына айналыпты арулар.
Дүниеде ондай қыздар табылмас,
Соны естен шығармаңдар, бар ұлдар!

Солар екен пәк перизат, ұлдарымыз аңсаған,
Маған ғана жар болсын деп тамсанған.

Сонының бірі — мен таңдаған Ұлғашым,
Жоқ қой, шіркін, тең келетін жан саған!

Ер жігіттер сендерге іңкәр өңінде де түсінде,
Бақытты жар өздеріңе ғашық болған үшін де.
Біздер сүйген Қаскеленнің қыздары-ай,
Бар болыңдар, қадіріңді түсірме!

*Ғашық жігіттің бірі – **Мейрам.***

**Сыныптас қыздардың тілегінен кейін айтқаны:**

Досым Руслана Құдайбергенова: Ұлғайша радионың «Шалқар» бағдарламасында бір жыл көлемінде «Тәні саудың – жаны сау» деген тақырыппен қазақша түрлі аурулардан сақтану, емделу, жұқпалы аурулардың алдын алу жолдарын насихаттап, түсіндіріп сөйлеп жүрді. Бұл кезде Алматыда қазақша медицина тақырыбына еркін, сауатты сөйлейтін дәрігерлер табу қиын еді. Ісіне халық риза.

Анадан қыз болып туса да,
Ер жігіт ісін істеген.
Тіл менен дін жолында,
Үлгі-өнеге көрсеткен.
Ана тілін биікке көтеруде,
Істеген ісі ұлағат,
Ұлғайшаға мың рахмет!

## Мейрамның жүрекжарды арнауы

Ұлғашым, алпыс жасқа толып тұрсың,
Қиялмен өткеніңді шолып тұрсың.
Көрсең де қанша қызық осы жаста,
Сонша рет қиянат та жолықтырдың.
Өтіпті ай да, жыл да, байқалмай күн,
Сұрап ек шаңырақты шайқалмайтын.
Екі отау – екі қызым енді бізге,
Болыпты «ұрпақсыз» деп айта алмайтын.
Шолпаным – нәзік гүлім аялаған,

Пейілін дос-туыстан аямаған.
Алтаймен тағдыр қосып жарасымды,
Шаттығын шаңырақтың саялаған.
Арыслан келеді өсіп жайрандаған,
Болады қылығына қайрандауға.
Боташым, Жанелім де жарап қалды,
Төсіме мініп алып тайрандауға.
Шүкір деймін, солардың саулығына,
Қуанамын өрісімнің барлығына.
Ұлғашым әрқашан да өз жанымда,
Жүре берсін сүрініп жаулығына!!!

**Мұқағалиша:**
«Мейлі ғасыр, айлар өтсін, жыл өтсін,
Тек өмірім сеніменен бір өтсін.
Сен – байлығым, сен – бақытым, сен – досым,
Сен – тірегім, сен кеудемде жүрексің!»

* * *

Қызмет еткен мекемеден мамандар бөлімінің басшысы Жолдыбаева Бибігүл сөзінде: «Мекемеде дәрігерлік міндеттермен қатар бастауыш Қазақ тілі үйымының жұмысын 1990 жылдан үзбей белсенді жүргізгенімді, үйымда ұлттық санамызды оятып, дамытып, тіпті діни сауатымызды ашқан, бірнеше әйелді намазға жығып, өте көп сауапты іс істеген Ұлғайша Амантайқызы», – деді. Жүзім совхозында он жыл еңбек еткенімдегі халықтың алғысына бөленіп, үздіксіз халық қалаулысы – депутаты болып, бесжылдық жеңімпазы үшін «Ерен еңбегі медалін» алғанымды айтқан Нұрғиса Әжібайұлы, Қаскелеңдегі еңбегімді Күмісай келін еске түсіріп, мәртебені өсіріп жатты. Жазушы Дінаш Нұрмағанбетов, «емханада талай емделіп жүріп, мекеменің Қазақ тілі үйымының ауқымды халыққа тигізер жұмыстарын көріп, қабырға газеттерінің мағыналы мазмұнын көріп риза болғанын айтып, талай кездесулерге қатысқанын және айтып, халық үшін еңбек еткен ақ халатты абзал жандардың да ұлттық бағыттағы істері, тірліктері алғысқа ие» деп, жақсы-

лық, бақыт тіледі. Көрші Ізімкүл ағынан жарылып, «апайдың өзі бір мектеп, көп өнеге алдық» деп, камзол кигізіп, орамал жапты. Баян ән салып, арнауын оқыды:

Армандар көп таусылмайтын пендеміз,
Карттық деген кемпірлікке көнбеңіз.
Күресетін, тіресетін кездерде,
Қасыңызда болсын дәйім жездеміз.

Көңілдердің көк сабасы тоқ болсын,
Өмір қызық, уайым-қайғы жоқ болсын.
Жетпіс, сексен, тоқсан, жүзге жеткізер,
Немерелер, шөберелер көп болсын!

60 жас – жастық шақтың соңы, орта жас кәріліктің басы, істеген еңбегіңе есеп беріп, көрген бейнеттің зейнетін көру үшін, көпшіліктің батасын алу да ғанибет екен. Бір марқайып қалдым, тек туыстар қадір білмеді. Той соңында ризашылығымызды білдірдік, еркек бауырлар ғой деп, Оразалыға шапан, Дәукенге костюм, Қалиға жейде кигіздім. «Білмегенді білмесең – білгендің қайда?» дегендей, Алтай алмас сырға тағып, Шолпан арнайы ән салып, парыздарын түсінгенін білдірді. Той ойдағыдай өтті.

**15. VII.** Хабиб дұғасын жаттап алып, оқи бастадым! Алланың пайғамбарымызға жіберген дұғасы, намаздан кейін оқудамын.

19. VIII. Раджаб – ережеп айы құрметіне үш күн ораза ұстадым. 15. IX. балконнан суық тигізіп, өкпе қабынуы болды, линкомицин, алоэ алдым.

3. X. Миғраж түні. 12 рекет намаз, үш күн ораза ұстадым. Шағбан айына үш күн ораза, Бараат кешіне 20. X. 70 рекет намаз оқыдым.

6.XI-5.XII. Ораза ұстадым, жеңіл өтті, айт мерекесінен кейін алты күн ораза ұстадым. Аллаға құлшылығымды үзбеймін, қабыл ете көр!

Биыл Оразалы бауырларын, бізді қонақ етіп, кешірім сұрады. Дәукен, Қали қонаққа шақырды. Шолпандар оразада бауырларымды ауыз ашуға шақырды. Біз де қонақ еттік.

## ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖАМАНДЫҚ – ЖАМАННЫҢ ІСІ...

**2003 жыл. Қой жылы.** Қаңтар айында Алматыда тұмау індеті болып, бәріміз кезекпен ауырып шықтық. Арыслан нәзік, жиі ауыратын болғандықтан, емші Дүрияға апардым. «Балаға көз, дұға тиген, анасы қатты ауру ғой, Райымбек баба шақырып жатыр сізді (мені), нағашы апаңыз қолдап жүр», – деді. Арысланды үш күн емдеді. 13-15. І.

Бота мен Жанел қазақ балабақшасына барады. Иншалла, тілдері, саналары, ұлттық болмыстары қалыптасуда. Би билейді, тақпақ айтады, ән салады. Әр мерекеде қатысып, біз де марқайып қаламыз.

31. І. Жұма күні. Шолпанмен әулие Райымбек бабамызға мінәжат етуге бардық. Шолпан әулиенің кесенесін құшақтап, ұзақ жылады; құран оқыдық, садақа бердік, тілеу, бата сұрап, бұрылмай басқа жолмен үйге кеттік. Шолпанға атасы аян беріпті, қатер төнгенін ізде депті. Шолпан күндізгі 2-3-ке дейін ұйықтайды. Арысланды Қымбат қарайды, қыздарды ұрып, діңкілдейді, Алтайға айқайлайтынды шығарыпты.

11. ІІ. Құрбан айт. Алланың әмірімен ба, мен екі отбасына екі қой құрбан шалайық дедім. Алтайлардың құрбандығын шикідей жеті үйге, тұрмысы нашарларға тараттық. Біз Оразалы, Дәукен, Қали, Күләйша, көршілерді құрбандық асқа шақырдық.

12. ІІ. Алтай Ленинградқа оқуға кетті.

23. ІІ. Шолпан Қымбаттың күнделігінің көшірмесін әкеліп, «оқы!» деді. Масқара! Күнделікте жылы, айы, күніне дейін: Алтайды қалай қолға түсіргенін, екі жылдан бері ғашық, Арысланды босанған күннен бастап арақ ішіп, қойнына барғанын, енді құтыла алмайтынын барлық амалдар жасап жүргенін, енді Шолпан ұйықтаған қалпы оянбайтынын, жоспарды есеппен орындалуын жазыпты. Аптасына мейрамханаларға, қонақүйлерде қонып, бар табысын қағып, киімдерін түзегені... енді бір бөлмелі пәтерге шығуға даярланып

қойыпты. Мен естен тана еңіредім, Мейраммен ақылдасып, Алтай келгенше білдірмедік. 26. II. Алтай келген соң әшкереледік. Қымбат бетін басып, үндемеді. Алтай есі шығып, «не істеп жүргенімді білмеймін, басым айналған сияқты» деді. Шолпаннан кешірім сұрады. Бәріміздің жан жүрегіміз зар жылады.

О, Алла! Әулиелер! Райымбек бабам көмектесті! Артын қайырлы ете көр деп ораза ұстап, көп намаз оқып, жылаумен болдым! «Үш немеремнің көз жасын көрсетпе, Алла!» деп зарладым.

Алтай жолсапарда ақшасын ұрлатыпты. Екеуін Зура Сыдыққызы емшіге жібердім, Қымбатты қуып шықтық, мен балаға қарап бірге болдым. Үйде қаралы күндер болды. Зура емші: «Қымбат орыс кемпіріне Шолпанға қарсы сиқырлы дұға жасатыпты, екеуінің көздерін байлаған, Алтайға тамаққа қанын тамызып беріп отырған» деді. Жеті күн екеуін емдеді, Алтайды үш күн үш литр сүтпен асқазанын тазалады. Қан түйіршіктері шықты, дұғаны қайтаруға бір ай уақыт ине, жеті түрлі жіп, шеге, кілт, құлпыны оқыды. Бәрін 26-шы наурызда жерге көмдік, өзенге тастадық. Шолпан сыра ішіп, отбасында берекені кетірді. Екі қыз күтуші алып, ажырасамын деп мазамызды алды. Менің жүрегім ауырды, емделдім.

13.V-13.VI. Мәулет айына үш күн ораза ұстадым. Намаз, салауат оқыдым.

29.V-1.VI. Шолпан, Әлека үшеуміз Амангелдінің 60 жасқа толған тойына Астанаға бардық. Амангелді үйіне қабылдамады, Рашид әке-шешесі, нағашыларымен бірге бізді қонақ етті. Тойды Салтанат сарайында жасады, өңкей ығай-сығайлар, бізді менсінбеді, жылы шырайы танытпады. Тойдың ортасында ғана Алматыдан келген бауырлары деп бәрімізге сөз берді. Оразалы, Дәукен, Қали, мен сөйледім.

Тойда есте қаларлық ештеңе болмады. Бауырым отбасымен салқындық танытты. Оразалы келген соң, Амангелдіні әбден боқтап, ренжіді. Маған үйіне барасың ба деді. Мен бармаймын, қайтайық дедім. Бәрі

билет іздеді, бізді қаланы аралатуға апарды.

Оразалыны түскі тамаққа Амангелді шақырды. Барайық деді, бардық. Кірдік. кіре берісте жиырма минут тұрдық, Гүлжазира шықпады алдымыздан. Амангелді телефонмен сөйлесіп, қарамады. Мен ренжіп, «көрші кірсе де алдынан шығады ғой, бұларың не, үйіңе көрімдік берейін деп тұрдық қой» дедім. Келін өтірік күліп, «уақытым болмады» деді. Отырыста Амангелді:

– Бәрің келіпсіңдер, келмесеңдер де өкпелемейтін едім, – дегені. Оның өз бауырлары, жеңгесі майдалап, мақтап сөйледі. Мен сөйлегенде қатты айттым:

– Келмесеңдер де болатын еді дегенің не? Сен үшін келгенім жоқ, Шапырашты бабамыздың аруағы үшін келдім, қиын-қыстау кезде мемлекетіміздің тәуелсіздігі үшін, Астананы қалыптастырып, патшамызды қолдап, үлес қосып жүр ғой деп, елден әдейі абыройыңды көтеруге келдік, – дедім. Амангелді ыңғайсызданып:

– Әшейін айтып едім, – деді. Сол күні кешкі поездың әр вагонынан орын тауып, бөлек-бөлек ауылға қайттық.

Астанаға алғаш келуіміз. «Тойдан тобықтай» деуші еді, бірақ бәріміз құр қол қайттық. «Бармасаң, келмесең – жат боласың, бермесең, алмасаң – сарт боласың». Бізді тойға кетті дейді ғой, осы жағы Амангелді мен әйелін ойландырмағаны қызық болды...

Сиқыр дұға қайтуы оңай болмады, немерелерімнің іші өтіп, жүдеп, әсіресе Арыслан көзі кіртиіп, өліп қала жаздады. Мейрам уланып, үш күн, мен үзбей дәріленддім. Алтай Санкт-Петербургтан С.С.Коноваловтың «Целительный буклетін» әкелген еді, кітаптарын сатып алып, түсініп оқып, емін 23-ші шілдеде бастадым. Коновалов – дәрігер, кардиолог, медицина ғылымының докторы, профессор, академик: «Барлық аурудың түп-тамыры Алланың берген жанының қиналып, періштеміздің арасындағы күрделі байланыстың ауытқуынан, зардабынан ауру туады, оны Алладан Нұр алу арқылы, он сегіз ғаламның мыңдаған байла-

нысы арқылы үзбей құлшылық ету арқылы жүйелі, салауатты өмір сүрумен денсаулықты түзеп, ауырмауға болады», – дейді. Жан-дүниемді тазарту жолындамын. Ұзақ жол, ерінбеу, таза өмір сүру. Мен Коноваловтың 14 кітабын оқыдым, керемет!

**Түстер: 13. VII.** Жер астындағы кедергісі көп жерлерден оңай жол тауып шығамын, үлкен кезекте ешбір кедергісіз, кезексіз жарып шығып, биікке зымыран болып ұшамын.

18. IX. Діндар әйелдермен дастарханда шай ішудемін.

22. IX. Қорада екі темір күрек сүйеніп тұрған бір қыз ескісін алып қашып, көшедегі қыздарға қосылып кетеді. Екіншісін Сәрсенкүл (Қымбаттың анасы) алып қашады, мен артынан қуып барсам, мен істейтін емханада жатыр екен, оны таппадым, ал күректі палатадан алып үйге келе жатып, ойлаймын: таңертең бозғылт күн шыға қоймаған уақыт екен, Мейрам күректерді сарайға жауып қойғанда, ұрламас еді ғой деймін.

25. IX. Қымбаттың оң көзі ағарып кеткен, сол көзі кішірейген, өзі ашулы, киім үтіктеуге екі шыны ыдыстағы суды апара жатқанда, Алтай жол бермеп еді, бір кеседегі суды бетіне шашып жіберді. Алтай екі кішкене кілтті жоғалтып үйден іздеуде. Мен бір қораптағы екі етікті жаңа тауып алып, төсегімнің астына тығып қоямын. Қымбат киім үтіктеп жатып өтірік сөйлеп, маған тиіседі, мен қарқылдап күлемін. Қымбат кішірейіп азып кетіпті, алысқа кеткелі жатыр. Бәріміз Шолпан үйіндеміз. (2003-2007 жыл. Қымбаттың сиқырлы дұғасының кесірі екен).

## ӘУЛИЕЛЕР ӘЛ БЕРГЕНДЕ

Мейрам екеуміз Шолпанның отбасының бақытын тілеп, Түркістандағы әулиелерге мінәжат етуге жолға шықтық.

14-інде Арыстанбаб кесенесінде үш әулиеге арнап бір қой құдайы бердік. Арыстанбаб, Қожа Ахмет Йассауи, Қарабура әулиелерге құран бағыштап, Алладан балаларымыздың амандығын, бақытын тіледік. 16-тамызда Қаратаудың үстіндегі жолмен автобуспен Созақтағы Қарабура әулиеге бардық. Мейрамның шәкірті күтіп алды. 18-інде Дарбыт әулиенің қасиетті суында шипа іздедік, 20-шы тамызда Шымкентке келіп, Ғайып-Ерен қырық шілтен әулиелерге мінәжат еттік.

Ата-ана тасының арасынан өттім. Күнәларымды кешіруін тіледім. Әулиелер балаларыма қорған болып, Аллаһ сауап етсін!

**18. VIII.** Шолпан Бесата – Түктібай, Сүйінбай, Сарыбай, Жамбыл, Қайназар әулиелердің басына, Ақ-Орданың аққуларымен мінәжат етіп барса, тоғыз бата беріпті. Аталар: «Араққа жолама, темекіні қой, шашу шашам, несібең мол, Алтайды кешір, бақытты боласың», – депті. Жамбыл ата: «Анаң маған келсін», – депті. Содан 29-шы тамызда жұма күні Ботаны алып, бес метр ақ алып, шелпек пісіріп, Бесатаға Мейрам апарды. Әулие аталарға ризашылығымды білдіріп, Шолпанға берген баталарының қабыл болуын сұрап, құран оқып, садақа беріп келдік.

4-ші қыркүйекте аққу Күмісайға барып, Жамбыл бабама барып келдім, батасын білейін дедім. Бір уақытта Күмісай: «Ұлғайша, сіз бе? Қол жайыңыз, Жамбыл атам бата береді», – деді. Өлеңдетіп ұзақ өмірде көрген қиындықтарымды тізді: «Тура сөйлеп, туғанына жақпайды екенсің. Түркістандағы құдайыңды қабыл етті, тілегіңді береді, ұзақ өмір сүресің, үш қанатты үйде тұрасың. Сүйінбайдың белгісі жүрегіңде жыр боп тұр, Қайназардың белгісі сол жақ басыңда, Сарыбайдың белгісі сол қолыңда – сабырлықта, Түктібай бабаң екі

жауырын ортасында, менің белгім – желкеңде! Біз ылғи қолдап-қорғап жүреміз!» – деді. Екі көзімнен жас сорғалап, Алла құдіретімен, әулие бабаларыма риза болдым. Мен тура жолда екенмін, ораза, намаздарым қабыл болуда. Үш күн Күмәсай емдеді, жеңілдендім. Ережеп айының құрметіне 3 күн ораза ұстадым.

10-шы қыркүйекте Барат кеші – Күнәдан арылу кеші ораза ұстап, түнде 70 рекет арнайы намаз оқыдым. 14 реттен фатиха, ықылас, фалақ, Нас, Аятүл күрсі, Субхан дұғасы. Қабыл ете көр! Шағбан айы – пайғамбар айы құрметіне 10, 17, 26. Х. ораза ұстадым. Тілегімді қабыл ете көр! 27.Х-24.ХІ – 29 күн Ораза ұстадым.

## Рамазан айы – айлардың сұлтаны

Шолпан оразада ауызашар беріп, үлкендердің батасын алды. Көршілер – Орысбай, Баян, Дінәш, Зергүл, Зейнеп, Күлімхан, Шәйбала, Кенжегүл, Айнаш, Жоралғы, Айнаш, Асқар – барлығы разы болып, баталарын берді. Зейнеп, Райханды, Күлімханды үйге ертіп келіп қондырып, таңғы сәресін ішіп, намаз оқып, құлшылық еттік. Мен ертеңінде түс көріп, төсегіме жатқызған әйелдің көзі, сөзі тигенінен аян алдым. Төсек, бөлмені дұғамен аластап құтылдым. Кейде істеген жақсылықтың зардабын да көреді екенсің.

3. ХІ. Шолпан, Алтай, Арыслан Түркістанға мінәжат етуге кетті. Қабыл ете көр, Алла! Қадір түні түнімен намаз оқыдым, тілегім: Денсаулық, балалар бақыты, құтты, мықты үш қанатты шаңырақ. Түсімнен «Талисман, Касиран, Касира» деп ояндым. Қорғаушы періштелерім! Алтай Түркістаннан келген соң, құрбан шалды, 14. ХІ. Қабыл болсын! Мен ораза айттан кейін алты күн ораза ұстадым, Алтай соғым әкелді.

Роза жеңгейдің емшегінде түйін пайда болған соң, емшіге барса, «намаз оқымасаңыз өлесіз, он күн емдеймін, көмектеспесе дәрігерге барыңыз», депті. Роза: «Қайынсіңлім, маған намаз үйрет», – деді. Мен керекті сүрелерді көрсетіп, жатта, түсінбегеніңді сұрап тұр деп

кітапша бердім. Бірақ ештеңе сұрамады, ауруы асқынды, дәрігерлерде емделуде, бірден онкологқа бармады. Оразалының жүрегі, бүйрегі ауырып, екеуі кезек-кезек ауруханада жатуда.

23-ші тамызда Алтай Әлиланың бірінші сыныпқа баруына тілашар тойын жасады. Құдалар, қыздары – Рабиға, Фарида күйеулерімен келгенде, Күләйша, Арыслан екі жаста, олардан көрімдік сұрады, ешқайсысы ырымын жасамады. Мен: «Бауырлары түгіл, Алтайдың әке-шешесі көрімдік, сүйінші дегенді білмейді», – дедім. Барлығы бірігіп бір кіші палас әкеліпті тойға. Осыны оқыған кісі ақылмен бір жылдың қасіретке толы болғанын ұғады. «Күшік өсірдім, ит болып өзімді қапты» дегендей, Қымбатты киіндіріп, ішіндіріп, «әке, көке» деп Мейрамның ағайынды інісі Бексұлтанның қызы ғой деп, өз отбасы мүшесіндей санағанда, сиқыр-дұға оқытып, Шолпанды өлтіріп, байына, үйіне ие боламын деген іс-әрекеті барлығымызға қайғы салды, жылап-еңіреп күн-түн Аллаға құлшылық етіп, әулиелердің, аруақтың қолдауын сұрап зар иледім. «Аққа – Құдай жақ!» Өзім жетім өскенмен, үш немерем жәутеңдеп жетім қалатынын ойлағанда, екі көзім жасқа толды. Ешкімге айта алмадық. Құдалар тым-тырыс. Арыслан туғалы екі жыл болды, құдалардың тойға келгені, бұған да шүкір. «Әке – қорған, ана құрбан». Мейрам екеуміз қатты қапаландық, әр нәрсенің арты қайырлы болсын деп тіледік.

Оқыған мына мысалды есімнен шығармаймын: Ерте заманда патша ет кесіп жеп отырып бір саусағын кесіп алыпты. Сонда жанындағы уәзірі патшаға, «арты қайырлы болсын» десе, патша ашуланып: «Ол қай айтқаның?! Мынаны зынданға салыңдар!» – депті. Біраз уақыт өткенде патша уәзірлерімен аңға шығыпты, боран болып патша адасыпты, сөйтсе бір жерде от көрініпті, барса жабайы адамдар тобыры адамды құрбандыққа шалғалы жатыр екен. Кездейсоқ адамды құрбандыққа шалмақ болып, кем жері жоқ па деп қараса, бір саусағы кем екен, «кет, жоғал!» деп қуып жібереді.

Патша елін тауып келіп, ойына зындандағы уәзірі есіне түсіп, оны алғызады. «Арты қайырлы болсын» дегеніңді енді түсіндім, ал зынданға бара жатып, «артым қайырлы болсын дегені не?» депті. Сонда уәзір: «Патшам, мені зынданда ұстамағанда, мен жаныңызда болып, саусағым сау мен құрбан болатын едім ғой», – деген екен.

## АҚЫН ЖҮРЕК ӘЛДИЛЕП...

Мейрамның аталық сезімін оятқан Ботасы – Әлила. Ақындық, ақсақалдық қасиеттері шыға бастады. Осы уақытқа дейін Ботасына арнаған өлеңдерін жазып қояйын:

### Бір жасына арнағаны

«Ата» деген дауысыңды естігенде даладан,
Жан-дүнием балқиды да езілем.
Саулығыңды тілеуменен Алладан,
Ең бақытты адам болып сезінем!
Аллам сені жарылқасын, Боташым,
Тілейтінім осы, осы әрдайым.
Қуанышқа кенеледі Аташың,
Өсе берсең, өсе берсең күн сайын!

Сүйікті Ботам, немерем,
Тәттісің өзің не деген?
Жүгіріп шықсаң алдымнан,
Қуантып саған не берем?
Өзің деп соғар жүрегім,
Уыздай ізгі тілегім.
Өсе бер мұңсыз өмірде,
Жайнаған гүлдей, түлегім!

Атасы мен Ботасы,
Ажырамас арасы.
Ботам сүрер өмірдің.
Арта берсін бағасы.
Жақсылықпен теңесе,

Таусылмайтын береке.
Боташыма құт болсын,
Болсын әр күн мереке!

### Үш жасына арнағаны

Ойна, ойна, жан Ботам,
Тұла бойың шырын-бал.
Тамылжыған әнге тән,
Былдырлаған тілің бар.
Махаббатым аталық,
Ботам саған оянған.
Жұрт айтатын ерке деп,
Қылығыңа тоя алман.
Қуан, шаттан, күл, ботам,
Келер сонда сәніміз.
Біздің үйдің қызығы,
Сенсің салар әніміз!
Бүлдіршінім Боташым,
Әппақ гүлім, бөбегім.
Күндей күлген жүзіңнен,
Күміс шуақ көремін!
Ақ арманы апаңның,
Ақ еркесі атаңның
Ақылды боп өссе деп,
Әр кез мен де алаңмын.

**Мейрам:**
Бақытымды өмірде Ботам ғана құрайды,
Атасы оған құдайдан тек денсаулық сұрайды.
Ботам менің қызығын көрсетеді күн сайын,
Тағы да оған сана бер деп сұрайды.
Әр ісіне Ботамның ата-ана жауапты,
Көрерміз сол үшін обал менен сауапты.
Ботам егер қонбаса дұрыс деген қияға,
Ата-ана қызығы болмақ емес санатты.

**2004 жыл. Мешін жылы.** 7. II. Ботамыз конькимен құлап, оң аяғының үлкен сүйегін сындырып алды. Он күн

ауруханада азап көрді, балалар дәрігерінің мейірімсіздігін көрдім, қапаландым. Бота бізде болды. 24. ІІІ. Алтай «Ауди-100» машинасын алды, бізге «Мазда» машинасын берді. Алтай ұялы телефон сыйлады Мейрамға. 15-мамыр күні Мәулет түнін құлшылықпен өткіздім.

Ауырмай жүрген Дәукен 2-ші маусымда асқазанына ота жасатты (немая язва), асқазанның үш бөлігін алған, тексергенде обыр жасушалары кездескен 30 кг.-ға азды, ауруханада емделуде.

19.V. Дәукеннің баласы Арлан үйленді, Алатау шипажайында той болды. Банулар құдаларын күтті.

22. VI. Поездың төртінші вагоны құлап, Алтай жұмыстан төмендеді.

Тамыз. Үйде жөндеу жұмысын жүргіздік – ақтадық, сырладық, балконды жаптық, ақпен боядым. Роза жеңгейге ота жасады, химия, облучение алды, ылғи ауруханада, бірақ арықтаған жоқ, өте сабырлы болды. 3. IX. түсте ауруханадан шығарды, кешке қайтыс болды. Сүйегіне Күләш түскен, Розаның буындары қатаймапты. 13. X. қырқын берді. Мейрам бәрін басқарды.

Амангелді маған түсін айтты: түсінде Роза жеңгесінің құндыз тонын киіп отырмын, бауырымнан қан кетті, тонға қан шашырады, былғанды, ұят болды ғой деп ойлаймын, алақаныммен бауырды бассам, қан тоқтады. Бір уақытта Оразалы мен Дәукен менің ішек-қарнымды, бір аяғымды кесіп тастап жатыр екен, мен «ей, аяғымды неге тастайсыңдар, қалай жүремін?» депояндым дейді. (2006 жыл. X. Екі ота-операциядан кетті).

## ТҮСІҢ ТҮЗЕЛМЕЙ, ІСІҢ ЖҮЗЕЛМЕЙДІ

**2004 жыл.** 25. ІІІ. Рахима әпкем (әкемнің қарындасы) үйіне сүт алуға шақырады. Екі шелек сүт алдым.

27. ІІІ. Мен екі үлкен мейрамханада туған күн өткізіп жатырмын. Достар, мәртебелі көп кісілер арасындамын, айнаға қарап басыма жаңа жібек қызылдау гүлді орамал – шарф байлаудамын.

11. V. Жайлауда үлкен ағаш столдарда дастархан толы бауырсақтар даярланды.

**Алтайдың түсі:** Аспаннан екі ата, бір әже қарап тұр, құшағымда бір құшақ гүл, үлкен қазақ үйге кіріп, бір табақ ет жеудемін.

13. VII. Алтай ұтыстан үш алтын сигареті, екі бөлмелі кірпіш үй кілттері, құжаттары қолына тиген, екінші қалтасында бір топ қазіргі кілттері бар екен.

14. VII. Кең жайлауда Алтай мен Шолпанның тойлары болып жатыр, Арыслан костюм киіп, галстук таққан, бізге күліп қарайды.

29. VII. №145 мектептің алдында жаңа келген завуч ақ көйлек киген, Ботаны көріп, «жақсы қыз екен, 3-сыныпқа Ұлманға бар» дейді. Мен риза болып, еш қиындықсыз шешкеніңіз-ай, әйтпесе, директорға жалынып әуре болатын едім деймін.

9. IX. Бейсенбі. Менен үлкен құрт шығып кетіп барады, үсті үлпілдеген жүн. Үйдің әр жерінде қара-қоңыр түсті майда құрттар жүр, біреу маған «өлтірмей-ақ қой» дейді.

**10. IX. Ботаның түсі:** Аталар орталықтан тоғыз қабатты үйдің алтыншысынан төрт бөлмелі пәтер алыпты, мен лифтіден қорқамын. Әкем жерден сегіз бөлмелі үй алыпты. Екі машинамыз бар.

14. IX. Күләш жерде бірдеңе істеп отырған, Ерланның мойнына мініп, күліп отыр, ұятты жер, бір жағы көрініп тұрды.

**16. IX. Оразалының түсі:** Бір отырыстан шығып жолда тұр едім, Роза арбамен келіп, жанына отырғызып, батысқа қарай алып кетті. (2008 жыл).

* * *

Ботамыз бірінші сыныпты беске бітірген, мен Ұлман Досаева мұғалімді жақсы білетінмін. Мектеп директоры Құсайынова ата-аналар жиналысына жұқпалы аурулар туралы қазақша дәрісті мен өткізетіндіктен, мені білетін. Бірде Ұлман Әлиланы бірден үшінші сыныпқа ауыстыруға болады, себебі, екінші сынып бағдарламасы аз, оңай, менің сыныбыма директормен

келісіп, ауыстырыңыз деді. Жазда екінші сыныптың математикасын өзіміз оқыттық. Директорға өтініш етіп едім, оны комиссия шешеді, тексереді деді. Шолпан оған жүз доллар берсе, бұйрық шығарыпты, сонымен, Ботамыз үшінші сыныпты үлгеріп кетті. Көрген түсім бір айда орындалды.

15. Х. Қасиетті Рамазан айы басталды.

Мейрамның нағашылары қалада тұрады екен. Сонша жылдан кейін (1975 жылдан бергіні айтамын) олармен Қарақыстақта, Мұқанның ағасының құдайы тамағында таныстым. Содан биыл оразада ауыз ашуға шақырды. Мәдина 70 жасқа келгеніне байланысты шағын отырысына шақырды. Біз оларды жиып үйге қонақ еттік.

Сара Ерланмен көрші екен, танысып, туыстық қатынас басталды. Мейрам жерлестері жастық шағынан білетіндіктен, бізді шақыра бастады. Ақшалов Алмабектің ұл-қыздары – Сара, Лида, Майра, Күләш, Рәжан, Бейсен, Рамазан, Әмен, Роза, Риммамен жиі жүздесетін болдық.

Шолпандар оразаның ауыз ашарына Оразалы, Дәукен, Бану, Қали, Баян, Мұқан, Мәдина, Құрпан, Қалимандарды шақырып, бәріне орамал салды, құрмет көрсетті.

9. XI. Қадір түні көп ғибадат еттім. Алладан денсаулық, балалар амандығын, өзімізге жаңа шаңырақ, бейбіт өмір тіледім.

13. XI. Ораза бітті, айттан кейін шәууел айы құрметіне алты күн ораза ұстадым. Шолпан іздестіріп жүріп, біздің үйді сатып, 13-21-желтоқсанда екі бөлмелі кең үй алдық. Үйді 35 мың долларға сатып, жаңа үйді 43 400 долларға алдық. Алтай 3800 доллар қосты, бір ай жөндеуден өткіздік. Құдайы тамақ бердік. Шолпан шапқылап, терезелерді пластикалық етті, ас бөлмені балконмен қосып, барлық қабырғаларды обоймен жаңартып, ақтап, лактап, еденге линолиум төседі, тек ванна, әжетхана, лоджа жөнделмеді. Аллаһ тілеуді берді, түстер де орындалды. Ризамын!

Қар 18-і күні қалың боп жауды, күн суық – 10-12$^0$. Рашидтың темір машина тұрағы біздің үйдің жанында бос тұрғанын білетінмін, Оразалыға Мейрамның машинасын қоюға рұқсат етіңдер дегенде, бірден келісті, содан тұрақты иемдендік, бауырдың көмегі тиді.

Күләйша Шолпанға звондап: «Алтай жұмыссыз қалды, енді балаларды қалай асырайсыңдар?» – деп келемеждепті. Шолпан: «Тәте, Алтайдың аяқ-қолы сау болса, балаларын асырайды ғой!» – депті.

## 2005 жыл. Тауық жылы – 1426 Хижра

**Қасиетті 4 саны.**

1. Қасиетті 4 сөз: Субһаниллаһ, Алхамдуилаһ, Аллаһу Акбар, Ләилла иллалаһ.
2. Қасиетті 4 ат-есім: Мұхаммед, Ахмед, Махмұд, пайғамбардың аты Мұстафа.
3. Қасиетті 4 мезгіл: көктем, жаз, күз, қыс.
4. Қасиетті 4 жыл: ай – рамазан, күн – жұма, түн – Қадір түні.
5. Қасиетті 4 ай: Зұлқағда, Зұлхижжа, Мухаррам, Раджаб.
6. 4 Халифалар: Әбубакир, Омар, Оспан, Али.
7. 4 Парыз: Иман, намаз, ораза, зекет, қажылық.
8. Әйелдер пірі: Фатима, Хадиша, Айша, Әсия.
9. Оразалар: парыз, уәжіп, нәпіл – әр айда үш күн (13, 14, 15), әр аптаның дүйсенбі, бейсенбі (адамдардың істері Аллаға дүйсенбі, бейсенбі күндері тапсырылады), шәуүел айында 6 күн ораза.

Арафа күнінде ораза, Мухаррам айының – 9, 10, 11 күндері. Харам айлардың (З, З, М, Р), бейсенбі, жұма, сенбі күндері Шағбан айы – пайғамбар айы – ораза ұстау.

## АЛЛАНЫҢ АҚ ЖОЛЫНДА

Менің жылдан жылға Аллаға деген сүйіспеншілігім артуда, ерінбей үзбей құлшылығымды көбейтудемін. Тек Аллаһ көмектеседі, көп діни кітаптар оқып, мұсылман күнтізбе, газет оқып, рухтанудамын.

**24. І. 2005 жыл.** Дүйсенбі. Жаңа үйге көштік, иншалла!

25. І. Күн суып, 17-20$^0$-қа жетті. Таразда 50-60 см. қалыңдықпен қар түсіп, жол жабылған. Алжир, Индия, т.б. аймақтарға қар түскен.

Біз Алланың мейірімін көрудеміз, ризық несібеміз мол. Мейрам екі университетте сабақ береді, қосымша стипендия тағайындапты.

5. ІІ. Алғаш Тасбих намазын өтедім. (300 р дұға), Ашура күні ораза ұстап, 18-19. ІІ. тасбих намазын өтедім. 12-13-ші ақпанда қонақтар күттік – туыс, жолдастар. Дәукен ас үйге ыдыс-аяқ әкелді, он екі кісіге арналған. 22-наурыз туған күніме балалар телевизор қойғыш әкелді. Боталар тілек айтып, ән салды. Мейрам құттықтау арнады.

Туған күнің құтты болсын, Ұлғашым!
Аллам саған ғұмыр берсін бір ғасыр!
Боталарың жүр ғой әне, апалап,
Қуанышқа толтырды ғой сан асыр.
Ардақтысың, асылсың сен біз үшін,
Ақылдысың, нәзіксің де дарасың.
Сенен артық жан жоқ екен біз үшін,
Отбасының қамын жейтін данасың.
Ұлыстың ұлы күнінде, Құдайым сені
Оңдасын, пайғамбарым қолдасын!
Отбасың сенің аман боп,
Береке-бірлік орнасын!

### Боталарға!

Боталарым, сендер менің тынысым да, тірегім,
Өтпес менің өздеріңсіз бір күнім.

Дүлдүлім де, бұлбұлым да сендерсіңдер,
Сендерді ойлап өте берсін көп күнім!

23. Ш. Залға жаңа стол, алты орындық алдық. Жаңа көршілерді шақырып, таныстық. Мен іштей жылап, Аллаға жалынамын, 14-20-22-29 сәуір күндері тасбих намазын оқыдым. 20-30-шы мамыр тағы тасбих намазы. Шолпан үзбей күтуші ұстайды.

26. VI. Алтай «Джип» машинасын алды, машинаны дұғамен, отпен аластадық, қуандық.

27-ші маусымнан бастап, бір ай ванна, әжетхана, лоджа түгелімен жаңартылды. 14-шілдеде Алтай ПЧ-ны басқарды. 5-тамызда Роза жеңгейге ас берді. Мейрам басқарды. 6-шы тамызда Ережеп айы құрметіне 3 күн ораза ұстадым. Жаңа шаңырақ – 55 мың долларға шықты. Құтты, мықты болсын!

26-тамызда тасбих намазы, 31-інде Миғраж түніне арнайы 12 рекет намаз оқып, ораза ұстадым. 28-інде Жанелдің тілашар тойы болды. Алтайдың барлық бауырлары келді, тойда Ботаның қызуы көтеріліп, басы, іші ауырып жатып қалды. Мен дұғамен ұшықтап едім, сауығып ойнап кетті. Тойдан кейін түнімен күйіп-жанып ауырды, түнімен дұға оқыдым, көз тиген, ертеңінде Жанел де солай ауырды. Екеуіне ем салып, адыраспанмен аластадым, екі күнде сауықты. Біздің үйде диванда құдалар қонған, 31-ші тамызда түсімде: диван асты жыбырлаған жәндік (құмырсқалар), мен шаңсорғышпен тазаладым. Үйді дұғамен аластадым.

4. IX. Ережептің 30-күні мешіттің бас имамы Дайрамбайды үйге шақырып, мұсылманша некемізді қидық. Куәгерлер анам Әлила, Мейрамның жолдасы Мирон, Шолпан болды. 5. IX. Шағбан айының бірінші жұлдызы, Алла некемізді құтты етсін деп ораза ұстадым. Анам бізде болған соң, Жеңістің апасы Зақанды қонаққа шақырдық. Екеуі бір-бірін жас кезінен біледі. Ұзақ күнімен әңгімелесті, жастары 89-да, өткен өмірлерін елестетіп, рахаттанды. Зақан апа тамақты аз жейді екен, ауыратынын білдірмеді, риза болып батасын берді. Анам: «Меккеге апарғандай сауап болды ғой,

– деді. «Қарт кісілерге көңіл бөліп, қамқор болмайды ғой, бір жасарып қалдық», – деді. Содан мен ылғи хабарласып тұратын едім, өңеш обырымен ауырып, әбден жүдеді. Бірде хабарласқанда, Есенжан жәкемнің балаларына сәлем айт, Күләшқа да сәлем деді. Мен Оразалыға, Дәукендерге хабарласып, әулеттен қалған екі кемпір барып қоштасып қалыңдар дедім. Олар жиналып барыпты, Жеңістің қызы Жанар мен немересі Индира үшеуі жұпыны екі бөлмелі үйде тұратын. Дәукен ауырып жүрген апа келіндерге орамал салып, батасын беріпті. Мейрам екеуміз жиі барып тұрдық, маған орамал салып, «діндарсың ғой, «Алла» деген жазуы бар орамал», – деді, – сенің арқаңда туыстарды көрдім, арманым жоқ өлсем де», – деді. Күләш бармады, Күләйша барып тұрды. Мен анамды ертіп бардым, қоштасып қайтты. Зақан апаның үш ұлы – Жексенбек, Жекенбек, Жеңіс, қызы Жамал – Света. Екі ұлы орысқа үйленген, балалары орыс болып кеткен, танымаймын. Жеңістің екінші әйелі Жібек суан қызы, Мейрам екеуміз әке-шешесінің алдынан өтіп, екеуін қосып тілектес болған едік. Жеңістің екі ұл, бір қызы бойжеткен, ұлдары Арсен, Әшім орысқа үйленген, орыс тілді. Жеңіс қазақы, жақсы қатынастық. Зақан апа қайтыс болды, мен сүйегін жуып, арулап, жер бесікке тапсырдық.

Мен шағбан айында үш күн ораза, Барат кешінде 60 рекет арнайы намаз, 100 реттен дұғалар оқыдым. Амангелдінің баласы Серік үйленіп, Мейрам, Шолпан екеуі Астанаға тойға кетті.

Аллаға көп мінәжат етіп, 11-ші рет тасбих намазын оқып, қажылықты сауап ет деп тілей бастадым. 5-ші қазанда ораза басталды. 8-қазанда тұмауратып 7 күн ауырдым, оразаны бұзбадым, Аллаһ жеңілдік берді. Шолпан ауыз ашқызды, оған Сара, Зейнеп, Кенжегүл, көршілері Шәйбала қатысты.

**14. X. 2005 жылы** Дәукен немересі Дарияға тұсау кесу тойын жасады. Ораза кезі. Оразалы мас, мен ренжіп, ауырып қалдым.

30. Х. Қасиетті Қадір түні: тарауық, арнайы намаз тасбих намазы, пайғамбарыма 4 рекет намаз Хабиб дұғасы, салауат, зікір, құран, иншалла! Шәууел айы үшін айттан кейін алты күн ораза ұстадым. Бір жыл ораза ұстаған сауабы болады депті пайғамбар ғ.с. Иншалла!

## Түстер

**Алланың аяны. 2005-жылы көрген түстер:**

19. І. Шолпан екеуміз құданың үйіне барыппыз, менің бір аяқ киімімнің өкшесінің терісін жапсырып жөндеп береді, сандықтан әдемі ақшыл гүлді қазақы көйлек кигізеді. Анам, Тазагүл апа дастарханда көп піскен етті Шолпан екеуміз жеудеміз. Арафа күні, нәсіп көп, әмин!

4. ІІ. Патшамен 2 рет үлкен дастарханда тамақ ішудеміз. Н-н менің белбеуімді костюмінің сыртынан буып алыпты, мен оған ақ қағазға белбеуімді тастап кет деп жазып алдына қоямын, ол столдың қарсы жағында отыр, үндемеді.

20. ІІ. Аппақ шаңырақта ақ киінген қонақтарды күтіп, басқарып жүрмін, мен де аппақ киім кигенмін.

12. ІІІ. Үлкен сарайда немерелер концерт қоюда. Шолпан әдемі киінген, бір құшақ гүл алып кіреді.

29. ІІІ. Алтай жаңа құндыз бөрік сатып алыпты, айнаға қарап киюде. Алтайдың үйіне көп ақ қойлар бесінші қабатқа көтеріліп барады, жанында мен, бір ұл бала бар.

20. ІХ. Анама Ерлан үйіне барсам, сарайда бір тана сиыр бүтін тығулы екен. «Кім, қайдан әкелді?» десем, тана бүлкілдеп үн қатады: «ұрлап әкеліп, тығып қойды». Мен таңғала білуге анамды іздесем, маған көрінбейін деп, басқа есіктен кетіп барады. Мен «Сайбековтар ғой» депояндым.

ХІ. Біздің көрші әйел Ақыл жалғыз сұқ саусағымен мойнымды алқымымнан басып қатты ауыртты. (Ескерту).

20. XII. Басыма сәлде орап жатырмын.

24. XII. Керемет асыл тасты биік тауда отырмын, төменде таза су, өзен ағып жатыр, балық көрінеді. Мейрам жайқалған көп қияр егіпті, мен үлкен ет табағын қиярға толтырып әкелемін.

Қонаққа қала әкімі Тасмағамбетовты шақырыппын. Екі қыз, ұлымен келіпті. Мен әкімге Мейрам, Алтай туралы айтпақ ойымда, әдемі кеселермен шәй әзірлеудемін. Оған киім кигізу керек деймін.

**2006 жыл.** Көрген түстер: 6. І. Жұма. Бірнеше кимешек, сәлдені көріп басыма киюдемін. Жерде отырған көп кісінің ішінен мені екі ақ көйлек киген әйел жоғары жарық жерге алып шығып, басымды қарап, әр шаш түбін тазалап, ақ түсті бірдеңелерді алып тастап жатыр, мен оларға ризамын, түрегеп тұрмыз. (Періштелер мені күнәдан, аурудан тазалаған ғой).

15. І. Мен базардан үлкен кептірілген шикі еттерді носилкаға тиетіп жатырмын, ең соңғы еттің үстінде құрттар бар, домалатып түсіріп жатыр. Бір ер адамнан «иісі жоқ па?» десем, ол жоқ дейді. Мен бір жағын ұстасып жібер, Орбитаға, 3 қабатқа шығару керек деп ойлаймын. Ол кісі жас жігіттер апарады деді. Екі аяғымның тобығына дейін қоңыр кір, мен темір ысқышпен тазалап жатырмын.

8. ІІ. Біреудің қанын бір еркек пробиркасымен (құты) алып қашады, ағаш қақпаны мотоциклмен сындыра, құлап түсіп өледі, ал маған қанды аман әкеліп береді, мен құжат толтырып, «03» шақырып, қанды беріп жібердім.

10. ІІІ. Анам Қ-дан екіқабат, іші үлкен. Мен Күләштан «бұл қалай?» деп таңғала сұраймын. Ол: «Үйде ешкім болмапты, жарық жоқ, сонда болыпты» дейді. Анам көңілсіз, жүдеу, іші үлкен.

27. ІІІ. Назарбаев менің қолымнан ұстап жүр. «Әнұранның әр сөзін талдауға қатыс» дейді.

29. ІІІ. Зейнеп біздің кірлерді жуып, жарық далаға жайып іліп жүр.

21. IV. Жұма. Мен есікті ашсам, зып етіп ұзын шұбар

жылан кіреді, төр бөлмені айналып менен өткізуімді сұрағандай басын көтереді. Мен жол бердім, зып етіп шығып кетті. Мен жоғарғы қабаттан қарап едім, үлкен су – арық өзенде крокодил кетіп бара жатқан еді, жаңағы бізден шыққан жылан қуып жетіп мініп, крокодилді уымен шағып, сорды. Ол құтыла алмады. Мен қарап тұрмын.

Үлкен теңіз жағасында мылтық ұстап тұрмын, біраз уақытта мылтығым суға кетіп қала жаздады, тез мылтықты жүк машинаға қойдым.

Үйінде Шолпан көп гүлдердің тамырын құты ыдыстарға отырғызып қойыпты.

5. V. Жұма. Шолпанның үйіне екі әйел келеді, біреуінің қолында түйрегіштер бар, бірден залға өтіп, терезе пердесіне «сыйлық» деп ілейін дегенде, мен төрде диванда отырғанмын, тез түрегеліп, сол қолыммен әйелдің екі қолын қатты ұстап, оң қолымдағы үлкен көсеумен әйелді аяқ-қолдан әбден ұзақ ұрамын, қолындағысы шашылып қалыпты, титімдей алтын сырға, бірнеше майда түйрегіштерді теріп алдым. Олар зорға қашып шықты. (VII-VIII. 2007 жыл).

9. VII. Мен айнаға қарап ұзын шашымды тарап тұрмын. Мейрамханаға кіргелі даярланып жатырмын.

5. IX. Мен машина кабинасында үлкен қара жолда зымырап келемін, ал Мейрам таза костюм-шалбар киген, машинаның артында тақтайды қолмен ұстаған, аяғы салбырап жолда. Мен машинаны тоқтатқызып, «Мейрам, ұят қой, алдыға отыр, мен сенің орныңа барайын» дедім. Ол: «Жоқ, осылай-ақ барамын» деді.

14. IX. Күләш қара көйлек киген, анам екеуі жолда кетіп бара жатып, анамды келемеждейді, ол «мен саған көрсетейін» деп қуа жөнеледі. Күләштың аяқ-бұты жалаңаш, көйлек етегін көтеріп, мазақтай қашып барады. Мен көріп тұрмын.

**6. X. Ораза кезі. Немере Әлиланың түсі:** Апа өліп қалыпты, біз жылап жүрміз. Үлкен алып бүркіт апамның жанын көтеріп, аспанға алып бара жатыр. Есік алдында орындықта апам отыр жанымызда.

9. X. Ораза кезі. Мен көрмеген тау-таста Арафат, Мұздалифада жүрмін. Мен «О, Аллаһ, көмектес, жеңілдет!» деудемін. Оразада түсімде Айгүл үйге көрімдікке он мың ақша береді.

XI. Мейрам үш қозы сойғызыпты, бастары жатыр. Жігіттердің біреуі, «ағаның таңдағаны осы, өте арық» деп, қабырғаларды етімен маған көрсетеді, тағы аға бір күшік, бір құс алды» дейді. Жаз кезі, дала, күн ашық, бір әйел үлкен қазанда су қайнатып жатыр, қозының еттерін пісірмекші.

29. XI. Бір шыны арақты, тығынсыз, Күлімханнан тығын сұрасам, жаман ескі тығын береді. Жөнді жабылмаған шыны-құтыны қолымда шүберек жауып ұстап әкеттім.

13. XII. 2006 жыл. Күләш сөйлескісі келеді, анам оған ескі жыртық қара жемпір береді. Күләштың шашы ағарып кеткен, қысқа кесілген, мен таңғалып қарап тұрмын.

## «БАТАМЕН ЕР КӨГЕРЕР...»

Мен алдын-ала көрген түстерді жазып қойдым. Жалпы, 2005 жыл отбасымызға көп жақсылық әкепті, есесіне мен де көп құлшылық етіппін, иншалла! Мейрам айдан айға, жылдан жылға көп басылымдар оқиды: «Жас Алаш», «Жас қазақ», «Айқын», «Түркістан», «Алаш айнасы», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз»... Мен де керек дегенімді қарап шығамын, үзбей оқитыным «Мұсылман күнтізбесі», «Ислам және өркениет» газеттері, «Ислам ғылымқалы», авторы Мұхиддин Исаұлы, Қайрат Жолдыбайұлы. Оқып бітіргенім, «Мұхаммед пайғамбар», авторы Феткуллаһ Гүлен, «Ақиқат шуағы», авторы Қайрат Жолдыбаев. Құран-Кәрімнің I томы, тек Фатиха сүресі туралы аударма, түсініктеме жасаған Зәріпбай Оразбайұлы.

«Ислам» газетінде Қайрат Сатыбалдыұлы Назарбаев құрған Ақ-Орда мұсылмандықпен шұғылданып,

жылда жастарды Меккеге кіші қажылыққа апарып жүргенін жазған, басқа басылымдарда Қайрат сұхбат берген. Рашид Қайратпен бірге жұмыс істейді, 2004 жылы Меккеге барған. Мен қажылықты армандап, Алладан күнде сұраудамын. Сонымен, Мейрам «Оқи, оқи – көсем, сөйлей, сөйлей – шешен болды» дегендей, барған жерде, жиын-тойда көпшілікті ұйыта бастады, иншалла!

**Мұқағали:**

Әйел – бақыт, әйел – өмір, әйел – жыр,
Әйел – дана, әйел – сұлу, әйел – нұр.
Бітер істің басы менен қасында,
Ешқашан да шаршамайтын әйел жүр.

*Замандастарымыздың мерейтойларында, үйлену тойларда батаны көсіліп беретін болды. Менің көзім жайнап, жүрегім нұрланып, массаттанып, тәубалап жүріп жатырмын.*

## Баталар

Отбасыңа тілеймін амандықты,
Алыс етсін Құдайым жамандықты.
Қос аққудай жұптарың жазылмасын,
Шаңырақтан жақсылық арылмасын!

* * *

Жазың жайлы болсын,
Қысың майлы болсын.
Бау-бақшаң миуалы,
Бала-шағаң ибалы болсын!

* * *

Аллам сені жырғасын,
Өмір берсін бір ғасыр.
Қазағымның сәні бол,
Той-думанның әні бол.
Білімсізге молда бол,
Халқың үшін жолда бол.

Адалдыққа серік бол,
Әзәзілге берік бол!
Арамдыққа сүлгі бол,
Кейінгілерге үлгі бол.
Азамат бол білекті,
Аллам берсін тілекті!

* * *

«Еркектің әйелі қасында болса,
Абыройы басында болады».
«Балаң жаман болса, жеті атаңа жетеді,
Келінің жаман болса, қонағың кетеді.
Қатының жаман болса, өмірің
үһлеумен өтеді».

* * *

Достарың төріңнен кетпесін,
Дұшпандарың есігіңе жетпесін.
Денсаулығыңа қуат болсын,
Айналаң толған суат болсын!

* * *

Шырағың жанып тұрсын,
Бұлағың ағып тұрсын.
Мың да бір пәледен,
Жүз де бір кесапаттан
Алла-Тағала қағып тұрсын!

* * *

Халайық, жерің, суың аман болсын,
Ырысты, ынтымақты заман болсын.
Бөлінбей жүзге, руға бірлік сақтап,
Бәріміздің ұранымыз – Қазақ болсын!

* * *

Тәуелсіздігіміз құтты болсын,
Ел іргеміз мықты болсын!
Таза болсын ауамыз,
Тұнық болсын суымыз,
Құламасын туымыз!

## Арысланның сүндет тойында

Бисмиллаһир-Рахман-Рахим,
Мұсылман болдың, қарағым.
Қане, бері қарағын,
Шырағын жағар ұлысың,
Ата менен ананың.
Таудай болсын талабың,
Алтын менен күмістен.
Жасалсын барлық жарағың!
Мұратыңа жете бер,
Күннен-күнге өсе бер.
Ұзақ болсын өмірің,
Өміріңнің түйінін
Өз қолыңмен шеше бер!
Әумин!

## Аллаға сыйынсаң құстай ұшасың – Умра қажылық

**2006 жыл. Ит жылы.** Президент Назарбаев 5-ші желтоқсанда 90 пайыз дауыспен өтті, қуаныштымыз. Зейнет ақшамызды аздап көбейтті, иншалла. «Айқын» газетіне бір бет сұхбат берді, суретімен шықты. Қазақстанның мұнай-газ мәселесін ашық қозғап, үлкен мәселе көтерді. Қайдам, оны оқитын чиновник болса.

22-Наурыз – Жаңа жылға қонақтар күттік. Інісіңлілер: Жомарт, Ләйла, Әмен, Роза, Бейсен, Шадияр, Балташ, Света, Жеңіс, Зейнеп. Көбісі найман жігіттері екен. Біздің немерелеріміз ән салып, би билеп, тақпақ айтып, ұлттық тәрбие нәтижесін көрсеттік. Менің туған күніме балалар арнаулар айтты.

Жанашырым сен ғана – Ұлғашым,
Сүйсінемін сені көріп әрдайым.
Тағдыр қосқан серігімсің өмірлік,
Сені берген асқақтатып жырлайын!
Әрқашанда ырзамын мен саған.
Қуанышпен өміріме нәр алам.

Мейірбанды кездеріңді сезгенде,
Көрінесің үр қызындай сен маған!

МЕЙРАМЫҢ.

Алланың қамқорын көрудемін. Алматы шай фабрикасы ұтыс жариялаған еді, біз ылғи сол шайды килограмдап алғандықтан, дәл туған күніме звондап, «кілем ұттыңыз» дегені. Оны намаз оқитын бөлмеме төсеп қойдым. Мен Коноваловтың емін қабылдаймын, ылғи тазаланудамын, сүйектер кезекпен қақсап ауырады, қан қысымы көтеріледі, емделемін.

9. IV. Мәулид түніне, тасбих намазын, пайғамбарымызға арнап құран, Хабиб дұғасын оқыдым. Қар жауып тұрды, күн суық, ауа райы құбылмалы.

20. V. Әлиланың бастауыш сыныпты бесқе бітірген жиынына бардым. Балаларға былайша бата бердім:

Жолымен жүр білімнің,
Шыңына жет ғылымның.
Данышпан бол, ғалым бол,
Қорғаны мен тірегі бол еліңнің!
Әл-Фараби, Абайдай,
Дана қазақ болыңдар!
Мәншүк, Әлия болыңдар,
Жүректі де білекті.
Деп тілейміз Алладан,
Берсе екен деп тілекті.

Есенжан баласы Аманбек қайтыс болды. Ұзынағаштағы қызының үйінен сүйегін шығарды, Мейрам жуды. Сол күні Рашидке:

– Қажылыққа даярмын, бірақ бізден мүмкіндік жоқ, Ақ-Орда арқылы бола ма? – дедім. Рашид бірден:

– Қолдан оңай келеді, – деді. – Ислам парызын өтемегендерді алып барып жүр, сізді жібереміз, – дегені.

– Рашид, мен күйеуіммен бірге барғым келеді, – дедім.

Содан 27-ші мамыр күні Рашид звондап:

– Құжаттарыңызды өткізіңіздер, – дегені. Қуанышта шек жоқ, бірден арнап тасбих намазын өтедім.

15-ші маусымда он төртінші рет тасбих намазын орындап, рухани дайындыққа кірістік.

Аллаһ турасындағы мақалдар:

1. Адамның басы – Алланың добы.
2. Уәде – Құдай аты. Той – Тәңірдің қазынасы.
3. Құдай малыңды алса да, пейіліңді алмасын.
4. Аллаға жағайын десең, азаның болсын.
5. Сақтансаң, Құдай да сақтар.
6. Құдай қарғайын десе, ақылыңды алады.
7. Аққа – Құдай жақ. Құдайдан қорықпағаннан қорық.
8. Аллаһ сабырлыларды жақсы көреді.
9. Күнәға өкіну – тәуба.
10. Мұсылманның ниеті жасаған ісінен қайырлы. Ниет – амалдың рухы. Ниет – жақсылықты жамандыққа, жамандықты жақсылыққа айналдыра алатын сырлы тылсым. Ниетсіз жасалған һижрат – саяхат, жиһад – зұлымдық, намаз – дене шынықтыру, ораза – диета.
11. Аллаһты сүю мүмкіндігіне ие болу – тілмен айтып жеткізгісіз бақыт!

**Умра – қажылық. 2006 жыл. 21-26. VI.** Күндіз ұшаққа отырдық. Жол бойы қажылар дінтанушы Мұрат, Мұхамеджан, Бақтыбай, т.б. керемет уағыз айтты, жан-дүнием нұрланып, біліміме білім қосылып, рахат дүниеде болдым. Өте тартымды мысалдармен, исламның, Алланың құдіретін, пайғамбардың сүйікті соңғы пайғамбар екені, пәни-бақи дүниелердің құндылығын паш етті. Жиддаға қалай келгенімізді білмей қалдым. Аспанда бәріміз Ләббайканы айтып, жерге аман түстік. Автобуспен бес сағат жүріп, Меккеге 22-маусымда күндіз келдік. Дәрет алып, әл-Харам мешітінің жанында даярланып, умра қажылықты өтеуге кірістік. Халық көп. Қажылықтың бар парызын уәжіп, сүннетін толық жаттап алғанмын, Мейрамның қолында кітапша қолтықтасып Қағбаны жеті рет айналып, зәмзәм суы Қағба алаңында екен, біраз тыныстап, Сафа-Маруа тауларының арасында 7 рет жүрдік, шынын айту керек, бірден жолдан келе сала өтеу ересектерге ауыр болды. Бәрін бітіріп, шаш ұшын қиып, қажылықты

бітірдік. Жатар орынға қонақ үйге келіп, Мейрам екеуміз жеке бөлмеге орналастық. Жанға жайлы, керемет. Менің сол аяғымның сіңірі тартылып, жан қиналды, Мейрам уқалап көмектесті. Тәуба!

23. VI. Жұма күні-түні мешітте құлшылық еттік. 24. VI. Қоштасу Қағбаны жеті рет айналып, бала-шағамның тілеуін тілеп жалындым. Қағбаны құшақтап, есігіне аяғымды тіреп, мүмкіндігіне ие болдым. Қағба жанында намаз оқыдым. Мединада 24-25. VI. Пайғамбар мешітінде намаздар оқыдық. Әйелдерді пайғамбар зиратына жібермейді екен, түскі тамақ кезінде дастарханда Бақтыбай имам айтты: «Апа, жаңа мешітте естідім, бір сағатқа әйелдерге Пайғамбар зиратына есік ашылады», — деді. Менің жүрегім дүрсілдеп, қуаныштан ұшып тұрып, мен кеттім дедім. Мейрам бірге шықты, мен жүгіріп келемін, аузымда Хабиб дұғасы: «О, Алла! Сүйікті пайғамбарым, маған мүмкіндік бер, Мұхаммед ғ.с. пайғамбарыма салауат айтып, сәлем беріп, құран оқуға!» деймін.

Зымырап кірсем, толы әйелдер, әлі жібермеген, бірақ жету мүмкін еместей, бағдарлап тұрмын. Ақырындап, қандай күш екенін білмеймін, жүре бердім, еркін ашық жер, ешкіммен сығылысқан жоқпын, зиратқа кірер жердегі топқа жеттім. Қарасам, пайғамбарымыздың мінберінде бір әйел намаз оқып тұр, артына келіп тұрдым. Ғажап, жан-жағымда сығылысқан адам жоқ, әйел намазды бітіріп кетті, мен мінберде тұрып екі рекет намаз оқыдым. Сол жағымда әйелдер көп, зират матамен жабық. Хадисте: «Үйім мен мінберімнің арасы жәннат бақшаларынан бір бақша, ал мінбер — қиямет күні маған сыйланатын кәусар бұлағының үстінде болады» деген. Сол қасиетті мінберде намаз оқып, тілек тілеп болдым да, өзіме «Ұлғайша, осыған да тәуба ет, болды» дедім. Таңғаламын, жан-жағымда асықтырған ешкім жоқ, кеңшілікте орындап, оңға бұрылдым бос, ары жүріп, мешіт ішімен сыртқа шықтым. Алланың құдіреті шексіз, сүйікті пайғамбарыма салауат айтып, намаз оқып оңай болғанына дән риза-

мын. Мейрам далада ыстықта 35$^{0}$ күтіп тұр екен, мен оған алаңдап едім, көп күтіп шаршады-ау деп, келе: «Кіре алдың ба?» – деді. «Иә, намаз оқып шықтым!» – деп шаттандым. «Тез келдің ғой», – деді.

Умра қажылықтағы қазақ әйелдері естімеген де, сезбеген де. Мені жеткізген пайғамбарыма арнаған «Хабиб дұғасының» сауабы болғанына күмәнданбаймын. Тәуба!

26-шы маусым күні Алматыға таңертең келдік. Үш күн барлық жерім ауырды.

Сүйінші! Мейрам 21-маусымнан бастап темекіні қойды! Үйге келген соң, Мейрам: «Ұлғайша, мен ешқашан темекі тартпаған сияқтымын, ойыма келмейді, қойдым!» дейді. Сөйтіп, 35 жыл тартқан темекісін Алла есінен шығарған! «Барды – жоқ етеді, жоқты – бар етеді» деген осы!

Мейрам көпшілікпен намазға жығылып жүрген еді, үйге келген соң ынтасы болмады. Умра қажылықта Рашидтың енесі – Роза, Назарбаевтың сыныптастары Қыдырәлі, Сәдуақас болды, Қайрат Сатыбалды отбасымен бірге барды. Қайрат қарапайым, кішіпейіл жігіт екен, біздерге істеген жақсылығын Алла берсін деп дұға еттік. 300-ден астам кісі, көпшілігі жастар – мекеме басшылары, соған қарағанда болашақта өкімет қызметіндегілер иманжүзді болсын дегені ғой. 8-ші шілдеде туыстарды жиып, құдайы тамақ беріп, зәмзәм суын ішкізіп, бауырларым Оразалы, Дәукен, Жеңіс, Қали, Мұқан, Құрпан, Алтайға жейде кигіздік; Бану, Баян, Жібек, Күләйша, жеңгелер Халиман, Мәдина, Сара, Күлімхан, Шәйбала достар, сіңлілерге орамал, шарф сыйладық. Меккеден тәбәрік. Мейрам екеуміз 20 литр зәм-зәм суын әкелген соң, барлық туыс, көрші, достарға – 70 адамға тараттым!

## «АДАМНЫҢ СӨЗІ – АҚЫЛЫНЫҢ ӨЛШЕМІ»

«Сүйкімді сөз – сүйек балқытар», «Жақсы байқап сөйлейді, жаман – шайқап сөйлейді», «Тілден – бал да тамады, зәр де тамады», «Тау мен тасты – су бұзар, адамзатты – сөз бұзар», «Сөз – тас жарады, тас жармаса – бас жарады», «Көз жетпеген жерге, сөз жетеді», «Жүрек таза болғанда ғана тілден оңды сөз шығады», «Не аллаһ туралы айт, не Аллаһтың бізге айтқанын айт», «Тіл бар жерде – ұлт бар», «Бірліксіз – тірлік жоқ», «Жақсы әйел – жаман еркекті ер етеді, жаман әйел – жақсы еркекті ез етеді».

Қазақтар «кім?» деп тек адамға айтады, ал орыстар «кім – кто?» деп жан-жануарларға айтады. Неге олай екен деп ойланбаймыз. Қазақ – текті халық, тегі жақсы, жеті атасын білу арқылы, жеті атаға дейін қыздарын бермеген, ұрпақтың сапасын ойлаған. Балаға тектілік 60 пайыз анадан, 40 пайыз еркектен дариды екен, себебі, ұрық әкеде 40 күн бел омыртқада пайда болып, ананың жатырында өсіп, 9 айда жарық дүниеге келеді. «Үйдің жақсы болуы (киіз үй) ағашынан, баланың жақсы болуы нағашысынан» дейтіні содан. Қазақ қыздарының тектілігінің бір дәлелі – Ұлы Отан соғысында тек жаяу әскерден шыққан екі қазақ қызы – Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова. Қазақ «кім?» деп адамға айту арқылы Құдай адамды ерекше сүйіспеншілікпен жаратып, басқа жануарларды адамға қызмет етуге, өмір сүруіне қорек етуге жаратқан. Адамда 39 млрд. қасиет бар екен, сол қасиет жеті атасына дейін дариды, ұрпағына беріледі. Неке қазақта қасиетті саналады, некесіз туылған бала құл делінеді, некесіз бала қарғыс атылғандай болады. Мұсылманша қиылған неке, ең абзалы, заманыңа сай некені заңдастыру, ең болмаса, ата-ананың батасын алу. Ал, ата-ананың рұқсатынсыз неке, қарғыс арқалағандай болады, яғни бақытсыз неке. Тектілік – адамның 50 пайыз болмысы, иманды болуы, 30 пайыз денінің саулығы, 20 пайыз ақылдылығы десе де болар.

«Діні саудың – дені сау».

Тектілікті айтқанда, адамға берілген қасиеті сияқты, жерде өсетін жеміс-жидек, ағаштар түрі, неше түрлі хош иісті гүлдер титтей дәні – тұқымы арқылы ғажап қайталанбас түрге айналады. Олар оттегін бөліп шығарып, көмірқышқылмен демалады, керемет үйлесімділік, адамға күш-қуат беріп демалтып, көзді әдемілігімен, сәнділігімен көзді қуантып, шаттыққа бөлейді. Алла, аурудың қанша түрін жаратса, табиғаттағы өсімдіктер арқылы одан емделуге болатынын бұйырған. Ол құранда жазылған. Алланы тану үшін, табиғат, 18 мың ғаламды, өзіңді тани білу керек-ақ. Бірақ, оған ақыл-ой, сана, білім керек, адам өмірі жетпейді. Жалған дүние өте шығатынын білмей, асықпаймыз, сондықтан күнде әр сағатты пайдалы іске арнап, сауап жинайтын рухани дәрежемізді көтеруіміз керек. Біліп-білмей істеген күнәлардан арылу амалы – Ислам жолы, иншалла, мен жадымнан шығармай, күнделікті шамам келгенше құлшылық етуден жалықпаймын. Алла өле-өлгенше тік жүріп, санамен сауапты іс-әрекет, амал жасауды нәсіп ете көр!

10. VII. Құда жұртына – Байқадамға поезбен кеттік. Жеті үйге тәберік, зәмзәм суын арқалап барып, бата алып сауапты іс істедік. Әулие Баба Шашты түкті әзізге құран оқып, садақа бердік. Сара әулие әжеге бардық, бата берді. Мейрамға, «тақия ки, намаз оқы, аталарың қолдауда» деді. Маған Сара әулие: «Көз-тіл, ауруды дұғамен пышақтың ұшымен сылып тастап тұр!» деді.

19. VII. Шолпандар құдайы тамақ берді. 22. VII. Зақан апа асын берді. Шолпанның өтінде көп тас болып, Қуанышбай Әйткенұлы – емші, шығыс медицина әдісімен емдеді. Екі ай қара редька тұнбасын ішті, тастар еріп түсті. Ине алды.

**18. VIII. 2006 жыл.** Арысланды сүндетке отырғыздық. Ұл немереме Алла мейірімі, пайғамбар шапағатын мол, мұсылман өміріне ақ жол тілеп, тасбих намазын (15) оқыдым. Арыслан: «Ла илла иллаһ, Мұхамедур рассулаһ» деп шауып кетті.

Нығметтің баласы Самат үйленді. Семейге құдалығына Мейрам барды.

7. IX. Барат түні – тазару құрметіне Ораза ұстап, 40 рекет намаз оқып, дұға, құран көп оқыдым, иншалла, Алла күш-қуат берді, тілегімді, мінәжатымды қабыл ет! Шағбан айында үш күн ораза ұстадым. 24. IX. Рамазан оразасы басталды. 27. IX. Әлила немереміз он жасқа толды, Фатима, Ықылас сүресін біледі. Алтайлар тоғыз адамға ауыз ашар берді. Ауыз ашардан кейін үйге Шәйбала мен Күлімханды ертіп келіп, тарауық оқып, әңгімелесіп, жайлы демалып, таңертең ауыз бекітіп, намаз оқып, Аллаға құлшылық етіп, тілек-дұға жасадық. 16. X. Мен Мұхамед пайғамбарға хатым құранды оқып бітірдім, рухы асқақтап, маған, отбасыма шапағатшы болуын тіледім! Қажылықты нәсіп ет Аллаһ!

19. X. Қадір түні, сергек сезініп, 4 рекет қажет намаз, тарауық, тасбих намаз өтеп, ораза айт мейрамынан кейін, шәууел айының 5 күн ораза ұстағанда, 30. X. Амангелді қайтыс болыпты. 31. X. Оразалы, Дәукен, Рашид Астанадан ұшақпен денесін алып келді. Сағат кешкі 18-30-да, Марков көшесіндегі үйіне әкелгенде, туыстармен көрісіп жүргенде, санамнан тыс, жан-дүнием кеудемді өртеп, күйіп, демалысым қиындап отыра қалдым. Ауа жетпейді. Әттеген-ай, ешкім қарамайды, бір уақытта Айнаш келін құшақтағанда, мен: «Менің жүрегім, көмектесіңдер, Шолпанды шақыр!» — дедім. Шолпан келіп, дәрі іздеп бөлмеге жүгірсе, ешкім бермепті. «03»-ті шақырды... емдеді.

БСМП ауруханасы. Қабылдаудағы орыс дәрігер әйел, «ауруханада орын жоқ, дәлізде жатсаңыз, аламыз» деді, мен жатайын деп едім, Шолпан «суық тиіп қалады, дәрігерге екі мың теңге беріп, қазір ем салыңыз, ертең жатар орын табармыз» деді. Сөйтсек, жанында бос төсектер бар екен. Қан тамырға тамшылатып дәрі жіберді, біраз тәуір болдым. Үйге балалар алып кетті. Түнімен бастағы ми күйді, ауырды, алған дәрілерді ішіп, таң атқан соң Шолпанның таныс

дәрігерінің күйеуі БСМП-да кардиолог екен, «әкеліңдер, жатқызамын» депті. Келдік, алды, сегіз кісі жататын бөлмеге жатқызды; басым көтертпей ауырады. Шолпан сөйлесіп, екі кісілік бөлмеге ауыстырды. Бөлім меңгерушісі, өзі емші дәрігер Абдығалиев Асхад 20 мың теңгені алса да, барлық ауруларға беретін дәрілерін алып, тақылдаған тақтай төсекте жаттым, он күнде, дәрігер үш рет қана қарады, ешбір мейірімсіз, көзі тек әйнек сияқты, нұрсыз, қатыгез адам екен. Мен әбден қайран қалдым! Тәуелсіздік алғалы ауруханада алғаш жатқаным, осы БСМП-ны 14 жыл Біртанов Амантай басқарған, жемқорлықтың нағыз ордасы деп еститінбіз, талай арызданса да еш нәтиже болмайтын, «КТК» телеарнасы да көрсеткен. Осында істейтін орыс дәрігері менде емделіп жүргенде, айтып еді жағдайларын.

54 адам интернет арқылы Біртановты жазған соң, 2005 жылы орнынан алған. Сол кезде екі рет қалалық мәслихат депутаты болды. «Парасат» орденін, халыққа еңбегі сіңген дәрігер атағын алды. БСМП – үлкен аурухана, тозып біткен, аурулар табалдырығын аттағаннан, шыққанша қол жайған медицина қызметкерлерін көресің. Өз басымнан өткізіп, түңіліп, Алладан енді дәрігерлерге, сотқа, полицейлерге күнімді қаратпа деп тіледім.

Менің ауруыма себеп болған Амангелді бауырым, 29. VШ. 2006 жылы Алматыдағы пәтерге қонаққа шақырған. Мен оған:

– Неге шақыра қалдың? – дегенде:

– Сендерден бата алайын деп едім, – деді. Мен барғым келмеп еді, Мейрам басу айтты. Бардық, үйіне көрімдік бердім. Қонақта Оразалы, Дәукен, Бану, Қали, Баян, біз. Амангелді алдына арақтардың неше түрін тізіп қойып, құйып ішіп отыр. Сол күні Қали, Баян, Бану ғана ішті. Мен Амангелдіден үлкен болған соң:

– Мынау қай шақыруың? Құдайы тамақ, бата алуда арақ дастарханға қойылмайды, әлде ертең 30-шы тамыз Ата Заң мерекесін тойлау ма? – дедім. Амангелді:

– Бір қойым бар еді, соны сойып, әдейі сендерден бата алайын деп шақырдым, Сен немене фанатик болып кеткенсің, Меккеге барып, ораза, намаз оқып... Оның бәрі бекершілік, иә, құдай бар, бірақ адамша өмір сүру керек қой, мен заманыма қарай бәрін стандартпен істеймін...

Тағы-тағы көп дінге, исламға тіл тигізді. Ағасы Оразалы арақ ішпеген соң, түк сөйлемеді, басқалары жасы кіші, үндемеді. Мен қапаландым. Әйелі – Гүлжазира, қыздары – Әйгерім, Алтынай, біреуі бір жылы сөз айтпады, асханадан шықпады. Үй үш бөлмелі, кең, жарық, дүниеге толы. Жалғыз Амангелді сөйлеп отырды, Мейрам бата берді. Менің Амангелдінің өлімінде, жүрегім қарс айырылып: «Әттеген-ай! Бауырым фәни мен бақи дүниенің парқын білмей, сезбей, кәлимасын айтпай кеткені-ай! Не қарыздан, не парыздан құтылмай кеткені-ай!» деген ойдан жүрегімді күйдіріп, құлап түстім. 29-шы тамызда соңғы қоштасу екен. Амангелді әйелін Зоя дейтін, айқайлап шақырып, бәрінің көзінше: «Зоя, когда мы женились, Ұлғайша первая отозвалась, помогла, біз үш тана беруіміз керек», – деді. Зоя да, басқалары да үндемеді, мен: «Сен ұмытып кетті ғой деп ойлаушы едім, ұмытпаған екенсің ғой», – дедім. Зоясы мен Әйгерім тәкаппарланып қарады. Сол күні Амангелді бір суретті бізге көрсетті. Оразалы Амангелдіге көзілдірігіңді берші, көрейін деді, көріп: «Ей, мына көзілдірік жақсы көрсетті ғой, сондай көзілдірік алайын дегенде, Амангелді мысқылдап «саған енді керегі не?» деп еді, Оразалы маған қарап: «Жақында өлесің, несін аласың дегені ғой», – деді. «Аңдымай сөйлеген, ауырмай өледі» деген, Амангелдінің асқазанында полип бар, алғызбай жүретінін айтатын, тағы аяғының тромбофлебиті болған. Ауруханаға жылына жатып емделетін, осы жолы хирургияда полипты алғызғанда, асқазан жарасынан қан тоқтамай, қан көп кетіп, ауруханада қайтыс болған. Амангелдінің 2004 жылы көрген түсі анық келді.

Мен ауруханадан шыққанмен, жүрегімді сеземін,

ентігемін, бас ауырады, әлсіздік. Көп дәрі ішудемін, намазды отырып оқудамын. Далада Мейраммен бір сағат жүремін. 11-ші желтоқсанда Шолпан, Алтай бес атаға барып, қой садақа беріп, құран оқытып, бата алды. Мен емші Қуанышбайдан он күн ем алдым. Сараның күйеуі қайтыс болған, он жыл төсектен тұра алмай, үйде Сара жақсы күткен. Содан «жұбату шайы» деп, Оразалы, Дәукен, Бану, Гүлжазира, Айбек, Қали, Сара, Ерболды қонаққа шақырдық.

Мен ауруханада жатқанда, белгіленген Арысланның сүндет тойын 4-ші қарашада жасады. Мен жақтан ешкім келмепті, Алтайдың барлық туыстары келіп, екі үйде қонып кеткен. Мен тойдың «той бастарын» даярлап қойғанмын, Шолпан жалғызсырап, қорлық көргенін айтып, қатты мұңайды. Қайын жұрты мейірімсіз. Құдағиым тойдан деп бір кәмпит әкелмеді, жанымдағы әйелден ұялғаным-ай! Дәукен 2004 жылдың маусымынан ылғи ауру, жиі-жиі ауруханада емделіп жүреді, мүгедектікке шықпады, жұмысқа ілініп, машинамен бір-екі сағатқа барып, қол қойып қайтып жүрді. Әбден азып, шашы түскен, (облучение, химия), боп-боз.

Қытайға барып он күн емделді, сұйық тамақты зорға ішетін, Бану келін 10 мың долларға емделді, дәрі алды, тәуір болды деген. Бану Қытайдан қонақ үйге сәнді қымбат жиһаз әкеліпті. Мен Оразалыға, Сануға: «Дәукен жұмысты қойғаны дұрыс, дем алсын, мына түрімен жұмысқа барғаны обал ғой, ұят қой. Жазылған соң шығады», – деп айтқанмын. Бану: «Ой, тәте, Дәукенге жұмыстан шығуға болмайды, жұмыстағылар орнына таласып жүр, түрткілейді», – дегені.

Оразалының баласы Рашид бауырым үлкен салауатты іс бітірді. Ата-бабалардың туған жері – Бұрған ауылында мешіт салды. Есенжановтар әулетінен деп жазыпты. Ауылда намаз оқушылар өте аз екен, тіпті жұма намазына келмейді. Біз Меккеден әкелген Қағба суретін, діни оқулықтар алып барып, мешітте құран, намаз оқып, дұға жасадық. Есенжановтардан жалғыз Рашид исламға ниеті дұрыс. Жоғарыда жазғанымдай,

Есенжанның әкесі Зердебай діндар сопы болған, бақилық болғанша парыздарын өтеген, тақуа адам болған, соңғы тілегі орындалып, әулие Райымбек батырдың жанында жерленген. Мешіт салынғанмен, оның отынсуы, бар шаруашылығын алып жүретін адамға өкімет төлемейді. Діни басқарма имам тағайындағанмен, оның жалақысы жоқ, көпшіліктің садақасымен күн көретін мешітке жатпайды. Бұрғанның тұрғындары аз, ауыл жағдайы нашар, сонымен Рашид имамға өзі төлейді. Халықтың санасы өсіп, қашан жағдайлары түзелер екен деп толғанамын. Ей, Алла, ұрпағымызды иман жолында кездестір.

Аманбек қайтыс болған соң, Дәукен балаларын – Қазбек, Айдос, Айнұрды қолдарына алған. Бану шапқылап жүріп құжаттарын жинап, Алматыға тіркеп, ұлдарды жүргізушінің оқуына түсірді, Айнұрды колледжге орналастырды. Дәукеннің Айдары бірге тұрғылары келмеген соң, Орбитадан төрт бөлмелі жақсы үй әперген, қыздары Аружан, Әлия келіннің шешесі Тамара қарайды, орыс тілді. Арлан ұлы елшілікте істеуші еді, Оңтүстік Кореяға жұмысқа жіберген. Арланның қызы Дәриядан кейін Кореяда бір қыз – Әдия дүниеге келді. Бану ақкөңіл, жайдары, қазақы, бірақ балалары қазақша сөйлемейді. Бану балаларының «жаманын жасырып, жақсысын асырып», сыр бермейді. Бірақ бізге Оразалы бауырлары туралы шындықты айтатын. Мен Дәукенді жақсы көремін, жаным ашиды, керемет үш қабат сарай салғызғанда, балалары бірге тұрмады. Енді аяқ астынан жазылмайтын дертке душар болды. Алланың құдіреті күшті, тағдырға не шара? Ойлап отырсам, Есенжан атамның балалары Ораз, Оразбек, Аманбек, Амангелді қырық тоғыз, алпыс, алпыс үш жастарында кетті. Енді Дәукен өмірі ілініп тұр, әбден жаны қиналуда, ешқайсысы исламды мойындамады. Мейрам екеуміз кездескен сайын жайлап айтамыз, мұсылман күнтізбесін де сыйладым, бірақ оқымайды екен. Мүлде басқа өмірде жүргендей.

Ең қымбат капитал – адамдық ар-ождан, әдептілік

пен сыпайылық. Адамның көзінің қарашығындай көріп, аялаған қимас нәрселері өлген соң қалады, тек оның жасап кеткен жақсы істері, ойлары ешқашан өлмейді.

**Шәкәрім:**

Шаранамен туып едің, боз оранып кетерсің,
Көп қиялды қуып едің, қайтіп оған жетерсің?!
Мал үшін жан қиып едің, қайтіп алып кетерсің?!
Көп дүние жиып едің, бәрі қалды, не етерсің?! – дейді.

## ТАУДАН БИІК – ОЙ, ТЕҢІЗДЕН ТЕРЕҢ – ҒЫЛЫМ

**Азық:**

Тәнің – жаныңның азығы,
Жаның – тәніңнің азығы.
Екеуі бірін-бірі емізіп күнелтеді.
Айырмашылығы: тәннің қорегі – Дәм;
Жанның қорегі – Дем.
Ұқсастығы:
Тәнің қиналғанда – тер басады;
Жаның қиналғанда – шер басады.
Қорытынды:
Тән – тыныштығын торқалы төрден табады;
Жан – тыныштығын топырақты көрден табады.

* * *

Тән – фәнидың,
Жан – бақидың еншісі.

* * *

**Ақыл** – адамның бойындағы ең қатал, қатыгез, суық әрі өзімшіл ұста. Жанына жаны ашымайды, тәніңе қуат бермейді, сезіміңе сезім қоспайды, тамырыңа ыстық қан құймайды.

Жан – тәннің көрігі,
Тән – жанның көмірі.
Сезім – от. Қан – ауа. Нәпсі – дауа.
Ақыл – ұста дейік, сонымен:

Жанын балқытады, тәнің балқиды;
Қанын — қызады, нәпсің — қозады.
Сезімің ысытады, Ақыл суытады!

Дана — тағдырдың өзі! Ұлы — тағдырдың жазмышы! Тұлға — қызметкер.

Сенім — даналардың, күдік — ұлылардың, шындық – тұлғалардың сыбағасы. Шындық – тәуекелге қарыздар.

Осы уақытқа дейін оқығаным мен тоқығандарымды, өмір тәжірибесін екшелей келе, өз-өзіме «Тәуелсіздігіміздің 15 жылында халқымыз неге жетті?» деп сауал қоямын. Ұлттық сапа заң жүзінде тіл, дін, діл қазақтың қолында, бірақ мәңгүрттенген ұрпақ түзелгісі келмейді, ұлттық намыс жоқ. Капиталистік жүйе сіресіп, қалыптасты, байлар 20-30 пайызға жеткендей, бар жер байлығын иемденіп, түк білмесе де әкімшілік төңірегіндегілер бөлуде. Сайлаудың барлық түрі алдын-ала жасалған тізіммен өтеді. Негізгі құрал – ақша. Бәрі сатылады. Дегенмен, зиялы қауым, орташа интеллигенция газет, журнал, көгілдір экран, радио арқылы үлкен идеологиялық күрес жүргізуде. Астана қаласын керемет үлгіде көркейтуде, 14 қабатты тұрғын үйлер көбейді. Ауылдан қалаға қазақтар ағылды. Түрлі жолмен, амалмен тірлік етуде. Жемқорлық тамырын тереңдетіп, асқындап тұр. Жылда зейнет ақыны 25 пайыз өсіруде. Есесіне тамақ қымбаттады.

Барлық институттарда шәкірттер қазақша оқуға құқылы, бірақ оқулық жоқ. Ұстаз өз білгенінше оқытады. Сондай қажеттілік туындаған соң, қазақша жаза алатын мамандарды іздей бастады. Мейрам өзі қазақша дәріс беретін, барлық сабағының бағдарламасын қазақшалап, бастырып оқып жүрген, оқулықтарын баспаға өткізгеніне үш жыл, әлі шығарған жоқ. Биыл маған Алматыдағы №1 жұқпалы аурулар емдейтін аурухананың әкімшілігі звондап: «Оқулық жазыңыз, бізде қазақша жазатын ешкім табылмады», – деген. Сонымен қазақша жазғандарымды жинадым. Радионың «Шалқар» бағдарламасында бір жыл «Дені сау-

дың – жаны сау» деген тақырыпта түрлі жұқпалы аурулардың алдын алу, сақтану, емделу тәсілдерін баяндағанмын. Қазақша дәріс берер дәрігер өте аз.

«Шалқардың» бас редакторы Руслана Құдайбергенова әдемі, сұлу, ақылды, парасатты кісі екен. Менің бағдарламамды мұқият тыңдап, «халыққа түсінікті және пайдалы кеңес беру керек» деді.

Жіті ішек жұқпалы аурулардан: тырысқақ, іш сүзегі, қантышқақ, сары аурулардың түрлерінің улану себебін, емін айттым. Өте қатерлі аурулар. Оба, құтыру, түйнеме, туляремия сарып, сіреспе... Тыныс жолдары арқылы жұғатын аурулардан: тұмау, қызылша, желшешек, қызамық, күлдифтерия, менингит ауруларының белгілерінің өрбуін емдеуін, сақтану, қорғану амалдарын айттым.

«Денсаулық» журналын үзбей алып оқып, керегін жинап жүруші едім. Москва, Ленинградта, Ташкентте, Алматыда неше дүркін білімімді жетілдірген дәрістік құжаттарды қайталап, бір жүйеге келтірдім. Даярландым.

## АЛЛАНЫҢ АҚ НҰРЫ АЯСЫНДАҒЫ ЖЫЛ

**2007 жыл. Доңыз жылы.**

**Көрген түстер:** 7. І. Патша мені жұмыс бөлмесіне жетектеп апарып отырғызды, екі әйелін алғызды. Оларды мен танымаймын, екеуі де жұпыны киінген, әдемі емес, мен жақсы киініп алғам, жасым 40-та. Әйелдеріне қарап, ол, «мен қосымша заңды пайдаланып, Ұлғайшаға үйленемін» деді. Олар мақұлдағандай маған қарап таңданады, қайдан келді дегендей. Сонда «мен Нұрекеңмен бір мектепте оқығанмын, бұрыннан жақсы білемін» деймін. Ішімнен ойлаймын, енді үйіне апаратын болды ғой деп.

10. II. Нұрғиса Тілендиев түсіме кірді. Қажет намазын өтеп, құран бағыштадым.

26. III. Дәукен өлімінде Амангелдіні көп күтеміз,

киімін ала-құла киген, бойы кіші, арық, алдынан әйелі айқайлап шығады, «неге кешіккеніңді білем, қайдан келгеніңді» деп А-ды бір киіммен ұрады. Жерде қараға оралған Қали жатыр, мен оны түймештеп жатырмын, мұның не деп. Екінші жақта көпшілік ішінен Оразалы көрінеді. (Қали қатты ауырды).

Қали туралы түс көрген соң, бір қой сойып, құдайы тамақ беруін өтіндім. Құран оқып, құдайы тамақ берілді. Қали ауырып, ауруханада емделді, әйтеуір арты қайырлы болды.

30. V. Шолпан әскери киіммен үлкен машинада құмды-тау жерде, машина кілтін жоғалтқан, сыммен машинаны от алдырғалы жатыр, бір уақытты күшті жорға атқа мініп алған, біреудің қасқырдай итін және кішкентай итті шынжырлап ұстап алған, шауып келеді. Сол кезде алдынан үлкен ер адам шығып тұра қалғанда, атынан қарғып түсті. Мен бөтен қалада екенмін, кетейін десем, поезд жүріп кетеді.

Енді қайтемін, Шолпанның кесірінен болды деп жылап отырып оңға қарасам, таза су, көк мұхит па, теңіз бе, кеме тұр, ой, кемемен де баруға болады ғой деп ояндым. Иншалла! Екі рекет намаз оқыдым.

26. VII. Бейсенбі Ережеп айы. Қызыр бабаммен бірнеше кездесіп, сәлемдесіп жүрмін. Мекке жері, жаз айы, күн ашық, кісілер көп, мен намаз оқып жатыр едім, жалғыз аяқ жолда Қызыр баба келе жатыр еді, бесін намазы басталды. Баба келе жатып оқыды, мен тоқтап жол беремін. Таудамыз, төмен қарасам өзеннің ар жағында бізге қарап Мейрам азан айтады. Содан бір мезгілде ағаш стол үстінде дастарханда бір табақ күріш. Шолпан жанымда, мен оған:

«Өлімді мен несіне жатсынамын,
Білемін о дүниенің жақсырағын.
Алланың аманатқа берген жанын,
Мезгілі келген кезде өзіне тапсырамын», —

деп үлкен қасықпен күрішті жеп жатырмын. Сонда арт жағымда естіп тұрған Қызыр бабам Шолпанға: «Анаң дұрыс айтады, бәрін дұрыс істейді», — деді.

**Түстер:** Тас қамал, кедір-бұдыр жол. Шәйбала, Галя үшеуіміз жүрміз; төмен келе жатырмыз. Қарасам екеуі ұзап кетіпті, мен «Шәйбала» деп айқайласам естімейді, тоқтамайды. Жол қиын болса да, кері бұрылып тас қамал жолдан, жер асты жолдан шығамын. Үлкен қара тас жолға мені машинаға отырғызып жіберші деп бір жігітке айтамын, қалтамда 200 доллар бар екен, Орбитаға жетпекпін.

6. IX. Мен таза бассейн суына шомылып жүрмін.

11. IX. Жас, бөтен әйел рұқсатсыз үйге кіріпті, бұрышқа кішкентай суретін іліпті, аздаған дұғалаған суды еденге төгіпті. Мен суретін жұлып тастап, төккен суына әйелді етбетінен жығып, өзіңе сіңсін деп ұрып, басын еденге қойғылап басып тастаймын. Оған бір еркек қағаздар әкеп сөйлеседі. Мен айқайлап, «бөтен адамдар кетіңдер!» деп қуып жатып ояндым. Иншалла! Тұра сала Аллаһқа жалынып намаз оқып, дұға жасадым.

Алтай жаңа жағалы тонды айнаға қарап киеді.

Өзгеше екі-үш есіктен өтіп жүрмін. Таудан келе жатырмын, ұшаққа кешке Мейрам шығарып салады ғой деп ойлаймын.

* * *

**2007-ші жыл болды,** менің жүрегім, қан қысымым мазалауда, күш-қуат әлсіз, жүйкелеп тұрамын. Ылғи дәрі ішудемін: дигоксин, предуктол, кардиомагния, энам. Тұмау жұғып ауырдым. Шолпан емші Қуанышбай Айткенұлына апарды, он күн ине салғыздым, тамыр ұстап, ішкі құрылыстағы бүйрек-бауыр жұмысының нашарлығынан деп, күш-қуатты көтерді. Айтқандарын істеп, жеңілдендім. Аминалонды бір таблеткадан екі ай іштім. 1428 жыл 29. I. Ашура күні құлшылық жасадым. Алтай VII. 2006 жылы жұмыссыз. 4. III. Бесатаға арнайы ниет етіп барып, құран оқыдық, садақа бердік. Бірліктегі Нығметтің үйіне дастархан жайып, ата-аналарға құран бағыштадық. Нығмет инсульттан кейін ауру, сөйлей алмайды, аяғын әрең басады. Суық тиіп қатты ауырдым. Дәукен нашарлап жатыр деген соң барайын деп хабарласым едім, Дәукен маған: «Келмей-

ақ қойыңыз, күнде кісілер көп келіп, шаршатты», – деді.

11. Ш. Дәукен қайтыс болды. Мен бардым, жылағанға шамам келмеді. Қайран, бауырым, иманды бол, тағдыр осы.

## БЕСАТА – ШАПЫРАШТЫ ӘУЛИЕЛЕР
### сөйлейді немесе бабалардың баталары
*(Әулиелер көмегі, Қызыр баба, көріпкел қыз көмегі)*

2007 жылдың Ш-IV айларында аурумын, қан тамырға дәрілер алдым. Шыңғыс қажыға барып, шипалы дұға су, бата алдым. 12-14. IV. Ақ-Орданың аққу қыздары Венера, Күмісайға бардық.

Түктібай бабамның ниеті түсіп, маған Венера арқылы сөйледі: «Шаңырақтарыңда түрлі тіл-көз бар, көре алмағандықтан, қара ниеттері жаман, Күләйша әпкеңнің көзі жаман, Күләш дінсіз, қап-қара болып көрінді, арты жаман болады. Анаңды жәбірлеп айқайлайды, ол үйде сенің атыңды ататпайды, анаң бала сияқты жәутеңдеп отыр. Ерлан, Нұрлан балалары сені қатты ренжітіпті. Райхан, Сара, Күлімханнан да абайла. Сен өзіңді кінәлама, Аллаһқа сиынып жүрсің, жеті жылдан бері бәрі дұрыс өмір сүрудесің, аруақтар саған разымыз, жаныңда жүрміз» деді.

Сүйінбай бабам: «Қызым, бойыңда Мұхаммед ғ.с. пайғамбардың, Арыстанбаб, Сарыбай, сол қолыңда – сабырлық беруде, Түктібай баба белгісі екі жауырын ортасында, Жамбыл белгісі желкеңде, Қайназар белгісі сол жақ басыңда қолдауда. Әкең сол аяқ сүйегін ауыртып келеді, әкеңнің бар мінез, ақылы, жақсылығы сенде, жаныңда жүр. Саған үш жасыңнан көз тиген, кәсіби жұмысыңда көп кедергі болды. Саған ор қазғандар өздері түсуде. «Аққа – Құдай жақ» деген, бәрін өз ақыл-амалдарыңмен жеңіп келесіңдер. Анаң Жамбылдың жасына келеді. Дәрігерлік еңбегіңді тамыр, қол арқылы шипа жасадық. Көпшіліктің батасын алдың, олар сені сипап жұғысты болуын қалады. Ғалия қызың

Аллаға керек болды, оған өзіңді кінәлама. Жақында Зақан апаның батасының жақсылығын көресің».

Венера бес шырақпен емдеді. Шолпанды үш күн емдеді. Аталар оған нағашы екі әпкең жамандық тілейді деді, Шолпан елеңдеп, үйде тұрғысы келмей, ештеңе істегісі келмей қаңғырғанды қалап жүр екен. 16-сәуірде туған күнін (39 жас) кафеге жиырма адамға тапсырыс беріп туыс, жолдастарды шақырып, талай оқыс мінездер көрсетіпті. Түнде мейрамханаға қашады екен. Алтай айтқаннан бастап Аллаға жалынып, дұға оқудамын. Банудың келіні Әлия кредит әперіп, Араб Эмиратынан машиналар әкеліп, бизнес жаса депті. Сонымен, жеті күнге шетелге 13-20-сы күндері мамыр айында Алтай Шолпанды жіберіпті. Менен қашып, бізді жолатпады. Шолпан аман-есен келді, қатты аландадым. Иншалла!

Жұқпалы аурулар туралы оқулық жазып жүрмін. 26. V. Алтай мен Шолпан зорлап «Джип» машинасын бізге сатты, мен қарсылық етіп едім, көнбеді, бар жиған ақшамызды бердік. Алтайды жұмысқа тұрғызамын деп 40 мың доллар алған жігіт, орындай алмай, жаңалау «Джип» машинасын беріпті. Шолпанның мінезі, жүріс-тұрысы өзгерді, азып, боп-боз болып, елеңдеп кетті. Жаным бірдеңе болғанын сезеді, күйінемін, жылаймын. Үздіксіз емделудемін, алқынып, басым, жүрегім ауырады. Несиеге алған ақшаны алып, Эмираттан машина алуға Шолпан, Әлиланы алып (10-18. VI) кетті. Үш машина алып келді, аман.

Мейрам да тері ауруы қозып, ауырып, жиырма күн емделді. Алтай Шолпанның кесірінен көп қиналды, маған жиі келіп айтады, менің жан-тәнім қиналды.

## ҚЫЗЫР БАБА ҚОШ КЕЛДІ!

23-шы маусым сағат 10-30. Есік қағылды. Мейрам ашса, қария кісі, қолында тасбих, үйге кіргізді, диванға отырғыздық. Біз аң-таң, бірге қарап тұрдық, ол кісі қабырғада ілулі тұрған Мекке, Мәдина қаласындағы

қасиетті мешіттердің, Қағбаның суреттерін көріп: «Меккеге барыпсыңдар, көздеріңнен нұр шашып тұр, тілектерің қабыл болады», — деді. Мен: «Бізді қайдан тауып келдіңіз?» — дедім. «Далада отырған адамдардан «Меккеге барған кісі бар ма?» деп едім, сіздердің үйге жіберді», — деді.

Бұл үйде үш жылдай тұрамыз, аулада ешкім танымайды, тіпті қазақтар аз сыртта отырмайды. Әдейі іздегенде пәтерді дәл тауып келу қиын, таңғалдым. Бірден құран кітап, жанында Шолпанның суреті бар еді, жылдам суретті атаға көрсетіп: «Ата, мына қызым ауырып, мазасызданып жүр, көмектесіп, бата беріңізші», — дедім. Ата асықпай, байсалды қалыппен әдейі сол үшін келгендей: «Қызға дұға жасалынған, орыс кемпірі арқылы өлген адамды жуған суды берген бір қол, бір аяқтан кем ету дұғасы, — деді, — құрбан мал шалу керек, бір қой жиырма мың теңге, екі төсек жаялығы, бір дене сүртетін орамал, бір көйлегін сұрады, дұға оқыды. Бір кесе суға дұға оқыды. Бүгін қызға ішкізу керек, ақ және қара жіп сұрап біріктіріп жеті түйін жасады. Мұны 91 күн жастығының астына жастанып жатсын! Тағы бір кесе суға дұға оқып, Мейрам екеумізге ішкізді, үйді сумен аластады бүркіп. Ақшаны жерге тастап, екеуің басып, ризашылығыңмен беріңдер деп алды. Мен тездетіп ас үйден табаққа нан-дәмдер әкеліп алдына қойдым, дәм татты. Тез арада есікке барды, мен дорбаға салған жаялық, сүлгі, көйлекті қолға ұстаттым, шығып кетті. Мейрам есікті жапты, мен қашан шығар екен деп ас үй терезесін ашып, үлкен есікке қарасам, лезде үйдің оң жақ бұрышына бұрылып барады екен. Мен таңғалып, Мейрамға: «Лифтіге отырмады, жетінші қабаттан бір минутта түсе алмайды, ғажап бұл!» — деймін.

Қызыр баба — періште, әдейі көмектесуге келген! О, Алла, дұғасын қабыл ете көр?! Мен енді қайтіп Шолпанға суды ішкіземін, ол бізден безіп жүр ғой деп қапаландым... Кешке үйіне бару керек деп ойландым. Аз уақыт өткенде, Шолпан өзі хабарласты. Ғажап, ол

неше ай болды хабарласпайтын, мен дереу: «Шолпан, сен маған керексің, мне плохо», – дедім. Ол бірден: «Алтай мені жамандап, мен сол үшін керекпін бе?» – деді. «Жоқ, Алтайға байланысты емес, бізге Қызыр баба келді, кел», – дедім. Шолпан тез келді. Мен қысқаша жағдайды айттым, көңілденіп дұғалаған суды ішті, жіпті алып кетті. Алтайды жек көріп, көргісі келмейтінін айтты, ажырасамын, сендер оны жақтайсыңдар, мені ешкім қолдамайды деді. Мен жанталасып емші, көріпкел іздедім. Кенжегүл досыма ғана Шолпан туралы айтып, көріпкелден не болғанын білсем дедім. Ол: «Менің таныс сіңлім Қызылордадан, жас кезінен көріпкел, қазір қалада қабылдайды», – дегені. Іздеп едім, Астанада екен.

## КӨРІПКЕЛДІҢ КӨМЕГІ

25-ші маусымда мен Шолпан мен Алтайдың бірге түскен суретін алып, емші Айсұлуға бардым. Көріпкел суретке қарай сала, сөйлеп кетті: «Бойы аласа, өзі сары, көзі көк әйел үшінші рет Х. 2006 жылы орысқа сиқырдұға жасатқан, соның әсері көктемнен денесіне дарып, сізді, байын, балаларын жек көрішті көрсетіп, ішімдікті жақсы көрсетіп, жынданып кетуге сиқырлаған». Менің көзімнен жас сорғалап, жас балаларға обал болды, қайтемін. Айсұлу: «Апа, сізді Алла қолдап жүр, артыңызда Қағба, өзіңіз тақуа – адал адам екенсіз, Ақшамда тоғыз шырақтан жағып суға ерітіп, қолыңызбен суретінен сипап отырып дұға оқыңыз, тілегіңізді айтып, суға қатқан шырақты жерге көміңіз. Аллаһ ананың баласына тілегенін қабыл етеді», – деді. Жеті күн ақшамда жылап отырып дұға оқыдым.

2. VII. Айсұлуға бардым, ол: «Апа, Алла тілегіңізді қабыл етіпті, біраз өзгеріс бар қызда, енді бүгіннен бастап 40 күн ақшамда шырақпен дұға оқисыз», – деді. Күнде жан-тәніммен жылап отырып сиқырды басынан, жүрегінен, іш-құрылысынан сылып алып тастағандай

сезіндім. Алладан кәпірлердің сиқырлы дұғасының қызымнан кетіп, арақ-темекі, жалқаулық, сәнқойлық нәпсілерін жойып, отбасына ие болып, алтын қазық болып қағылып, Аллаһтың ақ жолындағы ана болуын жалынып сұрадым, сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с. сүннетімен жүріп, шапағатқа ие болуын тіледім! Иншалла! 40-шы күнгі дұға Миғраж түнінен сәйкес келіп, түнгі 4-30 сағатқа дейін көп намаз, дұға оқыдым. Алла, қабыл ете көр!

11. VIII. 41-ші күні шырақты тоғыз рет жағып, дұға оқып, үрім-бұтағыма кәпір, дұшпандардың сиқырлы дұғасынан қорған болуын сұрадым! Дұға біткен соң, оң жақ басым ауырып, басымды көтерсем, үйдің іші айналғандай, тұра алмай қалдым. Зорға телефонға жетіп, Шолпанды шақырдым, Алека екеуі келіп, басымды ұмаждап массажбен, дәрімен басымды жеңілдетті. Емханаға барып он күн дәрілендім. Шолпан жазылды, отбасына, бізге мейірімі түсті. Үйін жиып, тамағын істеп, бала-шағаға қамқор бола бастады.

Иә, оқырман, жазуға оңай болғанмен, менің екі ай үзбей дұға оқып, тілегенім бір Аллаһқа аян. Сонша азап, сынақ бергенмен, аяғы қайырлы болғанына қуанамын. Қызыр бабам, Айсұлу көріпкелдігімен сиқырдан құтылудың жолын көрсетті, сынады. Мені де Аллам бекер жаратпапты, отбасымыз қалпына келді! Ризамын, осы кездерде күш-қуатым болып, күнде оқулық жазумен айналыстым, қолым үлгере алмай, санамдағы ойларды тез жазуға құлшынумен болдым. 5. IX. 55 түрлі жұқпалы ауруларды аударып, оның шығу тегін, қалай дамып, өрбитінін, аурудан қалай сақтанып, қалай емделуге болатынын қысқа да нұсқа етіп жазып шықтым. Баспаға теруге өткіздім, оған дейін екі мың сөздік даярладым. Алланың құдіретіне бас иіп, таңғалдым. Оқулық та бітті, қызым да жазылды. Аллаға ризашылығымды ораза ұстап білдірдім. Талай қиналғанда қолдап-қорғап жүрген әулие бабалар, аналар екенін сеземін. Көрген түстерден де қиындық кездессе де, жол тауып шығушы едім.

«Түсің жақсармай, ісің жақсармайды».

Түктібай бабама зиарат етіп бардық. Баба: «Қызым тоғыз ай жылап, тілеген тілегіңді Алла қабыл етті, әр уақытта жаныңда бәрін біліп жүрдік. Бибісара нағашы анаң Айшабибіден жалынып сұрап, сенің балашағаңның бақытын сұрады, қабыл етті. Төрт күнде аян болады, тағы келіп кет маған», — деді. «Бар сиқыр-ауруды алысқа көміп тастадық», — деді.

**Анам 24. VIII. 2007 жылы 90 жасқа толды,** бала-шағамызбен түсте барсақ, даярлық жоқ екен. Әпкеміз: «Кешке бала-келіндер базардағы жұмысынан келген соң, дастархан жасайды», – деді. Анамызды сүйіп, құттықтап, сыйлығымызды бердік. Анам ешбір сыр бермеді.

Сыйлықтың үлкені – жүректен шығар жылы сөз емес пе? Оны біз былайша өлеңмен жеткіздік:

### ӘЛИЛА АНАМЫЗҒА
*(Торқалы 90 жасына арнау)*

Атамызды кебенек киіп кеткен,
Келер деген үмітпен күтіп өттің.
Жақсы хабар жарыңнан күтуменен,
Бес уақыт намазда дұға еттің.
«Көппен көрген ұлы той» дедің-дағы,
Белді бекем буындың жиырма бесте.
Бастан ұшқан заманда елдің бағы,
Тірі жесір атандың ол да есте!
Атамменен өмірің ерте үзілген,
Жылытпадың жаныңды жар қызумен.
Атамызды тапсырып Алласына,
Арманыңды жалғадың үш қызыңмен!
Ұлы тойға жасыңыз кетті ұласып,
Ақ-Ордаға айналды сіздің лашық.
Шөберелер бесігін тербетумен,
Сізден өлім айналып кетті қашық!
Түтінін отбасының өшірмеген,
Құлатпаған ошағын ер бағасын.
Дәретіңе жетелеп шығаратын,

Көре бер шөберелер қолғабысын.
Алла сізді жарылқап хақ жаратқан,
Жарық етсін сәуленді Алла жаққан.
Орамалың кір шалмай ғұмыр кешкін,
Ақ ұлпа қар секілді жерді жапқан!

*Зор тілекпен,*
**Ұлғайша, Мейрам.**
*24. 08. 2007 жыл.*

Өкініштісі, аяулы анамыздың торқалы тоқсан жасының ол үйде елеусіз өткені. Әрине, анамыз үшін, әсіресе мен қапаландым. Байғұс ана, қадіріңді білмейтін қызыңды таңдадың, оның балалары үшін құрбан болдың. Еңбегің бақи дүниеде пейіш болуын тіледім. Қазір шөберелерін қарауға шамасы келмей қалған соң, Күләш жанына алды, мен де, Шолпан да барып анамды қолға алайық деп едік, анам көнбеді, себебі, «тас, биік үйде тұра алмаймын, мен бұларға үйреніп кеттім ғой» деді.

13. IX – 11. X. Ораза басталды!

Қуанышпен оразаны ұстадым. 21. IX. 91 күн өтіп, Шолпан Қызыр бабаның дұғасы қабыл болып орындалғанына ауыз ашар тамақ берді. Оразаның он төрт күнінде бір тәулік ішім сарылдап өтіп, еш жерім ауырмай, ауру-күнәдан тазарғандай болдым. Аллаға көп мінәжат етіп, Бибісара әжеме оразада қатым құран түсірдім. Қадір түні түнгі 23 сағаттан 06-ға дейін ұйықтамай, 45 рекет намаз-тарауық, қажет, тәуба намаздары, қадір сүресін 100 рет, хабиб дұғасын 9, құран, дұға, салауат орындадым. Оразада Шолпан үшін жеті күн, тоғыз шырақпен дұға оқып, неше түрлі суретпен (құбыжықтар) түскен шырақты жерге көмдім.

21. X. Айсұлуға бардым. «Қызыңыз жақсы болыпты, дұғаны Аллаһ қабыл етті. Апа, қызыңыз бір бала көтерсе, сол бала арқылы бар күнәсынан құтылады, тазарады. Алтай жұмысқа тұрады, өседі. Сіздің жүрегіңіз, басыңыз ауырғаны, бар ауыртпалықты өзіңізге алғансыз. Күтініңіз», – деді.

**1. XI – 10. XI. 2007 жыл.** Шолпан Прага қаласына кетті. Балаларды қарап, баспадан терілген жазбаларымды қайта тексеріп, кітап-оқулыққа тапсырыс бердім. Баспагер Тілеуберді жаңа жылға шығады деді. Иншалла! Доктор, профессор Құрманова Күләш пікірін, алғы сөзін жазды.

15. XI. Алтай: «Әкем қажылыққа бара жатыр, бірге барып келіңіз», – дегені. Қуанғаным-ай! Алланың әмірі шығар деп, даярлана бастадым. «Ислам және өркениет» газетінде Орталық мешіт арқылы Йассауи фирмасы апарады деген соң, соған барып тіркелдік. Алтай 350 мың теңге берді.

5-25. XII. 2007 жылы қажылық, менингит ауруына қарсы егілдік. Фирмада тек ақша алды, ештеңе сұрамады, түсіндірмеді. 4. XII. Бас мүфти Әбсаттар Дербісәлі барушыларды жинап, «8 топ, 8 жетекші имамдар болады, бәрін түсіндіреді» деп бата берді.

## ҮЛКЕН ҚАЖЫЛЫҚ САПАРЫ

*9. XII. 2007 – 9. I. 2008 жж.*

Дін – ғылымның атасы,
Дін – ғылымның әкесі.
Ғылым – діннің баласы,
Дін – ғылымның көкесі.
Ғылым да бар, дін де бар,
Қоқыс та бар, гүл де бар.
Адам-Ата өлмесін,
Ақыр заман келмесін.
Қол қусырып Құдайға,
Ғылым мен Дін бірге бар!

**Мұқағали Мақатаев.**

Қажылық: «Ләббайка Аллаһумма хәжжән! Тәлбия дұғасы: Ләббаик Аллаһумма ләббаик, ләббайка лә шарика ләкә ләббаик, инналхамда уаниғмәтә ләкә уалмулка лә шарика ләк».

5-ші желтоқсаннан 9-шы желтоқсанға дейін маза-

мыз кетті, ұшақ болмады. Тоғызы түнгі сағат үште аэропортта Мәдина емес, бірден Меккеге ұшамыз деп ерлерге арнайы киімдерін кигізді. Алматы салқын, ұшақта ерлер тоңды, мен түбіт орамалды құдама жаптым. Жидда қаласына күндіз келдік, жүктерді, автобусты күтіп тұрмыз, ыстық – $+30^0$, $+35^0$, шөлдедік. Әйелдер отыр едік, құдам жалғыз өзі шай ішіп алдымнан өтті. Жанымдағы әйел: «Сіздің құдаңыз ғой», – деді, мен ұялдым. «Ойпырмай-ау, сізге шай әкелмегені несі?» Содан Мекке қаласының Ребакші ауданындағы бес қабатты жатақханаға әкелді, үшінші қабатта бес әйел ағаш төсек, бөлмеде стол, орындық жоқ, қол сүртетін орамал, су ішетін ыдыс жоқ. Дәретхана, жуынатын орын ортақ, кезекпен. Жатақханаға су машинамен әкелінеді, бірде болады, бірде жоқ, дәрет алу үшін ыдысымызға құйып қоямыз. Тамақ екі рет, сағат он екі және жиырма сағатта беріледі, оны бірінші қабатқа барып алуымыз керек. 9-желтоқсаннан 5-ші қаңтарға дейін тамақ бірқалыпты – құрғақ, суға піскен күріш, тауық еті, нан, кешке дәннен ботқа, айран, су, кейде шырын. Күндіз қаптаған шыбын, түнде маса. Бөлмелерді ешкім тазаламайды екен, өзіміз жуып жүрдік, есік алды лас, жерде сауда жасап отырған негрлер. 200 метр жерде мешіт, іші кір, лас, төсеген тозығы жеткен палас, жыртық. Кеткенімізше төсек жаялығы ауыспады. Біз көйлегімізді жуып, кептіріп жүрдік. Мейрамбек құданы көрмеймін, бір кеште іздеп бардым, балаларды сұрадым, ол Алтай күнде хабарласып тұрады деді. Маған телефоныңызды беріңіз бір күнге деп едім, бермеді.

Бөлмедегі Зейнекүл – Алматыдан, Күлжамал, Райхан – Астанадан, Жарқын – Шымкенттен, Қағбаға әрқайсымыз екі реалдан төлеп, машинамен барамыз.

Қағбаға сәлем беру: О, Аллаһ, бұл үйді құрметке, қадірге, қошеметке, сый-сияпатқа толтыр және менің қажылық амалдарымды, мінәжатымның құрметін, қадірін, қошеметін, сый-сияпатын арттыр!

Бисмиллаһи уа аллаһу әкбар. О, Аллаһ, мен саған

иман келтірдім, кітабыңа сендім, уәдеңе нандым, пайғамбардың сүннет жолын ұстадым. О, жаратқан иеміз! Бізден қабыл ал, өйткені сен бәрін естисің, білесің.

Қағбаның жапқышында: «Иә хай, иә Қаиум, иә Рахман, иә Рахим, Әлхамду лиллаһи раббил аламин» жазылған. Менің Меккеге екінші келуім абырой болды, білгенімді жанымдағыларға түсіндіріп, ертеңінде даярланып, Қағбаға умра қажылық жасауға бардық. Әр топта иман болады дегені өтірік, иман дегендері өздері бірінші келуі, бірі әкесін, бірі шешесін жетектеп жүр, ешқайсысын кездестірмедік, әркім өз қалауымен жүрді, обал-ақ. Фирма бастығы Таңатар коммерсант жігіт екен, жанында анасы, інісі бар.

Умра қажылықты Зейнекүл, Күлжамал үшеуміз қолтықтасып атқардық, қағбаның әрбір айналымында мен дұғаны дауыстап айтамын, бірге қайталап жүріп отырдық, екі рекет намаз оқып, зәмзәм суын ішіп, Сафа, Мәруа төбелерінде жеті рет жүрдік, аузымызда дұға. Неше түрлі миллиондаған мұсылман, барлық жерде иін тіресіп жүресің, бір-біріне жымиып қарайды, айтылып жатқан дұға арабша, намаз оқитындарға түсінікті. Әр елдің қажылары топтасып көп болып жүріп, ең дауыстысы (мүмкін имамы) дұғаны айтады, барлығы қайталайды, ешкім топты жарып кіре алмайды. Қызығасың, неткен ұйымшылдық, бауырларындай бірге жүр. Біз, сорлы қазақ, не тобымызды білмейміз, Меккеге әкеліп далаға шашып тастағандай. Бай Қазақстаннан келген қажылар, Африкадағы негрлер тұрған жатақханада тұрдық, берген тамағы қайырымдылық қордан деп естідік. Сонда не үшін төледік? Мен қазақ үшін намысым қорланды. Амал не, бас мүфти Таңатарды мақтап, қиындық болады, бірақ келгенде арызданып жүрмеңдер деп ескертті, яғни бәрін білген, бұл фирма Ә.Дербісәлінің фирмасы екен. Естідік, Алла қажылығымызды қабыл етсін!

13. XII. Айша анамыз (пайғамбардың соңғы жұбайы) мешітіне барып, намаз оқып келдік. 14-і күні анам Әлилаға умра қажылық жасадым. Адастым, шаршадым,

жыладым, аяқ киімім жоқ орнында, Қағбадан шығып аяқ киім алдым, такси жоқ. Содан баласын ерткен әдемі араб жігітіне қолдағы мекен-жайды көрсетіп, таксиге салуын сұрадым. Мені аялап отырғызып, баласына су алғызып, такси іздеп кетті. Ұзақ, бір сағаттан көп, тапсырыс жасапты, мені машинаға отырғызып дұға сұрады, баласының басын сипап, ризашылығымды білдіріп, Алла жақсылығына сауап жазуын тіледім. Жылап, риза болдым. Әлгі жүргізуші де бір тиын алмай, дұға сұрап, жатақханаға әкелді. Алла риза болсын, айналайын! 16-шы желтоқсаннан бастап күнде дәрет намазы, тухвайрассулахқа арнайы, таһажуд намаздарын өтеп жүрдім. Көбінесе таң, құптан намазын жанымыздағы мешітте, қалғанын Қағбада оқыдым. 2006 жылы умра қажылықта болғанда әл-Харам мешітінде әйелдер табанына кілем төселген, айналасы қоршалған жерде оқитын еді, енді кілем еш жерде жоқ, барлық қажылар бірге оқи беретін болыпты және Қағбаның шығыс жағында зәмзәм суын ішкен едік, енді батыс жағына биіктетіп қойыпты.

16-шы желтоқсанда Қазақстанның Тәуелсіздік алған күні, мереке ғой деп құда Мейрамбекке ыстық тамақ ішер жерге барайық дедім, үндемеді. Ол кісі де осы үйде, көрмейміз. 17-сі Мина тауына автобуспен келіп, шатырларға орналастық, апарған жамылғыштарды төсеп, жылы киімдерімізді киіп алдық, түні салқын, мұнда тамақ бермеді, өзіміз сатып жедік. Қарияларға шайтанға тас лақтыруға бармай, жастарға тапсырыс беруге болады деді. Біз бірінші, үшінші күнді жастарға тапсырдық, екінші күні Зейнекүл екеуміз тәуекел деп жолға шықтық, алыс екен, шаршап жеттік. Майда 21 тасты, жетіден үш шайтанға биік тас қамал діңгек – Кіші, Орта және Үлкен шайтан (Ақаба жәмрасы) лақтырдық. Алдымен «Бисмиллаһи Аллаһу акбар, рахман лиш-шайтани уа хизбиһ» деп – «Атаңа нәлет шайтандар, менен, менің отбасым – Мейрам, Шолпан, Алтай, Әлила, Жанел, Арысланнан, шөберелерімнен аулақ, жолама!» деген тілекпен лақтырдым. Қайтарда аяғым

жүруі қиындады, отырып демалатын жер жоқ, сүйретіліп кешке зорға шатырға жеттік. Аяғымның сіңірі тартылып, жылап, жүрегім ауырды, дәрі ішіп, май жағып, орнымнан тұра алмай қалдым. Құда тас лақтыруға бармай бірінші күні-ақ «суық екен» деп Меккеге кетіп қалған. Біз үш күн түнедік. Арафат тауына кешке жетіп намаздар, дұға, құран оқыдым, бір мың рет ықылас сүресін оқыдым. Түннің аяғында автобус кезегімен Муздалифа жазығына әкелді, қаптаған халық, жолда, әр жерде қисайған адам, біз де аздап жатқансыдық. Бір уақытта азан шақырылды. Таң намазын оқып, жиналып, автобус күттік, жоқ. Жастар жаяулатып жолға шықты. Зейнекүл екеуміз жүгіміз бар, балпаңдап ілесе алмай қалдық. Орта жолда, автобус толы, баяу жүреді екен, қазақтар айқайлап, «апайларды ала кетейік» деді. Ойпырмай, зорға ІЛІНДІК. Минаға жеттік, 20-сында Қағбаға барып жеті рет айналып, Сафа мен Мәруа төбелерінде жеті рет жүріп сүннет орындадық, қайтадан Минаға бардық. Автобус жеткізбей тастады, желдетілген туннель арқылы өттік. Құрбандыққа 100 доллар беріп қойғанбыз. Меккеге келсек, Мина тауында түнемегендерге құрбандық қойлардан әкелген екен, әйелдер қазанға пісіріп жепті, бізге жанымыздағылар алып қойыпты, ауыз тидік. Аллаһ Меккедегі құрбандығымызды қабыл етсін деп тіледік. Енді Мәдинаға баруды армандадық. 24-і күні Қағбамен қоштасу тәуабын жасауға болады деген соң, Қағбаны айналып жүргенде құптан намазының азаны шақырылып, өңкей ерлер мұсылман арасында құптан намазының парызын өтедім. Мұны жақсылыққа жорып, шаттандым. Маруа мен Сафада жеті рет жүріп, намаздар оқып, қоштасып шықтым. Күнде Мәдинаға барамыз деп алаңдаумен болдық.

Ұмытып бара жатырмын, Минада үш күн тұрғанда, таудың етегінде Бану келіннің әпкесі Шараны көріп, қуанып, біраз әңгімелестік. Мен Шарадан Дәукен өлерінде сені шақыртыпты, не деді, маған келмей-ақ қойыңыз деген еді деп сұрадым. Шара: «Дәукен менен

кешірім сұрады, екеуін үй етіп көп еңбек сіңіріп едім ғой, кейін байым өлген соң шиеттей он балаға қол ұшын беріңдер дегенде, мені Бану екеуі қатты ренжітті ғой, сіңлім сонша баланы неге таптың дегендей, несін айтасың. Ұлғайша, мен сенің Амангелдінің өлімінде құлап түсіп, ауруханаға түскеніңе таңғалдым, сенен де бұлар безіп кетіп еді ғой», — деді. Шара иманжүзді, исламның бес парызын өтеп жүрген балаларының тілеуін тілеп, шырылдап Меккеге үшінші рет келуі екен, анасы үшін үлкен қажылық жасаған. Аллаһ тілегін беріп, ұлдары ұяға, қыздары қияға қонып, аман-есен немере, шөбере сүюде.

Мина тауында Мейрамның рулас-ауылдас қарындасы Күлімхан мені шатырға іздеп келді, екеуміз түйдей жастымыз, мені «жеңгешка» дейтін жалғыз қайынсіңлім. Ол «Рамина Тур» фирмасымен келген, қуанысып, жағдайымызды айтып, қуанып қалдық. Олардың жағдайы да біздікіндей екен. Реті келген соң айтайын, Күлімхан да көптеген жылдардан бері намаз оқып, ораза ұстап, Орталық мешітке барып сауатын ашып, арабша құранды оқитын болған. Біз сырласпыз, жиі хабарласып тұрамыз, оразада ауыз ашарларда, тойларда бірге боламыз. Исламның қасиетті күнтүндерінде тілегіміз бір. Алланың құдіретімен, Күлімхан Орталық мешітте намаз оқып шықса, артынан мешіт имамы: «Апай, тоқтаңыз, сіз көптен ислам жолында парыздарыңызды өтеп жүрсіз ғой, сізге мына жігіт қажылыққа баруға қаражат бермекші, бата беріңіз?» — депті. Күлімхан қуаныштан жақсылап бата беріпті, қазақ жігіті ақшаны ұстата сап зытыпты, «ой, баланың аты кім?» десе, оны білмей-ақ, жариямалмайақ қойыңыз, Аллаһ бәрін біледі, қажылығыңыз қабыл болсын, ана фирмаға тіркеліңіз деп жол сілтепті. Сөйтіп, Күлімхан парызын өтеуде.

Мұнда Алматыдан келген таныстарым Роза, София дәрігерлер, Шекер, Айша жолдастарды кездестірдім. Осы жылы Меккеге барған 5 миллионның, 4 мыңы Қазақстаннан екен. Ғажап, шатырлар жиі орналасқан.

Қолымды жуып келе жатсам, алдымнан Ғалияның әкесі Қуатбек шыққаны, мен қол ұсынып, «қажылығың қабыл болсын, Алла күнәмызды кешірсін» дедім, ол тіл қатпады, мен шатырға бұрылып кеттім. Өзім ойлаймын, Алланың құдіретін-ай, сонша миллион халықтың ішінен Қуатбекті кездестіргеніне таңғалдым, бірақ ол үндемеді... Мен Шәйбала досымнан естігенмін, оның бес-алты жыл болды арағын қойып, намаз оқып, мешітте дәріс алып, «Нұр-Қазақстан» фирмасымен қажылыққа баратынын. Сонда мен Шолпан мен Алтайға айтқанмын, Алтай 200 доллар беріп, аэропортқа қажылыққа шығарып салыпты. Қазақстанда ең үздік, әділетті осы фирма, олар 5-ші желтоқсанда ұшып, 30-шы желтоқсанда қайтып келген, жағдайлары дұрыс болған, фирманың тәжірибесі көп, жыл бойы Умра қажылыққа апарып тұрады. Әбдіхалық Амангелді Еренғайыпұлы қажылық туралы кітапша шығарған, исламтанушы, өзі жетекші.

2003-жылы Қуатбек Жандосов ауылында өзінің әке-шешесі тұрған ескі тамда тұрады. Соңғы әйелі өзіне сай кісі екен, тұрмыстары жұпыны. Алтайлар жаңа жиһаз алғандықтан, үйлеріндегі ұстап жүрген жиһазын Қуатбектің үйіне апарып берген. Қуатбектің өзі сол ауылдың мешітінде екен. Мешіт имамы арқылы маған немерелерін көргісі келетінін айтыпты. Мен Шолпанға айтып, «әкеңді шақырып, немерелерді көрсет» дегенмін. Келіп көріп кеткен. Шолпан жүріс-тұрысынан, сөзінен қорытқаны: «Мама, қалай сондай адамға тұрмысқа шыққансың?» – деді. Мен «тағдырға не шара?» дедім.

Тылсым дүние ғажап, 18 мың ғалам бір-бірімен байланыста. Шәйбаладан естідім, Қуатбек Меккеде әке-шешесіне умра қажылық жасапты, арақтан өлген ағасы Мұратбек үш күн түсінен шықпай, оған умра жасаған соң түсіне кірмепті. Шекер жолдасымның күйеуі де арақтың кесірінен бақи болған еді, қажылықта түсінде сүмірейіп, жалынышты қалпында көрініпті.

2008 ж. 4. І. Қайтадан Қағбамен қоштасу жасадым. 29-желтоқсан күні мешітте намаздан кейін, басым айналып, тәнтіректедім, қан қысымым көтерілді, дәрілерімді ішіп, намазды отырып оқыдым. Енді Алладан аман-есен ауылға қайтуды тіледім. Фирма жетекшісі ешкімге көрінбейді, күнде ертең Мәдинаға барамызбен отырамыз. Қажылық жасаушы жастар елшілікке барды, есік алдында жиналыс ұйымдастырды, неше күн белсенділер шапқылады. Әйелдер болмаған соң, 5. І. 2008 жылы елшілікке арабтарға барып, тағзым етіп жылап, Мәдинаға жіберуді өтініпті. Сонда арабтар бәрін тексеріп, анықтап: «Біздің елде аналарды жылатпаймыз, көз жастарыңыз үшін рұқсат етеміз, уақыттарың өтіп кетіпті. Өздері барғысы келмеді депті, арада өзбек бопсалаған, алдаған, бүгін сағат 19-да автобус береміз, Мәдинаға кіруге рұқсат, бірақ 7. І. сағат 21-00 қаладан шығасыңдар», — депті. Сонымен, неше күн жүгімізбен отыр едік, 5-қаңтарда сағат 19-30 Мәдинаға шығып, 6-қаңтарда 3-00-ле келсек, жатақханада негрлер ұйықтап жатыр екен, «бос орынға жайғасыңдар» деді. Үш этажда жүгімізді арыбері сүйреп, шаршап, кейбіреулер жылап, еркектер орынға таласып берекеміз кетіп, басқарған ешкім жоқ... Бір уақытта өзбек жігіті бөлмелерді залалсыздандырып жүрді, неге десек, негрлерде бит болады, соны жоюдамыз деді. Таңғы сағат 6-да төсекке құладық. 9-00 сағатта тұрып, жанымда төрт әйел басқа топтан, ғұсыл алып, сүйікті пайғамбарымыздың мешітіне кеттік. Тұрған аудан алыс екен, Мәдинеде жанымда жүрген Жұмагүл, Шолпан маған қамқор болды.

Асыл тілек. Меккеде бір ай болғанда Қағбаны және Сафа Маруа арасында 10-14-20-24. XII. 2007 жыл, 4. І. 2008 жылы жеті реттен айналып жүргенде, Арафат, Мина тауында, оқыған барлық намаз, құран, дұғаларда Алладан тілегенім: өзіме, отбасыма, бала-шағама денсаулық, ұзақ ғұмыр, күнәларамызды кешіріп, ризық нәсібемізді беріп, екі дүниеде бақытты ету бол-

ды. Әсіресе, Шолпанның күнәларын кешіріп, иманжүзді ана болып, сиқыр дұғадан құтылып, сәнқойлықтан аулақ етіп, отбасында алтын қазықтай қағылып, бала-шағасына ие болып, қамқор болып, береке-ынтымақ орнауын тіледім.

О, Аллам! Ананың тілегін береді дейді, қалған өмірімде қиыншылықтан азат етіп, балаларымның қуанышын, бақытын, қамқорын көріп, Мейрам екеуміз мәнді-сәнді өмір сүруді сауап ете көр! Жерімді, елімді, мұсылмандарды, қазақтарды аман етіп, мемлекет тізгінін ұстаған азаматтарды халқының қамын ойлап, ұрпағымыздың болашағы үшін қызмет етуіне көмек ете көр! Екі дүниеде иманымызды жолдас ет, тек сауатты іс-әрекетті нәсіп ете көр! Әумин!

6-7. І. Мұхаммед ғ.с. пайғамбарымызға салауат айтып, құран оқып, 40 рекет парыз намаз оқыдым және Аллаһ көмегімен түрегеп тұрып оқуға мүмкіндік болды. Сүйікті пайғамбардың зиратына қиындықпен кірдік, онда да көрсетпей ақ пердемен қоршап қойған, мен екі рекет намаз оқыдым, құран бағыштадым, салауат, көп дұға жасадым.

7. І. 2008 жылы сағат 22-00, автобусқа отырдық. 8. І. сағат 8-де Жидда қаласына келдік, аэропортта отырдық. Иншалла, 31 күн жүріп, 9. І. 15 сағат – Алматыға келдік.

Алматыда 15$^0$суық екен, қар жатыр. Мен 5 кг. азғанмын, жүрегім қысылып, ентіккен соң, үйге мейірбике шақырып, актовегин, кавинтон, рибоксин, корглюкон, АТФ, егилек 0,25, кардиомагнит алдым. Қаңтардың 10-17-19-ы күндері қасиетті Ашура күніне ораза ұстадым. 28-қаңтарда жиырма адам шақырып, құдайы тамақ бердік. 17-ші ақпанда Түктібай бабаға барып зиарат еттік (қобызын ұстап, садақа беріп). Меккеден әкелгенімнен шырақшыға тәберік бердім. 20-ақпанда Түктібай ата маған: «Қызым, алдыңнан Алланың нұршапағат қақпасы ашылды. Жеті күннен кейін сүйінші, 52 күннен кейін қуаныш – олжа, тілектерің орындалады. Аруақтар риза», – деді. Оқулығым туралы

сүйінші болып, 52 күннен кейін «Жұқпалы аурулар» туралы оқулық шықты, қабы әдемі күлгін түсті, 700 дана болды. 19-мамыр Мәуліт түні, пайғамбарға арнап тасбих намазын бағыштадым. Дәрілер ішудемін, намазды үзбей, ақшамда тухвай рассулаһ намазды оқимын. Маған 70 кітап берді, 20-сын Қаскеленге, 20-сын Үзынағашқа, емхана СЭС-ке 30 кітап таралды. Бағасы — 1500 теңге. Мәдина қаласынан тойға арнап алғандарым жүк болды, зәмзәм суын алып жүруіне құдама 50 реал төлеп, тапсырдым. Құда қиналып, суды алды. 2008 жылды Меккеде қарсы алдық, мен құданы құттықтадым, ол мән бермеді.

### Аллаһ аялағанда

**2008 жыл. Тышқан жылы. 8. І. Қажылық өтелді!** Иншалла! 70 мың періште қолдады!

**18. IV. Оқулық шықты,** артымызда із қалды.

ШОЛПАНҒА

*40 жасқа келген тойындағы арнауымыз*

Шөпегіміз, біраз жасқа толыпсың,
Қыдыр ата жолдасың боп жолықсын.
Жан серігің Алтай бала жанында,
Парасатты абзал ана болыпсың.
Қуанышпен өмір сүріп жүре бер,
Отбасыңның тек қызығын көре бер.
Ана деген зор атаққа кенеліп,
Боталарға үлгі-өнеге бере бер.
Жаратушым үсынып тек жорғасын,
Тіршілікте сәттіліктер қолдасын.
Ата-анаң боп шаттанамыз қашанда,
Қасымызда бала-шаға,
Шөпегіміз болғасын.

АТА-АНАҢ.

*16. 04. 2008 жыл.*

**2. V. Мейрамның 70 жасқа толған күніне 90 адамға торқалы той жасадық.** Күн ашық, жылы болды. Меккеден арнайы әкелінген тақия, орамал, шарф, жайнамаз, тасбихтер той бастарға таратылды. «Той – қазына» дегендей, көңілді, ойдағыдай өткіздік. Тойдан – тобықтай дегендей, ешкім құр қол қайтпады, келген шапан, орамалдарды да кигізіп жібердік. Бәрі Мейрамның садақасы. Боталар би билеп, ән салды. Жүргізуші асаба – Ғалымжан қызметін жақсы атқарды, дискіге жазылып алынды. Мейрам екеуміз «Сен болмасаң» әнін шырқадық. Күләш, Қырықбай тойға келмеді, анамды да жібермеді.

7. V. Мейрамның университетінде 40 адамға дастархан жасадық. **«Айқын» газетіне** (30. 04. 2008 ж.) бір бет сұқбат берді, Мейрам суретімен шықты. Біз оның тұрақты оқырмандарымыз.

**Мейрам МАЕМЕР,**
*мұнай-газ кендерін зерттеуші ғалым:*

«ҚАШАҒАНДЫ ҚАЗІР ИГЕРУ ҚАТЕЛІК, БҰЛ, НЕГІЗІ КЕЛЕШЕКТІҢ ІСІ ЕДІ...»

**– Еліміздің мұнай қорының болжамдық қоры қанша? Зерттеу әлі де жүргізіліп жатыр ма, әлде баяғы Кеңес заманындағы іздеу, зерттеу деректерін талғажау етіп отырмыз ба?**

– Өткен ғасырдың 60-шы жылдарына дейін тек рудалы (металды) кен орындары зерттеліп, өндіріске енгізілді. Сол жылдардан бастап қана мұнай-газ кендерін зерттеу қолға алынды және сол жұмыстар 90-шы жылдарға дейін, 30 жыл бойы қарқынды жүргізілді. Соның нәтижесінде бірнеше жүздеген мұнай-газ кен орындары ашылып, Қазақстан экономикасы алға басып отыр. Мұнай қоры Кеңес заманында зерттеліп, есептеліп қойылған. Оның болжамдық қоры 60-70 миллиард тонна. Бұл қор бүкіл Америка-

ның жер асты мұнайынан асып жығылады. Атырау, Орал, Ақтөбе, Маңғыстау жері астындағы мұнайының тыңғылықты зерттелген кезі де сол кез. Осы аймақтағы үш алып кен орындарымыз болып саналатын Теңіз, Қарашығанақ, Жаңажолды былай қойғанда, екі жүзден артық, ірі, орташа және кішігірім мұнай-газды кен орындары ашылған. Екінші орындағы мұнай-газды аудан болып Оңтүстік Торғай ойпаты саналады. Мұнда: Құмкөл, Арыс, Бектас, Арысқұм, Ащысай, Ақшабұлақ, Қызылқия мұнай көздері бары белгілі. Бұлардан басқа да мұнай-газды аудандарымыз баршылық: Шу-Сарысу депрессиясы, Арал, Сырдария, Балқаш, Зайсан бассейндері... Алайда бұл кен орындарының Қазақстан тәуелсіздік алмай тұрып ашылғанын бөле-жара айта кеткеніміз жөн. Өйткені өкінішке қарай, содан бері бірде-бір мұнай-газ кен орны ашылған жоқ.

**– Сонда қыруар қаржы кіргізіп жатқан саланы зерттеуге қазіргі ғалымдар құлықсыз болды ма, әлде мемлекет мұнай-газ кендерін іздеу жұмыстарын қаржыландыруды дұрыс жолға қоя алмады ма? Осы саланы бірнеше ондаған жылдар бойы зерттеген ғалым ретінде нақты ұсынысыңыз бар ма?**

– Бұл мәселені шешу үшін Үкіметіміз мынадай шараларды іске асырса жөн болар еді:

Біріншіден, мұнай-газ кеніштерін іздеу мен барлау жұмыстарын жолға қою үшін мемлекет тарапынан қаржыландырылатын және тек осы мақсатта ғана жұмыс істейтін арнайы мамандандырылған Мемлекеттік компания құру қажет.

Екіншіден, кен көздерін ашу ісі тек білікті инженер-мамандардың қолынан келетіні белгілі. Оларды дайындау тек Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің үлесінде. Осынау үлкен оқу ордасындағы ұстаздар жағдайының көңіл көншітпейтіні де бұл іске көлеңкесін түсірмей отырған жоқ. Осындағы білімді де білікті оқытушылардың бірсыпырасының жалақының аздығынан өндіріске кетіп

қалуы жиілеуде. Ал олардың «орнын басады-ау» деген жас таланттарымыз да аспирантура, магистратурада қалмай, күнкөріс қамымен жалақысы көп өндіріске кетуде. Сірә, «сананы тұрмыс билейді» деген ежелгі қағида осындайдан айтылса керек.

Еліміздің экономикалық базасын жасайтын сапасы жоғары және әлемдік нарыққа бейімделген инженерлер дайындауға жұмсалған қаржы күні ертең еселеп қайтады. Бұған дәлеліміз – қазіргі күні ел экономикасына шаш-етектен пайда әкеліп, мемлекет бюджетін толтырып жатқандар мұнай-газ кеніштерін ашқандар да дәл осы оқу орнының кешегі түлектері болатын.

**– Су астындағы Қашаған кеніші туралы не айтар едіңіз?**

– Оны «шетелдіктер ашты» деп өз еңбегімізді өзгеге телудің еш қажеті жоқ. Себебі сол Қашаған мұнай-газды құрылымын біздің мамандар әлдеқашан-ақ зерттеп, болжамды мұнай-газ қорын анықтап қойған-ды. Ол құрылым Каспий жағалауындағы атақты Теңіз кен орнының жалғас екінші шоғыры болып саналады. Былайша айтқанда, түйенің екі өркеші сықылды, түп тамырлары бір. Ол кезде де, қазір де Қашағанды игеру қателік деп санаймыз. Себебі біріншіден, теңіздің экологиясына өте қатерлі, екіншіден, Қазақстанның құрлықтағы мұнай-газ кен орындары жеткілікті.

Сондықтан су астандағы кендерді игеру – техникалық мүмкіндіктері дамыған келешектің үлесі деп есептейміз. Қазір Қазақстанда, жылына 60 млн. тонна мұнай өндірілуде. Елбасымыз Үкіметке 2015 жылға дейін мұнай өндіруді 150 млн. тоннаға жеткізуді тапсырып отыр. Ол да орындалатын тапсырма. Тек мұнай ағызатын құбыр жолдарын салу үлкен мәселе болып тұр. Ол да шешімін табады деп ойлаймыз.

**– Еліміз сыртқы саясатта ғана емес, экономикалық қатынастарда да көп векторлы саясат ұстанып келеді. Саяси жағы белгілі, экономикалық тұрғыдан осының пайдасы неде, зияны қайсы?**

– Көп дүние саясатпен астарласып жатыр ғой. Мы-

салы, бізге Иран арқылы шығатын жол оңтайлы болар еді. Онда Америка сырт беруі мүмкін. Үлкен саясаттағы бас ойыншылардың бірі Америкамен арақатынасымызды суытып алмау үшін саясатпен де санасуға тура келеді. Бірақ бізге түбінде Парсы шығанағына қарай шығуымыз керек. Бізге ең тиімді әрі жақын жол – Иран және Түркия арқылы құбыр тарту арқылы шығатын жол. Бұл жағдайда саясатты кері ысырып қоя тұруға тура келеді. Ал еліміздің мұнайын сыртқа шығаруды Шығыс Азия елдерімен байланысты қарастырар болсақ, мойынды Қытайға қарай бұрамыз.

**– Шығыс Азия бағыты арқылы сыртқы рынокқа шығу бізге қаншалықты тиімді?**

– Біз үшін бір Қытайдың өзі үлкен рынок болып саналады. Бір жарым миллиард халқы бар бұл елдің жүз миллионы ғана автокөлік мінеді деп есептегеннің өзінде, сол тұтынушыны жанармаймен қамту үшін Қытайға өз мұнайы жетісе қоймайды. Жолы да жақын. Алайда Қытайдың мұнай игерушілерін жерімізде ұзағынан қалдыруға болмайды. Қытай кен орнын 30-40 жылға жалға алды. Уақыты біткеннен кейін еліне қайтарылуы керек. Араб елдері сияқты. Олар өздерінің экономикасын түзеп, мұнай өңдеуші зауыттарын салдырып алғаннан кейін барлық мұнай зауыттарын өздерінің қарамағына алып, жер байлығын және зауыттарды өздері иеленіп, үлкен жетістіктерге жетіп отыр. Яғни жал уақыты аяқталғаннан кейін ары қарай созудың қажеті жоқ. Кен орны да, зауыт та түгелдей өз қолымызға көшуі керек.

**– «Мұнай саласын қолға алуға болар еді, бірақ бұл істі жетік меңгерген маман жетіспейді, жаңа технология, техника қажет» деген пікір жиі айтылады. Білікті маман даярлауға тағы қанша жыл кетеді деп ойлайсыз?**

– Мен Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетте он жылдан бері студенттерге дәріс оқимын. Маман ретінде айтарым, бұл – бекер

сөз. Мұның бәрі біздің шенеуніктеріміздің зауыт салып, өңдеп әуреленбей-ақ мұнайды шикі күйінде сатып, тез пайда тауып, байып қалуды көздеуінен туындап отырған нәрсе. Әйтпесе біздің мамандардың мұнай игерудегі біліктілігі шетелдіктерден артық болмаса, кем емес. Сондықтан тек мұнайды ғана емес, оны игеруді түгелдей қазақ өз қолына көшіру керек.

**– Мұнай зауыттарын салуды біз өз күшімізбен игере аламыз ба, әлде оған да инвестор тарту керек пе?**

– Біздің елде ақша жетеді. Тіпті кейбір елдерге өзіміз инвестор болып отырмыз. Ақшамыздың көптігі сондай, біз кез келген елден ең мықты деген мамандарды шақырып, өңдеуші зауыттар салдырып алуға мүмкіндігіміз бар. Қазіргі шикізат түрінде сатылып жатқан біздің мұнайымыз шетке босқа кетіп жатқанмен бірдей. Ал егер біз оны өңдеп сататын болсақ, алтынның астында қалар едік. Сондықтан Үкімет осыны жуық жылдарда ойластыруы қажет.

**– Арнайы мамандар даярлаймыз деп Қазақ-Британ университетін ашып, сонда болашақ мұнайшыларды оқытып жатырмыз. Басқа да оқу орындары мұнайшы мамандар даярлауда. Олардың сапасы мен болашағы туралы не айтуға болар еді?**

– Қазақ-Британ университеті 5 түрлі мамандық ашты. Соның екеуі жабылды да, қазір үшеуі ғана қалды. Онда дайындайтын мамандықтар бұрғышылар, экономистер және мұнайды игерушілер. Яғни мұнайды құбырмен ағызушылар. Алдымен мұнайдың шоғырланған жерін табатын мамандар керек. Ондай маманды Қазақ-Британ университеті дайындай алмайды, өйткені оларда мұндай маман жоқ.

**– Соңғы кездерде саясаткерлер жаңадан туылған сәбиге араб елдеріндегідей есеп ашылып, оған қомақты сома салынуы қажет деген мәселені көтеріп жүр. Бұған маман ретінде сіз не айтар едіңіз?**

– Біздің жер астындағы, үстіндегі байлығымыз ұшан-теңіз. Бізге араб елдеріндегідей саясатты енгізіп, халқымызға сол байлықтың бір бөлігін берсек, түк те

артық емес. Бұл қаржы тек қазақтарға берілуі керек деп есептеймін. Басқа ұлттар ренжімейді, өйткені қазақ – жер иесі. Оның ешқандай айыбы жоқ. Сондай-ақ жер асты байлығынан түсетін пайдадан көп балалы отбасыларға аямай қаржы бөлуі қажет. Бұл – біздің Үкіметтің ең үлкен мақсаттарының біріне айналуға тиіс. Біз әңгіме етіп отырған бүкіл араб елдерінің астындағы мұнайды қосқанда, біздің Қазақстанның мұнай қорына жетпейді. Сондықтан Қазақстан дүниежүзіндегі ең бай мемлекет болуға мүмкіндігі бар. Оның үстіне біздің елде тек мұнай қоры ғана емес, басқа да жер асты байлықтарының қоры бар екені белгілі. Қазір мол қоры бар кен орны ретінде уран екінші орынға шықты. Уранның 1 грамының өзі әлемдік рынокта 4 мың доллар тұрады. Ал тазаланған 1 грамм алтынның құны 3 мың теңге ғана.

**– Бір кездерде осы мұнай өндіруден тапқан пайдамыздан қоршаған ортаның бұзылуынан келетін зиянымыз артық болып кетіп жүрмей ме?**

– Меніңше, теңіздегі Қашаған кен орнын дәл бүгінгі күні игерудің қажеті жоқ еді. Енді жүз жылдан кейінгі ұрпақ игерсе, ол кезде техника мен технология жетіліп, қауіп азаяр ма еді. Қазір теңізге зиян келтіру қаупі бар. Сол сияқты құрлықтағы мұнайды игеру кезінде де сорып алған мұнайдың орнын бос қалдыру өте қауіпті. Су жіберіп толтырып отырмаса, жер сілкінісіне әкеліп соғады. Табиғи апатқа ұшырап жатсақ, ондай байлықтан не пайда? Осындай себептен Өзбекстанның Газли маңайында болған оқиғада қаншама адам қазаға ұшырады. Апат болмас үшін біздің табиғат қорғаушылар шетелдік компаниялардың шылауында кетпей, жіті бақылап, қатал талап қойып отырғаны жөн.

**– Мұнайды өндіру бар да, оны бағалап сату бар. Біз мұнайды сыртқы рынокқа арзанға беріп, ішкі рынокқа қымбатқа сатып отырғанымыз қалай?**

– Біздің елге Сауд Арабиясының мұнайға қатысты ұстанатын саясатын кіргізсе болады. Оларда ішкі рынокқа сатылатын жанармайдың бағасы өте арзан. Біз

де солай етіп, ішкі рынокта халыққа өте арзан бағамен сатуымыз керек. Біз жылына 60 миллион тонна өндіреміз. Соның 10 миллион тоннасын ішкі рынокқа пайдаланып, қалған 50 миллион тонна мұнайды сыртқа сатып жатырмыз. Осы 10 миллион тоннаның бағасын төмендетіп, халық игілігіне сатсақ, көптеген әлеуметтік мәселелер шешілері анық. Әрі жанармай ішкі базардағы бағаның көтерілуінің себепшісі болуын қояр еді.

**– Бұл қазір де мүмкін бе, жоқ әлде біз өзіміздің мұнай өңдейтін зауыттарды көптеп салған кезде іске асатын жағдай ма?**

– Қазір де мүмкін. Қолда бар зауыттардың өзі біздің ішкі қажеттілігімізді өтей алады. Бірақ ондай қадамға біздің алпауыт бизнесмендер басын кесіп алсаң да бармайды. Олай етсе олар қалтасына ағылып келіп жатқан оңай ақшадан айырылып қалады. Сондықтан оны тек қана Үкімет реттей алады. Тіпті ішкі рыноктағы жай тұтынушыға емес, ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілердің өзіне удай бағамен сату деген не сұмдық?! Байқасаңыз, біздің елде мынадай бір қайшылық бар: жеріміз кең, бірақ үй салуға жер жоқ, мұнайымыз көп, бірақ жанармай қымбат, астық жеткілікті, бірақ нан қымбат.

**– Бұл қайшылықтың басты себебі – елдің сіз атаған байлығын қолына алып алған мүдделі топтардың өзара жымдасып әрекет етуінен емес пе?**

– Егер компаниялар көп болса, бір-біріне бәсекелес болып, мұнай бағасы да арзан болар еді. Ал жаңағы аз ғана топ бір-бірімен келісіп алады да, жанармай бағасын көтере береді. Тағы бір айтатын нәрсе, біздің көптеген кен орындарымыз қазір шетелдіктердің қолында. Олар тек пайда табу үшін бағаны үздіксіз өсіре береді. Сол кен орындарымыз өзіміздің қолымызға өткен кезде баға да реттеледі деп ойлаймын.

**– Осы жымдасып әрекет етіп отырған шоғырға мемлекет қаншалықты әсер ете алады?**

– Қазірше қолына бар байлықты шоғырландырған топқа Үкіметтің шамасы келмей отыр. Түзейміз десе,

барлығы мемлекеттің қолында. Мысалы, салық төлемей, экологияны бұзып жатқан компанияларды тоқтатып тастауға болады. «Қашағанды» тоқтата алды ғой. «Теңіз Шевройлды» да қолға алып жатыр.

**– Мұнай немесе басқа да шикізатымызды сатуда ДСҰ-ға кіруден келетін пайда немесе зиян бар ма?**

– Әлемде Қазақстанды он орап алатын бай елдер бар. Бірақ олар да сол ұйымға кірмей-ақ тіршілік жасап жатыр. Ол ұйымға кіру деген сөз – ертең біреуге тәуелді болу деген сөз. Пайдасы да бар шығар, бірақ бұл экономикамызға кері әсерін де тигізбей қоймайды.

**– Еліміз қиын-қыстау заманды бастан кешіп жатқан тұста шетелдік инвесторлардың айтқанына көніп, адам айтса сенгісіз жеңілдіктер жасалды. Енді сол келісім-шарттарды бұзатын кез келді деген пікірмен келісесіз бе?**

– Қайта қаралатын кез келді. Бұл туралы Елбасы да айтты. Қаралып та жатыр. Дүниежүзінде мұнай бір бағамен сатылып жатқанда, біз басқа бағамен арзандатып сатып жатсақ, жөн емес.

**– Алайда кейбір саясаткерлер бұлай істесек сенімсіз елге айналамыз деген пікір айтып жүр ғой?**

– Бұдан қорқудың қажеті жоқ. Тіпті біржола кетіп қалсын. Енді мемлекетіміз аяғынан тік тұрып алды. Біздің қаражатымыз ұшан-теңіз. Бізді «кетем» деп ешкім қорқыта алмайды.

**– Экономистер қанша жерден экономикалық дағдарыстың әсері болмайды десе де, елдің тұрмысында оның әсері байқала бастады. Дағдарыстың мұнай саласына қандай да бір себептермен кері әсері болуы мүмкін бе?**

– Мұнай саласына мұның ешқандай әсері болмайды деп ойлаймын. Себебі мұнайдың бағасы күннен-күнге өсіп барады. Кеше ғана оның бағасы 117 долларға жетті. Бұл баға 200-ге дейін жетеді деген болжам бар. Мұндай жағдайда Қазақстан тек қана пайда табады. Ал егер мұнай екі есе арзандап кетсе, сол кезде

біздің жағдайымыз қиындап кетуі мүмкін. Елбасы өндіруді 2015 жылы 150 миллион тоннаға жеткізу керек деп отыр.

**– Біздің ең үлкен бәсекелесіміз кім?**

– Бұрынғы ТМД елдері қатарында ең мұнайлы ел – Ресей мен Қазақстан, яғни ТМД аумағында біздің басты бәсекелесіміз – Ресей. Ал дүниежүзілік деңгейде қарастырар болсақ, олардың қатары тіптен көп. Жалпы, әлемде ең бірінші мұнай өндіруші ел болып Сауд Арабиясы саналады. Екінші орында Кувейт, үшінші орында Ирак болатын, оны талқандап тастады. Төртінші орында – Иран. Осы төрт мемлекет ең көп өндіруші елдер ретінде нарықта «ауа райын» жасап отыр.

**– Біздің ең тиімді тұтынушымыз кім?**

– Әрине, Америка мен Еуропа. Содан соң Қытай.

**– Ендігі әңгімені тіл мәселесіне қарай бұрсақ. Өйткені әр нені сылтау қылып техникалық мамандық алғысы келетін студенттерді, негізінен, орысша оқыту үрдіске айналды. «Бұл қалай?» десеңіз, «Техникалық оқу орындарында қазақ тілінде дәріс оқу қиынның қиыны» деген уәж айтады. Сіз бұған не дер едіңіз?**

– Сандырақ. Олай деп жүргендер – қазақ тіліне қарсы нигилистер, космополиттер, мәңгүрттенген қазақтар. Мен Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде, міне, 10 жыл бойы мұнай-газ нысандарын іздеумен және барлаумен айналысатын инженер-мамандарды дайындап келемін (оқытушылыққа шақырумен өндірістен келгенмін). Қазақ және орыс топтарына бірдей сабақ беремін. Құдайға шүкір, 3, 4 және 5-курс студенттеріне 6 түрлі мамандық пәндерден дәрісті қазақ тілінде жүргізгенде ешқашан қиналған емеспін. Бір қуантарлығы, соңғы уақытта қазақ топтарының саны жылдан-жылға артып келеді. Қазір студенттердің 60-70 пайызы мемлекеттік тілде дәріс алуда. Олардың білім дәрежесі де, оқуға деген талпынысы да орыс топтарындағы құрбыларынан артық болмаса, кем емес. Бұл жер-

де күрделі мәселе оқулық болып тұр, қазақ тілінде оқулықтардың жоқтығы қиындық тудыруда. Осы мәселеге Қазақстанның Білім және ғылым министрлігі қатты көңіл бөлуін қалаймыз.

**– Мүмкін, қазақ тілінде оқулық жазатын маман жоқ шығар?**

– Құдайға шүкір, ондай адамдардың қатары аз емес. Менің мұнай-газ кендерін зерттеуге арналған оқулығым 2004 жылдан бері министрліктің «Кітап» департаментінде баспаға дайын жатыр. Экспертизадан өткен, бірақ қашан басылып шығары белгісіз. Жаны ашитын, шынымен, қазақ тіліндегі оқулықты студенттің қолына жеткізіп берейік дейтін басшы болса, баяғыда басып шығарар еді. Оқулық шығарудың мұндай «қарқындылығы» бізді қатты қынжылтады! Жағдай түзелер деген үміттеміз.

**– Сізді Қазақстандағы ең ірі мұнай, кен көздерін табушылардың бірі деп естиміз. Шетелде ондай адамдар миллиардер болып шыға келеді. Сіздің еңбегіңіз ескерілді ме?**

– Мен 1961 жылы Қазақ тау-кен институтының геологиялық барлау факультетін бітіріп, арнайы жолдамамен Ақтөбе геофизикалық экспедициясына жұмысқа жіберілдім. Осы облыс аумағында мұнай-газ кен орындарын іздеу және барлау жұмыстарымен шұғылдандым. 1963 жылы сейсмобарлау партиясының бастығы болып тағайындалдым. Дүние жүзінде барлық мұнай-газ кен орындары тек сейсмобарлау әдісімен ғана зерттеліп, ашылады. Осы әдіспен ондаған мұнай-газды нысандарын дайындауға үлес қостым. Олардың арасында кейіннен іргелі кен орындарына айналған Ақжар, Қаратөбе, Қарағанды, Ащысай, Аққұм, Көкжиде, Әлібекмола тәрізді бірқатар кен орындары бар. Әсіресе, қазіргі атақты Жаңажол кен орнын ашуға көп еңбек сіңірдім.

**– Жаңажол деген қазіргі мұнай қоры жағынан ең үлкен кен көзі болып отыр. Сонда сіздің және басқа да барлаушылардың еңбегі мүлде ескерілмеді ме?**

– 1973 жылы Геология министрлігі сыйлық ретінде

«УАЗ» автокөлігін берген. Бірақ одан кейінгі жылдарда еңбегіміз елеусіз қалып келеді.

**– Қазақ елі экономикасының арқасүйері болып отырғаны мұнай десек, оны табуға бар өмірін арнаған байырғы барлаушы мамандардың еңбегін елемеу әділетсіздік деп ойламайсыз ба?**

– Біздің ұрпақ ашқан мұнай-газ шикізаты арқасында Тәуелсіз Қазақстанымыздың әлемнің азулы елдерімен терезесі теңеле бастады. Бәлкім, ел Үкіметі болашақта мұнай-газ барлаушыларын да ұмыт қалдырмас. Әйтеуір, туған еліміздің бүгінгі шыққан биігінен, алдағы шығатын биігі еңселі болғай!

*Әңгімелескен*

**Әділ Бек ҚАБА**

ДӘУКЕНСІЗ ЖЫЛ ӨТТІ...

*(Мейрамның жоқтауы)*

Жыл толды. Өтіп жатыр Дәукенсіз күн,
Шегіне жете алмадық қайғымыздың.
Біздерге соңғы кезде көп түсіп тұр,
Тұзағы ажал деген тойымсыздың.
Осымен жиылса екен, тоқтап аза,
Женге, ағалары соңынан Дәукен кетті.
Бар ма екен бұл ажалға қандай шара?
Өмірдің жалғандығы бәріңе анық,
Ауылға Дәукен келмес енді оралып.
Жұлдызы рухының сөнбейді анық,
Тұрса екен Алламыздың нұры жауып.
Бану келін, көнесің де Алланың салғанына,
Тәуба де Дәукеннің ұрпақтары қалғанына.
Болсын деп алды – пейіш, арты – кеніш,
Оқыта бер құранды аруағына!
Қайғы-қасіретің осымен тәмам болсын,
Бала-шағаң, туыстарың аман болсын!

5. Ш. Дәукеннің жылына дейін жиі барып құран

оқып тұрдық. Мейрам Дәукеннің 40 күнін, жылын да басқарды. Мейрам екеуміз ғана туыстардан сөйледік.

20. VI. «Қазақстан-1» телеарнасынан келіп, отбасымызды түсірді. Мейрам екеуміз сөйледік, 27. VI. Көрсетті.

22. VI. Алтайлар балаларымен Түркияға демалуға кетті. Алғашқы демалулары. Жақсы болыпты.

Мейрам 10 жыл болды, бір ай жылда студенттерді басқарып, Қапшағайдағы тәжірибе-өндірісте дәрістерін өткізеді. Күн ыстық – $+30^0$, $+33^0$, үш күнге демалуға бардық. Қапшағайдың суы таза, тұнық, жылы, балалар суда жүзуді үйренген, судан шықпайды.

4. VII. Рағанб түні құрметіне ораза ұстап, көп құлшылық еттім, иншалла! Тәуба! 16. VIII. Барат күні ораза ұстадым, көп намаз. 29. VII. Миғраж түні арнайы намаз, дұғалар. 30. VII. Күләйшаның туған күніне көп сыйлық апардық. Маған: «Оқулықты несіне жаздың, керегі не?» деп еді, бес мың теңге оқулықтың шашуы деп бердім. Шолпан он мың берді. Мейрам екеуміз «Сары-Ағаш» шипажайында ем алдық, демалдық. Сол жерде әулие Ыстық-Ата Иса бар екен, тесік тастан жатып үш рет өттік, құран оқып, садақа бердім. Тілек қабыл болуын тіледім.

1. IX. Ораза басталды.

15. IX. Шолпандар ауыз ашар жасады.

Оразада Ғалия рухына өзім қатым құран оқыдым. Кореяның Серагем ем-төсегіне барудамын.

26. IX. Қадір түні ұйықтамай, он екі рекет арнайы намаз, қадір сүресі 100 рет, Ықылас, дұғалар. Барлық түнде тарауық, тасбихтар, құран, жеңіл орындадым, шаршадым. 27-ші қыркүйекте таң намазына дейін тілек тіледім. Аллаһ қабыл ете көр!

Шолпан үйінде ауыз ашарға Күлімхан, Сара қажылар Кенжегүл, Шәйбала, Зергүл, Гүлшекер – бәрі, оларға: «Көптен ойымнан шықпайды, Арысланға іні болса, өскенде жалғызсырамас еді», — дедім. Олар сөйлегенде бата берді, қызым жымиды да қойды.

Періштелер Аллаға жеткізіп, тілегімізді қабыл ете көр!

19. Х. Оразалы немересінің үйінде тұсау кесуін жасады.

25. Х. Оразалы бізге звондап: «Бүгін түс көрдім. Дәукен хабарласып, дайындал, мен келіп алып кетемін деді». Біз қауіптеніп қалдық. 12. XI. Оразалы үйде жалғыз екен, дәретханада құлап – комаға (ессіз) душар болды. Содан 17 күн жандандыру бөлімінде жатып, 30-шы қарашада қайтыс болды. 2. XII. жерленді. «Қайран бауырым, бәйтерегім, асқар тауын қадір білер туысым, енді кімге барамын, кімді іздеймін?» деп зарладым.

Туыстың да ішінде туыс болар,
Жүректері олардың бірге соғар.
Сондай жанның біреуі өзің едің,
Соны ойлап көзіме жас та толар.
Көнеміз де Алланың салғанына,
Тәуба дейін ұрпақтары қалғанына.
Болсын деп алды – пейіш, арты – кеніш,
Бағыштайық құранды аруағына!

Құрбан айт құрметіне жеті күн ораза ұстадым. Ботамызды №173 математикалық гимназияға 500 доллар беріп ауыстырдық. Мектепте жемқорлық, жұмысқа тұру, балабақшаға баланы орналастыру ақшасыз мүмкін емес. Күн-түн жылап, құдайдан сұрағандарым, ораза, намаз, дұғалар арқылы құлшылығымды көріпбіліп жүрген Мейрам, іштей толғанып жазыпты.

Мен сенімен бірге көрем не көрсем,
Тек сенімен көгеремін, көгерсем.
Ұлғаш, сенсіз жоқ қызығы өмірдің,
Кенелемін сен егерде кенелсең.

66 жасыңыз да биік асу екені анық,
Тілеймін, Ұлғаш саған, Нұр мен Бақыт!
Келе бер аман-есен жүз жасқа да,
Бота, Жанел, Арысланды қасыңа алып.

Мейлі ғасыр, айлар өтсін, жыл өтсін,
Өміріміз сеніменен бірге өтсін!



№145 мектепте дін сабағын өткізу сәтімнен



Мейрам екеуміз және немереміз Әлила. 2002 жыл

Ұл-
қызымдарымыз
Шолпан мен
Алтай








**Сүндет тойдың төрінде Шолпан мен Алтай «МузАРТ» әншілерімен бірге**



Азамат бол,
Арыслан!



Құда-құдағи Мейрамбек пен Дәмен және Мейрам



Меккеде.
2007-2008 жыл



Мәдина қаласы. 2006 жыл — умра қажылық



Араб елінде. 2010 жыл. Мейрам және мен



2009 жыл. Анам қыздары Күләш, Күләйша және менімен



Мәдинада. Мейрам пайғамбар мешітінде. 2006 жыл



Аяз ата мен Ақшақар келгенде



Анам Әлила шөбересі Әлиламен



1999 жыл. Түркістандағы әулиелерге мінәжат. Анам Әлила, жұбайым Мейрам және мен



بسم الله الرحمن الرحيم

فيه آيات بينات مقام إبراهيم ومن دخله كان آمنا ولله على
الناس حج البيت من استطاع إليه سبيلا ومن كفر فإن الله غني
عن العالمين

***«Мұнда келуге мүмкіндігі болған адамның бәрі Аллаһ үшін сол үйді хаж етуге парыздар»*** *(Әли Ғимран, 97).*

*«Қажылық жасаған адам анасынан жаңа туғандай болады, барлық күнәсі кешіріледі» (Пайғамбарымыздың хадисі).*

**ЯССАУИ**
**Туризм компаниясы**

Алматы қ., Құрманғазы к-сі 48а, тел.:+7(727)2617177

# ЕСТЕЛІК КУӘЛІК

**№ 220**



**Бұл куәлік Маемер Изайша қажыға берілді.**
**Ол 2007 жылы Қасиетті Мекке – Мәдинаға барып қажылық парызын орындап қайтты.**

**Аллаһ қажылығын қабыл етсін!**

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қажылық бөлімі

М.О.

Яссауи туристік компаниясы

М.О.

Саулық, бақыт, байлығымыз бірге боп,
Басқан сенің іздеріңе гүл бітсін!

**29. XII. 1430 Хижра Мухаррам** айы басталғанына жеті күн ораза ұстадым, Ашура күніне екі күн ораза, тасбих намазын өтедім. Алла тілегімді, қажылығымды қабыл ете көр?!

## 2008 жылы көрген түстер

*«Ұйқы – өлімнің бір белгісі,*
*Түс – сананың көлеңкесі»*

22. І. Мейрам Меккеде ақ костюм киген, жазық жерде, балалар ортасында; мен тауда, қыздар мені көріп алдымнан жүгіріп келеді. Күләйша менің кірімді жуып, кептіруге іліп жүр.

26. І. Гүлжазира арықтаған, азған, қара көйлек киген, жалаңбас, жалаңаяқ, аяқ саусағында алтын сақиналар, жанымда отыр. Мен көріп таңғалып, «Оның не? Онан да маған бермейсің бе?» деймін. Дәукен қарап тұр екен, мені қоштайды. Амангелді де отырған сияқты. Гүлжазира мені құшақтап жылап: «Айбек пен Серіктің өлгені маған қиын болды ғой» дейді. Мен мойнынан құшақтаған сол қол саусақтарымда 4-5 алтын сақиналар киілген екен.

5. II. Жаз жылы, халық көп, мен көйлек, жемпір таңдап Зейнекүлмен ақылдасып жатырмын, сахнаға сөйлеуге шықпақпын. «Джип» машинасы маған жақындауда. Үлкен ағаш түбіне бақта көп дәрет алып жатырмын.

24. II. Сары шашты, сары киімді жалаңаяқ, жалаңбас таулы құмда батысқа қарай кетіп бара жатқан 5-6 жындардың артынан алыстан қарап тұрмын.

III. Мойныма қос-қостан көп маржан алқа тағып алыппын, үлкен емханада ақ халат киіп жүрмін. Маржанның бәрі ақ, біреуі қоңыр түсті екен.

**IV. Жанел немеремнің түсі:** Шолпан Қымбатпен

төбелеседі, Қымбат пышақты салайын дегенде Жанел айқайлап итеріп жібергенде, ол етбетімен құлап, пышағы түсіп қалады. Жанелге ашулы қарайды. Жанел пышақты алып арқасына екінші рет кіргізіп бар күшімен Қымбатты өлтіреді.

14. V. Далада жиын, патшаны күткен халық жанымнан өтіп бара жатқанда, «Саламатсыз ба?» десем, қолын беріп, өзіне тарта жүрді. «Мені білесің бе?» десем, «әрине, Зердебаева Ұлғайша» деп, менімен сүйісті, столға отырғызып, қазір келемін деп, бір минуттан кейін қағазға жазылған «З.Ұ», екінші «З қайда?» дегендей, қарасам, Күләйша тұр, мен «ол Төлешова К.» деймін. Мен оған, «сөйлескім келеді, Мейрам Есқожа, «Айқын» газетіне шықты, оқыңыз» деймін. «Астанаға келесің бе?» деді.

3. VI. Суы таза теңізде, жастық алдымда, екі жағымда ер балалар, малтудамын, керемет мрамор аппақ жер, оңай өтудемін.

24. VI. Чемоданға жылы киімдерді салып жиналудамын, қонышты етік, жылы гамаж кигенмін.

8. VII. Шетелде демалуда екенмін, тамақ ішуге барарда өте үлкен піскен нанды көтеріп барамын, Тұрсын досым да нан көтерген.

26. VIII. Сарыағашта демалып жатқанда көрдім. Мен ұзақ түрлі қиын жолдармен түйеге мініп келемін, түйе шаршаған, үлкен апаның алдына келіп шөкті, жанында Ғалия тұр. «Түйе екеуміздікі» деді.

6. IX. Ораза кезі. Жас сергек түйе менікі екен.

**25. X. Оразалы түсі:** Дәукен телефон арқылы дайындал, келіп алып кетемін депті. (30.XI бақи болды)

**Дастанның әйелі – Ләззаттың түсі:** Дәукен қара костюм киген, ішкі қалтасынан төрт бүктелген ақ қағазды көрсетіп, «түбіме жеткен де, көріп жатқан азабым да осы қағаздағыдан болды» деп қайта қалтасына салыпты. Түсін Бануға айтыпты, Бану бар киімдерінен іздеп тапса, ақ қағазға жазылған Фатиха, Ықылас сүресі, қысқа құран екен, ол қағазды баласы Арланға беріпті. (аянды түсіну)

**Ләззат түсі:** XI. Дәукеннің үйіне барса, ол бөлмесінде стол шетінде отыр екен, «мына сіздердің кілтті әкелдім» деп берсе, Дәукен: «біздің кілт неге сендердікінде жүр» деп жақтырмайды. Ләззат кілтті есіктің ішкі құлпысына салса, дәл екен, қайта Дәукенге беріп, бөлмеден шығып кете барып, есікке қараса, құлпысымен кілт құлаған, үңірейіп тұр, ар жағынан сәл жарық сәулесі көрінген.

15. XII. Немере қыздардың ұйықтаған төсегінде ақ жаялықта 4-5 құйылған ұрық, жинауға асығып жұмысқа кетіпті.

## ОҚЫҒАННАН ТОҚЫҒАНДАРЫМ

О, Алла! Осы уақытқа дейін күнделігіме түрткендерді судыратып жазып шығыппын. Мұным дұрыс па, бұрыс па? Бірақ, менің өмірім, тағдырым осылай болды. Көрген қиыншылықтарым ақылсыздығымнан болды ма? Дегенмен ылғи Аллаға жалынып, күресумен өтті, нәтижесі ұзақ болса да қайырлы болды. Ақылды деп кімді айтады:

1. Алланы санамен мойындау.
2. Білімді болу.
3. Мейірімді болу.
4. Әділетті болу.
5. Кем-тарларға, жағдайы нашарларға көмектесу.
6. Ұлттық сана – ұлтжанды болу.

Негізі:
Жаның – Алланыкі,
Жүрегің – Еліңдікі,
Ар-намысың – өзіңдікі,
Рахат – ақымақтыкі,
Көр – жердікі,
Жер – соның бәрін жер (жейді).

Аристотель: «Қанша сауатты болсаң да, дінді танымасаң – қараңғысың».

**I. Абай:**

Иман – қой,
Ақыл – қойшы,
Нәпсі – бөрі.
Бөріге қойды алдырмас ердің ері,
Таяқты қатты ұстап қойшы тұрса,
Жоламас ешбір пәле, шайтан-пері».

II. Өзің үшін еңбек етсең, өзі үшін оттаған хайуанның бірі, Адамшылықтың қарызы үшін еңбек етсең, Алланың сүйікті құлы боласың.

III. Адалды – арамдама, аңқауды – алдама, момынды азаптама, ақылдыны – адастырма, абзалды – азғырма.

IV. Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып аяғын көп шалдырған.
Байлық деген сараңдық деп қалам,
Жайған қолға тоқтамай,
Жұмған қолға тоқтаған.

Дүниедегі мақсатың бақытты болу болса, Алланы тануға тырыс, өзіңді тани біл – өзіңді тазарт, ісіңде, амалыңда ақ ниет, таза пиғыл, ізгі мақсат ұста. Заманыңа сай, қатарыңның алды бол, біліміңді, тәжірибеңді шыңдай біл. Қазір санаң бар, ақыл орнында парыз, қарызды күнде өте, себебі, ертең не боларын білмейміз. Өмірдің көбісі өтті, бар күнәдан арылу, балаларды иман жолына салу, тек сауапты іс-амалдар істеу. Иншалла! Шолпан және үш немерем Аллаға сенеді. Құран сүрелерін біледі. Осы жазғандарымнан үлгі-өсиет алады деп сенемін! Менің ұрпағым – өмірімнің жалғасы Әлила, Жанел, Арыслан, ойланып көрші, табиғатта неше түрлі ағаш, өсімдік, жеміс-жидек, т.б. бәрі кішкентай дәннен өсіп-өнеді, бір-біріне ұқсамайды. Тіпті түрлері әр түрлі, шығаратын исі ерекше, жемістер дәмі ғажап. Мысалы, алма, алмұрт, құлпынай, помидор, қияр – көп, өте көп, солар дәннен жерден нәр алып, күннен нұр алып, Алланың құдіретімен шығып тұр. Аспанға қара, шегі жоқ, **жеті қат көк – Күн, Ай, Шолпан, Меркурий, Марс, Юпитер, Сатурн** – бұлар жер сияқты планеталар, ал жұлдыздарға есеп жоқ. Ғажап, керемет есеппен жаратылған!

Баяғы заманда бір патша: «Алла бар болса, қай жерде тұрады, кім дәлелдесе, мен мұсылман боламын», – депті. Сонда бір ақылды бала бір қазан сүт алғызып, патшадан «мына сүтте май бар ма?» десе: «Май бар», – депті. «Онда май сүттің қай жерінде?» – депті. «Сол сияқты Алла бар, көктің қай жерінде ешкім білмейді, ал, тақсыр, сізде жан бар ма?» – депті. Патша: «Әрине, жаным бар – тірімін ғой, қай жерімде екенін білмеймін», – депті. Патша баланың қарапайым дәлеліне таңғалып, мойындап, мұсылман болыпты.

Бір патша байлығын қимай, ажал жақындағанда, жылап-еңіреп құдайдан өмір сұрапты. Алла: «Қанша жыл сұрайсың?» – десе, ол: «Бір ағаштың жапырағындай», – депті. Алла: «Жоқ, ол өте көп», – десе. «Онда ағаштың бұтағындай», – депті. «Ол да көп! Жарайды, қанша досың бар, сонша өмір берейін», – десе, патша: «Мен дос жинаған жоқ едім, жанымды ала беріңіз», – деген екен. Мейрам екеуміз де оқыған, тоқығанымыз бар. «Бармасаң, келмесең жат боласың, алмасаң, бермесең – сарт боласың» деп, хабар келсе өлімге, шақырса – қонаққа барамыз. Жақындарымызды «жұбату шайы» деп, арнайы шаңырағымызды көрсетіп, үлкенге – құрмет, кішіге – ізет жасау әдетімізге айналды. 1990 жылдан бастап есімде қалған бақилық болғандар: Қыдырбай, Алтын, Серік, Шәкір, Мүслім, Әлпеш, Түйметай – оның үш ұлы, шалы, Мүсабай, Күлшаруан күйеуі Сапарғали, Большевик, Зақан, Күлжамила, баласы Жексенбек, немересі, Анарқұл; Мейрамның туыстары: Жәміш, Қалдықыз, Нығмет, құдағилары, келіні Күлжамила, Қайрат, Болат Дина – анасы, інісі, Қазбек, Рамазан, құда, Әшкен, Мұқан. Жолдастар: Светаның анасы, Әсияның күйеуі, екі қызы, Өзипаның күйеуі Шмид, Дінәш, Бақжамал, Нұрғиса. Бауырларым: Аманбек, Амангелді, Оразалы – Роза, Дәукен, құдалары Баян, Аққұбас, Тамара, Зейнекүл, Кенжегүлдің жұбайлары, Шараның баласы Күмісайдың анасы, Ардақтың анасы т.б.

Барған тойларымыз. Үйлену тойлар: Ерлан, Нұрлан,

Салтанат, Айбек, Олжас, Ержан, Әсел, Арман, Самад, Эльмира қызы, Үсен бауыры, Болат баласы, Әмен қызы, Жамал қызы, Қалидың Ерланы, Ерболы, Меруерті, Серік, Раушан, Сайлаудың Мәдина қызы т.б.

Торқалы тойлар: Дінәш, Сәрсенбі – 50, Күлшаруан, күйеуі – 70-75 жас, Рамазан – 70, Нұрғиса, Райхан – 60, Бақжамал – 60, Өзипа, Зина, Майра, Әлқуат, Ермек, Амангелді, Серік тренер, Сара, Күләй, Қали, Жұмагүл, Руслана, Рәжан, Мейрамбек т.б.

Балалардың тілашар, тұсаукесер тойлары: Қайраттың, Дастанның, Дәукеннің, Ботаның, Сараның, Ерланның балалары, Сараның немересі, Алтынбектің немересі. Осылар біздің келешегіміз ғой, еліміздің ертеңі. Сол себепті бәрінің тойында жылы-жылы сөздер айттық. Мынау соның жалғасы болар-ау!.. Бәрін біліп өссе, көкейлеріне түйіп өссе деймін.

## Немерелерім!

*«Таудан биік – ой,*
*Теңізден терең – ғылым»*

Кішіпейіл болғаннан кішірейіп кетпейсің,
Өркөкірек болғаннан – ұлылыққа жетпейсің!
«Өсер ауылдың баласы бірін-бірі Батыр дейді,
Өшер ауылдың баласы бірін-бірі қатын дейді».
«Кең болсаң – кем болмайсың».
«Ақыл – аздырмайтын ем,
Білім – таусылмайтын кен».
Біліп қой! Жетісудағы жеті өзен:
1. Шу (Сыпатай батыр).
2. Іле (Райымбек).
3. Лепсі (Қарасай).
4. Ақсу (Ескелді).
5. Көксу.
6. Қаратал (Балпық).
7. Басқан (Бүйен) (Қызылағаш).

Киелі санайтын: Тіл, шөп, домбыра, қобыз, қой ішегі, айна-тарақ, асықты жілік (серт берерде).

Өмір жас: Нәресте – 1 ай; сәби – 2 жас; балдырған – 3-4 жас; бүлдіршін – 5-7 жас; бала – 7-9 жас; жасөспірім — 9-12 жас; ер жігіт — 18-25 жас; бозжігіт – 25-30 жас; дүл жігіт – 30-40 жас; аға жігіт — 50-60 жас; қария — 70-80 жас; ақсақал – 90-100 жас.

Жеті жоқ: Жерде өлшеуіш жоқ; аспанда тіреуіш жоқ; таста тамыр жоқ; Аллада бауыр жоқ; аққуда сүт жоқ; жылқыда өт жоқ, тасбақада талақ жоқ.

**2009 жылы көрген түстер: Аллаһ аян берді.**

20. І. тауда аппақ қарлы мұз, жанан ыдыс толы ұн, мен сол аяғыма киіп алыппын, дәп-дәл. Жан-жағымда көп кісілер, ақ жаулықты апалар. Көп бөлмелі, Шолпан үйі екен, мені жеке машинамен үйіме апармақшы бір кісілер, чемоданымды кейін әкелер деп ойлаймын.

29. І. Шолпан үйінде көп құмыраларда өскен жасыл ағаш жапырақтарымен (Ақарыс ұрпағы көп болады).

12. ІІ. Үлкен аппақ дастарханда көп жас жігіттерге тамақ беріппін.

Алтай үйінде үлкен аппақ (қазанда) мен пісірген наннан үзіп жеп отыр, жанында Шолпан.

20. ІІІ. Таңғы сағат 5. Мені ауру әйелді қарауға шақырыпты, көріп, көмекшілерге нашар деп, оларға тапсырамын. Біраз уақыттан кейін далада күн ашық, жылы, әлгі дәрігерлер әлгі әйелді сойып, кәуап жасап, төс жағын жеп, маған қарап «дәмді» дейді. Мен қарап таңғалып тұрмын, қалай аппақ үлкен жануарға айналған. Бірақ маған жеуге болмайды, жемеймін деп ояндым. Тұрып ғұсыл алып, тахажуд намазын төрт рекет етіп оқып, жақсылық болуын сұрап дұға жасадым, Иншалла!

22. ІІІ. Меккенің үлкен жеміс бақшасында өскен дәмді жемістерді жерден өскен бауларында жеп жүрмін. Бақшаның бір шетінде Зейнекүл жүр бақшада, Зейнекүл айқайлап, «Немерелі болыпсыз!» дейді, қарасам, бақшадан төмен жолда Мейрамбектің басы ғана

көрінеді, беті әжім-әжім қап-қара кішірейіп кетіпті, Зейнекүлге ештеңе демеді, ешбір сезім болмады. (XI. 2009 жыл).

16. IV. Бейсенбі. Мен аппақ жөргекке оралған нәрестені құшақтап алғам, Мейрамды іздеп үлкен қонақүйден бөлме даярлап қою керек екен, барсам, бөлме даяр емес, жер бөлме кең, көп ағаш тақтайлары бар, Мейрам бірдеңе істегенсіп жатыр. Мен таңғалып, бұл қалай деймін, ол: «жоғарыдан Мейрамға көмектесіңдер» депті, бірақ болғаны осы. Сол кезде бөпем дауыстап жылады, қарасам, нәресте аппақ. Оянып кеттім. (10. XI).

**17. IV. Алтайдың түсі:** Бетбақдалада киіз үйлер тігілген, аспанда шармен ұшып жүргендерді атып түсірдім. Киіз үйге мені бірінші шақырып, сені би сайладық депті. Иншалла! (1. II. 2010-жылы орындалды).

IV. Шетелдің аэропортында әжетханаға барып келгенше чемодан, сумкамды ұрлап кетіпті, көп кісілермен ұшаққа отырып, үйге келдім. Сонда тек ойлаймын, ұшқышқа жоғалғанын неге айтпадым, іздейтін еді ғой деп.

IV. Біздің үйде аппақ жейде киген Қызыр баба тамақ ішіп отыр, жейдесі былғанбасын деп үлкен сүлгі орамалды алдынан ораймын, қарасам, бес ине орамалда жабысып тұр, оң қолыммен жинап алдым, ыдысқа су құйып, бес инені ваннаға төгем, екі ине ағып кетті, үш инені ұстап алдым. (Дұшпаннан құтылу).

**25. IV. Шолпанның түсі:** Екіқабат жеке үй, ауласы кең, ит бар, үлкен дастархан, әжетханасы жалтылдаған, керемет. Сол үйде тұрады екен.

17. V. Үкімет маған құнарлы жерден сегіз сотық жер берілті.

22. V. Екі-үш жерде үлкен дәрет алдым.

17. VII. Түсімде Күләйша тойда тиісіп, маған оңбағансыңдар деді. Мен үндемедім. (18. VIII. 2009 жыл).

20. VIII. Жаз айы басқа елде адасып ұшаққа кешігіп қалдым. Мейрам ұшып кетті.

4. IX. Марқұм Бақжамал қысқа қара көйлек киген,

маған тиесілі бір қарын май мен бір қарын қатықты араластырып, былықтырып қойыпты, көріп қатты ашуланып, оның үйіне барсам, баласы Ахат кішкентай дөңгелек столда бірдеңе жеп отыр, күйеуі тұр. Бақжамал да тұр, мен 25 жыл достығымды, жақсылығымды білмей, істегені әне деймін. Ұлы маған: «Сізді анада бәрі мақтап сөйледі ғой» деді. Мен шешесіне қарап, «отбасыңа бәрін айтайын ба?» десем, ол сасып, қаймығып, «айтпа, ұят болады ғой» деді. Мен айтпай, айқайлап, жерді тепкілеп ренжіп кетіп қалдым.

6. IX. Шолпан үйінде баласы бұтына тышқан, толған, мен үлкен табаққа отырғызсам, былғап тышады.

16. XI. Дүйсенбі. Мен үйде басым айналып, тұра алмаймын, Бота жүрген еді, кетіп қалыпты. Ас үйдегі дәріге жете алмаймын. Бір кезде екі жігіт емдеуде, әйел Аятул күрсімен мені емдеп жатыр. Үйде әпкелер, Шәйбала жүр, анам маған «бала кезінде қамқор болдым ғой, кейін көмектеспесем» де дейді.

**7. XI. 2009 жыл.** Керемет жеміс беруде. Жәннат жемісі сияқты.

9. XI. Үйде қонақ күтудемін. Бану, Зоя, Баян тиісіп сөйлейді, сонда мен Бануға «екінші маған қарап тиіскеніңді қой, ұқтың ба» деп қатты айттым, үндемей жерге қарады. Күләш көрінеді, ол да бірдеңе дейді, мен оған «сізбен ұрыспас үшін аулақ жүрмін» дедім. Күләйша келіп қисайып жатыр. Сонда анама «неге келді, келмесін» деп едім ғой, сонда Күләйша «Мейрам алыстап кетпесін деп келдім» дейді. Сонда «сен Мейрамға жете алмайсың, аулақ!» деп айқайлап едім, қашып шығып, бір көшемен төмен зытты.

10. XI. Меккеде Арысланды арқама көтеріп алыппын, өзеннен өтем, жасыл таулы жер екен, Арыслан тышады, оның құйрығын жасыл жапырақтарды бір топ өсімдіктерден әдейі алып сүртемін. Арқамдағы дорбам ағытылып түскен екен, оны бір жігітке алып кел дедім. Бірінші қабаттағы есікті кілтпен ашып, екі телевизорды тоқтан ағытып қонаққа бара жатырмын. Шолпан кіші кострюльмен баласына борщ алыпты,

жанымызда төрт кісі, оларға да құйып бер деп едім, олар әбден қуанып қалды. (Ақарыс дүниеге келді!)

9. XII. Білімімді жетілдіруге басқа қалаға поезбен бара жатып, қателесіп аялдамадан түсіп қаламын. Сөйтсем, қазақ жігіттері қоңыр тастан үлкен үй салып жатыр екен. Сол қолымда бос ескі шелек тастаймын, оң қолымда шыланған цемент толы шелек, несін көтеріп жүрмін деп тастамақшымын. Бір жігітке жағдайымды айтамын, «шаршадым, адасқыш болдым, Мейрам оқуға барма деп еді, енді оқымаймын, үйге кетемін, енді Мейрамсыз алысқа шықпаспын» деп қиналып ояндым.

22. XII. Дәукен марқұм көңілді, бізде қонақта.

18. XII. Мекке, жасыл тоғай, қолымда бөпе, біреулер көмектесіп жүр.

25. XII. Жұма. Тоғыз мухаррам айы. Жаз көпшілік іші көңілді, көп жібек әдемі маталарды алудамын, беруде.

**27. XII. Мейрамның түсі:** Халық Д.А. Қонаевты күтіп тұр, ол келгенде мен алға шығып қол беріп, «ассалаумағалейкүм» деп амандасып, қуанып қолын сүйдім. Ол кісі ары қарай көпшілікпен амандасуға кетті.

* * *

**2009 жыл. Сиыр жылы. Арман-тілектер орындалуда,** дұға қабыл болды. Жылда жаңа жылды Алтайдың отбасында бастаймыз, себебі, 1-қаңтар туған күні. Барлығына арнайы сыйлық әзірлейміз, олар бізге де сыйлық береді. Шолпан дастархан мәзірін мол, ерекше даярлайды. Бәріміз титтей қағазға үш тілек жазып, оны жағып, күлін дәл алғашқы минутта халал сумен ішеміз. Балалар от жарғыш атып мәз-мейрам болады.

Алтайымыз, біраз жасқа толыпсың (39),
Қызыр ата қолдаушы боп жолыңсын.
Жан серігің Шолпанымыз қасыңда,
Парасатты, абзал әке болыпсың.

Қуанышпен өмір сүріп жүре бер,
Отбасыңның тек қызығын көре бер.

Әке деген зор атаққа кенеліп,
Балаларға үлгі-өнеге бола бер!

Жаратушым ұсынып тек жорғасын,
Тіршілікте сәттіліктер қолдасын.
Ата-анаң боп шаттанамыз қашанда,
Қасымызда Алтайымыз болған соң!

Балаларға балабақша жетпейді, мектепте әр сыныпта 30-40 оқушыдан. Көпбалалы отбасының бір баласына 1200 теңге ғана төлейді екен. Не деген масқара! Биыл санақ жүріп еді, оған бөлінген ақшаны бастықтары бөліп алып, өтірік санақ жүрген, сонымен қанша қазақ екеніміз белгісіз. Жоғарғы оқу орындарында бесжылдықты жойып, европаша оқытамыз деп, төрт жыл, магистратура, бакалаврды кіргізді. Газетте: ...абақтыны ескертусіз тексеріп қалса, 70 пайыз қылмыскерлер орнында жоқ боп шыққан. Көбінесе, отыратындар жеңіл-желпі, ұсақ ұрылар. Мен анық білетін емхана бастықтары, тіпті кәсіби киетін ақ халатты, қол сүртетін орамалға дейін қызметкерлер өздері сатып алуда, өтірік құжат толтырып, пәлен ауруды қабылдадық деп еңбекақы алады, бастықтар жекеменшік үй салып, барлық балаларын пәтермен қамтамасыз етті. Тексерушілер бәрі дұрыс деп, миллиондап ақша алып, тіпті жаңа машина мініп кеткенін де білеміз. «Түйені түгімен» жұтқан бастықтар. Бұл заман қашан өзгереді, болашақ не болады деп алаңдаймыз.

**Ақырзаман белгілері шықты. Мөңке би** (1675-1756 ж.ж.) **айтқан:**

«Ақырзаман болғанда, қатын би болар, сиыр пұл болар, туған бала қу болар, тамағы сары су болар. Жер тақыр болар, халқы пақыр болар. Балалары жетім болар, әйелдері жесір болар. Орай салып бастарын, желпілдетіп шаштарын, тақымдары жалтылдап, емшектері салпылдап, ұят жағы кем болар!

Көлдің суы кетіп, табаны қалар,
Жалқының жүйрігі кетіп шабаны қалар.
Жігіттің ақылы кетіп амалы қалар,

Әйелдің ұяты кетіп, ажары қалар.
Сөздің маңызы кетіп, самалы қалар,
Әулиенің аруағы кетіп, мазары қалар.
Адамның жақсысы кетіп, жаманы қалар,
Жақсының атағы кетіп, азабы қалар,
Ақылы жоқ санасыздың заманы болар!» кезең келді ме, қайдам...

## ӨЗ ОТБАСЫМ ТУРАЛЫ

Менің пірім – серігім Мейрам білімді, ақылды, парасатты, мінезі жайдары, жұмсақ, аққөңіл, мейірімді, кішіпейіл. Білімін үзбей жетілдірді. «Сегіз қырлы, бір сырлы» азамат, қариялық міндетін түсінген, аузында бата, санасы, рухы биік, жүрген жерінде көзінен, тілінен нұр-шапағат сыйлайды. Мені, балаларды шексіз мейіріммен сүйеді, «бала тапқандыкі емес, баққандыкі» деген. Ұлтжанды, қазақ үшін құрбан. Еңбекқор. Тек исламның парыздарын толық орындамайды. Алланы, пайғамбарларды, әулиелерді тануға тырысады, мойындайды. Мені ешбір ренжітпейді, көзбен түсінісеміз, әр мәселеде ойымыз бір жерден шығады. Мен бақыттымын Мейраммен.

### АРМАНЫМ
*(Мейрамның арманы)*

Қызық көрдім мынау фәни жалғаннан,
Пенде болып құтылмадым арманнан.
Дүниеге келген соң адам боп,
Жөн емес пе білім іздеп қамданған.

Дамыл таппай келемін мен жүгіріп,
Қалам ғой деп бір күндері бүгіліп.
Халқым үшін қызмет ету парызым,
Соған ғана басымды ием жүгініп.

Аллам маған денсаулық пен өмір бер,
Білгенімді беріп кетем жастарға.
Сонық үшін аянбастан төгем тер,
Өкінбейін, өттім-ай деп арманда!

Алтайды күйеу бала деп атап көрген жоқпын. Басынан жақсы көріп, Шолпанның бақыты, бағы осы жігіт деп санадым. Сондықтан Алтайдың жаманын жасырып, жақсысын асырып, бар мүмкіндігіммен жамауын жамап, көрпесін тігіп, жоғын толтырып келе жатырмын. Немерелерімізді шексіз сүйеміз, тәрбие, өнеге беруге тырысамыз.

Алтайдың мінезі жұмсақ, еңбекқор. Он бес жылдан бері ұрсысып көрмеппіз, дөрекі мінез көрсетпеді. Балаларын жақсы көреді, қамқор әке, ештеңе олардан аямайды.

«Бес күнін ойламаған әйел – әйел емес, бес жылын ойламаған еркек – еркек емес» деген сөз Алтай мен Шолпанға келеді. Мейрам екеуміз ылғи тәрбиелеудеміз. Мейрам 70 жастан асты, екі институтта еңбек етеді, ал құдамыз 50 жастан жұмыс істемейді, тойларда сөйлегенде, құда: «12 бала туып өсіріп, бәрін үйлі-жайлы еттік, бәрінің қызметі бар, қалай өскенін білмей қалдым», – деп аспанға қарап таңғалып сөйлейді.

Шолпан – Алланың сүйген құлы. Осы уақытқа дейін жаны қиналып оқып, не жұмыс істеп көрген жоқ. Әкесі мен оның анасының жалқаулығын, сәнқойлығын алған. Амалым жоқ, өз қолыңды өзің кесе алмайды екенсің. 40 жасына дейін тағдырына, іс-әрекетіне алаңдаумен болдым. Алла бізге сабырлық берді, жол көрсетті, әр қиындықтан құтылып жүрдік. 40 күн оқыған дұғадан кейін Шолпан жан дүниесі тазарды, бір тал қызымды көре алмаған көп дұшпан әсері болды. Иншалла, ұзағынан сүйіндір. Менің зарлап тілеген тілегімді Алла қабыл етіп, әулиелер, аруақтар, періштелер қолдап Құран-Кәрімнің әрбір сүресі, аяты шипа болды. Тәуба! Балаларын оқытып, қамқор болып, иманжүзді ана болды.

Немерем Әлила есті, саналы болып өсіп келеді, атасының қуанышы, арманы, жақсы оқиды, үйде көмектеседі.

Жанел – Жанкетайым, пысық, зерек, ақылды, мейірімді, таэквандо, биден өнер көрсетеді, өлең жазады, сурет салады, әр мерекеде арнау ұсынады.

## Атама!

Асыл атам, аташым,
Жақсы көрем мен сізді!
Бар білімді бересіз,
Әр балаға ардақты!

Сізге жеткен асыл мұра әлі жоқ,
Көп балалар армандайды сондай ата болсын деп.
Бірақ ешкім бола алмайды сіз сияқты, аташым!

**БОТАҢЫЗ.**

*1. V. 2007 жыл.*

## Атама тілек

Ата, мен сізді өте жақсы көремін! Себебі, сіз өте жақсысыз және Алла жолымен жүресіз, темекі тартпайсыз!!!

Атам менің, аташым,
Жақсы ойлап жүресің.
Тойларымды тойлатып,
Тек жақсылық тілейсің.

Тек Аллаға сенесің,
Исламшыл боп жүресің.
Жақсы, адал, сүйкімді,
Еңбекқор да сыпайы.

Тек «5»-тер мен мақтайсың,
Көп өлеңдер сыйлайсың.
Еркелетіп ойнайсың,
Алла жолын таңдайсың.

**Жанелдің құттықтауы:**

**Атама!**

Құтты болсын, Жаңа Жыл!
Әкеліп тұр береке!
Ойыңызда жан асыл,
Ойымызда мереке!

**Апама!**

Сізді өте жақсы көремін!
Ақ жүректі абзал жан,
Менің күшті асыл апам!
Жақсы көріп жүремін,
Сізге уәде беремін!

Алла жолын үйреткен,
Мені бесікте тербеткен.
Менің апамның жүрегі асыл,
Құтты болсын қадірлі
Жаңа Жыл!

Арыслан — ұлым, құлыным! Әкем, мен, Шолпан, Алтай армандаған ұл. Ерекше көреміз, болашағынан зор үміт етеміз. Саналы, ұқыпты, талапкер, жүректі, таэквандомен шұғылданады, жарыстарда жүлдегер. Туғаннан көп ауырып, нәзік еді, енді өсіп келеді. Сабақты жақсы оқиды.

* * *

Мемлекетте экономикалық дағдарыс. Шолпан шетелден әкелген машинасына мініп, қыздарды мектепке апаратын болды, иншалла! 2-ші ақпанда дүкенге сатушы болып орналасты. Алтай жұмыста жоқ. Тараз қаласынан Шәйітхан, Рабиғамен келіп, Шолпан емші Қуанышбайға оларды апарды, оның бір бүйрегінде жара бар екен, өзі өте семіз, ота жасатпай емделді. Екі апта тек қайнаған су ішіп, дене шынықтыру, дұға оқып, ішектерді тазалап, 15 кг. азып, іш-құрылыс жұмыстары

реттеліп, бір жүйеге келген, Шәйітхан көңілденіп, жазылғандай сезінді. Үйіне кетті. Шолпандар қамқорлық жасады, төсектеріне жатқызып жағдай жасады.

5-7. Ш. Қалидың қызы Меруерт тұрмысқа шықты, шығарып салу, үйлену тойында болдық. Бақытты болсын!

Той сый-сияпатымен тамаша өтті.

8. Ш. Мәулит түніне (18) тасбих намазын өтедім. Алла құлшылығымды қабыл ете көр! 3. IV. Шолпан жұмыстан шықты, себебі, аяғы ауыр екен, алғаш қатты қапаланды, дағдарыста, балаларды асырай алмай жүргенде қайтемін деп. Біз ақыл айтып, «Алланың сыйы, сынағы, осы бала – ұл болып, бақ-дәулетімен келеді» дедік. Шолпанның көңілін тауып, жеріктігін басып, 1-ші мамыр айында бір қой сойып, құрбан шалып, алладан дұғамның қабыл болуын тіледім. Иншалла! 10-шы сәуірде Арыслан таэквондо жаттығуында шынтағын сындырып алды, оны емші апаға апарып, сынықшы жұмыртқамен сипалап салып, үш аптада жазылды. 16-шы сәуірде Шолпанның туған күнін біздің үйде тойладық. Аллаһқа тәуекел, аманат!

Менің жиі қан қысымым көтеріледі, серагем емінің кесірінен сол тізем ауырады, көзім жарыққа қарай алмай, катарактадан екінші жыл үзбей емделудемін (квинакс, оптивижн, megabyte тауфон). Көру қабілеті он жыл біркелкі, көзілдірік +2,75 киіп оқимын.

9. 05. Әкемді ойлап, толғанып мақала жаздым. Ол «Айқын» газетіне шықты.

## ОЛ МАЙДАННАН ОРАЛМАДЫ

Сағыныш... Өкініш... Сағыныш болғанда бүгін көріп, ертең басылар сәттік сағыныш болса бір сәрі-ау. Бұл сағыныш ойлаған сайын ұлғайып, тұлғалана түсетін, мәңгі ортаймай, кемерінен асып, мөлт-мөлт төгіліп жататын сағыныш. Жүректі сыздатып, көзден ыстық жасты тамызатын сағыныш...

Әке, әкетайым, әкешім! Бұрынғы сағыныштарым

балалық сағыныш екен ғой! Сен болғанда еркелетіп, маңдайымнан сипап, болашағыма қамқор, ақылшы болатын едің. Жетімдікті көріп, жәутеңдеп өмір сүрмейтін едім. Алты айлығында өзіңнен айырылып қалған нәрестеңнің бақытты балалық шағы болмады. Ұлымдай болсын деп өзің есімімді – Ұлғайша қойғандықтан, өзіңнің атыңа, рухыңа кір келтірмеуге тырыстым. Мінезім, еңбекқорлығым, өжеттігім өзіңе ұқсайтын болғандықтан, елге, жерге, Отанға деген сүйіспеншілігің маған дарығандықтан, соған қуанып, тәубе етемін, әке...

Әкемнен соңғы хат 1943-ші жылы келіпті. Онда ол Сталинград майданындамын депті. Содан кейін біз одан еш хабар ала алмадық...

1977 жылы әкемді іздеп Сталинград қаласындағы Мамай қорғанына – алып ескерткішке бардым. Сол жерде қаза болған қазақтар көп екен. Ішінен әкемді таппадым. Көзім жасқа толып, көре алмадым ба, білмеймін. Тек бір уыс топырақты шүберекке түйіп әкелдім. 1979 жылы соңғы қызмет еткен жері Жамбыл облысының Қордай ауданы Михайловка, қазіргі Алмалы елді мекеніне барып, еңбектес болған адамдармен сөйлестім. Б.Қалабаев, Т.Қасымов, Қ.Қазақбаев, А.Грошев, П.Тойбеков, М.Байтұрғанов сияқты ақсақалдар ағынан жарылып, әкем Зердебаев Амантайды ұмытпағанын, 1935 жылы Қазақстанның өлкелік жоғары ауылшаруашылық коммунистер мектебін бітіріп келіп, ауданның оқу-ағарту, хатшы, парторг қызметтерін белсенді жүргізгенін айта келе, «Кеңес өкіметінің өркендеуіне үлкен үлес қосқан салауатты, парасатты, патриот адам еді», – деді. Ал, 1980-жылы Ұлы Отан соғысының жеңісіне 35 жыл толу құрметіне әкемнің есімін тасқа қашап жазғызып, Сталинградтан әкелген топырақты Құран оқып қойдық.

Алланың құдіретімен тәуелсіздік алған қазақ елі, еңсеміз көтеріліп, санамыз жаңарып, өмірге басқаша қарадық. Ең қымбаттысы, Алланы тану, дінге, ділге, тілге құрметті білдік. Тәуба!

Арманы ерте үзілген әке өмірінің есесіне адамдар өмірін ұзарту, жан-тәні қиналғанда көмек беру менің

асыл қасиетім еді. Әке, интернатта он жылдықты бітіріп, медицинада 40 жыл дәрігерлік борышымды абыроймен өтедім. Он бес жылдай Аллаһ жолында исламның бес парыщын өтеп жүрмін. Күнде таң намазынан кейін ата-баба, әке аруағына Құран бағыштаймын! Тәуба! Әке, жатқан жерің жайлы, жаның жәннатта, рухың асқақ болып, Алланың нұры, Мұхаммед пайғамбардың шапағы жаусын! Мен сенің өміріңнің жалғасымын!

**Ұлғайша ЗЕРДЕБАЕВА Амантайқызы.**

*«Айқын» газеті,*

*9-мамыр 2009 жыл. № 82.*

Жанел 4-сыныпты «5»-ке бітірді, ұстазы Гүлшекер Карменова жақсы тәрбие, білім берді. Дін сабағын үзбей өткізіп, исламды насихаттап, құран сүрелерінен, Алланың көркем есімдерінен жарыстар өткізді. Мен еңбегін бағалап, «Ислам» газетіне жаздым. Бастауыш сыныпты бітіргенінде ата-аналар атынан сөйлеп, ұстаздың нағыз ұстазы, балаларымызға дене тәрбиесін, ақыл, білім мен тәрбиелерін әдеппен, бір-бірімен ұштастырған деп былайша бата бердім:

Жолымен жүр білімнің,
Шыңына жет ғылымның.
Данышпан бол, ғалым бол,
Қорғаны мен тірегі бол еліңнің!

Әл-Фраби, Абайдай дана қазақ болыңдар! Мәншүк, Әлия болыңдар, жүректі де білекті деп тілейміз Алладан. Берсе екен деп тілекті!

## «ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС, ҮЙРЕТУДЕН БАЛАҒА»

Біз, ата-аналар төрт жыл балаларымызға дұрыс қалам ұстатып, әріптерді үйретіп, оқу-сызудың қасиетін түсіндіріп, сана-сезімін оятып, нағыз ұстаздық борышын өтеген мұғалім Гүлшекер Қыдырбекқы-

зы Карменоваға алғысымызды білдіреміз. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей. Карменова тәжірибелі, білімді, ізденімпаз, еңбекқор ұстаз. 2000-2002 жылы әдейі шақырумен Алматыға келіп, республикамыздың ұстаздарына семинар өткізген әлемге танымал белгілі педагог Ш.А. Аманашвилидің өзінен тікелей екі жыл дәріс алған. Ұстаздан алған ілім-білімін, тәжірибесін өзінің әр сабағымен ұштастырып, осы бағытта аянбай еңбек етіп жүрген ұстаз. Өз еркімен балаларға иман сабағын үзбей өткізуде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Біздің тегіміз түрік, дініміз – ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін Құран-Кәрімді, қасиетті кітапты насихаттауды естен шығармауымыз керек» деген жолдауына үн қосып, сыныбында «Ислам және өркениет» газетін жаздырып, сабақтарында пайдалана білді. Оқу жылында бірнеше рет дін жолында исламның бес парызын өтеп жүрген ата-аналарды шақырып, кездесулер өткізді.

Оқушысы Жанел Тілегеннің әжесі Ұлғайша Амантайқызы қажылықтан келгенде де, сынып оқушылары мен ата-аналармен кездесу өткізді. Балалардың діни сауаты бар, Мекке-Мәдина, Қағба туралы сұрақтар қойып, қызығушылық танытты. Ал, Наурыз мерекесімен сабақтастырып, иман, ислам қағидаларынан байқау болды. Оқушылардың Алланың көркем есімдерін жатқа айтып, Мұхаммед пайғамбардың хадистерінен білгендерін, бірнеше балалар Құранның 4-5 сүрелерін жатқа айтып, бізді риза етті. Орбитадағы мешіттің қызметкері Азат шақырылып, байқауда ризашылығын білдірді.

* * *

Алтай тұрақты жұмыста жоқ, Шолпан сабырлы, балалар да кедейшілікке көнді. Алтай сегіз жерге арыз жазып барса да, алмаған, қиналудамыз. Маусымнан Алтай алашағын аздап алуда екен.

27. VI. 25 жыл. Мейрам екеуміз отасқанымызға шағын күміс тойын жасадық.

## ӨМІР ДЕГЕН ӨТЕДІ ЕКЕН САҒЫМДАЙ

Өмір деген өтеді екен сағымдай,
Тұра алмаймыз заңына оның бағынбай.
25 жыл қол ұстасып екеуміз,
Келеміз ғой жұптарымыз жазылмай!

Мұның өзі бақыт, байлық, ырыс қой,
Заманға сай тірлік қылған дұрыс қой.
Ширек ғасыр екеумізді жұптаған,
Аллам бізге сыйлады ғой Күміс той!

Өткен күнге қараймыз біз ойланып,
Ұзақ жылдық өмірімізді ойға алып.
Балалардың қызығына бөлендік,
Шаңырақтың ата-апасына айналып.

Қуанышқа ортақтасып келдіңдер,
Алдарыңа бар сырымды төктім мен.
Аллам бізді осы күнге жеткізсе,
Бір той жасап берсем елге деп едім!

Маған тірек Ұлғашым емессің бе?
Қажеті жоқ еш қиял, елестің де.
Бірімізді-біріміз сүйсек мәңгі,
Бекер өтті ғұмырым демеспін де!

Жүрсең екен жайраңдап жанымда сен,
Өмірдегі жырым мен әнім де сен.
Соңғы демім үзілер шақта мені,
Сүйіп тұрып болғаны «жаным» десең.

Қоршап тұрса сол кезде боталарым,
Жақсылықтар шарпыса саналарын.
Өсиет қып оларға айтсам деймін,
«Сүйіп еді, – деп, – мені апаларың».

Мейрам бір ай Қапшағайда шәкірттерін тәжірибеге үйретуде. Шағбан айына бір күн ораза ұстадым. Алтай мен Шолпан Күләйшаның 70 жылдық тойына даярланып шапқылады, зорға арзан кафе тауып келісті. Дәл 30-шы шілдеде өткіздік. Мейрам басқарды, қыздар биледі, Арыслан таэквондо көрсетті. Сыныптастары, Алтын жеңгей, екі ұлдары, келіндері мен көршілерін, туыстарын шақырды. Ешкімге сенбей, сыйсияпатын, тойбастарын өзі таратты. Күләш екі келінімен келді, Күләйша Ерлан, Салтанатты шақырмапты, жездесі келмеді. Анамды алып келді, көңілді, жақсы отырды, 92 жаста ғой, шаршамады. Бәріміз бірге суретке Әлила – Бота түсіріп жүрді, бәрін шығарып Күләйшаға тапсырды. Алтай мен Шолпан қонақтарға бәйек болып құрметтеді, аяғына дейін атқарды.

1-ші тамызда түсте басым айналып, тер басып, қан қысымым көтеріліп, қатты ауырып қалдым. «Жедел жәрдем» шақырып, ем алдым, басымды көтерсем, үй айналғандай, мейірбикеге үйден система тамызып, актовегин, пирацитам, фезам, егилек, тромбоас, никотинов, қызылша түнбасы, ванна алдым. Күләйша 18-тамызда келді, мен әлі оңала қойған жоқпын. Ананымынаны айтып тиісті, «тойда сен менің жақсылықтарымды айтпадың, талай баяғыда ауруханада жатқаныңда тамақ апарғанымды неге айтпадың? Мен: «Ол еңбегіңізді өтедім ғой», – деп едім: «Жоқ, сен қарызсың маған», — деді. Менің қаным көтеріліп, бетім күйіп кетті, дәрі ішсем де болмады. «Айналайын, кетіңізші, мен қиналып тұрмын», – дедім. Күләйшаның жыны қозды. «Иә, ауру екенсің, сен оңбаған, сволочь, сенде бәрі бар, как королева, я завидую тебе! Талай нәрсе айтуым керек еді, жазылған соң келіп айтамын», — деп шығып кетті.

Ей, Алла! Өзің куә, Күләйшаның кесіріне ұзақ шыдадым. Енді, кешір Алла, ол мен үшін жоқ! Қатыспаймын, көргім келмейді! Шолпанға неше хабарласып мазасын алыпты. 21. VIII. Ораза басталды. Екі рет дәрі ішіп, парызымды өтедім. 20. IX. Айт дастарханына көрші Садықан,

Ләйла, Серік, Лиза, Мәдина, Қанапия, Кәрім ағаны шақырдық. Шолпандар ауыз ашар жасады. Қадір түнінде ұйықтамай, құлшылық еттім. Айттан кейін тағы ауырдым. Емханаға барып он күн толық ем алдым.

12-15. Х. Айсұлу емшіге бардым, жақындарыңыз, әсіресе Күләйшаның қара ниетінен ауырғансыз деді, қорғасынды балқытып аластап, жеті қабат қорған тіледі. Бас, жүрек, бел, бүйректен дертті шығарды. Әсері – шығуы 1-ші қарашада болды.

3. XI. Оразалының жылы болды, оған мынадай жоқтау айтып бардық:

Жыл толды Орекеңнің кеткеніне,
Бұл өмірден ертерек өткеніне.
Түбіне жете алмадық қайғымыздың,
Кесірінен ажал деген тойымсыздың.

Бәріміз көңіл айттық көп қазаға,
Осымен тиылса екен тоқтап аза.
Інілері соңынан Орекең кетті,
Жоқ екен бұл ажалға ешбір шара.

Ажал сені ертерек алып кетті,
Артыңда балаларың қалып кетті.
Туған-туыс, достардың арасында,
Өзгеше жан едің Сен дара текті.

Өмір жолын ерекше сараптадың,
Жақсылықты жасасам деп талаптандың.
Қадіріңді түсінген әрбір жанға,
Құрбан болып кетуге аз-ақ қалдың.

Туыстың да ішінде туыс болады,
Жүректері олардың бірге соғады.
Сондай жанның біреуі өзің едің,
Соны ойлап көзімізге жас толады.

Өмірдің жалғандығы бәріңе анық,
Ауылға Орекең келмес енді оралып.

Тілейік рухы Оның сөнбесін деп,
Тұрсын деп Алламыздың нұры жауып!

Көнеміз де Алланың салғанына,
Тәуба дейік ұрпақтары қалғанына.
Болсын деп алды – пейіш, арты – кеніш,
Бағыштайық құранды аруағына!

Шолпан қайта-қайта ауырып, баланы ауырлау көтеріп жүр, дәрігерлер бәрі дұрыс деген соң, шыдауда. Менің түсіме қарағанда, ұл, аппақ, бізге тартатын сияқты. Күнде Аллаға жалынамын, 5-қарашада құда Мейрамбек хабарласып, «7-ші қарашада менің туған күнімде босанады» депті. Шолпан дорбаларын даярлап, жуынып, 7-қарашаны күтіпті, оны мен естіп, Алладан 9-шы қарашадан кейін босануын, тіледім. Алла, кешір мені, күпірлік етсем, мен зарлап тілеп едім, Мейрам екеуміздің еңбегіміз, ақ ниетімізді білесің, аман-есен адал ұл бере көр!

Иншалла! **10 қараша, сейсенбі, сағат 15-30-да Зұлқағда қасиетті айында дүниеге ұл келді!** Күн ашық, жерде қар, -2-4$^{0}$ суық. Дәл 13-30-да бесін намазын оқиын дегенде, Бота хабарласып, толғақ басталды деді. Бесінді өтеп, дұға жасап, Мейрам да келді жұмыстан, перзентханаға жеттік. Дәрігерлер «тек іштi жарып алу керек, шыққан суы ылай, бала тұншығады» деді. Шолпанды досы Гүлмира, кіндік шешесіндей Күлсара Омарова акушерка, бәріміз ота жасауға көндірдік. Аман-есен ұл бірден дауыс беріп жарық дүниенің есігін ашты, құтты болсын!

Аллаға жалынып, дұға оқумен болдым. Перзентхана – перинательный центр, ақысыз бөлімшесінде болса да, анестезиологқа 20 мың, көмекшілеріне 7 мың теңгеден бердік. Бала ақ денелі, салмағы 3180 г., бойы 52 см. Шолпанға кештен бастап бұзау сорпасын, ет, шай, картоп, кепкен нан апарып тұрдық. 14-ші қарашада Шолпанды бөпесімен шығарып алдық.

Алланың құдіреті шексіз, Алтай жұмысы көбейіп,

ақша мол алып, бірден берекелері кірді. Бәріміз Аллаға шексіз риза болып қуандық. Мен кіндігін Күлсарадан 10-ы күні алғызғанмын, Алтайға тау, су жаққа тілек айтып көмгіздім. Иншалла! Бесігін, төсегін, арбасын әпердік. 17-сі Шолпан емделе бастады. 27-і Құрбан айттың бірінші күні, «Ақиқа» құрбанын нәрестеге арнап шалдық, Мейрам құлағына **«Ақарыс»** деп есім бердік. Құрбандығын тараттық.

16-шы желтоқсанда 1431 жыл құрметіне балаларға манты жасап апардық, бата бердік. Мереке – Тәуелсіздік!

18-і күні Ақарысты қырқынан шығардық, жұма күні еді. Зейнекүл қажы, Кенжегүл бесікке салды, Жамал, Света, Жомарт, Ләйла, көршілері болды, 100 теңге-тиыннан – 40 данасы 4 мың теңге. Тілек айтып, суға шомылдырдық, барлығына көйлек, орамал тараттық. Күн жылы, ашық.

**Мейрам атасының батасы:**

Ақарысты Аллам жырғасын,
Өмір берсін бір ғасыр!
Атасы мен апасының жұбанышы болсын,
Әкесі мен анасының қуанышы болсын!
Қазағының сәні болсын,
Той-думанның әні болсын!
Білімсізге молда болсын,
Халқы үшін жолда болсын,
Адалдыққа серік болсын!
Әзәзілге берік болсын,
Жамандыққа сүлгі болсын!
Кейінгілерге үлгі болсын,
Жүрсін жолымен білімнің.
Жетсін шыңына ғылымның,
Қорғаны мен тірегі болсын елінің!
Азамат болсын білекті де жүректі,
**Аллам берсін тілекті!**
Әумин! Аллаһу әкбар!

**20. XII. Арыслан** Қазақстан бойынша 8-10 жас аралығында 22 кг. салмақпен таэквандодан **бірінші орын**

**алды!** Жаса! Теледизордан көрсетті, Арыслан: **«Мұстафа Өзтүрік ағадай болғым келеді»,** – деді. Иншалла! 21-шы желтоқсанда құдалар Мейрамбек, Дәмен, немере қызымен Алтайға келіпті. Шолпан түске бізді шақырды.

Мейрамбек маған, «неге ауыра бересіз, ылғи қан қысымы көтерілді деп жатады Алтай» деді. «Менің көрген азаптарым жетерлік болды ғой», – дедім. Олар үндемеді. Тағы да Оразалы бауырыма көңіл айтпады. Үндемей тамақ іштік те, шығып кеттік.

№ 4 емхананың 30 жылдық мерекесіне шақырды. Зейнеткерлерден 20 адамды шақырыпты, тек таңдап, осында үзбей 15 жыл істегендер, яғни тек Таукеев білетіндер. Мекемеде жеңіл дастархан жасаған, ешкім сөйлеген жоқ, әрқайсымызға электр шәйнегін сыйлады. Емхана мерекесіне бір кәсіпкер қайырымдылық көмек жасапты. Таукеев бір рет кәсіби мерекемен зейнеткерлерді құттықтап көрген емес.

«Байқоңыр» кинотеатрында салтанатты жиналыс болды. Көпшілік қаланың бас дәрігерлері, әкімдері, аудан әкімі, бірнеше бас дәрігерлер сөйлеп, сыйлықтарды Таукеевке берді. Ешкім сөзінде медицина қызметінің жетістігі туралы айтпады, себебі жоқ қой, тек құрғақ жалпылама сөздер, бір зейнеткерге сөз берілмеді. Мен қоғамның және кәсіби деңгейдің құлдырағанын көрдім. Біртанов Амантай 6-7 жыл бас дәрігер болып істегенін қылжақтап, қалжыңдап: «Таукеев менің нақсүйерімнің бәрін жұмыстан шығарып жіберіпті, сахнаға бірін шығармады, мен емханаға көп жаңалық енгізіп едім... т.б.» дегендей мақтанды. Оны білетіндер ұялып, 4-5 жыл істегендерге марапаттар ұсынылды. Таңғалдым. **2010 жыл**

Ақарыстың бірінші жаңа жылы деп, ниет етіп 20 евро, анасына 10 мың, әкесіне 10 мың теңге бердік. Балалар жас кезінде мереке, демалыс күндері баққа, өзен жағасына шығып, самауыр қойып демалу әдетіміз болды. Мейрам екеуміз 2001 жылдан кешке 40-50 минут далада жүреміз. Ораза кезінде Алтайлар арақ ішетін жерге бармайды, міндетті түрде ауыз ашарға біздің до-

старымызды шақырып бата алады. Жұма күндері садақа беру, құран оқыту, құрбан шалу да әдетке айналды, иншалла!

Мейрам екеуміз шақырған тойларға, құдайы тамақтарға барамыз. Хабар келген өлімге барып жаназаға қатысамыз. Осы уақытқа дейін мен үш апаның сүйегін жудым; Мейрам жолдастары Сұлтан, Рахимды, туыстары Аманбек, Дәукен, Оразалы, Мұқан, Қазбектің мәйттерін жуды. Бізді әдейі қонақ еткен отбасыларын шақырып, шаңырағымызды көрсетіп жүреміз. «Бармасаң, келмесең – жат боласың, алмасаң, бермесең – сарт боласың» деген қағиданы ұстаймыз. Мейрам мейірімді, жомарттығымен немерелерге туған күнінде қанша жасқа келсе, сонша мың теңге ақша беруді әдетке айналдырған. Былтыр Арыслан бала емес пе, атасына: «Ата, мен 100-ге келгенде, маған 100 мың бересіз бе?» – дегені, бәріміз мәз боп күлдік. Атасы: «Әрине, беремін!» – деді. Иншалла!

Шолпан, Әлила, Жанел Фатиха, Ықылас, Фалақ, Нас сүрелерін жатқа біледі, құран оқи алады. Мүмкін болғанша иман, ислам қағидаларын құлағына құйып отырамын. Балалар қазақ балабақшасына екі жастан барды, мектепте қазақша жақсы оқуда. Шолпанның қазақшасы жақсарды. Балалар далада достарымен орысша сөйлейді. Сондықтан тіл – әдебиетке шорқақ болар, кітаптар оқығылары келмейді, бар керектіні компьютер арқылы алады. Биыл Шолпан, мен айына екі рет үйді тазалауға Мәдина деген әйелді шақырып тұрдық, екі мың теңгеге барлық шаң-тозаңды, терезелер, люстра, қабырғаларды тазалайды. Бөпені қыздар кезектесіп қарайды. Мейрам апталық газеттер: «Жас қазақ», «Түркістан», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Айқын», «Алаш айнасы» газеттерін үзбей оқиды, мен керек деген мақалаларды қарап шығамын. «Ислам және өркениет» газеті айына үш рет шығады. Мұсылман күнтізбесінің екі түрлі басылымын алғанмын, күнделікті оқимын, маған ұнайды, қайталап оқып, жан-дүнием нұрланады. Соңғы төрт жыл Алматыда

Республика сарайында Мәулід күні салтанатты өткізіледі, Мейрам екеуміз қалмай барамыз, өте көп діни мағлұматтар алып, рухани өсеміз, көп сауабын берсін деп тілейміз. Шамам барда оқиын деп, қажет намазын, тахажуд намазын, 18-ші рет тасбих намазын оқыдым, алла қабыл ете көр!

Жоғарыда келтірген бір дәулетті адамның жаны қиналып өлім жақындағанда Аллаға жалбарынып, тағы өмір сұрағаны туралы мысалға сай, мен көп ойланып, достарымды еске түсірдім. Әрине, мен бір ауылда, бір мекемеде ғана жұмыс істеген жоқпын, сондықтан балалық, жастық шағымдағы достарым көп, дұшпаным аз еді, онда да олар көре алмаған, қызғаныштан дұшпан болғандар. Бірақ осы уақытқа дейін қатынасып жүргендер де бар. Балалық шақтан қатысып жүрген достарым Жұмагүл, Шәйбала, Өзипа, Әсия, Света, Жолдыбике.

## ДОСТАРЫМ МЕНІҢ, ДОСТАРЫМ!

Жұмагүл жас кезінде тігінші мамандығын алып, 30 жасына дейін тігіншілікте істеді, күйеуі агроном болып істеп жүргенде, жол апатынан бақилық болған. Жұмагүл қыздары Қарлығаш, Дәметкен, Үмітті жетектеп, асырап жүріп көп азап шекті. Совхоздан үй аламын деп, ұзақ жыл сауыншы болды, гүл өсіретін шаруашылықта еңбектенді, «Таугүлден» үй алды, қыздарын тұрмысқа беріп, бес немересі бар, бүгінде Үмітпен бірге тұрып, немерелерін бағып-қағуда. Аяғының, тізесінің ауруынан жүруі қиындауда. Алланың берген тағдыры қатал болды, жетім-жесір өскен Жұмагүл досым тәуба деп өмір сүруде. 19-шы сәуірде туған күні, жылда құттықтап барамын, қыздары, күйеу балалары, қайынсіңлілері, достары сый-құрмет көрсетіп жүреді. Менің Қаншайым досымның үш қызы бар, тұрмыста, күйеуі қайтыс болған. Іле ауданында тұрады, аяғы ауырып жүре алмай қалды. Шәйбала досым, ме-

німен рухани жақын – ораза ұстап, намаз оқиды. Жиі қатынасамын, барлық қайғыларында бірге болдым, әкесі, анасы, үш ұл бауыры қайтыс болды. Шәйбаланың ұлы – Серік, қызы – Зәуре, үш немересі бар. Күйеуі, балалары жас кезінде қайтыс болған. 30 жылдай Рахымбай деген жігітпен тұрды. Сегіз жыл болды, бөлек, Серікпен тұрады. Шәйбала жоғарғы білімді, теледидениеде оператор болып қызмет істеген, зейнеткерлікке содан шыққан.

Өзипа мен Әсия мектеп бітірісімен Өжет ауылына күйеуге шыққан. Балалы, немерелері бар, Әсияның күйеуі Жылқыбек 10 жыл бұрын, Өзипаның күйеуі Шмидт биыл қайтыс болды. Тағдыр деген... Әсияның тұңғыш қызы 48 жастағы, оның қызы 23 жастағы үйлерінде пештің улы газынан бақилық болды. Өзипа 60 жылдық мерейтойын үйінде жасады. Света сыныптасым Орбитада тұрғанда қатысып тұрдық, қызы – Гүлмира, ұлы – Нұрлан. Света күйеуімен ерте ажырасқан, анасы немерелерін өсіріп, қартайып дүние салды. Света мединституттың балаларды емдейтін дәрігері, көп жыл физиобөлімінде істеді.

Жолдыбике жоғарғы білімді, кітапхана маманы, өмір бойы Алматының орталық кітапханасында абыройлы еңбек етті. Күйеуі Ғазиз инженер, баянды отбасы, бір ұл, бір қыздарының немерелерін бағуға көмектесуде. Жолдыбике, Адас, Света, Шәйбала нағыз қала тұрғындары. Мен үзбей хабарласып, туған күндерімен құттықтап тұрамын. Шәйбала 15. VI. 1942 жылғы, Света 18. VIII. 1943 жылғы, Өзипа 15. IV. 1942 жылғы, Жолдыбике 3. V. 1943 жылғы, Жанысбай 20. III. 1942 жылғы. Жанысбай милицияда істеп жүріп, заң факультетін сырттай бітірген. Қуатбекпен арамызда Жанысбай дәнекер болды, көп жақсылығын көрдім. Адал дос еді. Мен ажырасқанда қоштады, Қуатбекпен қоштасты. Жанысбай әжесінің қолында тәрбиеленген, әкесі соғыста қайтыс болған. Тағдыры ма, әдеті ме, әйелдерді ауыстырғыш еді. Бірінші әйелін көрмедім, аз уақыт тұрған, ажырасқан, екіншісінен бір ұл бар,

ажырасқан. Содан анасы таныс-туыс әйелдің қызы орыс мектебін бітірген Күләшқа үйлендірді. Маған ертіп келіп таныстырды. Күләш екі ұл туды. Жаныcбай Минфинде істеп жүріп қаладан пәтер алды, мен қатысып тұрдым. Минфинде ревизор-тексеруші болып көп жыл істеді, республика бойынша облыстарға жолсапармен шығып тұратын.

15 жыл отасқан Күләшты опасыздығы үшін тастап, 40 жастағы әйелге үйленіпті. Одан бір ұлын ертіп бізге таныстыруға әкелді. Содан нарықтық экономика басталғанда баюды мақсат етіп, басқаша өмірде, қатыспай кетті.

Мені жақсы көріп сыйласқан достарым, санамда сақталып, еске түсіргенде жүрегім елжірейтін. Сонау Іле ауданынан: Рая, Анатолий, Валя, Айгүл, Мағауия, Кеншин, Ұлдаш, Нұрғиса, Жұмаш, Таисия, Людмила, Раиса, Мариялар, Клара, Кеңес, Бақжамал, Ғаббас, Райхан, Мұқатай, Асқарбек, Күләш, Құрман, Әлімбатыр, Тұманбай, Захар, Бұлбұл, Мирза. Студент кезімдегі достарым: Тұрсын, Зинатай, Болат, Сұлухан, Тыныскүл, т.б. Қаскелең ауданынан: Ардақ, Айдарбек, Гүлнәр Болатқызы, Шора, Күмісай, Алтын, Жәнібек, Мұрат, Көрік. Жамбыл ауданынан: Серік, Күлшара Анжақұловтар әулеті, Үсен, Секен, Әуезхан, Элмира, Әбдігүл, Шара, Гүлнәр Болатқызы, Зейнеп.

Көршілерім болған: Зақария, Пимановтар, Дыбовтар, Зақан, Таня, Назымдар, Айгүл, Лена, Тамара, Нина, Таня, Шәлипа, Әлмұрат, Надежда, Кенжегүл, Жоралғы, Ізімгүл, Сәрсенбі, Баян, Орысбай, Шәкар, Жанна, Жанипа, Сәуле.

Қазіргі көршілерім: Асқар, Алма, Галина, Садықан, Сапар, Меруерт, Ләйла, Шарипа, Серік, Лиза, Карим, Қанапия, Валентина, Фая, Асқар, Ақыл, Дінәш, Зергүл, Камал, Елена, Зина, Маша, Жарқын, Қарсыбек, Рыскүл, Асан, Алма т.б.

Орбитада №4 емханадағы жақсы қатынасқан әріптестерім: Галя – мейірбикем, Рауан, Ләззат,

Бибігүл, Айман, Маржан, Роза, Күләш, Болат, Әсия – Екатерина.

Ей, Алла! Өзің куә, барлық жоғарыда аты аталғандармен достық қатынаста болып сыйластым, бәріне ризамын. Менің достарым – Мейрамның да достары, кейбіреулерін Мейрам жақтырмай, «сен ашықауызсың, сенгішсің, абайла!» дейтін. Дегенмен, менің ниетім адал. Қызмет бабынан Мейрамның әріптестері Леонид Иванович, Ержан, Төлеген, Әлқуатты, Ермек, Нәсіпқали, Боранбайға құрметпен қатынасатын. Сырласы, курстасы Төлеген Хаджаулымен ұзақ сөйлесетін. Төлеген атеист болыпты, жалғыз қызы университетте еврей тілінің мамандығын меңгеруде, II курста, аяқ астынан жүрегі ауырып қайтыс болады. Анасы қайғыдан жүдеп, қызының қырқын бергенше бақилық болады. Төлеген қатты қайғырып, қиналады. Сол кездерде түсінде қызы үйіне келіп әкесімен сөйлеседі. «Ол жақта үлкен қалада жақсы тұрамыз, анам бөлек жерде, әке, сен өмір сүруің керек, қапаланба!» деп кетіп қалыпты. Төлеген есін жиып, о дүниенің бар екенін, Алланың жазуымен болатынын сезіп, әйелінің сіңлісіне үйленеді. Қазір Әминамен өмірді жалғастыруда.

Кейін көп мекеме жабылғанда Леонид жұмыссыз қалады, 2004 жылы Мейрам өзінің кафедрасына шақырып, физикалық деректерді машинада өңдеу мамандығына орналастырып, үйретіп, Леонидті мұғалім жасады. Әйелі Таня Мейрамды туысындай жақсы көретін. Мейрам: «Ленчик – стоит миллиончик» деп, тапсырған жұмысты ұқыпты атқарады деп жақсы көретін, әлі бірге жұмыс істейді. Тағы бір шәкірті Ержанға көп ұстаздық етті.

## Жанел немеремнің алғашқы өлеңдерінен
*(2-сыныптағылары)*

### Жаз

Күн күлімдеп қарайды,
Балалар далада ойнайды.
Қар еріп тез, жаз келді,
Күн мен түн теңелді.

### Қыс

Ой, алақай, алақай,
Ортамызға қыс келді.
Бір жасқа біз үлкейіп,
Қолғап кидік, шарф кидік.

### Көктем

Мал төлдеді далада,
Наурыз келді қуана.
Әйелдер күнін тойладық,
Шаттықпен біз ойнадық.

*3-сыныптағылары*
### Адал апам

Алла сондай керемет,
Әлемнің бәрін жатқа біледі,
Себебі, Алла жаратқан,
Оны айтқан адал апам!
Алла адамды жаратқан,
Адамдарға жан жаратқан,
Алла сондай сиқырлы,
Үрлеп жіберсе,
Адам дүниеге көзін ашты да келді.
Отан деген қымбатың!
Отан деген сымбатың!

Шыншыл, мейірім, адалдық,
Біз де Отанға жаралдық.
Алла оны жаратқан,
Бұл сөздерді айтқан адам
Менің адал, сұлу апам!

### Атама

Менің атам жүйрік ат,
Отбасына өте қымбат!
Еркелетіп жүреді,
Менімен бірге күледі!

Геолог, ғалым менің атам,
Үйретеді бәрін маған.
Ел сүйгіш, шыншыл адам,
Кім десең, менің атам!

Мейірім, иман менің атам,
Геолог жолын таңдаған,
Асыл атам – нағыз адам,
Отбасында алтын Адам!

***Жанел:***

### Рахмет сізге апашым!

Ауырамын жөтеліп, ыстығым көтеріліп,
Жылы жүзімен бөліскен, сұрақ қойсаң маған сен,
Көмекке келер қандай адам?
Менің асыл Ұлғайша апам!
Аллаға үлкен құлшылық еткен,
Пайғамбарға құрмет берген.
Алла жолын кім үйреткен?
Жауабын сен іздесең,
Сәйкес келер Ұлғайша апам.
Қазақ сөзін түсінбесем,
Ойланып көп қателессем,

Көмектесер қайсы адам?
Менің асыл мұра апам!
Еркелетіп ойнаған,
Үйретіп бәрін маған.
Махаббатын маған бөлген,
Имандылыққа бізді үйреткен.
Нәзік, сұлу осы адам,
Кім десең – менің апам!
Қажыға барған адам менің апам!
Тілер менің апатайым,
Тәуір болсын отбасым деп,
Аман-сау бол, апашым!

*15. VIII. 2009 жыл.*

## «ШҮКІРІН ӨТЕЙ АЛМАЙТЫН БАЙЛЫҚТАН, ШҮКІРІН ӨТЕЙТІН КЕДЕЙЛІК АРТЫҚ»

Бисмилла Рахман Рахим!

**2010 жыл. Барыс жылы.** 1-қаңтар Алтай 40 жасқа толды, тойладық; негізгі тілегенім: отбасымыздың амандығы, денсаулық, саяхаттап жер, ел көру. 4-ші қаңтардан бастап 10 күн Қытай инесін алдым. Менің мұрным бітіп, тамағым кеуіп қиналудамын, бір нәрсеге аллергия. Егер аман жүрсе, Ғалия қызым 45 жасқа келер еді, 15-қаңтар басына барып құран оқып, 17-қаңтар қой сойып құдайы тамақ бердік.

6-ақпанда Әшкен жеңгей бақи болды – 82 жас. Майемер атаның қызы Әселдің баласы Бәкірдің әйелі немере жиендерді: Алтынбек, Несібелі, Сайлау, Қазтай баласынан Айша, Хамит әйелі Қабира, Сағымбек, Алтын, Жұмабек, Жұмагүл көріп таныстық. Дағдарыс жүруде. 1-ші ақпанда Алтай метроға жұмысқа тұрды. Иншалла!

Қыс, суық, желді, қар көп түсуде. 26-ақпанда Мәулид күні құрметіне сүйікті пайғамбарымыз Мұхамед рухына, Алла ризашылығы үшін Тасбих намазын (19 рет) өтедім. 6-шы наурызда Бірліктегі жаңа салынған

мешітке барып, жинаған құнды мәліметтер бар газет-журналдарды, кілем, люстра, құран кітаптарын Елшін інімізге табыс еттік. Мешітте намаз оқып, садақа бердік. Ауылдан намазхандар болмағанына күйіндім. Алладан мешіттің жетімсіремеуін тіледім. Келін Баянның әкесінің қырқына қатыстық, телевизор апардық.

Менің көзім қышып, мұрным бітіп, қан қысымым көтеріліп, емделудемін. Елде жаңбыр көп, жиналған су тоғанды бұзып, Қызылағаш ауылын алып, апат болды. Өлім көп – 84 адам. Тарғап, Ұзынағашта сел болды.

20-шы наурызда қар борап, күн суыды – -3⁰-4⁰-ке дейін. Анама бөпемізді апарып, батасын алдық. Анам 93 жаста, ештеңе сөйлемейді, есі дұрыс, батасы: «Немереңнің дені сау, өмірі ұзақ болсын, өсіп-өніңдер, балаларыңның қызығын көр», – деді. Бөпені, төрт айлық иіскеп, бетінен сүйді, «келгендеріңе рахмет» деді. Тез ұмытқыш болыпты.

22-наурыз, мен наурыз көже пісіріп, Жаңа жыл, туған күн деп, дастарханды мол жасадым. Балалар келді, ән салды, биледі, сыйлықтар берді. Бауырым Асан, Алма, көршілер келді. Мейрам арнау өлеңін оқыды:

### ҰЛҒАШЫМА
*(туылған күніне)*

Ұлғашым, бірталай жасқа жеттің,
ақыл теріп,
Тірлігің күннен-күнге көркемделіп.
Бұл күнде бір әулеттің анасысың,
Тұрасың парасатқа өлшем болып!

Көкірегіңе мейірім толды нұрлы,
Бойыңды жақсылықтар қоныс қылды.
Кеңпейіл, қайырымды мінезің де,
Кейінгі жас ұрпаққа болды үлгі!

Ассаң да тіршіліктің сан асуын,
Таусылмас арманы адам баласының.
Адамшылық болмысың тұр айғақтап,
Өзіңмен туыстардың жарасымын!

Жүрегің мейірімге тола берсін,
Ұрпаққа кеудеңдегі асылды ұсын!
Ұлғашым, аман-есен жүзге жетіп,
Басыңнан арылмасын бақыт құсың!

## АЙНАЛАЙЫН АПАШЫМ!

Мейірімге сәби күннен бөленген,
Анаммен ақ бесікті тербеткен.
Нұрыңды шашып, біліміңді бердің маған,
Айналайын апашым, алғысым көп менің саған!

Жаза алмаспын бейнеңді осы өлеңмен,
Апатай, жақсы көремін сені мен!
Шын бақыттың не екенін түсіндім,
Аялайтын апам болса менімен!

Жазушы да, дәрігер де, жақсы адам,
Аллаға жолымды ашқан менің апам!
Жылы жүзін, ыстық құшағын бөлген,
Тек қана жақсылықты маған үйреткен!
Бақытты мен адаммен,
Айналайын апамның!

***Тілеген Жанел.***
*9 жаста.*
*22. III. 2010 жыл.*

25-ші ақпанда Мейрамның жиендерін қонақ еттік, Майемер ата ұрпағына құран бағыштадық. 29-ы күні анамның әкесі Сыдық, шешесі Шәлиман, бауыры Бақбай, әпкесі Әлпешке, Бесеу, Сатан аталарға арнап дастархан жасап, анама барып, құран бағыштап

келдік. Атеист әпке-жездем үндемеді. Әпкем біраз тиісіп көрді, сабырлықпен жауап қайтардым.

**1-мамыр. Мейрам 72 жаста.** Балапандар келіп құттықтады. «Самый лучший дед в мире!» деген сыйлық берді. 2-мамырда КНИЖдегі туысымыз Әбітбек ағамыздың көңілін сұрап бардық, Асан, Алма алып барды. Қуанды. 2-мамырда Шолпан, Алтай екеуі Ақарысты алып барып, Қуатбекті 70 жас толғанымен құттықтап, батасын алыпты. 9-мамыр Оразалы бауырымның туған күніне балалары Бұрғанда ас берді, жеті атаға дейін Құран бағыштап келдік. 10-ы күні Кенсайға барып, Ұлы Отан соғысында қайтыс болған мұсылмандарға, Бауыржан Момышұлына, Ғалияға құран оқыдық.

18-мамыр күні дәрігер Сәуле Жұмаділованы іздеп тауып, үйге қонаққа шақырдым. Сәуле менің шәкіртім, көп нәрсені еске түсірдік. Ол: «Бір ауруды сіздің көмегіңізбен аман алып қалғанда, маған 10 андатрдың терісін берді, сізге беріп едім, алмай қойдыңыз, талай сыйлықтарын ұсынсам, алмаушы едіңіз», – деді.

22-мамырда Зейнептің 70 жасына балалары той жасады. Мейрам арнау құттықтауын оқып, бата берді.

Дінәш Нұрмаханбетұлы 1990 жылдан отбасылық дос еді, ол кәсіби журналист, ауырғанда маған қаралатын, менің емханадағы қоғамдық жұмыстарымды көріп, біліп жүретін, тіпті бірнеше рет Қазақ тілі ұйымының жиналысына шақырып, қазақ халқының ағартушы мемлекет қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов, Бөкейханов, Тұрар Рысқұлов, т.б. туралы әңгімелеген. Бірде 9-мамыр Жеңіс күніне менен радиоға сұқбат жазып алған, оны радиодан берген. Биыл ардагер журналист Дінәш Нұрмағанбетұлының еңбегі, «Алтын қорда» сақталған деп радиодан беріп жатыр екен, құлақ түре қойсам, менің әкем туралы менімен болған сұқбаты! Қуанғаным-ай,! Марқұм болған Дінәш ұлтжанды, өкіметтің саясатына қарсы газетте істеп жүріп, жүрегінен бақилық болған. Иманы жолдас болсын, нағыз ұлтшыл азамат еді, қазақ халқының бола-

шағына алаңдап, қайғырушы еді. Жұбайы Зергүл салмақты, парасатты, екі ұлымен жабырқап қалды. Бай мен кедей айқындалған заманда ақша табу үшін Дінәш Қодаров туралы кітап жазды және ҚазПИ-ді мұғалімі, ғалым Күләш Оразбекованы мадақтап кітап жазды, екеуі де төрт мың доллар беремін деп, бір мың долларын бермегенін айтып, ренжитін. Амантай Біртанов шақырып, ғұмырнама жазуын сұрапты, Дінәш біраз кісілерден мәлімет жинап, Амантайдың халықтың көз жасын арқалап жүргенін біліп, кітап жазуға келіспепті, біздің көршіміз ғалым Сәрсенбі Дәуітұлы да Амантайдың өтінішін қабылдамағанын айтқан. Ал, биыл газет, теледизордан Біртанов сегіз кітап жазыпты, жазушы ұрпаққа ұлағатты өсиет қалдыруда деп сұқбат жүргізгенін көрдім. Астапыралла! Мен де жақсы білетін Біртановқа қай жазушылар жазып берді екен. Мен қызығушылықпен бір кітабын – «Өмір туралы ойлар» ғұмырнамасын оқып шықтым. Бастан-аяқ мақтану, барлық жүрген ортасында беделді, ақылгөй, жеке басында өкіметтің барлық орден, медалі бар, үш ұлын мықты ақшалы жерге орналастырғанын, медицинада істеп жүріп, үш қабатты үйі бар, бай адам екенін, жылына үш жылқы, бір сиыр, ай сайын қой соятынын айтып жазыпты. Сонда қалай байығанын айтпай ма?

9-13. VI. Мейрам екеуміз Дубайға – Араб Эмиратына ұштық. Төрт сағат көкте. Дубай қаласы – Біріккен Араб Эмираты мемлекетінің жері, 7 млн. халықтың 3 млн.-ы арабтар, қалғаны шетелдіктер. Арзан жұмыс қолы, алатыны 200 доллар айына, жыл бойы ыстық экватор бойы Парсы түбегінде орналасқан жер аз, асты мұнай, киім өте арзан, техника арзан, дүниежүзінің базары делінеді екен, саудамен табыс көзі. ТМД елдерінің адамдары және төңірегіндегі араб тілді мемлекеттердің кісілері жұмыс істейді, байлық – 30 пайыз мұнай, 80 пайыз сауда, туризм. Құмды жерге заманға сай керемет қала салынған. Дүниежүзінің архитекторларын жинап, неше түрлі ғимарат тұрғыз-

ған; үйлер, ағаш, көк шөп, гүлдер жайқалып тұр, әсіресе астанасы Абу-Дабида. Мұғалім, дәрігерлердің айлық ақысы 8,5 мың доллар, зейнетақы 1200 доллар, тек өз арабтарына. Шетелдіктерге ешқашан азаматтық берілмейді екен, арабтар бірінші үйленгенде, түрмысқа шыққанда тек өз арабына неке қиылады екен.

Мектеп алты жастан, он екі жылдық, оқу, медициналық көмек ақысыз. Жеті мемлекетті жеті шейх басқарады. Солар Президент сайлайды.

Абу-Даби – астана, Заид ұрпағы басқарады. Негізі жоғары білімді Англияда алады екен. Абу-Дабиде 2007 жылы салынған заманның үздік үлгісімен жасалған мешітте намаз оқып, керемет әсерлендім. Екі мың намазханға арналған, мешіт іші байлықты паш етеді, дүниежүзіндегі ең әдемі мешіт екен, жанында Заил I жерленген. Мешітке кірерде киімдерін киесің, ғажап!

**Дубайда жұма күні түс көрдім.** 11. VI. Аспаннан түйе түседі, Мейрам жүгіріп барады. Шелек толы шұбат, Мейрам бір шелектегі шұбатты ішеді, маған басқа жарты шелек шұбатты береді, мен құшырлана шелектің шетінен жұтып ішудемін. Түбінде аз қалыпты, қарасам, жанымда сүмірейіп Күләйша тұр. «Ішесің бе?» деймін, ол үндемейді. Мен «саған жақпайды ғой» деп, қалған шұбатты түгел ішіп қойдым, дәмді!

10. VI. Шолпан, Әлила, Жанел, Арыслан, Ақарыс ұшақпен ұшып бізге келді! Иншалла!

Ақарыс жеті айлық. Мұсылман еліне келді. Болашағын жақсылыққа жорыдым! Рамазан айында Алла тілекті беріп, дүниеге келген немерем, Ислам мемлекетіне алғаш сапар жасады!

Парсы шығанағында теңіз суы өте жылы, таза, тұзды, керемет, тіпті судан шыққың келмейді. Орналасқан қонақүйлер таза, күнде тазаланып, төсек орын ауыстырылады, шомылуға күнде орамал беріледі, тамақ екі рет, сапалы, теңізге сағат 9-00-ден 12-00-ге дейін өздері апарып, алып келеді. Біз екі рет саяхатқа шықтық. Дубайда тамаша аквариум, $40^0$ ыстықта шаңғы алаңын, мұз-қар лашығын жасап қойған, ба-

лалар жылы киініп ойнап жүр. Тарихи музей, би фонтаны, ғажап 25 қабат үйлер, көшеде машиналар 4-6 қатардан жүреді, кептеліс жоқ, жолдарда полиция көрінбейді, жол апаты мүлдем болмайды екен. Бірақ жолда орнатылған қадағалаушы нүктелер жол ережесін бұзушыларды анықтап, ай сайын айыппұлын иесіне жіберіп тұрады екен. Ұры-қары жоқ, қатал тәртіп бәріне бірдей, біздегідей тамыр-таныс, жемқорлық болмайды. Теңізде қолдан аралдар жасап қойған. Киім-кешек өте арзан, біздегі товарлар он есе қымбат. Тамақ бағасы орташа. Музейлер, өкімет резиденциясы алтындалып салынған. Мұнай заводында 21 мың кісі жұмыс істейді, оларға арналған жеке әдемі үйлерде тұрады. Барлығы Пәкістан, Индия, Сингапур, Цейлон, т.б. азаматтар.

Дубайда күніне бір моноприл, бір танакан іштім, бірақ еш жерім ауырған жоқ. Теңізден шыққан соң ыстық душта шайынғанда, мен ағыл-тегіл терлеп жүрдім. Аллам қорған болды, аман барып, сау қайттым.

**Жанелдің түсі. 12-маусым.** «Періштелер Ақарысты аспанға ұшырып, көтеріп алып, қайтадан мамаға әкеліп берді. Аруақтар және Сүйінбай баба ақ киіммен бәрімездің жанымызда жүргенін көрдім». Иншалла!

## АПА

Апа, мен сізді туылған күніңізбен және 22-Наурыз қазақтың Жаңа Жылымен құттықтаймын! Сізге зор денсаулық, ашық аспан, байлық, молшылық, тек қана жақсылық тілеймін!

Алланың нұры жаусын, 100-ге жетіңіз! Мен сіздің жылы жүзіңізді, ыстық құшағыңызды, барлық Аллаға, Отанға, отбасыға сүйіспеншілігіңіз бен махаббатыңызды ұмытпаймын!

Мерекеңіз құтты болсын!
Ден іргеңіз мықты болсын!
100 жасаңыз, апатайым,
Ұмытпайды ел-ағайын!

Апамнан біреу күшті бар ма жерде?
Жоқ дер ем бүкіл елге!

Сана, Алла кеудеңізде,
Ақылдың үлкен кенісіз бе?
Жауаптарды таба алдым,
Апатайым, ең ақылдым!

**Жанел.**

## ҰЛҒАЙШАҒА!

*(Мейрамның толғауы)*

Кісілік құнын білетін,
Сүйкімді назбен күлетін.
Ұлғаш менің жан-жарым,
Түп-түзу өмір сүретін.

Әкеден қалған бір тұяқ,
Мөп-мөлдір жанын кірлетпей.
Жасандықты білді ұят,
Болмысын сақтап бірбеткей.

Түсейін көзге демеді,
Атқарып жүрді әр ісін.
Ішкені адал, жегені,
Жақсы ұқты өмір мәнісін.

Адал маған жар болды,
Шығарды жақсы атымды.
Жақсы әйел маған қосылып,
Өлілер ырза, тірілер — қуанды.

Ұлғашым жүрген жерінде,
Өсекке орын бермеді.
Өтірік сөйлеп күлгендер,
Қарасын көрсе терледі.

Үлкен бе, мейлі, кіші ме,
Құшағын ашып сыйғызды.
Айналып кетем Ұлғаштан,
Жұлдызы биік сол қызды.

Жүре берші қасымда жайраң қағып,
Жігерменен қайраттанып, сайран салып.
Келгенде сексен, тоқсан, жүз жасқа да,
Құрдастар қарай берсін қайран қалып!

## ШОЛПАНЫМ!

Шөпегіміз, біраз жасқа толыпсың,
Қыдыр Ата қолдаушың боп жолықсын.
Жан серігің – Алтай балам қасыңда,
Парасатты, абзал ана болыпсың.

Қуанышпен өмір сүріп жүре бер,
Жануяңның тек қызығын көре бер.
Ана болып абыройға кенеліп,
Боталарға үлгі-өнеге бере бер!

Өміріңде болмасыншы күз мүлде,
Әр күндерің толы болсын ізгі үнге.
Бұл жастан да аман өтіп күні ертең,
Салсаң екен орамалын жүздің де!

Өмір-өзен, ұсынып тек жорғасын,
Тіршілікте сәттіліктер қолдасын.
Ата-ана боп қуанамыз қашанда,
Қасымызда Алтай – Шолпан болғасын!

Ақарыстай немерені сыйлаған,
Шөпегіміз бізге ерекше сыйлы адам.
Күндіз-түні тілейміз біз сендерге,
Бақытты өмір берсе екен деп бір Алла!

Аллам сені жырғасын,
Өмір берсін бір ғасыр!
Алладан тілеуші ата-анаң:
Мейрам, Ұлғайша.

*16. IV. 2010 жыл.*

Ақтаудағы адай руының қызының құдалығына бардық. Жәкен бауырымыз бен әйелі Надежданың Өскеменде тұратын баласы Руслан үйленбекші. Жакеш Мейрам екеумізді әбден қалаған соң, Жеңіс, Болат бірігіп жолға шықтық. Ұшақпен үш сағат екен. Құда жақтың тапсырысы бойынша бес мың доллар, анасына норка тон, әкесіне дубленка, алтын сағат, сырға, сақина, қыздың әпкесіне сырға, үш кісіге шалбар-костюм, екі қоржын, «ілу» деген ырымына кілем – 70 мың теңге, т.б. – барлығын алып жеттік. Бізді күтіп алып, қонақүйден үш бөлме даярлапты. Туыс-жолдастары бес адаммен дастархандас болдық. Мен сөйлеп, сый-сияпатты табыс еттім, Мейрам бата берді. Ертеңінде «қыз ұзату» тойы болды, қыз ұлттық киіммен шықты, он қыз қазақша киінген, қошеметпен жігітке табыс етті. Тойбастарға азын-аулақ ойыншық, сувенирлер болды. Мен әдейі халық әнімен тойбастар айтып, тілегімді білдірдім, бірақ көңіл бөлген жоқ, мұнда қазақша тойбастар болмайды екен. Қыздың атынан бір әнші әйел «сыңсу» әнін айтты, қыз туыстарымен қоштасты. Төселген ақ матаға раушан гүлінің жапырағын шашты, біраз тиындар бар, құдағи бізге гүлді жинап алып, үйлену тойында шашасыңдар деді. Бізді екі сағат Каспий теңізінде қайық кемеде серуендетті. Қой сойып, құйрық-бауырды дастарханға қойды, біз жақтағыдай асатпайды. Құдағи Махибану адай, құда әлім руынан. Қалыбек момын екен, бәрін құдағи билейді. Кетерде өз шаңырағын көрсетпеді, қолымызға сынық кәмпит (құрт)

ұстатпады. Құры қол шықтық. Надя қатты ренжіді. Аман-есен елге келдік. Кейін Жеңіс, Жакеш құдалар үшін кешірім сұрап, маған алтын сырға, Мейрамға костюм әкелді. Сөйтіп, адайлардың құдалығын көрдік.

Мейрамның жиен қарындасы Айшаның 70 жылдық мерейтойында болдық. Ұл-қыздары жомарт екен, той өте жақсы өтті. Ерекшелігі — әр ұлттың киімімен киіндірілген, қонақтар Айшаны құттықтауға келгендей, өнер көрсеткендей, ән-биімен сондай әсерлі, қызық болды. Тойбастарында бағалы киім, сувенирлер, әрқайсымызға екі-үштен келді. Қосымша құрметтеп камзол, жейде кигізді. Ертеңінде ауруым қозды, дәрілер баспады. Қуанышбайдың шипалы инесіне бардым. Күн ыстың, $+35^0+37^0$, душ алғанда жеңілденеді екенсің. Бір ай өзен жағасына екі сағаттан жүріп, отырып, Жер-Анадан табаныммен күннен нұр, қуат алдым! Иншалла!

26-шы шілдеде Барат түні құрметіне ораза ұстадым, түнінде 32 рекет арнайы намаз оқып, Аллаһтан бір жылдық тағдырымды баянды етіп, аурудан азат етуін тіледім. 20-30-шілдеде ем – ине алдым, ал 4-ші тамызда басым айналды, себебі, күн құбылмалы, ай толса да ауырамын. 8-і күні Шәйбала, Өзипа, Әсия, Бейсенкүлге «жұбату» қонақасын бердім. Риза еттім.

Қаскелеңдегі Ардақтың қызы Әселдің бөпесіне құтты болсын айтып, сыйлықтар бердік. Анам Әлиланың туған күні 23-ші тамызда 93 жасқа толғанына алтын сақина тақтым. Рамазан 11-тамызда, Арыслан немерем 9 жасқа толған күні басталды, Мейрам екеуміз ораза ұстап, Шолпан үйінде ауыз аштық. Арысланға 9 мың теңге, Шолпанға 20 мың теңге зекетімізді бердік. Балалар қуанып, «оқу жылына киім аламыз» деді. Иншалла!

Намаздарды, тарауықты түрегеп тұрып оқудамын. Күн ыстық, $+34^0+36^0$, өзен жағасында 1-ші қыркүйекке дейін демалып, аяғымды жерге қойып сулап, Жер-Анадан қуат алу, күннен нұр алу ниетімен Аллаға сиындым, көп дұға оқып, зікір еттім.

5. IX. Қадір түні, тек бір сағат ұйықтап, 21-30-дан 6. IX. таң намазына дейін арнайы намаз, қажет, тәуба

тахажжуд намаздарын, 300 рет қадір сүресін, Хабиб дұғасы, салауат, құран зікірлер, Алланы 99 көркем есімі тарауық намазы, дұғасын оқыдым. Алланың құдіретіне риза болып, өзіме денсаулық, отбасы, балашағаның амандығын тілеумен болдым. Ораза кезінде 17 рет ауыз ашуға бардық.

**Түстер:** 12. VIII. Ораза түнінде түсімде үлкен тойдамын, маған екі тегеш, екі табақ піскен ет берді, көп тамақтар, ашытқан нанды үйде пісіремін деп тегешке салып аламын. Көп тамақты ораза кезінде көрген едім. Иншалла!

## Ойлану: Аллаһ неге көрінбейді?

18 мың ғалам бар, яғни жаратушы бар. Ауа бар – көрінбейді, рух-жан бар – көрінбейді. Ақыл бар – көрінбейді, ауру бар – көрінбейді, сүтте май бар – көрінбейді.

Түсінде сөйлемейсің, бәрі түсінікті.

Мысалы: 1. Адам топырақтан жаратылды, топырақты домалақтап ұрса таяқ жейді. 2. Шайтан оттан жаратылды, неге тозақта күйеді? От та оттан әсерленеді, жанады. Темір кесетін ара, темірді кескен сияқты, от та отты күйдіреді.

## Ботамызға тілек

Ботамыз 14-ке кеп қанаттанды,
Қыран құстай ұшатын балақтанды.
Өмірден де келеді сабақ алып,
Күн кешуге өзінше жарап қалды.

Ботақанын сүйеді ата-апасы,
Тілейтін Ботаның жарасымы.
Күні-түні Алладан сұрайтыны,
Ботасының тек қана амандығы.

Боташымыз сүйкімді де, ізетті,
Оқуда да озат болып келеді.

Ата-апасы қуанышқа кенеліп,
Бәйтеректей биіктігін тіледі.

Апасына көмегін де аямас,
Үйін жинап, тазалықты ұстайды.
Ақарысын мәпелейді, бағады,
Тентектігін кешіреді, ұрыспайды.

Боташымыз жақсы жолды таңдасын,
Өзгелерден жаман тәлім алмасын.
Аталардың бұрынғы өткен дәстүрін,
Жаңаласын, өмір бойы жалғасын!

Боташымыз шұғылалы күн кешсін,
Ешқашан да басын сұр бұлт шалмасын!
Өмірінде екі иығы талмасын,
Алдымызда қырандай боп самғасын!

*Алладан тілеуші* – ***Атасы мен Апасы.***
*27 қыркүйек, 2010 жыл.*

* * *

Оразаны Мейрам екеуміз Алла көмегімен жеңіл өтедік. Күнде дәрі ішсем де қуанышпен Айт мерекесіне мол дастархан жасап, көршілерді: Салтанат апай, Қарсыбек, Раушан, Сәпи, Зейнекүл, Роза, Рауан, Галя, Кәрім, Қанапия ағаларды шақырдық. Оразада Мейрам 3 кг., мен 1 кг. салмақ тастаппыз. Рамазан қайнағаға асына жоқтау жазып бардық, құдағи Аққубас асына бардық. Ардақтың анасы бақилық болды. Денсаулық министрі Ж.Досқалиев жемқорлығы белгілі болғанда, өтірік комаға түсіп, 26. IX – 5. X. дейін ауруханада жатып алды. Ресейден мамандар шақырып, өтірігі әшкереленді, медицина масқара болды. Барлық өмірде балабақшадан бастап жемқорлық жайлады. Өзипа сыныптасым, қайынсіңлісі Күләнда, күйеуі Рысқұлбек Шмид аруағына үлкен ас берді. 3. X. Шмидтың қарындасының бауырмашылдығын, аққөңілділігін бұрыннан ұнатушы едім. Білімді, ақылмен Шмид бауырының достарын, көршілерін, туыс-жекжаттарының жақсылығын айтып,

ағасының көзіндей көріп жүрсін деп, шапан жауып, тақия, орамал, көйлектік таратты. Дастархан мол, бұл заманның ас беру үлгісі осындай. «Аруақ разы болмай тірі байымайды» деген. Сыныптасым Әсия 70 жасқа келгеніне ұл-қыздары балалық борыштарын өтеп, ақ ниетпен той жасады. Біз құттықтау жазып, жақсы тілектер айтып қайттық. 8-9. Х. Бұрғанға Жора жездеміздің асына барып, қонақасында 20 адамға дін туралы уағыз айттық. 16. Х. Үңгіртастағы Шара құдашаның баласының асына бардық. Сонда тұратын жекжат Серік, Күлшара отбасына сәлем беріп, бәріне сыйлық апардық. Балаларын қуандырдық. 29. Х. Нығмет қайныма ас берді, көмектестік. Асқа сыйласып жүрген Мырзабектерді шақырып едік, Саралар, Әмен, Роза, Римма, Рәжан келмеді. Мейрам ренжіді. Мен суықтанып ауырып қалдым.

Біз тұрған үйдің ауласы, жолын жөндеді, балалар ойнайтын алаң жасады.

## ТАҒЫ ДА ДОСТАР ТУРАЛЫ

Көршім Кенжегүл, Жоралғы 2001 жылы Қызылордадан көшіп келген. Иманжүзді Кенжегүлді бірден ұнаттым, мінезі биязы, жұмсақ, адамгершілігіне сай қонақжайлы, жомарт. Тағдыры: кенже қызы Ботаны перзентханада босанғанда, мейірбике еденге нәрестені қолынан құлатып алғандықтан, мүгедек боп қалған. Енді 30-дан асқан қызын әлпештеп қарап отыр, қалған үш қызы үйлі-жайлы. Күйеуі Жөкең қан қысымының әсерінен жүруі қиын, мүгедек. Кенжегүлдің түсіне ақсақал шал кіріп: «Қызым, саған бейсенбі сайын намаз үйретемін, оқысаң өміріңе жеңілдік болады» депті. Содан намаз үйреніп, оқиды екен. Алланың құдіретімен аруақтар да көмектеседі. Үш жыл бұрын Жөкең де бақилық болды.

Әріптесім Ләззат Сейдахметқызы мамандығын жақсы меңгерген, білімді, бірбеткей, адал, шыншыл, жалғандықты жек көретін адам. Қоғамдағы, мекемедегі іс-

әрекеттерге сын көзбен қарайтын, жақсы істің ортасында жүретін, қолдау көрсететін. Маған сырын айтатын. Жұмыс істеп жүріп бар ниетімен, ақыл-ойымен бір айда намаз оқуды үйренді. Алла «Шын тілесең, тілегіңді беремін!» деген ғой. Ләззат орысша оқыса да, таза тілмен құран сүрелерін жаттап, 2000-жылдан намаз оқып, ораза ұстап, ислам жолында.

Биыл Ләззаттың баласы Бауыржанның жалғыз ұлы Бекзат 19-тамызда суға кетіп қайтыс болды. Жасы сегізге толуға үш күн қалғанда, періште бала ақылды, зерек, 2-сыныпқа даярланып қойғанда ұшты да кетті. Шіркін, бәрі арманда деген, Ләззаттың тұңғыш немересінің қылығын айтып, ағыл-тегіл жылағаны естен кетпес. Ләззаттың әкесі Сейдахмет ақсақалды көріп едім, парасатты, көпті көрген кісі, «Өмір белестері» кітабын жазған, мен екі күнде оқып шығып, көп мағлұмат алдым. Соғыстың басынан аяғына дейін қатысып, көрген-білгендерін жазған, епкімнің ала жібін аттамай, адал еңбек етіп, Отан, ел тағдыры, тіл жанашыры болып қартайған шағында да, белсенді еңбек еткен. Ұлы Отан соғысын жазғанда менің әкем де сол жолдарды өткендей тебірене, толғана оқыдым. Сейдахмет ақсақал ұл-қыздарын өнегелі тәрбиелеп, бәріне жоғарғы білім алғызып, екі қызы ғылым докторы, профессор болған. Сейдахмет ақсақал 87 жасында бақи дүниеге кетті, артына өнегелі ұрпақ, із қалдырды. Ләззат ұлы Бауыржанның намазға жығылғанына қуандым.

Жақсы көріп, осы уақытқа дейін қатынасатын тағы бір әріптесім Рауан, ол да Ләззаттай, жұмысын ұқыпты істейтін білімді, екеуі де жоғарғы санаттағы дәрігер; Бақанастан, жалайырдың қыздары. Рауан әдемі, сұлу, мінезі жақсы, тұрмыс құрмаған. «Рауанды көрмейтін жігіттер қайда жүр?» деп ойлаймын. Анасы мен анасының әпкесін қарап, қамқор болумен жастық шағы өтті. «Әйел қырық шырақты» дегендей, Рауанның шырағы жанса деп тілеймін. Жұқпалы ауруларды емдеуде көп дәрігерлер даярладым, отбасылық достық қатынаста болдым. Айгүл Есенқызы, Мағауия, Гүлнәр

Болатқызы, күйеуі Болат, ұлы Нұрболат, Әсем қызы. Гүлнәр жоғарғы санаттағы білгір, белсенді маман болып істейді. Менің қарамағымда, Қаскеленде шәкірт болды, онда жиырма жылдан аса жұмыс істеп, енді Жамбыл ауданының Бас маманы, аудан бойынша қыруар адамдардың өміріне төнген қауіпті ауруды екшелеп, дәл диагноз қойып, күн-түн шапқылап еңбектенуде, Алла еңбегінің қайырымын берсін!

**17. XI. Құдамыз Мейрамбектің 70 жасқа толған күні.** Құдағимен отасқанына 50 жыл және қолындағы Еркебұлан баласының ұлы – немересі Ерисламның сүндет тойы деп шақырды. Байқадамда той жасады. Құдаларға шапан, құдағиларға орамал салды, той алдында құдаларға деп дастархан жасады. Күн қара суық, балаларды машинамен апарды. Той алдында Алтай інісі Ғани машинасын мініп шапқылап жүрген, ауылда бұрылыста машина төңкеріліп, алды, арты бытшыт болып, дөңгелегіне қайта тұрған. Ғажап, Құдайдың құдіретінде шек жоқ, машина құрбан болып, Ғанидың денесіне ешбір зақым келмеген. У-шу, бәрінен қатты қиналып, ашу шақырған Шолпан ғана. Қысқасы, «Алтай, сен бауырларым көп, сен жалғызсың деп көзімді шұқушы едің, енді төлесін! Сен үш жыл жұмыссыз, балаларыңды асырай алмағанда, менің әке-шешемнен басқа кім көмектесті? Ылғи осындай қырсықтарын, бейнеттерін көргеннен басқа не жақсылығын көрдік?!» – деді Шолпан. Ақыры, Димаш Астанадан әкелген артық мәшинесін қарызға мініп қайтты.

**Қадірлі Мәке – Дәке!**
*(50 жылдық отасуларыңа)*

50 жыл болыпты отауыңа, ол да – анық,
Біз тілейміз Сіздерге нұр мен бақыт.
Қос аққудай жұптарың жазылмасын,
100 жасқа да жетіңдер қол ұстасып.

Мейлі ғасыр, айлар өтсін, жыл өтсін,
Мәке – Дәке, өмірлерің бірге өтсін.
Саулық, байлық, бақытыңыз бірге боп,
Сіздер жүрген іздеріңе гүл бітсін!

Жасаңдар Аллам берген жасыңызды,
100-ге жетсін, қосыңдар басымызды.
Қабыл етсін Құдайым ел тілегін,
Дәм-тұзыңды, бүгінгі асыңызды!

**Құда-құдағиыңыз.**

**Ерислам баламызға тілек**

Мұсылман болдың, қарағым,
Қане, бермен қарағын.
Шырағын жағар ұлысың,
Әкең менен анаңның.
Қатарыңның алды бол,
Бақытты бол, малды бол.
Күннен-күнге өсе бер,
Мұратыңа жете бер.
Аллам сені қолдасын,
Өмір берсін бір ғасыр!

**Мейрам атаң.**
*Алматы қаласы,*
*7-қараша, 2010 жыл.*

Көз, сөз тиген кішкентай баламыз Ақарыс ауырып қайтты. Мен үш күн ақшамда Ақарысты Фатиха, Ықылас, Фалақ, Нас сүрелерін жеті рет оқып, үшкіріп емдедім. Осы сүрелерді бір литр суға 70 рет оқып, жеті күн ішкіздік. Иншалла, шипа болды.

14-15. XI. Күндері Арапа күніне ораза ұстадым. 16. XI. Құрбан айт. Алтай құрбан шалды. Аллаһтан қабыл болуын тіледік. Айттап Жәкен, Асан, Бекжан, Надя келді.

30. XI. Оразалының қайтқанына екі жыл болғанына Дастан құдайы тамақ берді. Ұйғырлардан Розаның сіңлісі Айым, Мейрамға: «Құран оқығанда Розаны соңынан

қостың, бұл дастархан Розаның дастарханы», – деп айқайлап, столды ұрып, өрескел әдепсіз сөздер айтты.

2. XII. Бас дәрігер Таукеев С. газетке әшкере болып шықты. Оқысам: «Жалғыз жанды қария кемпірді – 82 жастағы, қамқор боламын деп, пәтерін білдіртпей өз атына жазып алып, кемпірді қорқытып, қорлап жүріпті». «Заман Қазақстан», 2.12.2010 жыл

1-2-желтоқсан күндері Саммит өтті, Назарбаев Қазақстанның мәртебесін өсіріп, ОБСЕ-ні бір жыл басқарды. 16-желтоқсан – Тәуелсіздік күні Ашура күніне сай келді, құрметіне ораза ұстап, хижра 1432 жыл құтты болуын тіледім. Ақарыс бір жас екі айда жүрді, билейді, допты теуіп ойнайды.

## АҚАРЫСЫМЫЗҒА

Қуанышыма куә бол, бүкіл әлем,
Толды жасқа Ақарыс – бал немерем.
Өмір дейтін осынау ұзын жолда,
Төгілсін қадамыңа ән мен өлең!
Куәсі етіп бақытты күндерімнің,
Ақарысым жымиса, бірге күлдім.
Бізге бақыт әкелген Жаратушым,
Құдіреті бір Алланың деп білемін!
Ақарыстай немерені сыйлаған,
Алтай – Шолпан бізге өте сыйлы адам.
Күндіз-түні тілейміз біз оларға,
Бақытты өмір берсе екен деп бір Аллам!

**Атасы мен Апасы,**
**10.XI.2010.**

* * *

Біздің Отанымызда соңғы айларда таңқаларлық тарихи оқиғалар болды. Саммитке даярлануға қыруар қаржы шығарып, екі мың адамға – қонақтарға – патшаларды күткендей қонақүйлер, аспазшыларды ерекше даярлап, күтушілері тек ағылшынша, орысша білетіндер болыпты, барлығын эфирден көрсетті. «КТК» арнасы

қонақтан қазақша сөйлегеніне жауап бере алмаған. Астана халқына көшеге шығуға, балконнан қарауға болмайды деп алдын ала ескерткен. Балабақша, мектептер бір апта жұмыс істемеген. Парламент мәжіліс депутаттарын демалысқа жіберген. Әйтеуір аман-есен өтті. Бүкіл ақпарат құралдары қуаныштан жарыса жазып, Парламент барлығы Назарбаевтың арқасымен, сондықтан, «ел көшбасшысы» деп заң шығару керек деп, өздері бекітіп те жіберді. Жетінші қыстық Азиадаға даярланып жатқанда, Нүрекеңнің қолшоқпарлары «Президенттікті 20 жылға Референдум арқылы өткізейік» деп ұсыныс жасаса, келісетінін білдіріп, екі аптада 5 млн. халықтан қол жинадық десе, бір күнде халық қолы дұрыс екен деп мәлімдеме де жасап, қос палата өздері заң шығарып, халықты дүр сілкіндірді. Назарбаев: «Жоғарғы Конституциялық сот қолдаса, қарсы емеспін», – деді. Оны естіген АҚШ, Европа Заңға қарсы екенін білдіріпті және Жоғарғы сот та: «Заңға қайшы екенін білдіріп, ендігісін тек елбасы өзі шешсін» деді.

Содан амалы болмаған соң, Нүреке бәріне ризалығын, рахметін айтып, олай болса, екі жыл бұрын сайлауға түсемін, 5 млн. халық қолдауда деді. Сөйтіп, өте заңсыз, іс-әрекет болды. Сол арада 2011 жыл келіп, зейнетақыны 25 пайызға көбейтіп еді, барлық тамақ өнімдері 3-4 есе қымбаттап шыға келді.

Солтүстік облыстарда қатты суық болып, Павлодар, Семей қалаларында жылу жүйелері істен шығып, халық қаңғып кетті. Жеке меншік телеарналар бәрін көрсетіп жатты. Халық арасындағы дағдарыс күшейді, біздің балалар да қиналып, қалт-құлт күн кешуде.

## 2010 жылы көрген түстер

13. I. Кенжегүл досым, көршім құдайы тамақ берген соң, діндар кісілерге көп ақша шашады, мен де бір топ жаңа ақшаларды биікке созылып ұстап аламын, сонда Кенжегүл маған: «бәрін аласың ба?» дейді. Мен «иә, бәрін аламын» деп дипломатқа саламын, қарасам, Мей-

рам да биіктен көп ақшаны қағып алды. Тағы да кең, әдемі мейрамханада, той дастарханында көп қонақтармен біргеміз. Кенжегүл Жөкең (бақилық) күйеуі даярлатқан дәмді қымызды ішкізіп жүр, мен де ішемін.

17. I. Тұнық, сарқырап ағатын үлкен өзен суы жиналып ернеуінен асқан, екінші жағы ернеуінен аспау үшін реттеуші адам қайда деп, мен басқарушы екенмін, аяғыммен кешіп көріп жүрмін.

10. II. Жаңа жерде жеке меншік көп бөлмелі үйімізде көп қонақтарды тамақтандырып жатырмыз, тіпті шақырмағандар да, арақ ішкендер де бар екен, шығарып жіберемін. Анам шай құйып жүр.

24. II. Менің туған күніме Күләйшаның сыныптасы Сара бір шоқ гүл алып келіпті. Күләйша оған сыбырлап, мені меңзеп, «оны өлтіру керек» деді.

27. II. Біздің үйдің ауласында үлкен той, қазанда піскен көп етті тегенеге толтырып түсіріпті. Мен ошақ жанындағы Күләш, Қырықбайға жартысын тағы түсіру керек деймін; олар көңілді.

11. III. Таулы, қоңыр тас, құмды кең жерде. Мен үлкен тайқазанды тазаладым; көпшілікке ет асайын ба, әлде палау жасайын ба деймін, екі адам қазан астына әдемілеп от жағып қойыпты. Мейрам: «Көп тамақ даярла» деді маған.

18. III. Үш рет дәріленген соң, көп құрт түседі. Мейраммен Меккеде көп кісілермен бірге қиналып жүрміз.

26. III. Дүкенде киімдер қарап жүрмін, қыстық пальто алуын керек деймін; үйде тай және кіші қазандарда көп етіп тамақтар асылып жатыр. Үйде қонақтар күтудемін.

27. III. Бір бөлмеде сап түзеп намаз оқудамыз.

30. III. Айт күндері екен деймін, анам отқа нан пісіріп жатыр, мен пирогқа айналдырайын деп алманы кесемін. Үш-төрт көршіні үйге жүріп тамақ ішіңдер деп ертіп келдім. Тамақ мол дастарханда.

2. IV. Шолпан үлкен «Джип» машинасын айдап келеді, мен жанындамын, маған қарап «Алтай екеуміз саған арнайы сыйлық ойластырып жүрміз» дейді. Мен қалжыңдап «медаль ма?» дедім.

6. IV. Күләш жерде жатыр, маған «сол жақ денемді қарашы, ауырып тұр» дейді. Мен жұқа көйлегін көтерсем, ұяты үңірейіп көрінеді, бұтында дамбал, үстінде іш киімі жоқ екен, белкеудесі көгеріп ісіген (ұрғандай), мен таңғалудамын.

11. IV. Қуатбек мені іздеп келіп, он мыңнан жеті қағаз санап береді. Менің жанымда 3-4 жасар қызды қарап жүрмін, осы қыз үшін әкелінген төлем айлық сияқты. Мен дәмді шелпек-нан пісіріппін; Қуатбекке, мына қыз күніне бір жарым шелпекті қаймақпен жейді, қызға амандас дедім. Қуатбек наннан үзіп жеді, жымиды.

22. IV. Тауда көпшілікпен жүрмін, мені екі жігіт іздеп келеді, біреуі жас тұлпар атпен, екіншісі машинамен. Жас кезіміз, әбден сағындым десем, ол да өте сағындым деп қолымызды қатты қысып, құшақтасып келеміз. Мен оған «атың қайда?» десем, ол «үлкен түздың жанына байлап кеттім, қазір соған мінеміз, ары қарай машинаға отырамыз» дейді. Машинамен келген жігіт таба алмайтын болды ғой деп ойладым. Сондай бақытты сезіммен ояндым.

6. V. Менің үлкен жеке меншік үйіме қонақтар келмекші, жоғары қабаттан аулаға қарасам, үлкен столда марқұм Әлпеш әпкем, толық, әндетіп, «Ұлғайшаға дәмді тамақ даярлаймын» деп, екі үлкен нан илеп қойыпты. Көкшіл киім киген ер адамдар келіп ауладағы орындықтарға отырды.

19. VII. Үлкен дастарханнан маған көп нан, блинчик, қазанда піскен ыстық нан береді.

25. V. Көп орыс-қазақтарға құдайы тамақта ыстық бауырсақпен тамақтандырып жатырмын, бәрі риза. Үлкен балықты бөлшектеп, қуыруға даярлаймын.

3. VI. Мұсылман апалармен шетелде жүрмін.

11. VI. Дубай қаласында түс көрдім! Жұма күні аспаннан түйе түседі, Мейрам жүгіріп барады, бір шелек шұбат береді, ішеді, жарты шелекті маған берді, өте дәмді екен, сіміріп ішіп қоямын. Иншалла!

Сол күні Жанел де түс көріпті. «Ақарысты періштелер аспанға көтеріп алып кетті, қайтадан Шол-

панға әкеп берді. Жан-жақта көп ақ киімді аталар. Сүйінбай баба да жүр». Иншалла!

31. VII. Біздің үйде тойда Мейрам домбыра шертіп, Ботасына арнағандарын толғана айтуда.

3. XI. Мен үлкен тасты тауда жүрмін. Сарқыраған өзен, бір машина сапалы көмір түсіріпті, тағы әкелмекші. Ашық аспан, күн жылы, керемет жер.

4. XI. Қызыл машинаны өзім айдап, Күләштардың үйін таба алмай, адасамын. Бір еркек көмектесті, жанында ұл бала кішкентай, кешіккеніме анам ренжиді, мен баланы аман-есен әкелдім ғой, тамағы тоқ, жылаған жоқ, сигізіп жатырмын. Күләйша бір кесе сорпа ішіп отыр, екі беті бөрткен, боп-боз, кесесін қағып лақтырып жіберемін, ашуланып айқайлаймын. «Осы екеуіңнен көрген қорлығым, біз кетеміз, болды!» деймін. Сол кезде Күләш өкініп, тізерлеп отырып кешірім сұрайды. Қарыздардан құтылу керек деуде. Қызы Салтанат жерді тепкілеп билеп, айналып, алдыма келіп былжырап кешірім сұрағандай сөйлейді. Мен үш рет дауыстап, «кету керек!» деп ояндым. Дәрет алып, дұға оқыдым. М. п. ғ.с.

15. XI. Піскен тамақтар көп, пирог даярлаудамын.

21. XI. Мен Таукеев Сайлаубекке жұмысына барыппын, бөлмесі қараңғы. Тартпасынан бірдеңе іздейді, конфет, әйелдер орамалдары бар екен. Бірін иығына жауып алады, қолындағы бір мың теңгені көрсетіп, «мен қиналып жүрмін, менің бөлмемді дұғамен тазалаңызшы!» дейді. Сол кезде қара киінген әйелдер топпен кіреді. Таукеев шығып кетеді. Мен дәрет сындырғым келіп дәлізге шықсам, кір, қараңғы, дуал, дәретхана жоқ, жабық, шегеленген, есігін іздеп аша алмай, бір жігіт шегені бұрап ашпақшы, сонда қаптаған әйелдер келеді, мен кірейінші деп жатып ояндым.

22. XI. Ақ ниетті әжелер ортасында дастарханнан тамақты тоя ішемін, алыстан құда-жекжат күтудеміз. Бәрі тілектес, мен дауыстап, «Артынып-тартынып, ағыл-тегіл молшылықта жолдары болсын!» деймін.

26. XI. Орман іші, құнарлы қара топырақ, үлкен зәулім үйлер салынған. Шолпандар сонда тұрады

екен, іздеп таба алмай, көмек күтудемін. Балаларға үлкен кострюлге манты пісіріп алыппын.

30. XI. Үлкен үйде әдемі, қымбат вилюрді бір метрден кесіп, он шақты текше етіп қойғызып жатырмын. Үлкен қазандарда жылқы еті пісірілуде. 2-3 кіші қазанда от жағушылар жоқ, қарасам, Күләш, Қырықбай, Күләйша, Оразалы тізіліп отыр, мен «Сайбековтер көмектеспей ме?» деп едім, үш келіні ұшып тұрды.

22. XII. Бір әйел «хабар келеді» деп кетті, сонда телефон шырылдады, бір әйел телефонды тыңдады. 27. 37. 1917 жылғы апай қайтыс болды депті. Мен таңғала, «ол кім?» деппін.

* * *

Бір айдың ішінде Исраил Сапарбай ақынның құдасы Аубай Байғазиев туралы құрастырған арнаулар жазылған «Асыл Аубай» атты кітапты және Серік Әбдірайымұлының «Қасіретіңді түсінбедім жалғыздық» атты тағылымы көп керемет туындысын оқыдым. Серіктің кітабы қаламгер, публицист, ұстаз, баспагер қазақ халқының маңдайына берген ұлтжанды, адамдық қасиеті биік, жалған өмірде тек жақсылық істеуді мұрат еткен ғажап адам туралы екен. Серік Әбдірайымұлын сырттан білетінмін, газет-журналдарда Д.А. Қонаев, Н. Тілендиев туралы «Өтті дәурен осылай», «Елу жыл ел ағасы», «Ақиқаттан аттауға болмайды», «Қаһарман Нұрғиса» шығармаларын оқыған едім. Ал, енді Серік туралы бүкіл зиялы қауым, баспасөз беттері бақи болғанына байланысты жоқтауларын, лебіздерін, тілектерін толық келтіріпті. Керемет көркемсөз арқылы Серіктің іс-әрекеті, еңбегі, тек адамға жақсылық жасағанын айтқан. Оқып, әр пікірді зерделеп, «Серік, сен екі дүниеде бақытты болуға лайықсың!» – дедім. Өмірінде ылғи жақсы адамдармен араласқан, сұқбаттасқан, ұстаздары да, туыстары да, бауырлары да, жары, балалары да ниетіне қарай адал болған. Қандай бақыт! Әкеден жетім қалса да, екі ананың аялаған алақанында мейір шапағатын көріп өскен! Араласқан адамдары да ешбір қызғанышсыз, Серіктің

жетістігін мақтаныш еткен. Мен өз өмірімді жазғандай, Серіктің өмірімен салыстырғанда қарама-қайшылық көп. Тіпті, кішкентайымнан екі әпкемнің мейірімін көрмей, тек қызғаныш әсерінен арылмай, қатыгез қатынаста болды. Ағайынды бауырларым дүние қызығынан басқаны түсінбей, рухани өте алыс тірлік кешті.

**2011 жыл. Қоян жылы.**

Дорогие наши, поздравляем
С Новым годом, Вас – любимые, родные!
Мы любим нежно, крепко обнимаем,
Болеть, растраиваться – строго запрещаем.
Ағашка милый, добрый наш дедуля!
Всегда он умный и тактичный.
Всегда пусть будет рядом с Вами милая мамуля,
Красивая и строгая, иногда очень добрая.
Вы дополняете друг-друга так мило,
Что хочется такими быть как Вы.
Откуда только Вы берете силы,
Чтоб быть счастливыми людьми?
Чтоб делали без Вас, не знаем,
Но знаем точно, мы бы не смогли
Без Ваших глаз, без Вашего внимания,
Без Ваших чувств, без Вашей доброты.
Живите долго, счастливо, достойно,
Пусть никогда никто Вас не печалит.
Пусть сердце бьется ровно и спокойно,
И все от Вас души своей не чают.
Мы любим Вас и просим лишь одно,
Беречь себя от всех невзгод, печалей.
Вы наше главное и нужное звено,
Пусть реки лучших чувств вокруг журчали.

ШОЛПАН.
*1. I. 2011 год.*

Мейрам атасы Ақарыстың тұсауын кесіп, тебірене тұрып Алладан сұрады:

Қаз-қаз, балам, қаз балам,
Қадам бассаң мәз болам.
Тағы-тағы баса ғой,

Тақымыңды жаз, балам.
Қаз баса ғой, қарағым,
Құтты болсын қадамың!
Жібек естім, теңге тестім,
Жүйрік бол деп тұсау кестім.
Бастың қадам, бол жақсы адам,
Ел-жұртыңа болсын бағаң.

Бүгін алтын баламыздың тұсауы кесілді, күрмеуі шешілді. Болашағына қадам басты. Сол қадамды кішкентай бір адам басты.

Өмірі бақытты болсын!

Жүрген жолы жақұтты болсын!

Аллам сені жырғасын, өмір берсін бір ғасыр!

**6. I. 2011 жыл.** Арыслан Павлодарға поезбен таэквандо жарысына барып, 8-11 жас аралығындағылар және 25-28 кг. арасындағылар жарысынан екінші орын алып келді. Қуаныштымыз.

10. I. Көріпкел Айсұлу қызым некеге отырып, қажылыққа жұбайымен барып келген екен, мені шақырып, басыма орамал, қолыма тасбих және зәмзәм суын берді. Өте риза болдым, мен де батамды беріп, «ырым» жасап, нәресте тіледім. Айсұлу: «Бала-шағаның бар ауыртпалығы, тілегі сіздің мойныңызда екен, сондықтан жылда туған күнде, не алдында бір қой құрбандық шалыңыз, өзіңіз ауыз тимеңіз. Биыл тілегіңіз орындалады, екі кітабыңыз шығады. 3-4 жыл ауырмай жақсы жүресіз. Күйеу баланың машинасы сынғаны, балалардан ауыртпалықты алып кеткен. Алтайдың туыстары қиын адамдар екен, солардың кесірінен. Балалар қиындықтан мамыр айынан бастап құтылады. Сіздерге жер, үй болайын деп тұр! Иншалла! Сабыр керек. «Яссин» сүресін көп оқыңыз, *аян болады*», — деді.

23. I. Алтайға сабыр сақтап, мен: «Тұрмыстағы қиыншылықты Алланың сынағы деп, бізге берген аянға қарағанда, сен таң намазын оқуың керек екен, өркөкіректік, тәкаппарлықты қою керек. Үш жылдан бері біздің жиған қорымызды қарызға деп алып едің, енді біз қарызыңды кештік, қарыз емессің, ай сайын бар табысымызды бөліп беріп жүрміз.

Шолпанның ерте тұрып, балаларын мектепке апарып, арасында қарлатып, суық кезде машинасымен жолаушы тасып, күнделікті тамақ үшін шырылдап жүргеніне жаным қиналады. Аллам қорған болып, мыңда бәледен, жүз де бір кесапаттан сақта деп тілеймін. Ақарысты қарап көмектесудемін. Мейрам қосымша жұмыстар алып, шаршап жұмыс істеуде.

**13. II. 2011 жыл.** Мәулид түні құрметіне, сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед ғ.с. арнап тасбих намазын (20-шы рет), көп салауат айтып, Хабиб дұғасын оқыдым.

Алтынбектің немересі Бекнұрдың, Сайлау қайнымыздың қызын ұзату тойларында болдық. Көршіміз Қарсыбектің ұлы үйленді, қуанышына ортақтасып, жастарға бата бердік.

22. III. Мейрам туған күніме өлең жазыпты.

Кеңейсін деп тілеймін,
Өмірдегі өрісің.
Көре бергін жақсылық,
Еңбегіңнің жемісін.
Жолға шықсаң қашанда,
Серік болсын сәттілік.
Немерелер алдыңнан,
Шыға берсін шат күліп!
Шуағына бөленіп,
Өзің жаққан отыңның.
Шөберені ойнатып,
Жүзге келіп отырғын!!!

Президенттік сайлауға халық партияларынан белгілі адамдар түспек болып, өкіметке әділ сайлау болу жолдарын көрсетіп, мәлімдеме жасады, бірақ оған жауап бермеген соң, үміткерлікке түспеді. Сонымен, зорлап, үміткер болуға тұрмайтын Қасымовты, Елеусізовты сайлауға түсуге тіркеді. Өте күлкілі болды. Көпшілік сайлауға бармады. Біз сайлауда тізімде жоқпыз, біздің үйде екі орыс еркегі тізімде екен, мен зорға дегенде білдім. Бұл үй 20 жыл бұрын салынғанда алғандар екен, одан бері 4 рет үй иелері өзгерді. Тіпті тізімде өлген адамдар жүр. Бәрі өтірік, жалған, сонымен әкімдер орнында қалу үшін қолдан сайлау қоры-

тындысын жасады, бірінен-бірі озуға тырысты, сонымен, Нұрсұлтан 95,5 пайыз дауыспен сайланды. Шындық «Жас Алаш», «Жас қазақ» газетінде жазылды.

Биыл көктем салқын, құбылмалы. Бір күн қар, жаңбыр. Ағаштар 20-шы сәуірде көгере бастады, өрік гүлдеді. Қыстай қар көп түскендіктен, Батыс, Шығыс аймақтарда тасқын су елді мекендерді басып, көп қиындықтар туғызуда. Жалпы жер шарының барлық жерінде апат, әсіресе Жапон елінде жерсілкініс, атомның әсері, Қытайда тасқын су, т.б. Иншалла! Алла елімізді сақтай көр!

9-сәуір. Қарсыбек көршімізге нағашысы Ниязбек қайырымдылық жасап, Ақжар ауылынан екі қабат тамаша жер үй әперіпті, соған құдайы тамаққа шақырды. Қоңырат руының ынтымақ-бірлігіне риза болдық. Құран оқып, бата беріп қайттық.

19-сәуір. Жұмагүл, бала кезімдегі құрбым, 70 жасқа толғанына үйіне құттықтап барып, қуантып қайттық.

6-мамыр. Жанел немеремді №173 мектептің озат өнерлі оқушысы деп теледизордан көрсетті.

Мамыр айынан анам алжып, жағдайы төмендеп қалды, шөпиіп, әр нәрседен бейқам күй кешуде. Күләш әпкем барғанда айқайлап, міндетсініп, ауыр сөздер айтқан соң, анамды алып кетейін дедім. Бермеді маған. «Осы бөлмеде шешеңді қарап отыр!» деді.

Жаным, анашым, кешір мені?! Қартайғанда балаларын қарай алмай қалғанда, оларға керек болмай қалдың. Жасың 90-нан асқанша шөберелерді қарадың. Аллам бақи дүниеңді пейіш етсін деп дұға оқудамын. Өзіңе арнап 77 мың рет дұға әзірледім, кіші қажылықты арнадым. Шолпан екеуміз жиілетіп барып тұрмыз. Рауан құрбымды намазға үйреттім. Талапбек қажының «Парызың биік бәрінен» кітабын оқыдым. Керемет, әсерлі!

2011 жылдың күзі де бітуге таяу. «Өмір қамшының сабындай қысқа» дегендей, жақындардан Әбитбек аға, Сайлау қайыным, Шәйбала құрбымның былтыр ұлы, биыл қызы қайтыс болды.

Биыл оразаны тамыз айында өткіздік. Күн ыстық, ұзақ болды. Әсіресе, тарауық оқығанда ағыл-тегіл терледім. Алла күш берді, ертелі-кеш дәрі ішіп парыз-

ды өтедім. Мейрам Қызылордаға жолсапарға барып, мұнайшы мамандардың білімін жетілдіріп қайтты. Әлила немереміз колледжге түсті. Мен және Шолпан сүйікті пайғамбарымызға қатым құран бағыштадық, Аллаһ қабыл етсін!

Тек сауапты амалдар жасап, садақа зекет бердік.

Алтайлардың жағдайы түзелмеді, балаларға мектепке киімді біз әпердік.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!» дегендей, менің өмір жолымда кездескен зиялы қауымның өкілдерінің жылы лебіздері мені биікке шығарғандай ететін. Оларды атасам: Сәрсенбі Дәуітұлы, Дінәш Нұрмаханбетұлы, Жомарт Молдахметұлы, Шүкір Шахай, Әділ-Бек Қаба, Алматы қаласының әкімі аппаратының тіл басқармасының бастығы Б.Белғара.

Мен де өмірімнің денін еңсердім. Былайша айтқанда, өмірімнің көбі кетіп, азы қалды ғой. Мына жазбаларым нағыз бүкпесіз жүректен шыққан ғұмырдастанға айналған сияқты. Әрине, оның бағасын беретін өздеріңіз ғой. Баршаңызға амандық тілеймін.

## ЕКЕЙ ЕЛІМ – ӨРІСІМ!

Мен мына кітапты қолға алғанда, бұрын естіген ата-бабалардың кіндік қаны тамған Жамбыл ауданының Бұрған ауылындағы бауырларымның ұрпағын жазсам, немере-шөберелер бірін-бірі іздеп танысып, қатынасса екен дегенді ниет етіп едім. Сондықтан, бұрыннан танитын Сұлтанәлі ағаны, Үсен, Секен, Қалшеңгел, Самат, Әуезханды іздеп, шежіресін сұрадым. КНИЖдегі Әбітбек ұрпағын, Тоқберген ұрпағын Мәрия жеңгей, Жаманшал ұрпағын Жеңіс берді, Асан бауырым Алматыда тұрады, шежіре арқылы өрісім кеңейіп, әпкелеген бауырларымды танып, марқайып қалдым. Көпшілігі Астана, басқа облыстарда тұрғандықтан, шежіреге кірмеді.

Жамбыл ауданы ақындар мен батырлар елі атанады. Иншалла! Бесата – Сүйінбай, Түктібай, Сарыбай, Қай-

назар, Жамбыл бабаларымның рухтары асқақтап тұрған шақта әр облыстан, әр жерден ағылған көпшілікті көреміз, бабаларға мінәжат етіп, құран бағыштап, аталардан бата алып, түрлі қиындықтандан құтылу жолын көрсетіп, бабалар бақтарын ашуда. Біз қуанамыз.

Сүйінбай бабаның кесенесінде Үсен Сұлтанәліұлы 1997 жылдан шырақшы болып, өтеп жүрген атасының аруағы қолдап, Алланың ақ жолына түсіп, үздіксіз келіп жатқан мұсылмандарды жылы шыраймен қарсы алып, құран оқып, одан кейін Сүйінбайдың термелерін, Қашағанмен айтысы арқылы бүкіл қазақ халқының руларының ерекшелігін, қасиет, батырлығын паш етіп, әулие бабаның рухын асқақтатуда.

2007-жылы Сүйінбай кесенесінде күнде бір қарға бесін, намаздыгер намазының уақытысында анық «Алла!» деп қарқылдайды, содан Үсен: «Бабам намазға жығыл», – дегені ғой деп, намазға жығылады, содан қарға да қарқылдағанын қойыпты. Үсеннің әкесі Сұлтанәлі биыл 85 жаста, тың, балаларына өсиет, ақыл айтып, халқының тілегін тілеп отырған ақсақал. Бүгінде ауылдағы қария – осы аға. Үсен мен Салтанат отбасы жарасқан, үш қыз, бір ұл өсіріп, тәрбиелеп отыр. Назерке мен Серікбол Ұзынағашта қосымша өнер мектебінде оқиды.

Биыл Жамбыл бабаның 165 жылдық мерейтойында жыр мен терме жарысында Серікбол бірінші орын алды. Қабан жырау атындағы бірінші дәрежелі диплом алып, 60 мың теңге сыйлық алған. Қазақстанның Тәуелсіздігінің 20 жылдығына Алматы облысы әкімшілігі тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен өткізілген жарыста Назерке Үсенқызы Үмбетәлі атындағы жүлдені иемденіп, диплом алды. Дайырбаев Серікбол, Назерке облыстық газет-журналдарға шығып, елінің қуанышына айналғанын мақтан етемін. Сүйінбай бабам өз заманында:

«Көсемім Сарыбайым ел құраған,
Заманның дөңгелегін тең бұраған.
Екейден бір дана адам шықса деп ем,
Құдайым тілегімді берді маған!» –

дегеніндей, Бесатаның ұрпақтарынан дүлдүл ақындар, данышпан, батырлар шықса деп тіледім.

Әулие бабалар туралы көп жазуға болады, тек менің ғұмырнамамда жылы, айы көрсетілгендер бір отбасының бабалардан көрген шапағаты, ғажап! Алланың құдыретінің арқасы, «Әулиелер жердегі менің хош иісім!» дегендей.

Секен мен Гүлбаршын келін екеуі ұлын ұяға, қызын қияға ұшырып, ауылда кенже баласымен мал ұстап, өнімдерін ұқсатып, ұрпаққа үлгілі тірлік етуде. Бауырым Ермұхан ұлы Бауыржанды мұсылманша үйлендіріп, туған-туыстарын шақырып, Бауыржанның, келіндердің ұйымшылдықтарына, ынтымақ-бірлігіне риза болдық. Ауылдағы бауырлардың кішіпейіл, қарапайымдығы, алыс-жақын демей қатынасып, ұрпақтарын тәрбиелеп жүргендері қуантады. «Бақ-дәулет қайда барасың десе, ынтымағы, бірлігі жарасқан елге барамын» деген екен, Алла разы болсын!

Қалшеңгелді 1982 жылдан білуші едім, менде емделіп, «әпке, туыссыз» деп жүретін, талай жақсылығын көрдім. Анасы Айымқыз, бәйбішесі Мария иманжүзді аналар еді, бақи дүниелері пейіш болсын! Қалшаны іздеп жайлауына бардық, жұбайы Аққүл аққөңіл, адал жан екен. Заманына сай малшаруашылығын дөңгелетіп отыр. Бауырым жастайынан еңбекқор еді, қиын да болса, ақ тер, көк тер болып мал өсіруде, Аллам күш-қуат, денсаулық берсін! Еңбектерің еселі болсын! Ауылдағы бауырларымның ақ ниетімен мейір-шапағат көрсетіп сыйлағанына дән риза болдық.

«Жаманға қылған жақсылығың,
Жатқа кеткен малмен тең.
Адамға қылған жақсылығың,
Арнап бір берген нармен тең», – деген.

Иншалла! Алматыда немере бауырларым Оразалының Қайрат, Рашид, Дастан балалары жер үйлерінде, Дәукеннің – Айдар, Арлан, Дәулетқалидың Ерлан, Ербол, Меруерті отбасылы, өсіп-өнуде. Анарқұл ағаның баласы Асан келін Алмамен көрші, жақсы араласып

тұрамыз. Өзі білімді, парасатты, қадір білер отбасы, олай дейтінім балаларын қазақша тәрбиелеген, өнегелі. Жолдасбек ағамыздың балалары Жеңіс, Жекен, сіңлім Жамал әпкелеп сый-құрмет көрсетіп жүреді.

Екей елім — өрісім, ұрпағымыз өсуде! Қалада туыстар арасында Мейрам екеуміз ең үлкендеріміз, шақырса — барып, бата-тілегімізді беріп қайтамыз.

Қаскеленде Шорахан бауырым, келінім Күмісай сонау 1981 жылдан көрші болды. Шорахан маған бөле, оның әжесі Әлпешпен анам бірге туған, сондықтан біздің отбасымызбен үзбей қатынасамыз, келінім сырласым, қадір білер туысым.

Уа, халайық! Әрине, ұрпағым, туыстар, қадір білер жолдастар! Ешкім ерікkеннен кітап жазбайды. Жасың 70-ке тақағанда, Алланың бір құлы ретінде: неге келдім, не бітірдім, қарыз бен парыздан құтылдым ба деген сұрақтар мені де көп ойландырды. Қарапайым отбасында туып, жетім-жесірлікті көріп, заманымызға сай қатарымнан қалмай, адамға жақсылық жасау міндетін мойныма алып өмір сүрген әйелдің бір ғұмырын бастан кештім. Оқығаным, тоқығаным осы болды!

2000 жылы және 2005 жылы шыққан Бәйдібек баба шежіресінде менің әкем жазылмаған, немере бауырларым қажет деп есептемеген, соны білгенде, қатты күйініп жыладым. «Әке, әкетайым! Сенің ұлың болғанда, шежіреде жазылатын едің» деп жыладым...

Содан осы кітапты әке, ата-бабалар рухы риза болсын деп, шежіреге3-4 атаның ұл-қыздарын, немере-шөберелерін кіргіздім. Қыз бала да ұрпақ! «Жігіттің жақсысы нағашысынан, үйдің жақсысы ағашынан» деп неге айтқан?

Тәуба! Жас кезімде бейнет көрдім, қартайғанда зейнет көрудемін. Жанымда тірегім, сүйеніішім, асыл жарым бар! Мейрам ақылды, парасатты, адал әке, ата! Иншалла!

Бір атадан тараған ұрпақ қадір білмесе, Екей елімдегі бауырлардың қамқорын, құрметін көрудемін! Ел аман, жұрт тыныш болсын!

Балаларымыз иманжүзді ұрпақ болып өсіп-өнсін!

Екінші бөлім

# ДІНІҢ СЕНІҢ – ДІҢГЕГІҢ

## ИСЛАМ ҒҰЛАМАЛАРЫНЫҢ ӨРІСТІ ОЙЛАРЫ

1. Ақыл – адамның бойындағы ең қатал, қатытез, суық әрі өзімшіл ұста.

Жанына жаны ашымайды, тәніне қуат бермейді, сезіміне сезім қоспайды, тамырына ыстық қан құймайды.

2. Жан – тәннің көркі. Тән – жанның көмірі. Сезім – от. Қан – ауа. Нәпсі – дауа. Ақыл – ұста. Жанын балқытады, тәнің балқиды. Қаның қызады, тәнің қозады. Сезімің ысытады. Ақыл суытады.

3. Ақылды деп кімді айтуға болады?

1) Алланы санамен мойындау.

2) Адамға тиесілі қарыздарын мойындау.

3) Білімді болу.

4) Әділетті болу.

5) Мейірімді болу.

6) Ата-анаңды, ұлтыңды сүю.

4. Ақылдыға қонған бақ – бақ.

Ақылсызға қонған бақ – сор.

5. Ақыл – аздырмайтын ем,

Білім – таусылмайтын кен.

6. Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолғыншысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез. Алла ақылға сай мінез береді.

7. Ақылдың жолына жарық шашып, жаңа істерге бастайтын, оның нұрымен бір жылда жететін жолды аз уақытта басып өтуге болатын шырақ бар, ол – ой.

8. Ойдың міндеті – ақиқатты табу, дұрыс саратап, шындықты табу. Пікір ойдан туады. Ойдың тағы бір

қырына ақылдың көрегендігімен нұрлануы жатады. Ойсыздық — ақылсыздық емес. Ақыл барлық нәрсені жарықта талқыласа, ой көбінесе қараңғы түннің карашығынан туады. Рух пен ой көбінесе оңаша қараңғылықта жақсы жұмыс істейді.

9. Ғылым ақыл бағында, ал хикмет гүлі рух бақшасында жайқалып өседі. Нағыз ғалым тек білуші ғана емес, білгендерін ар-ожданымен терең сезіне білген адам. Ғалым жаратылысты көріп сезу арқылы, яғни физикалық тұрғыдан танып біледі, ал дана адамның көңілі мен ақылы үнемі ғайып әлеміне бағытталған. Ғалым көзімен көрген, бірақ көкірегімен рухани ләззатын сезіне алмаған сұлулықты жағымсыз деп қабылдауы мүмкін. Ал дана адам кез келген құбылысқа ерекше мән беріп, бұғып жатқан сырды есепке алып, өз ойтұжырымынан ләззат пен ерекше шабыт алады.

10. Ислам ғылымы ақылды беске бөледі:

1) Табиғи туманақыл;
2) Тәжірибеден, оқу-білімнен жинақталған ақыл;
3) Мұсылмандарға берілген ақыл;
4) Нәби, әулиелерге берілген ақыл;
5) Тек Мұхаммед ғ.с. тән ақыл.

11. Ақылға бәрі мұқтаж, ал ақылдың тәжірибеге мұқтаждығы бар. Ақылдан қымбат байлық жоқ, надандықтан жаман кедейлік жоқ. Адам неғұрлым білімді болса, оған соншалықты ақыл қажет. Ақыл — әмірші, оның әскері бар, оның әскері – мәнді мағына, ес, ой және түсінік. Жүректегі қуаныш та ақылдан шығады, себебі онда дененің беріктігі бар. Діл — шырақ, ал оның нұры – ақыл. Ақыл иесіне кесір-кесапат келмейді, өкінішке ұрынатын нәрсеге жоламайды, абыройсыз ететін істен аулақ жүреді.

12. Аристотель: «Қанша сауатты болсаң да, дінді танымасаң — қараңғысың».

13. Ақыл мен мінез – бірге туған егіз. Ақыл — тамыр, мінез — жапырақ. Жаман мінез – ақылсызға берген Тәңірдің жазасы.

14. Жақсы адамның серігі — ақыл. Адамға керек:

қанағат, төзім, сабыр, үміт, бірлік, татулық. Әр жігіттің төзімі – тірек, сабыры – қамал, ақылы, ол – қуат, батасы – мұра, әдебі – сән, ақиқаты – ем, үміті – көңіл азығы.

15. Дүние – дәулетке қанағат, қиындыққа сабыр ете алмайтындардың орны.

16. Әулиелер – дүниеде қанағатсыздар мен сабырсыздарға назар аудармайтын адам. Әулие адам – құдайдың жердегі хош иісі.

17. Қадір түніндегі құлшылық – бір мың айлық құлшылық, яғни 83 жыл. 18. Аяқ – азамат. Қол – мүлік. Бас – сандық. Тіл – кілт.

19. Егер жүрек таза болса, тілден әдемі сөздер шығады.

20. Ұлықпан Хәкімнің ұлына айтқан насихаты:

Екі нәрсе бар, бұларды ешқашан есіңнен шығарма – Хақ тағаланы және өлімді. Тағы екі нәрсе бар, бұларды мүлдем есіңе алма! Жасаған жақсылықтарыңды және саған жасаған жамандақтарды.

21. Адамдарға рахмет айтпаған, Аллаға да шүкір етпеген болады.

22. Адам, атанудан артық міндет жоқ. Жаныңды тазарт! Бақ пен таққа таласпа! Қызғаныш, күндестіктен арыл! Көңіл айнасы таза, көкірек көзі ашық, адамгершілік қасиетті бол! Нәсілің – адам, қасиетің – тазалық, ғайыптан келдің, ғайыпқа барасың, ұрпағыңа иманды мұрат етеді. Дүниедегі мақсатың – өзіңді-өзің тану.

23. Ер жаңылса – көрешегін көреді,<br>Ел жаңылса – келешегің өледі.

24. Жақсылықтың алды – құт,<br>Жамандықтың алды – жұт.

25. Сырласқанмен сырласпа,<br>Сырын ашқанмен сырлас!

26. Махаббат сүйдіреді, нәпсі күйдіреді.

27. Ел басын таппаған ел – азады,<br>Жолдасын таппаған ер – тозады.

28. Бұйрықсыз төрден бұйырған босаға артық.

29. Санасызға айтқан сөз тасқа тамған тамшыдай. Саналыға айтқан сөз қолға берген қамшыдай.

30. Алланың рақымдылық есіктері 4 түнде ашылады. Рамазан айты, Құрбан айттың бірінші түні, Барат түні және Арапа күні. Бұл түндері жасалған дұға мен тәуба қабыл болады.

31. Арапа түні ораза тұтсаң, екі жылдық күнәң кешіріледі. Арапа күні мың рет Ықылас сүресін оқыған адамның барлық күнәлары кешіріледі және дұғасы қабыл болады.

32. Жұма – аптаның, Рамазан – жылдың, қажылық – адамның өмірінің өлшемі. Бұл кездердегі дұға қабыл болады.

## ИСЛАМ ҒҰЛАМАЛАРЫНЫҢ ӨСИЕТТЕРІ

I. Аз болса да, көп болса да садақа беруді ұмытпаңыз, себебі ол он жерде мадақталған. Бесеуі – осы дүниеде, бесеуі – ақыретте.

Дүниедегісі:

1. Садақа берумен мал тазаланады.
2. Садақа берумен – күнә кешіріледі.
3. Садақа ауру, пәле-жаланы қайтарады.
4. Садақа берумен кедейлерді қуантасың.
5. Садақа берумен малдың, ризықтың берекеті кіреді.

Ақыреттегісі:

1. Садақа қияметте ыстықта иесіне көлеңке болады.
2. Садақа берген есеп-қисаптан жеңіл өтеді.
3. Садақа мизан таразысында ауыр болады.
4. Сираттан етуге рұқсатнама болады.
5. Жәннаттағы дәрежесін өсіреді.

Садақаны міндетсінбей Алла ризалығы үшін беру, сауап үшін. Кедей болсаң да беру керек.

II. Кімде-кім өлімді көп ойласа, үш амалда озық болады:

1. Тәубаны тез жасайды.

2. Ризығына қанағатшыл.

3. Ғибадатта қайратты болады.

Ал өлімді есінен шығарған адам үш нәрсеге қалыс:

1. Тәуба жасауды кешіктіреді.

2. Несібе-ризығына риза болмайды.

3. Ғибадатта жалқаулық танытады.

III. Төрт нәрсе ақыреттің қазынасы:

1. Нәпсіні тия білген – Ораза.

2. Иесінен тозақ арасын бөлетін – Садақа.

3. Пендені Аллаһқа жақындататын – Намаз.

4. Қате-күнәларды өшіруші – көз жасы.

IV. Зул-хиджа айының 8-күні – Тәруия (ойлану) ораза тұтса, Арапа күні – 9 зул – хиджа ораза тұтса, екі жылдық күнәсі кешіріледі (өткен, келер жыл Арапа күні 1000 рет Ықылас сүресін оқыған адамның барлық күнәлары кешіріліп, дұғасы қабыл болады.

V. Бес нәрсе келмей тұрып, бес нәрсенің қадірін біл! Кәріліктен бұрын жастықтың, ауырмастан бұрын саулықтың, жұмыс шықпастан бұрын бос уақыттың, кедейліктен бұрын байлықтың, өлімнен бұрын өмірдің қадірін біл!

VI. Көп намаз оқып, ораза тұтқан, садақа берген, бірақ тілімен көршілерін ренжіткен адамның барар жері – тозақ. Адамның мойнында кәпір көршінің бір ақысы, мұсылман көршінің екі ақысы, ал туысқан көршінің үш ақысы болады.

VII. Ашура – Мұхарам айының 10-шы күні Аллаһу тағала көктерді, Жерді, тауларды, теңізді, жұлдыздарды, ғарышты, періштелерді, Адам пайғамбарды жаратты. Ибраһим пайғамбардың дүниеге келуі. Нәмрудтың отынан құтылуы, құрбандық қошқары осы күні түсіріледі. Бұл күні кішкене садақа берген адамға Ухуд тауындай сауап болады. Ашура күні ораза ұстаған адамның бір жылдық өткен күнәлардың өтеуі болады.

VIII. Қалауы ақырет болып, ақырет үшін амал еткендерге Аллаһ дүниені қызметші етеді.

## ИМАМ ҒАЗАЛИ ҒИБРАТТАРЫ

1. Ақтық жолындағы жақсылықтың шарапаты – аспаннан да кең, аспаннан да биік, аспаннан да жарық.

2. Адал пендені балағаттағандардың, өсекке ілгендердің, күндегендердің, күнәсінің салмағы – қара жер көтере алмастай ауыр.

3. Кекшілдің, қастандықтан шықпағандардың, қатыгездің пиғылы мұздан да суық.

4. Қызғаншақтың өшпенділік сезімі – оттан да ыстық, әрі тез тұтанғыш.

5. Кәпірдің көңілі – темірден де қатты.

6. Өсекшілер – адамның ең қоры, бұралқысы.

Аспаннан да биік не – көңіл(ой),
Теңізден де терең не – ой (ғылым).
Жерден де ауыр не – күндеу салмағы,
Оттан да ыстық не – қызғаныш.
Мұздан да суық – қатыгездік,
Темірден де қатты – кәпірдің көңілі.
Мақпалдан да жұмсақ – ана алақаны,
Күннен де жарық – мейір.

## ЫҚЫЛАС СҮРЕСІ

Хадис шәрифтерде былай деп бұйырылды:

«Ықылас сүресін оқу – бүкіл Құран кәрімнің үштен біріне тең».

«Құран кәрімнің ең қасиетті сүресі – Ықылас сүресі».

«Арапа күні 1000 рет Ықылас сүресін оқыған адамның бүкіл күнәлары кешіріледі және барлық дұғалары қабыл болады. Барлығын бисмилләмен оқу керек.

«Мазарттың жанынан өткенде он бір рет Ықылас оқып, иманмен жан тапсырған мәйіттердің рухтарына бағыштаған адамға ол жердегі өлілердің мөлшеріндей сауап беріледі».

«Төсекке жатқанда Фатиха және Ықылас сүресін оқыған адам өлімнен басқа барлық нәрседен амандықта болады».

«Үйге кірерде Ықылас сүресін оқыған адам кедейлік көрмейді».

«Кімде-кім намаздан кейін Ықылас сүресін 11 рет оқыса, ол күні оған бірде-бір күнә жақындамайды. Шайтан азғыруға тырысса да, қорғанған бодады.

«Жолға шығатын адам үйінің есігін жауып шығып, 11 рет Ықылас сүресін оқыса, ол қайтқанға дейін Аллаһу тағала оны (үйін) қорғайды».

«Кімде-кім шам намазынан кейін (сөйлемей) екі рәкат намаз оқып, бірінші рәкатында Фатиха және Кәфирун, екііші рәкатта Фатиха және Ықылас сүрелерін оқыса, жыланның терісі сыпырылып түскен сияқты оның да күнәлары солай сыпырылып түседі».

«Тамақты бастағанда бисмилләә айтуды ұмытқан адам тамақ жеп біткеннен кейін Ықылас сүресін оқысын!»

«Кімде-кім күніне 200 рет Ықылас сүресін оқыса, қарыздарынан басқа 50 жылдық күнәлары кешіріледі».

«Кімде-кім өлім ауруында Ықылас сүресін оқыса, қабір азабын көрмейді. Қабірдің қысуынан амандықта болады. Періштелер оларды қанаттарына алып жүреді және Сырат көпірінен өте жылдам өткізеді».

«Жұма намазынан кейін 7 рет Ықылас және Муауиззатәйн (яғни Фәләк және Нас сүрелерін) оқыған адамды Аллаһу тағала бір апта қазадан, бәледен және жаман істерден қорғайды».

«Мазаратқа кіргенде Фатиха, Ықылас, Фәләқ, Нас сүрелерін оқыңдар! Сауабы бәріне тиеді».

## ӘСМА-И ХУСНӘ

Юсуф Набхани хазіреттері Әсма-и Хуснәні айтудың пайдаларын былай деп білдірген:

**Аурудың шипа табуы үшін:** Жұма күні намаздан бұрын дәретті күйде 200 рет «Иа Аллаһу Әл-махмуду фи фиалһи» десе, Аллаһу тағала оның ауруына шипа береді».

**Қайғы-қасіреттен құтылу үшін:** Әл-Азыйм есімін айтқан адам қайғы-қасіреттен құтылады.

**Мұқтаж болмау үшін:** Бір адам 40 күн, күніне 40 реттен Әл-Азиз есімін айтса, Аллаһу тағала көмектеседі және оны үстем етеді. Махлұқтардан ешбіріне мұқтаж қылмайды.

**Зияннан құтылу үшін:** Әл-Баки есімін 1000 рет айтқан адам зияннан және қасіреттен қорғанған болады.

**Бәлелерден құтылу үшін:** 7 күн арасын үзбей 100 рет Әл-Бари есімін айтқан адам бәлелерден амандықта болады.

**Мол Ризық үшін:** Бір адам қолдарын ашып, Әл-Басит есімін айтса күн көрісі кеңейеді, мол ризыққы қауышады.

**Апаттардан құтылу үшін:** Әл-Бади есімін жетпіс, 1000 рет айтқан адам өзіне келетін апаттардан, қиыншылықтардан құтылады.

**Кешірімге қауышу үшін:** Жұма намазынан кейін 100 рет Әл-Ғаффур есімін айтқан адам Аллаһу тағаланың кешіріміне қауышады.

**Өлімнің оңай (жеңіл) болуы үшін:** Әл-Ғаффур есімін айтқан адамның соңғы деміне тәухид калимасын айтуы және өлімі оңай болады.

**Бәлелерден қорғану үшін:** ауру немесе бір қиыншылық келгенде, Әл-Ғанийу есімін оқығанда Аллаһу тағала амандық береді және бәледен қорғайды.

## ҚЫРЫҚ ХАДИС БІЛГЕНІҢ АБЗАЛ!

1. Садақаның ең абзалы – бір мұсылманның білім үйреніп, басқаға үйреткені.

2. Құран оқыңдар. Өйткені қиямет күні ол шапағатшы болады.

3. Мұсылманның сыйлы болуы – діннен, адамгершілігі – ақылынан, абройлығы – мінезден.

4. Періштелер – нұрдан, жындар – оттан, адам – топырақтан жаратылған.

5. Аллаһ әрдайым кешірім айтуды әдет еткен пендесіне кез-келген ауыр жағдайдың шешімін көрсетіп, барлық уайымын жеңілдетеді.

6. Кім сөз таластыруын қойса, оған жәннаттың ортасынан үй тұрғызады.

7. Тәжірибесі бар адам ғана жақсы басшы бола алады.

8. Тақуалық – Аллаһ, ол – әдептілік.

9. Кімде-кім науқастың көңілін сұрай барса, періште: «Жақсы істедің, қадамың құтты болсын!» – дейді.

10. Таң атқанда және күн батқанда үш рет «Ықылас», «Фәлақ», «Нас» сүрелерін оқыса, оны жамандықтан сақтайды.

11. Тек байлар шақырылып, кедейдер шақырылмаған той қандай жаман!

12. Аллаһ сабырлыларды жақсы көреді.

13. Біреу қарызды кешірсе немесе адасқанға жол көрсетсе, оған құнды азат еткеннің сауабы беріледі.

14. Кімде-кім өмірінің ұзақ ризылығының мол болуын қаласа, жақындарына қайырымды болсын.

15. Жәннатқа кірген рахатқа бөленіп, жаманшылыққа ұшырамайды. Киімі тозбайды, қартаймайды.

16. Тілге жеңіл, таразыға ауыр. Аллаһқа жағымды екі сөз бар. Ол: Аллаһ кемшіліктен пәк, мақтау тек соған ғана тән. Аллаһ кемшіліксіз, аса ұлы.

17. Ғибадаттың ең абзалы – дұға ету, яғни керегін Аллаһ тағаладан ғана тілеу.

18. Ал, кім мінезін жақсартса, оған жәннаттың ең жоғарғысынан үй салынады.

19. Көпшілікке су берген адам өзі соңынан ішсін.

20. Шындығында істер ниетке байланысты.

21. Бір мұсылман сырттан бауыры (досы) үшін дұға етсе, періштелер: «Саған да сол болсын» – дейді.

22. Нағыз мумин – жақсылығына сүйінген жамандығына күйінген адам.

23. Мұхаммед ғ.с.: «Егер менің білгендерімді білсеңдер, аз күліп, көп жылар едіңдер».

24. Бір жерге шақырса, барыңдар.

25. Адамдарға зиян келтіретін нәрселерді жолдан алып тастаңдар.

26. Екі мұсылмам бір-бірімен кездесіп, қол алысса, сол жерден кетпей тұрып күнәлары кешіріледі.

27. Мүмін намаз оқыған кезде, оған жұмақтың есіктері ашылады. Аллаһ пен оның алдындағы перде түріледі. Бұл сәт намаз аяқталғанға дейін жалғасады.

28. Үш нәрсе адамды бақытсыздыққа душар етеді: сарандық, қомағайлық, менмендік.

29. Адамның жақсысы — адамға пайдалысы.

30. Бауырыңа жылы жүзбен қарауың – садақа.

31. Пайғамбар күніне 100 рет тәуба еткен.

32. Ең сараң адам – сәлем бергісі келмеген адам.

33. Ілім іздену – әр мұсылманға парыз.

34. Құран оқылатын үйге берекет пен мейірімділік тұрақтайды. Мұндай үйге періштелер жиналып, шайтандар қашады.

35. Іс-әрекеттің ең абзалы — өз уақытында оқылған намаз.

36. О дүниеде таразы басына адамдық пен жомарттық қойылады.

37. Әке-шешесіне қайырымды болған жанға, қажылыққа барып келгендей сауап жазылады.

38. Құран оқылатын үйден Арышқа дейін Нұрлы сәуле көтеріліп тұрады.

39. Үйіңе кірерде сәлем бер, өзің де, отбасындағыларға берекет әкеледі.

40. Ақылдасқан адам өкінбейді. «Бай адамның қарызды кешіктіруі – қиянат».

41. Бауырыңа жылы жүзбен қарау – садақа.

42. Адамның ұшыраған барлық ауруы күнәсінің кешірілуіне себеп, тіпті тікен кірсе де.

43. Жәннатта жүз дәреже бар, әр дәреженің арасы аспан мен жердей. Фирдаус — бұлардың ең жоғарғы дәрежесі.

44. Қайда және қандай жағдайда болсаң да, Аллаһ тағаладан қорық!

45. Сараң – Аллаһтан алыс, жәннаттан алыс. Адамдардан алыс, тозаққа жақын.

46. Кең үй, жақсы көрші, ыңғайлы көлігі мұсылман кісінің бақытынан.

47. О дүниеде әркім осы дүниедегі сүйгендерімен болады.

48. Көп күлме, көп күлу жүректі өлтіреді.

49. Жұмсақтықтан мақұрым адам – барлық жақсылық атаулыдан мақұрым адам.

50. Рамазан оразасын және шәууел айында 6 күн ораза тұтқан адам бір жыл ораза ұстаған болып саналады.

51. Дүйсенбі және бейсенбі күндері күнәлардың кешірілетін күні болғандықтан, ораза ұстаймын. «Сендерге берілген игіліктің бәрі — Аллаһ тағаладан».

52. Жұмақтың есіктері дүйсенбі және бейсенбі күндері ашылады.

## НАМАЗ ТУРАЛЫ...

Намаз, арабша салат, қазақша дұға ету, мадақтау, тағзым ету. Пайғамбарымыз «Намаз – діннің тірегі» деген.

Намаз – адам баласының тән тазалығы мен жан тазалығы. Рух азығы мен ар қазығы. Намаз Аллаға барар Пырақ – Миғраж. Адам жайнамазда тұрғанда, тікелей Алламен кездесуге еш нәрсе кедергі бола алмайды.

Бес мезгіл намаз адамның өмірін еске түсіреді.

Таң намазы жаңа туған сәби кезін, рауандап атқан таң сәбидің пәктігін, тыныштық бейбіт өміріне ишарат етеді.

Бесін намазы адамның қырықтан асып, қылшылдаған кезіне ұқсас.

Намаздыгер өмір деген кітаптың соңғы тарауына ұқсайды, ойландырады.

Ақшам намазы бұл өмірден өтіп, өзіне-өзі «елің үшін не істедің, артыңда өлместей іс қалдырдың ба?» дегендей.

Құптан – қараңғы мезгіл, қабір әлемін елестетеді.

1. Жайнамаз – жәй жайнамаз емес, адам баласын толыққанды, иман шыңына жетелейді.

2. Намаз оқыған адамның жаны рахат, тыныштық табады.

3. Намаз арқылы ғарышқа самғайды – пәктік пен тазалық мекені.

4. Жайнамаздың дастархандай намаз үшін жайылуы. (Рухқа жайылған, тағамға жайылған, кең дастархан – жер дастарханы, көкке жайылған көгілдір көк шаңырағы, яғни аспан). Адам көкке қарап дұға жасаған, сұраған, тәуба еткен.

## ӘР НӘРСЕНІҢ ЕҢ ҚАДІРЛІСІ

1. Мақлұқтарлан – Адам.
2. Адамдардан – пайғамбарлар.
3. Пайғамбарлардан – Мұхаммед с. ғ. с.
4. Асалардан – Мұса пайғамбардың асасы.
5. Балықтардан – Юнус пайғамбарды жұтқан балық.
6. Түйелерден – Салих пайғамбардың түйесі.
7. Жүзіктерден – Сүлеймен пайғамбардың жүзігі.
8. Үмбеттерден – Мұхаммед пайғамбардың үмбеті
9. Үмбетінен – сахабалары.
10. Сахабаларынан – 4 ұлы халифа – Әбу Бәкір, Омар, Оспан, Әли.
11. Ғасырлардан – Нұқ пайғамбардың ғасыры.
12. Періштелерден – Жәбірейіл а.с.
13. Кітаптардан – Құран Кәрім.
14. Сүрелерден – Фатиха сүресі.
15. Аяттардан – Аятүл Күрси.
16. Ғибадаттардан – Намаз.
17. Зікірлерден – Тәухид калимасы.
18. Дұғалардан – Әлхамдулиллаһи Раббилаламин.
19. Көліктерден – Бұрақ.
20. Айлардан – Рамазан айы.
21. Оразалардан – Рамазан оразасы.
22. Күндерден – Жұма күні.
23. Түндерден – Қадір түні.

24. Қалалардан – Мекке Мукаррам.
25. Ғимараттардан – Қасиетті Қағба.
26. Мешіттерден – Қасиетті Харам мешіті.
27. Тастардан – Хажер-ул әсуад.
28. Қабірлерден – Мұхаммед пайғамбар қабірі.
29. Сулардан – Зәмзәм суы.
30. Шеһиттерден – Хазіреті хамза.
31. Аналардан – Хазіреті Әмина.
32. Жұбайлардан – Хазіреті Хадиша.
33. Қыздардан – Хазіреті Фатима.
34. Күйеу балалардан – Хазіреті Әли.
35. Немерелерден – Хасан мен Хусеин.
36. Соғыстардан – Бәдір соғысы.

**Мұхамед Мұстафа с.ғ.с. – теңдессіз үлгілі тұлға.** Бұрынғы пайғамбарларды бір-бір қауымға жіберген болса, ол – бүкіл адамзатқа арналып жіберген, ең сүйікті, ең соңғы пайғамбар, адамзатқа мейір-шапағат жасау үшін, екі дүниеде де үмбетін шапағат жасау құқына ие, Аллаға көтеріліп, сөйлескен, пейіш пен тозақты көрген, Құран кәрімді түсірген және өзгеріссіз сақтаған, бес мезгіл намазды тапсырған, ислам үшін күресіп, тәрбиелеген сахабалар арқылы дүние жүзіне дінді таратқан Мұхаммед с.ғ.с. – өте кішіпейіл, қарапайым, мейірлі, жомарт, тәубашыл, көркем, шешен, әдепті, инабатты, жұмсақ, батыл, кешірімді Мұхамедті ата-анадан артық көру. Алланы сүю – иманды болу, екі дүниенің бақытын көру.

## Үшінші бөлім

# ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

## АҒЗАДАҒЫ ҚОРҒАНЫШ ЖҮЙЕСІНІҢ ҒАЖАЙЫБЫ

Әлемдегі әрбір мемлекет өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бюджетінің әжептәуір бөлігін шығындайтыны рас. Өйткені, кез-келген егемен ел әрқашанда күтпеген сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерге, соғыстарға, лаңкестік әрекеттерге, бүліктерге дайын болуы керек. Сол үшін оның әскері, әуе және теңіз күштері әрдайым жаңарып, соңғы үлгідегі қару-жарақпен жабдықталуы шарт.

Адамның денесі де бір мемлекет тәрізді, айналасы толған жау және ол кез келген уақытта баса көктеп кірген дұшпанмен күреске дайын тұрады. Дұшпан дегеніміз – ауру тудырғыш бактериялар, вирустар және басқа да микроб түрлері. Олар бізді қоршаған ортаның барлық жерінде – дем алған ауамыз бен ішкен суымыздан бастап, қолымызбен ұстаған заттарда да болуы кәдік. Алайда, көпшілік адамдар біздің ағзамыздың жауға қарсы тұрарлықтай қуатты әскері, яғни қорғаныш немесе иммундық жүйесі бар екенін біле бермейді.

Иммундық жүйе – әртүрлі деңгейдегі «сарбаздарымен» арнайы «үйретілген» және химиялық қаруға дейінгі су жаңа технологияларды қолданатын тұтас бір армия болып табылады. Біздің денсаулығымыздың күзетінде тұрған бұл әскер күн сайын, тіпті әрбір секунд сайын жау күштерінің шабуылын тойтарып отырады. Бұл екеуінің күресі кейде жергілікті бір аймақтағы қақтығыс ретінде өтсе, кейде біз «сырқат», «төсек тарту» деп атайтын жаппай қырғын «соғысқа» ұласады.

Бұл соғыстың басталу себебі айтпаса да түсінікті.

Тәуелсіз мемлекет – біздің ағзамызға шабуылдап кірген басқыншы-вирус бүркемеленіп жүріп, қарсыласының қорғанысын тығырыққа тірегісі келеді. Қорғаныс шебіндегілер өз кезегінде жаудың қайда екенін анықтау үшін арнайы барлаушылар тобын жібереді де, солардың әкелген мәліметтері бойынша, дұшпанға қарсы қажетті қару-жарақ өндіреді. Одан кейін әскер бірден жаумен айқасқа түсіп, оны кейін тықсыра қуып, майдан даласын тазартады, сосын бұл дұшпанның екінші шабуылының алдын-алу мақсатында кездескен жау туралы, оның әдісі жайында толық ақпаратты жинақтап, құжат дайындап, іске қосады...

Енді осы бітіспес күресті жақыннан тамашалап көрелік.

## Қорған қабырға: адамның денесі

Адамның денесін қоршалған бекініспен салыстыруға болады. Жаулар үнемі осы қорғанның ішіне өтуге ыңғайлы, әлсіз жерін іздейді. Қорғанның қабырғасы дегеніміз – адамның денесін жапқан терісі.

Адам терісінің жасушаларында болатын кератин дейтін зат – бактериялар мен микробтар үшін өткел бермес кедергі болып табылады. Жат тыңшылар бұл бөгеттерді бұзып өтіп, ағзаға кіре алмайды. Құрамында кератин терінің үстіңгі қабығы түлеп, жаңа терілермен қапталып отыратыны мәлім. Сондықтан, ағзаға енді кірем деп жатқан «шақырылмаған қонақтар» түлеген үстіңгі қабықпен бірге ұшып кетеді. Олар ағзаға тек терідегі ашық жара арқылы ғана ене алады.

## Алдыңғы шеп

Вирустардың денеге енетін мүмкіндігі – тыныс жолдары. Жаулар біздің жұтқан ауамызбен бірге ағзамызға кіруге тырысады. Алайда, оларды мұрын ішіндегі шырышты элементтер мен тыныс жолдарындағы ай-

рықша жасушалар (фагоциттер) күтіп алады. Көбіне бұл әскерлер дұшпанды дер кезінде құрықтап, өз бақылауларында ұстайды. Ал тағам арқылы ағзаға түскісі келген микробтарды қарындағы тұзды қышқыл мен ішек ферменттері залалсыздандырады.

## Жанама көмек

Біздің денеміздің әртүрлі бөлігінде (теріде, тері қыртысында, ауыз және мұрын қуыстарында, көзде, тыныс алу жолдарында, ішек-қарын жолында, жыныс мүшелерінде) бізге ауру әкелмейтін белгілі микробтар бар.

Жау шапқыншылығы төнген кезде, осы микробтар жатжерлік микробтармен айқасқа түседі, өйткені олардың жерлеріне де қауіп төнетіні белгілі. Біз оларға ағзамызға қызмет жасайтын «жалдама» әскер, яғни жанама көмек деп анықтама береміз. Өз мүдделерін көздеген бұл әскер қарамағындағы аумақтарын қорғайды. Осылайша, қиын-қыстау күн туған кезде, ағзаның тұрақты әскеріне осы «шағын бөлімшелер» де көмекке келеді.

## Қоян-қолтық айқас

Егер жатжерлік микроағзалар күзет заставаларымыздан өтіп кетіп, ағзаға түссе, онда толық көлемдегі жаппай соғыс басталады. Мұны біз қарапайым тілде «ауру», «сырқат» деп атайтынымыз белгілі. Бұл жолы біздің ағзамыз өзінің тұрақты әскерін іске қосып, бар мүмкіндігінше жауға тойтарыс беруге тырысады.

Біздің иммундық жүйеміздің стратегиясы негізгі төрт кезеңнен тұрады:

1. Жауды анықтап, алғашқы соққыны беру.
2. Қорғанысты бекітіп, шабуылға қару-жарақ әзірлеу.
3. Шабуыл және шайқас.
4. Қалыпты өмірге қайту.

Дұшпан-микробтарға бірінші боп жауды жалмап

жеп қоя алатын жасушалар — фагоциттер қарсы шығады. Бұлар майданның алғы шебіндегі жаяу әскер тәрізді жаумен қоян-қолтық айқасқа түседі.

Сонымен қатар, фагоциттер барлаушы, құпия әскери агент ретінде де жұмыс істейді. Жауды бөлшектегеннен кейін оның бір бөлігін өздерінде сақтайды. Келешекте бұл бөлшектер жауды анықтау және оның әдістерін зерделеу үшін қажет. Фагоциттер бұл бөлшекті ағзаның барлаушылар басқармасы құрылымына, яғни ақпараттық Т-жасушаларға береді.

## Жалпы дабыл

Алдымен жауға атты әскер (макрофагтар) шабуылды бастайды. Егер күш тең түспей, атты әскер жауды тықсыра алмайтын болса, ағза жалпы дабыл сигналы болып табылатын «пироген» атты арнайы затты бөледі. Бұл зат миға жетеді де, оның орталығын термореттеуіш жағдайына көшіреді. Осыдан кейін, ми бүкіл ағзаға дабыл қағып, адамның қызуы көтеріле бастайды. Қызу көтерілгенде, адам өзін әлжуаз, әлсіз сезініп, демалғысы келетіні белгілі. Өйткені, ми адамға басқа нәрсенің бәрін ысырып қойып, тыным алуға итермелейді, сондықтан иммундық жүйенің азат етуші әскеріне қажетті энергия өзге мақсаттарта шығындалмайды. Адам ағзасының өте күрделі де үйлесімді жаратылғанын осыдан-ақ көруге болады.

## Қозғалыстағы тұрақты әскер

Жат микроағзалар мен иммундық жүйе арасындағы күрес адам ағзасы «соғыс жағдайына көшірілгеннен кейін, яғни сіз төсекке таңылғаннан соң созылмалы сипатқа ие болады. Жаяу әскер (фагоциттер) мен атты әскерлер (макрофагтар) күші жетпегендіктен, ауру басталғанда, ағзамыз басқыншыларға қарсы күресін бір

минутқа да бәсеңдетпейді, бүкіл ағза аяғынан тік тұрып, шайқас қыза түседі. Осы шақта соғысқа лимфоциттер (Т және В-жасушалар) араласады.

Атты әскерлер (макрофагтар) қолдарына түсірген жау туралы мәліметтерді Т-хелперлерге (яғни Т-көмекшілерге) береді. Бұл жасушалар өз кезегінде майдан даласына Т-киллерлер мен В-жасушаларды, яғни иммундық жүйенің таңдаулы әскери бөлімшелерін шақырады.

## Қару-жарақ өндірісі

В-жасушалар жау туралы ақпаратты алысымен, қару-жарақ, яғни антидене (антитело) өндірісіне кіріседі. Бұл қару-жарақ баллистикалық зымыран тәрізді, тек мәлімет берілген, көзделген жауларды ғана жояды. Бұл өндірістің ғажабы сондай, жат микроағзалардың құрылысы мен біздің ағзамыз өндірген қару-жарақ бір-біріне құлып пен кілт секілді толықтай сәйкес келеді.

Антиденелер жауға жақындап келіп, шабуыл жасайды да, оларды залалсыздандырады. Сосын иммундық жүйенің өзге элементтері залалсыздандырылған жауды қоршап, оны түгелдей жоқ қылады.

Осы жерде мына бір таңғажайып дерекке назар салып қараңыз: иммундық жүйе миллиондаған түрлі жат агенттер, яғни вирустармен бір уақытта соғыс жүргізуі мүмкін. Ол агент қандай болса да, В-жасушалар соған дәлме-дәл сәйкес, яғни қарсы тұрарлық қару-жарақ өндіріп шығарады. Бұл иммундық жүйенің туабітті қабілеті екенін, әрі миллиондаған түрлі құлыптарға қажетті кілтті жасай алатынын көрсетеді. Санасыз жасушалардың миллиондаған түрлі антиденелерді жасау және оларды қолдану мүмкіндігіне қарап отырып, оларды шексіз құдіретті Алла тағаланың жаратқаны екенін түйсіну қиын емес. Ешқандай сана-сезімі жоқ жасушаларға жаулардың қимыл-әрекетін дәлме-дәл анықтап,

сол сәтте қарсы жауап беру мүмкіндігін берген жалғыз Жаратушымыз емей, басқа кім?

## Жеңістен кейін

Жауды жеңгеннен кейін Т-супрессорлар іске кіріседі. Ол айқасты аяқтау туралы бұйрық беріп, Т-киллерлер мен В-жасушалардың қызметін тоқтатады. Осылайша, ағза қалыпты режимге көшеді. Соғыс мақсатында өндірілген Т және В-жасушалардың көбісі өмір жолдарын аяқтап, өледі. Алайда, бұл соғыс ағза жадынан ешқашан ұмытылып қалмақ емес. Алғашқы соғыс басталар алдында, жауды анықтап, соған сәйкес дайындық жүргізу үшін біршама уақыт керек болған болса, аталған жау екінші мәрте шабуылдағанда, ағза бұған бек дайын тұрады. Өйткені, бұдан былай иммундық жүйеде жау белгілерін есіне сақтаған «жады» жасушалар тобы әрдайым күзетте болады. Сондықтан, екінші қайтара дәл осы жау шабуылы басталса, жады жасушаларының ақпараты арқасында, біздің ағзамыз дұшпанға дер кезінде тойтарыс береді.

Қызылшамен немесе мысқылмен (свинка) ауырған адам екінші рет бұл дерттерге шалдықпайтыны белгілі, себебі ағзадағы «жады» жасушалар арқылы осы ауруларға қарсы «иммунитет» пайда болған.

## Бұл жүйені кім жаратты?

Жоғарыда баяндалған соғыс оқиғасын көргеннен кейін, осы бір таңғажайып жүйені кім жасады деген сауалға бір ой жіберіп көрген артық емес. Темірдей тәртіпке бағынған біртұтас жүйе, онда өмір сүру үшін бәрі де бар: макрофагтар, Т және В-жасушалар, киллерлер, пирогендер, мидың терморегттеуіш орталығы, ағзаның терморегттеуіш тетіктері... Бұл жүйе шынында қалай пайда болды?

Дарвиндік эволюция теориясы бұл сұраққа жауап бере алмайды. Себебі, ол тек барлық тірі ағзалар мен оның жүйелері түр өзгерісі және кезең-кезеңмен даму нәтижесінде пайда болған деп тұжырым жасайды. Ал иммундық жүйенің «кезеңмен» дамуы туралы сөз онда жоқ. Ішіндегі бір ғана элементі болмаса, немесе өз «қызметінен» бас тартса, тұтас жүйе жұмыс істемей, адам өмір сүре алмас еді. Сол себепті біздің ағзамыз бен иммунитет тұтастай бір уақытта пайда болуы тиіс. Бұл тұжырым өмірдің кездейсоқ пайда болуы және жер бетіндегі тіршіліктің кезең-кезеңмен дамуы туралы айтатын эволюциялық ілімге қарсы тұратын басты дәлел болып табылады.

*Сонда, мұндай тәртіпті жасаған кім?* Ауру келгенде дененің қызуы көтерілу керек екенін, қорғанысқа қажетті энергияның басқа нәрселерге шығындалмауы керектігін алдын-ала анықтайтын қандай күш? Макрофагтар ма? Макрофагтар қарапайым көзге көрінбейтін денелер емес пе? Оларда ойлану, талдау, шешім қабылдау секілді қабілеттер жоқ. Олар тек жоғарыдан келетін бұйрыққа бағынады.

Мүмкін мұның бәрін істейтін адамның өзі шығар? Жоқ, адам баласы тіпті өз ағзасында осындай жетілген жүйенің бар екенін де білмейді ғой. Бұл жүйе өзін кез келген сәттегі аса қауіпті жағдайлардан қорғап жүргенін де сезбейді.

Иә, мұның бәрі құдіреті шексіз Алла Тағаланың жаратқан ісі. Иммундық жүйемізді Ұлы Жаратушымыз, барлық әлемдердің Әміршісі, адамды бір тамшы судан бар қылған Алла Тағаланың жаратқандығына шүбә болмаса керек. Мұндай құдіретке ие Сол ғана.

**Харун ЯХЬЯ.**

*Орысшадан аударған*

**Е. ТАСБОЛАТ.**

## «Дені саудың – тәні сау»

Халық «Елу жылда – ел жаңа» демекші, мен медицинамен шұғылданғалы 50 жыл болды. Көпшілік европалық медицинадан шығыс медицинасына ден қойды, себебі, табиғатқа жақын, 18 мың ғаламның әсерін біліп, ескеріп, қоршаған ортаның жемістерін пайдаланып емделу пайдалы, тиімді екенін дәлелдеді. Қаптаған химияның, радиацияның құрамынан жасалынған дәрілер, тамақтар адам ағзасына кері әсер еткені дәлелденді. Отанымыз озбырлық саясатынан құтылғалы, тәуелсіздіктің арқасында Алланы танып, жаратқандарына ден қойып, құдіретін сездік. Құранда жазғандай, әрбір аурудың емі бар. Су, тас, жасыл өсімдіктер, жеміс-жидек, жан-жануарлар өнімдерімен, қасиетті дұғалармен емделуге болатынына көз жеткіздік. Жай мысал: бір минутта жүрек 70-80 рет жиырылуы өз күшімен мүмкін емес, себебі, жұдырықты минутына 70 рет ашып-жауып көріңіз, қалай шаршайтынын, ал жүрек күн-түн демей өмір бойы бірқалыпты тынымсыз соғуы, тек Алладан алған нұрқуаттың жүйелі байланысынан, шеберлікпен 18 мың ғаламның әсері. Адам баласының ойына келмейтін ғажап мыңдаған Алланың жазуымен қуатты, әсерлі күштер қорғайды. Батыс медицинасын жоққа шығарудан аулақпын, ғасырдан ғасырға адам санасының өсуі, өзгеруі нәтижесінде медицина да өрлеу үстінде. Әркім білім арқылы қалай емделу тәсілін, әсіресе ауырмаудың жолын іздегініміз абзал. Мен салыстырмалы түрде, өмірде жинақтаған тәжірибеден аз-аздап түйгенімді жазбақпын. Әттеген-ай, жасырақ кез емес!

## КҮНДЕЛІКТІ ОРЫНДАУҒА БОЛАТЫН ҚАРАПАЙЫМ, ОҢАЙ КЕҢЕСТЕР

1. Аллаға сеніп, осындай өмір бергеніне тәуба етіңіз!
2. Азанғы уақытта 20 минут терең дем алыңыз.
3. Азанда және екі-үш сағатта бөлмені желдетіп тұрыңыз.
4. Күніңізді бір стақан таза су ішумен бастаңыз.
5. Жеміс-жидек, көкөністерді күнде пайдаланыңыз.
6. Бала үшін сүт, үлкендер үшін айран ішу.
7. Шипалы өсімдіктермен иммунитетті көтеріп тұрыңыз (жалбыз, лимон, итмұрын, райхан, зімбір, жасыл шай, пияз, сарымсақ).
8. Салатты көп түрлі қоспамен даярлаңыз.
9. Сорпа, тамақтарды үйде өзіңіз жасаңыз.
10. Аптасына екі рет бұршақ тұқымдас (фосоль, горох) өнімдерін, балық жеп тұрыңыз.
11. Ыстық тағамдарды қыштан, шыныдан, болаттан жасалған ыдыстарда даярлаңыз.
12. Өзіңіз жасаған қызанақ, қияр, т.б. тұнба, шырын, соустарын ішу.
13. Ақыл-оймен істелетін жұмыста мейіз, өрік жеу жақсы.
14. Жазда күнде жалаңаяқ жүріңіз.
15. Күніне кемінде 45-60 минут жүру керек.
16. Денеңізді қатты тоңдырып алмаңыз.
17. Зәйтүн майын жиі пайдаланыңыз.
18. Тұз бен шекерді шектер пайдалануды ұмытпаңыз.
19. Күніне бір алма, бір сәбіз жесе, өте пайдалы.
20. Демалысына бір рет іш құрылысты тазалаңыз.

## ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ ОН СЫРЫ

І. Ақылдың қуаты арқылы:

Көзді жұмып, 3-4 рет терең демалу, бар ынта, ақылмен денедегі аурудың ақырындап, мұздың ерігеніндей кетіп жатқанын елестету – 15-20 минуттан күніне үш

рет. Күнде денсаулықтың жасарғанын сезетініңді қайталау.

II. Дем алу қуаты арқылы:

Денедегі лимфа төрт рет қаннан көп, организмдегі улы заттарды жинап шығарады. Терең дем алу – денсаулықты қорғайды, қан мен лимфаның жүруін жақсартады, нерв жүйесін тыныштандырып, босатады, ішкі қуат-энергияны көбейтеді, ашуланшақтықты басады, денені қоректендіріп, тазалап, ақылдың сабасына түсуіне көмектеседі.

Яғни, бір рет терең дем алу – төрт рет демді тежеу, екі рет демді шығару. Сөйтіп 10 рет дем алу, күніне 3 рет қайталау.

III. Дене қимылының қуаты арқылы:

Күніне 30 минут, алдымен бұлшық еттерді қыздыру, содан кейін әр буынға қимыл-қозғалыс арқылы жүру, жүгіру.

IV. Дұрыс тамақтанудың қуаты арқылы:

Табиғи тағамдардан, халал тамақтар, таңғы, түскі тамақтар құнды, кешкі ас сағат 20-00 дейін жеңіл болуы қажет. Тамақтар әр түрлі, 70 пайызы сұйық, жеміс, көк. Тұз, шекер, тәтті тағамды ішпеуге тырысу.

V. Демалудың қуаты:

Денені, ақылды, рухты жасартады, оттегіге мұқтаждықты 50 пайыз азайтады, жүрек жұмысын жеңілдетеді. Қан қысымын төмендетеді, еске сақтау қабілетін жақсартады.

VI. Күлудің қуаты:

Керемет дәрі, ауруды жазады, ауырған жеріңді ұмыттырады. Өкпе, жүрек жұмысын жандандырады, иммунитетті көтереді, көңіл-күйіңді жақсартады.

VII. Дененің дұрыс қалыптасу қуаты:

Ішкі құрылыстағы органдар мен ағзалардың жүйелі қызметін қамтамасыз етеді. Нерв жүйесінің жұмысы дұрыс болады.

VIII. Қоршаған ортаның қуаты:

Таза ауа, орман, шөп, өзен, күн қуаты, үйде гүлдер.

IX. Сенім қуаты:

Аллаға сену, исламның парыздарын өтеу, дұға... дұға — өмір тірегі.

X. Махаббат қуаты:

Барлық тірліктің қуаты сені сүю үшін, сен оны сүюің керек. Махаббатсыз тірлік — қараңғы. Отанға, анаға, балаға, туысқа, досқа, т.б. — бәріне махаббат сыйлау.

## ДЕНСАУЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ

*«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде»*

1. Бауырды — жылумен, қуатпен сауықтыру. Сол қолды бауыр тұсына, оң қолды арқа жағына 15 минут қуат күшін елестету.

2. Көзді — екі алақанды, көзді жұмып, 15 минут бас, елестет, алақаннан шыққан қуат миға жетеді.

3. Асқазанды — оң қолды сол қабырға астына, сол алақанды арқа астына, асқазанға қарсы 10 минут қой, елестет.

4. Құлақты — екі алақанды құлақ тесігіне дәл келтіріп 10 минут қыс.

5. Тыныс ағзаларын — сол алақанды кіндік үстіне, оң алақанды кеуде үстіне қойып, жоғары жылу өтуін сезіп, 15 минут емде.

6. Оң алақан — прожектор, барлық лас күшті жойып, денеден шығарады.

7. Ниетті — сезімді сауықтыру.

## ӨМІР ҚУАТЫНЫҢ АҒЫСЫН КҮШЕЙТУ

Жайланып отырып, көзді жұм, бос отыр, деміңді ішіңе тарт, толық шығар.

1. Оң басбармақпен оң мұрынды қыс, сол танауыңмен деміңді ішіңе тарт, миға оттегі барғанын елестет. 7-8 рет.

2. Оң танауыңмен осылай қайтала.

3. Екі танауыңмен дем алып, екеуінен шығару.

4. Оң алақанды 2-3 см. маңдайға жақындат.

5. Кіндік үстіне оң, сол алақанды қысып, 3 рет ауаны толық шығарып, 3 рет толық тарт.

6. Оң алақанды 2-3 см. маңдайға жақындат.

7. Арқаңды тік ұстап отыр, бұлшық еттерді босат, қолдарды салбырат. Алақанға қарап толық демді тарт, содан шығар.

8. Қолды кеудеңе көтер, кеудеде тоқтат.

9. Қолды жоғары көтеріп, баяу түсір, үш рет ішке тарт, үш рет сыртқа шығар.

10. Сонда денең жылынса, емдеу сәтті болғаны!

## ЖҮРЕК, ҚАН ТАМЫРЛАРЫ АУРУЫНДА

1. 2 ас қасық бақбақ (одуванчик) гүлін термосқа салып, ыстық су құйып, бұқтырып, бал қосып шай ретінде ішу.

2. Қызыл қылша шырынына тең мөлшерде бал қосып, күніне бір ас қасықпен 4-5 рет ішу.

3. Қарақат шырыны пайдалы.

4. Жалбыз, көкемарал (душица) 1:1, су 300 мл. бұқтырып, 3-ке бөліп ішу.

5. 1 ас қасық долана дәніне 300 мл. су құйып, 10 минут қайнатып, 2 сағат бұқтырып, ас алдында бөліп ішу.

6. Долана гүлін 7 гр., қырықбуын 5,0 гр., гүлбуын (пустырник) ыстық сумен бұқтырып, шай жасап ішу.

7. Шабдалы (киви) күнде жеу.

8. 250 л. сұлы дәніне 1 литр су құйып, жартысы қалғанша ақырын қайнату, оған 0,5 литр сүт қосып, 3 минут қайнатып ішу.

9. Шикі қызыл қылшаны майдалап, домалақтап жұту, бір рет күніне ішу.

10. 3 бас у сарымсақты, 3 лимонды қабығымен майдалап, су құйып үш күн тұндыру, бір ас қасық үш рет екі апта ішу.

11. Сәбіз + қылша + шалқан (редька) = шырын. Бұған қоса, ағзаны жылына 3-4 рет тазалау.

12. 3 бас у сарымсақ + 3 лимон + 100 г. бал = 2 апта тұндырып, күніне 1 шай қасық 3 рет ішу.

13. 5 ас қасық долана + 5 ас қасық шиповник + 2 ас қасық гүлбуын + 2 литр су құйып, 5 рет қайнатып, 30 минут тұндырып ішу.

14. 700 мл. кагор + 2 лимон шырыны + 150 гр. қызылша шырынын қосып, ас алдында 1 ас қасық ішу.

## ҚУАТТЫ КӨТЕРУ (иммунитет)

1. Жұмыртқаның 2 сарысына 1 ас қасық шекер, 8 шай қасық коньяк қосып ішу, аш қарынға он күн.

2. Бөдене (перепелкин) жұмыртқасын біреуден он күн жеу.

3. 200 грамм алоэ, сәбіз, қылша, лимон, бал + 250 гр. спирт, осы қоспадан 2 ас қасықтан 3 рет тамақ алдында ішу.

4. Сәбіз, алма шырынын қосып 1/2 стакан ертеңгісін ішу.

5. Бақбақ жапырағын майдалап, бал қосып жеу.

6. 1 стакан жоңышқа гүліне 2 литр сумен қайнатып, бұқтырып ішу.

7. Пияз, алма, бал салат түрінде.

8. Күнде жатардан бұрын 1 стакан қол сүтіне жылыдай 1 ас қасық бал, 1 ас қасық тұзсыз сары май, 50 г. коньяк қосып араластырып ішіңіз. 10 күн.

9. Ақнар (чистотель) 2 жапырағына 500 суа термоста бұқтырып, бір шай қасықтан екі рет 10 күн ішу керек.

10. 1 литр суға 3 ас қасық ақнар шырынын қосып ішсе де болады.

## БҮЙРЕКТІҢ ТАСЫ БОЛСА

1. Бүйрек ауырғанда арақ ішуге болмайды, ащы бұрыш жеуге, асқа тұз көп қоспау керек.

2. Бүйрек пен қуықта құм жиналса, күнде таңертең 1 стакан қайын шырынын ішу керек.

3. 2 қызыл, 2 қара шалқанды (редька) ет турағыштан өткізіп, шырынын 300 мл. араққа қосып, тығындап 15 күн қараңғы жерге қояды. 30 мл. 3 рет ішу.

4. 4-5 лавр жапырағын ұнтақтап 1 литр суға 3 минут ақырын қайнатып, 4 сағат термоста тұндырады. 150 гр. 3 рет ас алдында ішу.

5. 100 гр. бал + 50 гр. зәйтүн майын + 100 гр. ли-

рағын майдалап қосып, компресс жасау.

4. Ақ қайың жапырағы бүршіктерін қайнатып тұндырып ішу. Қайың шырынын сүтпен ішу.

## АСҚАЗАН, ҰЙҚЫ БЕЗІ, ӨТ ЖОЛДАРЫ АУЫРҒАНДА

1. Жүгері, бұршақты пісіріп, тұнбасын ішу.

2. 100 г. жолжелкенді (подорожник) майдалап 200 г. суға тұндырып ішу.

3. Картоп, сәбіз шырынын бірдей араластырып, су қосып ішу. (50 мл.)

4. Шикі қылша 2 ас қасық + 1 ас қасық бал + су қосып 2 күн бұқтырып, Ғ стакан ішу таңертең.

5. 3 литр ыстық суға 300 г. сұлыны түнде бұқтырып ішу.

6. Қырыққабат шырынын Ғ стаканнан таңертең ішу.

7. Сүттің сарысуын Ғ стаканнан 10 күн таңертең ішу.

## АҒЗАНЫ ТАЗАРТУ ЖОЛДАРЫ

1. 3 бас у сарымсақты, 3 лимонды майдалап, оған 100 г. бал қосып, екі апта тұндыру, күніне үш рет шай қасықпен ішу. (1 рет).

2. 1 бас у сарымсақты, 1 лимонды қабығымен майдалап, 1 литрлік банкаға салып, ыстық су құйып тұндыру. 1 шай қасықтан 3 рет.

3. Жарты стакан балға 3 шай қасық алма уксусын қосып, ұйықтарда 2 шай қасықтан ішу.

4. 700 г. кагор, 2 лимон шырынын, 150 қызылша шырынын қосып, ас алдында ас қасықпен 3 рет ішу.

5. У сарымсақтың бір бөлігіне (буын) 1 ас қасық бал, 1 ас қасық алма уксусын қосып, ыстық сумен бұқтырып ішу.

6. Долана 5 ас қасық, итмұрын 5 ас қасық, 2 ас қасық гүлбуын, 2 литр қайнаған су құйып, 5' ақырын қайнатып, 30 минут бұқтырып, ас алдында 1 ас қасықтан ішу.

## АУЫРҒАНДА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒАЛАР

Хадис шәрифте былай бұйырады: «Лә хаула
1. уәле қууәтә илла билләһил алии ил-азыим» кәлимасын оқу, 99 дертке дауа болады.

2. «Фатиха», «Аятүл-Күрсі», «Кәфирун», «Ықылас», «Фәлақ», «Нас» сүрелерін жеті реттен оқып, ауру кісінің үстіне үрленетін болса, бүкіл қиыншылықтарға дерттерге, сиқырға, көз тигенге, жануарлардың тістегеніне, шаққанына жақсы көмектеседі.

3. Өте таза бір литр суға жоғарғы сүрелерді 70 реттен оқып, бұл судан арасын үзбей 7 күн таңертеңгісін ішкендердің сырқаттары, аурулары тоқтайды.

4. Көз тиген адамға: «Әузу бикәлимәттәммәти мин шарри күлли шәтанин уә хәммәтин уәмит шәрри күлли айнин ләммәтин». 7 рет.

5. Төсекте ұйықтар алдында Фатиха, Ықылас сүресін оқыған амандықта болады.

6. Үйге кірерде Ықылас сүресін оқыса, кедейлік көрмейді.

7. Күнде таң намазынан кейін 11 рет Ықылас сүресін оқыса, ешбір күнә жақындамайды.

8. Жолға шығатын адам есігін кілттеп, Ықылас сүресін 11 рет оқыса, келгенше үйін қорғайды.

9. Күнде 200 рет Ықылас сүресін оқысаң, қарыздан құтылады, 50 жылдық күнәлары кешіріледі.

Төртінші бөлім

# ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ

## ДАНА БАБАЛАРДЫҢ ДӘРІСТЕРІ

Айла – алтау, ақыл – жетеу.

* * *

Ажал ақымақ үшін – алтау,
Ақылды үшін – біреу.

* * *

Алтаумын деме, жетіге жолығасың,
Жетеумін деме, сегізге жолығасың.

* * *

Алтау ала болса – ауылдағы кетеді.
Төртеу түгел болса – төбедегі келеді.

* * *

Біреудің бойы аласа,
Біреудің ойы аласа.
Біреуге мал қайғы,
Біреуге жан қайғы.
Біреудің сөзі әдемі,
Біреудің көзі әдемі.
Біреу тойып секіреді,
Біреу тоңып секіреді.

* * *

Ұстаз деген – баладардың айнасы.

* * *

Жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі.

* * *

Жеті рет өлшеп, бір рет кес.

* * *

Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз.

* * *

Он екі мүшең сау болса, жарлымын деме.
Он саусағың сау болса, дәулет емей немене?

* * *

Қырықтан артық жас жоқ,
Қымыздан артық ас жоқ.

* * *

Елу – ердің жасы,
Алпыста ел ағасы.

* * *

Отызда орда бұзбасаң,
Қырқыңда қыр аспассың.

* * *

Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл.

* * *

Сөз оқтан да тез, қылыштан да өткір.

* * *

Сөз – мамықтан да жұмсақ, майдан да тәтті.

* * *

Сөз – адамзаттың ең ғажайып ашылысы.

* * *

Елді ер, ұлтты қыз сақтайды.

* * *

Намысы жоқтың – елі жетім,
Қорғаны жоқтың – жері жетім.

* * *

Егер жүрек таза болса, тілден әдемі сөзден шығады.

* * *

Опасызда – Отан жоқ.

* * *

Ақылы елден артылған,
Ақылың болса мақтан.
Ынтымағы жұрттан асқан,
Жақының болса мақтан.

* * *

Ашу деген ағын су,
Алдын ашсаң арқырар.
Ақыл деген дария,
Алдын басса жарқырар.

* * *

Дүниені бүтіндейтін де — Сөз, бүлдіретін де — Сөз.

* * *

Адамдар төрт түрлі болады: 1. Жақсылықты білмейтіндер. Шүкір етпейді, шағымданады, үнемі сұрайды; 2. Нығметке шүкір етеді; Қиыншылықтарға сабыр етпейді, шағымданады. 3. Нығметтерге шүкір етеді. Қиыншылықтарға да төзеді. 4. Қиыншылық пен бәлелер нығметтен де тәтті келеді. Сахабалар осындай еді.

* * *

Тәкаппарлық пен күпір арасында өте бір жұқа перде бар. Тәкаппардан бір қадам ары күпір тұрады. Кім тәкаппар болса, ол ақымақ деген сөз. Әлсіз адам тәкаппар болады. Адамды екі нәрсе құртады: құмарлық және тәкаппарлық.

## ӨЗІҢДІ-ӨЗІҢ ТАНЫ
### немесе білгендерің жөн, балаларым!

1. Әкесінің ағасы, әпкесі, інісі, қарындасы – немере туысқан болады.

2. Күйеуінің атасын, апасын, ағасын, қарындасын оның әйелі – қайын ата, аға, қайны, қайынсіңлі дейді.

3. Ағайынның әйелі жасы үлкендер – келін, жасы кішілер – жеңге дейді.

4. Ағайынды адамдардың әйелі – абысын.

5. Ұлдың алған әйелін – келін, қыздың тұрмыс құрған адамын күйеу дейді.

6. Апалы-сіңілі әйелдердің күйеуі бірін-бірі бажа дейді.

7. Апалы-сіңілі әйелдің балалары бөле болады.

8. Әйелдің жасы кіші туыстарының күйеуі – балдыз.

9. Тұрмыс құрған қыз бен жігіттердің туыстары құда, құдағи, құдаша, құда бала дейді.

## Өлшем бірліктері

Қолдың қары.
Кез.
Мысқал.
Сүт пісірім уақыт.
Қарыс.
Бармақ елі.

Құлаш.
Қадақ.
Табанелі.
Қадам.
Шақырым.
Бас сауым.

## Жегін әбзелдері

Ат сайман, шана, доға, доғару, делбе, күйме, жарна, ат тұрман, құлақ бау, терте, шілия, божы, пәуеске, жарма ағаш, арба, тамақ бау, жегу, ершік, белқабыс, мойынжұрық.

Ат әбзелдері: жүген, сағалдырық, боқан ер, белдік шапайыл, тоқым, аткөрпе, қанжыға, үзеңгі бау, атсоғар, дойыр, бүлдіргі, ауыздық, ер, айыл, керайыл, айынбас, терлік, бөктергі, өмілдірік, бұзауөрім, бұзаутіс, тізсін, тартпа, төсайыл, доғабас, аткөпшік, бөктерме, үзеңгі, құйысқан, қамшы.

* * *

**Тұсау кесу** – бала аяғын апыл-тапыл баса бастаған кезде болады. Бұл үлкен өмірге аяғын нық басып енсін деген ниет.

Баланың тұсауын ала жіппен кесу абзал. Ала жіп мәні – ақ пен қара ажырамастай атасып, кезек алмасқан, тоқтаусыз өмірді меңзейді.

Ала жіп – күн мен түннің белгісі.

Ақ жіп – жылылықтың, жарықтың, тіршіліктің рәмізі.

Қара жіп – суық, қараңғылық, адал белгісі.

Ақ түс – еркектік, қара түс – әйел сипаты, яғни жұптық бейне тіршілігі.

«Біреудің ала жібін аттама» деген – кісіге қиянат жасамау. Құдайдан қорық, әділеттілікті бұзба.

Бүлдіршінге ата-анаңа, Отаныңа адал боп, қайратты азамат бол деген бата.

**Отқа май тамызу** – келін түскенде, келіншек босанғанда, жас отау шаңырағы көтерілгенде жасалатын жақсы ырымдардың бірі – отқа май тамызу. От – халық зердесінде қасиетті ұғым. Отпен аластау: «от ана», «отың өшпесін», «ошақтан от кетпесін» деген тілек пен ырым сабақтастығы ертеден келе жатқан ғұрып.

**Тұмар тағу** – бала, ересек адам ауырғанда молдаларға дұға жаздырып, оны үшбұрыштап, матаға не теріге тігіп, науқастың мойнына тағып қояды. Бұл пәлежаладан, тіл-көзден, ауру-сырқаудан сақтайды деген ұғымнан туған ғұрып. Тұмарды ауырған малға, жүйрік аттарға да тағады.

**Тізе бүгу** – шаруасымен бір үйге кірген адам сол үйге отыруы немесе тым асығыс болса, бір тізесін бүгуі керек. Ертеден келе жатқан бұл ырым шаңыраққа деген құрметтің белгісі. Егер келген адам үйден түрегеп тұрып шаруасын айтып асығып бара жатса, онда үй иесі «тізеңді неге бүкпейсің, біздің үйдің сиыры түрегеп тұрып бұзауласын дейсің бе?» деп өкпесін айтады. Халық арасында мұндайда «сиыр түрегеп бұзаулайды» деген ырым бар.

**Қазан жарыс** – кейбір жерлерде «жарыс қазан» деп те айтыла береді. Қалай айтылса да оның мағынасы мен ұғымы бір. «Бұл – жарық дүниенің табалдырығын әлі аттап үлгермеген сәбидің қуанышына арналған ең алғашқы жол-жоралғы...» – дейді белгілі этнограф, жазушы Ахмет Жүнісұлы (А. Жүнісов. «Фәниден бақиға дейін», 5-бет. Алматы, 1994-жыл). Қазан жарыс айы-күні толған келіншек толғатқан сәтте жасалатын қызықты қуанышқа арналған ырым. Мұндайда ауылдың кемпірлері мен босанатын келіншектің абысын-ажындары тез жиналып, өздерінің пірі – Бибі Фатима аналарына сыйына жүріп, «Қазан жарыс» жасайды. Яғни сақталған сүрді, дәмді тағамдарды қазанға салып, оны босанатын келіншектен бұрын пісірмек болып, әйелдер «қара қазан бұрын пісе ме, қара қатын бұрын босана ма?» деген халық ұғымы, ырымы бойынша, туатын бала «қазан жарысқа»

«қатынасып», одан бұрын өмірге келуге тырысады деп түсінген. Бала туған соң, қазандағы дәмді әйелдер бөлісіп жеп, қуанышқа кенелген.

**Қазық майлау** – көктем туып, мал төлдеп аяқтанғанда, ауыл адамдары желі басына келіп, «мал, төл көп болсын», «ақ мол болсын», «ел тоқ болсын» деп тілек тілейді. Биенің жалына, құлынның жал-құйрығына, желіге, қазыққа, құлын ноқтасы мен көгенге ақ құйып, май жағып ырымдайды. Сосын үйде бас қосып, дастарқан жайып, бата жасайды.

**Отпен аластау** – бесікті, босағаны немесе үйді отпен аластау – халықтың ертеден үзілмей келе жатқан ырымдарының бірі. Баланы бесікке саларда бесікті отпен қару, жас отауды отпен аластау жын-шайтан иектемесін, пәле-жаладан сақтасын деген ізгі ниеттен туған.

**Сейіт КЕНЖЕАХМЕТҰЛЫ.**

## Жануарлардың кейбір қасиеттері

1. Жылан 3 жыл бойы ұйықтай алады.
2. Тышқан құса алмайды.
3. Кірпі суда батпайды, жүзеді.
4. Теңіз кобрасы дүниедегі ең улы жылан болып табылады.
5. Полярлық аю солақай болады.
6. Шыбынның жылдамдығы 8 км.\сағ, 5 көзі бар.
7. Масалардың тек ұрғашысы ғана шағады.
8. Құмырысқа ұйықтамайды, ит секілді иіс сезе алады.
9. Аю ат секілді жылдам шаба алады.
10. Дельфин бір көзі ашық ұйықтайды.
11. Түйенің 3 дана қасы бар, 250 литр су іше алады.
12. Теңіз шаянының қаны көк болады.
13. Көбелек аяғымен дәм сезеді.
14. Сиырдың асқазаны 4 бөліктен тұрады.
15. Құрбақаның 2600 түрі бар.

16. Жапалақ көк түсті көре алатын жалғыз құс.

17. Ат құса алмайды.

18. Көк киттің ұзындығы 33 метр, салмағы 180 тонна.

19. Түйеқұс жұмыртқасының ұзындығы 15-20 см., салмағы 1,7 кг.

20. Шегірткенің құлағы тізесінде болады.

21. Көртышқан бір түнде 90 метр туннель қаза алады.

22. Тарақанның басы жұлынғаннан кейін 9 күн өмір сүреді.

23. У шашатын құрбақа 2200 адамды өлтіре алады.

24. Пингвин жүзе алады, бірақ ұша алмайды.

25. Теңізжұлдызының миы болмайды.

26. Бүрге өз бойынан 150 есе биікке секіре алады.

27. Ұлудың 4 мұрны болады.

28. Тауықтардың саны адамдардан да көп.

29. Хамелеондар тілі денесінен 2 есе ұзын болады.

30. Түйе көп уақыт сусыз жүре алады.

## Кім ұзақ жасайды?

Өсімдіктер: итмұрын, мойыл, қарамық, бүлдірген – 300 жыл, арша, қарат, шырша – 400 жыл, жөке – 500, емен – 1000 жыл өмір сүреді. Тасбақа – 100 жыл, тіпті зоопаркте – 300 жыл жасаған, акула – 100 жыл, шортан – 120 жыл.

Құстар: алақарға – 75 жыл, тотықұс – 140 жыл, қаз – 40 жыл, тауық – 20 жыл, көгершін – 30 жыл, моллюска – 80-100 жыл жасайды екен.

Түйе – 40 жыл, қасқыр – 15 жыл, қоян – 8 жыл, тышқан – 2 жыл, тиін – 8 жыл.

## Жануардың төлін қалай атайды?

Жолбарыс – сарымақ.
Аю – шөнжік, қонжық.
Бұғы – бұлғындық.
Мысық – соқыр.
Қоян – көжек.
Түйе – бота.

Қасқыр — бөлтірік.
Доңыз — торай.
Марал — қодыға.
Қойөгіз — қодық.
Таутеке — лақ.
Есек — қодық.
Киік — құралай.
Арқар — қозы.
Бұлан — бұзау.
Түлкі — жаутың, мыржай.

Жылқы – құлын.
Қой – қозы.
Ешкі – лақ.
Ит – күшік.
Аққу – көгілдір.
Қаз – балапан.
Тауық – шөже, шіби.
Құндыз – құнай.
Бүркіт – Түлек.

## Табиғат құбылыстары

Таң мезеттері.
Түн көбесі сөгілді.
Жұлдыз сөнді.
Таң саз берді.
Таң сібірледі.
Таң қылаң берді.
Таң рауандады.
Таң бозарды.
Таңсәрі.
Таң ағарды.
Бозала таң.
Елең-алаң.
Бозторғай шырылдады.

Таң атты.
Таң көрпесі түрілді.
Таң алды.
Таң білінді.
Таң шеті сөгілді.
Таң белдеуленді.
Таң құлақ иектеді.
Таң созарды.
Таң арайы.
Таң ауакеуімі.
Ала-көбен.
Таң шапағаты.
Жер ағарды.

Таң — түн қараңғылы ыдырап, күн шығар алдындағы мезгіл.

**Жәрдем КЕЙКІН.**

## Қар атаулары

Қар қыста жауатын ақ түсті тоңазыған атмосфералық тосап.

Ақша қар – жаңа жауған таза қар.

Ала қанат қар – бір аумаққа жауып, бір аумаққа жаумай, жерге ала түскен қар.

Жапалақ қар – үй түйіршікті, жапалақтап жауған қар.

Көбік қар – жерге түскенде астыңғы қабаты ери беріп, беті көпіршіген жұмсақ қар.

Күртік қар – беті қатқан, жаяу жүргенде ақсақ ойылатын қалың қар.

Қасат қар – ұзақ жатқан қалың қар.

Қиыршық қар – жентектелген түйіршік қар.

Қырбақ қар – жұқа жауған қар.

Мұздақ қар – үстін мұз торлаған, көкшіл түсті жылтыр, сырғанақ қар.

Омбы қар – ат бауырлайтын қалың қар.

Сүрі қар – ерте түсіп ерімей, қыс бойы қалыңдаған тозаң – топырақ сіңіп, беті күлгін тартқан нығыз қар.

Сіреу қар – ұзақ мезгіл мызғымай жатқан аяқ бастырмас, көлік жүрісіне бөгеу, қатты қалың қар.

Ұлпа қар – түйіршіктері үлбіреген жеңіл үлпек қар.

Үйме қар – боранды жел сырғытып, бір жерге тау-төбе үйілген қар.

Үрме қар – жол үрлеп, жиынтықтаған қар.

Жаңбыр: сірлету – жаңбырдың бүркуден, сіркіреуден мол, нөсерден саябыр жауы.

Шық – суық түндерде, таңертең топырақ бетіне, не шөп басына тұрып қалатын мөлтілдеген тамшы.

Кемпірқосақ – жаңбырдан кейін аспан күмбезінде түрлі доға түріндегі жолақ.

**Жәрдем КЕЙКІН.**

## Асыл тастар не дейді?

**Замартас** (изумруд) қуаныш пен көңілділік сыйлайды. Ұмытшақ немесе көзі нашар көретін әйелдер оны мойнына таққан. Бұл асыл тас ұзақ өмір сүруге кепілдік береді, дел-салдықтан арылтып, ойды ширатады.

Алтындалған **табас** (топаз) ұмытшақтық пен ұйқы қашуды жазады. Көз тиюден сақтайды. Дәм сезу күшін арттырады.

**Александрит** қан айналымын жақсартады, қанды тазартып, тамырларды бекіте түседі.

**Гауһар** күш-жігер қосады, жүрегіңді жайландырады.

**Гиацинт** ізгілікті дарытады.

**Циркон** – күйгелектіктен арылтады, жеңілтектіктен сақтайды.

**Лая** – қызыл шинель күннің өткір сәулесінен қорғайды. Қарт кісілер бел ауруын бәсеңдету үшін таққан.

**Фирюза** – араздықты бәсеңдетеді. Фирюза жасына қарай түсін ақшылдан көгілдірге, көкке, жасылға өзгертеді. Көз тиюден, жылан уынан, қара күйеден сақтайды.

**Опал** күдікті ойларды қозғайды, қоздырады.

**Агат** – тіл, көзден сақтайтын қара тас. Ауруды бәсеңдетеді, есту қабілетін күшейтеді. Бас аурудан, қабынулардан қорғайды.

**Аметист** адамның жүрегін ізгілікке толтырады. Онымен бет сипаса әжім, секпіл кетеді.

**Яшма** болашаққа перде ашады. Қан аққанын тоқтатады, күңгірт түстісі удан, қастандықтан сақтайды.

**Айтас** бүйрек ауруын, қояншықты емдейді.

**Кровавик** – іріңді жаралар, зәр шығару ағзаларындағы ауруларды емдейді.

**Жақұт, інжу, лағыл,** маржан, моншақ, зүбаржат, алмас, меруерт, мәр, сутас, дәурия.

**Жемчуг** – емдік қасиеттері жоғары. Айналадағы жаман энергияға қарсы ететін күші бар.

**Изумруд** – болашақты болжауға көмектеседі, жағымсыз күштерден қорғап, есте сақтау қабілетіңізді арттырып, шешен болып, ел алдында еркін сөйлеуге әсері мол.

**Янтарь** – қара күштерден қорғайтын күшке ие бойтұмар.

**Рубин** – махаббат істерінде көмектеседі, жүйке ауруларынан қорғайды. Рубин таққан адамның арманы орындалады.

**Сапфир** – жаман күштерден, уланудан қорғайды.

**Коралл** – теңіз тіршілік иелерінің сүйектерінен пайда болады. Сиқырлы күшке ие. Көптеген жамандықтан қорғайды. Бедеуліктен, көз тиюден де қорғайды.

## МҰНЫ ДА БІЛГЕН ЖӨН...

Адамның туа біткен қабілет-қарымын, оның мінез-құлқын қанының қай топқа жататынына қарап анықтауға болады екен.

I қан тобы. Сіз басшы болуға ұмтыласыз. Көздеген мақсатыңызға жетпей қоймайсыз. Оған жетудің жолдарын да білесіз. Өз күшіңізге сенесіз. Сөзбен айналдырудың да шеберісіз. Алайда осал жақтарыңыз да бар: өте қызғаншақтық, өркөкіректік те бар.

II қан тобы. Сіздің жаныңыз жарасымдылыққа әуес, тыныштықты сүйесіз. Ортада жақсы тіл табысасыз. Шыдамды, ақкөңіл жансыз. Осал тұсыңыз – бірбеткейлігіңіз бар, бей-жай қалыпқа түсуіңіз қиын.

III қан тобы. Сіз үнемі өз дегеніңізбен жүресіз. Қандай жағдайда да сол ортаға тез бейімделесіз, қиялға тез берілесіз. Тәуелсіз боламын деп, кейде артықтау кетесіз.

IV қан тобы. Байсалды қалпыңызбен жұртқа жағымдысыз. Әдепті адамсыз. Көпшіліктің көңілін көтере білесіз. Кейде тым қатты кететініңіз де бар. Бір шешімге келуге ұзақ ойланып-толғанасыз. Негізінде қолыңыздан бәрі келеді.

### Дүниежүзіндегі ең озық

Азияда қарсаңында Астана мен Алматыда жаңадан салынған спорт ғимараттары.

Алматының трамплины.

Шымбұлақтағы аспалы жол.

Ең үлкен стадион. Бразилиядағы Рио-де Жанейро қаласындағы Маракана стадионы, сыйымдылығы – 190 000 адам.

Ең қымбат стадион. Лондондағы Жаңа Уэмблей стадионы. 1,6 млрд. долларға салынған.

Ең үлкен мешіт. Пакистанның астанасы Исламабадтағы шах Файсал мешіті, ішіне 35 000, сыртына 150 000 адам сыяды.

Ең үлкен шіркеу. Нигерияның Отто қаласындағы Уиннеро Чапел шіркеуі. Ішіне 50 000, сыртына 250 000 адам сыяды.

Ең қымбат қонақ үй. БАЭ-ның Дубай қаласындағы Бурж-әл-Араб қонақ

үйі. Ең арзан бөлмесі — 1000 доллар, ең қымбат бөлмесі — 28 000 доллар.

Ең үлкен қонақ үй. АҚШ-тағы Лас Вегас қаласындағы МГМ грант қонақүйі. 6276 бөлмесі бар.

Ең шиеленіскен жол торабы: Техас қаласындағы №10 жол торабы.

Ең ұзын ескерткіш. АҚШ-тағы Техас қаласындағы Зе Сан Жакинто ескерткіші, ұзындығы – 174 метр.

Ең биік мұнара. Канаданың Торонто қаласындағы Канада ұлттық мұнарасы, биіктігі – 553 метр.

Ең биік ғимарат. Тайвандағы Зе Тайпей 101 Тауер. Биіктігі — 509 метр.

Ең ұзын көпір. АҚШ-тағы Луисинан қаласындағы Зе Лэик Понтчартэин көпірі, ұзындығы – 38,5 км.

## Киелі сандар сыры

Үш санындағы ұшқыр ой:

Үш жұрт: ағайын, нағашы, қайын жұрт.

Үш байлық: денсаулық, ақ жаулық (әйел), он саулық.

Үш би: Үйсін – Төле би. Арғын – Қаз дауысты Қазыбек би. Алшын – Әйтеке би.

Үш қат: жоғары қат (аспан), орта қат (жер үсті), төменгі қат (жер асты).

Үш қуат: ақыл, жүрек, тіл.

Үш ғайып: ажал, қонақ, несібе.

Үш арсыз: ұйқы, тамақ, күлкі.

Үш дауасыз: мінез, кәрілік, ажал.

Үш қадірлі: ырыс, бақ, дәулет.

Үш қадірсіз: жастық шақ, денсаулық, жақсы жар.

Үш жамандық: нақақ қан төгу, кісі малын нақақ алу, ескі жұртты бұзу.

Үш тәтті: жан тәтті, бала тәтті, жар тәтті.

Үш ақиқат: шындық – қымбат, өтірік – арзан, кәрілік – дауасыз.

Үш қуаныш: алғыс айту, өзіңді көптің іздеуі, ісіңнің өшпеуі.

Үш биік: даналық, билік, дәулет.

Үш асыл: көз, тіл, көңіл.

Үш артық: адалдық, еңбексүйгіштік, өнерпаздық.

Үш ынтық: еркін өмір, құрметке бөлену, пайдалы еңбек ету.

Үш тұл: қайратсыз ашу, тұрлаусыз ғашық, шәкіртсіз ғалым.

Үш кедейлік: кежірлік, еріншектік, ұйқы.

Үш кемдік: надандық, еріншектік, зұлымдық.

Үш бақытсыздық: жаман ат, жаман қатын, жаман көрші.

Үш көз: су анасы – бұлақ, жол анасы – тұяқ, сөз анасы – құлақ.

Үш тоқтам: ақыл – арқан, ой – өріс, адам – қазық.

Үш қасиет: өліде – әруақ, малда – кие, аста – кепиет.

Үш тағылым: мейірімнен – сауап, жақсылықтан – шарапат, жамандықтан – кесапат.

## Жеті санының құпиясы

***Жеті жетім:***

1. Тыңдалмаған сөз – жетім.
2. Киюсіз қалған бөз – жетім.
3. Иесіз қалған жер – жетім.
4. Басшысы жоқ ел – жетім.
5. Аққу-қазсыз көл – жетім.
6. Жерінен айырылған ер – жетім.
7. Замандасы қалмаған, бәрінен де – сол жетім.

***Жеті туыстық:***

1. Бала.

***Жеті ата:***

1. Бала.

2. Немере.
3. Шөбере.
4. Шөпшек.
5. Немене.
6. Туажат.
7. Жекжат.

2. Әке.
3. Ата.
4. Үлкен ата.
5. Баба.
6. Түп ата.
7. Тек ата

***Жеті ғашық:***
1. Ләйлі-Мәжнүн.
2. Жүсіп-Зылиха.
3. Фархад-Шырын.
4. Тахир-Зухра.
5. Арзу-Қамбар.
6. Уәлік-Ғарра.
7. Уаки-Күлшаһ.

***Жеті күн:***
1. Бүгін – Дүйсенбі.
2. Ертең – Сейсенбі.
3. Бүрсігүні – Сәрсенбі.
4. Арғы күні – Бейсенбі.
5. Қасиетті күн – Жұма.
6. Соңғы күн – Сенбі.
7. Азына – Жексенбі.

***Жеті қат жер:***
1. Тұңғиық.
2. Жылан.
3. Су.
4. Қос балық.
5. Қара тас.
6. Көк өгіз.
7. Жер.
8. Тағдыр жазылған тақта.
9. «Күрсі», «Мінбер», «Тақ» – Тәңір әлемі.

***Жеті саны – киелі:***

Ай фазасы жеті күн сайын өзгереді.

Жарық жер шарын бір секундта жеті рет айналып шығады.

Тіршілік көзі саналатын заттардың негізгі құраушысы азот. Менделеев кестесінде 7-ші элемент.

Менделеев кестесіндегі элементтердің шекті валенттілігі – жетеу.

Күннен тараған жарықтың шұғыласы жеті түсті.

Атомдардың негізгі электрон қабаттары – жетеу.

Адамның энергетикалық нүктелері – жетеу.

Адамның денесі мен басын қосатын мойын омыртқа – жетеу.

Қазақ жеті атасына дейін қыз алысып, қыз беріспейді.

Жеті шелпек пісірген.

Жеті қазына – жер, су, ауа, мал, тұз, нан, ит.

Жеті Алатау – Лабас, Жоңғар, Іле, Күнгей, Теріскей, Шу, Талас.

Жетісу – Талас, Шу, Іле, Қаратал, Ақсу, Лепсі, Аягөз.

## ҚАСИЕТТІ ҰҒЫМДАР

Топырақ – бір уыс топырақ – туған жердің қасиетті топырағы, тіпті өлгенде де бір уыс топырақ салу сауабы мол, күнәсін кешіруге сауап.

Жер – атадан қалған мұра, сондықтан жерді сатуға болмайды.

Тізгін – заң, дербес мемлекеттің тізгіні ауыл, қаланың тізгінін үкімет басшылары ұстауда.

Жіп – ала жіпті аттама, яғни өтірік сөйлеме, адал бол. Аңдар – аю, жылан, құмырысқа ала жіптен өтпейді екен.

Қамшы – қызыл тобылғыдан жасалған қамшы қасиетті.

Тас – ауыр нәрсе. «Тас түскен жерге ауыр», «қара тастай қатып қал».

Жусан – қасиетті өсімдік, барлық мал жейді, иісі керемет, ұзақ сақталады. Жусанға қар тоқтайды, құм болмайды.

Шөп – Жер-ананың жемісі, жер мен күннің әсерінен өседі, малға керек.

Тіл – ұлттық ана тілімізді айтады, тіл отбасынан басталады. Тіл – бас жарады, бас жармаса тас жарады.

Қобыз, айна, тарақ – қасиетті.

Асықты жілікті ұстап серт береді.

Домбыра – киелі үні.

Еңбек – әлемнің әміршісі, таза еңбек – Иман.

Қой ішегі – емді тамақ. Қасиеті – тұтыққан балаға ішек байласа, тілі шығады екен.

Бесінші бөлім

# АҒЫП ӨТКЕН ЖҰЛДЫЗ-АЙ!
## Ғалияның рухына тағзым

Айтылмаған әндерің, жазылмаған жырларың қалды-ау, қайтейін...

Менің асыл да ардақты қызым Ғалия фәни дүниеде он бес-ақ жыл өмір сүрді. Соның өзінде тоғыз жасынан ішкі сезімін маған өлеңмен, қасиетті сөздермен білдіріп жүрді. Титімдай қыздың Ананың, Отанның, қоршаған ортаның, достардың қадір-қасиетін ақылмен қадірлеп, жан дүниесімен сезіп, адами өмір сүруге құлшынысы ғажап еді. Екі мектептің кітапханасының әдеби кітаптарын толық оқып бітірген еді. Музыка мектебін қатар өте жақсы бітірді. Орысша оқығанымен, қазақша сауаты жақсы болды. Мен ешбір оқуына алаңдаған емеспін. Көп оқығаннан жанарын әлсіреткені жанымды қинады, институтқа апарып емдер алушы еді. Киім үйірмесінен үйреніп, біраз көйлектер өзіне тігіп алатын. Ғалия барлық мерекелерде Шолпан екеуі бізге концерт қоюды әдетке айналдырған. Күйсандықта мен айтатын қазақ әндерін еркін ойнап, бәріміз ән салушы едік.

Менің жүрегімнің бір бөлшегі еді, бақилы болғанда да, аруағы менің қиналған кезімде түстер арқылы қорғап жүргенін, жанының қиналғанына қарамастан, көмектесіп жүргенін сездірген.

Жалған дүниенің әділетсіздігін, адамдардың опасыздығын көрмей, жаның пәк, таза періште болып ұшып кеткенің, бақилығың пейіш екеніне сенімдімін. Жаным, Ғалияшым, сенің анаңа үлгере алмаған жақсылығыңды тұңғыш немереміз – Әлила істейді деп ойлаймыз, себебі саған өте ұқсайды, иншалла!

Тағдыр – айтылмаған сыр, жазылмаған жыр екен. Боташым, Ғалияшым, қартайғанда екеуміздің өмірімізден ұрпағыма сыр шерттім.

Жырақта өшіп қалған шырағым-ай,
Жан даусым жетер ме екен құлағыңа-ай?
Мені алмай, сені алған ажалда да,
Көз жоқ екен, өрт алған құрағым-ай!
Қай жерде қалдың, жалғызым,
Жүрегімді жандырдың.
Өзегімді күйдірдің,
Тас емшекті идірдің.
Алыста қалған анаңның
Сүйретілген сүлдерін
Қарғам-ай кімге қалдырдың?..

Сәулеңді шашпай жалғанға,
Кеттің ғой, ботам, арманда.
Табармын қайдан іздесем,
Тәңір-ау, қалай жүздесем?
Баратын саған жол қайда,
Кірсем де көрге болмай ма?
Қақырап түсті-ау қабырғам,
Қиылды-ау қыршын балдырған-а-ай...

**Анаң ҰЛҒАЙША.**

* * *

Қымбатты қызым Ғалияш! Сені жайдары көктем күндерімен құттықтаймын! Денсаулығың мықты болып, білімді, ақылды ақын қыз болып шығуыңа аналық тілегімді қосамын!

**Мамаң.**

*Осы блокнот толы өлең болсын!*
*1976, 8-наурыз айы.*

## Творчество маленькой девочки Галии

### «МОЯ МАМА»

Моя мама по профессии врач. Она работает хорошо. Ее на работе уважают все. И я уважаю. Мама лечит всех людей совхоза, и ее знают все. Потому что, она – мама и еще потому что, каждый, будь млад и стар, любит свою маму. Мама растит настоящего человека, а из этого человека опять растет человек. И так идет за человеком – матерью народ. Не даром ее зовут Родина-мать. И растет у мамы народ. Я люблю за это маму и помогаю ей. А когда вырасту я не дам ей работать в доме по хозяйству, а сама буду работать.

*Галия, 1975 г. 10 лет.*

### Любимая, Милая, Дорогая мамуля – красотуля!!!

Я не могу себе представить как я по тебе соскучилась! Прошло две недели и несколько дней, а мне показалось, что прошло два «года». Но я терплю, но если пройдет еще неделя показавшаяся мне одним «годом», я не вытерплю.

Не знаю как тебе там. Но думаю тебе тоже тяжко и больно от уколов и от скуки. Слава богу, хоть меня от уколов отменили. Но один укол делают в день мне назначили горькие лекарства. Но я пью, пью, чтобы поскорее выйти из больницы. Чтобы увидеть тебя и если выпишусь, то может у тебя много дум, хлопот не станет. Мне сказали ты скоро – через неделю выпишешься и я с нетерпением жду этот день. Так же даже в сто раз крепче целую тебя, да постараюсь, чтобы мои горячие поцелуи не обожгли твое белое, нежное лицо!

**С приветом твоя, о тебе думающаяся Галчонка.**

*1975 г.*

Письмо в стихах
«МАМУЛЬКЕ»

Здравствуй, мамочка, мой свет!
Здравствуй, милая, привет!
Ты напишешь мне письмо?
Я пишу уже его!
У меня идет все во!
Ты Шолпану не балуй,
От меня – в лобик поцелуй.
А бабулечке... Ох нет!
Передай большой привет.
Ну а как Пиратик?
Сторожевой солдатик?
Он скучает по мне? – Нет?
Ну и ему передай привет.
Привет и Тете передай!
И скажи «Галю не забывай!»
А теперь настает расставанье,
Ну что ж,
До свиданье!
До свидания миленькие,
Будьте всегда здоровенькими!
Ваша милая дочонка –
Называется «Галчонка!»

**Галя.**
*4 июля 1975 г.*

* * *

Апа, амансыз ба? Шолпан қалай?

Мама! Сіздерге арнап тақпақты жаздым. Аяғың ауырмай ма? Апанықі ше? Мен саумын. Мен үшін қорықпаңыз. Мама сабын салғышты таптың ба? Маған әкел. Мама, мен сіздерді сағындым. Маған демалыста келіңіз. Ал, қош! Сау болыңыз!

## ДОРОГАЯ МАМА!
*(секрет)*

Я только и мечтаю, чтобы ты выздоровела. Но если ты не можешь выйти из больницы и выздороветь, я готова пойти и найти в Кавказских горах сказочную, волшебную воду и дать тебе, а если удастся много принести, то и бабушке, себе, Куляйша тате. И все бы выздоровели!

Но, пока желаю: здоровья, счастья, а если есть, самое главное то, и достойного мужа.

**Галя.**
*1975 г.*

## Посвящение маме к дню 8-марта
*(3-класс)*

Я люблю свою маму за то,
Что она мне всегда дорога.
Я люблю свою маму за то,
Что она мила и добра.
Что она мне всегда
Кажется красивой,
Что она молода,
Что не спесива.

Если маме грустно,
Будто пасмурен день,
Тут на меня, конечно,
Попадет грусти тень.
Я стараюсь тогда,
Ей во всем угодить.
И мне очень хочется
Ее развеселить.

Если ж мама беззаботна,
Значит – ясен день,
И смешные анекдоты

Мне рассказывать не лень.
...И всегда, во всем,
И в день и в ночь,
Я стараюсь маме
В ее делах помочь.

Дорогая мама,
И женщины страны!
Поздравляю с 8-Мартом!
Праздником весны!

## ВЕСНА
*(3-класс)*

Наступила весна,
Веселая красна.
Шаловливые ветерки,
К деревьям подлетели.
Белые березоньки,
Весело зашелестели.
Мухи, мухи кружатся,
Птичий оркестр поет.
А стрекозки тужатся,
Но голос – не идет!
Все везде блестит –
Солнце светит ярко,
Стая ласточек летит...
И ребятам жарко
Свет, пошлет, трудится,
Там и тут – почти весь край,
Видно в эту осень
Будет большой урожай!

## КНИГА – УЧИТЕЛЬ
*(4-класс)*

Вот мой совет и задание –
«Любите книгу!
Источник знания!»
Как сказал Горький Максим
Мы ему полон отдадим.
«Учиться, учиться и учиться»
Так сказал наш вождь и учитель.
От царской власти избавитель.

## ЧАСЫ
*(3-класс)*

Где бы ты не был сейчас,
Все равно должен, знать – какой час.
Часы знать людям помогают
Когда спать, когда вставать,
Когда уборку начинать.
Когда телевизор смотреть.
Или в кружке придется петь,
Часы – друг человека,
Их надо множить век от века.
Что поделаешь, если они,
Всему народу всегда нужны.

## ВЕСНА
*(4-класс)*

По календарю Зима,
А на улице – Весна.
Птицы прилетели,
И радостно запели.
Они пели о Весне,
О первых цветах,

О почках на деревьях
И о мелких ручейках,
О лазурном небе,
О влажной земле,
О шумной капели
В саду, во дворе.
Все люди и звери
Весну прославляли,
А белой Зиме
Спасибо сказали.
Спасибо за бури,
Спасибо за снег,
Спасибо за главное –
Будущий хлеб!
Что снегом укрыла,
Спасла урожай,
А нам подарила –
большой каравай!

## ПИОНЕРАМ
*(5-класс)*

Сегодня торжественный день!
Сегодня – День Пионерии!
Ты свой алый галстук надень,
И иди по дорогам Ленина!
Справляют свой день рождения
Пионеры всей страны,
Алые галстуки мира!
За счастье боритесь вы!
Боритесь за мир, за свободу,
Боритесь же против войны!
И будьте сынами народа
Счастливой советской страны.
Учитесь всегда на отлично,
Трудитесь до поту везде.
Пусть слава страны советов,
Навечно живет на Земле!

## И СРЕДИ НАС ТАКИЕ ЕСТЬ!
*(7-класс)*

Журчит ручей, шумит листва,
И дышит все живое.
Стучат лесные доктора,
По черной корке хвои.
Поют пернатые друзья
Природы, человека,
Их истреблять никак нельзя,
Понятно, Вася – Неа!
И снова нужно нам его,
Понять по всей больнице.
И снова нужно объяснять,
Что души наши птицы.
И что без них бы человек,
Быть может и не жил бы.
И что убитый им птенец,
Вредителей убил бы,
Вредителей полей, лесов
Страны обширной.
И больше птичьих голосов,
Звучало бы на полянах.
И это значит, что леса
Поля уничтожаешь.
И это значит, что людей,
И жизни ты лишаешь.
Конечно ты ведь не один,
Вас много, душегубов.
И всех вас птиц, зверей любить
Заставить очень нужно.
Иначе вырастишь ты вдруг
Жестоким, как фашисты.
И будешь все сметать вокруг
Как эти эгоисты.
А ты сейчас взгляни вокруг,
Особенно весною
Все зеленеет поле, мир

Под яркой бахромою.
И если мы зверей и птиц,
Любовно охраняем,
То значит, что страны покой
И радость сохраняем.

## ЧАСТУШКА
*(6-класс)*

В нашем классе есть мальчишки
И пустушки, шалунишки.
Косолапые как мишки
И вертлявые как мышки.

И спокойные как Рогель,
И смешные как Олег.
И такие, что готовы,
В школе совершить побег.

И обидчики девченок,
И защитники девчат.
И такие, что готовы,
У отличника списать.

Ну, а, Плотников наш Вася,
Все вертится за столом.
На уроках географии
Правый сменит тем углом.

А на каждой перемене,
Витя председатель наш,
Все дерется и дерется,
Вместе с другом Цахарьяс.

Всем бы вам читать, ребята,
Больше книжек и статей.

Третьяков не может строчки
Почитать, вот грамотей!

Мы прапели вам частушки,
Но не обижайтесь вы.
Мы не сплетницы-болтушки,
Правду высказали им.

Поздравляем вас — ребята,
С 23-февраля!
И желаем поправляться,
Так-то лучше тра-ля-ля.

## ПРОЩАНИЕ С ЛЕТОМ

*(5-класс. Переход в 6 класс)*

Прощаемся мы с красным летом,
Пора нам в просторный наш класс.
Прощай же, о лето, ты спето,
Уж осень берет свою власть.

Прощайтесь же с летом и кадки,
Озера и лагерь «Речной».
Идем мы все в класс «шоколодкой»,
Загар подарил в дар зной.

За лето мы все возмузжали,
В садах, огородах везде.
Работали и отдыхали,
Прошло все в веселом труде.

Теперь же идем мы все в школу,
Учиться другому труду.
Прощай, и ты, «Крейсер Аврора»,
Что плавает в нашем пруду.

## ДОРОГИЕ УЧИТЕЛЯ
*(5-класс)*

Мы вас поздравляем,
С праздником мая!
С красочной датой,
Которая свята
Для всех.
Мы вас поздравляем!
И всем вам желаем –
Здоровье и счастья,
Успехов в труде.
Пусть слава народов
Живет на Земле.

## ЗИМА
*(5-класс)*

Пришла зима с салазками,
И с лыжами, со сказками,
Пришла зима с подарками
И с лыжами, со санками.
И с коньками, со снежками,
С белоснежными коврами!
С лазурным, красивым сводом,
А еще с чем?..
(С Новым Годом!)

## ТРОЙКА БОРЗАЯ
*(7-класс)*

«Тройка борзая» бежит,
И от них земля дрожит.
Неля Экард как харкнет,
Что слюны летит паток.
Там пинок и здесь пинок,

В зубы даст и вновь харчок.
Райку Масс сманила «тройка»,
Превратился в «четверку».
На работе бьют баклуши,
Прожужжали нам все уши.
Очень любят огрызаться,
Материться и ругаться.
Я так думаю, друзья,
Им проход давать нельзя.

*Применение: посвящается Марине Даренской, Экард Космановой.*

## ПОСВЯЩАЕТСЯ 60-ЛЕТИЮ ВЕЛИКОГО ОКТЯБРЯ

Наступает шесть десятков,
Шесть десятков Октябрю!
Шесть десятков по порядку
Исполняется ему!
Исполняется полвека
И еще десяток лет.
Столько жил в стране Советов
Наш советский человек!
Жил, трудился для народа,
Для цветения страны,
В госпиталях на заводах,
В шахтах... и сажал сады...
А до этого рабочий,
Надрывался на полях.
И что было только мочи
Он работал на царя.
Он работал поневоле,
Заставляли господа.
Ну, а противишься коли –
Жди жестокого суда.
Но пришел на помощь гений,
Чтобы честь спасти страны.
Это был Великий Ленин –

Сын ума и доброты.
Он пришел, и спас Россию
От бездельников-господ.
Поднял красный флаг красиво,
И повел за ним народ.

## ПОСВЯЩАЕТСЯ ДНЮ ПОБЕДЫ

С давних пор не была уж бомбежка,
Из орудий давно не палят.
Но на век мы запомним про то, что
Как в боях погибал наш солдат.
Как он нес нашу месть, наши слезы,
Нашу ненависть к этим врагам.
Как тянулись фашистов обозы,
По советским полям и лесам.

Как отважно сражался Зоя,
И Матросов в атаку ходил.
И на бирже, под знаменем стоя,
Кошевой Этих немцев громил.
Как сражалися против фашистов,
Пионерия и комсомол.
Их учили борьбе коммунисты,
Оружейный держа в кистях ствол.

Было все: и страдания, и слезы,
Голод, холод, разруха, борьба.
Но свернули фашистов обозы,
Потому как Россия – сильна!
И добили фашистов в Берлине,
Буревестники и Сокол
Девятаев, Кантария, Лиза –
Не забудем мы их имена.

Не забудем бои под Москвою,
И блокадный, стальной Ленинград

Тех, кто в тыле боролся с врагами,
Тех, кто гибнул за наш Ленинград!
И сегодня, 9-мая,
Я хотела бы всем пожелать,
Чтоб войны и бомбежки проклятой,
Никому, никогда и не знать!

## ПОСВЯЩАЕТСЯ ДНЮ МЕДИКА
*(7-класс)*

Кто рецепты больничные пишет,
Кто лекарствами поит народ,
Кто спасает от смерти детишек,
И здоровье бесплатно дает?
И к кому мы бежим за советом,
Если зуб заболел или что,
И волнуясь, сидим, ждем ответа.
– Это доктор? – А кто же еще?

Занедужила женщина сразу,
Набирается номер: 0-3.
И твердит там кому-то присяга,
«Хоть умри, но сейчас помоги!»
И несется к нам врач на машине,
В белоснежном халате с сумой,
И земли не касаются шины –
– Врач торопится к дому больной.

Медик помнит священную клятву,
Медик знает священный свой долг.
Не допустит в морозы, хоть в слякоть,
Навсегда, чтоб больной вдруг умолк.
Ради жизни больного – обманет,
Ради жизни больного – кольнет,
И пойдет он на риск.
Если ж надо ради жизни больного умрет!

Это ангел в белом халате,
Что порхает в больнице как моль.
Ради жизни больного, ложь – свята,
А укол-то целебная боль!
Так давайте же им пожелаем –
Докторам, санитарам — удач!
И пускай никогда не забудут,
Что их имя священное — Врач.

## ПИСЬМО

Милая моя Марина,
Шлю письмо тебе свое.
Разделяют нас равнины,
Горы, реки – все равно,
Не забудем мы наш милый,
Солнечный родной «Артек».
Подружились мы с тобою,
В нем, Мариночка, на век.
И, в честь дружбы нашей юной,
Поблагодарим мы ту страну,
Что собрала в круг единый
Всех: и мою Алма-Ату,
Твой Архангельск и Камчатку,
Белоруссию, Кубань...
Адреса в моей тетрадьке,
Всех краев и многих стран.
И, за сказку Крыма, вместе –
Ты и я, почти весь свет,
Родине споем мы песню.
Скажем ей: «Большой рахмет!»

*15. 12. 1979 г.*

## ВОСПОМИНАНИЯ О МОСКВЕ

В столицу мы поехали
На поезде большом.
Леса, озера, речки
Мелькали за окном.
Мы ехали на поезде
Три ночи и три дня.
И нам уж надоела
Моторов трескотня.
В столицу нашей Родины
К полночи были мы,
И долго любовались на красоту Москвы.
Затем перед рассветом, часа примерно в три,
Пошли мы к Красной площади,
Чтоб в Мавзолей пройти.
И было там народу,
Что мне не сосчитать.
И хоть пришли мы ночью,
Людей там тысяч пять.
И долго, очень долго,
Шел в Мавзолей народ.
Но мы там побывали,
Блюстя весь свой черед.
Таким, как на портрете
Мы видели вождя.
И, словно, стала чистой,
От всех грехов душа.
Ходили по Москве мы,
Смотрели на красу,
Между домов блуждали,
Как меж дубов в лесу.
Смотрели на Москву мы,
Одну из русских рек.
И этот день московский
Запомнился навек.
Вот, в 3-класс приходим мы,
Нам хочется играться.

А вы не разрешаете, немного прогуляться,
За парту вы усадите, научите писать,
И даже математику заставите решать.
А наши математики,
Все сердится на нас.
За то, что не готовы мы,
По алгебре подчас,
Но вы лучше не сердитесь,
Учителя, на нас.
Ведь мы вас очень любим,
Особенно сейчас.
Словесники, словесники,
Всех вас мы поздравляем!
Ведь засмеют ровесники,
Программу коль не знаешь.
А физики и химики,
Науки ваши сводны.
Мы любим ваши опыты,
Без вас на что мы годны?
День женщин – это день Весны,
День равенства, свободы.
Поют грачи, журчат ручьи
И радостней природе.

**ҒАЛИЯ.**

## ХАРАКТЕРИСТИКА

*На ученицу 8 «А» кл., члена ВЛКСМ,*
*СШ Виносовхоза Илийского р-на,*
*А-Атинского обл., Зердебаеву Галию.*

Зердебаева Галия учится данной школе 8 лет. Имеет слабое зрение, освобождена от физических нагрузок. Галия имеет хорошие умственные способности, хорошо развитую речь, логическое мышление, хорошую память. Очень старательна в учебе, занимается с интересом, много читает художественной литературы. В семье получила хорошее воспитание, девочка выросла

без отца, воспитанием занимается мать – умная грамотная женщина. Галия очень трудолюбива, хотя и имеет слабое здоровье, она принимала участие во всех субботниках, общественно-полезном труде. Зердебаева Галия хороший организатор, была членом совета дружины, членом уч. кома школе, получила значок «Победитель соц. соревновании», одна из самых активных учениц класса, инициативна. С увлечением занимается литературой, математикой и др., пишет стихи.

Занималась в музыкальной студии, математическо-танцевальном, и кружке кройки и шитья, и хоровом, биологическом кружках. Ко взрослым относится с уважением, пользуется авторитетом среди ребят, дисциплинированна. Девочка с сильным характером, умеет отстаивать свои мнения, предельно честна, очень развита чувство ответственности за порученное дело, принципиальна, и вежлива.

*Директор школы, классный руководитель.*

## «Артектен» хат

Амансыздар ма, мама, апа, Шолпан, Батыр, Пират?! Қалдарыңыз қалай? Менім хал-жағдайым жақсы, бірақ қазір өте суық, бірінші рет жаңбыр әйбаттап жауып жатыр. Шалбар киіп отырмыз. «Ең көп күлетін звено қайсысы?» деген жарыс жүргізіп жатырмыз. Кеше біз суретке түстік, бес сурет болады. Ертең біз Севастопольға барамыз. Бүгін кассаға барып, ақшамызды аламыз. Севастопольда сувенир сатып аламыз. Бүрсікүні мектепке барамыз, бір жетіде екі рет барамыз. Үйге сабақ бермейді, сол жаман. Кеше шомылдық, су жақсы, жып-жылы. Менің шашым жаман болып бара жатыр. Тарағанда көп шаш шығады, өзінше үзіледі, тегі үдеп жатыр.

### Здравствуйте, апа, мама, Шолпан, Батыр!

Апа, қалыңыз жақсы ма? Сендерге мен күнде жазып жүрмін, ал маған бір де хат жоқ. Өте үйге барғым келеді, бүгін мен бүкіл отрядты басқаруым керек. Өте қиын, балалар тыңдамайды. Кеше біз өзіміз киноны суретке салып көрдік.

Біздің звено, Шолпан, есіңде ме, әлгі бір қоян түлкіден қашып, зонтты тартып алады, қасқырдан шапканы үйіне әкеледі. Балаларға арналған кішкене кітапта. Соны біз салдық. Біздің вожатая – Татьяна Александровна больницаға жатты, жалғыз Геннадий қалды. Ал, қызда аппендицит болыпты. Біз күнара шомыламыз. Среда мен субботада кино көреміз, би билеткенді үйретеді. Мен шахмат ойнаймын, кружокқа түстім.

Жәрәйт, хош болыңыздар!

*Ғалия, 28. 08. 79 ж.*

### Здравствуйте, апашка, Шолпан!

Как дела, здоровье? Сколько моих писем получили? Все сохраните: приеду, буду читать. Спасибо за письмо, сейчас пришли с Аю-Дага усталые, голодные, а Руслан говорит: «Напиши мне песню «для вас, мальчики», я тебе что-то дам». Я сразу догадалась, что письмо пришло, и согласилась, говорю: «Да, дам, дам, только говори, что?» «Письмо?» И точно.

Мы так трудно на Аю-Даг лезли, 15 км прошли. Такой подъем крутой! Мы излучились, но на верх залезли. Там нас встретила Баба-Яга, разбойники, Абсолют, Кикиморы и т.д. Было весело и грустно.

Шолпан, ты говорила, арбузы едите, виноград, дыни, я так их хочу поесть! Здесь нет. Знаешь, ты писала 27, а пришло сегодня, 5 сентября. Мне еще от Ленки С. пришло, она написала, что тоже ходила на кино «Школьный вальс». Хорошо, 2 письма пришли. Я от вас всего 2 раза письмо получила.

Апа, қал-жағдай қалай? Шолпан аяғыңыз ауырады дейді ғой. Мамам келгенде, дом отдыхтың адресін беріңізші. Қаздар, тауықтар сау ма? Әлгі ақсақ қаз ше? Мен келгенде бәрі борсық болатын шығар. Апа, ауырмаңыз!

* * *

Здравствуй, дорогая доченька! Ноги – ногать не болела, как здоровье? Галочка, постарайся, чтоб хорошо провести, зря не падай духом, всё надо познать и хорошую и плохую! Так учатся жить люди! В гостях хорошо, дома – лучше! Самое главное, больше не повторится. «Артек» должна ценить, из тысячах нападает одна!

Мы хорошо провели время, но условия в Риге плохое было, кормит тоже хуже, но терпим. За то вдвоем хорошо было, накупили много вещей – свитер, кофточку, колготку. Ходили в театр, кино. Было тепло – прохладно, хорошо, дождей не было. Не нервничай из-за чужих, береги себя. Закаляйся, как сталь! Куляйша приехала тоже блогаполучно. Дома, в порядке. Ольга учится, мать говорит, в больнице. Все твои письма получили, дома. У нас тепло.

Галочка, по тебе соскучались, но потерпим, теперь может письмо не напишем, уже не дойдет. Я с 7/9 буду в дом отдыхе.

Доча, я тебе купила по музыке книгу, форму гамаж... (Пират скучает, похудел).

Целуем крепко, желаем счастливого приезда!

*Мама.*

*Рига. 6.9.1979 г.*

* * *

Здравствуйте мама, Апа, Шолпан! Как ваши дела, здоровье? Со мной все хорошо: недавно ходили в баню, по графикам закапываю глаза. Мы в Риге уже 3 сутки. Каждый день на экскурссиях, были в зоопарке, в музеях. Здесь очень холодно, каждый день пасмурно, идут дожди. Свитер беру у Зауреш. Здесь начали, в Риге, хорошо кормить, а до этого мы обеды покупали сами.

Я покупаю конфеты: мятные и квадратные ириски. Жевачек нет, т.к. фабрика на ремонте, пока форму и кофту найти не могу. У меня осталось рублей 40.

Здесь действительно нужны «бешенные» деньги. Живем хорошо, в школе-интернате. Все мы в одной комнате, 18 девочек. Каждый день делаем зарядку, ходим в столовую. Ездим на электричке, теплоходе. В Москве я видела французкую помаду за 5 р., не знаю купить в следующий раз или нет? Тут все покупают, я стараюсь много не тратить, да не получается.

* * *

Здравствуй, добрая золотушка, Галчонка! Радость моя, как твои дела, учеба, носик? А мы Шопекой балуемся в дом отдыхе, Ремизовке, ха-ха... Здесь холодновато, но днем 25. Дома все хорошо. Тебе нечего писать, скоро приедешь, через неделю. Я 6.09 отправляла письмо, получила?

Агашенце твой работает, на субботу привез Шолпанку ко мне, и сегодня в 12 ч. заберет в школу. Ездит, без него скучно, здесь красиво, кормит на – 4. Везде так, доча. В Риге тоже неважно кормили, жили в гостинице по 7 человек, отдельно, горячей воды не было, даже душа нет. Ходили в баню, в город. Съездили в города – Вильнюс, Пярну-Эстонию и другие мелкие города Латвии. (Юрмало) Саласпилисе были, трогательно. Мы сильно соскучились по тебе! Шолпан даже каждый день говорит, «соскучалась», напоминает твои прывычки.

Я тебе предупреждаю, приедешь, скажешь всем, что в «Артеке» хорошо! Ты просто, видимо, устала от ребят-хулиганов, лучше надо было не говорить, что ты комсомолка.

Галя, если есть, купи махровый черный тушь, фламастера не было, Шолпан будет ходить в музыку, сдаст книги в библиотеку. Все девочки вашего класса привет передают, ждут тебя, сколько кг.-ц прибавило в весе? Каким реисом, когда прилетите?

Целую, мама твоя.

* * *

Дорогая, любимая Галияша! Я тебе специально пишу письмо, потому что, душевно, сильно переживаю за твое здоровье! Сколько раз устно говорила, объясняла, как важно здоровье, зрение. Без физического развития не нужно ничего духовного, прекрасного в жизни! Галочка, ты же у меня умница. Почему, у тебя воли, ума же хватает, я не верю, что ты не поймешь?

Как получишь сразу же приступай к исполнению, если хочешь быть здоровым, сильным, умным, образованным, уважаемым и если хочешь меня не огорчать.

1. Спать в 22 часа!
2. Подьем в 7 часов!
3. Утренняя зарядка 15-20 минут на улице!
4. Завтрак 8 часов.
5. Делать уроки до 11 часов с перерывом.
6. Музыка до 12 часов.
7. Игры на воздухе до 12-30.
8. Обед и школа 13 ч.
9. Ужин 19 часов.
10. Игра или домашние дела 2.
11. 30 минут художество, чтение на воздухе – 2 часа.
12. На воздухе – 21 час.
13. Стирка полотенц и т.д., глажание, подготовка школьной формы до 22 часов.
14. Сон 22 час.

С искренной просьбой и настойчивыми требованиями, **МАМА.**

*г. Москва. 6.3.78 г.*

## НЕКОТОРЫЕ ПИСЬМА АРТЕКОВСКИХ ПОДРУГ

### Здравствуй, дорогая Шолпан!

Здравствуйте, уважаемая Улгайша Амантаевна!

Пишет вам Света. Простите меня, за столь долгое мольчание. Только не думайте, пожалуйста, что я совсем вас забыла. Просто совсем мало времени, сами понимаете — 8 класс.

Буду писать вам не часто, но постаралась побольше изложить в своём письме. Постаралась постепенно вспомнить всё, связонное с Галей. Всё сразу, наверное, и не напишешь. А писать обязательно буду. Хочу, чтобы ты, Шолпан, смогла стать мне такой же подругой, верной и доброй, какой была Галя. Даже рука пишет, это противное слово «была» с содраганием. Я понимала, что делала вам обоим больно, говоря о Гале, но не говорить не могу, честное слово!

* * *

Во время вечеров Галя пела песню про мальчиков, так потом ее пел весь отряд, а потом вся дружина. Все ребята к ней относились с уважением. Она сочиняла стихи. Мы часто ее слушали. Я очень любила в свободное время возиться с ее прекарсными, богатыми волосами, делала прически.

**Света.**

*г. Дальнегорск.*

* * *

Галя была добрая, отзывчивая, рассудительная. Она всегда старалась, чтобы нам было хорошо, она примиряла нас, если у нас были маленькие ссоры. Она первая писала письмо после «Артека». Я никогда не забуду ее.

**Таня Е.**

*Белоруссия.*

* * *

Больше всех, я любила в «Артеке» Галию. Она скромная, добрая, общительная, верная в дружбе, честная. Как-то на уроке русского языка, учительница сказала

нам написать сочинение о своем товарище, и я написала о Галие.

«Галия приехала из Казахстана. Девочка невысокого роста, худощавая. У нее черные вьющиеся волосы, заплетены в косы. В ее глазах светятся живые огоньки. Галия задорная, веселая, при разговоре употребляет народные поговорки и пословицы. Девочка начитанная, хорошо поет, танцует в национальном стиле. Всегда отзывчивая, дает правильный совет. Она добрая, справедливая, трудолюбивая».

Я не верю, что больше ее нет. Мне кажется, что она жива, она здесь, с нами. Она всегда будет с нами рядом. Мы очень благодарны Вам за Галию.

*С уважением,*
**Инна Ефанова.**
*г. Светлогорск.*

### Здравствуйте дорогие родные Галии!

С искренним соболезнованием к вам, Света Ивахненко. Прошу вас извинить меня за задержавшийся ответ.

Знаете, я когда прочитала ваше письмо, не могла глазам верить. Я вообще не верю в смертном, у меня до сих пор в голове не укладывается, что той радостной, некогда не унывающей Галии нет с нами. Это так ужасно! Я хочу вам сказать, но прошу вас, верьте, что мое сердце, где бы я не была, всегда будет рядом с вами. Сколько можно сказать о ней слов, какой она была прекрасной девчонкой.

Я никогда не видела на ее губах грубости, невежести. За те 30 – быстро пролетевших дней, которые мы были вместе с вашей дочерью, было счастьем для нас всех. А она увеличивала это счастье. У меня до сих пор в ушах звенит ее песня, которую она пела по вечерам, которую пел весь отряд, песня для мальчиков. Сейчас, как память о ней, почти весь город поет эту ее

песню. Все люди и маленькие, и большие, которые знают меня, обязательно знают эту песню. И я клянусь вам, что никогда не забуду ее ласки и озорства, что ее голос на века остался в моем горячем сердце.

Примите искренние соболезнования от всех моих родных и друзей, конечно, еще раз от меня. Целую вас, артековская подруга вашей дочери – Света.

* * *

Здравствуйте, дорогие Шолпаша и Улгайша Амантаевна!

С большим приветом к вам, Гульмира. Что случилось с Галией, я никак не могу поверить. До сих пор перед моими глазами её добрый, тёплый взгляд и веселая улыбка. В «Артеке» мы с ней были в одном отряде, даже в палате спали рядом. Она всегда умела всех развеселить, когда кто-то грустил.

По-моему в отряде Галия самым близким человеком и другом для меня, да и не только для меня, для каждого. Галия писала стихи, и это знал весь отряд. Она мне подарила своё стихотворение о медицине, которое очень мне понравилось. Так же, Галия любила петь песни, любила танцы. Помню, тот же вечер в «Артеке», когда на Костровой площади выступали все делегации, в том числе и наша. Мы с ней пели песню, а потом она танцевала «қамажай».

Я помню все минуты, часы проведенные вместе с Галиёй год назад. Я не верю смерти Галии. Она для меня всегда живая. Как мне трудно писать эти строки, это первая смерть близкого мне человека. Галия! О чём мы только с ней не мечтали!

Шолпана, давай с тобой переписываться, продолжим нашу с Галией дружбу. Галия мне много рассказывала о Вас. Улгайше Амантаевне, о Шолпашке, о бабушке. И я вам гордо могу сказать, Улгайша Амантаевна, что вы можете ГОРДИТЬСЯ Галией.

Всегда остаюсь верной подругой Галии, **Гульмира С.**

Алтыншы бөлім

# ЖАНЫ ІЗГІДЕН – ЖАҚСЫ СӨЗ

## МЕН ПІР ТҰТАТЫН БІР КІСІ

*Ұлғайша апай жайлы бір үзік сыр*

Жүзінен нұр төгілген, иман жүзді, сыр сымбаты келіскен Ұлғайша апайды мен алғаш рет «Орбита» ықшам ауданындағы №145 мектептің «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиынында көрдім. Киген киімінің өзі сондай бір керемет! Сондай жарасымды! Басындағы аппақ орамалы киімінің де, өзінің де ажарын одан сайын ашып сұлуландыра түскен. Міне, нағыз киноға түсетін қазақ әйелі. Ел анасы деген ой келді маған. Мен сонда бірінші рет әйел сұлулығының сырын түсінгендей болдым. Тіпті, дәл сол апай сияқты басыма орамал салып, дәл сол апайдың үстіндегідей ұлттық нақышта киінгім келіп кетті... Санаулы минуттардан кейін немересі Жанелді жетектеп, менің сыныбыма (1 «А» сыныбы) келгенде, мен таң-тамаша болып, ерекше бір көңіл-күйде болдым. Ұлғайша апаймен бірге сыныпқа ерекше бір шуақ, мейірім, жылылық кіріп жатты. Ия, ия... Дәл солай болды да.

Ол кісі тек Жанелдің сүйікті апасы (әжесі) емес, бүкіл сынып оқушыларының сүйікті әжесі, ата-аналардың да ақылшысы, анасы. Бүкіл сынып өміріне белсене араласып, дәрігерлік кеңесін беріп қана қоймай, оқушыларға, ата-аналарға (ата-аналардың сұрауы, өтініші бойынша) имандылық жайлы өзінің «қажылық» сапары туралы көптеген әңгіме, кеңес, семинарлар өткізіп, көптеген ата-аналардың иман, имандылық жайлы түсініктерін кеңейтіп, діни сауатын ашып, ислам дініне деген қызығушылығын арттырып, көкірегін

ашты десем, артық емес. Себебі, Ұлғайша апай айтқан Құран аяттарын, Пайғамбар хадистерін кім болса да бей-жай тыңдауы мүмкін емес (тіпті, атеист болса да). Ол кісі де хақ дініміз туралы айтқанда, бір ерекше қасиет (дар) пайда болып, қанатталып кетер еді, жағымды дауыстың өзі бір ерекше! Адамды баурап алатыны сондай, аудиторияда ерекше бір тыныштық орнап, оқушы да, кіші сынып оқушылары болса да, (3-4 сынып) ата-ана да ұйып тыңдап қалар еді. Баурап алатыны сонша, тыңдай бергің келеді, тыңдай бергің келеді. Жай ғана қарапайым дәрігердің өте терең білетіні және оны сондай бір қарапайым, жатық, ғажап үнмен, тілмен жеткізе білетініне қайран қаласың.

Тіпті бала екеш балаға дейін «апай, «Қажы апаны» тағы да тыңдайықшы?» деп әр кездесуді асыға-сағына күтер еді. Талай уағыз, насихаттарды естіп жүрсем де, дәл Ұлғайша апайдай шебер, майын тамызып айтатын адамды кездестірмеппін...

Кейде шіркін «Дін танудан» Ұлғайша апай сабақ берсе ғой, талай жасөспірімдердің, ата-аналардың көкірегін ашып, діни сауатын ашар еді-ау деп қиялдап та кетем...

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауында айтқандай: «Ислам дінін насихаттау – әрбір мұсылманның парызы». Бізде Ислам дінін шын жүрегімен, бар болмысымен сүйетін және оны терең білетін және өз лекциясында аудиторияны өзіне қаратып, ұйыта алатын Ұлғайша апай сияқты дін насихатшылары жетіспейді. Өз басым ол кісімен дидарласып, әңгімелескеннен кейін, талай күн сол әсерден арыла алмай, ерекше бір сезімде, көңіл-күйде жүремін. Айтқан сөздерінің бәрі тұнып тұрған тазалық, имандылық жанына сондай жайлы, адамға бір ерекше әсер етіп, қанат бітіреді. Өйткені, ол кісінің сөздері құрғақ сөз емес, бәрі Құран, Хадис сөздерімен байланысты.

Жанелі бастауыш сынып бітіріп кетсе де, біздің сыныпты әлі де өз қамқорлығына алып, ақыл-кеңесін,

өзінің көрген-білгендерін балаларға айтудан бір жалыққан емес.

Ұлғайша апай тумысынан патриот, ұлтжанды. Жүрегі «қазағым, елім, елімнің болашағы, ертеңі, тілім, дінім-ділім» деп соққан қарапайым ғана жан. Осы жолда талай-талай тер төгіп, жанын шүберекке түйіп, ер азаматқа лайық нар жүгін көтерген асыл әже. «Орбитадағы» №145 жалғыз қазақ мектебінің ашылуына да Ұлғайша апайдың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Ол туралы мен, өз ата-аналарым — Шамшырақ Құсайынова мен Ақан деген ата-аналарымнан естіп білдім.

1990-1992 жылдары «Орбита» ықшам ауданындағы аралас №45 мектептің қазақ сыныптары оқитын қабатында жарылыс болады. Ол кезде Ұлғайша апайдың немерелері әлі мектеп табалдырығын аттамаған да. Соған қарамастан, көре, ести тұрып, әділетсіздікке төзбеген Ұлғайша апай №45 мектептің, өзі қызмет ететін №4 емхананың ата-аналарын ұйымдастырып, митингке шыққан. Комиссия құрып, акиматқа барып, осы «Орбитадағы» №45 қазақ мектебінің ашылуына себепкер болған. Осы мектеп ашылған күннен бастап, мектепке (ата-ана болмаса да) қамқорлық жасап, көмек қолын созып, оқушыларға, ата-аналарға қазақ тілінде ауру түрлерін, жұқпалы аурулардан сақтану жайлы дәрістер оқып, семинарлар өткізген.

Өзі істейтін емханада Қазақ тілі қоғамын құрып, қазақ тілінде тұңғыш газет шығарып, стендтер жасаған. Емханада өтетін мерекелік шараларға №145 мектептің домбырашы, әнші, биші оқушыларын шақырып, қазақша мәнерлеп өлең оқытып, концерттік шаралар өткізіп, орыс тілді қазақ ата-аналардың балаларын қазақ мектебіне беруіне мұрындық болған. Осылайша екі үлкен мекеменің арасына «алтын көпір» салған асыл жан. Ер азаматтың азаматы, нар жігіттер тындыратын істі үндемей-ақ тындырып, асыл дініміздің жанашыры боп жүрген Ұлғайша апай қандай қызметке де лайық...

Мен білетін Ұлғайша апай осының бәрін тек елі үшін,

қызығы үшін, ұлт болашағы үшін, қазағы үшін, ұлт болашағы үшін, Ұлы Алланың ризашылығы үшін істейді. Ұлғайша апай екеумізді жақындастырып, апалы-сіңлідей еткен де осы бір ортақ мүдде, ортақ іс дер едім.

Тал бойы нәзік, үлбіреген Ұлғайша апайдың қайтпас-қайсарлығына, күш-жігеріне (жасы келіп қалса да) қайран қаласың. Қайдан мұндай тасыған энергия, қуат көзі деп ойлайсың...

Ол сұраққа жауапты да өзім тапқандай болдым. Тапқандай болдым емес, таптым. Ұлғайша апайдың Рухы биік. Рухы биік адамның иманы берік. «Аққа құдай жақ» деген бабаларымыз, ол кісінің барлық ісіне Ұлы Алла өзі жәрдем етіп, күш-қуат берген. Еліңіз, ұлт болашағы үшін тіліміз бен дінімізді насихаттап, мейірім, шуақ, шапағатыңызды төгіп, аман-есен жүре беріңіз, Ел анасы – Ұлғайша апай! Сіз сияқты Ел анасы көбейе берсе екен деп тілеймін Ұлы Алладан!

**Гүлшекер ҚАРМЕНОВА,**
*ұстаз.*
*2011 жыл.*

## ЧЕЛОВЕК С БОЛЬШОЙ ДУШОЙ

16. 12. 1992 года я пришла работать в женскую консультацию №4 городской поликлиники врачом-гинекологом. В санитарной книжке у меня была отметка о том, что я перенесла гепатит «В» в 1983 году. При смене старой санитарной книжки на новую запись должен был сделать врач инфекционного кабинета. Так, весной 1993 года я познакомилась с Улгайшой Амантаевной.

Постепенно наши отношения переросли в очень тесные, дружеские. В тот период она возглавляла Общество казахского языка в нашей поликлинике. Ясно, что нагрузка общественная. Но Улгайша Амантаевна до самого ухода на пенсию относилась к этой работе с большой ответственностью. У нее очень сильно раз-

вито чувство патриотизма, любви к родному языку, к стране, к обычаям и традициям. Она старалась привить эту любовь и нам, сотрудникам поликлиники. Ежемесячно у нас проводились собрание общество казахского языка, где мы говорили о проблемах языка, о нашем инфантильном, равнодушном отношений к ним. Улгайша Амантаевна говорила об этом с болью в душе и мы это чувствовали. Часто проводились тематические, инсценированные вечера. В это время для сотрудников проводились занятие по изучению казахского языка, для чего был приглашен специалист по языку. Первые врачи стали заполнять карты на казахском языке. Это был большой прогресс в работе поликлиники.

И все это благодаря усилиям неустанному труду Улгайши Амантаевны. Она прошла большие препятствия, чтобы добиться этих успехов. Без преувеличения можно сказать, что всего этого она добивалась практически сама, так как не было особой поддержки со стороны руководства и коллег. Одному Богу ведомо сколько сил, энергии, нервов, здоровья было ею положено на алтарь Победы. А это было действительно огромная победа ее и только в борьбе с бюрократией, слепотой и равнодушием нашего общества. Она большой энтузиаст в любом деле, начинании и лидер, который всегда добивается намеченной цели. С уходом Улгайши Амантаевной на заслуженный отдых захромал, а за тем и упокоился наш родной язык в стенах поликлиники.

А теперь я хочу сказать а ее чисто-человеческих, моральных качествах. Она – человек с большой, чистой, открытой душой, с добрым сердцем, в котором столько любви, тепла и доброты ко всем окружающим ее людям. Конец 1999 года. Неприятности в моей семье, у меня депрессия – слезы, бессонные ночи, апатия ко всему. Со своей бедой я иду к Улгайше Амантаевне, рассказываю ей все как на духу. Насколько она тактична и мудра! Она выслушала все молча, не разу

не перебила меня. Никаких упреков, нравоучений с ее стороны. Посидев некоторое время молча, она успокоила меня, естественно она сопереживала, сочувствовала мне. И мы в ходе длительной беседы пришли к выводу, что мне желательно обратится к Аллаху Всевышнему и мудрому за помощью, чтобы пережить эту боль, успокоить душу свою и обрести покой. Улгайша Амантаевна в это время уже читала намаз, верила в мудрость, могущество и силу Аллаха. Она сама очень много пережила и перенесла в этой жизни, о чем она рассказывала мне последующем, поддерживая меня морально, духовно. И только вера в Аллаха помогла ей вынести все невзгоды на своих хрупких плечах. Вот такой сильный человек со стальным стержнем. Я полностью доверилась ей, положилась на ее мудрость, огромный жизненной опыт, веру в Аллаха. И начала готовится к поклонению Аллаху с помощью Улгайши Амантаевной. Она снабжала меня литературой, проверила суры, которые я заучивала. И в феврале 2000 года я начала совершать пятикратный намаз. Не сразу, но стало легче, боль, державшая сердце как в тисках, стало понемногу отпускать, так, в лице Улгайши Амантаевны я приобрела не только советчика и близкого мне по духу старшего товарища, но и Учителя с большой буквой и Наставника. Я так благодарна судьбе за то, что она свела меня с таким Большим человеком! (В смысле крепкого духа, непоколебимости, веры в Аллаха, любви не только к близким, родным, но и ко всем окружающим) Улгайша Амантаевна совершила Хадж. На 60-летний юбилей Улгайша Амантаевна пригласила не только родных и близких людей, но и нас, коллег. За столом сидели Улгайша Амантаевна, ее супруг и мама. Какое величие, какая благодать сидеть с мамой! А как это красиво и благодарно воспринималось нами, сидевшими в зале. Столько теплых, добрых слов было сказано в ее адрес с супругом. И тут мы увидели уважение, любовь и благодарность к ней и ее супругу родных, близких, дочери, зятя, друзей и школь-

ных подруг. Вот она жизнь наполненная счастьем!

А когда я потеряла внука, она с супругом пришла к нам, прочитала Коран, посидела, поддерживала меня морально, духовно, давала добрые и правильные советы. Был месяц рамазан. После этого она периодически звонила, справлялась о моем здоровье, поддерживала. Я горжусь тем, что я близко знакома с Улгайшой Амантаевной, общаюсь с ней!

С ее помощью я приобрела веру в Аллаха, покой и надежду на лучшее, светлое, теплое. Я желаю Улгайше Амантаевне здоровье, крепости духа, добиться еще больших высот на праведном пути Аллаха. Здоровья детям, внукам, которые уже шагают по верному пути. Счастье всей ее семье, родным и близким! Да воздаст им Аллах за добрые дела, веру в истину! Иншалла! Да будет так!

**Ляззат АБДИРАСИЛ**

## НАСТАВНИЦА

Я работаю в городской поликлинике №4 с 1985 года, общий стаж работы 37 лет. В кабинете инфекционных заболеваний работаю 16 лет с 1994 года. С того времени я знаю Маемер Улгайшу Амантаевну, как врача инфекциониста высшей категории, как врача с большой буквы, как человека с благородной и доброй душой. Она относилась с любовью, ответственностью, энтузиазмом как к работе, к людям, так и к общественным поручениям. Она обучила меня всем навыкам и тонкостям работы медсестры инфекционного кабинета, передала все свои знания, давала советы и в работе, и в жизненных ситуациях, поддерживала добрым словом, всегда добрыми словами в трудную минуту. Она ежедневно читала намаз, рассказывала заповеди Ислама. Очень много времени и внимания она уделяла вновь пришедшим молодым специалистам, проводила с ними инструктажи, обучающие семинары. Я

знаю, что многие из них и врачи, и медсестры были благодарны ей за помощь и поддержку. По примеру Улгайши Амантаевны в то время некоторые врачи также как и она стали делать записи в карточках на казахском языке. Администрация поликлиники поддержала её инициативу. Благодаря добросовестному труду Улгайши Амантаевны, её опыту, организаторским способностям наш кабинет инфекционных заболеваний считался показательным по городу. Улгайша Амантаевна организовала казахского языка и Общество «Қазақ тілі», председателем которого она являлось. Это было, пожалуй, самое передовое и значимое общество среди других поликлиник города. С большим энтузиазмом и любовью к родному языку, казахскому народу она организовывала праздничные меропприятия, торжественные собрания, вечера, посвященные обычаям и традициям казахского народа.

После ухода Улгайши Амантаевны на пенсию, в поликлинике старались сохранить «Қазақ тілі», продолжить её дело, но в настоящее время нет такого энтузиазиста и организатора, как Улгайша Амантаевна.

С любовью готовилась к праздникам, составила планы подключил всех работников поликлиники, заинтересовав призами, обучая заодно казахскому языку, передовая обычаи, культуры казахского народа. Каждый праздник приподносил новое, понимающие гордостью за своего народа уходили с праздника. Я помогала с оформлением зала, выпущению стен-газеты.

Мусульманские праздники ораза и курбан айт проводился почетно. Сама готовила наурыз коже, бауырсаки, накрывала ежегодно дастархан, приглашала гостей. До сих пор никогда не забывает поздравлять с днем рождения, с праздниками, добротой дарит подарки. Она первая выпустила учебник на казахском языке «Жұқпалы аурулар», и сейчас пользуется с успехом среди медиков. Пусть Аллах вознаградит Улгайшу Амантаевну за добрые дела, веру в истину.

**Галя ВАЛИЕВА**

## ІЗГІЛІК ҰЯСЫ

Мен 30 жыл мұғалімдік, тәрбиелік қызметте істедім. Жұбайым Қазбек екеуміз Талдықорған облысында 20 жылдай болғандықтан, туыстармен жиі қатынаса алмадық.

Мейрам екеуміздің аналарымыздың әкелері бір анадан туған, сондықтан сырттан жақсы білетін едім. Студенттік кезде жиі кездесіп тұрдық.

Әке мен шешенің мейірімі, көрегендігі арқасында, олардың айтқандарын құлағыма құйып, «ағайындар бір өлі, бірі тіріде» деген қағиданы ұстап, туыстармен қатынасып тұрдым. Алматыға көшіп келгелі Мейрам отбасымен барлық жақсылықтарымыз бен қуаныш-қайғыларымызды бірге өткізудеміз.

Мейрам Ақтөбеде үлкен экспедицияны басқарып тұрғанда, Қазбек жолсапарында іздеп барып, қонақ болып, риза болып келген. «Мейрам бөлен беделі күшті, жоғары білімді, өте сыйлы азамат екен» деді. «Қалқаман» ықшамауданында тұрғанда, Ұлғайшаның анасы Әлила немересі Ерланның балаларын қарап, бірге тұрады екен, көрші болдық. Әлила мырзабек руының қызы, ол кезде менің қасымда әкемнің қарындасы Күлтай тұрды. Екі әпкем қыз кездерінде бір ауылдан, бір-бірін біліскіп, 70 жылдан кейін кездесіп, жастық шақтарын еске алып, қызу әңгімелесетін. Мен жиі үйге шақырып, Әлила әпкеме Құран оқытып, барлық аруақтарды еске алатынбыз. Содан Ұлғайша қызы, менің бөлемнің жұбайы екен, екі жақты туыс болып араласып жүрдік. Әрбір кездескенде Мейрам өнегелі әңгімелер айтып, тарихтан ата-бабалар өсиетін түсіндіріп, батаның неше түрін беріп жүрді.

Бөлем Мейрамның туысқа адал, бауырмалдығына әр кез қуанамыз. Мейрамның күшті мұнайшы маман ретінде талай газет беттерінен оқып жүрдік. Осы уақытқа дейін өзі бітірген университетте ұстаздық етіп, шәкірттер даярлауда үлкен жиын-тойларда өсиет сөздері арқылы көрегенділігі, ұятжандылығы арқылы тәрбиелік мәні зор

әңгімелерін естігің келе береді. Бауырым Рамазанның асына жоқтау айтып, бәріміздің көңілімізді босатып, жоқтау айтып шүкіршілікке келтірді. Күләш жеңгеме, бала-шағасына бата берді. Аллам бізге берген батасының өзінше сауабы молынан болсын деп тілейміз.

Ал, жеңгеміз Ұлғайша туралы айтсақ, ол өзіне бір төбе. Ардақты, сыйлы жеңгеміз отбасындағы адамға деген мейірімі, қазақтың салт-дәстүрін толық ұстап, жақын туыс, жолдастар қадірін біліп, ортасында Ана-Әже міндетін мүлтіксіз орындайды. Басынан ақ орамал, үстінде ұзын көйлек, қолында тасбих, иманжүзді ана. Ислам туралы көп өнегелі уағыз айтады, ұрпағымыздың иманжүзді болуын армандайды.

Қызы Шолпан әке-шешеден көрген тәрбиесін жалғастырып, жылда оразада ауызашар жасап, үлкендердің батасын алуда. Немерелері қазақша тәрбиеленіп, Құран үйреніп, мейірбанды болып өсуде. Ұлғайша екі рет қажыға барған, Ислам қағидаларын көп біледі, өзім одан көп нәрсе үйрендім. Діни сауатын ылғи толықтырып отырады. Мейрамның немерелеріне деген мейір-шапағаты төгіліп тұрады. Немерелері жүгіріп келіп, мойнына асылып, еміренгендерін көріп, әбден риза боламыз!

**Сара АҚШАЛОВА**

## МЕНІҢ ҰСТАЗЫМ

Мен, Нәдірбайқызы Рауан, жоғарғы дәрежедегі дәрігер, 1994 жылдан бері Ұлғайша Амантайқызын жақсы білемін. Ол кісі екеуіміз №4 қалалық емханада 7-8 жылдай бірге жұмыс істеп жүрдік. Ұлғайша Амантайқызы әрі дәрігер, әрі қоғам қайраткері. Емханада жұқпалы ауруларды емдейтін дәрігер болып, маған учаскелік дәрігерге көп кеңес беретін. Бара-бара сол кісі ұстаз ретінде тек қана маған емес, бүкіл емхананың дәрігерлеріне, мейірбикелеріне патриоттық, Отанымызға адал болатын сезім туғызатын. Өйткені сол уақытта Қазақстан Тәуелсіздігін алып, жаңадан қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуына және Наурыз мейра-

мы, Құрбан айт, қазақтың ұлттық өлеңдерін үйренетін кез келді. Соның бәріне Ұлғайша Амантайқызы біздің емханада Қазақ тілі қоғамының төрағасы болып, өзінің үлкен үлесін қосты. Оны түсінетін адамдар да, түсінбейтін адамдар да болды, бірақ сол кісінің арқасында біздер ол кезде әлі жас мамандар дін туралы мәліметтерді, Қазақстан Республикасының бұрынғы ғасырдағы тарихын, қазақ халқының әйгілі хандарын, сондай-ақ Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би т. б. және Қазақ тарихындағы Ұлы тұлғаларын: Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфулин, Тұрар Рысқұлов, көрнекті жазушылар, мемлекет және қоғам қайраткелерін терең білетін болдық. Емханадағы құжаттарды қазақша жазуға, мәжілістерде қазақ тілінде сөйлеп, неше түрлі мақал-мәтелдерден сайыс өткізіп, міне, қазіргі кезде соның бәрі бізді қазақ тілін әрқашан да дамытуға үлкен көмек берді. Әлі есімде: емхананың алаңында Наурыз мейрамын қазақтардың дәстүр-салтын көрсетіп, қазақ үйін тіккізіп, наурыз көжені пісіріп, бәріміз ұлттық киім киіп, қазақ халқының әндері мен билерін орындап, көңіл-күйіміз сол көктемдей болғаны. Ұлғайша Амантайқызы елдің ішінде бірінші болып өзінің аты-жөнін қазақ құжаттарға ауыстырып, Аллаға сыйынып, көпшілікке Рамазан айы деген не, ораза ұстауды және құран бағыштауды үйреткен осы кісі.

Мен Ұлғайша Амантайқызын өте қатты сыйлаймын, осы уақытқа дейін сол кісінің қуатына, адамгершілігіне, қазақ халқына берілген адалдығына таңғаламын. Ұлғайша Амантайқызы сияқты адамдар ұрпағымызға ұлттық тәрбие беріп, біздің еліміз, балаларымыз Қазақстан Республикасының адал жандары болады деген үміттемін. «Туған ел – тұғырың, туған тіл – қыдырың» деген мақалдың соңында үзіндіден бір тілек білдіргім келеді.

Алладан бақыт тіледім,
Тоналған барша еліме!
Лә иллаһи ил ла Аллах,
Бақыт бер кең-байтақ қазақ жеріне!

**Рауан НӘДІРБАЙҚЫЗЫ.**

## ҰЛАҒАТЫНА ҰЙЫДЫМ

Осы өмірге келгеннен бастап, әр адамның ұстазы болады. Алдымен бұл ата-аналар, туылған нәрестенің өсе келе жасаған бірінші қадамдарына көмек көрсететін, одан келе оқытатын мектеп мұғалімдері, келесі – жоғары оқу орындарындағы және қызмет барысында болатын ұстаздар. Өз жұмысының нағыз мамандары болуына жол ашатын, осындай ұстаз жайлы әңгіме бастағым келеді.

1984 жылы жоғары оқу орнын жаңа бітірген жас маман кезімде, маған ұстаз болған беделі жоғары кісі, жұқпалы ауру бойынша жоғары дәрежелі дәрігер – Зердебаева Ұлғайша Амантайқызы еді. Жас маман ретінде Қаскелең қаласының облыстық жұқпалы аурулар емханасының интернатурасына орналастым. Бұл мекеменің қызметкерлері өте жинақы, дарынды әрі өз мамандығына жауапкершілікпен қараған. Өз ұстазым Ұлғайша Амантаевна маған оқушы ретінде емес, өзінің кіші сіңлісі ретінде қарады. Біздің мамандығымыздың барлық негіздеріне назар аудартқан. Екеуіміз Алматы облысының түпкір-түпкіріне «жедел жәрдем» машинасымен, санавиациямен қатты науқас адамдарға көмек көрсетіп, кеңес беріп, әр түрлі ауру-сырқаттан аман алып қалғанбыз. Жұқпалы аурулар ішінде: іш сүзегі, қарасан ошақтарында болып, тырысқақ (менингокок жұқпасы), сары аурудың ауыр нысандары және т.б. жұқпалы ауруларымен науқастанғандарға кеңес беріп, емдедік.

Жұқпалы аурулар мамандығының негізі – науқастанған адамның ауырған диагнозын нақты, дұрыс қою. Бұл іс дұрыс жасалса, науқасты дұрыс емдеу негізінде, ауырған адам аман-сау емделіп, сонымен қатар, иммунитет алады. Ал, ең бастысы – біз эпидемияны тоқтатамыз! Себебі, жұқпалы ауру сөзінің өзі «жұғу», яғни бір адамнан екіншісіне берілу арқылы пайда болады. Бұл ауру түрлерін тоқтатпаған жағдайда, бүкіл халық эпидемияға шалдығуы мүмкін.

Ұлғайша Амантайқызы міндетті түрде өз білімімізді әрқашан жетілдіруді талап еткен. Тоқсан сайын дәрігерлерді толғандыратын қызықты тақырыптарға облыстық семинар ұйымдастыратын. Мұндай шаралар біз үшін, яғни практикалық іс жүргізуші дәрігерлер жұмысына өте көп көмек көрсетуде. Өкінішке орай, қазіргі кезде мұндай шаралар қолданылмайды...

Ұлғайша Амантайқызы менің үлкен әпкем секілді, маған әрқашан көмек көрсетуде. Қазіргі таңда біз жанұяларымызбен достық қатынастамыз. Менің екі балам бар, екеуі де жоғары оқу орындарының студенттері. Бұл өмірдің айналмалы құбылысына қарамастан, өзіме жақын адамды ешқашан ұмыта алмаймын!

Бүгінгі күнде жұқпалы ауру дәрігері ретінде қызмет көрсеткеніме 27 жыл болды. Ал, Ұлғайша Амантайқызы зейнеткер болды. Оған қарамастан, бізге бүгінгі күнге дейін көмек көрсетуде. Бірнеше жыл бұрын қазақ тілінде «Жұқпалы аурулар» атты керемет кітап шығарды, оған дейін жұқпалы аурулар бойынша қазақша-орысша сөздік шығарды.

Беделі жоғары кісі өзінің өмірін – халқының денсаулығы үшін арнаған маман Алматы қаласының №4 емханасында жұқпалы аурулар кабинетінде қызмет атқарып, осыған қоса, емхана қызметкерлерін қазақ тілін үйретумен айналысқан. Бұл кісі жайлы ойымды ұлы философ Авиценнаның сөзімен аяқтағым келеді:

«Дәрігер – бүркіттің көзі,
Қыздың қолын иеленуі керек.
Дәрігердің ақылы – жыланның ақылындай,
Жүрегі – арыстанның жүрегіндей болуы керек...»

Бұл айтылған нақыл сөздер менің ұстазым Зердебаева Ұлғайша Амантайқызы жайлы...

*Ізгі ниетпен,*

**Ешетаева Гүлнар БОЛАТҚЫЗЫ,**

*оқушысы. Алматы облысы, Жамбыл ауданының жұқпалы аурулар бойынша жоғары дәрежелі дәрігері.*

## МЕНІҢ КӨРШІМ

Қазақ халқында «Үй емес, көрші сатып ал» деген ұлағатты сөз бар. Мен бұл нақылдың қаншалықты маңыздылығын Ұлғайша апаймен көрші болғалы ұғындым. Яғни, осы бес жыл аралығында Ұлғайша апайдан үйренгенім де, түйгенім де көп болды. Құрметті зейнет демалысына шыққанға дейін, ақ халатты абзал дәрігер болып қызмет еткен апай қашанда ақжарқын, мейірбан қалпынан танған емес. Жоғары біліміне сай Алла тағала мықты иман берген Ұлғайша апайдың рухани әлемі соншалықты бай әрі таза. Қолынан келсе ісімен, болмаса өнегелі сөзімен көмегін аямайтын осындай зиялы замандас апаймен көрші болғаныма өзімді қуанышты сезінемін.

**Алма ТЫНЫШБАЙҚЫЗЫ.**
*VI. 2011 жыл.*

## МЕККЕДЕ БАСТАЛҒАН ТАНЫСТЫҚ

2007 жылы Йассауи фирмасымен қажылыққа барғанымда, Меккеде бір бөлмеде бес кісі тұрдық. Райхан мен Күлжамал Астанадан, Жарқын Шымкенттен, біз Ұлғайша екеуміз Алматыдан. 2006 жылы Ұлғайша жолдасымен Умра қажылық жасағандықтан, алғашқы күннен бәрімізге жол көрсетіп, Қағбаға ертіп барды. Соңғы күнге дейін барлық құлшылықты бірге жасадық. Қағбаны айналғанда айтатын дұғаларды Ұлғайшаның айтқанымен қайталап, үйреніп жүрдік. Бес мезгіл намаздан басқа, нәпіл амаздарды қалай, қашан оқу керекгін түсіндіріп, бірге орындауға тырыстық. Ұлғайша 15 жылдан астам намаз оқып, діни сауаты жоғары екен, көптеген уағыз айтатын, көп дұғаларды жазып алдым. Бізде ешқандай жетекші имамдар болмады. Фирма жұмысын нашар ұйымдастырды, біздер көп азап көрдік. Жатар орнымыз алыста, лас, су тапшы. Мединаға апарғысы келмеген, жастар шағымданып, әйтеуір екі күн Мединада болдық. Мина тауына

барғанда, автобус болмай, жаяу қиындық көрдік. Шайтандарға тас лақтыруға Ұлғайша екеуміз барып, жүрегі ауырып, қан қысымы көтерілген Ұлғайшаның аяғы тартылып қиналды. Аллаға шүкіршілік етіп, бәріне сабыр сақтап, парыздарды түгел орындадық, Раббым қабыл етсін. Елге аман-есен келген соң, бізбен хабарласып, жақсы қатынасып кеттік. Иншалла!

**Зейнекүл БАЙДІЛДАҚЫЗЫ.**

## ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ!

*Маемер Мейрам Смайылұлы туралы*

Ұстаз жұмысының сапасы, ынтасының жоғарылылығы, жауапкершілігі мен кәсіби өсуі – шәкіртінің біліміне, тәрбиесіне сөзсіз әсер ететіндігі белгілі. Демек, бүгінгі ғасыр – білімділер ғасыры, заманына сай зерделі, ой-өрісі жоғары азаматтарды қалыптастыру – мемлекеттің аса маңызды стратегиясы болып отыр.

Ғалым-лингвист, ақын-аудармашы, ағартушы педагог А.Байтұрсынұлы: «Қандай мектептің болсын, басты нысаны – оқушыларға сапалы білім, салиқалы тәрбие беріп, оларды білімді, еңбекшіл етіп тәрбиелеу», – деп үш мақсатты басты нысанаға алады. Қазіргі педагогикалық технологияларда оқытушы дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын, ұжымдық істердің ұйтқысы. Егемен еліміздің ертеңін ойлар, білімді де саналы, Отаның, туған жерін, ұлтын сүйетін ұлтжанды, парасатты азаматтар тәрбиелеуде үлесін қосып, шәкірттерінің, әріптестерінің, ата-аналардың құрметіне бөленіп, осындай істердің ұйтқысы болып жүрген ұстаздың бірі – Маемер Мейрам Смайылұлы деп білеміз. Мейрам Смайылұлының ерекшелігі: әріптестері арасында мәдениеті жоғары, оқу және тәрбие үдерісінде шебер ұйымдастырушы, ізденімпаз, шәкірттердің білімге құштарлығын арттырушы, озық технологияларды меңгеруші. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» демекші, әріптесіміз талай оқушылардың биік шыңдардан көрінуіне мол үлес қосты.

Мәңгілік нұрдың қызметшісі, тынымсыз лаулаған жалын иесі, ақынжанды – Мейрам Смайылұлының еңбегіне толағай табыстар тілей отырып, жас ұрпақты биіктерге жеткізе беріңіз демекпіз.

*P.S. Әр ұстазға сүйсіне қарап, әр пәннің өз кереметіне кенелетін, неше пәннен бағыт-бағдар алатын шәкірттерге өз мамандығын жанымен сүйетін ұстаздар үлгі-өнеге, білім берсе, тіптен тамаша. Мұндай ұстаздар Абай атамыз айтқандай, «Ұқсап бағуға» жақсы емес пе?!*

**Боранбай РАТОВ,**
*техника ғылымдарының докторы, профессор.*

## АДАМ, ИНЖЕНЕР, ҰСТАЗ

*Мейрам Смайылұлына арнау сөз*

«Қыздарымыз ар болсын,
Ұлдарымыз нар болсын.
Ай мен Күндей жарқырап,
Заманына сай болсын!»
**Халық мақалы.**

«Азат басың болсын құл,
Қолдан келмес іске ұмтыл!»
**Абай.**

Осы халық мақалы мен Абай атамыздың өсиетіне сай, өмірде алдына үлкен мақсаттар қойып, сол межені бағындыра алған дара адамдар бар. Өмір жолдары соқпақты болса да, мұндай адамдар еңселі рухының арқасында көздеген белестерін еңсеріп, артындағы ұрпақтарына үлгі-өнеге, жақсы істер қалдырып жатады. Сондай тұлғалардың бірі – менің студент кезден бері жолдасым – Мейрам құрдасым деп санаймын. Ол қатарынан оза шауып, 70-тен асқанша өмірге белсене араласып, халыққа пайдалы игілікті жұмыстар жасап келеді, оны Аллам оңдасын деп тілеймін!

Осы Мейрам досымның өмір қырларына шолу жасап, игілікті істерін паш еткім келеді. 1956 жылы қыркүйек айының 1-күні біздер, Қазақтың тау-кен институтының геологиялық барлау факультетінде

студенттерін үлкен залға жинап, институт басшылары келешектегі оқу бағдарламаларымен таныстырды. Геофизика мамандығына 25 баладан екі топ қабылдапты, барлығы 50 студент, оның 6-сы ғана қазақтар болдық, солардан институтты 1961 жылы 25-сі ғана бітіріп шықты, оқудың қиындығын осыдан-ақ білуге болады. 1961 жылы институтты бітірген 25 бала еліміздің жер асты байлықтарын ашуға аттанды. Бірнеше бала Батыс Қазақстанның «Қазақстан – нефте геофизика» деген тресіне жолдама алдық, ол мекеме Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында орналасқан екен, құрамына үш экспедиция кіреді: Гурьев, Орал, Ақтөбе. Мені Гурьев, ал Мейрамды Ақтөбе экспедициясына жіберді, бірақ төсіміз ортақ болғандықтан, жиі кездесіп тұрдық. Мен Гурьев экспедициясының геофизикалық аспаптарының бас маманы, ал Мейрам мұнай мен газ кендерін табу және зерттеу жұмыстарымен айналысты, көптеген кен орындарын ашты, солардың ең зоры болып – Жаңажол кен орны 1974-1975 жылдары ССРО Геология министрінің тапсырмасымен, техникалық көмек беру мақсатында, Въетнам Демократиялық Республикасының Мұнай-газды кендерін табу үшін, сейсмобарлау жұмыстарын жүргізді, ол еңбектерін Въетнам үкіметі жоғары бағалап, «Орденмен» марапаттады.

Шетелдік іссапардан қайтіп келген соң, Мейрам Қазақстан тәжірибелік-әдістемелік экспедициясының, Алматы геофизикалық экспедициясының, «Геотека» акционерлік қоғамының мұнай-газ зерттеу бөлімдерін басқарды.

Қазіргі кезде Мейрам Қ.И.Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университетінің профессоры, «Геофизика» кафедрасында мұнай-газ іздеуші-барлаушы мамандарын даярлайды.

Жаны жайсаң, достар мен жолдастарға адал, мейірімді Мейрам құрдасыма әр уақытта Алланың жақсылығын тілеймін, денсаулық пен ұзақ ғұмыр беруін сұраймын!

**Төлеген ДҮЙСЕБАЕВ.**
*11.05.2011 жыл.*

*Жетінші бөлім*

# ШЕЖІРЕДЕ КӨП СЫР БАР

«Адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі».

Қазақ даласы – 2 миллион жылдан бері адамдар өмір сүрген жер. Тарих дәлелдегендей, 2,5-4 мың жыл бұрын мекендеген сақ тайпалары Қытай архивінде жазылған, осы кезде Үйсін мемлекеттері үстемдік еткен. Осы Ұлы далада Естемес хан билік еткен, 556-576 жылдары Ұлы Түрік қағанаты қанат жайған. Тарих бойынша Естемес ханның ұлы Қараша хан ұзақ билік жүргізеді. Кейін Қарашаның ұлы 18-20 жасынан Бәйдібек Баба, өзінің түп атасы Үйсіннің тарихи тізбегін үзбестен осындай кең аймақта тайпалық одақ құрып, сол мекендерде үрім-бұтағының туын тігіп кеткен тұлға.

Бәйдібек бидің үш әйелі болған, бірінші әйелі Сарыбәйбішеден – Сарыүйсін руы тараған. Екінші әйелі Зеріптен туған Жәлменбеттен – Шапырашты, Ысты, Ошақты өрбиді. Үшінші әйелі Нұрила – Домалақ ана деген атпен белгілі. Нұриладан туған Тлеубердіден (Жарықшақтан) – Албан, Суан, Дулат тараған.

Шапыраштыдан: Екей, Еміл, Асыл, Шыбыл, Айқым. Екейден – Жәрімбет, Бейімбет. Емілден – Жайық, Есқожа. Жәрімбеттен 13 ата өрбиді: біз **Әлти** бабадан тараймыз. Әлтидің **Бердалы** ұлынан – Шақа – Қаржау – Жиенқұл, Күсеп – Арон – Жұмық, Жаманшал, Сүйінбай, Оспан.


Жұмық Аронұлы
Зердебай
Рысжан (Әбітбек)
Нілтай (Хамит)
Есенжан
Амантай
Рахима
Айтжан Тұрымбүбі
Бекежан
Алтын, Мүслім (Алтын), Күләйша, Мұсабай (Осия)
Гүлбаһрам, Мұсахан, Дүйсехан, Исахан, Рахат, Қаракат
1. Берік, Майра, Қарлығаш, Фатима, Самен
3. Рахима (Шахан)
Мая, Ескендір, Макура
4. Амантай (Әлила) Зердебайұлы
Күләш (Қырықбай), Ұлғайша
Ерлан(Жанна), Нұрлан(Сезім), Салтанат (Бақытжан), Айбек (Гүлсім), Батырбек
Айым, Батырбек
Динара, Диас, Дәурен
Гүлназ, Амантай
Керімбек, Шырын, Қарлығаш, Мәулен, Нұрбол


Ұлғайша Амантайқызы – жұбайым Мейрам СМАИЛҰЛЫ
Ғалия, Гүлнар (Жұмажан), Шолпан (Алтай)
Ғалия (1980 ж. бақи болды)
Әсел, Азамат
Әлиля, Жанел, Арыслан, Ақарыс
Ксенжан Зердебайұлы (Тазагүл)
Омархан, Оразхан, Оразбек, Оразалы(Роза), Амангелді, Аманбек, Дәулетбақ, Дәулетқали
Қайрат (Мадина), Рашид (Сара, Айнаш), Дастан (Ләззат)
Жазира, Жасұлан, Еркебұлан
Маржан, Сағадат, Раушан
Рүстем, Гауһар, Аруна, Нұрсұлтан
Оразбек
Марат,
Ғалия – 1 қыз


Амангелді (Гүлжазира)
Әйгерім (Қанат), Айбек, Серік, Алтынай
Жұлдыз
Сұлтан
Аманбек (Доктырхан)
Айдархан, Арман, Қазбек, Айнұр, Айдос
Дәулетбақ (Бану)
Айдар(Әлия), Арлан(Сабина)
Аружан Дария, Адия
Дәулетқали (Баян)
Ерлан(Әйгерім), Меруерт(Ануар), Ербол(Эльмира)
Данара, Дамеля
Жания
Нұрдәулет
Жаманшал Аронұлы (Қант)
Шортанбай, Сәрсенбек, Арнабек, Жолдасбек (Зақан)
Алмажан – Марат
Жексенбек (Люда), Женісбек (Күлжамила), Жекенбек (Надежда), Жамал (Болат)
Жанар, Арсен (Света), Алим
(Ринат) Индира
Сәмір, Ескендір
Данияр, Темірлан, Нажар, Даяна
Жеңіс, Дамир
Раушан, Руслан (Салтанат)
Мади, Жанета
Әсел, Әсем, Арман
Динас
Аружан
Күлжамал, Болат, Бибігүл, Динар, Мұрат


Шортанбай Жаманшалұлы
Жұсанбай, Әбдірәсіл, Моншақ
Мұхтар, Нұрлан (Сайра), Күлімхан, Бақытгүл, Алтай, Қайрат
Жазира – Еділ; Жадыра – Арай, Анар; Жанар – Азамат
Жаңыл, Бейсен, Әуезхан (Жора)
Нұржамал
Бақыт(Ләззат), Ләззат(Тойшыбай), Бейбіт(Жазира)
Данияр, Қымбат
Олжас, Айгүл, Ерлік
Бауыржан, Әйгерім, Дәулетжан


Оспан Арошұлы
1. Толыбай, Тоқберген, Сәлімбай, Әлімбай, Елубай, Мадықан, Алпысбай
Қарабек, Әдей, Әбен
Қатжан
Кемел, Тоқсұлу, Сүлеке, Әбзел
Әбиір
Әбсемет – Алтынбек
Әрия
Анақ, Айтбала
Анаркүл (Бүбітай)
Асқар (Майра), Асан (Алма), Арысбек (Света), Бүбіжан (Арыстан), Айжан (Қуатбек)
Нұрлан, Дарын
Ахметжан, Ұасила, Назерке
Зарыпхан, Сағындық, Арзыхан, Қуаңдық
Бауыржан, Жанар, Қанат, Әйгерім, Бекжан
Бақытжан, Балдырған
Жазира, Алдияр
Айша




Қаламқас (Саят) – Нұрболат, Айдос; Қарлығаш(Алтынбек) – Ерасыл, Алтынай;
Сандуғаш (Серік) – Дәулет, Дәурен, Жұлдыз.



2. Бекболат (Зурахан)

Гауһар, Асқар, Айжан.

3. Сәуле (Әбіш)

Еділ, Жайық, Ерден, Толқын, Әйгерім, Айгүл.

4. Теңгеш (Бекболат)

Алмаз, Асхат, Шолпан.

5. Зәуреш (Нұрақымбай)

Әсел, Дастан, Дархан.

6. Рая (Әбдіразақ)

Ербол, Назира, Еркін, Ермек.

7. Тұрсынкүл (Болысбек)

Жеңіс, Ардақ.

8. Гүлнар (Нұрболат)

Айгүл, Әнуар.

**Шөберелер:** Еділ (Жанар) – Елнұр, Елдар.
Ерден (Гүлзада) – Гүлдана.
Алмаз (Әсел) – Алпамыс, Айым.
Асхат (Жанар) – Әмірлан.
Әсел (Олжас) – Нұржан.
Толқын (Серік) – Аружан.
Ербол (Салтанат) – Жалғас, Көркем.
Назира (Әбунасыр) – Ақниет, Бексен, Ақжарқын.
Еркін (Марина) – Диана, Аяулым, Мансұр.
Ермек (Әсел) – Әділ, Әсемай.


Сүйінбай Арошұлы (Қаракөз) (Жұпан, Ешін)
Малыбай(Бүбі, Зылика), Жетібай, Әзірбай, Қадырбай, Бағыжан, Қойжан
Дайырбай(Еркебала), Жетібай, Садырбай(Мастура), Тоғызбай(Дүржан)
Сұлтаналы(Әсия)
Зарадқы (Атшабар)
Зүкен, Сұлтантади
Сұлтанбек
Асан(Нағимаш) – Дастан(Зейнеп) – Мирас, Мөлдір.
Базарбек – Талғат (Шолпан)
Үсен(Салтанат) – Серікбол, Гүлнар, Данагүл, Назерке.
Расима – Дархап
Ғабит, Ғабиден, Ләззат


Жиенкұл – Күсеп – Бурген – Әбдікәрім
Құлшарұан(Сапарғали), Балшабек, Доқтырхан(Абылхан), Талшаш(Зәйрін), Гүлбояз,
Ұлболсын(Марат)
Самат, Сара, Сәмудин, Римма.
Асхат, Майра, Асқар.
Сәуле, Досболат, Данияр.
Дәулетқали, Мұхамедқали, Алмагүл, Айгүл, Бибігүл.
Жәмила.
Дастан, Айнаш, Еркебұлан.
Жақып.
Аслан, Анел.
Амина, Әлібек.
Алуа
Ердәулет, Анар, Гауһар, Нұрдәулет, Айнұр.
Әсел, Жанел.
Сара
Сәмудин – Албина, Диас.
Римма
Асхат
Назым
Диана.
Санжар, Аңсар.
Айдос
Сұлтан.
Қаржау – Жолай – Алмагүл, Асылжан, Анарқұл, Мәсімхан, Мәсімтай, Асылхан, Сайлаухан.
Демесін → Жайсаңбай → Сапарғали.
Сапарғали
Ержан, Дина, Серік.
Айдар


Тортек → Койсоймас → Сәдірмек → Конкабай
Әби, Байаман(Айымкыз)
Сыдык(Жамбы), Калшенгел(Мария), Базарбай(Роза), Күләш(Дүйсенғали).
Мұрат, Кайнар, Кайрат, Ғалия, Әлия. Әсем, Данияр (Лэйла), Бақтияр (Лэззат).
Куаныш(Бакыттгүл), Куанышбек(Лэйла), Айдын(Гулбиршын), Рахат, Сәуле(Асхат), Гүлзира.
Алмас, Гәуһар, Гүлім.
Ерік
Айнұр – Элима, 1 ұл.
Кайнар (Әлия)
Кайрат (Гүлмира)
Ғалия (Нұртай)
Әсет, Диас.
Аян, Аяулым.
Балнұр, Нұрай.
Жасұлан, Ержан.
Әби Конкабайұлы (Әлпеш) – Нұргиса, Нұржаман(Сыдык), Жұмагұл, Кенжегүл (Бахтылы).
Нұрғали, Нұрсұлу – Әрсен
Жігер, Дархан, Дәурен, Елдос, Дәрия
Әйгерім, Мұрат
Шорахан(Күмісай), Райхан, Талгат, Бауыржан, Дәукен.
Әли
Кундыз (Берлігали), Женіс, Әлия (Руслан), Ермек.
Гүлмира, Элмира, Асхат
Ринат, Рыскүл
Диана, Шыңгысхан, Абылайхан
Темірлан


Кусеп – Байғараш
Жылқыбай (Рашия), Шойынбай, Шойынжан
Мухамеджан (Зәпия), Ахметжан, Дәнекыз
Секен (Гүлбаршын), Қайрат, Ермұхан, Рая, Роза
Гүлнар(Келіс), Арман(Саила), Ерлан(Назым), Жанар(Орынбасар), Ержан(Жайран),
Мұрат(Айым), Азамат, Жібек, Алмат.
Бақтияр
Гауһар(Қуат).
Тоқжан, Дамир.
Мадияр, Алтынай, Алихан.
Данияр. Мұхамедияр, Нұржігіт.
Айнұр, Әнуар, Нұрасыл, Әйгерім.
Рая (Жұмаділ)
Жасұлан.
Айгүл, Айдос, Айнұр, Айбол, Ермек.
Қайрат (Зәуреш)
Эльмира (Бекдан), Нұрлан (Әлия), Жазира.
Әлібек, Әлімжан, Тайыр, Әнуар.
Кәрім, Әлішер, Аяла.
Ермұхан (Баян)
Ермұхан (Жемісхан)
Гүлмира (Талғат), Гүлзира(Әсет), Нұрзия (Анұар).
Біржан, Бауыржан (Жапар).
Әзиза, Дәулет.
Анеля, Әлен.
Алма, Арлан.

**Шойыныбай**

Анар, Бубила (Кемел), Кулила(Үрдин), Талғатбек

Құлсара.

Қуанбек(Райхан), Базаргүл(Мүсірәлі), Төрехан(Ақбар), Қаныбек, Райхан, Гүлбану.

Ғалым, Ақжамал.

Асма(Шонты), Венера, Құрманғазы, Еркін.

Буырылташ.

Болат, Камал, Элдар

Жетібай, Кенжеғали, Сәуле, Лаура, Кенжегүл.

Ескендір Әсия

Венера (Фазылхан) Құрманғазы (Жанат) Еркін (Гүлжанат)

Жазира, Жанна, Зейілхан. Салтанат. Гүлсім, Нұркен.

4. Құлайхан (Есмұрат)

Назира, Жазира, Ардақ, Айгүл.

5. Қаныбек (Сейтхан)

Ғалымжан, Тілек, Толқын.

6. Райхан

Ақжамал.

7. Гүлбану (Ғалымжан)

Ұлпайым, Олжас, Біржан, Дастан, Ару.

**Байдалы – Қайшыбек – Мәкіш**, Обдіша

Сәбет, Кенес, Төлеген, Болат, Бақытжан

Өкен. Олжас. Нұрлан, Жұлдыз. Данияр, Марат. Мұхтар.

Дәурен. Жанар. Әділет.

Гүлхан

Нұрболат, Гауһар.

Құлжахан

Алмат, Алма, Аружан.

Күлімхан

Жандос, Елдос, Мөлдір, Әлия.

Әлия

Кәрім, Әлішер, Алла.

Гүлзира, Тұмағира.

— **алгабек** – **Керім** – **Кәдірбек, Садақбай (Шәмен)**

Сәдібек, Жолдыбек, Жеңіс, Әділбек.

Мәреш – Қабыл, Сабыр, Азамат, Байғабыл, Мұхтар, Асхат.

1. Баян (Орысбай) – Сымбат, Олжас, Ақбота (Еріс), Ақбөпе (Баубек).

Үмітжан. Жамбыл, Айсәуле. Медет, Дәулеткелді, Жұлдызай.

Жансая, Жанерке, Жансұлтан.

2. Майра – Арай, Айхын, Сұлтан.

3. Болат (Шайымхан) → Қаракөз, Айдос, Айнұр.

Назым, Әсем.

## МАЗМҰНЫ

Арнау........................................................................................3
**Мейрам.** Жар лебізі........................................................................5

*Бірінші бөлім*
**Жылдарым менің – сырларым**

Балалық шақтан бір елес.........................................................6
Әкем мен аталарым ойға оралғанда...........................11
Көне күнделікке көз жүгірткенде....................................21
Тағдыр – айтылмаған сыр, жазылмаған жыр...........35
«Иіліп жүріп көрген игіліктен, қарсыласып көрген бейнет артық»..........................................................................45
Сталинград сапарынан немесе әкеме сыр..................51
Ғалияшым, Ғалияшым-ай!................................................56
Маемер әулеті туралы...........................................................78
Тағы да күнделікке көз жүгіртсек...................................90
Тәуелсіздік тәңір тартуы......................................................101
Ұлттық намыс жанымды жанығанда...........................104
Аллаға сенсең, құстай ұшасың!......................................110
Нұр өмір – шын өмір!..............................................................112
Тілеген әулеті.............................................................................117
Немере қуанышы.......................................................................125
Есенжан ұлдары туралы.........................................................138
Күнделік сыр шертеді................................................................146
Өткен күнде белгі бар.................................................................165
Жақсылыққа жамандық – жаманның ісі..................172
Әулиелер әл бергенде..............................................................176
Ақын жүрек әлдилеп..................................................................179
Алланың ақ жолында.................................................................185
«Батамен ер көгерер...».........................................................191
«Адамның сөзі – ақылының өлшемі»..........................199
Таудан биік – ой, теңізден терең – ғылым................206
Алланың ақ нұры аясындағы жыл..................................208
Бесата – Шапыраштьі әулиелер......................................211
Үлкен қажылық сапары...........................................................218
Оқығаннан тоқығандарым....................................................243
Өз отбасым туралы......................................................................252
Достарым менің, достарым!.................................................267

«Шүкірін өтей алмайтын байлықтан, шүкірін өтейтін кедейлік артық»....................273
Тағы да достар туралы....................286
Екей елім — өрісім!....................300

*Екінші бөлім*
**Дінің сенің — діңгегің**

Ислам ғұламаларының өрісті ойлары....................304
Ислам ғұламаларының өсиеттері....................307
Имам Ғазали ғибраттары....................309
Ықылас сүресі....................309
Әсма-и Хүснә....................310
Қырық хадис білгенің абзал!....................311
Намаз туралы....................314
Әр нәрсенің ең қадірлісі....................315

*Үшінші бөлім*
**Денсаулық – зор байлық**

Күнделікті орындауға болатын қарапайым, оңай кеңестер....................325
Денсаулықтың он сыры....................325
Денсаулық қағидалары....................327
Өмір қуатының ағысын күшейту....................327
Жүрек, қан тамырлары ауруында....................328
Қуатты көтеру (иммунитет)....................329
Бүйректің тасы болса....................329
Өттегі тасты шығару тәсілі....................330
Омыртқа, буын ауырғанда....................330
Суық тигенде. Тұмау....................331
Егер жөтел үдеп, бронхы асқынса....................332
Асқазан, ұйқы безі, өт жолдары ауырғанда....................332
Ағзаны тазарту жолдары....................332

*Төртінші бөлім*
**Ұрпаққа ұлағат**

Дана бабалардың дәрістері....................333
Өзіңді-өзің таны....................335

Мұны да білген жөн..........343
Қасиетті ұғымдар..........347

*Бесінші бөлім*

**Ағып өткен жұлдыз-ай!**..........349

*Алтыншы бөлім*

**Жаны ізгіден — жақсы сөз**

**Г.Карменова.** Мен пір тұтатын бір кісі..........375
**Л.Абдирасил.** Человек с большой душой..........378
**Г.Валиева.** Наставница..........381
**С.Ақшалова.** Ізгілік ұясы..........383
**Р.Нәдірбайқызы.** Менің ұстазым..........384
**А.Тынышбайқызы.** Менің көршім..........388
**З.Байділдақызы.** Меккеде басталған таныстық..........388
**Б.Ратов.** Ұлағатты ұстаз!..........389
**Т.Дүйсебаев.** Адам, Инженер, Ұстаз..........390

*Жетінші бөлім*

**Шежіреде көп сыр бар**..........393

**Ұлғайша АМАНТАЙҚЫЗЫ-МАЕМЕР келіні**

## *Жылдарым менің - сырларым*

Теруге 20.08.11 ж. жіберілді. Басуға 20.09.11 ж. қол қойылды. Қалыбы 84x108 $^1/_{32}$. Шартты баспа табағы 25. Есептік баспа табағы 25,5. Таралымы 200 дана.

Баспаның Алматыдағы мекен-жайы:
Қожамқұлов көшесі, 128-39. Тел.: 233-62-23.
e-mail: ToganayT@mail.ru

